



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДЫҢ 1150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
**"ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ: ЗЕРТТЕУЛЕР
ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ"**
XXII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР МЕН
ЖАС ҒЫЛЫМДАРДЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

23 сәуір 2020 ж.

Қызылорда қаласы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
КОРҚЫТ АТА**



**«Ғылыми шығармашылық:
зерттеулер тәжірибесі және басым бағыттары»
Әбу Насыр әл-Фарабидың 1150 жылдығына арналған
XXII республикалық студенттер мен жас ғалымдардың
ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Ғылыми басылым

**«Научное творчество:
научно-исследовательская практика и приоритетные направления»
МАТЕРИАЛЫ**

**XXII республиканской научной конференции
студентов и молодых ученых, посвященной
1150-летию Абу Насыр аль-Фараби**

Научное издание

Қызылорда, 2020

ӘОЖ
КБЖ

Редакция алқасы: Каримова Б.С. (төраға), Шынбергенев Е.А., Сапарқызы Ж., Шілдебаева Л.Қ., Байшылықова А.Б.

Жауапты редакторы: Аппазов Н.О.

«Ғылыми шығармашылық: зерттеулер тәжірибесі және басым бағыттары» / Әбу Насыр әл-Фарабидың 1150 жылдығына арналған XXII республикалық студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми конференция материалдары: II том. (2020 жылғы 23 сәуір). – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Редакциялық-баспа бөлімі, 2020. – 567 бет. [Электронды басылым]

Жинаққа Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 2020 жылдың 23 сәуірінде өткен «Ғылыми шығармашылық: зерттеулер тәжірибесі және басым бағыттары» атты студенттер мен жас ғалымдардың XXII республикалық ғылыми конференциясының баяндамалары негізінде жазылған ғылыми мақалалар енгізілген. Конференцияға Қазақстанның көптеген аймағынан студенттер, магистранттар, докторанттар және жас ғалымдар қатысты.

Конференцияға қатысушылардың мақалаларында жаратылыстану пәндерінің өзекті мәселелері, техникалық ғылымдардың қазіргі жағдайы мен дамуы, білім берудегі инновациялық технологиялар, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың тұрақты дамуы баяндалады.

Редакционная коллегия: Каримова Б.С. (председатель), Шынбергенев Е.А., Сапарқызы Ж., Шильдебаева Л.К., Байшылықова А.Б.

Ответственный редактор: Аппазов Н.О.

«Научное творчество: научно-исследовательская практика и приоритетные направления» / Материалы XXII республиканской научной конференции студентов и молодых ученых, посвященной 1150-летию Абу Насыр аль-Фараби: Том II. (23 апреля 2020 г). Кызылорда: КГУ имени Коркыт Ата Редакционно-издательский отдел, 2020. – 567 с. [Электронное издание]

В сборнике представлены научные статьи, написанные по материалам докладов XXII республиканской научной конференции студентов и молодых ученых «Научное творчество: научно-исследовательская практика и приоритетные направления», проходившей 23 апреля 2020 года в Кызылординском государственном университете имени Коркыт Ата. В конференции приняли участие студенты, магистранты, докторанты и молодые ученые из различных регионов Казахстана.

В работах участников конференции рассматриваются актуальные проблемы естественнонаучных дисциплин, современное состояние и развитие технических наук, инновационные технологии в образовании, устойчивое развитие социально-гуманитарных наук.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN 978-601-285-096-3

СЕКЦИЯ 4

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ — УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ФАКТОРЛАРЫ

Асылханова А.Б., Әбдіраманова А.Т.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Құндылықтар қоғам мен адамға жақсы мен жаманның, пайдалы мен зияндының, ақиқат пен жалғанның, сұлулық пен ұсқынсыздықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің, тиым салынған мен рұқсат тілгеннің, маңызды мен мәнсіздің аражігін ашуға көмектеседі, яғни құндылықтар табиғатында адамзат тегінің өзі өмір сүріп отырған әлемді рухани-практикалық тұрғыдан игеруінің тәжірибесі жинақталған. Осы тұрғыда, мәдениет пен құндылықтар ажырамас бірлікте болады, құндылықтар мәдениет болмысының құрамдас бөлігі болып табылады.

Кең мағынада алсақ, құндылықтар әлемі – мәдениет әлемі. Адам әрқашан кез-келген құбылысқа немесе объектіге өзінің бағасын береді. Бір затты немесе құбылысты бағалау сана жұмысын талап етеді. Адамның шындыққа құндылықты қатынасы тек сананың негізінде ғана мүмкін болады. Алайда құндылықты сананың танымдық санадан ерекшелігі, ол зат немесе құбылыс не болып табылады деген сұрақтан гөрі, оның біз үшін маңызды неде, құндылығы неде деген сұраққа жауап іздейді. Сондықтан құндылықтар адамның рухани әрекет саласы, оның санасының (өзіндік санасының) жетілгендігінің, тұлғалық қалыптасу деңгейінің, рухани байлығының көрсеткіші болып табылады.

Адам бар жерде құндылық та қатар жүреді. Ол адамға ғана емес, оны қоршаған ортаға да тікелей байланысты. Құндылық - әлдебір дүниенің маңыздылығын аңғартатын сипаты іспетті. Ол әр затқа табиғатынан тиесілі емес. Әр адамның таным-түсінігіне, көзқарасына байланысты әр түрлі сипатта болмақ. Қоғамда "рухани құндылықтар", "материалдық құндылықтар", "мәңгілік құндылықтар" сынды ұғымдар қалыптасқан. Иә, бұл жеке-дара құндылықтардың жалпы атауы болғанымен, жалпы құндылық түгелдей жалқы адамға тән бола бермейді. Мысалы, рухани құндылықты құрайтын махаббат, иман, адамгершілік, т.б. сынды жеке-жеке құндылықтардың барлығы да бір адамға тиесілі болмауы мүмкін. Біреулерге махаббат құндылық болғанымен, иманның не екенін білмей, оған пысықырып та қарамайтын жандар бар. Ақылды құндылық деп санайтындар махаббаттың, жанашырлықтың, адамгершіліктің не екенін ұмытып жатады.

Бүгінгі таңда рухани құндылықтардың мәнін, маңызы мен ұлттық ерекшеліктерін анықтау ұлттық сана сезіміміздің бағдар бағыттылығын қалпына келтіруге ықпал етеді. Сондықтан Қазақстан үшін рухани құндылықтар туралы ілім (аксиология) дәстүрлі дүниетаным мен жаңа жағдайға бейімделу кезінде туындайтын құндылықтардың ақиқаты мен жалғанын ажыратудың, ұлттық болмысымызды танудың негізіне айналып отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Біздің суверенді және тәуелсіз Отанымызда өзіндік құндылықтарымыз бар және оларды сақтап, қорғай білуіміз керек. Бірде бір қоғам және бірде бір мемлекет патриотизм, бейбітшілік пен келісім, әлеуметтік серіктестікпен үйлесімділік, құқықтық тәрбие идеяларын жүргізбестен аяғынан тік басып тұра алмайды» деген болатын [5]. Шынында да отаншылдық өзара түсіністік, бауырмалдық, батырлық, парасаттылық, ой еркіндігі, қайырымдылық, ар-ождан, әділеттілік пен бостандық сияқты құндылықтарсыз қоғамның жеке мүшелері адамдарды да елестету мүмкін емес. Бұлар адамның рухани күшінің қайнар көзі, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуында ынталандырушы шарт. Бұл орайда Ә.Нысанбаевтың мына сөзін келтіре кету ойымызды нақтылай түседі. «Адам бойындағы рухани даму мүмкіндігін көрсететін тағы бір жайт –

оның айқын өмірлік позициясының болуы. Егер ол тек ғана баюға ұмтылатын, бірақ еліне өз отандастарына қол ұшын беруді, көмектесуді ойламайтын, имандылық пен адамгершіліктен аулақ тұрған болса, қанша кітап оқыса да, бәрібір ондай адамның руханилығы туралы сөз болуы да мүмкін емес» [3]. Алайда тарих процесс арқылы жалғасып келе жатқан құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа табыстау дәстүрі кеңістік идеология тұсында жолдан шығып қалды. Тоталитарлық жүйенің құндылықтарын зорлықпен санаға сіңіру, адамдардың іс-әрекетімен дүниетанымының өзегіне айналдыру жаппай етек алды. Бәрін бір идеологияға бағындыру нәтижесінде ұлттар дәстүрлі өмір сүру тәсілінен айырылды. Адамның рухани дүниесінен гөрі материалдық бастамалар, қажеттіліктер алғашқы орынға қойылды. Бір ғасыр ішінде жүріп өткен саяси қуғын-сүргін, халықты жаппай жайлаған үрей, шовинистік саясаттың нәтижесінде жазу үлгілерінің өзгеруі, ұлт тілінің қолданылу аясының тарылуы ұлттық құндылықтардың, яғни халық шығармашылығы – фольклор, мақал-мәтел, эпос жырларымыздың қоғам сұраныстарынан алыстатылуы, ислам дінінің теріске шығарылып, атеистік көзқарастың басты ұстанымға айналуы және тағы да басқа өзгерістер ұлт санасындағы рухани құндылықтарға кері әсерін тигізбей қалмады. Рухани құндылықтарды бағалай білуге әлемді, адамдарды, табиғатты сүю ғана үйрететіндігі естен шықты. Алайда еріксіз істелінген нәрсенің адамнан бәрібір де еріксіз қалатыны, бағаланбайтыны негізделеді. Бұл туралы С.Нұрмұратов «Ақиқатты түсінуге, игеруге болмайды, оны тек таза жүреппен қабылдау керек, адам сол әлемге ақ ниетпен ұмтылуы қажет» деп жазады [2]. Рухани құндылықтар адамдар жүрегінде емес, кітап беттерінде сақталып қалды.

Нарықтық қатынастар кезеңінде қазақ қоғамының санасы комунистік идеология мен тоталитарлық жүйе құрған түсініктер мен көзқарастарға толы еді. Оның үстіне нарықтық қатынастарды қалыптастыру кезеңінің алғашқы жылдарында жіберілген ағаттықтар мен кемшіліктер қоғамның рухани және моральдық азғындауына әкеп соқтырды. Дәстүрлі дүниетаным мен нарықтық қатынастар тудырған құндылықтар арасында қайшылықтар пайда болды. Ұлттың рухани тазалығын сақтауда рухани құндылықтардың ұлттық негіздері қандай, жаңа ғасырда оларды адамдар санасына қалай енгіземіз, ұлт дүниетанымында қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін қандай, жаңа жағдайға бейімделуі қалай жүреді, оның ішкі қайшылығын анықтау, бағыты мен бағдарын көрсету осы тақырыптың өзектілігін көрсетіп отыр.

Құндылықтарды зерттейтін саланың аксиология деп аталатыны зерттеушілерге белгілі. Философия мен мәдениеттануда мейлінше мол тағылым – тәжірибесі бар құндылықтар туралы ілімді зерттеу қызу философиялық пікір таластың негізінде қалыптасып келе жатыр. Ал рухани құндылықтардың ұлттық негіздерінің қалыптасу мен даму ерекшеліктерінің зерттелуіне тоқталатын болсақ, бұл мәселеге әлеуметтік философиялық тұрғыдан әлі толық зерттеліп болмаған, философ ғалымдардың көз қырына енді ілініп келе жатқан мәселелердің бірі. Құндылықтардың ұлттық негіздерінің уақытқа сай зерттелмеуі, оның халық танымынан жасырын қалуына алып келді. Бұл түрлі теріс көзқарастар мен пікірлердің туындауының себебіне айналды.

Рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап (мысалы, ұжымдық үдеріс қауымдастық пен жеке тұлғалылыққа алмасты, ұлттық, қоғамдық құндылықтардан гөрі жеке құндылықтар басымдылық таныта бастады), жаңа нарықтық қоғам салты пайда болды. Бұл жағдайлар азаматтарымыздың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарымқатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы мен оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу қажеттіліктерін туғызды. Осындай жағдайларда қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту және жастарды оқыту және тәрбие беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындады. Әр адам өз бойындағы қабілеттерін толық жүзеге асырып, өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл адамзат иігілігіне пайда келтіре алатындай болуы керек. Баланың бойындағы қабілеттерін ашып, оның өз жан-дүниесіне

үніліп, өз болашағына деген сенімін ояту, өзін-өзі құрметтеп, өз ар-ұжданымен өмір сүруі кандай маңызды десеңізші!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алтаев Ж, Ғабитов Т, Қасабек А, Мұхамбеталиев Қ. Философия және Мәдениеттану. – Алматы., 2001
2. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. 2000.
3. Адам және ашық қоғам ., 1998; Қазақстан. Демократия. Рухани жаңғыру, А.,1999.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. А.,2006.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра 1999.

ОПЫТ РАЗВИТИЯ И ОСОБЕННОСТИ КЛАСТЕРНОЙ ПОЛИТИКИ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН

Абдулла У., Смагулова Ж.Б.

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

Мировой опыт развитых стран убедительно доказывает как эффективность, так и неизбежную закономерность возникновения разного вида кластеров. В последние десять лет формирование кластеров стало важной частью государственной политики в области регионального развития во многих странах мира. За рубежом в настоящее время кластеры являются одним из действенных инструментов развития малых и средних предприятий. В последние десятилетия вопросы деятельности кластеров вызывают растущий интерес экономистов и органов государственного управления в разных странах. Бурное развостовство над конкурентами становятся не только инновации и образование, но и взаимосвязи между предприятиями, что обеспечивает условия по созданию сетевых структур – кластеров [1].

В классическом понимании, сформулированным М.Портером, кластер – это группа географически соседствующих взаимосвязанных компаний и связанных с ними организаций определённой сферы, характеризующихся общностью деятельности и взаимодополняющих друг друга [2].

Согласно Майклу Портеру кластеры могут оказывать влияние на конкурентоспособность в трёх направлениях. Кластеры повышают производительность фирм и отраслей: конкуренция создает более эффективную специализацию внутри кластера, это в свою очередь стимулирует появление более требовательных потребителей. Более высокий уровень специализации в процессе производства создает возможности большой экономии, например, совместная покупка сырья, или проведение совместных маркетинговых исследований; более свободным становится доступ к технологиям, поставщикам, квалифицированной рабочей силе, информации, бизнес-услугам, и др. Высокий уровень экспертизы помогает совершенствовать логистические цепочки, а также способствует процессу сотрудничества и обучения (совершенствования) кластера. Кластерное развитие может совершенствовать инфраструктуру профессиональных, финансовых и других услуг.

Кластеры стимулируют и облегчают формирование нового бизнеса, поддерживающего инновации, повышают компетенцию в обращении с венчурным капиталом и способствуют развитию быстрорастущих компаний. Связи и каналы внутри

кластера помогают появлению взаимодополняющих навыков, технологий, субсидий. Возможность компаний привлекать взаимодополняющие навыки позволяет участвовать в более крупных сделках, в которых индивидуальные компании не конкурентоспособны. В свою очередь, это поддерживает появление новых участников кластера, укрепляет социальные и другие неформальные связи, способствующие появлению новых идей в бизнесе, а также расширяет информационные потоки внутри кластера [3].

Наиболее развитые кластеры имеют пять принципиальных характеристик, которые могут рассматриваться в качестве стартовых предпосылок для их формирования.

1. Наличие конкурентоспособных предприятий. Ключевым условием для развития кластера является наличие конкурентоспособных на рынке предприятий в кластере. В качестве индикаторов конкурентоспособности могут рассматриваться: относительно высокий уровень производительности компаний и секторов, входящих в кластер; высокий уровень экспорта продукции и услуг; высокие экономические показатели деятельности компаний (такие как прибыльность, акционерная стоимость).

2. Наличие в регионе конкурентных преимуществ для развития кластера. Например, выгодное географическое положение; доступ к сырью; наличие специализированных людских ресурсов, поставщиков комплектующих и связанных услуг, специализированных учебных заведений и образовательных программ, специализированных организаций, проводящих НИОКР, необходимой инфраструктуры и другие факторы.

3. Географическая концентрация и близость. Ключевые участники кластеров находятся в географической близости друг к другу и имеют возможности для активного взаимодействия. Географический масштаб может варьироваться от типа и особенностей кластера и охватывать один или несколько регионов государства.

4. Широкий набор участников и наличие «критической массы». Кластер может состоять из компаний, производящих конечную продукцию и услуги, как правило, экспортируемые за пределы региона, системы поставщиков комплектующих, оборудования, специализированных услуг, а также профессиональных образовательных учреждений, НИИ и других поддерживающих организаций. В качестве индикаторов могут рассматриваться показатели, характеризующие высокий уровень занятости на предприятиях и в секторах, входящих в кластер.

5. Наличие связей и взаимодействия между участниками кластеров. Эти связи могут иметь различную природу, включая формализованные взаимоотношения между головной компанией и поставщиками, между самими поставщиками, партнерство с поставщиками оборудования и специализированного сервиса; связи между компаниями, ВУЗаами и НИИ в рамках сотрудничества при реализации совместных НИОКР и образовательных программ. Контакты между компаниями малого и среднего размера могут быть связаны также с координацией их усилий по коллективному продвижению товаров и услуг на существующие и новые рынки [1].

Международный опыт кластеризации показывает, что наиболее кластеризованными являются страны Северной Америки и ЕС, Индия и Япония. Международная практика свидетельствует, что в последние два-три десятилетия активно шел процесс создания кластеров. Так, например, в рамках кластеров в США функционирует свыше половины предприятий, а удельный вес валового внутреннего продукта (ВВП), который производится на этих предприятиях, уже превысил 60 %. В ЕС насчитывается порядка 2000 кластеров, в которых занято до 40 % трудовых ресурсов. На базе институциональной специфики организации кластеров разные страны мира выработали базовые модели создания кластеров в условиях постиндустриальной экономики. Каждая из моделей комбинирует определенные ключевые характеристики кластера: степень конкуренции и рыночных связей, наличие компаний-лидеров,

инновации, развитие малого бизнеса, интернационализация, использование информационных технологий, присутствие прямых иностранных инвесторов.

Так, в модели США отмечается ярко выраженная конкуренция между компаниями. Условием применимости данной модели является тот факт, что производственный процесс не будет предполагать установления тесных взаимосвязей. На основе конкуренции поставщиков в кластере и массового производства головная компания достигает низкой себестоимости конечной продукции, при этом достаточно высоки показатели применения информационных технологий. Для кластеров США характерно, что деятельность их базируется на принципе партнерства и ориентируется на коммерциализацию исследований и разработок. Посредством федеральной контрактной системы государство предоставляет компаниям и подрядчикам, которые являются исполнителями исследований и разработок, ряд прав, как-то: использование научных лабораторий и промышленного оборудования государства на безвозмездной основе, льготы при закупках сырья, материалов из государственных фондов и от государственных ведомств, досрочная амортизация основных средств, налоговые льготы. В США сформировалось два вида инновационных кластеров: 1) возникшие спонтанно (по инициативе отдельных организаций или физических лиц); 2) созданные по указанию правительства штатов страны. Кластеры второго вида создаются и поныне, однако наиболее эффективно действующие и известные технопарки относятся к кластерам первой группы например, Силиконовая долина.

Модель кластеризации Японии сформирована вокруг компании-лидера, и для нее характерно масштабное производство, в котором интегрировано большое число поставщиков на разных стадиях производства. Данная модель применима при производстве технологически и технически сложной продукции. Разработка инновационной продукции требует высокого уровня постоянных издержек, которые возможно окупить при большом объеме реализации. В свою очередь, в данной модели объем использования информационных технологий незначителен. В Японии, как и в США, кластеры формируются с целью продвижения наиболее современных и перспективных направлений: разработка и производство больших интегральных схем, робототехники, нанотехнологий. Большое значение уделено «смешанным» отраслям (биоинформатика и биопроизводство), что существенно отличает японские программы от европейских аналогов, где зачастую преобладают кластеры в традиционных отраслях (например, в Дании и Норвегии они получили свое развитие в лесном, морском и сельском хозяйстве. В кластерной политике Японии большое значение уделено налаживанию кооперации между государственными организациями, образовательными, научными учреждениями и промышленными компаниями. Слабым местом японской научно-исследовательской системы является разобщенность между указанными субъектами. Спецификой кластерной политики Японии также является активная поддержка венчурного бизнеса. Помимо прочего, важная роль отведена установлению связей с зарубежными компаниями, исследовательскими учреждениями и университетами.

Модель кластеризации Китая предполагает их развитие на основе привлечения крупных транснациональных компаний посредством прямых иностранных инвестиций. Благоприятный инвестиционный климат является важным фактором освоения новейших технологий и последующего выхода на зарубежные рынки. Объем производства инноваций при этом незначителен – в основном для Китая характерен трансферт технологий из развитых стран (в отличие, например, от объема использования информационных технологий, большие размеры которого позволяют характеризовать

производство в кластерах как высокотехнологичное). Как и страны ЕС, Китай реализуется кластерную политику для повышения инновационного и промышленного потенциала экономики страны. К 2015 г. в стране создано свыше 60 специальных зон, которые предназначены для формирования кластеров в разных отраслях промышленности (эти кластеры обеспечивают уровень продаж в объеме порядка 200 млрд долл. США в г.) [4].

10 крупнейших инновационных кластеров:

- 1) Кремниевая долина в Калифорнии, США. Самый известный кластер в IT-технологиях. Сюда стекаются деньги и умы со всего мира.
- 2) Кремниевое плато в Бангалоре, Индия.оборот IT-индустрии в стране \$70 млрд.
- 3) Косметическая долина, Франция. Над инновациями работают 7 университетов, 136 колледжей, 200 исследовательских лабораторий. Годовая выручка — €11 млрд.
- 4) Саксонская кремниевая долина в Дрездене, Германия. Насчитывает более 300 компаний с численностью персонала в 30 тыс. человек.
- 5) Сассуоло в регионе Эмилия – Романия, Италия. 200 предприятий керамической плитки, 60 % всех производителей в стране. Происходит постоянная техническая инновация обжиговых печей.
- 6) BioM в Мюнхене, Германия. 300 компаний, 5 инкубаторов и больше десятка институтов заняты биотехнологиями и фармацевтикой.
- 7) Бостон, штат Массачусетс (США). Один из лидирующих биотехнологических и life science-кластеров. Получает 40% средств, привлекаемых в данную отрасль всеми американскими компаниями.
- 8) Agro Business Park, Дания. Имеет 75% от всего оборота пищевой продукции и Дании.
- 9) Oxfordshire Bioscience в Оксфорде, Великобритания. Объединяет 400 организаций и компаний специализирующихся на биотехнологиях и медицине.
- 10) BRAINPORT в Эйндховен, Нидерланды. Генерирует 14.5% ВВП и считается «локомотивом» экономики страны. Достоинно конкурировать на мировых рынках помогают инновационные технологии и продукты [5].

Литература:

1. Смирнова, Ю. В. Кластеры как фактор инновационного развития / Ю. В. Смирнова. — Текст : непосредственный, электронный // Актуальные вопросы экономики и управления : материалы I Междунар. науч. конф. (г. Москва, апрель 2011 г.). — Т. 1. — Москва : РИОР, 2011. — С. 42-45. — URL: <https://moluch.ru/conf/econ/archive/9/396/> (дата обращения: 09.04.2020)
2. Портер Майкл. Международная конкуренция: Конкурентные преимущества стран / Майкл Портер.-М.: Междунар.отношения, 1993. – 896с.
3. Международный опыт развития кластеров Б.И. Актимбаева, З.Е. Намазбаева Журнал: Вестник КазЭУ.- Алматы, 2010
4. Акоюн Анна Рубеновна Развитие кластерной политики зарубежных стран в условиях глобальной конкуренции // Вестник ГУУ. 2016. №7-8. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-klasternoy-politiki-zarubezhnyh-stran-v-usloviyah-globalnoy-konkurentsii> (дата обращения: 09.04.2020).
5. Инновационные кластеры в мире и России, особенности образования и развития. <https://viafuture.ru/privlechenie-investitsij/innovatsionnye-klastery> (дата обращения: 09.04.2020).

МҮГЕДЕКТЕРДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ


Абиев Р., Умирзакова М.А.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Мүмкіндігі шектеулі адамдар (мүгедектер) жағдайын жақсарту Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Адамзаттың күнкөрісіне аса қажетті (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік даму, экономика және тағы басқа) салалардың барлығы замана ағымына қарай бейімделуде, өйткені қоғамның дамуы дәуір сұранысын қанағаттандырумен тікелей байланысты. Осы орайда, тыңғылықты зерттеуді қажет ететін тағы бір бағыт бар десек, ол – мүгедектердің жағдайы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында «.....мүмкіндігі шектеулі адамдарға толыққанды еңбек етуіне жағдай туғызуға тиіспіз. Әлемнің дамыған елдерінде осылай жасайды...»- деген болатын [1].

Қазіргі уақытта адам құқықтарына, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға қатысты қабылданған заңдар мен ережелер мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік қорғау үшін берік негізбен қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар Қазақстанда әлеуметтік жұмыс тұжырымдамасын енгізген кезде осы санаттағы адамдардың бетпе-бет келетін проблемалары мен ерекше мұқтаждықтарын көрсетеді. Өзінің мүгедектігі бар адамдар мен балалардың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған күш-жігерін растау мақсатында Қазақстан 2008 жылы 11 желтоқсанда БҰҰ Мүгедектер құқықтары туралы конвенциясына қол қойды [2].

Мүгедектікті зерттеу жалпы алғанда екі модельге бөлінді. (Сурет 1).



Сурет 1. Мүгедектікті зерттеу модельдері (3-ші әдебиет негізінде автордың құрастыруы)

Медициналық модель мүгедектікті аурумен немесе басқа патологиялармен байланысты физиологиялық немесе психологиялық бұзылыстардың салдары ретінде қарастырып, оны «емдеуді» қажет ететін «қалып, күй» деп санады.

Мүгедектіктің әлеуметтік моделі мүгедектікті жеке контексте емес, әлеуметтік контексте айқындайды. Бұл модель мүгедектікті дараландырмау және тек медициналық мәселеге айналдырмау мәселесінде табысқа жетуге болатынын көрсетті. Солай бола тұрса да, әлеуметтанушылар әлеуметтік модель мүгедектігі бар адамдардың патологияларын емдеуде және өмірлерін жақсартуда сәтсіздікке ұшырауы мүмкін екендігін растайды. Мүгедектігі бар адамдардың денсаулық жағдайларына байланысты қиындықтары, сондай-ақ олардың мұқтаждықтарына қарай бейімделмейтін, қоғамда олар ұшырасатын проблемалары болуы мүмкін.

Соңғы онжылдықтар ішінде мүгедектіктің «медициналық» моделінен «әлеуметтік» моделіне көшу мүгедектік үшін әлеуметтік жауапкершілікті индивидтен тұтас қоғамға беру тәсіліне айтарлықтай дәрежеде ықпал етті.

Мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасылары қоғамның «қалыпты» мүшелеріне айналуы үшін қоғам негізінен «медициналық» емді ұсынып отырған кезде бұл модельдің талабы қатты сынға ұшырады, сөйтіп, ол бұл модельден бас тартуға алып келді. Әлеуметтанушылар мен мүгедектікті зерттеушілер көбінесе мүгедектікті әлеуметтік мәнмәтінмен тығыз байланыста қарастырады, сондай-ақ мұндай салдарларды әлеуметтік оқшаулау және мүгедектікпен тығыз байланысты басқа кемшіліктер ретінде көрсетеді.

Бұған қоса, әлеуметтанушылар мүгедектікті әлеуметтік құбылыс деп санайды және бақыланатын мүгедектік деңгейіне әсер етуде әлеуметтік жағдайлардың атқаратын рөлін атап көрсетеді. Сөйтіп, мүгедектіктің әлеуметтік моделі, өз кезегінде, проблеманың өзіне неғұрлым жауапты рөл қабылдауға тиіс қоғамға қайтарылуын талап етеді. Мұндай модель қоғамға мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасына медициналық модель жүктеген жауапкершілікті қайтарады деп болжамдауға болады. Әлеуметтік модельде мүгедектік қоғамның бір бөлігі ретінде қарастырылады әрі мүгедектігі бар адамдар (және олардың отбасылар) азаматтық, саяси құқықтарды (сайлау құқықтары, пікір білдіру еркіндігі), сондай-ақ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды (денсаулық сақтау, білім беру және т.б.) басқа адамдармен тең пайдалана алады. Мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істеуде медициналық модельден әлеуметтік модельге көшуді ұсынады [3].

Бұл мүгедектігі бар адамдарға инклюзиялық ортаны қамтамасыз ететін тек қаржылық көмек көрсету саясатынан мүгедектігі бар адамдарға медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетуге көшуді білдіретін болады.

Саясат тұрғысынан қарағанда, медициналық модельдің орнына әлеуметтік модельді таңдаған кезде елдер адам денсаулығы мәселелерінен инклюзивтілікті, қоғамға араласуды, қызметтер мен инфрақұрылымға толық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін оған дейін еңсерілуге тиіс кедергілер тізіміне басымдық берген кезде сақ болуға тиіс. Мұндай кедергілер заңнама аясымен (мысалы, мүгедектігі бар ересектерді/балаларды анықтау тетіктері, немесе әлеуметтік қорғау және көрсетілетін қызметтер), түрлі қызмет көрсету жүйелерімен қамту деңгейімен (мысалы, денсаулық сақтау немесе білім беру), сондай-ақ қоғамдағы мүгедектігі бар адамдар (және олардың отбасылары) үшін ортақ инклюзивті ортаны құрумен байланысты.

Қазақстанда 644 мың шамасында мүмкіндігі шектеулі азамат бар. Соның 400 мыңы еңбекке жарамдылар қатарында. Бірақ ресми ақпараттар бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтардың тек 20%-ы жұмыспен қамтылған. Бұл мәліметтерге сүйенсек, елімізде 130 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі азамат қана еңбек нарығында қызмет етеді. Сонда 270 мыңнан аса еңбекке жарамды мүмкіндігі шектеулі азаматтар қоғамнан автоматты түрде шеттетілген [4].

Бүгінгі таңда елімізде мүмкіндігі шектеулі (мүгедек) адамдарға деген қамқорлық, олардың жұмыс істеу немесе табыс табудың бірдей жағдайына ие болуы мәселесі басым бағыттардың біріне айналып отыр.

Мүгедек жандарға толыққанды азаматтар тарапынан аймағымызда болатын «қайырымдылық шараларын» азайтып, тиісінше, олардың аяққа тұрып кетуі үшін қоғам болып өздері жұмыс жасауына ықпал жасау, құқықтық сауаттылығын көтеру мәселесін дамыту қажет.

Еліміздің Конституциясына сәйкес, Қазақстанның әр азаматының еңбек етуге құқығы бар. Оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі (мүгедек) адамдарда бар. Кез келген топтағы мүгедектер еңбек ете алатыны бәріне мәлім, бірақ бірінші және екінші

топтағыларға медициналық комиссиядан рұқсат алу керек. Жұмысқа орналасқанда мүгедектігі бар адам дені сау адаммен тең құқылы [5].

Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы ҚР-ның 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңында «...мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу» туралы айтылған[6].

«Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының заңның 27-бабында «...қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен теңдей дәрежеде еңбек ету құқығын таниды; ол мүгедектің еркін таңдаған немесе оған ерікті түрде келісім берген еңбекпен, еңбек нарығы мен өндіріс ортасы мүгедектер үшін ашық, инклюзивті және қолжетімді болып табылатын жағдайларда өзін-өзі асырау мүмкіндігін алу құқығын қамтиды. Қатысушы мемлекеттер еңбек ету, оның ішінде еңбек ету кезінде мүгедектік алған адамдардың еңбек ету құқықтарын, оның ішінде заңнамалық тәртіппен тиісті шараларды...» -қамтамасыз ету керектігі айтылған[7].

Бүгінгі ортада мүгедек жандардың өздігінен жүріп-тұруына, қозғалуына біршама жағдай жасалған. Осыдан 20-30 жыл бұрынғы кезеңмен салыстырғандағы аталмыш саланың қазіргі ахуалы жақсы. Алайда, кез келген мәселенің бүгінгі жағдайына баға беру үшін, оны өткенімен салыстыру болатыны белгілі. Мәселен күні бүгінге дейін бірқатар мемлекеттің мүгедек азаматтарға деген қарым-қатынасы мынадай болды: оларды қорғау, амандығы мен саулығын қамтамасыз ету, күнкөрісіне қажетті құрал-жабдықтары мен дәрі-дәрмектерін мүмкіндігінше уақтылы жеткізу, жәрдемақы мәселесін реттеу және тағы басқалар.

Олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, өзін-өзі тұлға ретінде дамытуы, азаматтық қоғам өміріне белсенді араласуы сынды өмірлік маңызы бар дүниелер екінші орынға ысырылып, кей елдерде бұл мәселелердің аты да аталған жоқ. Себебі, 20-30 жыл бұрынғы жалпы әлеуметтің сұранысы – күнкөріс мәселесі еді. Ол уақытта білім алу, тәжірибе алмасу, таным көкжиегін кеңейту сынды дүниелер ілуде біреуінде болмаса, басып көпшілігінің қаперіне кіріп шықпайтын.

Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңына сәйкес, мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмыспен қамту міндеттелген, алайда бұл заң қағаз жүзінде бар да, іс жүзінде межеге жете алмай отыр.

Ал мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыспен қамтылуын 4% көтере алсақ, орта есеппен 12,6 мыңның өнімін өндірген күннің өзінде бюджетке жыл сайын шамамен 100000 доллар кіріс кіретінін көруге болады.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмысқа орналастыру саласындағы аталған кепілдіктерге қарамастан, жедел шешуді қажет ететін мәселелер өте көп. Ең біріншіден, олар мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еңбегін ұйымдастыру нысандарымен байланысты болып отыр.

Қызылорда облысы бойынша мүгедектерді жұмыспен қамтуда атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып кетейін. Облыста 29 987 мүгедек бар. (I топ - 2964, II топ - 10851, III топ – 11207 адам, 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар – 4965), олардың 20 733 немесе 69 % еңбекке жарамды жастағылар. Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2019 жылдың басына 785 мүгедектігі бар азаматтар қызмет атқарады. Жұмыспен қамтылған мүгедектер үлесі 3,8 % [8].

Облыс бойынша 58 мекеме, кәсіпорындарда 312 мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамтуға Қызылорда қаласы мен аудан әкімдерінің қаулысымен квота белгіленген.

Халықты жұмыспен қамту орталығы еңбекке қабілеті бар барлық мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жұмыспен қамту саласында мемлекеттік қызметтер түрін ұсынады, оның ішінде: жұмыспен қамтуға ықпал етуге, кәсіби даярлау, жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысу, жаңа бизнес-жоспарын дамытуға грант, арнайы жұмыс орындарын құру және т.б. Десе де, осы санаттағы адамдарды жұмыспен қамтуды талдау бойынша, жұмыс берушілердің 2-ден 4 пайызға дейінгі мөлшерде жұмыс орындарының квотасын сақтамағанын көрсетті .

Қазіргі статистикалық деректер бойынша республикамыздағы 400 мыңнан астам дамуы мүмкіндігі шектеулі еңбекке қабілетті жастағы азаматтардың тек 20 % -ы ғана жұмысқа орналасып, салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдерді жасап отыр. Олардың ішінде жоғары білімі барлары 10 %-ды ғана құрайды [9], ал бұл статистикалық мәлімет осы санаттағы тұлғалардың көпшілігінің жоғарғы оқу орнының аяқтағаннан кейін жұмысқа тұру қиындықтарымен байланысты екеніне дәлел бола алады.

Мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру мақсатында әлемдік тәжірибеде қарастырылған. «Түрлі елдердің тәсілдері де әртүрлі. Мәселен, Канадада, егер кәсіпорын квотаны орындамаса, онда ол мемлекеттік сатып алуларға қатыса алмайды. Германия мен Жапонияда мүмкіндіктері шектеулі жандарды жұмысқа алудан бас тартқан компаниялар мемлекетке өтемақы төлейді. Арменияда «911» деген жедел қызмет түрі бар екен. Елдің әр бұрышынан қиын жағдайға тап болған адамдар қонырау шалғанда, қандай көмек берілуі тиіс екенін анықтап, жан-жаққа, мысалы, жедел жәрдемге, полицияға немесе өрт сөндірушілерге шұғыл бөліп отырады. Сол жерде қызметкерлердің 90 пайызы қоларбаға таңылған азаматтар. Мүгедек адамдар өмірден түніліп, жұмыссыз әрі қолдаусыз, отбасы, ошақ қасына таңылып қалмасын деп Армения елінің іске асырып жатқан осындай жақсы жобасы бар екен. Оларды жұмысқа алып келетін арнайы автобустар да бар. Ғимараттың ішінде, асханасында олардың жүріп-тұруына барлық жағдай жасалған.

Қорыта айтқанда, мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсартудың бірден бір жолы — оларды мүмкіндігінше еңбекке тарту. Еңбек ету арқылы адам басты үш нәрседен, яғни зерігуден, ауру-сырқаудан, мұқтаждықтан арылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». <http://www.akorda.kz>.
- 2 Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қол қою туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 желтоқсандағы N 711 Жарлығы// <http://adilet.zan.kz/kaz>
- 3 Shakespeare, T. (2006). Disability Rights and Wrongs.// onlinelibrary.wiley.com
- 4 Мүгедектігі бар балалардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту», - Астана, 2014, – 108 б.
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы.-1995, 30 тамыз 10 Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы
- 6 Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы.// <http://adilet.zan.kz/kaz>
- 7 "Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1282 қаулысы//<http://adilet.zan.kz/kaz>
- 8 «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ есебі.Қызылорда 2020 ж.
- 9 Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің сайты www.kaz.stat.kz

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ОҚЫТУДА ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Абимолдаев А.С., Нурекешова Г.Р.
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Бастауыш мектепте қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге оқу, жазу, санау, шығармашылықпен ойлау қабілеттерін дамытатындай оқу әрекетін ұйымдастыру, жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндігін ашу, білім-білігін қалыптастыру көзделген. Қазіргі таңда мұғалім оқушыға алдын-ала бәрін өзі дайындап бермей оқушы өзі ізденіп табатындай мүмкіндіктер туғызу керек. Ал мұғалім оқушының оқуын, ақыл-ой дамуын ұйымдастыруы, оған басшылық жасауы қажет. Әрбір мұғалімнен оқу үрдісін қайта қарауды бұрыннан қалыптасқан әдістер мен технологияларды жаңа өмір талабына сай өзгертілген түрлерімен ұтымды қажет етеді. Жаңа тәсіл – балаға жазба тіл дағдысына үйрету болып табылады. Бұл әрекеттің мәні мен жаңалығы: бала психологиясының мектепке дейінгі табиғи даму динамикасын үздіксіз бірізді жалғастырып алып кету арқылы алдағы уақытта баланың жазба тілін дамытып, шығармашылығын арттыруда интеграция арқылы негіз салу және әрі қарай дамыту. Тілі дамымаған баланың басқа да психикалық қызметтері дамымайды. Әсіресе, жазба тілді дамыту маңызды, әрі күрделі мәселе. Жазба сөз ауыз сөзге қарағанда өзгеше психологиялық негізі бар, айырықша тіл функциясы. Ол өте қиын саналы, әдейі бір мақсатпен жұмсалатын тіл формасы.

Сауат ашу - аса жауапты да күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Бала сауатты жазу үшін грамматикалық ережелерді дұрыс түсініп, күнделікті өмірде қолдана алатын дәрежеге жетуі тиіс. Әдетте, мұғалім жалпы жазу жұмысын, оның ішінде сауатты жазуды бастаудан бұрын сыныппен біршама дайындық жұмысын жүргізуі тиіс. Ондай даярлық жұмыстары жаза білу икемділіктерін меңгеруге керекті дәстүрлі ережелерді қамтиды. Жазуды жазылуы оңай әріптермен бастап, жазылуы қиын әріптерді жазуға біртіндеп көшкен дұрыс. Оқушының әрбір жазба жұмысын бағалауда, оның сауаттылығын арттыру керек. Сауат ашу арқылы баланың танымдық белсенділігі, қоршаған ортамен қарым-қатынасы дамып интеллекті байиды. Сондықтан жұмысты дұрыс, сауатты атқаруға бірден үйрету керек. Мұндай жағдайдағы сауаттылық – ол бәрінен бұрын міндеттерді шешеудің шығармашылық жұмысқа үйрету барысында оқытудың жалпы мақсаты мен міндеттерін жоспарлап есепке алу керек. Сауаттылыққа үйретуде қатемен жұмыс жасау технологиясының төмендегідей ережелеріне сүйенгені дұрыс [1]:

1. Оқушы, әсіресе, бастауыш сынып оқушысы нақтылы бір зат жасай алмайды. Демек, шығармашылық тапсырманы оқу барысында игерген біліміне сәйкес және оны сол тапсырманы орындауға мүмкіндігінше толық қолдана алатындай етіп беру керек.

2. Тапсырылған шығармашылық жұмыстар сауатты түрде орындалатын болуы шарт. Ережені білу топтастыру оны практикада іскерлікпен пайдалана алу шеберлікке әкеп тірейді. Нақтылы бір істі атқаруда шығармашылық қиялды үстірт пайдалануға жол беруге болмайды.

3. Бастауыш сынып оқушылары көп жағдайда шығармашылық жұмысты сауатты атқара алады. Сондықтан мұғалім тапсырманы біртіндеп күрделендіре отырып, негізгі үлгіге байланып қалмай мөлшерлете орындатып отыруы шарт.

Ағылшын тілі сабағында алған білімдерін жазбаша сауатты көрсете білуде жазба жұмысының алатын орны ерекше. Ол сабақ құрылымының үш түрлі мақсатына сәйкес грамматикалық сауаттылығын тексеріп қана қоймай, есте сақтауын, көркем жазуын, ұқыптылығы мен өз-өзіне деген сенімін нығайтады. Ағылшын тілі сабағында бақылау диктантында қатемен жұмыс жүргізудің маңызы зор. Диктанттың негізгі мақсаты - оқушылардың теориялық білімін сынау, бағалау, оларды сауатты жазуға үйрету болса,

қатемен жұмыс жүргізудің мақсаты - жіберілген қатемен сауатты жұмыс жасау болып табылады. Диктантты дұрыс, сауатты жазу үшін грамматиканы үйреніп, талдай білу жеткіліксіз, сонымен қатар көркем әдебиетті көп оқу керек. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жалпы орта білім департаментінің нұсқауы бойынша диктант нормаларын пән мұғалімі білуі тиіс [2]. Диктант келесі сабаққа тексеріліп әкелінуі керек. Жазба жұмысының соңында орфографиялық, пунктуациялық қате саны көрсетіліп, келесі жолдың оң жағына диктант бағасы қойылады.

Ағылшын тілі пәнінен алынған жазба жұмыстардағы жіберілген қате бойынша саралау кестесі әрбір жазба жұмысынан кейін сараптамалық талдау негізінде жасалып, оқушымен деңгейлік тапсырмалар негізінде тікелей жұмыс жасауға ықпал етеді. Сондай-ақ жазба жұмыстарын бір-бірімен салыстыруға да мүмкіндік береді. Қатемен жұмыс жүргізу жолдары:

- тексерілген жұмыспен оқушы танысып, қызыл сиямен көрсетілген сөзді жол басына ең әуелі қате түрін, содан кейін сызықша қою арқылы жол аяғына дейін қатесіз жазу керек;

- қате жазылған немесе оқушыға таныс емес сөздерге ағылшын тілінің түсіндірме сөздігін пайдалана отырып, мағлұмат беру;

- жіберілген қате туралы өтілген тақырып бойынша ережені еске түсіру, мысалдар келтірту;

- қате жазылған сөзге фонетикалық, лексикалық, морфологиялық талдау жасату;

- оқушылардың тасымал, тыныс белгі туралы білімдерін нақтылау, бағдар беру;

- диктант мәтініндегі тірек сөздерді тапқызып, сөйлем құрату;

- сабақты шығармашылықпен ұштастыра отырып, қате жіберілген сөздерге назар аударту және нәтижелі болу үшін жатқа айтқызуға болады.

Күнделікті сабақта оқушының жазу сауаттылығына үнемі мән берілсе, онда іс нәтижелі болады. Сауатты әрі каллиграфиялық дұрыс жазуда көрнекіліктің алатын орны ерекше. Сондықтан әрбір сабақтың тақырыбына сай әріп, сөз, сөйлем жазылған таблица, суретті карточка, сюжетті суреттер, дидактикалық материалдарды пайдалануға көңіл бөлінеді. Кейбір оқушылар әріптің негізгі формасын сақтамай және оларды бір-біріне өте жақын немесе өте алшақ жазуынан қате жібереді. Сөйлем аяқтағанда тыныс белгілерін қоймай, келесі сөйлемді бас әріптен бастамай, жалқы есімдерді кіші әріппен жазып қояды. Қатенің бір түрі сөз мағынасына дұрыс түсінбей жазудан болады. Мысалы: «small» сөзін «smal», «little» сөзін «littl», «love» сөзін «lov» деп жазуы мүмкін сөздерді жазғанда әріпті тастап кету, бірдей екі әріптің біреуін қалдырып кету жиі кездеседі. Басқа тілден енген термин сөздерді жазудан жиі қателеседі.

Сауатты жазу үшін төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізіп отыру қажет:

- оқушыларды қатесіз жазуға дағдыландыру үшін көшіріп жазуға көп көңіл бөлу;

- сөйлемде қалдырып кеткен сөздерді дұрыс тауып, оны орнына қойып, үйлестіріп жазу;

- берілген сөздерден сөйлем құрап жазу, сұрақтарға толық жауап жазу сауаттылыққа көмегін тигізіп отырады.

Ана тілімен салыстыру, көбінесе шет тілінде сөйлеу кезінде жіберілетін қателіктердің бірі болады. Ана тілінде қалыптасқан дағдылардың шетел тіліндегі дағдылардың қалыптасуына кері әсері әдетте араласу деп аталады. Ана тілінің араласушылық әсері тілдік жүйенің барлық деңгейлерінде - фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және синтаксистік түрде көрінеді.

Ана тілі мен үйреніп жатқан тілдердегі сөздердің мағыналары мен көлемі арасындағы айырмашылықтардан туындаған жеке сөздерді қолданудағы қателіктер. Сонымен, қазақ тіліндегі «бос емес» сөзі контекстке байланысты busy, engaged, occupied ағылшын сөздеріне сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі жұмысқа қатысты жалпы түсінік қазақ студенттерінің ағылшын тіліндегі қателіктеріне ықпал етеді.

Жалпы алғанда, тіларалық интерференция мәселесі туралы. В.Л.Аракин «барлық қиындықтар мен қателіктер ана тілі мен зерттеліп жатқан тілдің арасындағы құрылымдық-типологиялық айырмашылықтарда жатыр». Вайнрейхте осы көзқарасты ұстанады. Алайда, Д.Ларсен-Фримен бұл айырмашылықтар емес, зерттеудегі көптеген қиындықтарды тудыратын тіл жүйелерінің толық емес ұқсастықтары деп тұжырымдайды [3]. Біздің ойымызша, екі ғылыми көзқарасты біріктіру ғана шынайы білім бере алады.

Оқушылар үшін қиындықтар мүлдем бөлек. Алайда, айтарлықтай айырмашылық әр түрлі және ұқсас тілдік құбылыстардағы қателіктерді жою деңгейінде жатыр. Оқушылар ана тіліне жат құбылыстарды меңгерген кезде, оқытудың бастапқы кезеңіне тән қиындықтар біртіндеп жойылып, ана тілінің араласушы әсері әлсірейді. Тілдік жүйелер арасындағы ішінара ұқсастықтардың ассимиляциясы, керісінше, тіл - элементтер арасындағы байланысты орнатудың күрделілігі мен тұрақсыздығымен сипатталады - материалды зерделеу барысында білім алушылардың сөйлеуіндегі көптеген қателіктер, ана тілінің араласушының тұрақты көріністері.

Оқушылардың білімі мен дағдыларын игеруі көбінесе мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оның тәжірибесіне және оқытудың нақты әдіснамасына байланысты. Оқу материалын оқытатын мұғалім оны жеңіл және түсінікті етіп жасауы керек. Алайда, күрделі оқу материалын жеңіл және түсінікті етіп ұсыну әрдайым оқу нәтижелеріне оң әсер етпейді.

Мұғалім қателікті қай кезде жөндегені дұрыс? Сонымен, грамматикалық материалды бекіту кезінде (етістіктердің жиілігі, сын есімдердің салыстыру дәрежесі, модаль етістіктер) мұғалімге оқушылардың жіберген қателіктерін тікелей тұжырымдау кезінде дұрыс қойып, дұрыс нұсқасын түзеген жөн. Алайда, диалогтік немесе монологтық сөйлеу кезінде, мақсат байланыс болған кезде және білім алушылар өз пікірлерін білдірсе, мұғалімнің оқушылардың сөйлеуін аяқтағаннан кейін қателіктерін түзетіп, олардың талдауы мен түзетулерін жүргізгені дұрысырақ.

Шетел тілін оқып жатқан оқушылардың жіберген қателіктерінің жиі кездесетін себептерін айта кетсек:

1. Ана тілінің әсері. Мұндай қателіктерді білім алушылар сөздердің айтылуында (centre, London, production), предлогтарды қолдануда (in Monday, in the cinema, on the station), сөйлемдер құрастыруда (In the room many tables. Me like this film), мағынасына сәйкес синонимді қолдануда (business, matter, affair, case; оқиға – incident, accident, occasion, case).

2. Ережелерді білмеу. Тұрақты етістіктерге -ed деген жалғауды қосу ережесін біле отырып, оқушылар оны тұрақты емес етістіктерге ұқсастықпен қосады (growned, builded).

3. Абайсызда жіберілген қателер.

Қатемен жұмыс жүргізгенде ерекше талдау жүргізіледі. Қате жіберген сөйлемдерді қайтадан жазғызып, астын сыздыру нәтижесін береді. Оқушыларды қатесіз, сауатты жазуға үйрету тәсілдері алуан түрлі. Өйткені әр баланың ерекшелігіне байланысты қатесіз жазуға үйрету әдісі әр сабақта өзінше орын алады.

Тілін дамытып, есте сақтау қабілетін артырып, сауатын жетілдіруге жаңылтпаш жаздыртып, жаттатып, айттырту да өзіндік пайдасы бар.

Мысалы:

Why do you cry, Willy? Together, together, together every day,

Why do you cry? Together, together we work and play.

Why, Willy? Why, Willy? Why, Willy?

Why?

Қателіктердің жіктелуінде типологияның төрт тобын бөлуге болады [4], олардың әрқайсысы келесі критерийлердің кез-келгеніне негізделеді - құрылымдық,

лингвистикалық, коммуникативтік эффект критерийі немесе қате көзі. Кез-келген классификация практикалық бағытқа ие болуы керек, яғни қателіктердің алдын алу мен түзетудің ең тиімді тәсілдеріне қатысты әдістемелік тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Кейде жұмыстың түрін өзгертуге суреттер іліп, соның аттарын өздеріне жаздырып, жазған сөздерін, сөйлемдерін өздеріне, қатар отырған қасындағы балаға тексертуге болады. Қате жіберген оқушы қатесін жолдасының түзеткеніне намыстанып, сауатты жазуға талаптанады. Бұл тәсілдің тиімділігі олар бір-бірінен көшірмейтін болады. Әріп буын, сөздік диктантын орынды жүргізіп, онда жіберген қателерін қайталап жаздырып, сол сөздерді қатыстыра отырып, сөйлемдер құратып астын сыздырамын. Оқушыларды сауаттылыққа үйретудегі нәтижелі әдістің бірі-сабақ үстінде ойын элементтерін пайдалану. Ойын оқушыларды сабаққа қызықтырады, материалды тез қабылдап, есінде ұзақ сақтауға көмектеседі. Ойынның түрлері өте көп, солардың ішінде сауатты жазуға үйретуде сөздік ойынның пайдасы ерекше. Мысалы, «Remember forever» ойыны.

Кейбір жағдайларда оқушылар қосарланған дыбыстарды жасауда көптеген кемшіліктер жібереді. Ол үшін мынадай жұмыстар жүргізген дұрыс деп есептейміз. «Which one is right?». (Қате әріпті белінен бір сыз).

Мәтінді түзету, қалпына келтіру тапсырмасын «Magic box», «Missed Lines» деп аталатын ойын әдістері арқылы ұйымдастыруға болады [5].

Қатемен жұмыс жүргізгенде ерекше талдау жүргізіледі. Қате жіберген сөйлемдерді қайтадан жазғызып, астын сыздыру нәтижесін береді. Оқушыларды қатесіз, сауатты жазуға үйрету тәсілдері алуан түрлі. Өйткені әр баланың ерекшелігіне байланысты қатесіз жазуға үйрету әдісі әр сабақта өзінше орын алады.

Оқушы мұғалімнің жетекшілігімен өздерінің қателерін жою үшін өз беттерінше жұмыс жүргізеді. Бақылау жұмысынан кейін мұғалім оқушылардың жіберген қателіктерінен толық талдау жасайды. Әр оқушыға тән қателер теріп жазылады, осының нәтижесінде әр оқушының және бүкіл сыныптың үлгерімі анықталады.

Тіпті ағылшындықтар сөйлеу барысында жиі қателіктер жіберетіні белгілі. Сондықтан өз ана тілі емес екінші тілде сөйлейтін адам, қателік жібергісі келмесе де, сөйлеу барысында қателіктер жібереді, ал мұғалімнің бірінші міндеті - оқушылардың қателіктерге оң көзқарасын қалыптастыру, оларға оқу процесінің ажырамас бөлігі екенін түсіндіреді. Әрине, мұғалім қателіктер жасамауға көмектесетін тиісті дидактикалық әдістерді қолдануы керек, егер бұл мүмкін болмаса, олардан арылуға көмектесу керек. Ол қателіктердің не себептен болатындығын нақты анықтап, қателерді түзету әдістерін жасауы керек, ең бастысы, оларды болжай білуге және алдын алуға үйренуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері 2(26), 2006. Ғылыми әдістемелік журнал, 36-40 б.б.
2. Шетел тілін оқыту әдістемесі №4, 2008, 27 бет.
3. Рогова Т.В., Сахарова Т.Е. «Методика обучения иностранного языка в средней школе» Москва, 1998г, стр.162.
4. Мектептегі шетел тілі №3, 2006, 44 бет.
5. «Ізденіс» журналы №1, 2005, 125 бет.

ИССЛЕДОВАНИЕ СПОСОБНОСТИ ПЕРВОКУРСНИКОВ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ МАРАТА ОСПАНОВА К ГЛУБОКОЙ КОНЦЕНТРАЦИИ ВНИМАНИЯ

Адилбаев Н.Н., Жумалиева Г.С.
ЗКМУ имени Марата Оспанова

Внимание – это избирательная направленность на тот или иной объект и сосредоточенность на нем, углубленность направленная на объект познавательной деятельности. Внимание – это один из самых необыкновенных познавательных процессов человеческой психики, так как он неразрывно связан с остальными: с ощущением, восприятием, памятью. Поэтому вниманием часто называют избирательную устремленность сознания для совершения выполняемой работы. Внимание – это явление человеческой психики, многообразно себя проявляющее, оно влияет на эффективность работы органов чувств, на фиксирование информации в нашем мозге и на ее воспроизведение, на мышление, на работу наших мышц и т.д.

В рядах психологических феноменов внимание занимает особенное место. Оно входит во многие другие психические процессы, являясь при этом их элементом, его очень сложно выделить как самостоятельный акт и изучать его без задействования других процессов практически невозможно. Утопична мысль вычленения единицы внимания, выделения его «материи», потому как оно основывается на протекании остальных психологических явлений.

Одним из свойств внимания, по мнению С.Л. Рубинштейна, является концентрация. И она отвечает за уровень сосредоточенности на объекте, и во многих случаях она зависит от сложности задачи.

Целью данного исследования является выявление способности студентов Западно-Казахстанского медицинского университета имени Марата Оспанова (ЗКМУ имени Марата Оспанова) к глубокой концентрации в процессе обучения. Главным отличием университета от школы, как нам кажется, является то, что в университете нет строгого контроля за посещением занятий и выполнением заданий. Предположительно эта самая иллюзия свободы как раз и подталкивает студентов на Shallowwork (рассеяная работа). Профессор Джорджстаунского университета Кэл Ньюпорт описывает этот тип работы, как работа, которая не требует высокого уровня работы когнитивных возможностей, логистических задач, часто выполняемых при рассеянном внимании. Такие усилия, как правило, не создают новые ценности в мире и легко обесцениваются.

С целью выявления количества студентов, неспособных к глубокой концентрации внимания, было проведено анкетирование среди первокурсников ЗКМУ имени Марата Оспанова. Всего в опросе приняло участие 157 человек в возрасте 16-26 лет специальности «Общая медицина».

По результатам анкетирования было выявлено, что 44% студентов впервые слышат о понятии «глубокая концентрация». Но в то же время студенты, которые якобы знают о ней, не придерживаются правил достижения этой самой глубокой концентрации. В среднем студенты первого курса ЗКМУ имени Марата Оспанова тратят 7 часов в день на подготовку к занятиям.

На вопрос – Что мешает вам разобрать весь материал за один раз? – были получены следующие ответы (рисунок 1).

Что мешает вам разобрать весь материал за один раз?




Рисунок 1- Диаграмма результатов ответов студентов 1 курса ЗКМУ имени Марата Оспанова на первый вопрос анкеты

Как мы видим преобладающее большинство студентов, т.е. 81% из 100% опрошенных, отвлекаются от глубинной работы за просмотром социальных сетей таких, как ВКонтакте, Instagram, WhatsApp, Telegram и т.д. Остальным 10% студентам мешают игры. 4% опрошиваемых студентов выбрали телевизор. А 5% респондентов ответили другое.

На вопрос – Как вы отдыхаете в свободное от учебы время? - были получены ожидаемые ответы - 64,6% опрошенных указали «соц.сети, сон и просмотр фильмов», что является ярким примером того, что студенты нерационально используют свое свободное время и подвергаются экранной передозировке.

С учетом собственных наблюдений и полученных результатов опроса студентов ЗКМУ имени Марата Оспанова нами были предложены для обучающихся несколько правил по достижению у них глубокой концентрации внимания в процессе обучения.

«Знай какой подход глубокой работы ты собираешься практиковать!». Многие студенты однозначно используют такой тип работы, который Кэл Ньюпорт назвал журналистским подходом к работе. То есть ты думаешь, что когда у тебя выдастся свободный час другой, ты сядешь и будешь работать над заданиями, которые у тебя есть. Но данный подход к работе не применим к большинству людей, как для новичков, так и для тех, кто еще профессионально не состоялся в тех делах, которые он собирается делать. Кэл Ньюпорт предлагает использовать ритмический подход к работе. Смысл заключается в том, что вы выделяете 1,5-4 часа каждый день, в течение которых ты будешь в состоянии глубокой концентрации. Время для настраивания на работу существенно сократится.

«Заранее продумать свой день!». Как говорил Стив Джобс, «такой простой шаг, как принятие всех бытовых решений с вечера, здорово разгрузил мне день и освободил мне

несколько часов в день. Теперь можно использовать их на новые свершения» [4]. Поэтому важно планировать свой учебный, рабочий день, используя, например, тайм-менеджмент.

«Сделать какой-нибудь широкий жест!». Кэл Ньюпорт приводит в пример Дж.К.Роулинг, которая писала свою последнюю книгу о Гарри Поттере в отеле своего же города, оплачивая 1000 евро за ночь. Именно такой широкий жест позволял ей не мешкать и быстрее приступить к работе, не придумывая никак отговорок.

«Находишься на природе и просто отдохни!». Британские ученые в своем исследовании это объясняют следующим образом. В ходе исследования брали две группы людей и отправляли одну группу в лес, а другую в город на 50 минут. После возвращения обоим группам выдали когнитивные задачи. В результате экспериментальная группа людей выполнила задания на 20% лучше. Через какое-то время эти же группы меняли местами и теперь группа людей, которая ходила в лес, пошла в город и наоборот. На этот раз опять группа людей, которая ходила в лес, выполнила задания на 20% лучше. Все дело в том, что пребывание в городе требует целенаправленного внимания (directed attention) и по истечению 50 минут лимит этого самого целенаправленного внимания исчерпывается.

«Выполняйте работу в сжатые сроки в течении рабочего дня!». Другими словами не заполняйте все часы, когда вы не спите. Дело в том, что люди не способны глубоко и интенсивно концентрироваться на более долгие промежутки времени. Все попытки глубокой концентрации сверх этого, заложенного в нас биологического ограничения в 4 часа в день, будут иметь «diminishing returns», т.е. с каждым часом работы сверх этих 4 часов в день будет уменьшаться эффективность и польза от работы.

«Не используй интернет, чтобы развлечь себя!». Даже, если телефон выключен и лежит экраном вниз, само его присутствие в поле зрения вызывает желание отвлечься и проверить социальные сети или почту. То же самое касается множества открытых вкладок браузера и захламленного рабочего стола – реального и виртуального.

Таким образом, все вышеописанные рекомендации, при их строгом выполнении, будут способствовать развития способности обучающихся 1 курса ЗКМУ имени Марата Оспанова к глубокой концентрации внимания, что имеет немаловажное значение для успешного обучения будущих специалистов медицинского профиля.

Список литературы

1. Cal Newport Deep Work: Rules for Focused Success in a Distracted World.
2. Большой психологический словарь. — М.: Прайм-ЕВРОЗНАК. Под ред. Б.Г. Мещерякова, акад. В.П. Зинченко. - 4-е изд., дополн. и испр. — М.: АСТ, СПб.: Прайм-Евроснак, 2008. — 868 с.
3. Stephen Covey 7 Habits of Highly Effective People. Альпини Диджитал, 2017.-294с.
4. Интернет-ресурсы <https://interesno.co/myself/7d34274abfe1>
5. Интернет-ресурсы <https://www.youtube.com/watch?v=EgSkSr3f6U8&t=1160s>

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН ЖОЛ

Айбат Н.Ж., Мұхтаров К.Т.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлесі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құралған маңызды құжат. Рухани жаңғыру – бұл адам сана сезімінің, сенімі мен сапасының, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші. Ал, жастардың рухани жаңғыруы дегеніміз – олардың білімділігі, дүниетанымдық ой – өрісінің дамуы, ана тіліне деген құрметінің шексіздігі және мәдени сауаттылығы. Жалпы, еліміздегі рухани жаңғыру – үздіксіз процесс болғандықтан, оған Тәуелсіздік жарияланған соң қолға алған барлық рухани-мәдени шаралар енеді. Алғашқы жылдардағы «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Тарих толқынындағы халық», ҚР Президентінің Ұлытаудағы сұхбаты, кейінгі «Ұлы Даланың жеті қыры» осы үрдістің үзілмес бөліктері. Аталған іс-шаралар мен бағдарламалар көнеден келе жатқан рухани-мәдени қазынаны қайта қаузап, тарихи танымды кеңейтуді ғана емес, бүгінгі қоғамдық сананың трансформациясын көздейтін маңызды құжаттар. Ал, Президент Қ.К.Тоқаевтың «Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік» атты сұхбаты осылардың заңды жалғасы деуге болады.

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым.

Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды[1].

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ұлттық рухани өсіп-өркендеуіміз бен кемелденуіміздің платформасы болып табылады. Бұл бағдарламада Елбасы ең алдымен ХХІ ғасырдағы ұлттық сананың жаңа сипаттағы жаңғыруының басты шарты – ұлттық кодты сақтау екенін атап көрсетті. Бұл, өз кезегінде, тек экономика жағынан ғана емес, ұлттық кодты жоғалтпай, жаһандану дәуірінде рухани бәсекелестікке қабілеттілікті де күшейтудің күре тамыры саналады[2].

Қазақстанның бірінші жаңғыруы КСРО-ның қирандысынан шығып, өз жолымызды дербес мемлекет ретінде бастағанымыздан басталған болатын.

Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда - Астананың салынуымен басталды. Үшінші жаңғыру Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен жалғасын табуда. Ұлт санасының жаңғыруын мақсат еткен бұл еңбек- бағдарламалық құжат. Үлкен екі бөлімнен тұратын мақаланың екінші жартысында Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен Ұлттық болмысқа, дәстүрдің замана сынынан сүрінбей өткен озығына негізделуін қадап айтып отыр.

Бұл іргелі мақаланы халық Мәңгілік Ел мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін көрсетіп берген тұжырымдамалық бағдарлама ретінде қабылдауда[3]. Бұл бағдарлама елдің дамуы мен өркендеу үшін өте маңызды. Бағдарламаның негізі: 1.Бәсекелік қабілет

2.Прагматизм 3.Ұлттық бірегейлікті сақтау 4.Білімнің салтанат құруы 5.Қазақстанның революциялық емес,эволюциялық дамуы 6.Сананың ашықтығы.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді[1].

«Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты бағытта Президент дамудың әмбебап үлгісі болмайтынын нақты жеткізіп, тек ұлттық модельді ғана алға тартады. Бұл тұжырым қазіргі заманғы дәуірдегі ұлт құрылысында аса маңызды болып табылады. Ортақ тіл, мәдениет, тарих – бұлар барлық заманда да қуатты мемлекеттің іргетасы екеніне ешкім дау туғызбаса керек. Бұл бағытта ең әуелі ұлттық рухты атап көрсеткіміз келеді. Бұл жерде біз Мемлекет басшысының «Тарих толқынында» атты келелі монографиясын парақтай отырып, тарихқа қысқаша шолу жасап көрсек. Біздің рухани бастауларымыз қазіргі Қазақстанның аумағында біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықта өмір сүрген ежелгі арийлерден басталады. Содан кейін саясат сахнасына бірінші мыңжылдықта билік құрған жауынгер сақтар шығады. Бұдан соң ұлы ғұндар дәуіріне кезек беріліп, олар түркілер билігіне дейінгі б.д.д. IV ғасырда өмір сүрді. Одан кейінгі заманда орын алған тарихи оқиғалар еліміздің ақпараттық-мәдени кеңістігінде кең түрде көрініс тапты. Сондықтан, оларды қайта санамалап жатудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Генезистің және біздің ұлттық рухымыздың қалыптасуы мен дамуына екпін берген осындай ортақ құрамдастар бар. Айтылғандарды түйіндейтін болсақ, Мемлекет басшысының ұлттық рух туралы ұсынған тезисі Ұлы Дала елін дамытудың басты қозғаушы күшіне айналады [4].

Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды[1].

Білімнің салтанат құруы және сананың ашықтығы бағыттары: Яғни, Еліміздің алға қарай үздіксіз дамып отыруы үшін халықтың, әсіресе жастардың санасының ашықтығы маңызды. Ұлт Көшбасшысы осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында – жастарды бөліп қарастырады. Себебі, осы бағдарламаға енгізілген міндеттердің барлығы толықтай жастар алдында тұрған міндеттер болып табылады. Оларға тіл үйрену, бәсекеге қабілетті болу, салт-дәстүрлерін жаңғыртып әрдайым есте сақтау және елінің дамуына үлес қосуды жатқыза аламыз. Қашанда білімді ұрпақ өсіруде оқуға, ғылымға, ізденіс пен қызығушылыққа уақыт бөлуіміз керек. Қазіргі таңда жастар өте зерек. Олардың қолынан көптеген жаңалықтарға толы құрылғылар мен заманауи технолоиялар жасап шығару келеді. Осы тамаша қасиетті Елбасымыз бағалай отырып, «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сенімін білдірді. Ал, жастар - осы сенімді әр уақытта өз бойларына ұялата отырып, жаңа заманның жаңғырулары мен өзгерістеріне біріге төтеп беріп, «Мәңгілік Ел» қалыптастыруда өз үлестерін қосуда. Әр күн сайын елімізде бәрі жаңаруда. Осы жаңару кезеңінде еліміздің өркендеуі үшін жастар күні- түні еңбек етіп,

оқуларын одан әрі дамытып, келешекте дамығын 30 ел қатарына қосылуға күш-жігерін аямауда.

Өткен жыл қазақстандықтар үшін ерекше жыл болды, өйткені Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында 2019 жыл – Жастар жылы деп жариялаған болатын Президент жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Ол жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Жастарды жұмыспен қамту мәселесі елімізде басты назардағы мәселе екені белгілі. Осы мәселелерді шешу үшін елімізде «Дипломмен ауылға», «Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту-2020», «Әрбір отбасына «7-20-25» бағдарламасы аясында баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру», «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту», т.б. бағдарламалар қолға алынып, еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асырылып жатыр[5].

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылғандай, біз өз отанымыз – Қазақ елі мен оның байырғы халқы – қазақ халқын, басқа өркениетті елдермен салыстыра отырып, тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан өркениет ретінде қарастыруымыз керек. «Бұл - тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үніліп, оның түйінін шешуге мүмкіндік туады»[6]- деп атап көрсеткен болатын. Елбасының мақаласы отандық тарихты дамытудың жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсетеді. Бұл туынды Президентіміз айтып кеткендей, оның «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының тікелей жалғасы болып табылады. Сондықтан біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақты ұлттық өркениетті рухта тәрбиелеуге белсене атсалысуға міндеттіміз.

Қазіргі таңда өсіп келе жатқан болашақ жас буынның арқасына ілінер жүк ауыр, әрі маңызды. Себебі, болашақта саналы да, салиқалы ұрпақ қалыптастыру әр мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Сонау заманнан бастап ата-бабаларымыз өздерінің артынан ақылды, өжет, елін сүйетін, Отанына адал қызмет ететін жас тәрбиелеуге ден қойған. Сол жастардың ашық аспан астында, бейбітшілікте өмір сүру үшін күні-түні еңбек етіп, жастардың болашағын қалыптастыруды көздеген. Ал, қазір сол заман орнады деп ойланбастан айтуға болады. Әр жас буын өкілі өз отбасында, туып-өскен Отанында бақытты өмір сүруде. Ендігі кезекте осы қазіргі жастар, яғни біздер бұрыннан келе жатқан салт-дәстүрімізді сақтай отырып, еліміздің болашағы жарқын болуы үшін еңбектенуіміз қажет. Себебі, кейінгі ұрпақ бабалар тарихын жадына тоқып өссе, біз ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпаймыз. Рухани жаңғырудың басты мақсаты да осы. Жаңа жағдайға қарай бйімделу, жаңғыру – уақыт талабы. Бастысы, табиғи болмысымыз бен Елбасымыз айтқандай ұлттық кодымызды сақтай білсек болғаны.

Әдебиет

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 12.04.2017
- 2.<http://ult.kz/post/rukhani-zhangyru-zhane-zhastar-sayasaty>
- 3.<https://www.zakon.kz/4908813-ruhani-zha-yru-hal-ymyz-a-ruhani-zhol-k.html>
- 4.<https://abai.kz/post/51594>
- 5.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан.
6. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» // «Егемен Қазақстан» газеті, 21 қараша 2018 жыл.

СТУДЕНТ ПЕН ОҚЫТУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС, ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН КЕДЕРГІЛЕР МЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

Айтбаева Ж.А., Ертуқешова Г.М.

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»

Психология ғылымының кез-келген мәселесі адамның жан дүниесінің, қоғам мен әлеуметтік өмірдің сан алуан салаларымен тығыз байланысты. Бұл табиғи заңдылық, болашақ ұрпақтың да өмір жолы мен тағдырының әрқилы қырларымен өзара ұштасты.

Соңғы жылдарда адамның жан дүниесімен сырласып, оның психологиясын зерттеуде психологтар мен социолог мамандар, ұстаздар мен басқару қызметіндегі жетекшілерге жете зер салып, көңіл аудартып отырған маңызды мәселенің бірі- адамдар арасындағы тұлғааралық қарым- қатынас жасап, олардың өзара тілдесе білулерінің құпия сыры және оның кілті неде деген мәселенің шешімін табу қазіргі өмір талабы.

Осындай мәселенің байыбын барлап, оның себеп – салдарын анықтау, тиімді жолын табу әлеуметтік өмірде адамның мінез – құлқының қалыпты дамуын қамтамасыз ете алмай, оған зиянды әсер етері даусыз. Мұндай жайт қоғам өмірінің шиеленіскен дағдарысты жағдайда қазіргі қоғам адамдарына ғана емес, болашақ ұрпақтың бойында да жағымсыз мінез – құлықтардың туындауына теріс ықпал етуі мүмкін. Қазіргі кезде сондай жағымсыз қылықтар адамдар арасындағы қарым- қатынаста да жиі байқалып отыр. Қарым – қатынас жасау адамға ғана тән табиғи қасиет. Ол адамның тіршілік бейнесі мен мәдени өмірінде тұрмыс салтында күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрақты шарт. Адамдардың өзара тілдесіп өмір сүруге бейімделуі ағза тіршілігі үшін су мен ауа, күн шұғыласы сияқты табиғи қажеттіліктерімен бірдей.

Адамдардың бір - бірімен дұрыс қарым- қатынас жасауы, адамдар үшін , оның жалпы тұлғалық дамуы мен қалыптасуында өте маңызды. Осы орайда адамдардың күнделікті өмірдегі кәсіптік саладағы өзара тілдесіп, дұрыс қарым - қатынас жасауының оның рухани өмірімен тіршілік бейнесінің қалыпты дамуына қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады. Егер ұстаздық қызметте шәкірттермен дұрыс қарым – қатынас жасай алмаса, осы мамандық саласында істейтін адамдардың бәрі де рухани жағынан өсіп жетіліп, өз мұқтаждықтарын қанағаттандыра алмай, әрқилы тоқырауға ұшырауы мүмкін.

Ұстаздар мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас жасау, тұлғааралық қайшылық мәселесі- психология ғылымындағы және тәлім – тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі мәселелердің қатарына жатады. Ұстаздар мен шәкірттер, тәлімгерлер арасында қарым – қатынас орнатуда айтарлықтай ерекшеліктер мен сипаттар, түрліше түсініктер бар екендігін көрсетеді. Міне, мұндай мәселедегі елеулі жайттың бірі – мұғалім мен шәкірттер арасындағы қарым – қатынас жасауда үнемі әрқилы қиыншылықтардың, кедергілердің кездесіп отыратындығы.

Жоғарғы оқу орындарында нағыз маманның қалыптасып, оның тұлғасының дамуындағы күрделі процесте оқытушының атқаратын рөлі ерекше. Бұл мәселені зерттеушілерге (А.А. Бодалев, З.Ф. Есарева, Н.Ф. Кузьмина) жоғарғы оқу орындарындағы оқытушылардың кәсіптік іс - әрекетінің көзі тәрбиелік қарым – қатынас болып табылады. Оқытушылардың студенттермен тәрбиелік қарым – қатынасы нәтижесі студенттің тұтас, жан – жақты әлеуметтік – белсенді тұлға ретінде қалыптасуы, жоғарғы оқу орнын жетістікпен аяқтау мақсатының орындалу дәрежесін анықтайды.

Сонымен студент тұлғасының қалыптасуында оқытушымен өзара дұрыс қарым – қатынас үлкен рөл атқарады. Бірақ кейде осы күрделі қарым – қатынаста қарама - қайшылықтар, кедергілер нәтижесіндегі конфликтілер, тұлғааралық түсініспеушіліктер жиі туындайды. Осы мәселені анықтау барысында арнайы жүргізілген психологиялық зерттеулер студенттер мен оқытушылар өзара қатынасында эмоционалды және

тұлғааралық түсініспеушілік тұрғысында әрқилы кедергілердің болатындығын анықтады. әрине, мұндай мәселенің түпкі себептерін психологиялық жағынан тереңірек зерттеу тәлім – тәрбие ісіндегі маңызды мәселе болып саналады.

Біздің өміріміз, өмірдің басталып аяқталғанына дейін үздіксіз кездесетін кедергілерден арылу процесінен тұрады. Кедергілердің түрлері өте көп, мысалы: физиологиялық, рухани, әлеуметтік, ақпараттық, құндылықтық; біздің өміріміз осы кедергілерді шешу, қанағаттандыру мақсатымен жүреді. Атақты бір классиктің айтқанындай өмір дегеніміз – күрес. Сондықтан да адамдар өмір бойы күрес жағдайынан өтеді.

Адамға білім, ерік, энергия, ерекшелік, қабілет, мінез – құлықтың керегі не? Деген сұраққа басты жауап – мақсатқа жетудегі кедергілерді жою. өмірдің барлық қуаныштары мен өкініштері, шарықтау және құлау шектері өмірде әр түрлі кедергілерден өту процестерімен тығыз байланысты.

Кедергі түсінігінің эвристикалық болашағын ең алғаш әлемдік психологияның ең бір күшті бағытын қалаушы З. Фрейд болып табылады. Психоанализдің теориясында адамның мінез – құлқы екі категорияда қарастырылады. Олар: «катексис» - белгілі бір объектілерге бағытталған, босаңсуды талап ететін инстинктілердің психикалық энергиясы. Ал, антикатексис – инстинкттерді қанағаттандыру жолындағы кедергілер. Мінез – құлық дегеніміз – барлық психодинаикалық процестер ішкі және сыртқы кедергілер мен инстинкттердің өзара әрекеттестігінде көрініс табады [1, 12 – 13 б.].

Қазіргі заманда конфликт мәселесі ең бір актуалды мәселелердің бірі. Адамдар арасындағы конфликт мәселесінің кеңдігі және күрделілігі сондай, ол кез – келген бір білім облысының зерттелу монополиясы бола алмайды. Конфликтіні заңтанушылар, өнертанушылар, философтар, әлеуметтанушылар, психологтар зерттейді.

Конфликт латын тілінен аударылғанда – «қақтығыс» деген мағынаны білдіреді [2, 84 б.]. Конфликт қиын шешілетін шиеленістер, қарама – қарсы қызығушылықтар түйіскен кезде пайда болады. «Конфликт» - жеке адам, әлеуметтік топ, социум деңгейіндегі қарама – қарсылық күресінің бейнесі [3, 18 – 19 б.]. Сондықтан, конфликт лидерлік қатынастардың нормасы деп айту дұрыс. Эксперименталды психологтар конфликтке мынандай анықтама береді: «Бақыланатын субъектілер бір – біріне қарама – қарсы бағытталған күштер әсер еткенде пайда болатын эмоционалды шиеленіскен күй». «Конфликт» ұғымы И.П. Павловтың ғылыми мектебінен келген «невроз», «қиын күй» деген терминдермен функционалды туыстықта жатыр.

Қазіргі кезде қарым – қатынас мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Соңғы он жылда осы мәселелер төңірегінде басылып шыққан теоретикалық – экспериментті түрде дәлелденген. Қарым – қатынастың алғашқы түрлері мен типтерінің алғашқы классификациясының (Л. П. Бурева, Л.С Выготский, А.С. Золотнякова, И.С. Кон, Б.Ф. Ломов, А.А. Леонтьев, Б.Д. Парыгин, С.Л. Рубинштейн, А.А. Бодалев және т.б. жасаған). Біз өзара түсіністіктің орнын қарым – қатынас құрылымында қарастыруға тырыстық.

Біреулер студент тұлғасын мектептен қалыптасқан, оларды өзгерте алмайсың дейді, ал екінші біреулер студенттерді түсіну олардың білікті маман, толықтаы қалыптасқан тұлға ретінде жетістіктерге жетуі үшін маңызы зор деп алады.

Мұндай көзқарастың қалыптасуының негізгі бір себебі, бізде әлі күнге дейін жоғарғы оқу орнында басты зейін оқытушының өз пәнін жан – жақты білуіне, сабақты жүргізу әдістеріне, ғылыми дайындығына, білімінің жан – жақтылығына үлкен мән беріледі. Сондықтан да көптеген ұстаздар өз шәкірттерін толықтай білмейді. Студенттерге деген қатынас және олардың мінез – құлқының ерекшеліктері олардың ішкі жан дүниесіне ену болып табылады. Бұл жәйтке назар тек конфликтілі жағдай туындағанда, немесе қоғам нормаларын бұзғанда ғана аударылады.

Оқытушыларда белгілі бір студент жайлы нақты көзқарастардың қалыптасуына бағалау стереотиптер үлкен рөл атқарады. Ал, бұл стереотиптер оқытушының бүкіл

педагогикалық тәжірибесіндегі қалыптасқан әр түрлі категориядағы студенттермен қарым – қатынасынан б танымынан көрініс табады. Бағалау стереотиптері арқылы оқытушы берілген топ туралы, сол топтағы студент туралы көзқарастарының қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар қалыптасып қалған стереотиптер студенттің өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін, шынайы айқын көрсететін мінез – құлқын көруге кедергілер келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар оқытушының студентті танып білуінде кері әсер ететін құбылыстардың бірі проекциялау құбылысы. Ол дегеніміз, яғни ұстаздың өзіне тән қасиеттерін, күйлерін студент бойынан іздеу. Ұстаз студент іс - әрекетінен қазіргі мезетте өзін толғандыратын қасиеттерді іздеп, ерекше зейін қоюы мүмкін.

Кей жағдайларда студент пен ұстаз өзара қатынасында кедіргілердің туындауына қарым – қатынас шарттары болып табылады. Яғни көп жағдайларда оқу процесімен шектелген, сондықтан да ұстаз бен студенттің семинарда, дәрісте, практикада бір – бірі туралы алатын әсерлері мен көзқарастарының қалыптасуы өте жеткіліксіз. Осы мәселеге байланысты барлық ұстаздарды студенттермен сабақтан тыс жұмыстар жүргізуге шақыру жөнінде сұрақ туындайды. Студентті тануда көп мәліметтерді жатақханаларда, ауыл шаруашылық практикаларда, студенттік кештерде, туристік қыдыруларда нәтижелі болып келеді. Бұл жағдайларда ұтымды орында кураторлар болып келеді, себебі олар студенттер жайлы керекті барлық мағлұматтарды жинақтай алады.

Студент пен ұстаз қарым – қатынасында кедергіледің болдырмау шарттарының бірі: ұстаздың студент өміріне, көңіл бөле алу, шығармашылық формальды емес қатынас орната алу болып табылады. Басқаша оның тұлғалық қасиеттерін, ерекшеліктерін аңғара алмайсың.

Қарым – қатынастағы кедергі – жоғары оқу орнында айтарлықтай жиі кездесетін құбылыс, олар әртүрлі болады. Студенттер мен оқытушылар арасында туындайтын тұлғааралық қайшылықты біз, студенттер мен оқытушылардың оқу тәрбие ісіндегі қарым – қатынасында және өзара әрекетінде болатын екі жақтың да мақсатқа жетуге қақтығыстары және көзқарастардың сәйкес келмеуі, қызығушылықтарының нұсқаулары, мінез – құлық тәсілдерінің жағдайы ретінде анықтаймыз [4, 23 – 25 б.].

Ең басты қайшылықтың шығуына негіз болатын себеп – мұғалімдердің оқушыларымен бірдей қарым – қатынас жасамауы, пікірлерімен санаспауы, оқушылармен сөйлескенде үнемі сыпайылылық пен әдептілік үлгісін сақтамауы, оқушылардың жан дүниесін айтпай – ақ түсініп, үнемі сезімталдық көрсетпеуі т.б., көптеген қарапайым әдепті сақтамаулары жатады.

Қоғам нарықтық қатынастарға көшіп, адамның қалыпты жағдайдағы іс-әрекетін ұзақ жылдар бойы реттеп келген бұрынғы өмірлік мұраттары мен құндылықтары өзгерген шақта, қазіргі уақыт кезең адамдарды мейлінше саналы таңдау жолына икемдеп, жаңаша бейімделу мәселесін алдыға тартады. Әсіресе, қоғамдағы білім беру саласындағы үлкен өзгерістер білім мазмұнының қазіргі талаптарға сәйкес болуын қажет етіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Лабунская В.А. Психология затрудненного общения, теория, методы, диагностика, коррекция- М., 2001. - 288 с.

Сарджвеладзе Н.И. Личность и ее взаимоотношение с социальной средой. Софья, 2001.- 416 с.

Сүлейменова С. Мұғалім мен оқушылар арасындағы тартыс // Қазақстан мектебі, №3, 1980. – 98 бет

Середницкая И.Я. Психологический анализ кризиса идентичности у студенческой молодежи- Одесса, 2005.

ҰЛЫ ДАЛА ХАНЫМДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ

Айтбай А.Б., Нурпейсова Н.Р.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Мен қазақ қыздарына қайран қалам.

Жанары, жаны жаздай жайраңдаған.

«Қыз өссе елдің көркі» деген сөзді

Қапысыз қалай айтқан қайран бабам, - деп ақын ағамыз Жұбан Молдағалиев жырлағандай қазақ қыздары әсем де сұлу ажарларымен, батыл да қайсар ержүректіліктерімен, ұяң да балғын нәзіктіктерімен ғасырдан-ғасырға аңыз болып келеді. Қилы-қилы замандарды бастан кешірген қазақ тарихының талай парақтарын артына өшпес із қалдырған әйел-аналар толықтырып жатыр. Қиын-қыстау кезеңдерде қол бастап, тұтас елге басшы бола білген әйел-аналар талай толағайларды дүниеге әкеліп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруды да ұмытқан жоқ. Қазақ ұлықтайтын талай тұлғаның батырлығы мен төзімділігінің, көсемдігі мен шешендігінің қайнар көзі - әйелдерден бастау алады.

Сақтардан бергі Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі дәуірге қатысты жазба ескерткіштерде Ұлы даланың әйелдері алтын құрсақ ана да, жаужүрек Отан қорғаушы да, кеменгер мемлекет басшысы да бола алғаны айтылады. Ерекше назар аударарлық мәселе мынада: әр тарихи кезеңнің, дәуірдің, тіпті қас-қағым сәттің тағдыр анықтағыш себебі мен саласы, оқиғасы мен тетігі бар. Арғы қазақ қоғамындағы әйелдер осының бәрінің басы-қасынан табылып отырған. Қазақ халқының тарихында хандық дәуірде өмір сүрген, тарихи кезеңдерде көшбасшы болған қазақтың әрбір ханының, даңқты жауынгердің, батыл да батыр жігіттің ақылшысы мен көмекшісі, сенімді серігі, жан досы, жары болған дана да тамаша ана-әйел бола білген қайсар қазақ қыздары қашанда құрметке лайық. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Әйел - ошақтың ұйытқысы, алтын бесіктің иесі. Ел болашағының барлығы әйел азаматтардың қолынан өтеді» деген сөзі әрқашанда баршамыз үшін үлкен тағылым [1]. Дәстүрлі мәдениеттің бесігін тербетіп, әйелдіктен даналыққа, отбасы, ошақ қасы тірлігінен рулы елдің қамын жейтін ел анасы деңгейіне көтеріле білген аналарымыз бен апаларымыз, қолға қару алып жауға шапқан қазақ қыздары болғаны баршамызға тарихтың сарғайған беттерінен белгілі. «Алтын, күміс, қорғасын, Недей асыл болмасын, Тартады өз тегіне...» [2].

Хандық тұсындағы ханымдар мен ел аналарының рөлін байыптау елдігіміз үшін қажет. Өйткені, әйел қауымы - қай қоғамда болсын жақсылықтың бастауы, дәстүрдің мәйегі, өркендеу мен үйлесімнің ұйытқысы.

Сонау, жаугершілік замандарда кірмені өзекке теппеген, кеңестік кезеңде қуғын-сүргінге ұшырап, қазақ жеріне айдалып келген ұлттар мен ұлыстарды бауырына басқан, сол арқылы өзінің ерекше өмір сүру салтымен, ұлттық дәстүрімен толеранттылықтың үлгісін көрсеткен, «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың тамаша қасиеттерін танып, ұлт тарихындағы ұлы арулардың ұлағатын жас ұрпақтың санасына сіңіру – біз үшін көкейкесті мәселе. Осы «ұлт дәстүрі» деп аталатын генетикалық кодымыздың бастауы да, жалғастырушысы да – әйелдер екені ақиқат. Халқымыздың арғы-бергі тарихында өмір сүрген белгілі әйелдер ғалымдардың назарынан да тыс қалмаған. Мысалы, белгілі орыс зерттеуші Левшин Бопай ханым туралы: «Ол – ханның әйелі және тақ мұрагерлерінің анасы ғана емес еді. Бопай – Әбілқайырдың айнымас серігі, ақылшысы, сенімді тірегі бола білді» деп таңдана жазды [3, 217 б]. Сан ғасырлық тарихымызда ел бірлігі үшін басын бәйгеге тігіп, жерін қорғау үшін атқа қонған, бір ауыз сөзбен билік айтқан дана, батыр, шешен әйелдер туралы осындай деректер баршылық. Хандық туралы толыққанды ұғым қалыптастыру үшін хан ордасында елдік деңгейдегі кеңесімен тарихта қалған – ханымдар

мен ханшалар, би мен батырлардың аналары мен асыл жарлары туралы тарихи мағлұматтарды терең зерделеген жөн. Бұлардың ішінде ханға әділдігін айтқан Қарашаштан бастап, ел тұтқасы болған Айғаным мен Фатима ханшалар, жауға қарсы шапқан ержүрек Гауһар мен Бопай сияқты батыр жарлар, есімдері тұтас жұрттың тәрбие бесігіне айналған Нүрила, Қызай, Қойсана, Қарқабат, Дәулетбике сынды аналардың рухани тұғыры уақыт өткен сайын асқақтай бермек. Өйткені олар – ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тәлім-тәрбиенің ұраны мен қағидатына айналған асыл тұлғалар [4, 9 б.].

Сонау Томиристен бастап Қарашаш бейнесінің біздерге, келер ұрпаққа деген тәлімдік, тағылымдық мәнін ұғындыру керек. Қоғамдағы әйелдер мен рухани һәм отбасылық құндылықтар туралы айтып, өзіміздің түсінік-пайымымызды ортаға салу мен пікірлесу қазіргі қазақ қызының болмысын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Аңыздар мен әңгімелердегі Қарашаш өмірінің әр кезеңін сипаттай отырып, яғни оның өмір жолы, өсуі туралы біршама мәліметтерді жастарға көптеп таныту керек. Бірде ол тезек теріп жүрген, отын арқалап жүрген жасөспірім қыз, бірде үлкен кісілермен ақылды әңгіме-дүкен құратын бойжеткен, енді бірде ол Жиреншемен отау тіккен келіншек болып көрінеді. Міне осының өзі қазіргі қоғамға нағыз қажет дүние. Мұнан бөлек, қазақ елінің тарихында өзінің есімдерін алтын әріппен жазып кеткен батыр әйелдер болды. Соның бірегейі өз ерліктерімен, ақылдылығымен тарихта атын қалдырған Бопай сұлу (Бәтима, өмір сүрген уақыты шамамен 1690-1780 жылдар). Ханның бәйбішесі, ел анасы, көргенділікпен елдің қамын ойлайтын ұрпақтарын тәрбиелеген Бопай сұлудың қазақ қоғамында өзіндік орны ерекше. Бопай сұлу Кіші жүздің ханы Әбілқайыр ханның жары мен құты болды. Бопай Әбілқайыр ханның екінші әйелі бола тұра, өзінің табиғатынан ерекше салиқалы, байсалды, тағатты қасиеттерінің арқасында аса жоғары «сұлтанша» лауызымына ие болды. Бопай сұлудың аса беделді болғаны соншалық Әбілқайырдың көптеген саяси істерін ақылмен шешуге көмектескен. Батыр атанған Әбілқайырдың қилы мінездеріне тоқтау айтып, сабырлылыққа шақырып, сабасына түсіріп, қиын мәселелерді бабымен шешуге көмектескен. Бопай сұлу өзінің ақылымен құрметке ие болған, сондықтан да кей кездері орданы басқару ісіне үлкен әсер еткен. Сондықтан ел ішінде қадірі артқан Бопай анаға халқы мәртебелі, парасатты «Бара бәйбіше» атағын сыйлаған. «Бара бәйбіше» ұғымының Батыс Қазақстанда бірнеше мазмұнды мағынасы бар. Негізінен – өз ақылымен, даналығымен елге қадірлі болған ел ішіндегі аса беделді аналарымызға айтылған. Сонымен қатар, Бопай сұлу есімі «Ардақты бәйбіше», «Ардақты ана» болып ел есінде мәңгі қалды. Әбілқайыр әйелі Бопайдың кеңесін тыңдап, оның пікірін бағалаған [4, 27-28 бб.]. Бұл байырғы өркениетімізде әйелдің әлеуметтік мәртебесінің биік болғандығын, арулардың айрықша құрметтелгенін дәлелдейді.

Бүгінгі құндылықтың ең маңыздысы – қоғамдық тәрбие. Қазақ анасы өз қызын отбасы құруға, шаңырағының ұйтқысы болуға, отбасы мен қоғам берекесін қатар сақтауға, амандық пен табысқа жауапты етуге бала күнінен баулуы тиіс. Бұл жерде жеке үлгі маңызды. Үлкенге сәлемдесу, орын ұсыну, жол беру, кимелеп баса көктеп өтпеу, қонақтың атын байлатып, есік ашып, төрге шығарып, жақсы қабақпен қарсы алып, орнымен шығарып салу, ағайынға, жетім-жесірлерге, мүгедектерге, жора-жолдастарға қайырымды болу сияқты ата салт-дәстүріміздің бірде-бірі ескірген жоқ. Бұлар – ешеқашан ескірмейтін құндылықтарымыз. Ал, енді осы дәстүр ұрпақ бойына Ана арқылы сіңген, Ана арқылы өркен жайған. Ендеше біз ұлттық тәрбиені өз балаларымыздың санасына сіңіру арқылы, оны құрметтету арқылы мыңжылдық отбасы дәстүрімізді жалғастыра аламыз. Отбасы мәртебесін, құндылығын нығайта отырып, мемлекетімізді нығайтамыз. Бүгінгі Қазақстан мәдениеті дамыған, экономикалық тұрғыдан бәсекеге қабілетті, әлемнің көшбасшы елдері қатарына қосылуға талабы бар, саяси әлеуеті зор мемлекет екенін ескерсек, осы бағытта ұлтымыздың басты байлығының бірі – қазақ қыздары мықты, берік отбасы құру арқылы елдің бүгінгіне, ертеңіне, болашағына нақты көмектесетінін түсінеміз. Олай болса, әр сәт мемлекет баяндылығының мәні мен міндеті есімізде тұрсын. Осындай аналарымыздың бірі Ел Анасы болған – Домалақ ана жөніндегі аңыз-әңгімелер өте көп.

Текті жерде туып-өсіп адал жар, Ел анасы бола білген Домалақ ана ұрпақтарына ақылдылығымен, сабырлылығымен, көрегендігімен, кемеңгерлігімен, әулиелігімен есте қалады. Оның жерленген жері күні бүгінге дейін апаларымыз бен әжелеріміздің, қарындас – жеңгелеріміздің зиярат ететін жеріне айналған. Тарихымызда аналарымызға қойылған материалдық ескерткіштер – күмбездер, мавзолейлер, мазарлар күні бүгінге дейін жетіп отыр. Олар әлі күнге дейін өздерінің негізгі міндетін жоғалтпай, жаңа ұрпақ өкілдеріне рухани қызмет етуде.

Барлық ұрандардың негізіне ерекше қасиетке ие болған ата бабаларымыздың есімдері алынған екен. Тек бір ғана тайпаның ұранының негізіне – ана есімі алыныпты. Ол – арғын тайпасының құрамындағы ең белді ру – Қаракесек руының ұраны. Ұран – Қарқабат деп аталады. Қарқабат ананың кім, қандай тұлға болғандығы жөнінде ауыз әдебиетінің материалдарында көптеген мәліметтер кездеседі. Ол мәліметтерде Қарқабат ананың асыл қасиеттері туралы көп айтылады. Қарқабат ұранының бір ерекшелігіне – оның уақыт сынына төтеп беріп, пайда болған кезінен бері өзгермей келе жатуы жатады [5, 55 б]. Бұл да анаға деген құрметтің жарқын бір көрінісі болса керек. Қазақ халқында аналардың есімдерімен аталатын ру-тайпа бөлімдері көптеп кездеседі. Бұл да аруақты Аналарға деген бір құрметтің түрі болса керек. Қазақ халқының шежірелік құрылымындағы ру-тайпалардың құрамындағы бөлімдер мен бөлімшелерге, тармақтарға көңіл аударсақ, Аналар есімдерінің рулық тармақтарға берілу жолдары әртүрлі болғанымен, бір ортақ нәрсе бар. Оған – руға есімі берілген аналарымыздың бәрінің ақылды, көріпкел, кемеңгер, сабырлы, салмақты және тағы осындай жақсы қасиеттерді иеленген тұлға болуы жатады. Кіші жүздегі Кете тайпасының атауы – Кете бике анамыздың есімімен байланысты Әлімнің ішіндегі Қаракесек тайпасында Қасай, Шектіде – Жекей деген тармақтар бар. Шежірелерде Қасай мен Жекейдің апалы-сіңілі қыздар болғандығы туралы айтылады. Найманның Матай тайпасында – Қызай, Қаракерей тайпасында – Мұрын атты рулық бөлімдердің бар екені белгілі Ел арасында кең таралған аңыз әңгімелерде бұл екі анамыз Домалақ ананың қыздары болыпты. Бірінің есімі – Күнбибі, екіншісінің есімі – Жүзей екен. Күнбибі анамыз Қызай деп аталып, одан тараған ұрпақтар қызайлар деп аталып кетіпті. Ал Жүзей анамыздың лақаб есімі Мұрын делініп, одан тараған ұрпақтар мұрындар делінеді [5,55 б]. Есімдері аталған Аналарымыздың асыл қасиеттері ғана олардың есімдерін ру тармақшасына бергізіп, олардың есімдерін мәңгіге қалдырып отыр. Бұл да халқымыздың аналарға деген сый-құрметтерінің бірі деп білеміз. Осылайша жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін түйіндей келе, қазақ халқының асыл қасиеттерінің бірі – Анаға деген құрмет ежелгі замандардан бері қалыптасып, хандық дәуірде де жалғасын тапқан дейміз. Хандық дәуірдегі осы асыл қасиет аналарымыздың есімдерін жазба деректерде, ауыз әдебиетінде, ру-тайпа ұранына, рутайпа атауларына қалдырады. Сол арқылы аналарымыздың есімдері күні бүгінге дейін жетіп, өз халқымен бірге жасап келеді және жасай береді де. Адам бойындағы асыл қасиеттің бәрі ананың ақ сүтінен жаралып, күннің нұр шапағынан нәр алып бүр жаратынын атам қазақ атамзаманда-ақ білген. Қасиетті Құранның өзінде: «Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-бірлеріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық» делінген емес пе? Ендеше, тарих тұңғығына бойлағысы келген жан – ғалым болсын, әкім болсын, ақын болсын – ең алдымен әйелдер қауымының болмыс-бітімін дөп басып тануы керек. Бағалай білсек, бұл орайда жинақталған тәжірибе де аз емес.

Қазақстан Республикасы – бүгінгі таңда Орталық Азия аясында әйел проблемаларын елеулі нәтижемен шешіп келе жатқан табысты мемлекет. Әлем бізге осындай баға береді. Біз, әлбетте, бұған тоқмейілсінбей әлі де көп жұмыс атқаруға тиіспіз. Бүгінгі халқымыздың 56 %-ы – әйелдер. Әйелдер қазіргі уақытта ерлермен тең дәрежеде қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық өміріне қатыса алады. Олардың сайлауға белсене қатысуын – қоғамдық жасампаздығының айқын көрінісі деп қарауға болады. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттары әйелдер, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде депутаттық қызмет атқарып, төменгі палата

мүшелерінің төрттен бір пайызын құрап отыр. Бұл мәлімет қыздарымыз өзін күшті, дербес тұлға ретінде сезінетіндігін көрсетеді. Бүгінде Елбасымыз әйел заты маңызды мемлекеттік және саяси шешімдерді қабылдауды болжайтын биліктің барлық деңгейлерінде жүру қажеттігін қадап айтып отыр. Қоғам өмірінде әйелдер қызметтің жаңа аясын және мүмкіндігін ашуға себепші екенін мақтанышпен айтамыз. Біз заман ағымына сай, елдің инновациялық бағдарламаларының шеңберінде әйел кәсіпкерлерді, саяси көшбасшыларды, қоғам қайраткерлерін ірі кәсіпорындар басшыларын жиі кездестіреміз. Тағы бір мысал ретінде, кеше ғана университетіміздің ректоры қызметіне аяқ басқан Бейбіткүл Кәрімова да тағайындалған күннен бастап, бүгінге дейін біршама ауқымды дүниелерді жүзеге асырды. Көз алдымыздағы біз үшін нағыз Ұлы Дала ханымдарының ізбасары бола білген Бейбіткүл Сарсемханқызы университет игілігі үшін әлі талай істер жасайды деген сенімдемін. Бұл үрдіс, әрине, ең алдымен ел тәуелсіздігін нығайтуға қызмет етпек.

«Әлемдегі ең сұлу-қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі» [4, 278 б.] - деп Мұхтар Мағауин ағамыз айтқандай біздің арулар ең асыл, ең ардақты. Жалпы, әлімсақтан қазақ әйелінің қайталанбас өзіндік рөлі бар деген осы емеспе.

Әдебиет

1. https://www.inform.kz/kz/elbasy-ayel-oshaktyn-uyytkysy-altyn-besiktin-iesi_a2752845
2. <http://almaty-akshamy.kz/ly-dala-y-zdary/>
3. А.И.Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996.
4. «Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары /(даярлаған Д.Қамзабекұлы). Астана: «Форма Плюс» баспасы, 2015. – 304 б.
5. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Қаракесек бірлестігі (Әлім, Кете, Шөмекей). Т.13. – 4-кітап, – Алматы: «Алаш» тарихы.

КӨРКЕМ МӘТІН МАЗМҰНЫНДАҒЫ СЫН ЕСІМ КОМПОНЕНТТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТІ («АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН- ЭПОПЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Алданазарова А.Қ., Алмауытова Ә. Б.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады. Өйткені ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным-болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан мәдениетінен, таным-болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі атаулар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады.

Академик Ә.Қайдар: «Кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, қалықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әр түрлі заттың,

құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы келіп жетуі мүмкін» -дейді [1, 21].

Сонымен қатар тұрақты сөз орамдарының мәдени ұлттық мазмұны халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз орамдарының (мақал, мәтел, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген [2, 128].

Рухани мәдениетке байланысты лексика – фразеологиялық бірліктердің тілдік-танымдық мәнін ашу арқылы тіліміздің ұлттық мазмұнға бай көркемдік таным әлемін, философиялық түсінігін, рухани болмысын этнолингвистикалық зерттеу жүргізу арқылы ғана тани аламыз. Ендеше тілдік оралымның пресуппозиция мен астарлы мағынасын түсіну үшін білім аясының болуы заңды. Фразеологиялық тұлғалардың ерекшелігі әр ұлттың өзіне ғана тән ұғымын бейнелеуінде. Қазақ халқының даналығын, дүниетаным – көзқарасын тілінде түйінге сыйғыза білген, сөзді үнеммен дәл де нақты қолдануды дағды еткен. Осы орайда өзінің образдылығымен, экспериментті – эмоционалды бояуы мен көзге түсетін фразеологизмдерді қолданып ұрпақтан – ұрпаққа мұра еткен.

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс халық тілінің басқа эксперименттерімен байланысты біте қайнасып келе жатқан фразеологизмдерді оқып, танымайынша тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес.

Қазақ тілінде есім мағыналы фразеологизмдер, оның ішінде сын есім компонентті фразеологизмдер түрлі мақсатта қолданылады, осымен байланысты оларды көркем мәтіннің өн бойынан жинап, мағыналарын тілдік деректер арқылы түсіндіру зерттеу жұмысының практикалық құндылығын арттыратыны сөзсіз. Сын есім компонентті фразеологизмдердің синтаксистік қызметін, семантикалық категориясын анықтап, мағыналық жағынан топтастыру, яғни олардың табиғатын ашу бүгінгі күн талабы болып отыр. Жұмысымыздың өзекті мәселесі осыдан келіп шығады. Зерттеу жұмысының алға қойған мақсаты «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сын есім компонентті фразеологизмдердің грамматикалық, лексика-семантикалық сипатын ашу болып табылады. Осы мақсатта зерттеу жұмысы алдына төмендегідей міндеттер қояды:

1. Фразеологизмдерді мағына белгісі жағынан талдау;
2. Есімді фразеологизмдердің құрамын, құрылысын, варианттылық мәселесін саралау;
3. «Абай жолы» роман – эпопеясындағы сын есім компонентті фразеологизмдерді тауып, мағыналарын ашу.

Өмірде тіршілік атаулының барлығын қамтитын әр ұлттың өзіне тән сөз орамдары, тұрақты сөз тіркестері болады. Тіл үнемі дамып отыратын құбылыс. Қазақ тілінің лексикасы фразеологизмдерге өте бай. Фразеология – тілдің фразеологиялық құрылымын, құрамын, қазіргі немесе тарихи даму тұрғысынан зерттейді. Сонымен қатар, фразеологизмдердің категориялық белгілерін, табиғатын, олардың тіршіліктегі қолданысын, заңдылықтарын зерттейді. Фразеология термині белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы деген мағынамен қатар, тіл білімінің фразеологизмдерді зерттейтін саласы деген ұғымда да қолданылады. І. Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» [3] қазақ фразеологиясына ғана емес, қазақ тіл біліміне де қосылған елеулі үлес.

І. Кеңесбаев аталған сөздіктегі қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған мақаласында: «Тіл – тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы (лексикалық қор) деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын *лексикология* деп атайтын болсақ,

фразеологизм байлығын тексеретін тіл білімі саласын *фразеология* деп атау әбден орынды», - деп жазады. Қазіргі қазақ фразеологиясы – зерттелген қырына қарағанда зерттелмеген тұсы әлі де көп тіл білімінің бір саласы. Автор аталған еңбегінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін де жан – жақты қарастырып, болашақ ғылыми – зерттеу жұмыстарына бағдар боларлық ғылыми пікірлер айтқан. Қазақ тілінің фразеологиясын зерттеуші ғалымдардың қай – қайсысы болмасын өз зерттеу жұмыстарында бұл еңбекті басшылыққа алады. Қазіргі қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде танылып отырған фразеология – құрылымы мен құрамы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі жай – күйін және тарихи қалыптасуын зерттейді. Фразеология жеке лингвистикалық пән ретінде ХХ ғасырдың 40 жылдары қалыптасты. Фразеологияның теориялық негізін қалаушылар ретінде француз ғалымы Ш. Баллиді, Ресей академигі В.В.Виноградовты атауға болады. Ә. Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» [4] атты еңбекте: «Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш белгісі бар. Олар: даяр қалпында жұмсалып жататын белгісі, мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы» - деп жазады.

English is very important to find a good job. The job market today is very competitive. If you learn English you will improve your chances of getting a dream job or simply a job that pays more. Many computer applications exist only in English; learning the language will help you use your computer more efficiently. If you own a business, English proficiency will help you grow it. All international business is done in English. You will be able to go to international business meetings and read international business newspapers and magazines. Some businesses that deal with international clients and suppliers rely on English-speaking employees to help with day-to-day operations to interpret, translate and communicate directly with English-speaking customers and clients. Being fluent in English can improve employment opportunities. [International business is done in English](#) and all business today is international. So if you want to play, you have to know English — to contact other businesspeople, go to [conferences](#), read international business newspapers and magazines, etc. If you know English you can become a better [scientist](#). You can contact [scientists](#) from other countries, go to international [conferences](#), visit academic centers abroad. You can also learn about new scientific discoveries by reading papers, books,

and magazines. Almost all international [conferences](#) and competitions are [conducted](#) in English. For example, the Olympics and the Miss World contest. [Diplomats](#) and [politicians](#) from different countries use English to communicate with each other. English is the main language of organizations like the United Nations, NATO, and the European Free Trade Association.

Needs analysis and problem areas



The results:

- 79 % of people have difficulties in participation in meetings.
- 77 % of people have difficulties in communication with foreign business partners
- 74 % of people have problems with communication on the phone
- 70 % of people - in making presentations
- 54 % of people - in writing formal letters
- 48 % of people – in processing of information streams
- 40 % of people – in following oral and written instructions
- 32 % of people – in reading of specialized magazines
- 27 % of people – in documentation reading

So, we came to the conclusion that anyone who intends to work in a foreign company should pay attention to these skills.


2.10. Internet and communication The main language used throughout the world on the internet is English. Most pages on the Web are in English. That's over a billion (1,000,000,000) pages of information! It's [amazing](#) that learning just one language [gives you access to](#) almost all knowledge on the Internet. The media that make up the Internet are overwhelmingly American in origin, so it is no wonder that the mother tongue of the Web is English. Four factors determine the degree to which a given language finds use on the Internet:

1. The number of users of the language
2. The extent of its use as an official language
3. The economic power of the language
4. The volume of information disseminated in that language

Top Ten Languages In The Internet	Internet Users by Language	Internet Penetration by Language	Growth in Internet (2000-2010)	Internet Users % of Total	World Population for this Language (2010 Estimate)
English	536,564,837	42.0 %	281.2 %	27.3 %	1,277,528,133
Chinese	444,948,013	32.6 %	1,277.4 %	22.6 %	1,365,524,982
Spanish	153,309,074	36.5 %	743.2 %	7.8 %	420,469,703
Japanese	99,143,700	78.2 %	110.6 %	5.0 %	126,804,433
Portuguese	82,548,200	33.0 %	989.6 %	4.2 %	250,372,925

Today, English reigns supreme in all four respects. It is studied as a foreign language throughout the world and employed by a majority of Internet users. Of the 163 member nations of the U.N., more use English as their official language than any other. The easiest way to calculate the economic influence of a language may be to add up the gross domestic products (GDP) of all the nations where it is spoken. People who count English as their mother tongue make up less than 10% of the world's population, but possess over 30% of the world's economic power. Therefore, in terms of the quantity of transmitted information, English is the leader by far. After English, 26 nations in the U.N. cite French as their official tongue, 21 Spanish and 17 Arabic. Each of these three languages forms a sizable linguistic constituency on the Internet.

Top Ten Languages Used in the Web
(Number of Internet Users by Language)



Source: Internet World Stats - www.internetworldstats.com/stats7.htm
 Estimated Internet users are 1,966,514,816 on June 30, 2010
 Copyright © 2000 - 2010, Miniwatts Marketing Group

Generally speaking, English is the universal language on the Internet, but it has no official status, and it will never have. The reasons for the position of English are the imperialism and economical and political importance of English-speaking countries.

The importance of the Internet grows rapidly in all fields of human life, including not only research and education but also marketing and trade as well as entertainment and hobbies. This implies that it becomes more and more important to know how to use Internet services and, as a part of this, to read and write English.

But although Internet services themselves are, generally speaking, easy to learn and use, you will find yourself isolated on the Internet if you are not familiar with English. This means that knowledge or lack of knowledge of English is one of the most severe factors that cause polarization. Learning to use a new Internet service or user interface may take a few hours, a few days, or even weeks, but it takes years to learn a language so that you can use it in a fluent and self-confident manner. Of course, when you know some English, you can learn more just by using it on the Internet, but at least currently the general tendency among Internet users is to discourage people in their problems with the English language. Incorrect English causes a few flames much more probably than encouragement and friendly advice. In different countries and cultures, English has different positions. There are countries where English is the native language of the majority, there are countries where English is a widely known second language, and there are countries where English has no special position. These differences add to the above-mentioned polarization. Specifically, it is difficult for people in previous colonies of other countries than Great Britain (e.g. France, Spain, the Netherlands) to adapt to the necessity of learning English. Locally, it may be necessary to learn the language of the previous colonial power since it is often an official language and the common language of educated people; globally, English is necessary for living on the Internet. And the more languages you have to learn well, the less time and energy you will have for learning other things.

Almost all international [conferences](#) and competitions are [conducted](#) in English. For example, the Olympics and the Miss World contest. [Diplomats](#) and [politicians](#) from different countries use English to communicate with each other. English is the main language of organizations like the United Nations, NATO, and the European Free Trade Association.

If you can communicate in English, you can contact people from all over the world. Talk about your ideas and opinions on Internet discussion groups. Send e-mail to interesting people. Learn about their life and culture.

2.11. English in Culture

English language is a wonderful language. It's the language of the great literature. It's the language of William Shakespeare, Charles Dickens and others. Half of the world's scientific literature is in English. The great German poet Goethe once said, "He, who knows no foreign language, doesn't know his own one". That's why in order to understand oneself and environment one has to learn foreign languages.

Many movies and popular songs are in English. If you learn English, you will be able to watch Hollywood movies in original non-dubbed version, and you will understand what famous songs are about. Almost all international events are conducted in English, from the Olympic games to the Miss Universe beauty pageant. Knowing English will give you an opportunity to communicate with people from all over the world. You will be able to join interesting Internet discussions forum, share your ideas and learn new things.

Speaking a foreign language you can read papers, magazines and original books by great writers, watch satellite TV Programs.

You can read books by British or American authors, and books translated from other languages. Whatever you're interested in, you can read about it in English.

English lets you feel the culture of the world like no other language. With a good knowledge of the English language, you can do wonderful things:

Watch American and British films in the original. Once you try it, you'll never go back to [dubbed](#) versions!

Read great books. Every famous book was written in English or it was [translated](#) into English. There is an [amazing](#) number of titles — from classic plays like [Hamlet](#) to modern thrillers like [Jurassic Park](#).

Enjoy English-language music more. Music is much better if you can understand the words.

3. Conclusion

The materials of the project gave us the opportunity to conduct the research of character and degree of influence of English language on people's life in the modern world. English language spreading is also has the essential features.

We've defined the main stages in historical development of English language. The scale of spreading of English language in the world is constantly increasing. English is a native language for more than 350 mln people. It is an official language in more than 70 countries. In everyday life English is used by almost 2bln people. The areas of English use are extending all the time. It is used in scientific, practical and social spheres of life. The most widely it is spread on the Internet, educational and tourist spheres.

We've analyzed the information about the past and future of English language and proved that it is the main means of modern international communication.

We have held the research on the difficulties in learning English among the students of our school. According to the results we have learnt that the most problems our students have with idioms, irregular forms and phrasal verbs. At the same time English punctuation is not too difficult for them. Only 30% of students have problems with it.

The other research was devoted to the problems which Russian employees face in foreign companies. We analyzed their demands and problem areas. We came to the conclusion that anyone who intends to work in a foreign company should pay attention to the skills which are necessary for their work.

The materials of the project can be used at the English lessons. They can help to raise the motivation of our students in learning English. These materials can also draw the students' attention to the needs of foreign companies.

Bibliography

1. Г. Гумовская «LSP. English of Professional Communication / Английский язык профессионального общения»-М.: Аспект Пресс, 2008
2. В.Д. Аракин «История английского языка» -М.:ФИЗМАТЛИТ, 2009 г.
3. К. Бруннер «История английского языка»-М.:ЛКИ, 2010 г.
4. Д. Кристал «Английский язык как глобальный»-М.:Весь Мир, 2001 г.
5. <http://www.guruken.ru/katal/297.html>
6. http://www.iqschool.ru/articles/communicative_method/
7. <http://www.englishplus.ru/category/anglijskij-yazyk/>
8. <http://www.br.com.ua/articles/34>
9. <http://www.kolomnareg.ru/raion/694-news.php>
10. <http://www.internetworldstats.com/stats7.htm>
11. <http://en.wikipedia.org>
12. <https://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook>
13. <http://www.worldatlas.com>
14. <http://www.vec.ca/english/2/culture.cfm>

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ПЕДАГОГ ИМИДЖІ

Аманкелді Н. Ғ., Досполова Г.У

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Тірек сөздер: педагогикалық шеберлік, имидж, педагогикалық имидж, «Мен концепциясы», «идеалды» педагог.

Қазақстан Республикасының болашақта көркейіп, бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақтың қандай білім мен тәрбие алатынына тікелей байланысты. Ел президенті Н.Ә.Назарбаев Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде оқыған «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы – білім экономикасына» атты дәрісінде: «ұлттар тауарлармен және қызметтермен ғана бәсекелеспейді, олар қоғамдық құндылықтар жүйесі мен білім беру жүйелерімен де бәсекелеседі», - дей келіп, «соңғы 10-15 жыл бойында бәсекеге қабілеттіліктің жаңа өлшемі пайда болды: салмақ жаһандық экономикалық жаңа сапаға – «білім экономикасына» өтуіне түсіріледі», - деген болатын[1]. Олай болса, республика жоғары оқу орындарының алдында жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман дайындау міндеті тұр.

Қазіргі қоғамға сай жеке тұлғаны қалыптастыру міндетінің күрделілігі мен әр қырлылығы педагогикалық шеберліктің мәселелерін, қазіргі тәрбие теориясы мен практикасы үшін ерекше өзекті етеді. Себебі, ресей және қазақ педагогикасының классиктері, болашақ мұғалімдерді оқытуда педагогикалық шеберлікті қалыптастыру мәселелерінің маңыздылығын барлық уақытта естен шығармады. Ол бүгінгі күннің де өзекті мәселесі болып, күн тәртібінен түскен жоқ, ал маңыздылығы қайта бұрынғыдан да арта түспесе кеміген жоқ. Сондай-ақ, тәжірибелі педагогтың ықпалынсыз тұлғаның рухани дүниесін өзгерту мүмкін емес, себебі ол оқушының сенімі мен қажеттілігін,

қабілеті мен практикалық дағдыларын қалыптастырады. Білім беру саласына шебер – педагог өте қажет. Педагогикада кәсіби қызметтің сапасын анықтайтын біртұтас әрі жүйелі түсінік «педагогикалық шеберлік» болып табылады. Орыс тілінің сөздігінде «шеберлік белгілі бір саладағы өнер» деп анықтама берілген. Ал шебер өз ісінде жоғары нәтижеге қол жеткізген маман делінген[2]. Педагогикалық шеберлікті адамның педагогикалық жұмысындағы жоғары өнерге қол жеткізген ерекше қалпы ретінде қарастыра отырып, оның кәсіби қызметтік жеке тұлғалық тұрғыдан өзіндік өлшемі бар екенін ескеру қажет. Педагог түрлі ғылым саласында озық білімді меңгерумен шеберлікке қол жеткізе алады ма? Өз әріптестеріміздің тәжірибесінде қызметінен көре аламыз ба? Жоқ, себебі педагог сағат сайын айналадағы өзгерістерді, жаңалықтарды қамтып, ғылымның заңдылықтарына сүйену арқылы әдемілік пен тәрбиелілікті жеткізе білуі керек. Бұл жағдайда ең объективті заңдар туралы сөз болып отырғанын, яғни нақты бір адамның – педагогтың өмірге көзқарасы, қарым-қатынасы туралы екенін түсіну маңызды болмақ.

В.А.Сластениннің педагогикалық шеберлікке берген анықтамасы Ю.П.Азаровтың пікіріне жақын, ол педагогтік шеберлікті педагогикалық технологиямен өзара байланыстырады, дегенмен, ол тек операциялық компоненттермен шектелмеуі керек, адамның жеке іскерлігі мен оның бойында педагогтік процестің жоғары тиімділігін анықтайтын қасиеттерінің сабақтасып жатуы керек деген пікір айтады. И.П.Адриади педагогикалық шеберлікті жеке тұлғаның рухани-әдеп және интеллектуалдық дайындығы, қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарын шығармашылықпен ұғындыратын қасиеті деп қарастырады және де теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруда кәсіби білік, дағдының болуы маңызды деп атап көрсетеді. В.А.Мижериков және М.И.Ермоленко педагогикалық шеберлік педагогтік қызметтің дамуының биік сатысын жасай отырып, педагогтің педагогикалық технологияны игеруін, кәсіби және азаматтық бағытын, тәжірибесін, бүтіндей тұлғасын көрсете алатынын айтады. Педагогтік шеберліктің мәні жоғары нәтижеге қол жеткізетін білімді, білік пен дағдыға ұштастыру арқылы жүзеге асқан қызметтің деңгейімен анықталады. В.П.Куравлеваның анықтамасында педагогтік шеберлік «... теориялық негіздемелер және мұғалім мен оқушының арасын жоғары ақпараттық дәрежеде байланыстыратын педагогикалық іс-тәжірибелер мен операциялардың тұрақты жүйесі» делінген. Осы анықтаманы өрбіте отырып, автор теориялық білім мен жоғары дамыған практикалық біліктің үйлесіп біртұтас болуы шығармашылықпен бекітіледі деп ой қосады. Шеберліктің нақты көрсеткіштері оқытушының ісінде, оқу-тәрбие жұмыстарында, еңбек сапасында, міндеттерін жауапкершілікпен орындау кезінде көрінеді. А.А.Сидоров, М.В.Прохорова және Б.Д.Синюхин педагогтік шеберлік педагогикалық мәдениеттің тірек компоненті деп есептейді және шеберлік сан алуан оқу-тәрбие ісіне байланысты міндеттерді табысты шешуде педагогтің жеке басының қасиеттерімен қоса оның психологиялық-педагогикалық ойлауы, кәсіби білігі, дағдысы мен эмоциясы өзара сабақтастық табатын ерекшеліктері деп анықтайды[3].

Қазіргі заман педагогының кәсіби іс-әрекетінің табысты болуы көбінесе педагогикалық шеберлікке, педагогикалық имиджге байланысты. Болашақта білім беру саласында қызмет атқаратын педагог маман қандай болуы керек екенін түсіну үшін бүгінгі күні осы салада қоғамымыздың болашағы болатын жас ұрпақтарды оқытып, тәрбиелеп жүрген «педагог бейнесін», «болашақ педагог маман бейнесін» қайта қарауымыз қажет.

Имидж – ағылшын тілінің «image» сөзінен аударғанда «образ-бейне», «кейіп», «түр» деген мағыналарын беретін адамның санасы мен ойында қалып қоятын нұсқа, кейіп туралы саналы ұғым[4]. Имидж түсінігі ХХ ғасырдың соңында қоғам назарының және ғылыми талдаудың пәні болып, имиджелогия деген қолданбалы ғылым саласы да пайда болды. Имидж қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық аспектілеріне арналған шетел ғалымдары В.М.Шепель, Г.Г.Почепцов, И.Криксунова, Е.И.Фадеева, Е.Б.Перелыгина, Ф.А.Кузин, А.Ю.Панасюк, Ю.С.Гуревич, И.А.Федоров, Л.К.Аверченко, С.П.Исенко, В.Н.Черепанова, С.Д.Якушева, О.П.Березкина, С.М.Кобачевская және отандық ғалымдар А.А.Калюжный, Г.К.Кусаметова, Ю.А.Сапарова, Ш.Тұрдалиевалардың еңбектері жарық көрді[5-6]. Имидждің теоретиктері тұлғаның жекелей жаратылысты қасиеттерін ғана емес, сондай-ақ, арнайы тағайындала отырып қолданылатын қасиеттерін де қарастырады.

Имидж адамның сыртқы пішіні мен ішкі саналы дүниесімен тікелей байланысты. Имидж кез-келген адамның «Мен» сөзін жариялы түрде қабылдауын міндетті, қажетті етеді. Сонымен қатар қабылдау жекелей тұлғалық ерекшеліктер призмасы арқылы да жүреді. Өзге тұлғалық ерекшеліктерді қабылдаудағы адамның мүмкіншіліктері эмоция мен сезімталдыққа негізделген. Имиджді алғашқы қабылдау ішкі тартымдылық қызығушылықпен ерекшеленеді. Бұл сұлулықтың адамға әсері. Имиджді екінші сатылы қабылдауда тартымды тұлға болу үшін әсем сыртқы көрініс толық жеткілікті емес. Сыртқы көрініс имидждің қалыптасуында үлкен роль атқарады, алайда шешуші емес. Тарихи тұлғалардың сыртқы көріністері әрқашанда әсем, сұлу болған емес, алайда олардың тартымдылығы мен танымалдылықтарына қазіргі заманғы саяси және мәдени қайраткерлер қызығушылықпен қарайды. Имиджді құрудың басты принципі адамның санасына ғана емес, сонымен қатар, ішкі сана-сезіміне әсер ету, тұлғаның ішкі сапалық ерекшеліктерін тани, оқи білу.

Қазіргі Қазақстандық қоғам нарыққа бағдарланған. Нарық ол тек басқа экономика ғана емес, әрі басқа идеология, басқа құндылықтар, «элеуметтік мінездер», яғни басқа мәдениет, ол индивидуализм мен бәсекелесуші сипатқа ие. Бүгінгі күнгі экономиканың басты мақсаты адамға, оның біліміне бағытталған. Білімдер кеңістігінде де осы құндылықтарға сәйкес бағыттылық болуы керек. Нарықта ең жоғарғы қажеттілік шығармашылық, рухани даму, өзіндік маңызданудан басқасының барлығын сатып алуға болады. Әрине, бұл жерде адамның тікелей қоршаған ортасынан көп нәрсе байланысты болады, тіпті баланы дамытатын ортаны жасау, ол да нарықтық қатынастарға сәйкес төлемді қажет етеді. Нарық жағдайындағы білім берудің тағы бір негізгі міндеті – бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Қоғамдағы өзгерістер педагог мамандардың имиджіне де әсер етуде. Педагогтың мәртебесі мен беделі оның жеке имиджіне байланысты. Педагогтың кәсіби имиджі мінез-құлқын басқару мен реттеу инструменті болып саналады. Педагог имиджін қалыптастыруды зерттеу педагог жайлы жағымды пікір, жағымды репутация жасау сияқты элеуметтік қажеттіліктерден туындайды. Педагогтың кәсіби имиджі деген не? Қазіргі жаңа Қазақстанға қандай мұғалімдер керек? «Идеалды» педагог имиджі қандай? Қазіргі жаңаша білім мазмұнына сәйкес педагог имиджі, имидж типтері, сыртқы бет-бейне секілді мәселелер зерттеу объектісі болуы керек. Имиджелогияда педагогтың эстетикалық және өнегелілік құндылықтары, нарықтың мінез-құлық мәселесі туындайды. Жаңа заман талаптарына сай педагогтың жаңаша ойлауы, креативті болуы, шет тілін, компьютер мен информатизацияны игеруі, интеллектуалды потенциалды үнемі көтеруі, бәсекеге қабілетті маман болуы ең басты талаптар болып отыр. Жаңаша

педагогтың өзінің педагогикалық іс-әрекетін өзіндік презентациялай алуы, педагог имиджі мен тұлғалық дамудың өзара байланысы үнемі қажет болады. Қоғамдағы тұлғалық қарым-қатынастылық саласында педагог тартымдылықты сезімге ие болуы үшін ерекше сипатты имиджді, келбетті құра білуі тиіс. Педагогтың жағымды имиджі баланың тұлғалық дамуына әсер етеді.

Қазіргі жаңа заман жастары педагог мамандығын көп таңдай бермейді. Педагог мамандығының күзіреті біршама төмендеп кеткен. Осыған орай педагогикалық мамандықтарда білім алып жүрген болашақ педагог мамандардың имиджін қалыптастыру, мәртебесін көтеру деген зерттеулерді ғылыми негіздеу мәселесі туындап отыр. Педагогикалық мамандықтарды дайындауда инновациялық педагогикалық қозғалыстың бастамасы өз орынын мәнді көрсетеді. Инновациялық педагогикалық қозғалыс, ол ең алдымен педагогикалық бағыттағы мамандардың бәсекеге қабілетті болуын қамтиды, педагогикалық мамандықтардың қоғамдық имиджін көтереді, динамикалық өсу деңгейін белгілейді. Инновациялық педагогикалық іс-әрекет, ол ең алдымен жаңа деңгейдегі сапалы білімдер, білім мен ғылымның, ғылым мен өндірістің интеграциясы, жаңа тұрпаттағы педагог болу, яғни, білімді, ғылымды, өндірісті тұтастай жүйелендіре білген бәсекеге қабілетті, мәртебесі, имиджі құрметке айналған маманға айналу.

Педагог имиджі субъектінің символикалық бейнесі, педагогтың педагогикалық іс-әрекетке қатысушылармен өзара әрекет барысында жасалады. Педагогтың имиджі мінез-құлық тәсілі және өзін бағалау тәсілі болып табылатын «Мен концепциясын» қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Ал ол өз кезегінде педагогтың кәсіби іс-әрекетінің нәтижелілігіне әсер етеді. Педагогикалық іс-әрекет – ол интенсивтілігі бітпейтін үздіксіз тұлғалық және кәсіби даму. Педагогикалық имиджді сәтті қалыптастырудың маңызды шарты тек өз ісіне жауапкершілік қана емес, әрі педагогикалық жұмыстағы ішкі бостандық.

Әрбір педагог білім алушының тұлғасын тану мен сыйлау үшін өз еңбегінің мәнділігін ұғынуы керек, өзіне және еңбегіне деген құрметті көруі керек, тұлғалық өсу, өзіндік даму, тұлғаға бағдарлану, педагогтың да, білім алушының да индивидуалдылығына екіпін жасауы, міне осының барлығы білім беру саласының гуманистік бағытын белгілейді. Жоғарғы сана-сезімдер, адекватты өзіндік бағалау, үнемі ізденісте болу, оң мотивация, орнықты эмоция, әлеуметтік байланыстарға жағымды қатынас, яғни тұлға бола білуге қабілетті болу бүгінгі педагогтың имиджін қалыптастырудағы негізгі компоненттерді құрайды.

Бүгінгі күн талаптарынан туындаған имиджелогия мамандары білім беру мекемелеріне де керек. Педагог имиджін тек қалыптастырып қана қоймай, әрбір педагогтың имиджін қалыптастыратын әдістемелер мен зерттеулер жасап, педагогикалық имиджді әлеуметтік психологиялық құбылыс ретінде қарастыру керек.

Білім беру қызметінің нарығында педагогикалық мамандықтардың имиджін қалыптастыру өте тиімді жағдайлардың бірі. Имиджді қалыптастыруда педагогикалық жоғары оқу орындарының, колледждердің ішкі коммуникациясы, ең алдымен білім алушыларға деген қарым-қатынас, олардың оқу мотивацияларын жоғарылату, педагогикалық процесті басқарудағы демократиялық бағыт, бәсекеге қабілеттілік, жоғарғы оқу орындары, колледждер арасындағы жоғарғы рейтинг басты орын алады. Педагогикалық жоғарғы оқу орындары ашық әлеуметтік жүйе, көптеген әлеуметтік институттармен өзара әрекетке түседі, педагогикалық мамандықтар мен педагог имиджін көтеру мәселелерін зерттеуді талап етеді.

Педагог мамандарды дайындау болашақ педагогтардың білімі мен құзыреттілігіне ықпал ететін жаңартылған білім мазмұнын енгізуді талап етеді. Педагог мәртебесін көтеруде ерекше, маңызды рөлге ие болатын бұл – педагогикалық имидж. Педагогикалық имидж білім беру қызметіне жаңа потенциал қалыптастыратын әлеуметтік-ақпараттық, тәрбиелік, кәсібилік функцияларын атқарады. Имидж қалыптастыру дегеніміз – адамдардың ойында аудиторияны психологиялық тұрғыдан тарту мақсатына жетуге бағытталған белгілі бір адам туралы саналы және бейсана түрде бағаланатын бейне қалыптастыру. Имидж қалыптастыру үшін А.А.Калюжный, біріншіден, арнаулы курстар жүргізу керектігін және сол арнаулы курстардың мазмұны игерілгеннен кейін, екіншіден, қажет диагностикалар жүргізіп, имидж қалыптастырушы психотехникаларды игертуді көрсетеді. Сондықтан болашақ мамандардың педагогикалық имиджін қалыптастыру үшін «Педагогикалық имидж шеберханасын» құруды ұсынамыз. Шеберхана үш бағытта жұмыс жасай алады: визуалды-эстетикалық имиджелогия, оқытуға арналған тренингтік зал және ақпараттық имиджелогия. Визуалды-эстетикалық бағытта педагогтың индивидуалды стилі мен визуалды бейнесін жасауға кеңес беру жұмыстары ұсынылады. Мұнда педагогтың сыртқы келбетін, киім кию стилін, пластикасын және т.б. таңдауға кеңестер, ұсынылады. Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесі ретінде нақты оқытушының индивидуалды бейнесі қалыптасуы мүмкін. Тренингтік залда коммуникативті механика, сөйлеу этикеті, шешендік өнер, фейсбилдинг, физиогномика, кинесика негіздерін оқытудың түрлі әдістемелері, технологиялары мен әдістерін; күйзеліске қарсы тұру, релаксацияның білік, дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастырады. Мұнда алдымен болашақ педагог мамандардың коммуникация, артистизм, креативтілік шеберлігіне бағалау жүргізіліп, соңынан педагог тұрғысында жеке дамуы мен өсу стратегиясы анықталады. Өрі қарай тренинг, іскерлік ойындар түрінде оқыту жүргізіледі. Тренингтік залдағы дәрістер нәтижесінде педагог, оқытушы ретінде өзіндік индивидуалды стиль мәнері, өзін өзі презентациялау мен өзіндік бақылау қабілеттері қалыптасады. Ақпараттық имиджелогия бағытында болашақ педагогтың ақпараттық мәдениет, педагог имиджі туралы ақпараттың ауқымында мақсат айқындалуы мүмкін. Аталған бағыттағы жұмыстың нәтижесінде педагог тұлғасын қалыптастыруға арналған ұсыныстар, педагог жетістіктері жайлы мәлімет беретін сайт ашылады, педагогикалық имидж қалыптастырудың құралдары мен тәсілдері туралы баяндайтын электронды газет шығуы да әбден мүмкін.

Қорытындылай келе, педагог имиджін қалыптастыру – өмір талабы. Рухани мәдениеті биік, кәсіби іскерлігі, қабілеті мен ақыл-парасаты жоғары, жан-жақты жетілген бәсекеге қабілетті педагог мамандарды дайындау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

1. Н.Ә.Назарбаев. «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы – білім экономикасына». // Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде оқыған дәрісі. – Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр.

2. С.И.Ожегов. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі. 1990ж.

3. Ж.А.Жүсіпова. Педагогикалық шеберлік. А., 2011ж.

4. А.А.Калюжный. Формирование имиджа учителя. – М., Владос, 2005. -177 б.

5. Калюжный А.А. Педагогическая имиджелогия: учебное пособие для вузов. – Алматы: Ғылым, 2004. – 199б.

6. Кусаметова Г.К. Педагогические особенности формирования имиджа преподавателя в вузе: автореферат. – Атырау, 2010. – 25б.

Ы. АЛТЫНСАРИН ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ

Серіккұл А.С., Анламасова Ы.Ж.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Қазақ халқына жаны ашып, өз бауырындай көрген, көзі ашық, көкірегі ояу болып өмір сүруіне өз үлестерін барынша қосқан, қазақ ағартушылар философиясының өкілдерінің бірі – Ыбырай Алтынсарин.

15-20 ғасыр аралығындағы ақын-жазушыларымыздың шығармалары жинақталған «Бес ғасыр жырлайды» еңбегінде Ыбырай туралы былай жазылған: «Қазақ арасында мектептер ашып, ағарту жұмысын белсенді жүргізудегі Ыбырай Алтынсариннің еңбегі ұшан-теңіз. Сонымен қатар, көрнекті ағартушы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалау ісіне де орасан зор үлес қосты. XIX ғасырда жаңа жазба әдебиетінің үлгісінде сюжетті өлеңді тұңғыш жаза бастаған ақындардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Сондықтан да қазақ жазба әдебиеті тууы сөз бола қалғанда Ыбырай Алтынсариннің қадірлі есімі кемегер Абаймен қатар аталады. Жалғыз поэзия жанрында ғана емес, көркем прозаның қалыптасуына да Ы. Алтынсарин ат салысты».

Жалпы, Ыбырай басқа да ақын-жазушылар секілді халықты білімді және тәрбиелі болуға, еңбекке ұмтылуға шақырды. Бірақ бір ерекшелігі болды, ол – бұрыннан қайталанып келе жатқан жолды ұстанған жоқ, яғни кезінде жазылған өлең-шумақтары тек қазақтың отырықшы өмірінің аясында ғана болса, ағартушы орыстардың, басқа да ұлттардың тілін білуге, мәдениетімен танысуға, жаңашылдыққа бет бұруға жол ашты.

Тіпті, орыс профессоры Н.И.Ильминскиймен де ағартушылық қызметте істес болды. Екеуінің арасындағы байланыс дипломатиялық қатынас ретінде болды, яғни өз мүдделері үшін қолдарынан келгенін аянбады. Ильминский өзін ағартушы ретінде көрсетті, бірақ ол ұсақ ұлттар арасында білім беруші кейпін танытып, христиан дінін насихаттады. Бұл істі құп көрген Патша үкіметі оның қолына бар билікті ұсынды. Осы жағдайды пайдаланып, халқымыз үшін Алтынсарин еліне көп көмегін тигізді..

Ағартушының шығармалары балалардың жас ерекшеліктеріне сай жазылды, тілі жеңіл, түсінікті, қызықты және тәрбиелік мәндері өте зор болды.

Оның Ильминскийге жазған бір хатында былай дейді: «Қазақ балаларына, меніңше, мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер, немесе, оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құртының, көбелектердің өзгерулері сияқты әңгімелер тәуірірек болады. Өлең жағын мен мүмкін болғанынша қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын. Екінші кітабымда мен балаларға қызықты етіп, табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы, тарих және географиялық-ғылыми әңгімелер келтірмекпін». Балаларды әдеп пен әділдікке, қанағатшылдық пен жомарттыққа, сақилық пен тазалыққа, ізеттілік пен бауырмалдыққа шақыратын әңгімелері көп. Олардың ішінде жан-жануарлар тіршілігінен алып жазылғандары да бар: «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға». Ағартушының балалар табиғатына жақын, қазақ өмірінен алып жазған шығармалары да тәлім-тағылымға толы

Алтынсарин жастарға «ұрлықпен, әділетсіздікпен өмір сүргеннен гөрі, шындықпен өлген артық, еңбек ет те тамақ тап, еңбексіз еш адамға телмірме»- дейді. Бұл сөздерден кейін оның адалдық, адамгершілік қасиеттерді қаншалықты жоғары дәрежеде бағалағанын байқай аламыз. Философтың қысқа әңгімелері жақсылық пен ізгілікке, кішіпейілдік пен бауырмалдыққа, зейінділік пен білімге шақырады.

«Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңі жаңа сипатты шығарма. Ыбырай мұнда қазақ балалары түгіл, үлкендердің ойында жоқ техника мен құрал-жабдықтарының іс-әрекет, қозғалысы мен адамға көрсетер қызметін суреттейді. Шынында, құлақ естіп, көз көрмеген пароход, радио, телеграф, телефон, т. б. секілді техника құрал-жабдықтарының қызмет-көмегі жас балалар үшін тек қиялдағы дүние секілді

«Өнер-білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды,
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып-жұмғанша
Жылдам хабар алғызды,
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды,
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді,
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді!..» деген өлең жолдарынан аңғаруға да болады.

Ол жастарды осы оқу-білімге, өнерге, тәрбиеге үндегенде, бос сөздерді қолданып, құрғақ насихатқа ұрынбайды, яғни өзінің амал-әдістерін қолдану арқылы адамның бойында қызығушылық, сол білімді қажет етушілік секілді сезімдерді оятады. Бұл тұста, ағартушы – ақын шешендік қайталауларды ұтымды пайдаланады. Ол әр шумақ сайын:

«Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!» – деген жолдарды әдейі қайталай отырып, оқу-білімнің пайдасын айтуда бала жүрегіне жол таба білді. Осы өлеңінде тағы қарама-қарсы ұғымдарды қатар айтып, екеуін салыстырмалы түрде ара жігін ашып көрсетеді. Мысалы:

«Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар!» – десе, надандықтың мән-жайын:

«Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап» – деп түсіндірген.

Ағартушы халықтың қараңғылығынан туған ескі әдет ғұрып, салтының зияндыларын аша отырып халықты, жастарды ғылымға, мәдениетке шақырады. «Надандық» деген әңгімесінде ауру әйелді тірідей көміп, жер астында қалып айғайлаған дауысын ести тұрып көмек берудің орнына көшіп кеткен бір тайпаның әрекеті елдің жан түршігерлік қараңғылығын көрсетеді.. Ыбырай шығармаларында еңбекті сүю, әділетті жақтау, білімдіден үйрену, білімге талпыну, халық қамқоры болуға әрекеттену, адамды сыйлау, тәлім-тағылым, тәртіп мәселелері үгіттеледі. Ағартушы адам бойындағы жағымсыз қылықтардың зиянын, ұнамды қасиеттердің пайдасын үнемі мысал арқылы салыстырмалы түсіндіріп отырады. Сондықтан да оның әңгімелері де, мысалдары да халыққа түсінікті болып келеді.

Бі. Алтынсарин халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын жетік білген ағартушы ретінде оларды сипаттайтын этнографиялық мәнде шығармалар жазды. 1870–1879 жылдары жарық көрген бұл зерттеу мақалалар оның авторының халқымыздың салт-дәстүрлері мен ырым-нанымдарың жетік білетін, сол ғұрыптардың ел өміріндегі орнын да толық түсінетін, оқымысты, білімдар адам екенін толық аңғартады.

Атап өтер жайт, ағартушымыздың тағы бір басты мақсаты – шала сауатты молдалардың ықпалынан дінді алып, қоспасыз күйінде оқытуды ойластыру. Яғни, «Кітапты», «Қазақ жастарының діни ұғымдар туралы жалған бағыт алуын мүмкіндігінше болдырмау үшін жаздым» – деуі осыған айғақ.

Сондай еңбектерінің бірі - «Шариат-Ислам» атты кітабы. Онда бірінші – діни дұғалар, екіншіден, әдет – ғұрыптар, үшіншіден, рақымшылық және кеселдер туралы және төртіншіден, намазда қолданылатын ең қажетті Құранның аяттары мен сүрелері ендірілгенін атап көрсетіледі. Алтынсарин аталмыш – кітабында, ең алдымен, Алла туралы ой толғайды: «...теңдесі жоқ, ұқсастығы жоқ бір құдайдың барлығына, бірлігіне

һәм кәмил жаратушы» екендігін дәлелдейді. Оған мұншама ғажайып, ойлап ақыл жетпейтін істер һәм зат мақұлықтар бір құдайдың «Бол» – деген жалғыз бұйрығымен болғандығынан мысал келтіреді. Көк аспан, күн, ай, жұлдыздар, мұхиттар, теңіздер, өзендер, жер, орман, ағаштар, неше алуан жануарлар, адамзат – Алланың бұйрығымен болған.

Білім дегеніміз – өзімізді қоршаған шындықты танып-білу. Адамға сенім керек, құдай ұлы сенім деп түсінген ол құдайға сенді. Осы сенім оны – «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты ғылыми еңбегін жазуға алып келді. Онда Парыз, Уәжіп, Сүннет, Мустахаб, Мұбах, Мақруһу істерін саралап береді. Дүниеге көзқарасында рационалистік бағытта болған ағартушы осы кітабында да ақылдың маңызын, рөлін алдымен айтады. Дін сабағы, алдымен жарық дүние ғаламаттарын біліп тануға көмектеседі деп түсіндіріледі. Айналадағы ғажап дүниені адам ақылмен танып, қажетіне жаратқан деген озық ойды дін оқуының да негізгі мақсатына айналдырған.

Ыбырай Алтынсарин шарифат заңдарын жас ұрпақты иманжүзді етіп тәрбиелеуге қолдануды уағыздайды.

Тұңғыш педагог орыс халқының кең арналы білім бұлағынан сусындады, өзінің алған білімін туған халқына тарту етіп, қазақ елі үшін оқу – ағарту саласында игі еңбек сіңірді. Ол ағартушылық алғашқы қадамында – ақ қазақ халқының келешегі ұлы халқының өмірімен, оның мәдениетімен тығыз байланысты екенін ашып айтты.

Ыбырай Алтынсарин орыс халық мәдениетінің демократияшыл идеяларын, әсіресе, Ушинскийдің педагогикалық мектебінің жаңалықтарын творчестволық жолмен қабылдай отырып, қазақ даласына білім таратушы, мектеп ашушы, жастарды тәрбиелеуші мұғалім болды. Ол өз ісінде әрқашан адамгершілік туын көтеріп, көптеген бағалы мұралар қалдырды. Солардың ішінде оның тамаша өлеңдері мен әңгімелері де бар. Бірақ ол – ең алдымен ағартушы педагог. Ал ақындығы мен жазушылығы оның негізгі мақсатына – сол ағартушы балалар тәрбиесіне арнап, оқу құралдары мен оқулықтар үшін жазған.

Алтынсарин бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, оларға дүние ғылымдарын үйретуге, оқу құралдарын жазып шығаруға, мектеп үшін жақсы ұстаз-мұғалімдер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-методикалық басшылық жасауға арнады. Өзінің ғылыми-публицистикалық, жазушылық шығармашылығын қазақ халқының өмірінде 19 ғ. өрістеген қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді барынша қамтып жазуға жұмсады. Сөйтіп, өзінің бар өмірін ағартушылық ісіне бағындырып, қазақ жастарын адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға шақырды, теріс пікірлерден, ескі әдет-ғұрып, соқыр сезімдерден, ұрлық, зомбылық, жатып ішер жалқаулық сияқты жаман қылық, жат мінездерден бойын аулақ ұстауға шақырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нысанбаев Ә.Н., Ғабитов Т.Х - ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ТАРИХЫ, Алматы, 2015 ж
2. Нұрышева Г. – Философия, Алматы, 2006 ж

Абай қара сөздеріндегі адам болмысының мәні

**Ибрагим А.Ғ., Анламасова Ы.Ж.
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ**

Адам болмысының жан дүниесінің сарынын ашуды біз философиялық тұрғыдан сөз етсек. Адам мәселесі оның тарихи дамуы, жалпы біз адам деп кімді айтамыз? Грек ойшылы Протогор: «Барлық заттың өлшемі –адам» деп ой түйіндесе, Көне Қытай философы Лао Цзы: «Басқаларды білетін адам ақылды, өзін танып білген адам – данышпан» деп қорытындылаған. Адам болмысы тақырыбы да қазақ ойшылдарын бей –

жайқалдырмады. Осы мәселеде қазақтың ұлы данышпаны Абай Құнанбайұлы да адам болмысын философиялық тұрғыда түсіндіріп берді.

Абай философиясының басты мақсаты –адам болмысының мәнін ашу болды. Ол өзінің бүкіл болмысын, ой –толғанысын адам бойынан таба алды. Ол «Ақынның азаматтық парызы шындықты бейнелеуде, қоғамдық кесірді әділет пен ақылдың билігіне жүгіндіруде» деп білді. Абай жаңа ізденістер жасап, адамтану, адам болу ілімінде көп жаңалықтар ашты.

Мен кіммін?Адам баласыныңөмір сүруінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы тамақтанады, ұйықтайды, ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының жан –жануарлардан айырмашылығы не? Міне, Абай осы сауалдарға өзінің философиялық шығармасында жауап іздейді. Ал оның философиялық шығармасы қара сөздер деп аталады. Өзінің философиялық көзқарастарын, идеяларын, қоғам мәселесін, өз ойларын қара сөздері арқылы баяндады.

Абай философиясының негізгі ерекшелігі адам мәселесін негізгі мәселе ретінде қарастырады. Оның шығармашылығына негіз болған мәселелер жан мен тәннен жаратылған адам баласының өмірі жайлы. Оның қара сөздерінде ағартушылық, әлеуметтік дін туралы ойлармен қатар адам болмысының мәні туралы айтылады.

Адам қалай жетілген, толық тұлға бола алады?,-деген сұраққа Абай қысқа ғана «Ақыл, қайрат, жүректі қатар ұста» деген екен. Абайдың он жетінші қара сөзінде осы айтылған қайрат, ақыл, жүректің үшеуін айтыстырып, әрқайсысының өнерлерін өз ауыздарымен жеткізеді. Қара сөзде қадір-қасиеттерін айтып дауласып қайрат,ақыл, жүрек ғылымға келіп жүгінеді.

Қайрат айтыпты: «Дүниеде бірнарсе біліп үйрену үшін де, Құдайға лайықты ғибадат қылу да, ерінбей дүниеде мал тауып , жалықпай үйрету –менің ісім».

Ақыл айтыпты: «Дүниеге де, ахиретке де пайдалы болсын,пайдасыз болсын барлығын білетін –«Мен». «Мен»-сіз білім, ғылым ұғып үйрене алмайды. «Мен»-сіз өздері неге жарайды?»

Жүрек айтыпты: «Мен - адам денесінің патшасымын, адам жаны да «Мен»-де мекен етеді, «Мен»-сіз тірлік жоқ . Жұмсақ төсекте қарны тоқ жатқан байды, қарны ашып, тоңып жаураған кедейдің жағдайы қалай екен деп көп уайымдайтын да «Мен». Олар «Мен»-сіз не істей алады?»

Ғылым үшеуінің де сөзінің дұрыстығын айтып: «Үшеуіңнің басын қос , құдайшылық жүректе, таза қалпыңды сақта» -деп жүректі жақтапты. Сонымен осы үш қасиет бойынан тең табылған адам –толық жетілген адам болып саналады. Ал осындай кісілерден тұратын қоғамда ғана әділеттік, теңдік орнайды.

Абайдың басты тақырыбы адам мәселесі болғандықтан, адам өзінің ішкі рухани байлығы арқылы өзге адамдармен қарым –қатынас орната алады, адам қоғамды рухани байытады деген ұстанымда болды. «Адам бол!» қағидасын ұстанып, адам болмысының маңыздылығын терең түсінді. Сонымен қатар Абай достық, қарым –қатынас мәселесіне де көңіл бөлді. Қоғамдағы қарым –қатынастар жайлы ойшылдың пікірлері философиялық шығармаларында көрініс тапқан. «Адам бол!» қағидасы осы қарым –қатынастардағы ақылдың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Себебі адамның қарым қатынасы екі адамның арасында,сыртқы назары тұрғысынан емес, адамның ішкі ниеті, өз ақылына жүгіне отырып әрекет етеді.

Ойшылдың көзқарасы бойынша эмоцияны, сезімді, ерікті адамның ақыл – ойықадағалап отырады. Адам үнемі өзінің рухани бастауына қол жеткізуі керек. Ол тәрбие,білімін арттырумен қатар өзінің мүмкіндіктерін жетілдіре түсуі керек. Бұл Абайдың ағартушылық тұжырымдамасының басты ұстанымы болып табылады. Ол адамның болмысы қоғаммен қатар ағартушылықсыз мүмкін емес деп ойлады. Сондықтан да қазақ халқын білім, ғылым игеруге шақырды. Абайдың қазақ халқын білімге шақыруы жөнінде , қазақты бұрынғы мемлекеттік ұлт қалпына келтіру туралы қырық және қырық бірінші қара сөздерінде айтылады.

Абай «Адам болу дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздеді. Абай үшін «Адам болу» дегеніміз білімге, әділеттілік пен қайырымдылыққа ұмтылу, Құдайға сеніп, оның көрсеткен бағытымен жүру, жақсылық жасау, білімге құштар болу. Ойшылдың пікірінше адамның өміріндегі ең басты тірек ол – Құдай. Ол бұл жайлы алтыншы сөзінде адамның өмірінде ең бастысы рухани қасиеттер, кеудесіндегі жаны адамды алға жетелейтіндігін, сол кезде ғана еңбектің мәні болатындығын айтты. Абай Алланы мойындайды, оның ұлылығына, мейірімі шексіз екендігіне, оның күшіне сенеді. Ол өзінің отыз сегізінші қара сөзінде жаратушы мен жаратқан дүниенің тұтастығын сатылап көрсетеді. Әр адам үшін ең басты нәрсе екі шартты сақтау: сенімнің күштілігіне сену және сенімді ұғынуға ұмтылу. Адамға берілген сенім жаратушыдан келген. Бұл мәселедегі махаббатпен адамзаттың жаратылғаны, сол жаратушыдан бойына сақтап қалған махаббатын жаратушыға білдірген сенімінен көрсету. Адам бойындағы сүйіспеншілік тек пендешілдікке ғана емес, одан асып өткен құдыреттіліктің бар екенін байқатады. Сүйіп қабылдау кез-келген зұлымдықты жойып жіберетіні шындық. Ендеше адам өз бойында жаратушының және жаратылғанның махабаты арқылы сенімнің құдіретті күш екенін дәлелдеп отыр. Абай имандылық пен адамгершілік философиясын дамытып отыр. Адам мәселесі оның дүниетанымының өзегі болды.

Хакім Абай адамның болмысы туа бітті екі жақты дамытынын, екі құндылықты тең ұстау ерекше маңызға ие екенін керемет сипаттаған. Бұл өзінің жетінші қара сөзінде айқын көрініп, ерекше баяндалады. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйқасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр – жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай – керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген...»

Дүниеге келіп ес білгелі пайда болатын материалдық және рухани құндылықтардың рөлі мен маңыздылығын әрі қарай адам өсе келе қалай өзгертетінін және құндылықтар арасындағы теңсіздік неге алып кеп соғарын ересек өмірдегі жағдаймен баяндайды. Философиялық ілімнің екі жағы бар дүниеде ең алғаш материя ма сана ма? Барлық объективті зерттеу осыдан бастау алады. Егер материя болса табиғи натурализмнің илеалистік пікірден басым әрі алғаш болуы, ал сана болса идеялистік ойдың басымдылығы әрі субстанция ретінде алғашқы түп негіз деп мойын ұсындыру. Бұл екі бастама да адамнан шығып отыр. Алғашқыда философтар әлемді ғарышты зерттеп адамнан алшақ кетіп адасты, адам мәселесі қойылғанда алдымен өзінді танытатын күштің бар екенін түсініп және ол әлемді тануға апаратынын мойындады.

«...Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боктықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге – ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі – ай, кімнен кім артық дейсің!» - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.»

Рухани қажеттіліктерді елемей білімге құштарлықты әбден жоғалтқан адамның болмыс жағынан өзінен әлде қайда төмен тұратын жануардан еш айырмашылығы жоқ екенін айтқан Абайдың жетінші қара сөзінен мынандай ой түйіндеуге болады.

Фәни әлемде өзін бақытты сезіну үшін адам формуланың екі жағын, яғни, рухани және материалдық жағын тең ұстауы керек. Олар үшін бұл екі жарты құстың екі қанаты

тәрізді. Құс екі қанатын тең ұстамаса бағытынан ауытқып кететіні тәрізді, әрбір адам, сонымен бірге, қоғам, тіпті адамзат өмірі осы екі қанатты тең ұстанбағанда дамудың тура жолынан ауытқып, құлдырау жолына түседі.

Адам мәселесі, оның тарихи дамуы, өмірі мен тұрмысының мәні философияның басты мәселесін құрайды. Абай қарастырған адам мәселесі үлкен ауқымда қаралады. Ал бұл мәселе құндылық, этика, эстетика, рухани жақтармен тығыз байланысты.

«...Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі - пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?»

Адам болмысы мүлтіксіз шындалуы үшін тек ақылды болу аздық ететінін, ол үшін өз бойынан іздеп ұштайтын өзге де қайрат, жігер, байлаулылық сынды қасиеттердің маңыздылығы жайлы да ұлы ақын өзінің он төртінші қара сөзінде жеткізеді.

Абай адамның жан дүниесінің үнемі даму үстінде, өзгерісте болатындығын айтады. Адамның адамшылдық жағын көру, ақылды, білімді адамды жоғары қоя білу, өз халқына қажымай –талмай еңбек ету, адамды құрметтеу , өмірінің соңына дейін адам болып қалу бүгінгі таңдағы басты мәселе. Бұл мәселе туралы төртінші қара сөзінде адам баласының бесікте жатқан сәтінен бастап, дүниеден өткенге дейінгі өмірі өкінішпен өтпеуі үшін қалай дұрыс өмір сүру керектігі туралы ақыл берген.

Төртінші сөзінде: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұл дүниенің қайда екенін білмей, бірін –бірі аңдып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды. Қулық саумақ, көз сүзіп тіленіп , адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау еңбек қылсақ, қара жер де береді, құр тастамайды.» дейді

Адам құбылысты ақылымен таниды. Өмірде ненің пайдалы, ненің пайдасыз екендігін аңғарады. Адамның ақыл –ойында шек жоқ. «Пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде барлық нәрсені қызық көреді. Есті адам пайдалы іске қызығып, ізденеді. Бұндай адамға өткен өмірдің өкініші де болмайды. Ал егер адам өз орнын таппай, бағасыз, пайдасыз нәрсеге қызығатын болса, өмірінің ең қызықты шақтарын босқа өткізіп алады, өткеніне өкінгеннен пайда болмайды екен. Жас кезінде бұл қызықтан соң жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, екінші талапқа қайрат қылуға жарамайды екен. Әр нәрсеге қызыға беру бойда құмарлық деп аталатын дертке әкеледі. Ал бұл нәрсе ақылдың көзін байлап, «ананы –мынаны» дегізіп, бойда сынатұғын нәрсе екен. Ал егер есті кісінің қатарынан болғың келсе, аптасына не айына бір өз-өзіңнен есеп ал! Есеп алғаннан кейін өміріңді қалай өзгертесің?» Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің белгілі бір түрі болады. Бұл Абайдың он бесінші қара сөзінен үзінді. Он бесінші сөзінде адам өміріне философиялық ой жүгіртіп, қорытынды жасайды. Сөз соңында ойшыл ел басқаратын адам ең алдымен өзін –өзі жөнге салып, өз –өзіне есеп беру керектігі айтылады.

Ойшыл философиясында адам мәселесі ақыл –ойдың, білімділіктің, талаптың, еңбекқорлықтың, достық пен махаббаттың тоғысқан үлгісі.

Ақын қырық төртінші қара сөзінде «талап» сөзіне талдау жасады. «Талапсыздық – адам баласының ең жаман қасиеті. Талап қылушылардың түр түрі болады. Талаптың ішінде адам баласы басына қадір іздеп, сол талапта болады. Сараңдықпен, арамдықпен мал тапсам дейтін талап болады. «Ер атанамын, біреу қажеке, біреу молдеке, біреу білгіш атанамын» деп сол әрекетте жүрген талап та бар.» Ақынның пікірінше, көкірегі таза болмаған жердегі талаптың өзгеге шапағатын төкпейтіні анық. Ақын адам баласының

имани мәселеден жетілуіне, өнегелі қасиеттердің дамуына байыппен қарады. Адам өзіне «Жаратушыдан берілген талапты жоғалтып алған жоқпын ба?» деген сұрақты қоюы қажет. Адамға кез –келген қиыншылыққа қарсы тұруға күш сыйлайтын, үнемі алға жылжуға итермелейтін де осы –талап .

Сонымен қатар жиырма жетінші қара сөзінде Сократтың өз шәкіртімен сұхбатында айтқан ойлары арқылы адам болмысының жануарларға қарағанда артықшылықтарымен үстемдігін былай деп мазмұндаған:

«...Жә, олай болса һәмма мақұлыққа да қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, осы күнін - үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ. Хайуанға берген денеге қара, адамға берген денеге қара. Адам екі аяғына басып тік тұрып, дүниені тегіс көрмекке, тегіс тексермекке лайықты һәм өзге хайуандарды құлданарлық, пайдасын көрерлік лайығы бар. Хайуанның бірі аяғына сеніп жүр, бір өзіңдей хайуанды құлданарлық лайығы жоқ. Адам өзі өзіне сенбесе, адамды да хайуан секілді қылып жаратса, ешнәрсеге жарамас еді. Хайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша дарқарлік, бір –біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият ол денеге лайықты келмейді. Қай өгіз шаһар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберліктің үдесінен шығарлық қисыны бар? Бірақ адам баласы болмаса, бұл ғажайып ақылды және ғажайыппен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылғаны хиқметпенен өзге хайуанға сұлтан қылғандығына дәлел емес пе?»

Ойшыл адам баласының жануардан тән жағынан ерекшеліктерін тәтпіштеп көрсетіп, ой өріс жағынан да адамның жануар болмысынан әлде қайда биіктеп тұрғандығын, әрі қасиеттері адамға үстемдік сыйлап тұрған айқындап береді.

Абай қара сөздеріндегі адам болмысының мәні онтологиялық мазмұнда, космогониялық мәнде және гносеологиялық тұрғыда зерттелген.

Абай өз шығармаларында ғұмыр бойына адамдық идеяларды ұсынды. Ол адамдардың шығу тегі, қоғамдағы орны, бай немесе кедей жағына қарап бағаламай, адамның жасаған жақсылығына, ішкі жан –дүниесіне үңіліп бағалау қажеттігін айтты. Адамның рухани қасиеттері оның өміріндегі ең маңызды нәрселер болып табылады.

Ойымды қорытындылай келе айтар болсам, Абайдың қара сөздері –төрткүл дүниені тамсандырған, ауқымы кең, адам баласының дүние есігін ашқан сәттен бастап, дүниеден өткенге дейінгі аралықтағы өмірдің сырын жүйелеп ашып көрсетеді. Ұрпағымызға рухани бағыт беретін, ұлтын имандылыққа үйрететін Ұлы Абайдың «Қара сөздері» әрбір қазақтың жүрегінің төрінен орын алуы тиіс. Абайдың қырық бес ауыз сөзі он сегіз мың ғаламның бір уыс түйіні деп сөзімді қорытындылаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нысанбаев Ә.Н., Ғабитов Т.Х - ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ТАРИХЫ, Алматы, 2015 ж

2. Абай Құнанбаев . Қара сөз –Алматы; 2011ж

3. Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. – Алматы, Қазақ университеті, 2004.

ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АБЫРОЙ, НАМЫС, ҰЖДАН МӘСЕЛЕСІ

Итемген Ә.Т. Анламасова Ы.Ж.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Қазақ философиясында кәсіби философ ретінде танылған ойшыл дана Шәкәрім Құдайбердіұлының көзқарастары болды. Абырой - өз борышын жан-тәнімен орындаудың жоғары әлеуметтік құндылығын түсіну және оны қоғамдық көзқараспен тану. Абырой

категориясы мен намыс категориясы тығыз байланысты. Яғни, намыс- адамгершілік қасиеттердің ең бағалы көрінісінің бірі.

Барлығымыз жақсы білетіндей Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармаларында абырой, ар мәселелерін көп қарастырған. Сонда ар, ұждан деген не? Оның абырой, намыс сөздерімен қандай байланысы бар?

Қазіргі кезде «Ар» сөзіне ғылыми тұрғыдан анықтап қарайтын болсақ, «Ар - адамгершілік сана, этика-философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар», - дейді А.Токсамбаева (Шәкәрім энциклопедиясы). Ал енді, «ар» ұғымы Шәкәрім философиясында қалай көрсетілген, оны қалай талдаған?

«Ынсап, ұят, ар, рахым, сабыр, сақтық-

Талапқа алты түрлі нокта тақтық...» (Талап пен ақыл)

«...Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан

Анық төмен болмайма хайуаннан.

Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса ,

Өлген артық дүниені былғағаннан.» (Талап пен ақыл)

Міне, Шәкәрім шығармаларын қарасақ, ар мәселесіне қаншама өлең жолдарын жазып, тура ойларын айтқан.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» атты фәлсафалық трактатында сонау Пифагор дәуірінен бастап адамзаттың адасқандығы туралы айтқан. Ол еңбегінде «Біздің атақты деп жүргендеріміздің дені адасушылар. Біразы адасып жүріп жол табушылар, ал бір парасы адамзатты одан әрі адастырушылар. Білемін деп білмей сөйлеушілер, түсінемін деп түсініксіз кітап жазушылар. Жаратушының алғашқы білімін қиратушылар. Ақылдымын дегендер менмендікке салынып, адамзаттың алдағы замандарда ашар есіктерін жаптырушылар» - деп айтады. Яғни Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегінде не туралы айтылған? Жалпы анық деген не?

Ол ең біріншіден Конттың «позитивизм» ілімін қарастырады. Яғни онда «біз көзімізбен көріп, физика ғылымымен тексеріліп анықталғанға сену, ал көзіміз жетпеген нәрсеге әуре болмайық», - деген. Шәкәрім Конттың позитивизмін «анық» деп аударып қарастырады. Сонда қазіргі анық де танып отырған дүниенің барлығы да анық па? Өз қолымызбен ұстап, көзімізбен көрген нәрсе анық па? Әлде анық сөзінің мағынасы мүлде бөлек пе? Шәкәрім осылай анық жолын күрделі қарастырады.

Бірінші анық – Жаратушы білімі. Жаратушы- Алла . Ол шексіз. Адамзаттың осы уақытқа дейін табынып жүрген от , топырақ, пұт секілді нәрселерін жоққа шығарады. Яғни, атом-қозғалыста болатын нәрсе. Ал қозғалыстағы дүниелер шекті болып келеді. Ал Жаратушы - шексіз. Абай атамыздың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлең жолдарына қосылып, Жаратушының білімі, құдыреті, шеберлігі – абсолют. Абсолют ұғымын Шәкәрім өлшеуі жоқ нәрсе деп қарастырған. Жаратушы абсолют – онтология; Жаратушы білімі абсолют – гносеология. Жаратушы өзі де, білімі де – тұтас абсолют.

Екінші анық – Жан. «Мен жанды былай түсінемін: біз дененің түп негізін тексергендей жанның да түп негізін тексерсек, жан да дене сияқты басынан бар болып табылады. Ғылым жолында әлденеше өзгерсе де , дененің еш нәрсесі жоғалмаған секілді, жанның да еш нәрсесі жоғалмайды» , - дейді. Жан баста бар болса , тұрған денесі орын болуға жарамағаннан соң, денеден шыққан кезде біржола жоғалып кетпейді, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса бір түрге түсіп, барлығының ішінде бар болып жүреді. Жан әр түрге түседі: инстинкт – сезімді жан; сознание – аңарлық жан; мысль-ойлайтын жан; ум-ақылды жан дегендей әр түрлі қасиеттері болады дейді. Жанның бұлай болуы дене секілді жан да өсіп-өніп жоғарылайды.

Үшінші анық ретінде - ұждан мәселесін қарастырады. Ол Шәкәрім философиясының негізгі категорияларының бірі.

«Ұждан – екі өмірдің азығы»

«Ұжданды ақыл» идеясы Шәкәрімнің философияға қосқан үлкен үлесінің бірі.

«...Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім. Яғни, «Абайдағы - ынсап, әділет, мейірім» үшеуін қосып айтқанда мұсылманша – ұждан, орысша – совесть». «Бұл не? Бұны ұстап тұрған кім?» деп қойған сұрағына өзі «ұждан адам жанының басты қасиеті, онсыз жан тірексіз қалады, адам адамгершіліктен айырылатынын», - айтады. «Үш анықтың» алғашқы екеуі анық, рухқа келгенде әлгі екеуіндегідей анықтық жоқ, бірақ ұжданға нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, жан тазарта алмайды. Керісінше, ұжданы сол адамның азығы болса, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды. «Меніңше, совесть – жанның тілегі. Неге десеңіз, жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын шынға жоғарылайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауды керек қылады. Мәселен, таза дене, таза, толық мінез ой істерін керек қылады. Соның қатты керегі совесть – ұждан. Оны осы өмір үшін де, соңғы өмір үшін де керек қылады. Себебі, егерде бұл осы өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады. Ол жоғарылаудың ең жоғарғы жәрдемі» - дейді Шәкәрім.

Ол өз философиясында басқа да ғалымдардың еңбектерін аударған. Соның бірі, Лев Толстой.

«Таңбаймын, шәкіртімін, Толстойдың,

Алдампаз, арам сопы кәрі қойдың.

Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,

Сондықтан ол иесі терең ойдың...» - деген сөздерінен Шәкәрімнің Толстойға тұлға ретінде құрметпен қарап, екеуінің эстетикалық көзқарастары сәйкес келетіні туралы айтқан. Ол Толстойды «әділетті, ардың жолын таңдаған» деп көрсетеді.

«Орыс, қазақ – адамның бірі бірдей,

Ешкімді алалама оны білмей,

Кем-кетікке болысу – ар міндеті,

Халқыңа пайда тигіз босқа жүрмей» - деген сөздері «Алты әңгіме» атты шығармасында «Ар ілімі» концепциясының талданатынын көрсетеді.

Шәкәрім танымал «Үш анық» еңбегінде:

«Еңбекпенен, өрнекпенен

Өнер ойға тоқылса,

Жайнар көңіл, қайнар өмір

Ар ілімі оқылса»

- деп, «білім беру саласында «ар білімі» деген білім оқытылуы тиіс деп ойлаймын» - деген ойларын айтып өтеді.

«Екінші мінез – намысқорлық екен...» (39 қара сөзі Абайдың)

«Ар демек – адамшылық намыс деген,

Арың кетпес жағыңа қарыс деген.

Теріс ұғып жүрмесін мұны біреу,

Сөз емескүншіл болып, алыс деген.

Намыс сол – өзің қорлан кемдігіңе,

Құрбынмен ұмтылып бақ теңдігіңе.

Алмай өз алдыңғының аяғынан,

Соқтықпай өзің ізден еңбегіңе». (Талап пен Ақыл)

Шәкәрім философиясында ар-ұждан, намыс мәселелері ғана емес, заман шындығы, халық жағдайы, ел қамын жан – жақты қарастырған. Тіпті бір өлеңінің өзінен жан, тән, рух, абырой, ұят секілді бірнеше мәселелерді кірістіргенін байқауға болады... Міне, осыдан кейін Шәкәрімнің Қазақтың тұңғыш «Кәсіби философы» деген атағына қалай сенбеске?...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш.Құдайбердіұлы «Үш Анық» трактаты
2. «Қазақ философия тарихы(ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Алматы,2015;Нысанбаев Ә.Н.,Барлыбаева Г.Ғ.
3. Ш.Құдайбердіұлы.Қазақ айнасы –Алматы,2008 – 286 б.

СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТУРАЛЫ ОЙЛАР

**Өтегенова Л., Апенев Б.М.
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ**

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында мұсылманша білім алу – Сыр елін рухани өрлеу дәуіріне жетелегені белгілі. Мұсылманша оқып, хат танудың қазақ қоғамында ағартушылық үдерісті дамытуда мәні күшті болды, өйткені соларқылы ойшылдар ғылым мен білімнің заманауи қоғамдағы ролін айқын түсінді, қазақ қоғамы болашағын ғылым мен білімді қаншалықты ертерек қабылдап, меңгеруімен байланыстырды. Сөз өнерін қастерлеу, білімге, өнерге ұмтылу, адамгершілік пен имандылықты жоғары бағалау күнделікті өмір заңына айналды. Бір-бірімен бір заманда өмір сүрген Сыр сүлейлерінің шығармаларында ортақ үндестік бар, дегенмен олардың барлығының дүниетанымдық ой-пікірлері бір сарында, бір мәселе төңірегінде болды деп айта алмаймыз. Басқа ақындарға қарағанда, Омар билікке араласты. Шораяқтың Омарының шығармашылығын қарай отырып, оның қоғамдық саяси жағдайға қатысты айтқан сындары көңіл аударуды қажет етеді.

Кеңестік идеологияның барлық адамды тең қыламыз, билік шаруаларға деген саясатының барлық халықтар үшін жемісті болмағаны анық, кейбір ұлттар үшін, оның ішінде қазақ халқы үшін де зор залалы болғаны анық. Ешқандай ел билеу туралы қабілеті мен білімі жоқ солақай белсенділердің қазақ қоғамына жат ұрандармен, жаттанды саясатпен ел билеуі, оның салдарынан қазақ тұрмысының төмендеуі оған деген ақынның ішкі қарсылығын тудырады және өз ойын өлеңдеріне арқау етеді.

Түркістан бес болыстық түрлі уәләт,
Бірінен бірі тауып жатыр жазым...
Қаз болып қара қарға шақырам деп,
Бипарық былықтырды қыс пен жазын.
Сарапсыз совет болып бұзылып тұр,
Еске алсақ көне ықылымды қылып сарын...
Кеңестің шықты небір келеңсізі,
Тоқсанда тоң аударғандай айдап соқа.
Көңілінде жұрттың бәрін тонды қылмақ,

Жанына байлап жүріп жарты малта - деп, «Тау еліне» дастанында заман өзгерісін талдай отырып, кеңестік идеологияның қазақ қоғамына тигізген залалдарын, теріс салдарларын айқын көрсетеді, оның саясатын өткір сынайды, бұзылған қоғамдық өмірді мысал етеді. Қазақта «жарлыдан байыған бай жаман», «адамды білгің келсе, қолына билік бер» деген нақылдар бар. Қазақ әрдайым билікті алмас қылышқа теңеген. Сондықтан, билікті тек қабілеті мен тегі сәйкес келетін адамдарға ғана сеніп тапсырған. Кеңестік дәуірдегі тек кедейлерді ғана билікке қою саясатын ақын тектілік институтының бұзылуы деп санайды, оның мысалы ретінде шаш пен мұрт қоюды жаңа заман үлгісі, билік көрінісі санайтын надандықты атайды.

Бұл күнде баз біреу жүр большевик боп,
Өскенін өнер көріп шаш пен мұрттың.
Омар ақын дүниетанымының ерекшелігі қоғамдағы мәселе мен айшылықты

көтеріп қана қоймай, оның шешімін, шығар жолын іздейді, табуға талпынады. Адамдардың қолына билік тисе, адамдардың обалына қарамай өзгелеріне әлімжеттік қылып, зорлық жасайтынын, қоғам ішінде ашкөздіктен дау-жанжалдардың көбейгенін сынай келе, адам ынсабының дүзелуін тек Алладан күтеді, адамдардың пейілі түзелмесе оның арты жақсылыққа апармайтынын ескертеді.

Бір алла «ал, құлым» деп дүземесе,
Дау-жанжал бүгінгінің ынты-шынты.
Ғұл-ғұпылық ел ішінде дау көбейіп,
Әр жерде көрініп тұр бәле кілті.
Ойламай обал, сауап іс қылады
Бір елі биік болса кімнің тұрқы.
Зұлзала бола ма деп қауіп ойлаймын,
Алаштың дүзелмесе пейілі, құлқы.

Сыр сүлейлерінің арасында өзіндік ойы мен орны бар Тұрмағанбет жырлары халықты ізгілік пен адамгершілікке, құрмет пен кішілікке үндейді. Оның ой-толғамдары халықтың сан ғасырлық даналағымен, өмірлік тәжірибесімен толығымен үндеседі. Халық даналығы «қыс тірлігінді жазда ойла» деген өсиет қалдырса, ақын жырларында:

Жаз болғаннан есіңе ал,

Алдындағы қысыңды – деп ой толғайды. Халық даналығынан нәр ала отырып, Тұрмағанбеттің өзге адамды құрмет тұтуды, ізгілік пен тазалыққа, қанағатшылдық пен ұстамдылыққа, өзгеге үлгі-өнеге болуға, шамасына қарай ұмтылуға шақыратын өмірлік ұстанымын төмендегі жыр жолдарынан анық байқауға болады:

Бақ құс қонса басыңа,
Қадір тұт келген кісінді.
Үйретіп үлгі өнеге,
Таза бақ, жасы кішінді.
Ақылың озат болғанмен,
Орнына жұмса күшінді.
Қанаты қалар қайырылып,
Қалыңға салсаң құсыңды.
Ел ізіңе ермейді
Тазартып алмай ішінді.

Ақын да өз толғамдарында осы адамгершілік қағидаларынан айнымай, еліне қамқор болуға шақырады. Ол үшін, ең алдымен, адам өзін-өзі түзеп, өзін, өзінің жақсылылығы мен жамандығын тануы қажет, сонда ғана халық алдында сыйлы болып, сөзі өтетінін деп тұжырымдайды. Бұл пікір гректің көне замандағы ойшылы Сократтың «ең алдымен өз-өзіңді таны» деген басты қағидасын еске түсіреді.

Құбылып тұрған қу заман,
Әлі-ақ бастан өтесің.
Ажалдан аман қалудың,
Тапқан жоқ ешкім төтесін.

Қазақтың ойшылдары арасында өзіндік ойымен ерекшеленетін Жүсіп Ешниязұлының шығармашылығы – қазақтың философиялық ой-толғамдарының жаңаша сипатымен танылады. Ақын-тірлік қозғалыстарын жан дүниесімен қабылдайтын, айрықша тіршілік иесі. Жаратылыс құбылыстарының өзара үндескен ұқсас қасиеттерін, сырларын өлең жолдарына айналдырады. Туған халқының психологиялық болмысын терең сезіне білген ақын жұртының қуанышын да, қайғысын да өзіне алады, жыр өзегіне айналдырады. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде – қазақ әдебиетінің сөз өнеріндегі өркениеттің озық дәстүрлерінен үндесе өркендеді.

Жүсіп ақынның өлеңдері – өзі ұстанған дәстүрдің аясында танылатын туындылар. Ақын – халық әдебиетінің насихатшысы. Жүсіптің өлеңдерінде қазақ халқының ата-

бабалар қалыптастырған ұлағат жолы насихатталады. Адамзаттың бәріне ортақ асыл қасиеттерді ғана Жүсіп Ешниязұлының мұрат тұту басты назарға алынады. Адамның балалық шағынан бастап бозбала, жігіт, жігіт ағасы, ересек, егде болған кезеңдерде ұстанған қасиеттерінің маңындағы адамдарға кейінгі ұрпақтарға үлгі болатын ұлағатты, ғибрат уағыздалады. Жүсіптің «Әлеумет келді жиналып», «Адамдық пен надандық», «Өмір сырлары», «Жақсыдан есте қалған бір ауыз сөз», «Тіл ал!» атты насихат өлеңдері бар. Оның өлеңдері өнеге боларлық, тағлым аларлық, ғибраттылық мәнімен ойды көркемдеп нақышты сөздермен жеткізетін бейнелілігі, тартымдылығымен құнды болған. Насихат өлеңнен сол замандағы қоғамдық көзқарастар, арман-мұраттар, халықтың адамгершілікке, ерлікке, әділдікке ұмтылысы, жақсы мен жаманды қалай түсінетіні айқын танылады. Жүсіп – ойшыл ақын. Барлық адамзат үшін дүниеге келгенде бесікке тиген арқасымен ертең-ақ табытқа жататын заңдылығы үнемі еске алу арқылы қысқа ғұмырда имандылықпен өмір сүру ұлағаты ұғындырылады. Насихат өлеңдерінің негізгі идеялық түйіндері – осы өмірдегі адамгершілік, жақсылықты. Оның мәні мен мағынасын түсіндіру, оны о дүниедегі имандылық игілігіне ұластыру. Бұл – қазақ поэзиясында сонау ежелгі түркілік дәуір әдебиетінен үзілмей жеткен сопылық дүниетаным дәстүрінің жалғасы. «Өлең сырлары» насихат өлеңінде осыны айта отырып, ақын түркілік дүниетаным аясында, фәниді мағыналы өткізуді насихаттайды:

Көңілім – гүл, өмірім – бақша, тілім – бұлбұл,
Адамзат осы үшеумен жайнайды гүл.
Өмірі адамзаттың жаз бен қыстай,
Гүлденіп тұрады ол жасап жыл-жыл...
Қызықты қызық көрер нағыз осы,
Ертерек, есің болса, мұны бір біл!
«Темірді қызған кезде соқ», – деген бар.

Жүсіп ақынның «Әлеумет келді жиылып» өлеңінде азаматтарға міндетті адамзаттық парасат, халық алдындағы борышы, рухани қызметі, парызы үлгі етіледі. Өлеңнің негізгі бөлімінде ақынның насихат сөзін тыңдаушының да тұлғасы айқындалады. Ақынның жалпы ұлағатты ақылшының сөзін тыңдайтын байсалды, байыпты, маңғаз қазақ ұлты өкілінің тұрпатын елестетеміз. Қазақтың халық даналығы бойынша «Тыңдаушысы жоқ сөз жетім» деген ұлағатты тұжырым бекер айтылмаған.

Ақынның өлеңдері оның адамгершілік тәрбиесіне бағдарланған азаматтық парасат биігіндегі қалпын танытады. Жүсіптің мұндай өлеңдері философиялық мазмұндағы азаматтық, адамгершілік тәрбиесін негіздей жырлаумен ерекшеленеді. Өлеңнің негізгі бөлімінде он екі түрлі адамға баға беріледі. Ақын тыңдаушысын өзі бейнелеген сол он екі түрлі адамның мұраттарына баламалап бейнелейді, ондай адамдардың қоғамдық-әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттеріне, рухани дүниетанымына баға береді. Бұл өлең – адамгершілік тәрбиенің аса жауапты салмағын ұқтыратын туынды. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген даналықтың шындығы, тұрмыстағы реалистік таным бағалауларымен түсіндіріледі. Адамдардың әртүрлі кәсіппен айналысқаны халық ортасында түрліше бағаланатыны аталады. Сонда алуан түрлі таныммен қарайтын халықтың әлеуметтік ортасындағы әрбір жеке жолы жіңішке аса нәзік тағдырлы тұрмыстық қарым-қатынастың өлшеміне ақын өзінің насихат тілімен бағдар-бағыт, үгіт сөзін айтады:

Бұл халыққа адам жақпас,
Жамандықтан пайда таппас.
Жақсылық болса ете бер,
Қолыңнан келсе әрнешік!
Насихат сөзге құлақ сал
Лебізің болсын шырын бал!
Тірі жанмен шатаспа,
Мүләйім бол сонша кішік.

Кімде-кімнің ұлындай бол,
Жасы үлкеннің «құлындай» бол,
Аңқауырақ қолбаңдау бол,
Тым жүгініп – болма пысық!
Қазынаға жетер жол қуған,
Бәлеге қалар сөз қуған,
Бұрынғының нақылы бар:
«Жай жүрген жақсы көтті қысып.

Ақынның өсиет өлеңдерінің негізі адамгершілік, астамшылыққа ұрынбау, үлкен мен кішіні құрметтеу. Көне қытайдың ұлы ойшылы Конфуций «Жэнь» қағидасының мәні мейірімділік пен ізгілік болса, «Сяо» қағидасының өзегі үлкен мен кішіге құрмет көрсету. Ақын өз адамгершілік туралы ойларында осы Қытай қоғамының даму тарихында маңызды роль атқарған ойшылдың ұлы ойшылдың өмірлік принциптерімен үндеседі және адамгершілік қағидаларын адам өмірінің басты мұраты, құндылығы ретінде насихаттайды.

Ақын мұраты қазақ елінің басқа жұрттармен терезесі тең ел болуы. Тәуелсіздік, өз алдына ел болу қазақ халқының қашанда да айқын мақсаты болған. Жүсіп ақын ел болудың алғышарты бірлік, тәуелсіздікке деген ұмтылыс, татулық екенін айтады. XX ғасырдағы қазақ қоғам қайраткерлерінің дүниетанымында кең таралған, әсіресе Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде көп кездесетін «Пантуркизм» идеясына Жүсіп ақын көзқарасының да жақындығын байқауға болады. Ақын өзбек, қырғыз, ноғай халықтарының қазақпен іштей туыстығын негізге ала отырып, бір-бірінің өз алдына ел болуына сеп болуына, ел тәуелсіздікке бастар тұлғаларды күндемей, оларға демеу болып, артына еруге шақырады.

Ақынның өлеңіндегі адамзаттық ойдың түйіні – қазақ ұлтының ақылды басшыны қолдай отырып бірлік туының астында нығайған ұлтқа айналуы. Тарихтың талай сын сағаттарын, қилы кезеңдерін бастан кешкен халқымыздың ішкі бірлігі, туысқан жұрттармен де ынтымақтастығы кемелдікке жеткізетін сара жол екендігі нағыз ұлт ақынына тән парасат үні болып төгіледі. Ақын – ақылымен, талпынысымен, ізденісімен биіктерге жететін жандарды үлгі етеді. Халықтың даналығы – ақындық жанрдың өзегі. Қазақтың халықтық мақал-мәтелдері – философиялық әдебиеттің көркемдік негізі. Мақал-мәтелдер – философиялық ғибрат үлгілері. Жүсіптің өлеңдеріндегі ойлар осындай тағылымды танытады:

Жақсыдан есте қалған бір ауыз сөз,
Өлмесең өмірінде болады кез.
Дамылсыз іздеуіне ерінбесең,
Асықпа «Түспеді деп қолыма тез!»
Ақылдан, жастық пенен кәрілік жоқ,
Абырой ақылдыдан арылу жоқ!
Ақылсыз аты шықпас ажарлаумен,
Алтын шам май құймаса жарығы жоқ.

Ақын - адамзатқа ортақ тағылым атауына ғибратшыл ой өрімдерімен өрнектейтін парасат иесі. Жан дүниесіндегі ізгіліктен қуат алған, жамандықтан жабыққан көңіл-күй әуендерін ғибратшыл ойлы толғаныстармен жырлайды. Ата-бабалар қалыптастырған ізгілік жолын өзімен тұстас және кейінгі толқын ұрпақтардың жалғастыруын армандайды. Насихат өлеңдеріндегі адамгершілік ұлағатына шақырған ой өрімдері ақынның ұлттық топырақтағы гуманистік мұраттарды биіктетуші тұғырнамасын дәлелдейді. Жүсіп Ешниязұлының терме толғаулары да ерте түркілік дәуірден қалыптасқан дәстүрлігін сақтап келе жатқан жыр-толғаулармен үндеседі.

Жүсіптің дүниетанымдық бағдардағы азаматтық, адамгершілік тәрбиесі хақындағы өлеңдері бар. Осындай өлеңдерінде ақын тіршіліктің қарама-қайшылықты сипаттарын жырлайды. «Адамдық пен надандық», «Қосынды артсаң аумамайды» және т.б.

өлеңдерінде өмір қозғалысының сан алуан сипатын өрнектейді. Ақындық ойдың астарлы, мегзеулі бағдарларының шығарма мәтініндегі осындай символдық кейіпкерлік бейнелеулер арқылы берілуі – халықтың эстетикалық танымымен де сабақтасады. Мысалы, «Қосынды артсаң аумады» өлеңінің құрылымында адамдар ортасының шынайы сипаты бейнеленеді. Адамның асыл сапалық қажеттері күнделікті тұрмыстық, қарым-қатынастар жүйесінде талай сындарға түседі. Нар мінезді тиянақты, рухы күшті, жігерлі адамдар ғана маңындағыларға жақсылық жасай алады. Жан дүниесінде адамгершілік қасиеттерінің асыл саналары тұтасқан адамдар ғана тіршілік танымын кеңейтетіні бейнелі сөздер арқылы дәйектеле суреттеледі:

Қу медиен құла дүз,
Пайдаға аспай әлемде,
Босқа жатқан сай да бар ...
Жасаты келмес күмістен,
Сұлулап соққан мыс артық.

Ақын адамдардың рухани әлеміне тән қасиеттердің сапасын анықтау үшін осындай астарлы, мегзеулі ишараты мол бейнелеулерді мол қолданады. Аталған өлеңде, әрине, адамдар ортасын тікелей ашық, айқын көрсете суреттей жырлау мол. Бұл – терме-толғау жанрына тән ерекшеліктердің бірі. Ал, халықтың ұлылығын дәлелдейтін «Жақсы адам» бейнесін де ақын көркемдік-эстетикалық тұрғыда жырлайды:

Жақсы болса жолдасың
Тура тұрар тілекке.
Қас батырдың белгісі,
Тайғақ кешу, тар жолда.
Шаппай қоймас сүйекке.
Асыл туған бекзада,
Жолдасын жауға бермейді.
Келгенше жаны иекке.

Ақын – өмір шындығының жаршысы. Қоршаған әлеуметтік ортаның қарама-қайшылықты құбылыстарының арасында жақсы мен жаманды салыстыру арқылы адамгершілік тәрбиесінің негіздерін жырлайды. Өлеңде қазақ халқының өзіндік әлеуметтік ортасына тән жағымсыз қылық иелері де бейнеленеді.

Айдарынан жел ескен,
Бір малым деп босқа өскен.
Пайдасы жоқ бай да бар
Қарасаң түрі бірдей боп,
Бәйге атымен теңдей боп,
Топтардан озық пайда бар .
Жақындасаң жаманға,
Асып айтқан сөзіңді,
Жүрекке түйіп қылар кек.
Пайдасынан күдер үз,
Өзі жүрсе тимей тек .
Хабары жоқ әлемнен,
Өзі хан боп, өзі бек.
Ел ішінде аз ба адам,
Осылайша жақсылар,
Бұл сияқты иттер көп.
Сипаты адам болғанмен,
Ұстанбайды бидасын,
Жақындассаң жаманмен
Жатып тұрып ұрысасың.

Жинақтап айтқанда, өлеңнің мазмұнында қазақ тұрмысында қалыптасқан ата-бабаның ізгі дәстүрлері жырланады. Атап айтқанда, текті әулеттің қызына үйлену, адамгершілік сапасының қарама-қайшылықты белгілері (мәрттік, сараңдық, мақтаншақтық, кекшілдік және т.б.) Жүсіптің «Адамдық пен надандық» деп аталатын өлеңінде де қарама-қарсы мінез-құлық ерекшеліктері салыстырыла жырланады. Ақын адамдардың мінез-құлық қасиеттерінің әр түрлі сапада болатынын өмір шындығы қалпымен дәлелдейді. Фәнидің өткіншілігі, ұрпақтар толқындарының ауыспалылығы, ақылдылық пен надандық сипаттары, салмақты және жеңілтек мінез иелерін салыстыру мәселелері түйінделе өрнектеледі:

Дүниеге кімдер келіп, кім кетпеген,
Табиғат – түбі терең қол жетпеген.
Өтерін өмірінің біле тұрып,
Маңдайын пенде бар ма терлетпеген.
Баз біреу көп ақылға ие болып,
Жұмысын ешбір жанға жөндетпеген
Баз біреу мал базарын мақсат етіп,
Ауруын адамдықтың емдетпеген.
Ақылдың ауырлығы қорғасындай,
Көңілді бұзық іске өрлетпеген.

Жүсіп Ешниязұлының терме-толғауларының да осы айтылған бағалауға сәйкестігін аңғарамыз. Қазақ сөз өнері алыптарының мұраларын бағаламайтын, өздерін ғана зор тұтқан дүмбілез еліктеушілердің жағымсыз қылықтарына да өткір сын айтылады:

Дүрлерді мұндай еліктеп,
Адасып жүрген адам көп:
Есегін – «Ат», – деп сабалап
Көре алмайтын – көрмәдік.
Соларға да сын тағар,
Сыртынан шулап, табалап.

Жүсіптің «Сыр бойының сүлейлері» атты терме-толғауында да ақынның халқының алдындағы азаматтық парызы, өзіне дейінгі көрнекті ұстаз ақын-жыраулардың өнегесін ардақтау жырланады. Өзінің халық алдындағы жауапкершілігін перзенттік кішік көңілімен білдіреді:

Есендікпен қауышып,
Кездескен соң аға-іні.
Төбемнен қызмет етейін,
Тал шыбықтай иіліп...
Табылса сөзің, таңырқат,
Тамсандырып таңдайды,
Жиынға барған қыздардай,
Үстіне жібек киініп...
Ел ішінде атақты,
Даңқты талант шайыр көп,
Шопандай бағыт дүрлікті,
Алдына жүрген иіріп.

Терме-толғауда адамның текті әулеттің ұрпағына үйленуі, қас батырдың, бекзаданың асылдығына, «Алтын бесік ел ішіндегі», «Жақсы-жаман жайда бар» екендігіне баға беріледі. Ақын тіршілік қозғалысындағы уақыт пен кеңістік жүйесіндегі пайдасыз, жағымсыз нәрселерді, құбылыстарды санамалайды. Терме-толғаудың түйіндеулері адам мен табиғаттағы жанды, жансыз заттарды егіздеу арқылы жеткізеді:

Сыпаты бірдей адамдар,
Ерден ердің ісі артық.
Жасаты келмес күмістен,

Сұлулап соққан мыс артық,
Жаңбырсыз өткен жаз күннен,
Жайлы болған қыс артық.
Тұрымтай атты күнінде
Тұғыры құтсыз болған соң,
Қайырлы болған қарақұс артық.
Құрымы тамған қараша үй,
Ықыласты болса адамы,
Таза болса тамағы
Боз ордадан үй артық.

Қазақ ақындарының аңшылық, саятшылық және махаббат тақырыбындағы өлеңдері бір-бірімен сабақтаса жырланады. Тіршіліктегі эстетикалық дүниетаным өрісіндегі заттар мен құбылыстардың өзара бірлігі анық. Адам мен табиғат құбылыстары жаратылыстың біртұтас жүйесі аясында өзара жалғаса құрылады. Жүсіп ақынның лирикалық өлеңдерінде тіршілікке және адамға деген көзқарастар өзара жалғасқан дүниетаным кеңістігінде жырланады. Адамзаттың пайда болуы мен қалыптасуы кезеңдерінің барлығында да ең басты мәселе – еркек пен әйелдің сезім әуендері.

Жүсіп Ешниязұлының бірқатар өлеңдері саяси-әлеуметтік, азаматтық сарында жырланады. Халықтың тарихына, тағдырына арналған өлеңдерде ақындар жат жұрттықтардың басқыншылық, отаршылдық қанауына түскен заман келгенін шынайы қалпымен жырлайды. Жүсіптің «Өткен заман» атты өлеңінің идеялық-композициялық құрылымында қазақ халқының басынан өткізген түрлі тарихи кезеңдер шындығы жырланады: біріншісі – Қоқан хандығының билеп төстеген уақыты; екіншісі – Ресей патшалығының отарлық бұғауында болған кез; үшіншісі – Кеңес өкіметі заманы.

Қоқан хандығының озбырлық іс-әрекеттері өктемдік, зорлық түрлері қалпында реалистікпен бейнеленеді:

Сарттың бегі қабақ түйіп сұстанса,
Сорлы шаруа саулы інгендей күйлеген,
Жылда алып екі зекет зарлатып,
Ондай өртке ел қалған жоқ күймеген.
Жақсы ат болса әкімдердің астында,
Жорға, жүйрік жерге аяғы тимеген.
Әйелдерді тоқалдыққа алыпты,
Болса-дағы қалап өзін сүймеген.
Талай жастың күні өткен жылаумен,
Ерке нардай иесіне имеген.
Сұлу қыздың бетін қазақ күйелеп,
Адам көрсе киіз үйге сүйреген.

Ресей патшалығының отарлық бұғауына түскен жылдар – зар заман ақындары жырларының басты ерекшелігі. Жүсіптің зар заман поэзиясымен де үндесетін ойларын байқаймыз. Патшаның отарлық саясаты зардаптарын жырлаған өлеңдерінің көлемі аз болса да, халқын сүйген гуманист ақынның заман шындығы шыншыл тілмен жырлаған сыншылдығын анық танимыз. Осы «Өткен заман» атты өлеңіндегі қазақ халқына ауыр зардаптар әкелген Ресей патшалығы қарауында болған кезең шындығы мағыналы жолдарымен бейнелене жырланады.

Мұнан кейін ел патшаға табынды,
Жаққан қазақ иініне шен тағынды.
Өнерпазды өрге қарай жүргізбей,
Қаңтардағы нар бурадай шабынды.
Жыртық киім жалшыларға жанаспай,
«Шалғайма, шаң жұғад» деп қағынды.
Қыздар күң боп мал орнына сатылып,

Не сұлулар шалға тиіп шағылды.
Николайдың заманында бай мен би,
Сұлы жеген бедеу аттай бағылды.
Құлақтар мен қожа молда құтырып,
Ұлықтардың сөзін сөйлеп жағынды.
Жалшылар мен шаруаға сан тимей,
Қорлық тонын күнде үстіне жамылды.

Демек, Ресейдің отарлық құрсауындағы қазақ халқының осындай тағдырын реалистікпен бейнелеген Жүсіп ақын өлеңінің маңыздылығы ақиқат. Жүсіп Еш尼亚зұлы және онымен тектес көптеген ақындар мұралары көп жылдар бойы қоғамдық-әлеуметтік идеологиялық себептерге байланысты қарастырылмай келеді. Қазақстанның тарихында діни-ағартушылық, имандылық сипаты айқын Жүсіп Еш尼亚зұлының мұрасын әлемдік және ұлттық дәстүрлер сабақтастығы, үндестігі тұрғысынан қарастырудың өзектілігі айқындала түседі.

Жүсіп ақынның адамгершілік қағидаларының негізі үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, сабырлық, кішіпейілділік. Оның пікірінше, ел тірлігінің негізі - бірлік пен татулық. Араздық елдің тұрақсыздығына, бүлінугіне апарар құбылыс. Өмірдің қысқалығын мысал ете отырып, халықты бірлік пен татулыққа шақырады, араздықтың кім де болса да жақсылыққа апармайтынын, ашуға бой алдырмай, барлығын ақылмен шешуге өсиет айтады.

Өлшеулі өмір сүріп, кетіп жатыр,
Пәниден жақсы-жаман, мендей әркім.
Ерегіс – ел ішінде дау көбейсе
Ерлерің түзелмейді ойла, қалпың.
Қалайда қарындасқа қоғамда боп,
Кеңкіме, кішіктеңгін келсе қартың!
Ақиқат пенде болса, өлмек рас,
Елемейд күн ілгері, ешкім парқын.
Береке татулықтан табылады,
Сақтансаң сабырлы бол, бұзбай әлпің.
Араңа араздық от тұтандырма,
Білгенге: ашу-дұшпан, ақыл-алтын.

Сыр бойының белгілі ақындарының бірі Шегебай ақынның жырлары ағартушылық бағытпен қатар, әлеуметтік философия саласында құнды ой-толғамдарымен маңызды. Ақын адамгершілік, өмір мен оның мәні тақырыптарында қызықты, мәнді пікірлер қалдырады. Ақынның өмір туралы толғауларында дүние мен байлықтың алдамшылығын, опасыздығын, адамның бұл өмірден о дүниеге алып кетері тек алты қарыс ақ мата кебін ғана екені туралы ой толғайды. Әрине, адам пенде. Адам өзінің бек күндік қысқа ғұмырында пенделікке салынып, дүние шіркіннің артынан қуып, байлыққа, дәулетке ұмтылады. Ақын ойы қаншама дүние мен байлыққа ие болғанмен, өмірлік қызықтың алдамшылығын ұмытпау қажеттігі туралы толғамға келіп тіреледі.

Жалғаннан өтті неше патша мен бай,
Еткен жоқ ерлер тоқтау, жарағы сай.
Ойласаң опасы жоқ, бұл дүниенің,
Болғанмен әуелі шат ақыры у-ай.
Ақ мата, алты қарыс қолға ұстарың,
Жүрсеңде дүние малың жерге сыймай.

Әлібек ақын өлеңдері елді, туған жерді мадақтауға, қасиетін түсінуге, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінің, қазақтың сөз өнерінің құдіретінің маңызы мен мәнін насихаттауға арналған. Өз жырларында ақын Сыр елінің бастан өткерген қайғы-қасіретін, қиыншылығын жырға қоса отырып, туған жерін анасына теңейді. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында жерді Анаға теңеу, Ана ретінде

қабылдау дәстүрлі құбылыс. Жер –Ана ұғымы дүниенің аналық бастамасын білдіретін қасиетті ұғым. Ақын Сыр жерінің асқақтығын, сұлулығын жырлай отырып, оның берер бар ырзығы сол жердің халқының несібесі болу қажет деп санайды.

Құттықтау ел атынан сұлу сырым,
Арналды бір сен үшін сүйген жырым,
Өткерген көпті көзден анам едің,
Өзгерткен елдің сырын, жердің түрін.
Хан да өтті, қара да өтті талай-талай,
Кеудеңнен бастырмадың соның бірін.
Біз ғана байлығыңды пайдаланып,
Отырмыз ашайық деп Сырдың сырын.

Қазақ халқының дүниетанымында жаугершілік сарын кең орын алатыны бәрімізге белгілі. Әсіресе, жаугершілік тақырыбы жыраулық дәстүр шығармашылығында барынша кең қамтылған. Жаугершілік Ақтамберді, Доспамбет, Бұқар жыраулар толғауларының негізгі өзегі болды. Оның да өзіндік әлеуметтік алғышарттары болды. Қазақ қоғамының көшпелі өмір салты барысында сыртқы жаулардан қорғану, елді, жерді сақтау тұтас ұлт ретінде өзін сақтап қалу мәселесімен бір орында болды. Әлібек ақын да жыраулар дәстүрін жалғастыра отырып, өз жырларында ерлік рухқа толы өсиеттерін қалдырады, елді бірлікке, ерлікке шақырады.

Ел шетіне жау келсе,
Жау жиналып қау келсе,
Атқа мінбей сайланып,
Бас қаруды байланып,
Шынайы ерлер шыдай ма!
Асыл семсер асынбай,
Ашуланбай, ашынбай,
Халықтан тұман ашылмай,
Қастың қаны шашылмай,
Қас батырға ұнай ма?

Ақын жырлары жау басына ақыр-заман ойнатып, қырғидай тиген ерлердің ерліктерін мадақтауға, оларды кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде насихаттауға бағытталған. «Халықтан тұман ашылмай» дей отырып, ерлердің ерлігі халық игілігі, амандығы, азаттығына бағытталуы қажет деген өсиет айтады.

Біреуі сол қыранның Хасен батыр,
Ерекше тиді жауға ол да батыл.
Орнатпақ ол жауына, оқ ойнатып,
Басынан кетпес мәңгі заман ақыр.

Қазақ халқы сөз қадірін жақсы түсінген халық, сондықтан сөзді өз орнымен ғана қолданылуына аса мән берген. Мұны «тіл тас кесер, тас кеспесе бас кесер», «басқа пәле тілден» деген нақылдардан-ақ ұғынуға болады. Әлібек те өлең сөздің құдіретін жоғары бағалаған. Өз сөзінде өлең сөзді жауға алмас қылыш пен оқтан артық жұмсауға болатындығын айтады.

Өлеңім оқ боп атылып,
Жүйрікше жүйткіп есуде.
Ақ алмастай жарқылдап,
Жау өркенін кесуде.
Өлеңді оққа шыдамай,
Жау қарасы өшуде.
Қанды балық, қанқұмар,
Өз қанын судай кешуде.

Ақын адал еңбектің адам өміріндегі маңызын жоғары бағалайды. Еңбек еткен адамның жүзі жарқын болып, адам өмірден өткеннен кейін оның артында оның

ұмытылмас асыл мұрасы болып тек еңбегі қалатынын, сондықтан халықты еңбекке баулу адамның ең асыл қасиеттерінің бірі екенін тұжырымдайды.

Үйреткен ер еңбекке барлық халқын,
Ерлердің еңбегі артық, жүзі жарқын.
Өмірге ойласандар өлім серік,
Еңбегің азбас-тозбас қызыл алтын.

Қазақ халқы өмірінде жылқы малының, түлігінің алатын орны ерекше, төрт түліктің ішіндегі ең қасиеттісі, асылы. Басқа түліктерге қарағанда қазақ халқы жалқы малына ерекше қарап, оның күтіміне ерекше мән берген. Қазақ жыраулары мен ақындарының ішінде жылқыны дәріптемеген, жырға қоспағандары кемде-кем. Әлібек ақында осы бір ізгі дәстүрді жалғастыра отырып, жүйрік ат ер қанаты, ер мен ат ел қамқоры мен қорғаушысы деп санайды.

Асса анық тұлпар болып екі жастан,
Арасын айлық жолдың алты басқан.
Бесті аттың осы күні бейнесі бар,
Қарғыса жүкпай кетет қия тастан.
Жүйрік ат-ер қанаты, ердің досы,
Ер мен ат егіз туған елдің досы.
Бұл құлын заманға сай туған тұлпар,
Алып-анадан, ат-биеден деген осы.

Ақындар өлеңдері мен жырларында, әсіресе, жүйрік аттың мүсінін, тұрқын, бейнесін сипаттау көп кездеседі. Әлібек ақынның төмендегі өлең жолдарынан оның нағыз тұлпардың бейнесіне эстетикалық көзқараспен қарай отырып, керемет көркем тілмен, бейнелі теңеулерді орынды қолдана отырып жеткізгенін, яғни өмірдегі әдемілік пен сұлулықты тани, бағалай алғанын көреміз.

Қос құлағы кесіктей,
Омырауы есіктей.
Ерлердің кеуілін қоштаған,
Бауыры жарған төстіктей
Құйрықтың түгі істіктей.
Мысалы көзі тостаған,
От орнындай тұяғы
Жерді аударып тастаған.

Қазақтың әдет-ғұрып, дәстүрлерінің ішіндегі гуманистік мазмұнға толы институттарының бірі – қонақжайлық. Қонақжайлық қазақтың көшпелі өмір салтының қатал табиғаты жағдайында ең қажетті дәстүрі болды, өйткені жолаушының орнында кез-келген көшпендінің болу мүмкіндігі заңдылық. Сондықтан халық «Қонақжайық» дәстүрінің орындалуына аса мән беріп, оның бұзылған жағдайында билер тарапынан қатаң жазаланып отырған.

Үсенге кеп ек дөптеліп,
Мал соя ма деп ек бөктеріп.
Есенбай мырза отыр ғой,
Шайнаған былғарыдай беттеніп.
Мына шіркін қондырмас,
Қондырғанмен ондырмас.
Қора-қопсы көп екен,
Түнімен жақсақ тондырмас.

Әлібек ақынның өмір сүрген кезеңі билер институтының жойылған кезі болатын. Соған қармастан, атадан дәстүр болып келе жатқан қонақжайлықты бұзған адамдарды өткір тілмен сынап, ел алдында масқаралап отырған. Ал ел алдында масқаралау қазақ

қоғамындағы өлімнен де ауыр жаза блып саналады. Яғни, ақын ата-бабадан қалып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға, қадірлеуге асамән беріп, оның жауапкершілігін ұғына білген.

Әзілкеш ақынның жырларында қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы және ондағы адамдар арасындағы қарым-қатынас ережелер мен жүйелері, жаугершілік арын, ерлік пен батылдық, дос пен қас ұғымдары қамтылған. Қазақ халқының өмірінде «ағайын» ұғымының алатын орны ерекше. Оның бір алғышарты қазақ қоғамының рулық дәстүрге негізделіп өмір сүруге бейімделуі. Қазақ халқының жазалау жүйесінде «рудан аластату» ең ауыр жаза болып саналған, оның себебі рудан аласталған адам өмір сүрудің әлеуметтік жағдайларынан толықтай айрылады. Сондықтан, рудан аласталу өліммен тең болып саналған. Әзілкеш ақын, осы тұрғыда, ағайынның адам өміріндегі ролі мен орнын жоғары бағалаған.

Сондағы сенетінім сыртарыңнан,
Аға-інім арқа сүйер сендер едің.
Жүрсемде қиын-қыстау қандай жайда,
Есімнен кетпейді өсіп, өнген елім.
Сондықтан тіршілікте теңерім жоқ,
Кір жуып, кіндік кескен жерге менің.

Баспан ақын жырлары өз заманының шынайы болмысын, адам өмірінің құндылықтарын, бірлік пен адамгершілік қағидаларын, замана ағымын бейнелеуге арналған. Ақын ойынша, бұл өмірде мал мен дәулет те, өмірдің өзі де өткінші, алдамшы, сондықтан бұл өмірде жат пен жақыныңды танып, біршілігіңді сақта, ағайынның бірлігінен айрылсаң өзгеге, жауға жем боласың деген өсиет айтады. Қазақ дүниетанымында «бірлік» категориясы, жоғарыда айтып өткеніміздей, ел тұтастығының негізі, бақ пен құттың, берекенің кепілі. Өз жырларында елді бірлікке шақырмаған, қоғам өмірінде бірліктің маңызын атап өтпеген жыраулар мен ақындар кемде-кем. Баспан ақын да осы дәстүр шеңберінен аттап өтпей, ел бірлігінің маңызына тоқталып, бірлік азаттық пен теңдіктің кепілі екенін айтады.

Байлардың малы бір жұрттық,
Дәулетіне мас болған.
Батырдың жаны бір оқтық,
Тау шөгіп, дәрпі тас жарған.
Жағынып жатқа жем болар,
Біршіліктен айрылар,
Жақынымен қас болған.

Сейтжан ақын жырларындағы дүниелік ой-толғамдар өзегін адам мен өмірі, заман мен оның қайшылықтары, адамгершілік және ағартушылық идеялары құрайды. Ақын өз заманы ағымының өзгерістерін анық пайымдап, ескіліктен арылуға, жаңашылдыққа үндейді. Сейтжан ағартушы ақын, өз өлеңдерінде қу дүниенің соңына ермей, адамдық жолдан аттамай, жаңа өмірдің жаңашылдығы білім мен өнерді игеруше шақырады. Білім мен өнер жаңаша өмір сүрудің тәсілі, сол жолды бетке ұстанғанда ғана басқа деңгеңі озық ұлттардан кем болмай, олармен терезесі тең болатынын ескертеді.

Бауырларым неге мұнша,
Дүние деп зарладық.
Сол дүниенің қасіреті-
Адамдық жолға бармадық,
Білім, өнер үйренуге,
Назарды біз салмадық.

Ақынның ойы адамгершілік қағидаларынан аттамай, адалдықпен өмір сүру,

надандықтан арылып, ғылымға бет бұру, сол арқылы өркениетті елдер секілді бай, қуатты ел болу, өркениеттілікке жету. Аңғаратын болсақ, ақынның ой-толғамы қазіргі қоғам талабымен тлығымен үндеседі. Қазіргі ақпараттық, постиндустралдық қоғамның басты белгісі ақпараттың, яғни білімнің басты құндылық болып саналып, елдердің даму деңгейі өндіріспен емес, ғылымның даму деңгейіне сәйкес анықталатынын, өмір сүрудің басты тәсілі – тек білім ғана екенін ескерсек, Сейтжан ақын өз ойында білім арқылы өркениеттілікке, өмір сүрудің жоғары деңгейіне жетуге болатындығын тұжырымдайды.

Құрысын енді надандық,
Түсейік жолға адамдық.
Ісіміз болсын адалдық,
Болайық біз де бай халық.

Сейтжан ақын өмір сүрген кезең ақындарының барлығы дерлік заман ағымының өзгерісіне, қайшылығына, оның себептері мен алғышарттарын талдауға талап қылған. Ақын өз өлеңдерінде қазақ қоғамының орыс отаршылықтығының ықпалына түскенін, орыс өмір салтына еліктей бастағанын, соның нәтижесінде үлкенді сыйламау, құрметтемеу, құмар ойындарға салыну секілді бұрын қазақ қоғамында болмаған жағымсыз, жаман құбылыстардың дендеп енуін өткір сынайды.

Иванның түсіп кеттік тәртібіне,
Ойнайды жас балалар карта тартып.
Он бірден, он екіге келе қалса,
Шаруасын шыға келед мойнына артып.

Ақын ойынша, ең бірінші қағида - бұл адамгершіліктен аттамау, халықты сыйлау, құрметтеу, халық үшін өмір сүру. Өз өмірін халық игілігі, мұраты, бақыты үшін арнау - бұл әрине зиялылықтың, тектіліктің белгісі, адамдық қасиеттердің ең жоғарғысы. Ақынның да ойы адам үшін ең бастысы халық үшін өмір сүру, халыққа қызмет ету, сыйлау халық алдында бас иіп өту.

Халықтан қорық, халыққа істе қызмет,
Кекіреймей басыңды и жүгініп.

Тірлік түбі – бірлік. Көнеден келе жатқан халық даналығы осылай дейді. Ақын ойында ел болудың тірегі тек бірлік қана емес, ескіліктен арылып, жаңашылдыққа ұмтылу. Ақын заман ағымының өзгерісін дәл бағамдай білген. Оның ойынша, ескілік шырмауында қалу - басқа жұрттың артында қалу, оның арты қайғы мен қасірет, отарлық, біреудің ықпалымен, еркімен өмір сүру, оларға бағыну, құлдық. Сондықтан, ақын ертерек ескі, заман ағымынан қалық түсініктерден арылып, қоғам болып ғылым мен өнерге бет бұру қажеттігі туралы ой толғайды.

Ерлерім ел болмайсың бірікпесең,
Астаудай айырыласың кірікпесең.
Қайғы мен қасіреттен құтылмайсың,
Өзгеріс еткен жайға ілікпесең.
Жал түгел жаптан да әрі аса алмайсың,
Ертерек ескі әдетті шірітпесең.

Имандылық ұғымының мағынасы кең. Имандылық бұл тек Аллаға сеніп, оған құлшылық жасау ғана емес, ақын пікірінше, жетімдерді жебеп, артына жақсы сөз, іс қалдыру. Адам өмірге келгеннен кейін, құмға сіңген су секілді болмай, артында естелік болар белгі қалдыру қажет. Сол белгі адамның өз өмірін босқа өткізбегенінің, оның өмірге босқа келмегенінің көрінісі болуы қажет.

Арманы жоқ әркімнің,
Артында белгі қалынса,
Ғажап емес, Мұхтаржан,
Мұратың нақтан табылса.

Жетімді бақсаң жетерсің,
Тілегі болар қабылша.

Сонымен, Сыр сүлейлері шығармашылығында адамгершілік мәселелері адам болмысының басты қасиеті ретінде ғана емес, қоғам өмірі мен адамдар арасындағы қарым-қатынастардың үйлесімділігін реттеуші ретінде де қарастырылған. Мұнда жақсылық пен жамандық, қайырымдылық пен зұлымды, пендешілік пен имандылық, байлық пен кедейлік, сараңдық пен жомарттық секілді адами қасиеттердің өзіндік диалектикалық байланысы ашылған. Әрине, адам ұғымы мәнін адамгершілік ұғымынсыз ашу да, түсіну де мүмкін емес. Осы тұрғыда адамгершілік қағидаларының ақындар дүниетанымында кеңінен қамтылып, олардың еңбектерінің өзегіне айналғаны заңдылық деуге болады..

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шораяқтың Омары. Сөйле, тілім, жосылып! Өлеңдер, дастандар, айтыстар. – Алматы: Рауан, 1995. -301б.
2. Шораяқтың Омары. Шығармалары. Терме-толғаулар, өсиет-мысалдар, айтыстар мен дастандар. –Астана: Фолиант, 2009, -336б.
3. Тұрмағанбет Ізтілеуұлы. Шығармалары. I том. Алматы, Жазушы, 2007 ж.
4. Кете Жүсіп (өлең-толғаулар, дастандар мен айтыстар). Алматы, Арыс баспасы, 2003ж.
5. Жанбершиева Ұ. Тұрмағанбет Ізтілеуовтың әдеби мұрасы. Алматы, Арыс баспасы, 2013 ж.
6. Шегебай мен Әлібек ақындар. Алматы, Арыс баспасы, 2007ж.
7. Егізбай Н. Сыр сүлейлері. Қызылорда, 2001 ж.
8. Сейтжан ақын мен жорықбай жырау. Алматы, Арыс баспасы, 2006 ж.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асылбекова Д.Р., Оразбақов А.Ж.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Әр кезеңде, әр дәуірде ғалымдар, философтар әртүрлі мемлекеттердің модельдерін жасауға тырысты. Олардың әрқайсысы өз мемлекеттерінің нақты түрлерін анықтап, қай мемлекет қоғам үшін жақсырақ және қайсысы қолайсыз екенін көрсетуге тырысты. Олардың ішінде әл-Фараби ерекше орын алады.

Ұлы ғалым, философ, музыка теоретигі Әбу Насыр әл-Фараби ғылымның әртүрлі салаларының дамуына үлкен үлес қосты. Оның сыртқы келбеті, идеялары, осы әлемді түсінуі тек қарттар ғана емес, сонымен қатар жас буын үшін де өзекті. XX ғасырдың белгілі философы, әлеуметтанушысы және қоғам қайраткері П.Н. Федосеев былай деген: «Таяу Шығыстың тарихында терең және кең ғылыми ойларымен және әртүрлі энциклопедиялық білімімен ерекшеленетін әл-Фарабиға тең ғалым табу өте қиын». Ақыр соңында, трактатты оқып отырып, әркім өзі үшін өмірді түсінуде, іс-әрекеттерін түсінуде жаңа бір жаңалық ашады.

Әл-Фараби адамның білімге деген құштарлығы мен қоғамның бақытты түсінуге деген ұмтылысында бірінші орынға ие. Оны бір қоғамның немесе ұлттың өкілі деп атауға болмайды. Әл-Фараби - түркі тілдерінің ғана емес, парсы, грек, үнді мәдениеттерінің де құндылықтары мен жетістіктерін синтездейтін, ортақ белгілерді таба білетін, әлемдік деңгейдегі адам.

Әл-Фарабидің трактаттарында қарастырылған негізгі мәселелердің бірі мемлекет көзқарастарына қатысты мәселе болды. Өз еңбектерінде, әсіресе «Виртуалды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» ол мемлекетті - қала деп атады. «Қала» сөзі біз қолданып жүрген мағынада емес, басқа мағынада түсініледі, яғни қала - бұл жеке тұтас қоғам немесе мемлекет.

Сонымен, «мемлекет» түсінігі нені білдіреді? Әл-Фараби қай мемлекетті ерекшелеген? Оған не кемелді болып көрінді және не дұрыс болмады?

«Мемлекет» сөзін Әл-Фараби қолданбағанмен, қала дегені мемлекет деген ұғымды білдірген. Оның мағынасы «мемлекет» түсінігіне енгізілген, бірақ сонымен бірге негізгі мағынасы келесідей болып қалды: «Мемлекет - бұл заң мен қоғамдық мүдделер мәселелерінде өзара байланысты адамдардың қадір-қасиеті. Адамдарды біріктірудің себебі олардың әлсіздігі емес, керісінше туылғаннан бірге өмір сүру қажеттілігі».

Өзінің трактаттарында Әл-Фараби қала күйлерінің екі негізгі түрін анықтайды: «надандар» және «Ақкөңілділер». Ол осы екі түрдің арасындағы толықтай айырмашылықты өзінің «қала тұрғындарының көзқарастарына арналған трактатында» келтіреді. Әл-Фараби мемлекеттерінің осы екі түрінің негізгі шекаралары келесі айырмашылықтармен қанағаттандырылған:

Қала тұрғындарының көзқарастары. «Ақкөңіл» қала тұрғындарынан өздері тәртіпті және жоғары адамгершілік қасиеттері байқалады. Әл-Фараби «надан» қала тұрғындарын «өздері үшін ешқандай пайда көрмей, зиян келтіргісі келетін және жойғысы келетін» жануарлармен салыстырады.

Басшылар. «Ақкөңіл» қаланың басшысы ағартушы билеуші болу үшін ізгілікке - интеллектуалдық және адамгершілікке ие болуы керек. Интеллектуалды қасиеттері - ақылдылығы, сенімділігі, пайымдаушылық қасиеттері болған. Сонымен қатар моральдық-этикалық ізгіліктер - шыншылдық, модерация, жомарттық, әділеттілік маңызды рөл атқарады.

Ал, «Надан» қаланың билеушісі ақылды емес, өзінің ләззаттарын іздейді, зорлық-зомбылық арқылы атақ-даңққа ұмтылады және биліктің мұрагерлік жолмен берілуін қамтамасыз етеді, оның басты мақсаты байлықты арам жолмен алу.

Бақыт туралы түсінік. «Ақкөңіл» қалалардың тұрғындары білім алу арқылы бақытты өмірдің ең жақсы және лайықты өміріне жетуді түсінеді. Ал «надан» қалада «бақытты адам - өзіне қарсы барлық нәрсені жеңіп шыққан адам» деп есептеледі.

Өмір мақсаттары. «Ақкөңілділер» - бұл қоғамдағы үйлесімділік пен тепе-теңдікке қол жеткізу, ал «надандар» болса, қалада - бұл денсаулық, байлық, ләззат, өз құмарлықтарына, атақ-даңқына және ұлылығына ерік береді.

Өз кезегінде «надан» қалалар бірнеше түрге бөлінеді. Бұл қалалардың ортақ белгілері бар. Бұл қалалардың тұрғындары түрлі заңсыздықтарға барады. Осы заңсыздықтарға сәйкес, «надан» қалалар: қажетшілдер, алдау, өршіл, ашкөз және ерсі қалалар, ластық пен бақытсыздықтарға бөлінеді. Қалада, қажет болған жағдайда, тұрғындар тек материалдық заттармен ғана шектелуге тырысады, олар «өмір сүруге арналған дене - тамақ, сусын, киім, баспана, жыныстық қатынас және басқа да көмекке» мұқтаж.

Биржалық қаланың тұрғындары бір-біріне тамақ пен байлықта көмектеседі, бірақ шынайы бақытқа жету үшін емес. Тынышсыздық пен бақытсыздықты сезіну мен қиялға әсер ететін қалада олар көңілді оятуға және өздерінің барлық көріністері мен ойын-сауықтарымен көңіл көтеруге тырысады.

Өршіл қала тұрғындары, бір-біріне өзін-өзі мақтау, бейтаныс адамдар тарапынан құрмет, даңқ пен ұлылықты сақтау мақсатында көмектесіп өмір сүреді. Олар өздерін барлық «сән-салтанатымен» басқаларға көрсетуге тырысады.

Биліксүйгіш қала - бұл басқа тұрғындарды бағындыруға тырысатын қала, олардың беріктігі, олар үшін қуаныш пен бақыттың негізі - басқаларды жеңу қажеттілігі.

Ерікті қала құмарлықты шектемейді. Яғни, бірінші кезекте материалдық, үстемдік, ақша, жыныстық қатынасқа табыну, өйткені ол ештеңемен шектелмейді.

Сонымен, Ұжымдық қала бар. Бұл - төмен мен жоғарыны біріктіретін қала. Онда зұлым адамдармен қатар, әділ адамдар да, Адамның жоғары атағына лайық данышпандар тұрады. Сондықтан, уақытылы және дұрыс таңдалған стратегиямен, ақылды билеушінің нақты күшімен ол «Ақкөңіл» қалаға айнала алады деген үміт бар.

Әл-Фараби, Багдадты ұжымдық қалаға кіргізді. Ол осы қаланы қатты жақсы көретін, бірақ оның кемшіліктерін көріп, оны «надан қала» санатына жатқызған.

Бүгінгі таңда көптеген саясаткерлер, тарихшылар, философтар, мемлекет қайраткерлері әл-Фараби трактаттарына жүгінеді, өйткені оның идеялары мен көзқарастары адамның, қоғамның және мемлекеттің дамуына дұрыс бағыт береді. Әл-Фараби еңбектері өмірді қайта қарастыруға, дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Көптеген мемлекеттер әл-Фараби шығармаларында суреттелген «Ақкөңіл» қала деңгейіне жетуге тырысады. Мемлекетіміздің дамуында да әл-Фарабидің идеялары байқалады.

Елбасы Н.А. Назарбаев өзінің «2050» бағдарламасында «мықты мемлекетке, дамыған экономикаға және жалпыға бірдей еңбек ету мүмкіндігіне негізделген әл-ауқат қоғамын» құруды мақсат етіп қойды. Ол сонымен қатар «дұрыс қойылған мақсаттар сәттілікке әкеледі» деп атап өтті. «Адамзат тарихы құпия мен қайшылықтарға толы.» Тарихты алға жылжыту дегеніміз - бүкіл әлем өмірінің одан әрі дамуына үлкен үлес қосу. Бұл туралы әр түрлі ұлттардың билеушілері, генералдар мен әртүрлі дәуірлердің қолбасшылары және әр түрлі дәуірдің философтары айтқан.

ОБЗОР ВНЕДРЕНИЯ ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЯ И ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТИ

Ахметжанова М.Д., Хамитова К.К.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби

В современном мире у социума нарастает спрос на энергосбережение и энергоэффективность отдельных сооружений, зданий, муниципальных объектов и различного вида предприятий. Энергоэффективность подразумевает собой комплексные меры по внедрению экономических, научных, экологических, правовых, технических мер на рациональное использование топливно-энергетических ресурсов и переход на альтернативные источники энергии. В связи с этим актуальным остается вопрос массового перехода населения и предприятий на энергоэффективный режим, разработка проектов по энергосбережению и экономического анализа различного рода отраслей и инфраструктур. Повышение энергоэффективности сокращает объем энергопотребления, необходимый для предоставления услуги. Экономия энергии лежит в основе многочисленных преимуществ энергоэффективности и связана со многими другими экономическими, социальными и экологическими выгодами.

Снижая общий спрос на энергию, эффективность может уменьшить зависимость от использования нефти, газа и угля. Поэтому энергоэффективность может играть решающую роль в обеспечении как долгосрочной, так и краткосрочной энергетической безопасности экономически эффективным образом.

Энергоэффективность также снижает вероятность перебоев в подаче энергии; единственный источник энергии, который не может быть прерван - это энергия, которая не используется. Кроме того, в случае сбоя, меры по повышению эффективности могут работать с чрезвычайными мерами по сохранению, чтобы уменьшить спрос. Это было эффективно продемонстрировано после Большого восточно-японского землетрясения 2011 года.

По оценкам экспертов [1], в период с 2000 по 2017 год во всем мире энергоэффективность повысилась на 13%. В крупнейших экономиках мира большая часть этих сбережений была получена в промышленности и строительном секторе. Так, повышение энергоэффективности с 2000 года в Германии и Соединенном Королевстве – двух крупнейших газовых рынках ЕС – стало главным фактором, обусловившим сокращение потребления газа и сокращение потребностей в импорте. В период с 2000 по 2015 год общий спрос на газ снизился на 11% в Германии и на 29% в Великобритании. Это снижение более чем компенсировало воздействие факторов, которые стимулировали спрос на газ, включая увеличение численности населения, числа домашних хозяйств, экономический рост и изменения в топливной смеси.

Энергоэффективность может способствовать снижению цен на энергоносители за счет снижения потребности в создании новых дорогостоящих мощностей по производству электроэнергии или передаче энергии и снижения нагрузки на энергетические ресурсы. Снижение спроса на энергоуслуги на нескольких рынках может привести к снижению цен на энергоносители.

Некоторые источники энергии (такие как нефть) являются мировыми сырьевыми товарами; изменение спроса только в одном регионе может не оказать существенного влияния на цены на энергоносители. Со временем глобальные энергетические рынки могут стать более тесно связанными, и тогда меры по повышению энергоэффективности позволят снизить цены на энергоносители во всех странах.

Экономические модели используют эластичность цен для представления того, как люди и предприятия реагируют на изменение цен на энергию и товары. Директивные органы должны быть осведомлены о ключевых ценовых изменениях и допущениях,

включенных в модель, поскольку они могут быть важными детерминантами результатов макроэкономического анализа.

Продолжительность изменения цен на энергоносители оказывает сильное влияние на поведение, особенно если доходы и доходность капитала изменяются – снижаются стимулы для инвестирования в акции или их замены. Некоторые исследования показывают, что долгосрочные последствия повышения цен на энергоносители или налогов могут превышать краткосрочные последствия в 3-4 раза. Потребители этих услуг менее склонны реагировать на краткосрочные изменения цен.

В настоящее время характерные особенности энергопотребления общества помогают получить современные интеллектуальные счетчики, термостаты и датчики. Переход на светодиодное освещение - это самое быстрое и простое действие, которое может предпринять любой бизнес для снижения энергопотребления, утверждают мировые менеджеры по внедрению углеродного треста[1].

По сравнению с другими электрическими источниками света светодиоды имеют следующие отличия:

- Высокая световая отдача. Современные светодиоды сравнялись по этому параметру с натриевыми газоразрядными лампами и металлогалогенными лампами, достигнув 146 люмен на ватт[4,5].

Для почти 60% медицинских учреждений в странах Африки к югу от Сахары, которые не имеют доступа к электричеству, а также для 28% медицинских учреждений и 34% больниц, которые имеют ненадежный доступ к электричеству, где медицинский персонал должен часто работать с загрязненными керосиновыми лампами и охлажденными вакцинами, находящимися под постоянной угрозой ухудшения, меры по повышению энергоэффективности, такие как замена существующих ламп на более эффективные светодиоды, а также использование эффективных солнечных холодильников постоянного тока обеспечивают снижение давления на существующую сеть, повышение надежности и снижение затрат.

Производство электроэнергии больше не является исключительно сферой больших коммунальных услуг. Заводы, домохозяйства и предприятия устанавливают солнечные батареи на крышах домов и свободных земельных участках. Новые цифровые технологии позволяют этим небольшим пользователям продавать излишки электроэнергии, вырабатываемой их солнечными батареями, в более широкую сеть. Такую практику применяют передовые по экономическим показателям страны, где наблюдается прогресс в научной сфере, в экономике и в экологии.

Эксперты советуют, что производство собственной электроэнергии с помощью возобновляемых технологий может быть разумным следующим шагом для разумного энергопотребления. На сегодняшний день энергоэффективность является основным разделом «Зеленой Экономики» в Казахстане. В Казахстане разработан ряд законодательных документов регулирующих энергоэффективность и энергопотребление, в частности внедрена «Методика по формированию топливно-энергетического баланса и расчету отдельных статистических показателей, характеризующих отрасль энергетики», утвержденная приказом Председателя Комитета по статистике МНЭ РК №160 от 11 августа 2016 года.

По данным международного энергетического агентства [1] экономика Казахстана продолжает оставаться одной из наиболее энергоемких в мире. Сегодня, наша страна занимает 119 место из 147 стран и превышает в 3,5 раза средний уровень стран ОЭСР (0,12 тонн нефтяного эквивалента на тысячу долларов в ценах 2010 года). Об этом передает МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу МИИР РК.

Рациональное использование энергии в значительной мере может снизить отрицательный эффект на состояние окружающей среды а также снизить затрат на энергопотребление в государстве. Согласно официальным данным Комитета по статистике Республики Казахстан [2] количество энергии поставляемых от

возобновляемых источников составляло в 2010 - 740 т.н.э (тонна нефтяного эквивалента), в 2017 году – 1067 т.н.э. (1,3%) в 2018 году - 970,6963 т.н.э. (1,2%) в частности предпочтение отдается гидроэнергетике, что составляет за 2018 год 894 т.н.э. (1,1%) а также солнечной энергии за 2018 год составляет – 51,9 т.н.э (0,1%). В этих данных наблюдается позитивный скачок в пользу возобновляемым источникам энергопотреблению с 2010 по 2018 годы. Доля выработанной электроэнергии от возобновляемых источников энергии в общем объеме выработанной электроэнергии с 2011 по 2018 год в среднем составляет – 9,8%. Энергоёмкость с 2011 по 2018 год в среднем – 0,43 т.н.э., т.е. снижение энергоёмкости в общем количестве поставляемой первичной энергии.

Казахстан продолжает развивать принципы энергосбережения и энергопотребления. Например, в конце прошлого года запущена дисконтная программа в крупных городах, таких как Алматы, Нур-Султан, Павлодар, Караганда и Актобе [3]. Система предлагает возможность бесплатно сдать старую бытовую технику в специализированную службу на дальнейшую утилизацию и получить специальный сертификат. Возможно, в новом десятилетии в стране, да и в мире целом, можно будет наблюдать резкий скачок в динамике объема энергоэффективности.

Список использованной литературы:

1. Multiple Benefits of Energy Efficiency. Официальный сайт IEA (Международное Энергетическое Агентство) - www.iea.org, 2020
2. Официальный сайт Комитета статистики Республики Казахстан - www.stat.gov.kz, 2020.
3. Казахстан повышает энергоэффективность экономики// Международное информационное агентство Kazinform, 2019.
4. Натриевая лампа — статья из Большой советской энциклопедии (3-е издание)
5. Байдаков С.Л. Гашо Е.Г. Анохин С.М. ЖКХ России./ Деп. ВИНТИИ 3 марта 2005 г. № 305 - В2005. / www.rosteplo.ru/kniga_gkh.php

ҚАРАТАУ ЖОТАЛАРЫНДАҒЫ САУЫСҚАНДЫҚ ПЕТРОГЛИФТЕРІ

Әлибай Б., Тәжекеев Ә.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мелекеттік Университеті

Қаратау сілемдері – Тянь-шань тауының батыс бөлігінің жалғасы болып табылады. Қызылорда облысының Жаңақорған және Шиелі аудандарының тұсына Қаратау сілемдері жетіп жығылады. Тарихта өзіндік ерекше орны бар, қазіргі таңда маңызды ескерткіштер қатарында.

Қаратау ішінде көптеген археологиялық ескерткіштерге бай. Бұл ескерткіштердің басым бөлігі «Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы» атты 2011 жылы жарыққа шыққан еңбекте жарияланған. Археолог Ә.Ә.Тәжекеев Қаратау ескерткіштерін бірден-бір зерттеуші белгіліғалым М.Елеуовтің археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде есепке алынған ескерткіштері бойынша бірнеше топқа бөледі:

1. Петроглифтер (жартас суреттері);
2. Обалы қорымдар (жеке обалар, «мұртты» обалар);
3. Қалашықтар;
4. Қоныстар[1].

Осылардың ішінде жартас суреттері ең көп кездеседі. Олар Қарасүйір, Қаратас, Қоспа, Құланшы, Күйкентай, Нарынбай, Нұрмаханбұлақ 1, 2, Табалдыбұлақ, Дарбаза,

Дәуітбайсаз, Қоскөл, Қаратоғай, Сатайбұлақ 1, 2, Сауысқандық, Шалабай, Тасбұлақ және т.б.[2].Мақалада аталған ескерткіштердің ең ауқымдысы Сауысқандық туралы баяндаймыз.

Қазақстанда 200-ден астам жартас суреттерінің шоғырланған орындары белгілі болып отыр. Солардың ішінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми айналымға түскендері: Ақбауыр, Арпаөзен, Баянжүрек, Ешкіөлмес, Қаратау, Қойбағар, Майдантал, Мойнақ, Таңбалы, Теректі-Әулие және т.б. Тәуелсіздік жылдары осы ескерткіштер жайлы құнды еңбектер жарыққа шыққан.

Ал Сауысқандық петроглифтеріне келсек, Жартастағы бейнелер ғалымдар тарапынан зерттеліп, М.Қ.Қадырбаев пен А.Н.Марьяшевтың «Наскальные изображения хребта Каратау» атты кітабында жарияланған[3].2004 жылы археолог М.Елеуов географиялық координаттарын анықтап, жартастағы суреттерге толық сипаттамасын берген. Жартас суреттері Үлкен Сауысқандық және Бала Сауысқандық тауларының аралығында орналасқан суреттерді шартты түрде: 1, 2, 3, 4, 5 деп бірнеше топқа топтастырып қарастырады[4].

2005-2014 жылдар аралығында белгілі археолог З.Самашев жетекшілігімен жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Сауысқандық жартас суреттерін қола, ерте темір, ортағасырлық кезеңдерге және қазақтардың жартасқан салынған бейнелеу өнері туындылары деп кезеңдерге бөлініп, жүйеленді [5].



1-сурет. Сауысқандық петроглифтері. Фото Б.Е. Әлибайдыкі

Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы Еңбекші ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде орналасқан. Олар Атасауысқандық, Баласауысқандық тау жоталары, сондай-ақ Сауысқандық өзенінің оң жағында орналасқан Сүлеймен жайлауының іргесіндегі Үлкеншоқы, Кішішоқы тау жоталары жартастарында салынған.Қаратау жартас суреттерінің мерзімдік ерекшеліктері ежелгі қола дәуірінен бастап, ортағасырлық қазіргі этнографиялық кезеңдерге дейін созылып жатыр. Жартас суреттерінің басым бөлігі қола дәуіріне жатады. Суреттер тіршілік тынысын бейнелей отырып, қола дәуірі адамзаттың шығармашылық дамуының жарқын кезеңі болғандығын айқындайды.

Қола дәуірінде өнер түрлері, оның ішінде петроглифтер, яғни, жартасқа сурет салу өнері дами бастады. Жартастың теп-тегіс жазық бетіне аңдардың, адамдардың

бейнесін немесе белгілі бір сюжеттік желіге құрылған тұтастай композицияны шекімелеп түсірген.

Бұл уақытта репертуарлары түрленіп, адамның қоршаған ортаға деген көзқарастары күрделеніп, шаруашылық-мәдени қызметтерінде технологиялық дамуы нәтижесінде ой-танымындағы өзгерістер жартастарға суреттермен салынады.

Олар ашық аспан астында су көздерінде орналасып, түрлі культтік-мистикалық табыну ғұрыптарын жасап, діни-мифологиялық көріністерін жартастар беттеріне түсірген, жартастағы суреттер арқылы айналада болып жатқан құбылыстарды, өздерінің білетін білімі мен тәжірибесін, өздері жөніндегі мәліметтерді символдар арқылы кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған. XX ғасырдың 60-70 жылдары археология ғылымында жартастар суреттеріне деген аса қызығушылық бүгінгі күні ғалымдардың жеке дара зерттеулеріне әкелді. Соңғы жиырма-отыз жылдықта әлем ғалымдары арасында да жартастағы суреттерді зерттеуге жалпы ұмтылыс тарихымызға жаңаша көзқарастар қалыптастыруда.

Қазақстан жері шөлді, шөлейтті аридтік зона болғанымен ерте кезеңнен бері қарай ата-бабаларымыз осы жерді мекендеген.

Қазақстанның шексіз таулы-далалы аймақтарынан жүздеген жартастар суреттерінің орындары анықталды, олардың оншақтысы ежелгі ғибадатхана орындары, яғни ежелгі адамдардың ұзақ уақыт бойы мекендеген тұрағы, рухани мәдениетінің жетістігі.

Қазақстандағы жартастар суреттерінің көп бөлігін зооморфтық бейнелер құрайды. Жартастардағы ешкі, арқар, өгіз, жылқы, құлан, түйе, таутеке, қабан және т.б. аңдардың бейнелері егіншілік шаруашылықпен қатар діни-наным сенімнің дамуымен байланыстырылады. Қаратаудағы Сауысқандық жартасындағы ит пен қасқырдың, бұғы бейнесін кездестіруге болады.

Қола дәуіріндегі тайпалардың дүниетанымы түгелдей табиғатқа тәуелді болды, сондықтан адам табиғат күшін құдірет деп білді. Ең маңыздысы жартастағы суреттерде адамның түрлі бейнеде салынуы. Біріншіден, өсіп-өну культі (плодородия), екіншіден, сол кезеңдегі наным-сенімге сәйкес пұтқа табынушылық, үшіншіден, жақсылыққа, гүлденуге және сәттілікке ұмтылысты негізге ала отырып суреттердің салынуы.

Жартастағы бейнелер адамға күнделікті өмірде үй жануарлары да, дала жануарлары да таныс, шаруашылықта міндетті түрде пайдаланылғанын көрсетеді.

Әсіресе аңдар бейнесі кішігірім ғибадатханаларда көптеп кездеседі. Олардың ішінде ешкі мен арқарлардың бейнеленуі ғұрыптық дәстүрмен, яғни көктем мерекелерін қарсы алу немесе егіншілік культімен байланыстырылады.

Қола ғасыры ғибадатханаларында ешкі бейнесі ең көп кездесетін бейне болып табылады. Жартастар суреттерінің ішінде стилистика бойынша «зооморфты» ешкінің бейнеленуі анық реалистік емес мінез-құлықты бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

З.С.Самашев пен С.С.Мұрғабаеттың «Сауысқандық жартастар суреттеріндегі қола дәуірінің бейнелері» атты мақаласында әр түрлі кейіпте кескінделген антропоморфты бейнелер мен өніп-өсу культіне байланысты ортақ композициялар жиі кездеседі[6]. Олардың кескінделу пішінінде белгілі бір тұрақтылық болмағанымен барлығына ортақ белгі күн іспеттес шуақ, нұр т.б. белгілердің болуы. Жартастар суреттерінде күнбасты кейіпкер кеңінен таралған. Олардың қатарында Орталық Қазақстанның Байқоңыр жартастар суреттері, оңтүстіктің Ішкі Қызылқұм жартастар суреттері, Саймалы-Таш жартастар суреттерін айтуға болады. Бұл кейіпкерлердің айқын бейнесі Тамғалы жартастар суреттері де кескінделген. Ал біз қарастырып отырған Қаратау жотасында күн бейнесі көп жағдайда таңба, белгі ретінде кескінделіп кең тараған. Ал антропоморфты кейіптегі күнбасты бейнелері соңғы кездерге дейін бұл аймақта белгісіз болып келді. Әйтседе соңғы

зерттеулердің нәтижесінде олардың сирек те болса жартас суреттерінде кездесетіндігі байқалып отыр. Мысалы, Сауысқандық жартас суреттерінде кездесетін екі күн бейнесі өзінің кескінделу ерекшелігі жағынан Тамғалы жартас суреттерімен өте ұқсас болып келеді. Сауысқандықтың негізгі топтарынан алшақтау орналасқан жартастардың бірінде күн бейнесі кездеседі. Сауысқандық III тобында кеудесі қос үшбұрыштан тұратын «садақшылар» бейнеленген көріністе қолын бүйіріне таянған «шуақ» ретіндегі сызықтар орнына басын айнала ойықтар көрсетілген антропоморфты бейнені көруімізге болады.

Сауысқандық жартас суреттерімен қатар, жерлеу орындары да кездеседі. Жерлеу ғұрпы, жалпақ тастардан жерге жартылай батырып, орнатқан қоршау түрінде болып келеді. Тас қоршаулардың пішімі әр түрлі, тіктөртбұрышты, кейде тіпті шаршы (квадрат) түрінде де кездеседі. Әдетте, қоршаудың орта шенінде қабір болады. Қабір қабырғалары кішігірім жалпақ тастардан қаланған тас сандық сияқты. Тас сандық үсті (беті) бір немесе екі-үш жалпақ тастармен жабылады. Кейде тас сандықтың қабырғалары да тігінен қойылған үлкен жалпақ тастардан жасалады. Яғни, осы аумақтағы жерлеу орындарымен, жартастарға салынған жартастағы суреттерден байқап, қола дәуірінің тайпалары өмір сүрді деп толық сеніммен айтуымызға болады. Осындай жерлеу орындарының құрылысы Орталық Қазақстандағы қола дәуіріне жататын Нұра кезеңінің ескерткіштеріне де тән.

Мақаланы қорытындылағанда бұрын маңыздылығына тоқталып өткенді жөн санадым. 2019 жылы желтоқсан айында жетекшіміз Тәжекеев Әзілхан Әуезханұлымен Қаратаудағы Сауысқандық петроглифтеріне барып, танысқан едік. Аталған ескерткіш қола дәуіріндегі тайпалардың тұрмысы мен мәдениетінен сыр шертеді, оларды зерттеу біздің төл тарихымызға аса қажет екені сөзсіз. Осылай анық сөйлеуімізге негізде жоқ емес. Себебі қазақ халқының антропологиялық негізі осы дәуірден бастау алады. Оған тағы халқымызға тән этникалық, мәдени және шаруашылық элементтерінде қосыңыз. Қаратауда ертеден қалған жартастағы суреттерді зерттеу қалыптасып келе жатқан жас маман ретінде менің қызығушылығымды туғызды. Бұл жерде қандай тайпалар мекендеді, неліктен басқа жаққа қоныс аударды деген сауалдар мен үшін ғана емес ғалымдардың алдында тұрған шешімін таппаған сұрақтар.

Әдебиеттер

1. Тәжекеев Ә.Ә., Төлебаева Н.Б. Қаратау жоталарындағы тарихи мұралар (Қызылорда облысы бойынша) // Қазақ тарихы. Алматы, 2020. №4 (181). 2-4 бб.
2. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы, 2011. 504 б.
3. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата, 1977. 229 с.
4. Мургабаев С. Сауысқандық жартас суреттері // Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы, 2011. 460-464 бб.
5. Самашев З., Мургабаев С., Елеуов М. Сауысқандық петроглифтері. Астана, 2014. 374 б.
6. Самашев З., Мургабаев С., Сауысқандық жартас суреттеріндегі қола дәуірінің бейнелері // «Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі Арал-Сырдария өңірінің орны» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, 2009. 28-34 бб.

THE IMPACTS ON INTERACTING THE BLENDED LEARNING ENVIRONMENT

Balmagambetova G., Tanybergenova S.S.

Korkyt Ata Kyzylorda state university

Information and communication technology has pervaded the fields of education. In recent years the term “e-learning” has emerged as a result of the integration of ICT in the education fields. Following the application this technology into teaching, some difficulties have been identified and this have led to the “Blended learning” phenomenon. The aim of this work is to investigate the advantages of blended learning over face-to-face instruction.

The present work revealed that blended learning is more favorable than pure e-learning and offers many advantages for learners like producing a sense of community or belonging. Blended learning can be considered as an efficient approach of distance learning in terms of students’ learning experience, student-student interaction as well as student instructor interaction and is likely to emerge as the predominant education model in the future. “We are living in an ever-changing world” [Sethy, p.29]. Through the past decades, the world of education has been varied by the fast and rapid revolution in computer and the Internet technologies which according to Sethy “new findings are generated and become established at breathtaking speed” [Sethy, p.29]. This has revolutionized teaching and learning particularly distance education. The arrival of World Wide Web (WWW) has increased the demand for distance education and concepts like online learning or e-learning has emerged, as a result. The system of online learning has been largely used in higher education, and a lot of studies have been done to discover both its strengths and weaknesses [Wang, 2010].

Since e-learning environments present some disadvantages such as inhibiting the socialization process of individuals resulting in lack of face-to-face communication, a new environment has surfaced. This new environment combines the e-learning and the classical learning environments. It has been termed as blended learning, hybrid or mixed learning. The foremost goal of blended instruction was to overwhelm drawbacks of pure online instruction. Since either pure e-learning or traditional learning hold some weaknesses and strengths, it is better to mix the strengths of both learning environments to develop a new method of delivery called blended learning [Azizan, 2010]. The application of blended instruction has quickly increased because varied delivery methods can increase students’ satisfaction from the learning experience as well as their learning outcomes [Lim, & Morris, 2009]. The three most common definitions of blended learning:

1. a combination of instructional modalities (or delivery media)
2. a combination of instructional methods
3. a combination of online and face-to-face instruction

However, the third definition is mostly accepted by scholars. Some scientists declare that there are two significant elements in defining blended learning and those are online and face-to-face instructions. Blended learning is a mixture of online learning and classroom that contain some of the facilities of online courses with the presence of face-to-face communication. Parallel with the growing use of ICT in the educational setting, blending learning approach can be contributing tools to complete face-to-face experiences.

Besides, blended instruction offers an active learning environment with flexibility in using resources for the students and provides more time for faculty members to spend with learners in small groups or even individually. In addition, blended learning has the potential to change students’ experiences and outcomes through learning another advantage of blended learning environments is its potential to offer many sources for learners. The application of technology in physical classrooms offer extra resources for the students and this is expected to enhance learners’ confidence and competence as well as improve the quality of learning. There are other advantages of blended learning such as deep understanding of topics by using web based resources as well as active participation of students in class. Furthermore, online learning engagement provides an interactive setting for communication among teachers and students in

the classroom and may facilitate cooperative activities even beyond the classrooms. The major benefit of applying blended instruction is to overcome the shortcomings of online instruction and exploit various instructional process and delivery strategies in order to increase learners' satisfaction as well as boosting the learning outcomes.

Teachers and students communicate virtually via e-learning and this is the predominant feature of such a learning process, different from traditional classes in which instructors and learners engage in face-to-face interaction. Generally, all the terms which describe distance education via computer technology have a unique significance that is learning takes place while teacher and learner are separated. It is assumed that engagement in e-learning and virtual classes hinders e-learners from community interaction. By adding the human interaction to online learning, the educators have considered the human need for socialization which in turn will help the process of learning [Sethy, 2008]. This sense of belonging to a community which its absence in online learning may disturb improvement of common emotions and feelings among learners and instructors. Online or web-based learning environment offers the effectiveness and the flexibility that cannot be guaranteed in a classroom environment while face-to-face classes provide the social communication that students need for learning. So, the integration of these two environments into blended format reserves the advantages of both learning platforms. Hence, it can be concluded that one of the principal benefits of blended learning is providing a sense of community among learners.

Vocabulary is the backbone of any language. Without extensive vocabulary knowledge, even those who show mastery of grammar might experience the failure to communicate. Many foreign language learners know the feeling of not being able to remember the right word instantly in a conversation because of the limited range of vocabulary they know. This feeling of inadequacy often hinders further development of the language. On the other hand, vocabulary does help language learners to form sentences and express themselves in meaningful ways.

Mastery of vocabulary can only be achieved with the teaching strategies that appeal to various learning styles. Recent studies have proven many benefits of different technology-based instructional materials for effective verbal and written communication [Pazio, 2010]. Therefore, many higher education institutions today are using blended learning as a supplementary means in developing students' vocabulary knowledge. Blended learning approach in teaching foreign language has become a matter of considerable interest to language teachers all over the world. As opposed to pure e-learning which refers to using only electronic media to learn, blended learning supplement traditional face-to-face teaching and learning environment with different kinds of technology-based instruction.

Blended learning focuses on optimizing achievement of learning objectives by applying the right learning technologies to match the right learning styles to transfer the right skills to the right person at the right time. Teaching vocabulary through web-based tools is not totally a new trend. We have always used a "blend" of teaching approaches in order to provide as rich a learning environment as possible for our learners. What is new is the "expectation" of our learners to use technology in and out of the classroom as part of the learning process.

So, learners can expand their range of learning strategies and thus develop greater flexibility in their ways of approaching language learning. Thus, various instructional materials including videos, blogs, online forums and other digital tools provide students opportunities to practice the language outside the class.

A list of resources

1. Sethy S.S. Distance education in the age of globalization
2. Wang M. J. Online collaboration and offline interaction between students using asynchronous tools in blended learning
3. Azizan F.Z. Blended Learning in Higher education institution in Malaysia
4. Lim, D. H., Morris M. L. Learner and instructional factors influencing learning outcomes within a blended learning environment
5. Pazio M. Blended learning and its potential in expanding vocabulary knowledge

ӘЛ-ФАРАБИ ҒИЛМДЕРІНІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Батырхан З.С., Нурпейсова Н.Р.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Шығыс әлемінің көрнекті ғалымы, рухани ұстазы Әл-Фараби өзінен кейін кең көлемді мұра қалдырды. Әлемге әйгілі ұлы философ, ұлы ғалым математика, физика, филология, педагогика, жантану, әдістеме, химия, биология, философия, астрономия, минерология, медицина, логика, әлеуметтану, саясаттану, құқықтану, дінтану, музыка, астрология, этика және тағы басқа да салаларға өлшеусіз үлес қосып, ғылым атаулының негізгі бағыттарын дамытуға ерекше ықпал еткен.

Ол ғылымның түрлі салаларда 160-тан астам трактаттар жазып, өзіндік ізін қалдырған және жоғары мәртебелі екінші Ұстаз атты есімді иеленген. Фараби трактаттары бүгінгі күнге дейін ең жоғары бағаға ие болып келеді және әрбір ғылымға қосқан үлесі қазақ елінің рухани игілігіне айналуда.

Әл-Фарабидің ғылыми-философиялық шығармашылығының шеңбері өте кең. Ғұламаның «Даналық жауһарлары», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сияқты еңбектері мыңдаған жыл өтсе де өз мәнін жойған жоқ. Осы тұрғыда біздің зерттеуіміз солардың тек қана Әл-Фарабидің идеясының рухани жаңғыру, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясымен сабақтастығына арналған. Өйткені, ғұлама ғалымның кезінде жауап беруге тырысқан – қайырымды қоғам, бақыт, адамның жетілуі туралы мәселелер қазіргі біздің қоғам үшін де аса өзекті болып табылады.

Әл-Фараби шығармаларындағы игілік мәселесі Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауында мемлекеттің дамуындағы ұлттық сана-сезімнің маңызды рөлін айқындауымен де негізделеді. Барлық қазақстандық халыққа «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» рухани мақаласы барша қазақстандықтардың санасын жаңғыртуда үлкен дүмпу ретінде әсер етті. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасында халықтың санасын жаңғыртудың негізін алты бағытты қамтиды.

- 1) Бәсекелік қабілет
- 2) Прагматизм
- 3) Ұлттық бірегейлікті сақтау
- 4) Білімнің салтанат құруы
- 5) Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
- 6) Сананың ашықтығы [1].

Бұл бағдарлама Әл-Фарабидің философиялық доктринасында сипатталған қайырымды қала тұрғындарының әлеуметтік әлемімен көптеген идеялық ұқсастықтардан тұрады.

Мәселен, Шығыс әмірлерінің бірі Әл-Фарабиден: «Уа, Ұстаз, менің мемлекетімнің болашағы қандай күйде болмақ?» деп сұрағанда, Әл-Фараби: «Еліңнің болашағын білгің келсе, маған жастарыңды көрсет, сонан соң айтып берейін», деген екен. Осы ретте Әл-Фарабидің адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбиелеу ісі жастардың бәсекеге қабілетті болу, ХХІ ғасырға лайықты болу қажет дейтін, рухани жаңғыру идеясымен үндесетінін көруге болады.

Келесі «Прагматизм» бөліміндегі «Прагматизм – өзіннің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану

көргенділікті көрсетеді» [1], – деген ойлардың әл-Фарабидің бақыттың кілтін іздеу идеясымен сабақтасады. Ол бақытты қалада тұруды армандады және «Бақытқа қолы жеткен адам үшін ең жарастысы – қанағатшылық жасау», – деп бақытты қанағатпен ғана ұстап тұру мүмкін екенін айтты [2,62б.]

Мақаланың «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты үшінші бөлімінде «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. ...ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» [1], – деген тұжырымы Әл-Фарабидің ғылыми тұжырымдарындағы адам рухының кемелденуі санамен тікелей байланысты, тек сана ғана ақиқатқа жеткізеді деген ойына сай келеді[3,21б.].

Ал, білім жайлы кемеңгер бабамыз оның нұрымен кемелденген рухқа ешқандай күш кедергі, тосқауыл бола алмайтынын баяндайды. Адам рухының тұрақтылығы, ең алдымен, оған нәр беретін, дәлелді тәжірибе мен терең ой толғаныстарының сүзгісінен өткен, сөйтіп орнықты пікірге ие болған санаға байланысты дей келіп, рухты сананың сәулесі түсіп тұрған айнаға теңейді [3,20 б.]. Ол тәрбиесіз берілген білімнің зиян екенін айтты. Яғни, тек материалдық байлық тұңғыш адамға бақыт әкелмейтінін ескертті.

Бұдан бөлек ғалымның білімге қатысты пікірлерін «Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатады. Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жәй ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек. Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбеңнен көп алыста жатады. Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы» - деген оның нақыл сөздерінен байқауға болады. Яғни, әл-Фараби адам баласының білімі мен парасатты ойын терең бағалаған қаламгер.

Ол өзінің «Азаматтарды бақытқа жетелеудің жолы» атты еңбегінде: «қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе, әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді», - деп тұжырымдайды. Оның пікірінше: «оқып-білім алу арқылы дүниені танып білуге, оның әсемдігі мен толыққандылығын байқауға болады. Әрі оқып-білу үшін, әртүрлі кәсіпті меңгеру үшін, адамгершілік қасиетті қалыптастыру үшін, талмай еңбек етіп, ерік-жігерді дамыту қажет, әрі оған тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу арқасында жетуге болады» [4, 193-б.].

Сонымен қатар, ел басына керек негізгі қасиет – ол даналық. Егер белгілі бір уақытта елдің басшылығында даналық болмай қалса, онда елдің бірінші басшысы тіпті болмай-ақ қойсын, ондай қалаға қауып төнеді, - деп ескертеді ұлы ойшыл [5, 137-138 б.].

Әл Фараби мемлекет саясатының басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды. Осы еңбегінде ол «бақыт дегеніміз-игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені, ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал, ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан ерекшелігі және негізгі белгісі жоғарғы тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл парасаты. Бүгінгі таңдағы «Мәңгілік ел» ұлттық идеялар түріндегі саяси бастамалар сөзсіз ұлы ойшылдың идеяларымен ұштасатыны анық. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы барлық қазақстандықтарға, барлық халыққа жолдау болып табылады, өз кезегінде әл-Фараби де өз ғылыми шығармаларында қамтыған болатын. «Мәңгілік ел» идеясы Платонның ізгілікті, әділетті, мемлекет және әл-Фарабидің «қайырымды қала» жөніндегі идеясы жайындағы ойлардың қисынды жалғасы болып табылады [2,21 б.].

Осылайша, Әл-Фарабидің философиялық идеялары өзінің өзектілігінің арқасында заманауи Қазақстан қоғамының әлеуметтік-рухани өмірінде де өзінің маңызын жоғалтпай отыр. Оның көптеген маңызды идеялары Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев бастамашы болған мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың қалыптасуына негіз болды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында әл-Фарабидің рухани кемелділікке негізделген, қоғамды

игілік идеясының айналасына біріктіретін, адамдар арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділігіне негізделген әлеуметтік дамудың өзгермес құндылықтары туралы идеясы өз көрінісін табуда. Сонымен қатар, әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық трактаттарында жекелей сипатталатын игілік, парасат, бақыт секілді ұғымдарды негіз етіп алған біздің еліміздің өркендеуінің жалпыға ортақ тұғырнамасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және басқа да көптеген ұлттық стратегияларда көрініс берген.

Әл-Фараби жаһандану идеясын алға тартқан алғашқы адам. Ол ежелгі гректердің мейірімді қала идеясын сақтауға ұмтылады, сондай-ақ мейірімді қауым мөлшерін арттырады. Оның пайымдауы маңызды және ықпалды болып қала береді, өйткені әл-Фарабидің жаһандық мемлекеті ақыл-ой мен шыдамдылық арқылы басқарылады. Ешбір діни немесе этностық дәстүр екіншісін жоққа шығармайды», деді.

Негізінде философияның отаны Афина. Сократ, Платон және Аристотель сол Афинада философияның негізін қалады. Әбу Насыр әл-Фараби сол платондық және аристотельдік ойларды Шығыс дәстүрлерімен байланыстыра отырып, Ұлы Еуразия даласына философияны алып келді.

Өйткені оның шығармашылығы мен қызметі Қазақстан, Ирак, Сирия және Мысырдың тарихи жерлерін, Жерорта теңізінен Қытай шекарасына дейінгі барлық ұлы өркениеттерді біріктіріп, Аристотельден кейінгі ұлы философиялық беделге ие болды. Нәтижесінде философия саласында Фараби өз заманының ең үздік беделісі деп саналды.

Әл-Фарабидің жатқан жері – Дамаскідегі кесенесінде. Сол кесенесінің жанынан Қазақ елінің Сирияға тартуы ретінде «Әл-Фараби мәдени орталығы» құрылған.

Еліміздің тарихы үшін Биылғы 2020 жыл маңызды атаулы күндерге бай. Ал, солардың ішіндегі ең елеулілерінің бірі - Төрткүл дүниеге танымал ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойы.

«Шығыстың Аристотелі» атанған есімі әлемге мәшһүр философтың біздің тарихымызда жарық жұлдыз болуының басты себебі ұлттық идеологиямыздың теориялық негізін салушы екендігінен.

Қорыта келе, Әл-Фараби ілімінен өз заманының ғана емес, бүгінгі замандағы адамзат қоғамының да бет-бейнесін көруге болады, оның ойлары бүгінде өзекті. Оның еңбектерінде көретілгендей, қоғамдағы бар қиыншылықты жеңетін, бақытқа жеткізетін, бұл - ақыл парасат, адамның ақыл-ойы. Сондықтан қазіргі біз жастар еліміз үшін қызмет етуді және өз еліміздің көркеюін қаласақ, ең алдымен тынбай ғылым мен білімді кеңіне игеріп, бәсекеге қабілетті болуымыз қажет.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.
2. «Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл Фарибидің даналық негіздері»: атты университетішілік апталықтың материалдары, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019. - 127 б.
3. Рүстемов Н. Бірегей тұлға // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары, - Алматы: Қазақпарат, 2001.Б.216.
4. Ф.Абдихаева, Е.Балабеков. Тәрбие жүйесіндегі музыканың алар орыны туралы Әл-Фарабидің ой-пікірлері. // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. (Әл-Фарабидің 1130 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – А., 2001.
5. Мырзалы С. Философия. А., 2010.

Өңірлік Әлеуметтік Инфрақұрылым: Қалыптасуы Және Дамуы

Баыржан С.Б., Абдимомынова А.Ш.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Әлеуметтік саясаттың ең негізгі мақсаты - әлеуметтік инфрақұрылымның қызметін тұрақтандыру. Бұл мақсатты шешу мемлекеттік және жергілікті құрылымдардың әлеуметтік проблемаларды шешуді тиімді реттеу және бақылауға байланысты. Жаңа жағдайларға сәйкес өндірісті және әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеу үшін құқықтық, орындаушы биліктің құралдарын меңгеріп қоғамдағы әлеуметтік және өндірістік қатынастарына белсенді әсерін тигізу қажет.

Ресейлік ғалам Ж.Т.Тощенко әлеуметтік инфрақұрылымның объективті сипатын бөлек экономикалық категория ретінде қарастыра отырып, «әлеуметтік инфрақұрылым мәдени-экономикалық маңызы бар ұйымдар мен мекемелер жиынтығы бола тұра, адамның қызметін оңтайлау жағдайларын қалыптастырушы» деп атап өткен. Автор әлеуметтік инфрақұрылым элементтерін деңгейлер бойынша топтастыруды ұсынды: республика, облыс, аудан, қала, еңбек ұжымы әлеуметтік инфрақұрылымы [1]. Кейбір зерттеушілер әлеуметтік инфрақұрылымның экономикалық өсуге әсерін, өндірісті интенсификациялау және әлеуметтік өзгерістерге негіз болуын, оның негізгі сипаты ретінде атап өткен [2]. Әлеуметтік инфрақұрылымның жаңа құрылымдық элементтерінің пайда болуы оның жіктелуін күрделендіреді және оның қоғамдағы орны арта түседі.


Әлеуметтік инфрақұрылым параметрлерін және критерийлерін анықтауды халықтың мұқтаждықтарын зерттеуден бастаған жөн. Мұндай көзқарас адамды экономикалық зерттеулер ортасына қою қажеттілігінен және экономикалық қатынастарына негізделеді. Адамның экономикалық табиғаты өз мұқтаждықтарынан басталады, себебі оларды қанағаттандыру үшін ол әртүрлі әлеуметтік-экономикалық қатынастарға кіреді. Бұл теория бойынша адамның мұқтаждықтары күрделі екі түрге бөлінеді: базистік (тамақ, қауіпсіздік және т. б. мұқтаждықтар) және туынды (ақиқат, сайлау, әлеуметтік өмірдің бөлігі және т.б. мұқтаждықтар). Адамның базистік мұқтаждықтары тұрақты, ал туынды мұқтаждықтары өзгеріп тұрады. Базистік мұқтаждықтар қажеттілігіне байланысты «төменнен» (материалдық), «жоғарғы» (рухани) деңгейге дейін өзгереді. А.Маслоудың мұқтаждық теориясын әлеуметтік инфрақұрылым моделінің негізі ретінде қолдандық [3].

Қазіргі кезеңде адамдар мұқтаждықтарын анықтауда үш негізгі көзқарас байқалады: біріншісі - мұқтаждықтарды адамның материалдық және рухани өміріне қажеттілік ретінде қарастыру;

Екіншісі - мұқтаждықтарды өмірдің объективті жағдайы ретінде қарастыру; Үшіншісі - мұқтаждықтарды адамның сыртқы материалдық (заттар әлемі) әлеміне қатынасы ретінде зерттеу. Біздің ойымызша, ең соңғысы дұрыс келеді, себебі оның құрамы алдыңғы екеуінің де мағынасын қамтиды.

Инфрақұрылымдық бөлімдерді орналасуына қарай топтастырумен қатар, өндірістік үрдіске қатысы бойынша да жіктелу жүргізілді. Әлеуметтік инфрақұрылымның атқаратын функцияларының көп түрлілігі және біркелкі еместігіне байланысты бұл сала үш топқа бөлінеді:

- халыққа материалдық қызмет көрсетуге қатысатын салалар: коммуналдық шаруашылық, тұрмыстық қызмет;
- материалдық емес қызмет көрсететін, ерекше материалдық құндылық (рухани құндылық) шығаратын материалдық емес өндіріс салалары;
- тұрғын үй шаруашылығы (сурет 1).



Сурет 1 – Әлеуметтік инфрақұрылым

Мемлекеттің әлеуметтік инфрақұрылымдық объектілерін орналастыруды дамытып жетілдіру халықты көшіріп-қондырудың сандық-сапалық параметрлерінің өзара байланыс жағдайларына, халыққа қызмет көрсету жүйесіндегі оңтайлы құрылымдар қалыптастырудың методикалық тәсілдемелері және мынадай принциптерге негізделу керек.

Біріншіден, өмір сүру орны және нақтылы елді мекеннің даму болашағына. Екіншіден, басқа елді мекендермен қалыптасқан байланыстар жүйесін ескере отырып, әрбір тұлғаның әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз етілу деңгейіне.

Өңірімізде әлеуметтік инфрақұрылымдардың дамуы әлеуметтік объектілердің даму деңгейімен сипатталады. Әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының объектілерінің құрылысы мен капиталды жөндеу жұмыстарын қаржыландыру, кәсіпкерлік қызметті дамыту. 2018-2020 жылдары әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерін дамытуға 10325,8 млн теңге бөлінген, оның ішінде Республикалық бюджеттен 4307,9 млн теңге, жергілікті бюджеттен 6017,9 млн теңге бөлінген, оның ішінде жергілікті бюджеттен білім беруге 3746 млн теңге, денсаулық сақтауға 1502,9 млн теңге, сумен қамтуға 2966,3 млн теңге бөлінген [4].

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және тұрғын үй құрылыстарына 2019-2021 жылдарға жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру жоспарлануда. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жақсарту мақсатында ауыз сумен қамтуды жақсарту, ауыл жолдарын жөндеу, телефон байланысымен, үздіксіз электр жарығымен қамту мәселелері қаралып отыр.

Нарықтық қатынастарға өту жалпы білім беру жүйесіне де белгілі өзгерістер енгізді. Қоныстану жағдайларына, ауылдық елді мекендер тобының өзгерістеріне, олардың халық санына, мектеп жанындағы интернаттар мен мектеп-интернаттар тобының қысқаруына байланысты мемлекет үшін шағын мектептердің санын көбейту проблемасы өзекті бола бастады. Өкінішке орай, шағын мектептер мен біріктірілген сыныптарда оқыту білім берудің оқыту-тәрбиелеу процестерінің сапасын төмендетіп, ақыр аяғында ауыл мен қала арасындағы айырмашылықтың ұлғаюына әкелді.

Облыс бюджетінің 33,4% білім саласына шығындалады, ал облыс халқының 26,6%-ын мектеп оқушылары мен орташа кәсіптік мектеп оқушылары құрайды. Кедей жанұядан шыққан балаларға демеу жасау мақсатында мектеп іргесінде демалыс уақыттарында денсаулығын жақсарту үшін интернат жүйесі құрылған.

Облыстағы 659 мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, оның ішінде 553 балабақша мен 106 шағын орталықтарда 60597 бала тәрбиеленуде. 1-6 жастағы балаларды қамту 62,4 %-ды, 3-6 жастағы балалардың қамтылуы -100 % құрап отыр. Балабақшалардың 71,2 пайызы жекеменшік балабақшалардың үлесінде.

Қазіргі таңда облыста 242 орта, 27 негізгі, 19 бастауыш - барлығы 299 жалпы орта білім беретін мектеп жұмыс істейді. Олардың 234-і ауылдық, 64-і қалалық жерде орналасқан. Оқыту тіліне қарай 256 қазақ, 6 орыс, 26 аралас мектеп бар. Жалпы білім беретін мектептерде барлығы 130842 оқушы білім алуда. Сонымен қатар, 13 кәсіптік мектеп, 19 колледж техникалық және кәсіптік білім берумен айналысады, онда 4990 оқушы қамтылған [5].

Облыс бойынша 172 мәдениет үйлері мен клубтар, 209 кітапхана, 13 музей, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры, облыстық филармония, тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме және 1 парк, барлығы 409 мекеме халыққа мәдени қызмет көрсетеді.

Қазіргі таңда облыста 209 мемлекеттік кітапхана тұрғындарға қызмет көрсетсе, оның 165-і ауылдық жерде орналасқан.

Облыс кітапханаларының кітап қоры 4 503469 дананы құрайды, оның 2 383 650 данасы қазақ тіліндегі әдебиет. Есепті мерзім ішінде облыс кітапханалар қоры 12 185 дана жаңа кітаппен толықты, оның ішінде қазақ тіліндегісі 10 699 дана [6].

Дегенмен, соңғы жылдары халықтың денсаулық жағдайы оның жалпы нашарлауымен сипатталады, аурушылық және балалар өлімі жоғары деңгейде болды, халық арасында, әсіресе жасөспірімдер мен балалар арасында шылым шегу, алкогольизм, нашақорлық белең алып, әлеуметтік мәні бар аурулар (психикалық және наркологиялық аурулар, қант диабеті, өкпе-өңеш аурулары, жүрек қан тамыры патологиясы, туберкулез, қатерлі ісіктер, жыныстық жолмен берілетін аурулар) бас көтеруде.

Ауылдық жерлердегі ауруханалардың саны көбейгенімен онда жұмыс атқаратын білікті мамандардың жеткіліксіздігі белгілі. Ауылдық жерлердегі мың тұрғынға шаққанда норматив бойынша 18 дәрігер, 80 медбикелер жұмыс атқару керек болса, бұл көрсеткіш қазіргі таңда нормативтерге сай келмейді. Қызылорда облысының ауылдық жерлері

облыстық және аудандық орталықтан қашық орналасқандықтан дер мезетте дәрігерлік көмек көрсету қиындығы туындайды.

Ауыл тұрғындарының денсаулығына кері ықпалын тигізетін факторлер:

- ауыл аумақтарды арнайы мамандандырылған және алғашқы дәрігерлік көмек көрсету орталықтарының алшақ орналасуы;

- жағымсыз экологиялық жағдайлар;

- ауыл тұрғындарының көп бөлігінің өмір сүру сапасының нашарлауы;

- дұрыс және жеткілікті түрде тамақтанбауы.

Облыстағы денсаулық сақтау саласының жұмысын жетілдіруге: жанұялық дәрігерлік амбулаториялар емханалар мен ауруханаларды күндізгі стационарлық орындар, реабилитациялық орталық көптеген сұрақтарды шешуге көмектеседі. Қазіргі таңда денсаулық сақтау – экономиканың басты бір саласы материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарын қолданушы. Тұрғындарға медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен тиімділігін көтеру қажет, сонымен қатар емдік-профилакториялық мекемелерді жаңа техникамен және медициналық қондырғылар мен жабдықтау қажет.

Облыста әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік көмек көрсету тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған бөлігіне әлеуметтік қызметтердің кең спектрін көрсету жолымен жүзеге асырылады: ақшалай төлемдер- бұл мекен- жайлы әлеуметтік көмек, тұрғын үй көмегі, табысы күнкөріс көлемінен аспайтын жанұялардың 18 жасқа толмаған балаларына жәрдемақы; мүгедектерге қызметтер көрсету және реабилитацияның техникалық қосымша құралдарын ұсыну, қарттар мен мүгедектерге үйде қызмет көрсету және тағы басқалар. Әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларын қаржыландыру мемлекеттік бюджет және бюджеттен тыс құралдар есебінен жүзеге асырылады.

Басқару тұрғысынан қарағанда әлеуметтік инфрақұрылымдарын көп деңгейлі, серпінді өзгеріп тұратын жүйе ретінде, екі өзара тығыз байланысты екі жүйеден - басқару объектілері мен басқару субъектілерінен тұратын бірегей кешен. Бұл шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына сәйкес келмейді. Әлеуметтік инфрақұрылымдарының тиімді қызмет атқаруы олардың базалық қызмет көрсетуін бақылауды бір жерге шоғырландырған жағдайда ғана мүмкін болады.

Әлеуметтік инфрақұрылымдарды қаржыландыру мемлекеттік әлеуметтік ең төменгі стандартты енгізу негізінде әрбір өңірдегі жекелеген жергілікті құрылымдардың ерекшеліктерін ескере отырып іс жүзіне асырылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Т.Тощенко. Социология. - Ростов-на-Дону: «Феникс», 2012. - С.246
2. Воробьева Э.Л. Методологические и методические принципы социологического исследования социальной сферы. - Екатеринбург; Урал. гос. проф.-пед. ун-та, 2013. - 40 с.
3. А.Маслоу. Потребление человека. М., 1999. С.312.
4. Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы. <https://e-kyzylorda.gov.kz/>
5. Білім саласы. <https://e-kyzylorda.gov.kz/>
6. Қазақстандағы білім және ғылым. Статистикалық жинақ. Астана, 2019. www.stat.gov.kz

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАР

Бахрадин Н.Ғ., Сарышова К.С.
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

«Бақилық ғұмырыңа жетер қайғы мен қуаныш адам басында өлшеулі ғана болады»
О.Бөкей.

Атақты сөз зергері, орамды ой иесі, қарымды қаламгер Оралхан Бөкейдің соңғы туындысы «Атау кере» романының атының өзі бірден елең еткізеді. Өйткені «атау кере» сөзі ел ішінде адамдардың күнделікті қарым-қатынасында қолданыла бермейтін, сирек жағдайда, кейде бір ашынған ахуалда, болмаса шарасыздықтан айтылатын салмақты, зілді, ауыр ұғым. «Атау кере» ұғымының тарихы тереңде жатыр деп айтсақ та болады.

Атау кере - адамның өлер алдындағы ең соңғы асы. Көне заманда қалыптасқан салт. Б.з.б. 2 ғ-ға жататын қытай жазба деректерінде үйсіндерде атау кере ішкізу салты бар екендігі айтылады [1]. Онда «атау кере» дәм таттыру, ең соңғы асын ішкізу түрінде көрсетілген. Бұл салт басқа халықтарда да кездеседі. Қазіргі кезде Қытайда өлім жазасына кесілген адамнан соңғы тілектерінің ішінде “не тамақ жегің келеді” - деп сұрайтын әдет бар. Соның негізінде ол адамға қалаған тамағын даярлап береді. Бұл тамақты қытайша: «Ниан йе фан» («Ғұмырыңның соңғы күнгі тамағы») дейді. Қытай қазақтары арасында да өлер алдындағы адамның аузына жұбайы немесе ең жақын адамы: «Қолымнан татқан ең соңғы дәмің болсын», -деп, су тамызады. Олар мұны «атау суы» деп атайды. Қазақ жерінде «атау кере» деп айтылса, ал басқа өңірлерде «атау», «атау суы» немесе «кере» деген балама атаулары да бар. Бұл адамның жантәсілім етер алдында «бой жасау» деп аталатын аз ғана бір сәтке сергіген кезінде арыздасып, бақұлдасқан соң атау кере шартты түрде аталған дәм, сусын беру атқарылған. Ең жақын туысы «Қолымнан татқан ең соңғы дәмің болсын», - деп, көбінесе су немесе сұйық тағам тамызады. «Атау керең болсын», «атау кереңді ішкір» деген сияқты тағы басқа соңғы дәм дегенді білдіретін қарғыс мәніндегі сөз орамы құн тартып, жанын алатын түрлі жазаларды атқарар алдында қылмыскерге берілетін соңғы, ғұрыптық ас «атау кере» деп аталған деген кейбір дерек берушілердің мәліметі дәйекті деуге болады. Ал, қиналып жатқан жантәсілім етуге жақын қалған адамға иман айту, тілді кәлимаға келтіру кезінде оның ақтық демі шықпас бұрын аузына тамызатын діни ғұрыпқа байланысты туындаған арнайы су имансу деп аталады [2].

Оралхан Бөкейдің сөз қолданысындағы ерекшеліктер

Соңғы кезде тіл білімінде жекелеген ақын-жазушылардың шығармаларындағы тілдік ерекшеліктері зерттелініп жүр. Көркем поэзия стилистикасымен қатар, проза тілін, оның стильдік ерекшеліктерін қарастыру бүгінгі күннің өзекті жайттарының бірі.

Қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы, ерекше стилі бар жазушылардың бірі – Оралхан Бөкей.

Оралхан Бөкейдің қай шығармасын алсақ та жеңіл мазмұн кездеспейді. «Атау кере» шығармасын өз шеберлігіне сай ширатып, ширықтыра жазған. Шығармада бүкіл адамзаттық мәселелер қозғалады. Шығармада әдебиеттегі романтизм бағыты да, реалистік бағыт та кездеседі. Шығарма басында Еріктің реалистік сипаты басым болады да, шығарма шешімінде мифтік сипаты басым болады. Романды уақыт тұрғысынан алып қарасақ, мұнда жазушы ХХ ғасыр дертін, кеңестік жүйедегі саналы адамдарды сан мәрте сансыратқан қасандықтар тұсын көрсетеді. Жазушы кейіпкер баяндауы арқылы 1930 жылдардағы ашаршылық тұсындағы қым-қуат тірлікке уақыт тұрғысынан баға береді. Қарымды қаламгер шығармадағы басты кейіпкердің өмірін аралар дүниесіне ұқсата

отырып баяндайды. Еріктің көк басты сонаға айналып кетуі және Қатын суының арғы бетіндегі жұмбақ қыз – символ болып табылады. Шығармадағы Шал образында романтизм сарыны байқалады. Шығармадағы Шал да, Таған да қоғамда белең алған адамның рухани әлсіреуінен шығудың жолын, амалын табуға тырысады. Бір шығарма ішінде осындай күрделі сарындарды қолдану автордың сөздік қолданысындағы ерекшелік деп білеміз.

Кез келген жазушыны алып қарасақ, оны өзге тұлғалардан ерекшелендіріп тұратын сөз саптауы, стилі болатыны даусыз. Шығармадан мысал келтірейік:

«Болмыстың ең бір есті де естияр өкілі екі аяқтылар сүйегіне сіңіп қалған менмендігіне басып, үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алғанды қойып, ара жазғандардың аузындағысын жсырып жер еді». *«Ал қант жеген бейшаралардың тұқымы барған сайын кетеуі кете, азып-тозып барады-ай».* [3]. Мұндағы қаламгердің «екі аяқтылар» деп отырғаны – адамдар екендігі белгілі. Дене мүшені сөз ете отырып, оның қандай тіршілік иесі екендігін танытып тұр. Бұл да Оралхан Бөкейдің стиліндегі бір екершелік. «Кетеу» сөзін алып қарасақ, әлсіз деген мағынаны білдіреді. Ал оған *кете* (кетеуі кете) сөзін тіркестіру нәтижесінде шырқы бұзылды деген мағына келіп шығады [4]. Оралхан Бөкей өзіндік жазу стилі қалыптасқан, қарымды қаламгер екені алты алашқа аян.

Оралхан Бөкей қолданысындағы фразеологизмдер

Қазақтың әдеби тіліндегі әсірелеу, көркемдеу тәсілінің ішінде фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Бұл тіркес айтайын деген ойға айрықша әр, мәнерлік береді. Фразеологизмдер – көркем шығарма тілін жандандыратын, астарлап бейнелей суреттеудің тілдегі дайын құралы. Бұлар – халық даналығына суарылған образды ойлау тілінің үлгісі.

Халық тілінің осы бір байлығын жазушы өз шығармасында қажетіне қарай пайдаланады, оның ішінен өзіне керектігін таңдап алады. Фразеологизмдерді жазушының өзі қажетіне сай талғап, жаңғыртып қолдануы, оның ой-пікіріне, эстетикалық талғамына, қоғамдық-саяси, философиялық көзқарасына сәйкес болып келеді. Фразеологиялық тіркестерді ауыстырып қолдану, оларды авторлық өңдеу мен пайдаланудың бір жолы. Мұның негізгі тірегі, жазушының сусындар бұлағы – халық тілі.

Автор романда шығарма тілін көркем ету үшін фразеологизмдерді өзінше түрлендіріп қолдана білген. Бұны тіл білімінде авторлық қолданыстағы (окказионал) фразеологизмдер деп атайды. Солардың кейбіреуіне тоқталсақ: Халықтық қолданыстағы: *бәрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтар//қампайтып* фразеологизмінің О.Бөкейде былайша өзгертіліп қолданылғанын көреміз: *Бәрі арығын білдірмес, түгін сыртқа қампайтар.*

Тілімізде *«тайға таңба басқандай»* фразеологизмі «нақты, дәл, анық» деген мағынада жиі қолданылатын тұрақты тіркестер қатарына жатады. О.Бөкей дәл осы фразеологизмнің алғашқы екі компонентін өзгертіп қолданған: *Ежелден жайбасар, саспас адамның жоқтан өзгеге қақшаңдап, алдың-дұлдың ұшқалақтана беруі өзгеге оғаш та көрінетін, қалай да, осы қылығы өзіне аққа қара басқандай үйлеспей тұратын.*

Тілімізде *«көз қуаныш»* фразеологизмі «көзі тоймас қызығы, көз рахат- мейірің» деген мағынада айтылып жүр. О.Бөкей осы тұрақты тіркесті сөз ыңғайына орай *көз қуантып, көңілді қытықтар* деп тағы бір тіркес жалғап қолданған: *Ас қамымен күйбеңдеп жүрген ақ жаулықты әйел бар – бәрі көз қуантып, көңіліңді қытықтар бояуы қанық әдемі сурет секілді еді.*

«Ақын-жазушының қайсысына да қажетті ең басты талаптардың бірі сөз саптау тұрғысынан өзгеге ұқсамайтын ерекшелігінің болуы – деп жазады ғалым М. Серғалиев. Халық тілін байытуға классиктер ғана емес, жазушылықты мұрат еткен адамның қай-қайсысы да үлес қосуға тиіс. Оның аты – сөз қолдануда, жекелеген сөз жасауда сөз мағынасын жіті аңғарып, жаңа қырымен пайдалануда өзіндік таңбасы болуы керек деген сөз». Олай болса, тағы да қаламгердің сөз саптауына ден қояйық:

Туған ауыл, ел-жұртын емешегі үзіліп сағынғандықтан емес, жыл бойы табан ет, маңдай тердің құнын шығарып, ұшы-қиыры таусылмас шаруасының шалғайын қайыру үшін етектегі елге – Үлкен Жерге асызатын.

Емешегі үзілу – қатты ынтығу, қатты құмарту [5].

Ат тұяғы тиген сайын сырт-сырт етіп ыршып түсер шегірткенің миыңды тербеп зерезап қылар шырылы құлақ тұндырады. Зерезап қылу – жүрегі шайлығы, үрейі ұшып, зығырын шығару.

Күннің ыстығы мен еңіске қарай тарбаяқтаған лоқылдақ жүріс қарадай қинап, қан сорпасын шығарды. Қан сорпасын шығару – әбден терлету, қаратер қылу, қинау [6].

Қанжығасы қанданып, олжалы оралған күнді Ерікке көруге жазбапты. Қанжығасы қандану – олжалы болу. **Қанжыға** – ердің екі қапталының артқы қасынан кейінгі екі ұшына тақау жерге бірдеңе байлау үшін қолданылатын қайыс немесе жіп. А.Ысқақов, Р.Сыздықова пайымдауы бойынша «қанжыға» сөзі моңғол тілінен енген және осы тілдерде «салбыратып асу, асып байлап қою, салақтап тұру» деген мағынаны білдіреді [7].

Оқыс келген зұлматтан үріккен майда шабақтар тым-тырақай қашты. Тым-тырақай қашу – жан-жаққа, бет-бетіне қашу.

Омарташы жігіт мұздай сумен ыстықтан барбия бастаған бетін сипап, дәреттенгендей қайта-қайта қуаттана жуды. Барбия бастау – ісіне бастау.

Енесінің сөзін екі етпейтін Айша лажсы таусылып, «қойдым ана, қойдым» деп бетінен сүйетін. Айтқан сөзін екі етпеу – бірден тілін алу, бұлжытпай орындау.

Сондай-ақ, қаламгер өз шығармаларында сирек болса да синонимдердің плеонастикалық тізбегін (синонимдердің қатар келуі) де ұтымды қолданған. Мәселен, туған жер ұғымын білдіретін ата мекен → ата қоныс → кіндік кесіп, кір жуған жер → кіндік қаны тамған жер → қара орман сияқты синонимдік фразеологизмдері бар. Дәл осы фразеологизмдердің ішінде О.Бөкей кіндік қаны тамған жер, ата қоныс тұрақты тіркестерін бір сөйлемде қатар қолданған: **Кіндік қаның тамып, тұсауынды кескен, балалығыңның бал дәурені өткен ата қонысыңа атаңның құны бардай неге өшігесің?** Мысалдан байқағанымыздай, автор аталған фразеологизмдерді жалаң қолданбай өзіндік сөз өрнектерімен толықтыра беріп отырған: **«кіндік қаның тамып, тұсауынды кескен жер», «балалығыңның бал дәурені өткен ата қоныс».**

«Атау кере» шығармасындағы көркемдегіш құралдар

Теңеу – адамның рухани дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. Адамның көркем ойлауының, соған орай көркемдік танымының аса қуатты құралдарының бірі – көркем әдебиеттегі теңеулерсіз елестету мүмкін емес. Теңеу барлық халықтың фольклорында, жазба әдебиеттерінде кеңінен орын алып, кейіпкерлердің портретін жасауда, мінез-құлқы мен іс-әрекетін сипаттауда, табиғат көріністерін суреттеуде тағы да басқа жағдаяттарды баяндауда мейлінше мол қолданылады.

Оралхан Бөкей шығармада табиғат көріністерін, кейіпкер портретін жасауда тұрақты теңеулерді көптеп қолданған.

Алтайдың күміс шашбауындай ирелеңдей аққан Бұқтырма өзені. **Шашбау** – шаштың ұш жағына қоса өретін, күміс тиын, шолпы тәрізді түрлі әшекей таққан, таспадай жіңішке дай жіптен немесе жібектен ескен бау. Автор Бұқтырма өзенінің арнасын, өзеннің ағуын күміс шашбауға теңеу арқылы оның көз тартарлығын суреттейді. Т.Қоңыров «Тұрақты теңеулер сөздігі» оқулығынды теңеулерді құрылысына талдай отырып, мұндай теңеулерді есім негізді теңеулер қатарына жатқызады және жасалу жолына қарай -дай, -дей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер деп түсіндіреді. Осы жолмен жасалған теңеулер шығармада көптеп қолданылған. Мысалы: кетер қолдың тамырындай, қарға аунаған түлкідей, бес биенің сабасындай т.б.

Жас балаша мәпелеп баққан келінімді ренжітіп алдым-ау. Бұл теңеуді есім негізді теңеулердің қатарына жатқызсақ, жасалу жолына қарай –ша жұрнағы арқылы жасалған,

құрамына қарай дара. Себебі, теңеу екі сөзден тұрғанымен «балаша» сөзі теңеудің мәнін ашып, сөздің образы қызметін атқарады.

Сап түзеген самырсындар **тұңғыық ойға** батты. Тұңғыық ой – метафора. Т.Қоңыров метафоралардың негізі тұрақты теңеулерден шыққан дей отырып, ауыспалы мағынадығы сөзге -дай, -дей жұрнағын қосу арқылы шыққан сөз тіркесі метафоралық теңеулер екендігін айтады.

Қорыта келе, қазақ прозасында өзіндік салған ізі бар, ерекше стилі мен сөздік қолданысы бар – О.Бөкей қазақ әдеби тілінің дамуына өзінің мәнді де мазмұнды туындылары арқылы үлес қосқандығын, баға жетпес мол прозалық туындылар сыйлағандығын тілге тиек ете отырып, мақаламызда аз да болса автордың шығармаларының тілдік ерекшелігін талдап, тұжырым жасауға тырыстық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ханнама. Үйсін туралы зерттеу. Шыңжаң халық баспасы, 1989. – 261 б.
2. Оралхан Бөкей шығармалары. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 215 б.
3. Қоңыров Т. «Тұрақты теңеулер сөздігі». – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 439 б.
4. Кеңесбаев І. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздік». – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 356 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Қазақ сөздігі: Қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігі – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.
7. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі». – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1966. – 240 б.

СЫР Өңірінің қасиетті діни және ғибадат орындарының тарихы

Бейсова Н. Т., М.С. Караманова
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарын халық санасына сіңірудің ерекше маңыздылығын айтып өткен болатын.

Осыған орай, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен қазақ халқының тарихынан елеулі орын алатын Қазақстанның қасиетті орындарын анықтап, оның тізімін жасау қолға алынды. Ғылыми-сараптамалық кеңес ашылып, оған белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері тартылды.

Аймақтарда жергілікті өлкетанушылар мен ғалымдар, облыстық әкімдіктің қатысуымен қасиетті орындарды анықтау үшін облыстық жұмыс топтары құрылды. Солардың ұсынысы бойынша Қазақстанның 100 қасиетті орындары мен кешендерінің тізімі анықталды. «Қазақстанның қасиетті орындары мен кешендері» ретінде ерекше қастерленетін табиғи, мәдени мұраның, зайырлы және діни сәулеттің айрықша қастерлі ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ, Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар ұғынылады. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы мен әлеуметтік-саяси өміріндегі маңызды орын алатын ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретіндегі нысандар, сондай-ақ ұлттық бірлік пен жаңғыру символы ретінде көрінетін мемлекеттің әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын нысандар мен кешендер кірді.

Еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді.

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді.

3. Діни және ғұрыптық орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және орта ғасырлардағы, сонымен бірге ХІХ аяғы - ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды.

4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор жерлер алынып отыр. 5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасіретті орындар. Қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр.

Кешен Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 км жерде орналасқан (Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы). Қорқыт ата тарихи тұлға, жырау, қобызшы. Ол ел бірлігін нығайтқан қайраткер, түркі дүниетанымының негізін қалаған ғұлама ойшыл ретінде белгілі. Қыпшақтар арасында кең тараған аңыз бойынша Қорқыт ата жаңадан туылған балағаат берген; өйткені Қорқыт ата арқылы адамдарды дүниеге келтіреді деп сенген. Оған халқы баба, пір, ер – деген үш ат беріп, пайғамбардан кем табынбаған. Әдепкі деректерде Қорқыт тәңірге сенген ғұлама ретінде көрінсе, оны кейіннен Алламен байланыстыратын болған. Қорқыт атаның өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әртүрлі болжамдар қалыптасқан. Алайда зерттеулердің көпшілігі Қорқыт ата Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде Х ғасырдың басында дүниеге келген деген тұжырым бар. Ә. Марғұланның еңбектерінде ол VII–VIII ғ.ғ. аралығында өмір сүрді делінсе, Ә. Қоңыратбаевтың зерттеулерінде Қорқыт ата XI ғ. басында дүниеден өткен деген пікір айтылады. Ғалым Ә. Қоңыратбаев одан әрі Қорқыт бейнесінің көп сипаттылығына орай деректерді екі арнаға жіктеген: бірі – тарихи жазба мәліметтер де, екіншісі ел аузындағы аңыз-әңгімелер. «Қазақ аңыздарында Қорқыт бір ғана бақсы емес, көптеген күйлер мен дастандар тудырған тарихи тұлға екені айғақ. Кейін бұл аңыздар ислам санасымен бояла бастаған. Бірақ бұл жай оның жырларында жоқтың қасы. Қорқыт жырлары дала поэзиясының басы, сондықтан оның жырлары мен күйлері, аңыздары қазақ халқына ортақ болып табылады. Қорқыт аңыздарының ішінде әлемге кең тарағаны – «Қорқыт пен қырық қыз» туралы жыр. Қорқыт Сыр суының бетіне жайылған кілемнің үстіне отырып өмірге, еліне, жеріне арнап күйлер тартқан. Сарнап шыққан Қорқыттың қобзының мұнды дауысын естігенде өзен бойында отырған елдер тобымен екі жағаға отырып, емірене тыңдайды екен. Қобыздың дауысы кешқұрым Сыр бойынан асып, Арқадағы елдерге жеткен. Арқаның қырық қызы Қорқыттың күйіне елітіп, үйлерінен жүгіре шығады. Қобыздың үні жақыннан шыққан сияқты болып естіледі. Бірақ қыздар күні-түні жүріп, оған жете алмайды. Жол жөнекей ел таба алмаған 39 қыз өкпесі өшіп өледі. Тек қырқыншы қыз аяғынан айрылып, ақсандап Сыр жағасына жетіп, Қорқытты көріп, сол жерде көзін жұмған. Тағы бір аңыз бойынша жаналғыш әзірейіл көп заман Қорқыттың жанын ала алмай, бос қайта беріпті. Бір күні әзірейіл алтын сандық жасап, Қорқытқа келіп: «Кір мына сандыққа», – деп бұйырады. Мына бойыммен қалай кіремін,

әуелі өзін кіріп көрсетші, – деп Қорқыт әзірейілді алдап, сандыққа кіргізіп, суға ағызып жіберіпті. Әзірейіл көп заман сандықтан шыға алмай, суда қалқып жүргенде, халық ол жоқта еркін өмір сүріп, көп уақыт өлім дегенді білмей, бір қызықты дәуір кешкен екен.

Төлегетай-Қылышты ата кесенесі XI-XII ғғ. діни ескерткіші. Мазарлар күйдірілген кірпіштен салынған. Ұлттық сәулет өнерінің озық үлгісі 1970 жылдардағы кесененің түсірілген суреті арқылы сызбасын сызып, кесененің күмбезі, қасбетінде қос бағана болғандығын айқындаған. Қайта жаңғырту жұмыстары 2005 жылы 1 маусымда басталып, 2008 жылы 30 тамызда толық аяқталды. Еліміздің көрнекті сәулетшісі Ыбыраев Бек Әнуарбекұлының шығармашылығымен қайта жаңғырған көне кесене жобасы аса шебер қолтаңбамен айшықталып жүзеге асырылды. Қос күмбезді, төрт мұнаралы, сегіз сынтасты. Күмбезді құрылыс нысаны 9x9 м., биіктігі 10 м. өлшемде. Әдемі және ерекше пропорциялы. Ескерткіштің төлқұжаты толтырылып, қорғау тақтасы орнатылған.

Қызылорда қаласындағы Христос Спаситель шіркеуі, 1890-1895 ж. Маңызы: Республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш. Ақмешіт бекінісі патшалы Ресей әскерінің келуімен Перовск бекінісі болып өзгертілді. Қоқандықтарды ығыстырған соң, Перовск бекінісінде христиан дінін уағыздаушылар көбейіп, елеулі рөл атқарады. Бекініске шіркеу қажеттігі туындап, 1855 жылы жылжымалы шіркеу ашылады. Оның негізін салушы поп Л.Гороховский болды. Ал қала христиандары үшін алғашқы тұрақты шіркеу 1863 жылы ашылды. Бұл шіркеу үйі 1868 жылы болған қатты жауыннан құлап қалады. Сол жылы күйдірілген кірпіштен салынып, төбесі жабылған шіркеудің жана үйін пайдалануға береді. 1890 жылы шіркеудің жаңа ғимараты салына бастайды. Бұл құрылыс 1896 жылы пайдалануға беріледі. Шіркеу кең тараған жобаның баламасы. Осыған ұқсас шіркеулер Астраханда және Ташкентте кездеседі. Шіркеу 250 -300 адамға арналған. Бүгінгі таңда шіркеу христиандардың бас қосып, мінәжат етер негізгі орны. Шіркеу ғимараты екі бөліктен тұрады: мінәжат етуге арналған зал және кіреберістен тұрады. Көлемі 17x28 м, биіктігі 18 м.

Негізгі көлемі крестті - куполды, кресттің соңдары тең («гректік»), кресттің кіруші бұрыштарында қосымша бөлмелер бар. Бұл крест тәрізді кеңістік биік (екі шырақты), орта кресті екі бөліктік сегіз қырлы барабанда тұрған жарты циркульді аркалы сегіз тар терезе ойықтарымен кесілген. Крест жеңдері қасбеттерге сәйкес пішінді жасайтын жарты циркульді көрініске ие күмбездешелермен жабылған. Осы бөлшектердің үстінгі жағында жартылай дөңгелек доғалармен жабылған жоғары пропорциялы үш бөліктік терезелер жасалған. Төменгі деңгейдегі қапталдық қасбеттерге қосымша кіреберіс ойықтары жасалған.

Арал теңізінің жағасында Қаратерең ауылы бар. Ауылдан 30 шақырым оңтүстік-шығысында «Бегім ана» мазары орналасқан. Көпшілік бұл орынды «Бегім ана» мазары, «Бегім Ана» кесенесі, немесе мұнарасы деп те атайды. Қалай айтсақ та, тарихи орынға 10 ғасырдан бері талай адам бас иіп, дұға бағыштауда. 1979 жылы мұнараның құжаты жасалынып, республикалық маңызы бар қорғау аймағы белгіленген архитектуралық ескерткіш санатына қосылды.

Оқшы ата - Сыр бойы халқы әулие санайтын адам. Шын аты – Ибраһим шайхы, лақап аты – Көгентүп, ал Оқшы ата – кейіннен елдің берген есімі. Бұл оны Ысқақ бабтың баласы деп танығандықтан туған ұғым болуға тиіс. Оқшы түркі тайпаларының арасына ислам дінін таратқан әулие болып шығады. Түрколог Әуелбек Қоңыратбаевтың көрсетуінше, Оқшы ата – қару, оқ жасаған оғыз батыры. Қазір батырдың көне қорымы бар өңір кезінде шаһар болған деседі. Ел ішінде IX–X ғасырлардан бастау алып, XV–XVI ғасырларда белгі қойылған қорымның күмбезіне қатысты аңыз-әпсаналар да аз емес. Оқшы ата кесенесі сазды лаймен күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Фундаменті де күйдірілген кірпіштен 0,8м тереңдікте салынған. Кесене қабырғаларының қалыңдығы 1,1-1,2м. Көпірі 25x25 көлемді күйдірілген кірпіштен салынған. Олардың бүліну себебі лайдың дымқыл сыз тарту себебінен ылғалданған. Шиеліге қарасты Жөлек ауылынан 7

шақырым жерде, теміржол торабында орналасқан. Оқшы Ата 1043 жылы қайтыс болып, қазіргі өз атымен аталатын «Оқшы Ата» мазаратында жерленген.

Қорытындылай келе, Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Киелі орындардың тақырыптық-туристік маршруттық картасы туристер үшін қолайлы болу керек. Аталған нысандардың басым бөлігіне туристер апаруға болады. «Қызылорда облысының қасиетті жерлерінің географиясы» атты облыстық іс-шаралар жүзеге асқан жағдайда киелі нысандарға қатысты аңыздар мен хикаяттарды жинақтау үшін аудандарға экспедициялар ұйымдастыру қажет. Нәтижесінде Сыр өңірінің қасиетті орындарын қамтитын үлкен еңбек шығары сөзсіз екенін түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назабаев. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» Астана, 2017
2. Н.Ә.Назабаев. Ұлы даланың жеті қыры Астана, 2018
3. Қазақстан тарихы I-V т. Алматы, 1996-2010
4. Сыр өңірі тарихы (авторлық ұжым), Алматы 1998
5. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Коллективное энциклопедическое издание. Алматы, «Аруна», 2007. 376 с.
6. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Кызылорда облысы. Энциклопедиялық ұжымдық басылым. Алматы, «Аруна», 2011. 504 б.
7. Сыр елі Кызылорда облысы энциклопедия, Алматы 2005. Байпаков К.А., Таймаганбетов Ж. К., Жумаганбетов Т. Археология Казахстана. Алматы, 1993.

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Бекболатұлы Н., Баймахан С.Н.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«Жаман мінез-құлық рухани кесел» деп Әл-Фараби айтқандай қазіргі кезде адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлқында көптеген ауытқушылықтарды байқап жүрміз және оның өзіндік ғылыми атауы да бар екенін білеміз. Бұл педагогикада – девиантты мінез-құлық деп аталады. Сонымен, девиантты мінез-құлық көпшілік мақұлдаған нормалармен белгіленген стандарттардан (моральдық, әлеуметтік, заңды) ауытқыған мінез-құлық деп есептеледі. Психологияда адамның белсенділік деңгейін көрсету үшін іс-әрекет, қарым-қатынас, таным секілді ұғымдармен мінез-құлық термині кең қолданылады.

Девиантты мінез-құлықты зерттеу жұмыстары көп жылдан бері жүргізіліп келе жатыр. Осы бағыттағы зерттеулердің мазмұнын бірнеше анықтамалармен көрсетуге болады: Б.Фокс девиантты мінез-құлық «тәртіп бұзушыны түрмеге қамауға немесе басқа жазаға тартуға әкелетін, нормадан ауытқу» деп есептейді.

Н.Смелзер: «Девиантты мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан нормалар мен типтерге сай келмейтін іс-әрекеттерді түсіну қажет» деп көрсетсе, Роберт Мертон «Әлеуметтік құрылым және аномалия» атты еңбегінде мінез-құлықта ауытқулардың пайда болуының себептері қоғам ұсынған мақсаттар мен оларға қол жеткізу құралдарының арасындағы келіспеушілік деп есептейді, басқаша айтқанда, адамдар аномия күйіне әртүрлі жолдармен бейімделеді: конформизммен немесе мінез-құлықтағы ауытқулардың әр алуан түрлерінде қалыптасады деп көрсетеді. [1, 11]

Берілген анықтамалардың мағынасы девинатты мінез-құлық теориясын кең түрде ашылмаса да, олардың девинатты міне-құлықты зерттеу бағытындағы теориялардың мазмұнынан көруімізге болады.

Девинатты мінез-құлықтың пайда болу себептері әр түрлі. Оның тек қана бір себептен пайда болды деген түсінік жансақ пікір. Жасөспірімдер мен жастардың жат қылықтарға әуестенуінің негізгі себебі: білімінің төмендігі, мәдениет деңгейінің жеткіліксіздігі, ең бастысы, қызығушылықтың шектеулілігі, қоғамдық пайдалы іске деген ниеттің жоқ болуы. Девинатты мінез-құлық ұғымын жайында айтқан уақытта, девинатты мінез-құлыққа тән балалар көбеюіне себеп болатын әлеуметтік ауытқулар жайында да айта кетуіміз жөн болар. Осыған дәлел С.А.Беличева девинатты мінез-құлық кезіндегі әлеуметтік ауытқуды былайша топтастырады:

А) пайдакүнемдік бағыттар: материалдық, қаржылық, мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты заң бұзушылық, теріс қылық. Бұлар: тонау, алыпсатарлық, алаяқтық, т.б.

Ә) қастандық бағытта: жеке тұлғаға қарсы бағытталған әрекеттер: тіл тигізу, бұзақылық, ұрып соғу, өлтіру, зорлау және т.б.

Б) әлеуметтік енжар түрлері: белсенді өмір салтынан қашқақтау, азаматтық міндеттерден бастарту, жеке және әлеуметтік мәселелерді шешуге құқылықсыз болуы. Бұл топқа жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, нашақорлық, токсикомания, өз-өзіне қол жұмсау және т.б. жатады. [2, 18]

Девинатты мінез-құлықты балалар санының артуы қоғам алдында үлкен мәселені туғызып отыр. Осындай үлкен мәселені шешу үшін қазіргі қоғамда барлық мемлекеттер және солармен қатар біздің елімізде жоғары оқу орындарында арнайы әлеуметтік педагог және психологмамандар дайындалуда.

Әлеуметтік педагогтың жүргізетін жұмыстары девинатты мінез-құлықтың алдын алу шараларын ұйымдастырумен түсіндіріледі:

- әлеуметтік қауіпті топта деп табылған кәмелет жасына толмаған баланың дене, психологиялық және әлеуметтік – мәдени жағдайының алдын алу;
- баланың денсаулығы мен қалыпты өмір сүру деңгейін қолдау, қорғау және сақтау;
- баланың әлеуметтік маңызды құндылықтарына қол жеткізуіне және ішкі потенциалын ашуға көмектесу.

Әлеуметтік педагог девинатты мінез-құлықты жеткіншектермен жұмыс жасағанда алдын алу және оңалту жұмыстарына байланысты жұмыс технологияларын жиі қолдану керек. Өйткені, ауытқушылықтың алдын алу мен оңалту жұмыстары жеткіншектердің мінез-құлқында әртүрлі әлеуметтік ауытқулардың сипаттарын қалыптастыратын себептермен жағдайлардың алдын-алуға бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік-медициналық және тәрбиелік ұйымдастырушылық шаралардың жиынтығын құрайды.

Девинатты мінез-құлықты балалармен жұмыс жүргізудің келесі түрі – қоғамдық қалыпты мінез-құлыққа бейімделмеген балаларды әлеуметтік-педагогикалық оңалту. Оңалту кең ауқымды міндеттерді шешуге бағытталған, бала бойында қарапайым дағдыларды қалыптастыруда адамды қоғаммен толық интеграциялауға дейінгі шаралардың жүйесі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, оңалту жұмыстарын тұлғаға бағытталған психикалық және дене қызметтерінің ықпал ету нәтижесі ретінде де қарастыруға болады.

Әлеуметтік педагогтар мен психологтар девинатты мінез-құлықты жеткіншектермен жұмыс жасағанда келесі міндеттерді басшылыққа алады:

- баланы жан-жақты зерттеп, девинатты мінез-құлыққа душар болу себебін нақтылау керек;
- ата-анасымен кеңесіп отыру;
- жұмыс барысында баламен ашық әңгіме құру.

Осындай міндеттерді басшылыққа ала отырып мектеп оқушыларымен оның ішінде девинатты мінез-құлықты балалармен тығыз байланыста болу керек. Педагог өз сабағын

балалар арасында мінезінде ауытқуы бар балаларды байқаған жағдайда, психологпен келісе отырып, түзету жұмыстарына негізделген түрлі әдістемелер, тренингтер жүргізіп, мұндай кеселдің алдын алуға тиіс.

Балалар мінезінде ауытқушылықты болдырмау жолдары педагогикалық ықпал, әлеуметтік қолдау және психологиялық көмектүрлерін жүйелі және орынды қолдану, оларды ұйымдастырумен түсіндіріледі. Мінез-құлықтық бұзылулардың күрделі сипаты, олардың алдын алу мен жою әлеуметтік ықпалдардың жақсы ұйымдастырылған жүйесін талап етеді.). [4,28].

Мұғалім тарапынан оқушыға көрсетілетін қолдаудағы педагогикалық ықпал девиантты мінез-құлықты болдырмаудағы достарымен қарым-қатынас құру, мұғаліммен, ата-анасымен қарым-қатынас орнату жағдайларына бағыт беріп отырады. Сондықтанда педагогикалық ықпал арқылы баланы девиантты мінез-құлықтан сақтандыруға болады.

Психологиялық көмек – қарастырылып отырған жүйенің деңгейлерінің бірі ретінде байланыстырушы рөлін атқарады және айқын гуманистік бағытымен ерекшеленеді. Бұл факт психологиялық жұмыстың құпиялық еріктілік және жек мүдделілік, адамның өз өміріне жауапкершілігін өзіне алуы, өзара сенімділік, қолдау, жеке тұлға мен индивидуалдылықты құрметтеу секілді принциптерінде көрініс табады.

Психологиялық көмек негізгі екі бағытта жүзеге асырылады: психологиялық превенция (ескерту профилактика) және психологиялық интервенция (қиындықты жеңу, түзету, риябилитация). [3,82]. Педагогикалық ықпал және психологиялық көмек қазіргі таңда девиантты мінез-құлыққа ұшыраған балалар үшін ең басты көмек болып табылады.

Қазіргі жастар арасында девиантты мінез-құлыққа ұшыраған жастар өте көп. Мінез-құлықта ауытқушылықтың жастар арасында көбейуі қазіргі қоғам үшін өте қауіпті. Себебі олар тек өз мінезін ғана көрсетпейді, сонымен қатар қылмыс жасайды. Қазіргі қылмыстың жастар арасында көбейуіне осындай ауытқушылыққа ұшыраған жастар әрекеті үлкен әсер етеді. Олар өз ісіне жауап бере алмайды және өз істері үшін өкінетіндер аз.

С.Ф.Анисимованың пікірінше «Жас ұрпақты жақын адамдарын ренжітіп алғандағы, жақсы көретін адамына қиянат жасағандағы ұят сезімі сияқты, табиғатта мақсатсыз кесілген ағашты, уланған суды, бекітілген өзенді көргенде сондай күйзеліс сезімінде болатындай етіп тәрбиелеу керек» деген. Осы мәселелерді ескере отырып біз балалар мен жасөспірімдердің тұлғасы мен мінез-құлықтағы жат қылықтардан арылту үшін төмендегідей жұмыстар жасалу керек деп есептейміз:

- жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру;
- оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, қызығушылықтарын дамыту, олардың пайдалы іспен шұғылдануларына ықпал ету;
- әлеуметтік және психологиялық қорғау, қолдау жұмыстарын жүйелі, дер кезінде ұйымдастыру;
- оқушылардың өздерінің құқықтары мен міндеттерін білуіне, оларды дұрыс орындай білуге үйрету, өзгелердің құқығы мен теңдігін есепке алуды үйрету;
- маскүнемдікке, ішімдікке, нашақорлыққа, қылмыстық әрекетке бейім балаларға үлкендер тарапынан қатал жаза қолдану [5, 23 б].

Девиантты мінез-құлық ол туа пайда болмайды. Ол әр адамға әр түрлі уақытта келуі мүмкін. Оған душар болмау үшін педагог-психологтардың көмектерін пайдаланған дұрыс. Ата-ана жұмыс бастылықтан арылып өз балаларына қамқорлық жасап, оларды дұрыс қадағалау қажет. Себебі, девиантты мінез-құлықтың пайда болуының әртүрлі себептері бар. Басты себебі, ата-ананың шектен тыс өбектеуінен және жоқшылықта девиантты мінез-құлық пайда болуы мүмкін. Девиантты мінез-құлықтың соңы өзіне қол жұмсау және қылмыс жасаумен аяқталады. Бұл қазіргі қоғам үшін өте қауіпті.

«Болашақ жастардың қолында» деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, болашақтың жастары осындай кеселге душар болса, онда болашақтан не күтеміз. Қазіргі жастардың тәрбиесіне жауап беретін ата-ана, мұғалім және қоғам өз жұмыстарын жақсы атқарса, еліміз тыныш, жұртымыз аман болып, болашаққа нық қадам жасай аламыз.

Әдебиеттер:

1. А.Т.Ақажанова. Девиантология: Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 126 б.
2. Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика: Оқулық. – Алматы: 2012,- 272 бет.
3. Халитова І. Әлеуметтік педагогика: Оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2007. – 200 б.
4. Төребаева К.Ж, Сугуралиева А.М.Балалар психологиясы: Оқу құралы , - 2012. - 249 б.
5. Тасжүрекова Ж.Т., Қонақбаева Т.Е.Девиантология Алматы: 2015, 2016. - 104 б.

МАРШАЛ ӘБДІХАЛЫҚОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТЕҢЕУ ҚОЛДАНЫСЫ

Бекқажиева Қ.Н., Қ. Т. Маликов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әдебиет – адам рухының қуатын танытатын ғажайып құбылыс болса, талантты суреткер белгілі бір дәуірдің үні, халық ойы мен жай-күйінің жаршысы. Жазушы алдымен өз дәуірінің перзенті.

Қазақ әдебиеті тарихында жазушылық қасиетті және кеңестік заманның рухани үрдісін бойына сіңіріп, қапысыз меңгерген санаулы сөз зергерлерінің қатарында өзіндік қолтаңбасы бар, мағынасы терең әдеби мұралар жасап, әдебиеттің төрінен ойып тұрып орын алған жазушылардың бірі – Маршал Әміржанұлы Әбдіхалықов еді.

«Мәкең – Маңғыстау өлкесінің жазушылары мен ақындарының, әдебиетшілері мен журналистерінің, қалам ұстаған барша азаматтарының шын мәнінде Маршалы еді», – деп заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев баға берген, мектептегі қарапайым ұстаз әкесі Әміржанның «қазақтан да бір маршал шығар ма екен» деп армандап ат қойған Маршалы, шын мәнінде, артында ұрпақтары сусындап өссе екен деген мақсатпен, ұлылар ұмытылмасын деген ниетте шындықты жазуға болмайтын кезеңде қорықпай, мұрағаттарды ақтарып шындық іздеп, қысқа ғана ғұмырында біршама еңбектер қалдырып кетті. Бұл жайында Әбіш Кекілбаев: «...Ол ылғи «тыйым салынған» тақырыптарға құмар еді... XIX, XX ғасырлардағы Маңғыстау көтерілісінен құжаттар жиятын. Иссапармен елге барғанда, біздер секілді кеніш, зауыт, кеңсе аралап кетпей, ол кездері қатарлары сирегенмен, таусыла қоймаған көзқарақты, сөз білетін, көкірегі ояу кәрікұлақтарды жағалайтын...» деп айтқан екен.

Маршал өзінің ойшылдығымен, талғампаздығымен, елінің мұңы мен көңіл-күйін шығармалары арқылы халыққа жеткізе алуымен оқшауланып тұр.

Қаламгердің шағын жанрдан басталып, көлемді еңбектерге ұласқан шығармаларынан адам ақиқаты, адамгершілік құндылықтар, жолдастық қарым-қатынас пен өмір мұраттары, сыр-сезім сипаттары көркем де ерекше суреттеледі. Осы аталған қасиеттердің барлығы да бұрынғыларды еске алып, насихаттау барысында шынайы түрде сипатталады.

Маршалдың әдеби шығармашылығы – қазіргі таңдағы биік эстетикалық талғам мен талаптарға жауап бере алатын, идеялық-көркемдік жағынан аса бағалы еңбектер болып табылады. Жазушылар алаңындағы алғашқы адымдары тырнақалды туындыларында-ақ, өзіне тән қаламгерлік мәнерімен, өлендегі өзгеше өрнек-нақышымен, мәйекті тіл, ұтымды

ұйқасымен әдебиет әлеміне еркін еніп, қазақ шығармалары көшіне іркілмей ілескен М.Әбдіхалықовтың жазушылық болмыс-бітімі бірден дараланып, уақыт өте келе шеберлігі шыңдала түскендігі оның көркем дүниелерінен айқын аңғарылады. Қаламгер ердің жасы елуге келіп осы өмірмен қоштасқанына қарамастан, артынан өшпес еңбектер мен зерттеуге лайықты қомақты мұра қалдырды.

Қаламгердің өмір сүрген кезеңі Кеңес үкіметінің ұлт-азаттық идеялардан үрейленетін кезі. Маңғыстаудан шыққан алғашқы журналист, шығармаларының арқауы етіп туған өлкенің тарихын алған, әділдік пен шындықты ту етіп, өз заманының кемшін тұстарын Кеңес үкіметі кезінде тұспалдап, көркем етіп жеткізуі, келер ұрпаққа шығармалары арқылы үлгі-өнеге қалдыруы оған берілген таланттың көп екендігіне шүбә келтірмейді. Оның кейіпкерлері күнделікті өмірде болған қарапайым адамдар. Солардың іс-әрекеттері арқылы сол заманның шындығын беруге тырысты.

Жазушының қаламы жанр таңдап, белгілі бір нәрсемен ғана шектеліп қалған жоқ. Әдебиетке басқан қадамы “Маңғыстау мақтанышы”, “Маңғыстау этюдтері”, “Мұнайшы Айдар-Абайдың ұрпағы”, “Маңғыстаулық Көшкінбай” және “Жер қадірі”, “Отыз маңышы”, “Еңбекте өскен жас”, “Жігіттің дер шағы”, “Дән-дариясы толқыған”, “Кәрі Каспий жадырады”, т.б. секілді очерктерден басталса, шығармашылығының ең бір биік шындары болып табылатын «Жердің асты жеті қат», «Қара тасқын», «Сүйінқара» атты романдармен толыққан.

Сексенінші жылдары жазушы қаламынан туындаған Сүйінқара Үргенішбайұлының жері мен елін қорғаудағы ерлік істерін дәріптеуге арналған – «Сүйінқара» романы өткен ғасыр шындығын суреттеп, халқымыздың азаттық жолындағы күресін жан-жақты көрсетіп, жаңа қырларынан ашады.

Жазушының бұл шығармасында сол кезеңдердегі Орта Азия мен Хиуа хандықтары арасындағы мәселе, батырдың жетпістен асқан шағында өзіне сенім артқан халық алдындағы жауапкершілігі мен міндеттері суреттеледі. Сүйінқара батырдың негізгі ойы – елдің қауіпсіздігін сақтау болса, өзінің ойы ұлы Абайдың ойымен ұштасып жатыр. Маршал да Абай тәріздес ғылым-білімі дамыған орыстардан үлгі алуға шақырады. Бірақ ғылым үйретеміз деген желеумен елге басып кіріп жатқан өзге ұлттардың түпкі ойын анықтап, ел қауіпсіздігінің алдын-алуды да назардан тыс қалдырмаған. Мұндай ойы арқылы қаламгер тұспалдап болса да, бүгінгі ұрпақты, бізді, көрші елдердің талауына түсуден сақтандырып кеткен тәрізді.

“Сүйінқара” романы – тұтас бір дәуірдегі халық тағдырын суреттеген, көркемдік пен тарихи шындықты шебер үйлестірген, көркем әдебиет талаптарына толық жауап бере алатын кесек туындысы.

Маршал Әбдіхалықов стилінің айқын белгілері – шығармаларында көркемдік және публицистикалық элементтерді шебер ұштастырып отырады. Шығармаларында деталь, мінездеу, пейзаж, ішкі монолог, диалог, авторлық баяндау, композициялық үйлесімдер – мақал-мәтелдер, шешендік сөз оралымдарын т.т. ұтымды, ұтқыр шеберлікпен пайдалана біледі. Сонымен қоса, жазушының шығармашылық мұраты, қаламгерлік ұстанымы, қоғамдық-әлеуметтік көзқарас мәселесі көркемдік таным аясында зерделенді. Осының нәтижесінде М. Әбдіхалықовтың шығармаларындағы замандас бейнесі мен заман

шындығының арасындағы терең сабақтастық сыры қарастырылып, осы бағыттағы суреткер стиліне тән ерекшеліктер де екшеліп көрсетілді.

Жазушының шығармаларын тіл білімі тұрғысынан зерттеу лингвистикаға қосқан үлесіміз болары анық. Маршал |Әбдіхалықов шығармаларында теңеулер қалай көрініс берді, ойды жеткізуде сөз орамдарын қалай қолданып, шебер қиыстыра білді деген сұрақтар зерттеуді қажет етеді.

Теңеу – тілдегі бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдардың ең көнесі десек те, оның көнелігі көріктеу құралдарының ішіндегі ең қарапайымы деген тұжырым жасауға негіз бола алмайды деп айта аламыз. Бұл жайында қазақ тіл біліміндегі теңеулерді арнайы зерттеген Т. Қоңыров: « Сонымен, теңеу – көркем ойлаудың ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі. Сондықтан да теңеуді таным құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде әдебиет ғылымында, тілдің бейнелі конструкциясы ретінде тіл білімінде зерттейді», – деген. Теңеудің негізгі қасиеті жаңалылығы, тосындығы және бейнелілігі болып табылады. Сондықтан, теңеуді өз шығармаларында қолдану қаламгерлердің ұлттық нақышын ғана танытып қоймайды, сонымен қатар өзіндік қолтаңбасынан сыр шертеді.

«Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз», – деп қазақ тіл білімінде көріктеу, яғни, теңеуді ең алғаш қолданып, ғылыми анықтама берген Ахмет Байтұрсынов болды. Сондай – ақ ол теңеуді әншейін теңеу және әдейі теңеу деп екіге бөліп қарастырады да, әншейін теңеуді – әдетті теңеу деп, ал әдейі теңеуді әдеби шығармаларда қолданылатын теңеулерге жатқызған. Осы тұрғыда Т. Қоңыров та: «... теңеу біткеннің бәрі тек «көрнекілікті» басқа да толып жатқан семантика-стилистикалық компоненттерден тұрады. Бұл – бір. Екіншіден, теңеу біткеннің бәрі бірдей «көрнекілік» образ жасай алмайды», – деп, А. Байтұрсынов сөзін нақтылайды.

Теңеудің құрылымына келетін болсақ, «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясында»: «Тілдік теңеу төрт құрылымдық элементтен тұрады: Теңеудің образы, теңеудің предметі, теңеудің негізі, теңеудің көрсеткіші» – деп жіктейді. Енді, М. Әбдіхалықов шығармаларынан теңеулердің қолданылуына назар аударайық.

«Сүйінғара» романының «Тұйық теңіз» деп атау берілген бірінші бөлімінің басында-ақ: «Ертеңгілік теңіз беті, түгіне дейін майланып кеткен *жалтақ жондай* жалт-жұлт етіп, көзді қариды. Көл-көсір болып жатқан, шеті-шегіне көз жетіп болмайтын теңіз суы емес, көктен әлдекім төге салған *сынап секілді*. Күн нұрында ойнақшып, су беті сан құбылады», – деп, теңеуді образ жасауда шебер қолдана білген. Академик Қ. Жұмалиев – *дай, -дей, -ша, -ше, -дайын, -дейін* жұрнақтарынан басқа, *секілді, сияқты, тәрізді* сөздері арқылы теңеудің жасалатынын айтса, теңеуді зерттеумен айналысқан Т. Қоңыров «Қазақ теңеулері» еңбегінде теңеудің жасалуының 10 түрлі тәсілін атаған. Сонымен бірге «Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясында» теңеудің жасалуының 40 түрлі тәсілін көрсетіп, оларды лингвистикалық тәсіл тұрғысынан қарастыру арқылы төрт топқа бөліп қарастырады: *морфологиялық, лексикалық-семантикалық, лексикалық-синтаксистік*

және фразеологиялық-синтаксистік. Осы келтірілген тұжырымдарды пайдалану арқылы теңеу жасау тәсілдерін төрт топқа бөліп қарастырған:

1. Синтетикалық тәсіл:
 - а) –дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін, -ша, -ше жұрнақтары;
 - б) –нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен шығыс септік жалғауы;
2. Аналитикалық тәсіл:
 - а) сияқты, секілді, тәрізді, сыңайлы, тақылетті, реуішті, іспетті т.б. септеуліктер;
 - б) бейне көмекші сөзі;
3. Синтаксистік тәсіл:
 - а) тең, ұқсас, ұқсау сөздерінің қатысуымен;
 - б) параллелизм тәсілінің көмегімен;
4. Аралас тәсіл:
 - а) синтетика-аналитикалық;
 - б) синтетика-синтаксистік және т.б. (12123).

Аталған мысалда көрсетілгендей, *сынап секілді, жалпақ жондай* сияқты теңеулерді беру арқылы таңғы уақыттағы теңіз сұлулығын сезініп, оның әсемдігін елестете аламыз. Сондай-ақ, *теңіз беті* – теңеудің сипатталушы заты, *жалпақ жон* – теңеудің образы, *жалт-жұлт ету* – теңеудің негізі, *-дай* – теңеудің көрсеткіші деп теңеудің құрылымы бойынша жіктей және синтетика-аналитикалық тәсілдің қолданылғандығын көре аламыз.

Теңеу жасауда көп қолданылатыны *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнағы болып келеді. Ол көбіне теңеу жасауға қатысу барысында зат есімдерге жалғанады. Келесі мысалдарға назар аударайық:

1. Жағалық жуыла-жуыла бір кездегі көкшіл өңінен өзгеріп, қуқыл тартқан жұқа *шүберектей* елестейді.

2. Жағалықтағы байлаусыз қайықты жылжыта-жылжыта теңіз айдынына алып кететін *толқындай* оны ой арнасы өз құшағына түсіріп жібереді.

3. Ондай сәтте жігіт қолы сылқ ете түсіп, бір ноқатқа қарай қадала қалды. Көз алдында... Мөлдір судың *тамшысындай* қос ноқат. Жәудірей, жәутендей қарайды. Түпсіз тұңғиық *секілді*...

Осы берілген үш мысалда да теңеу жасауға қатысатын жұрнақтар тікелей *шүберек, толқын* және *тамшы* зат есімдерінің негізіне жалғанып тұр. Алдыңғы екі мысалды жасалу тәсілі бойынша синтетикалық тәсілге, ал соңғы мысалды аралас тәсілге топтастырамыз және теңеудің құрылымы бойынша келесідей жіктейміз:

1. *Жағалық* – теңеудің сипатталушы заты, *шүберек* – теңеудің образы, *қуқыл тарту* – теңеудің негізі, *-тей* – теңеудің көрсеткіші. Бұл алдыңғы мысалмен бірге келіп, тұнық жатқан теңіздің әсемдігін, таң ертеңгілік оның сол мезетте қандай күйде болатынын оқырманға шынайы жеткізіліп тұр.

2. *Ой* – теңеудің сипатталушы заты, *толқын* – теңеудің образы, *түсіріп жіберу* – теңеудің негізі, *-дай* – теңеудің көрсеткіші. Ал, бұл мысалда толқынның бір орнында

тұрмай, қатты соқса жолындағының бәрін жалмайтыны секілді ойдың да оның ойларын жан-жаққа алып кеткенін сезіне аламыз.

3. *Қос нұқат* – теңеудің сипатталушы заты, *тамшы* – теңеудің образы, *мөлдір су* – теңеудің негізі, *–дай* – теңеудің көрсеткіші. Берілген мысалдан байқайтынымыз, адам ойы шартарапты шарлағанда ештеңе сезбей, сол ойдың әуресімен ұзаққа барғанда жан-жағын елемей, өзімен-өзі оқшауланатындығы.

Теңеу жасауда қолданылатын тағы бір синтетикалық тұлға *–ша, –ше* жұрнағы. Аталған жұрнақтардың тілімізде үстеу жасауда кеңінен қолданылатындығымен қатар, шақтық және теңдестіру, салғастыру ұғымы бар сөз жасайтындығы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты оқулығында баяндалады. Ол *–дай, –дей* жұрнағымен синонимдес болып келеді. Маршал Әбдіхалықов шығармаларында теңеудің бұл түрі де кездеседі. Мысалы,

1. Келер сәтте Өмірзақ назарын балықшылар аударып алды. Олар маңғаз, паң. Жүрістері сабырлы. Өз істеріне *риза адамдарша*, көпке самарқау көз тастайды.

2. Кеменің жүрісі жолдан шатысамын деп, ауаны қолымен қармаған соқыр адамның жүрісінен бірде-бір айнымайды. Бір аттап – кідіріп, екі аттап – тоқтап, *қарғаша* сақтанады.

Бұл мысалдардағы теңеулер *–ша, –ше* жұрнағының көмегімен жасалып тұр. Алғашқы мысалда теңеудің образы – *риза адам*, тұлғасы – *ша*, белгісі – *самарқау көз тастау*, теңеудің заты – *балықшылар*. Теңеуді мұндай мақсатта қолданудағы жазушының айтпақ ойы жетістікке жеткен адамның көңіл-күйін сипаттау арқылы, балықшылардың да елге әкелген ризықтың көптігіне қуанғандықтарын, өз істеріне көңілдері толғандығын көрсету. Осы жерде теңеудің образы мен белгісі өзара пысықтауыштық қатынаста тұрып, теңеудің сипатталушы мүшесі *балықшылар* зат есімін анықтаған эпитет болып келген. Ал, соңғы мысалда, теңеудің образы *–қарға*, тұлғасы – *ша*, белгісі – *сақтану*, теңеудің заты – *кеме*. Жазушы кемені қарғаға теңеу арқылы нені меңзеп тұр деген сұраққа жауап беретін болсақ, *қарға* сөзінен бастап талдаймыз. Қарға жем жегенде екі шоқып, бір қарайтын өте сақ құс. Сол сияқты бөтен елде бірінші рет жүзіп тұрған *кемедегілер* де адасып кетпейін деген ниетпен екі шоқып, бір қарап жүзіп келеді деп, кеменің жүрісін, ішіндегі адамдардың ішкі қорқыныш сезімін бейнелейді.

Маршал Әбдіхалықов шығармаларындағы теңеулердің қиыннан қиыстыра, шеберлікпен ұсына білгенін жоғарыда аталған мысалдардан байқауға болады. Қорыта айтқанда, қаламгердің әдеби мұрасын тұтас және жан-жақты зерттеп, идеялық-көркемдік болмысын, қаламгердің ерекшелігін публицистикасы, прозалық шығармалары негізінде ашып, тақырыптық – идеялық ізденістері мен жанрлық сипатын, стильдік – тілдік ерекшеліктерін байыптаудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Әбдіхалықов М. Сүйінғара:.. – Алматы: «Нұрлы Әлем». 2008. – 280 бет.

2 Отарова А. Маршал Әбдіхалықовтың әдеби әлемі. Ақтау. 2018. – 168 б.

3 Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы: Жалын, 1991. – 463 б.

4 Қазақ ССР қысқаша энциклопедия. 4 том., Алматы: Мектеп, 1989. – 718 б.

5 Т. Қоңыров. Қазақ теңеулері. Алматы: Мектеп, 1978. – 192 б.

6 Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы: 1960. – 364 б.

7 Маликов Қ.Т. Қалижан Бекхожин поэзиясындағы теңеу мен эпитеттің қолданыс ерекшеліктері. Астана. 2005. – 134 б.

8 Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым. 1989. – 368 б.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру бағыттары

Сұлтан Ә.А., Бекхожаева А.К

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары мен мақсатты қондырғыларын жүзеге асыру мемлекеттік басқарудың пәрменді ұйымдық құрылымының болуымен айқындалады. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанда жүргізілген мемлекеттік басқару реформасын шартты түрде мынадай кезеңдерге бөлуге болады. Бастапқы кезеңде 1991 жылдан бастап 1994 жылға дейін әкімшілік реформа күрделі жағдайда жүзеге асырылды. Ел экономикасы ауыр жағдайда болды және қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық қатынастармен қатар, тұтастай алғанда, мемлекеттің рөлін және ұзақ мерзімді перспективада даму үлгісін айқындау қажет болды. Қазақстан басқарудың командалық-әкімшілік жүйесінен бас тартты да, нарықтық қағидаттарға және мемлекеттік құрылыс пен басқару негізіне батыл түрде бағытталды. 1994 жылдан бастап 1997 жылға дейін экономикалық реформаларды жүргізу қарқынын жеделдетуге және даму бағытын нақты айқындауға көмектескен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық негізгі бағыттары бойынша заңнамалық актілер қабылданды. Ең алдымен, бұл заңдар экономиканы ырықтандыруға және монополиясыздандыруға, кәсіпкерліктің еркіндігі мен оны қолдауға, банк секторын реформалауға бағытталды. Бұдан әрі 1997 жылдан бастап 2003 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда әкімшілік реформаны жүргізу басталды, бұған 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» стратегиясы ықпалын тигізді. Негізгі функцияларға дейін шектелген тиімді мемлекет қалыптастыру елдің даму басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. 2003 және 2006 жылдар кезеңі мемлекеттік басқару құрылымының, мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктің аражігін ажырату реформаларымен белгілі болды. Экономиканы басқарудың бағдарламалық-мақсатты әдістерін енгізуі бастамалары көзделген. Қабылданған Бюджет кодексінің шеңберінде басқарудың төмен деңгейлеріне берілген мемлекеттік функциялардың қаржылық қамтамасыз етілу мәселелері реттелді. Мемлекеттік секторды реформалаудың ағымдағы кезеңі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы № 273 Жарлығының қабылдануымен 2007 жылы басталды. Реформалардың осы кезеңінің негізгі міндеті мемлекеттік жоспарлау және бюджеттеудің жаңа моделін енгізу, сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін реттеу, мемлекеттік қызметті жаңғырту, әкімшілік реформамен байланыстыра отырып, «электрондық үкіметті» құру және дамыту есебінен мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

2010 жылдан бастап барлық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыру басталды. Қазіргі уақытта ел дамуының стратегиялық мақсаттарының мониторингі және оларға қол жеткізуді бағалаудың кешенді жүйесі қалыптастырылды және «электрондық үкіметті» дамыту бағдарламасы бекітілді. «Электрондық үкімет» шеңберінде жүргізілген жұмыс нәтижесінде қазіргі уақытта: 1) электрондық қызметтердің дамуы транзакциялық кезеңді белсенді іске асыру кезеңінде тұр, ол азаматтарға мемлекеттен анықтамалар мен құжаттарды электрондық түрде алуға ғана емес, олар үшін төлемдер төлеуге де мүмкін береді;

2) «электрондық үкіметі» инфрақұрылымының негізгі компоненттері құрылған және енгізілген;

3) әр түрлі мемлекеттік органдар көрсететін аса маңызды мемлекеттік қызметтердің кешенін азаматтар алатын Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық желілері жұмыс істейді (ХҚКО) [1].

Мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымы жүйе құраушы элементтердің және олардың өзара байланыстарының бір-біріне тікелей және көлденең бағыныштылығын бейнелейді. Жиынтығында олар өздерін құраушы элементтердің қарапайым арифметикалық сомасына жатқызуға болмайтын, бірыңғай тұтас, сапалық тұрғыдан жаңа жүйені құрайды. Олардың жиынтығы, өзара байланысы мен өзара әрекеттестігі аталмыш жүйеге жаңа сапалы айқындылықты беріп, оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жүйе құраушы элементтердің болуы, олардың арасындағы тұрақты байланыстар бұл жүйенің құрылымы болып табылады [2].

Мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымының негізін құраушы белгілер мыналар:

мақсаттың болуы;

жүйе құраушы элементтердің болуы (мемлекеттік басқару органдары);

ұйымдық жүйенің тұрақтылығын, тепе-теңдігін қамтамасыз ететін ішкі үйлестіруші орталықтың болуы;

орталықтың қолда бар ақпарат негізінде қамтамасыз ететін өзін-өзі реттеуі;

оқшаулану (ұйымдық құрылымды сыртқы ортадан бөлетін шекараның болуы);

күқық пен тәлім-тәртіп нормаларына негізделген ұйымдық мәдениет.

Мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымының айқындаушы негіздемесі басқару субъектісі мен объектісінің болуы болып табылады.

Әрбір басқару субъектісі мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылым иерархиясында белгілі бір орынды ала отырып, нақты айқындалған міндеттерге, құқықтарға, тиісті нормативтік актіде, мысалы, мемлекеттік басқару органы туралы ережеде тіркелген жауапкершілік шамасына ие болуы тиіс.

Басқару субъектісі мен объектісі арасында нақты ұйымдық қатынастар белгіленуі тиіс.

Мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымы нақты бір мемлекет жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты ол төмендегідей негізде құрылады:

мемлекет Конституциясы, оның аумағында әрекет ететін жалпы мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мен тиісті қызмет ету саласын реттейтін заңдар мен нормативтік актілер;

мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудың қалыптасқан әлемдік тәжірибесі пен елдің ұлттық ерекшеліктерін ескеру [3].

2019 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қазақстан хаалқының жолдауында «...Заман талабына сай тиімді мемлекет. Біз саяси реформаларды «асығыстыққа салынбай», керісінше, кезең-кезеңімен, табанды түрде және жан-жақты ойластырып жүзеге асыратын боламыз. Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес...» -деген болатын [4].

Жаһандану жағдайында жаңа заманның талаптары үкімет қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыру мәселелерінің өзектілігін күшейтті. Мысалы, жақында орын алған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыстан кейін нарықты реттеуді заңнамалық қамтамасыз ету сапасы мәселелеріне көңіл бөліне басталды. Өз кезегінде осындай шешімдердің тиімділігі көбінесе мемлекеттік аппараттың кәсібилігі, адал қызмет ету құндылықтарына жақын болуы, сақталу деңгейімен анықталады.

Мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымын объект ретінде зерттеу оның маңызды жүйе құраушы элементтері – мемлекеттік органдарды қарастыруды талап етеді. Мемлекеттік органдар республикалық, өңірлік, жергілікті болып бөлінеді.

Қызылорда облысының аумағы 226,0 мың шаршы км немесе республика аумағының 8,3% құрайды және Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан. Солтүстік-батысында Ақтөбе облысымен, солтүстігінде Қарағанды облысымен, шығысы мен

оңтүстік-шығысында Оңтүстік Қазақстан облысымен, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шекараласады.

Облыстың құрамына 7 аудан (Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған) және облыстық маңызы 1 қала (Қызылорда қаласы), аудандық маңызы 2 қала (Арал және қазалы қалалары), қалалық маңызы бар 2 кент (Белкөл, Тасбөгет кенттері), 142 кенттік және ауылдық округтер, 260 ауылдық елді мекендер кіреді. Қармақшы ауданының аумағында Байқоңыр қаласы Қызылорда облысының құрамына кірмейді және республикалық бағыныстағы қала болып табылады. Байқоңыр қаласының аумағы Ресей Федерациясына ұзақ мерзімге жалға берілген. Қала аумағында ресей заңнамаларының күші бар және ресей валютасы қолданыста.

Облыстың әкімшілік орталығы 277,8 мың тұрғыны бар (облыстың жалпы халық санының 36,3%) Қызылорда қаласы болып табылады (Кесте 1).

Кесте 1. Қызылорда облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі

Аудандар, қала атауы	Облыс/аудан орталықтары	Аумағы, мың км ² .	Ауылдық және кенттік елді-мекендер саны	Қызылорда қаласына дейінгі арақашықтық, км	Ауылдық және поселкілік округтер саны
Қызылорда қ.	Қызылорда қ.	2,4	20	-	9
Байқоңыр қ.	Байқоңыр қ.	-	-	255	-
Арал	Арал қаласы	55,2	57	448	23
Жалағаш	Жалағаш кенті	22,9	18	75	15
Жаңақорған	Жаңақорған кенті	15,4	39	200	26
Қазалы	Әйтеке би кенті	37,6	45	382	20
Қармақшы	Жосалы кенті	31,0	29	185	14
Сырдария	Тереңөзек кенті	29,1	17	52	15
Шиелі	Шиелі кенті	32,4	40	128	23
Облыс бойынша		226,0	265		145

Ақпарат көзі - <https://e-kyzylorda.gov.kz/?q=kk/content/kimshiliktik-aumaktyk-bolinis>

Облыстың алдағы бес жылға дамуының басты бағыттары әлеуметтік тұрақтылық, экономикалық өсу, іскерлік белсенділікті арттыру болып табылады. Бұл елдің жаңа экономикалық саясаты «Нұрлы жол» мен бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының талаптарына сәйкес келеді [5, 6].

Жергілікті жерлердегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін төмендегі мәселелерге назар аударып, оны жетілдіру керек:

1. Жергілікті мемлекеттік билікті күшейту керек, яғни ауылдық округтардағы әкімдердің құзыретін кеңейту, селолық мәслихатты құрып, селолық бюджетті қалыптастыру керек;

2. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары (селолық органдардың, аудандардың, қалалардың, облыстардың) мемлекеттік кәсіптік қызметшілердің біліктілігін көтеру ;

3. Аймақтарда шағын бизнесті қолдау бағдарламаларын жетілдіру;

4. Мәслихатты жергілікті мемлекеттік басқару жүйесінен шығарып, жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде қалыптастыру;

5. Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін құру.

Әр аймақ өзінің экономикалық, саяси жағдайы мен тұрмыстық-шаруашылық мәдениетінің деңгейіне қарай өзіндік жергілікті басқару жүйесінің элементтерін жетілдіру керек.

Әдебиеттер

1 "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 612 Қаулысы// <http://adilet.zan.kz/kaz>

2 Атаманчук Г.В. Теория государственного управления: курс лекции/2-ое изд. доп. - Москва.- Омега-Л, 2004. -584 с.

3 Маркова В.Д., Кузнецова С.А. Стратегический менеджмент /М.: ИНФРА-М, 2002-391 с.

4 Қасым-Жомарт Тоқаев.«Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.02.09.2019ж.// <http://www.akorda.kz/kz/>

5 <https://e-kyzylorda.gov.kz>

6 Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам// <http://adilet.zan.kz>

СОКРАТҚА ДЕЙІНГІ ГРЕК ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шортыш Б., О.Бермаханов

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Сократқа дейінгі философия. Натурфилософия.

Сократқа дейінгі кезең натурфилософия деп аталды. Натурфилософия табиғатпен байланысты сұрақтарды зерттеді. Натурфилософия әлемдегі иерархияны құрастырумен айналысты. Аспан, жер, жұлдыздар қалай пайда болды деген мәселені зерттеді. Сократ та әлемді түсінгісі келді, бірақ ол басқаша мәнерде қарастырды. Ол құбылыстан құбылысқа өту арқылы емес, жалпыдан құбылысқа қарай беттеу арқылы ізденіс жүргізді. Мысалы: әдемі заттар көп, бірақ әдемілік ұғымын бір затпен ғана байланыстырып қоюға болмайды. Әдемі заттарға ортақ қасиет бар. Оларға тән жалпылықты идея, эйдос деп атауға болады. Эйдос, жалпы идея заттардың мазмұнын, мәнін көрсетеді. Жалпылық сезім арқылы емес, ақыл, ойлау арқылы табылатын болса, онда ол ой, ақыл сферасына жатады, міне осыдан идеализм бастау алған. Сократтың ашқан жаңалығы – жалпылық туралы пікір. Ондағы басты идея – (идея блага) жақсылық, ізгілік мүдде. Әр нәрсенің қажеттілігі осы идеямен анықталады. Сократ үшін этикалық мәселеден жоғарғы мәселе жоқ. Жақсы адамның мәні жақсылықты білгендігі және сол біліміне сәйкес іс-әрекет жасауында. Адамгершілік ақылмен байланыстырылады. Білім қайдан туады? Сократ осы сұраққа пікір таластан туады деп жауап береді: тәсіл, пікір алысу жаңа ой тудырады. (тәсілдер: ирония, майевтика). Сократ диалектика тәсіліне көңіл бөледі.

Софистика дегеніміз – бастапқы теорияны сақтап қалу үшін логика ережелерін субъективті түрде пайдалануды мүмкін етіп қарайтын аргументтердің көп түрінің жиынтығы. Бастапқы деп алынатын теория ақиқат деп қаралады және сынауға, қайта қарауға тиым салынған болады. Софистика әдісі көздегенге жету үшін, соны дәлелдеу үшін семантикалық және логикалық ережелерді пайдаланады. Софизм – бұл еркін таңдалынған ой толғау. Оның негізінде софист адамға о бастан қолайлы альтернативалар жатады. Софист осы альтернативалардың көмегімен кез-келген пікірді дәлелдеп шыға алады. Мысалы: бір афиналық әйел баласын үйреткен: “Қоғамдық істерге араласпа. Шындықты айтсаң, адамдарға ұнамайсың, ал өтірік айтсаң, құдайға ұнамайсың.”

Керісінше де дәлелдеп шығуға болады. Софистика адамның таным сферасында шексіз релятивизмді, салыстырмалылықты уағыздайды. Софистика біздің заманымыздан бұрын V-IV ғасырларда дамыды. Өкілдері Протагор, Гипий, Антифонт. Протагор ақиқатты относителді деп қарастырды. “Адам барлық нәрсенің өлшемі” деген сөз Протагордан қалды. Софистиканың жақсы жағы сол: ол білім жүйесіндегі қайшылықтарды табуға жағдай жасайды. Ескі ілімнен бет-бұрыс жасау керек болған жағдайда софистиканың ролі қажет болды.

Милет мектебі - Грекиядағы ең көне материалистік философиялық мектеп. Милет қаласы сауданың, теңізде жүзудің, мәдениеттің ірі орталығы болды, ал бұл жағдайлар Фалес, Анаксимандр және Анаксимен секілді көрнекті милеттіктердің ой-өрісі мен ғылыми ынта-талабының жан-жақты өрістеуіне жағдай жасады. Олар математика, география, астраномия салаларында ғылыми жаңалықтар ашты.

Фалес (б.д.д. 624-547ж.ж.) – Милет қаласынан шыққан грек философы және саяси қайраткері. Аңыз бойынша ерте грек жеріндегі жеті данышпанның бірі. Мысыр және Вавилонда математика және астраномия ғылымдарымен танысады. Б.д.д. 585-584 ж.ж. күннің тұтылуын алдын - ала дәл болжаған деген мәлімет бар. Сондай-ақ пирамиданың көлеңкесінің ұзындығы бойынша пирамиданың биіктігін анықтайды.

Фалес бір жылды 365 күнге, 365 күнді 12 айға бөліп, күнтізбенің (календарь) жасаудың алғашқы бастамасын көрсетуші ретінде және стихиялы-материалистік Милет мектебінің негізін қалаушы ретінде танымал.

Ол заттардың алуандылығынан бірегей бастапқы негіз іздеп, оны материалды, нақты зат деп есептеді. Дүниенің, барлық нәрсенің түп негізі, алғашқы бастамасы – су деген пікірді ұстанады. Өйткені бәрі судан пайда болады, бәрі қайтадан суға айналады дейді.

Анаксимандр (шамамен б.д.д. 610-546 ж.ж.) – ежелгі гректің материалист – философы, стихиялы диалектик, Фалестің бас шәкірті. Грекиядағы «Табиғат туралы» атты тұңғыш ғылыми шығарманың авторы, бірақ бұл шығарма бізге жеткен жоқ. Анаксимандр дүниенің негізі, бастамасы ретінде – «архе» («негіз») ұғымын енгізді, дүниенің негізі - апейрон (шексіз нәрсе) деп есептеген. Апейронның ыстық пен суықтың қарама-қарсылығы туады; олардың күресі космосты дүниеге әкеледі; ыстық-от ретінде көрініс тапса, суық аспан мен жерге айналады. Анаксимандр материаның сақталу және айналу заңын тұңғыш рет тұжырымдады. Анаксимандрдың космологиялық теориясы бойынша жазық цилиндр формасындағы Жер Ғаламның ортасында тұр. Жер төңірегінде аспанның үш сақинасы: күн, ай және аспан денелері – жұлдыздар айналып жүреді. Тарихта тұңғыш рет эволюция идеясын ұсынды: адам – балықтан пайда болған.

Анаксимен (шамамен б.д.д. 588-525 ж.ж.) – ежелгі грек материалист – философы, стихиялы- диалектик, Анаксимандрдың шәкірті. Оның ілімінше, барлық нәрсенің бастамасы материадан – ауадан пайда болған, қайтадан ауаға айналады. Ауа шексіз, мәңгі, қозғалыстағы зат. Қоюланғаннан кейін – бұлтқа, суға, жер мен тастарға, сейіліп – отқа айналады. Мұнда санның сапаға ауысу идеясы көрініс тапқан. Ауа бәрін қамтиды: ол әрі жан, әрі ғаламның сансыз заттардың өмір сүретін ортасы. Анаксимен жұлдыздар – от, бірақ оның жылуын сезінбейміз, өйткені олар өте қашықта орналасқан, күн қатты жанып тұрған алып аспан денесі деп үйретті.

Материализм мен диалектика идеаларын әрі қарай дамытқан Гераклит (шамамен б.д.д. 544-483 ж.ж.)- ежелгі грек философ-материалисі, диалектик. Кіші Азиядағы Эфесте туған. Гераклиттің бізге тек үзінділері ғана жеткен «Табиғат туралы» шығармасы сол заманның өзінде атақты еңбектердің бірі болған. Гераклиттің пайымдауынша дүниенің негізі - от, ол әрдайым өзгеруде әрі қозғалыста. Барлық әлем, жекелеген заттар, тіпті адам жаны да оттан жаралған. «Космос баршаға ортақ, оны ешқандай Құдайда, адамда, жасамаған, ол қашаннан болған, қазір де бар, бұдан былайда мәңгі жанып тұратын от, тұтанып және өлеусіреп сөніп бара жатқан оттың өлшемі» Зат атаулының бәрі қажеттілікке орай оттан пайда болады, оны Гераклит «логос» деп атайды. Әлемдік

процесс ұдайы қайталанып отырады; «ұлы маусым» біткен соң заттардың бәрі қайтадан отқа айналады. Табиғат тіршілігі-толассыз қозғалыс процесі, барлық нәрселер, олардың қасиет-күйлері өздерінің қарама-қарсы жағына ойысады: суық-ыстыққа, ыстық-суыққа айналады. Бәрі өзгере отырып жаңарады. Соған орай Гераклиттің атақты тұжырымдамасы қалыптасады: «Бір өзенге екі қайтара түсе алмайсың». Гераклит дүниені танып-білуге болатындығына кәміл сенеді, сондықтан адам баласының ақыл-ой қабілетіне бөгет жоқ деп есептеді. Сонымен бірге ол ақиқатты танудың, оған жетудің қиындығын түсініп, табиғат жасырынуды ұнатады деді, данышпан болу үшін көзі ашық, көкірегі ояу болу-жеткіліксіз. табиғаттың сырын ұғу үшін адамның ұлы қасиеті болып табылатын ерекше ойлау қабілеті болуы керек.

Пифагоршылдар-б.д.д. 6-ғасырдың 2-жартысында пайда болған философиялық ағым. негізін қалаған көне грек философы, математик және астраном. Пифагордың философиялық теориясы біртұтас жүйе болып қалыптасты. Пифагоршылдар бастапқы негізді санмен таңбалап, осы бағытта жұмыс жасайды. Сан-негіз; сан-заттар үшін материя; сан-үйлесімді тіркестерге тән ерекшеліктермен қатынастардың көрінісін, арақатынасын зерттей отырып, кез-келген процестердің бастауында теориялық жағынан санмен өрнектелетін жекелеген пропорция, заңдылық бар деген қорытынды жасайды. Бірліктен ондыққа дейінгі сандық қатарды Пифагор дүниенің сандық алуан түрлілігінің түп негізі деп санаған.

Сандардың қасиеттерін зерттей отырып, Пифагоршылдар жұп және тақ сандарды ашуымен бірге, тік бұрышты және үшбұрышты сандарды сипаттады. Ойдың қалану геометриясы-нүктеге, сызыққа, жазықтыққа, көлемге негізделген. Демек, Пифагоршылдар жүйесіндегі сандар болмыстың жалпылама негізіне байланыстырылған кеңістіктің таңбалануы. Соған орай «бәрі-сан» деген тұжырым қалыптасты. Олардың музыкалық интервал туралы ілімінде акустика мен аспан механикасының математикалық негіздері баяндалған. Пифагоршылдар философия мен ғылымның әрмен қарай дамуына орасан зор әсер етті.

Элей мектебі-б.д.д. 6-5 ғ.ғ. Элей қаласында (оңтүстік Италия) пайда болған философиялық мектеп. Басты өкілдері - Ксенофан, Парменид, Зенон, Мелисс. Элей мектебінің негізгі мәселесі-болмыс болды.

Ксенофан (б.д.д. 6-5 ғ.ғ.)-Элей мектебінің негізін салушы. бүкіл мифологияны алғаш сынаушылардың бірі: «адамдар Құдайды тек өздеріне ұқсатып жасайды, егер жануарлар Құдайға сенетін болса, оларда Құдайды өздеріне, яғни жануарға ұқсатып елестетер еді»,- дейді. Дүние жер мен судан пайда болды деген көзқарасты ұстанады. болмыс-барлық жерде бірдей, өзіне тең, біртекті, өзгеріссіз деп санады.

Парменид - «болмыс» ұғымын алғаш рет философияға енгізген, ежелгі грек философы, Элей мектебінің өкілі. Парменид дүниені қозғалмайтын, тұтас, толтырылған шар түрінде елестетті. Екі бастаманы көрсетеді-от, жарық және қараңғылық. Сезімнің көрсетуіне сенбеу, пайымдық білімді жоғары бағалау Парменид іліміндегі рационализмнің басым екендіген аңғартады. «Болмыс-бар нәрсе, олай болса ол туралы ойлауға, оймен бейнелеуге, зерттеуге, сипаттауға болады»,-дейді.

Зенон (б.д.д. 490-430 ж.ж.)-Элей мектебінің өкілі. философияға тұңғыш рет диалог формасының қолданылуын енгізді. Ол қозғалыстың диалектикалық табиғаты туралы мәселелерді теріс формада қолданды. Зенон үшін болмыста қайшылық жоқ, сондықтан қайшылықты болмыс-жалған (елес) болмыс. «Ахилл және тасбақа», «Жебе» т.б. апорияларымен белгілі. Апория (гр. аroγia-шарасыздық)-ежелгі грек философиясында шешілуі қиын мәселені білдіретін ұғым. Апория заттың өзінде немесе ол туралы ұғымдағы қарама-қайшылықтың негізінде пайда болады. Зенонның қозғалыстың мүмкін еместігі туралы пайымдауларын апория деп атайды. Зенон апорияларының мәні мынадай: белгілі қашықтықтан өту үшін оның жартысын жүріп өту керек; жартысын жүріп өту үшін осы жартының жартысын жүріп өту керек, сөйтіп осылай кете береді. Бұдан шығатын қорытынды: қозғалыстың басталуы мүмкін емес.

Атомдық көзқарас

Демокрит (б.д.д. 460-370 ж.ж.)-ежелгі грек материалист-философы, Левкипптің шәкірті, гректердің тұңғыш энциклопедист ойшылы. Демокрит-атомдық көзқарастың негізін салушылардың бірі. Ол дүниенің бастамасы ретінде екі негізді-атом мен бос кеңістікті алға қояды.

Атомдар бос кеңістікте бір жерден екінші жерге ауысып, үздіксіз қозғалып отырады. Осы қозғалыс процесінде олар бір-бірімен қосылып, тұтас материяны құрайды: отты, суды, жерді тудырады. Атомдар-болмыс, ал бос кеңістік-болмыс емес.

Демокрит танымның материалистік теориясын дамыта келіп, адамның санасы-объективті түрде атомдардың сезім мүшелеріне жасайтын әсерінің нәтижесі деп есептеді. Дүниені танып-білудің екі түрін көрсетеді:

- 1.Сезім арқылы танып-білу,
- 2.Ақылмен танып-білу.

Демокрит біздің сезім мүшелеріміз-көру, есту, иіс сезу, дәм білу, тән сезімдеріміз-заттар мен қозғалыстардың бәрін бірдей қабылдай алмайды, дүниеде шексіз ұсақ нәрселер бар, адам оларды ақыл-ойы арқылы ғана тани алады.

Демокриттің атомдық теориясы көптеген ғасырлар бойы ғылымға жол көрсеткен ілім болды. Оның материялық атомдардың объективті өмір сүретіндігі туралы жалпы философиялық көзқарасы ғылым мен философияның тарихында орасан зор маңызға ие. Демокриттің көзқарастарын Эпикур мен Лукреций Кар әрі қарай дамытты.

Софистер (гр. sophists-өнерпаз, дана)-«даналықтың,» «шешендіктің» кәсіби ұстаздары ретінде саналған ежелгі грек философтарын осылай атаған. Олардың халықты риторикаға, философияға үйретудегі атқарған еңбектері зор. Діннен бас тарту, табиғат құбылыстарын ұтымды түсіндіру, этикалық және әлеуметтік релятивизм-олардың ортақ көзқарасы болып табылады. Софистер екі топқа бөлінді: «Аға софистер»-табиғатты материалистік тұрғыда түсіндірді. Бұл топтың өкілдері-Протагор, Гиппий, Продик, Антифондар-алғашқы ағартушылар. Екінші тобы- «Кіші софистер» (ақсүйектер тобы)-Гипподам, Критий-философиялық идеализмге ден қойғандар. Софистер дау-дау кезіндегі кейіпке байланысты пайда болған «Софистика» деген әдісті қолданды. Софистика – дауласу немесе дәлелдеу кезінде қисынсыз пікірлерді, софизмдерді, яғни сырттай ғана дұрыс болып көрінетін айдаларды саналы түрде қолдану. Сондықтанда Аристотель оларды «жалған даналық» ұстаздары деп атады.

Антикалық философияның екінші-классикалық кезеңі-ерте грек философиясының кемелденген, гүлденген кезі болды. Себебі, Платон мен Аристотель өздеріне дейінгі философияны біртұтас ғылымға айналдырып, жүйелендіре түсті.

Сократ ілімі. Сократ пен Пифагор арасындағы философиялық байланыстар

Сократ (шамамен б.д.д. 469-339 ж.ж.) – ежелгі грек философы, оның ілімі материалистік натурализмнен идеализмге ауысу кезеңін бейнелейді. Афиныда ғұмыр кешіп. одан Платон, Евклид, Антисфен, Аристипп секілді ұлы адамдар дәріс алады. Сократ ілімін тек Платон мен Аристотельдің айтуы бойынша ғана білеміз. сократ әлем құрылымдарын, заттардың физикалық табиғатын танып білу мүмкін емес, біз өзімізді ғана танып білуіміз мүмкін дейді. Танымның мұндай түсінігін Сократ «Өзіңді танып – біл» формуласы түрінде өрнектеді. Білімнің ең жоғары міндеті теорияда емес, тәжірибеде, яғни өмір сүре білетіндігінде. Сократ этикалық ұғымдарды (айбындылық, әділеттілік) анықтаумен жалпыландырудың үлгісін жасады. Ұғымды анықтаудан бұрын әңгімеге жол берілуі керек, соның барысында бірнеше сұрақтардың көмегімен әңгімелеушінің сөздеріндегі қайшылықтар анықталмақ. Бұл орайда Сократ майевтика (сөйлесу өнері) әдісін ұсынады. Сократтың этикасы рационалды: жаңсақ әрекеттер білместіктен жасалады, ешкімде өз еркімен зұлым болмайды.

Адам өзіне үнілген сайын, өзінің білімсіздігін аңғармақ. Сократқа жүгінсек «Менің білегінім ештеңе білмейтіндігім» қағидасының мәні ашыла түспек.

Сократ софистердің «Адам-өлшем» деген тұжырымдарымен келіседі, бірақ ол нақтылы, өз заманының пайда іздеген адамы емес, ол - тек ретінде алынғандағы адам.

Пифагор математика ғылымымен айналыса келе, Дүниедегі құбылыстардың заңдылықтарын математикалық сандық өлшемдермен беруге болатынын байқайды.

Сократ Пифагор, Анаксимен, Гераклит, Анаксимандар т.б ойшылдар пікірімен келіседі. Ол адам жаны ойлауға қабілеті, оның парасаты, адамгершілікке негізделген сананың негізін қабылдайды.

Сонымен қатар Сократ адам жан дүниесін терең зерттеп, оны дамытудың жолын көрсетті. Оның жолы – ирония мен маефтика.

Пифагор мен Сократ ілімінің бір ұқсастығы – білімге деген қызығушылықтары Шығысқа қарай тартып тұруында.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Ә. Нысанбаев, Т. Әбжанов, «Қысқаша философия тарихы». – Алматы, 1999

Философия. – Алматы: «Қаржы-Қаражат», 2002

Мырзалы Серік. Философия. 2008

Trilingualism is the key to profound knowledge

**Болатбек Динара, Жапбаров Нұрғазы
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ**

Role of education in the development of the Republic of Kazakhstan

The world lives in a time of profound change and faster development. This is new technological advances, rapid development of IT technologies and mobility of human resources. “Knowledge is a power” said once Francis Bacon and he was right. The meaning of these words are really important, because knowledge made up the contemporary world since and it truly contained a lot of characteristics, as capability to make a huge effort, hard work and desire to learn something new in order to keep developing.

Kazakhstan is a developing country and actively integrating into the global community. But in comparison with developed ones, for example the USA or China, still not good and qualified at IT industry and technologies. By knowing the language of technologies Kazakhstan people will understand it better and will be able to create it on their own easily.

Consequently education reforms should be done according to global mainstream.

Approving and implementing reforms related to the trilingual education system


Ongoing reforms in the education sector of the Republic Kazakhstan provide a number of initiatives, including the introduction of the trilingual education system at all levels of education, which aims to shape the future generation, fluent in Kazakh, Russian and English languages. The objectives of language policy of the modern Kazakhstan reflects in the address of President of Republic of Kazakhstan, N. Nazarbayev, “Kazakhstan in the new world” (2007), in which the framework of competitiveness of country and its citizens, proposed phased implementation of the cultural project called “The unity of three languages”, aimed to the development of three Languages: Kazakh as the state language, Russian as the language of international communication and English as the language of successful integration into the global economy.

The transition of Kazakhstan to the Latin alphabet was preceded by the transition of the educational system to a trilingual version of education. On behalf of Elbasy Nursultan Nazarbayev, Kazakhstan should switch to the Latin alphabet by 2025. In 2016, Elbasy explained the reform as follows: “The state language is the language of the people, where we all live, we need to know. We must know English, because it is the language of science and innovation». The transition to three languages is being implemented as part of the 79th step of the “plan of the nation in 100 steps”. The essence of the reform is as follows: in the 2018-2019 academic year,

almost 2000 (41%) of the senior classes of secondary schools will teach four subjects of the natural-mathematical cycle (physics, chemistry, biology, computer science) in English.

Current English language proficiency in Kazakhstan


When the final implementation of the reform was six months away, it turned out that there were not enough English teachers in Kazakhstan. Testing showed that two-thirds of English teachers in mainstream schools found very poor results. The EF EPI English proficiency index is determined based on the results of a test involving at least 400 people from a given country. By recent data of ef.kz Kazakhstan is ranked 93rd place in English language proficiency with an index of 43.83%, which is very low. According to the rating, the situation with knowledge of the world's most widely spoken language is getting worse every year in Kazakhstan(1-graph).



1-graph. In 2016 Republic of Kazakhstan took 54th place, 2017 — 68th, in 2018 — 80th, in 2019 — 93rd places correspondingly.

Further plans and state language program for 2020-2025

Kazakhstan plans to adopt the state language program for 2020-2025. The program provides for the modernization of the Kazakh language on the basis of a new latin alphabet and the expansion of the use of the state language. As for trilingualism, developers expect to achieve the following target indicators(2-graph).



2-graph. The percentage of the population of the Republic who speak three languages at a certain level (State, Russian and English) in 2020 – 26%, in 2021 – 27%, in 2022 – 28%, in 2023 – 29%, in 2024 – 30%, in 2025 – 31%.

Conclusion

In my opinion, the main important thing in this case is a progress. Because if we do not grow and make progress as Kazakhstan Republic's citizens we will fail with or without the national identity. In modern conditions the strategic resource of Republic is a high intellect and extra technical knowledge is economical growth factor. We can't keep the past in our minds without accepting the outer change, we can remember it and be proud of it, but the major issue must be in building a new strong Republic. The young generation will build up the future that's why it is important to grow them up strong and smart. Like Confucius said "If your plan is for

one year, plant rice. If your plan is for ten years, plant trees. If your plan is for 100 years, educate children.”

List of references

- Nazarbayev, 2007 - Nazarbayev, Nursultan Abishevich (2007) New Kazakhstan in the new world.
- Akhmetshin, E. M., Pavlyuk, A. V., Ling, V. V., Mikhailova, M. V., Shichiyakh, R. A., & Kozachek, A. V. (2019). Journal of Entrepreneurship Education, 22(2019)
- Features and problems of implementation of trilingual system in the secondary school in Kazakhstan, <https://www.e3sconferences.org>
- EF EPI 2019-English language proficiency Level, <https://www.ef.kz>
- The program for the implementation of the language policy for 2020-2025, <https://www.zakon.kz>

ОБРАЩЕНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ С.ЕСЕНИНА

Болаткызы К., Акаева М.А.

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

Обращение – своеобразная синтаксическая конструкция, противоречивые признаки которой не позволяют однозначно определить её синтаксический статус. Это грамматическая форма, обладающая первичной функцией и несколькими вторичными функциями.

В своей первичной функции обращение не имеет аналога среди других синтаксических категорий: это имя получателя речи (адресата), которое произносится говорящим в целях установления коммуникативного контакта (функция адресации речи): *Дети, я вам расскажу про Мазая.*

Имея в виду только эту звательную функцию, мы не можем считать обращение членом предложения: имя собеседника – это ещё не сама речь, не высказывание, а только призыв к её восприятию.

Эта функция обращения отражена в его традиционных определениях, принятых грамматиками, например: « Обращение – это слово (или сочетание слов), называющее того, к кому (чему) обращаются с речью) [1, с. 172]

Основной сферой обращения во вторичных функциях является поэтическая речь. Конструкция с обращением – поэтическая фигура, которая входит в целую систему художественных приемов, связанных с олицетворением.

В данной статье нами рассматриваются обращения, использованные С. Есениным в его произведениях.

Надо отметить, что большое место в творчестве Есенина занимают эпитеты, сравнения, повторы, метафоры. Они используются как средство живописи, передают многообразие оттенков природы, богатство ее красок, внешние портретные черты героев ("черемуха душистая", "рыжий месяц жеребенком запрягался в наши сани", "во мгле сырой месяц, словно желтый ворон... вьется над землей"), для передачи душевного состояния человека, для создания ритмического рисунка.

Поэзия Есенина насыщена обращениями, часто это обращения к природе:

Милые березовые чащи! Ты, земля! И вы, равнин пески! Перед этим сонмом уходящих Я не в силах скрыть моей тоски.

Чаще всего поэт писал о деревенской природе, которая всегда выглядела у него простой и незамысловатой. Это происходило потому, что эпитеты, сравнения, метафоры Есенин находил в народной речи. Так же как и для народа, для Есенина характерно одушевление природы, приписывание ей человеческих чувств, т. е. приём олицетворения:

Клен ты мой опавший, клен заледенелый, Что стоишь, нагнувшись, под метелью белой? Или что увидел? Или что услышал? Словно за деревню Погулять ты вышел.

по мнению Базанова В.Г., «если поэт обращается к неживой природе, он тем самым оживляет её, очеловечивает, считая способной хотя бы понять его» [2;24]. В своем творчестве С.Есенин особенно часто прибегает к олицетворяющему обращению.

Очень часто Есенин в своих произведениях обращается к Руси. Таковы стихотворения “Гой ты, Русь моя родная...”, “Край ты мой заброшенный...”, “Голубень”, “Русь”. Правда, порой у поэта слышится “тёплая грусть” и “холодная скорбь”, когда он встречает крестьянскую нищету, видит заброшенность родного края. Но это лишь углубляет и усиливает его беспредельную любовь к тоскующей сиротливой земле.

Край ты, край мой, родимый, Вечный пахарь и вой, Словно Вольга под ивой, Ты поник головой.

Есенин умеет почувствовать в самой тоске родимой стороны веселость, в дремлющей Руси – накопление богатырских сил. Его сердце отзывается на девичий смех, на пляску у костров, тальянку ребят. Можно, конечно, уставиться в “ухабины”, “кочки и впадины” родной деревни, а можно увидеть “как синеют кругом небеса”. Есенин усваивает светлый, оптимистический взгляд на судьбу своего Отечества. Поэтому так часто в его стихах звучат лирические признания, обращенные к Руси:

Но люблю тебя, **родина кроткая!** А за что разгадать не могу Весела твоя радость короткая С громкой песней весной на лугу.

В стихотворениях, где поэт обращается к матери, присутствует образ «старая», «старушка». Обращения распространены определениями **родная, терпеливая, милая, добрая, нежная,** тем самым поэт называет не только адресата речи, но с помощью обращения дается характеристика предмета (лица), указываются его признаки.

Образ матери не единственный женский образ, к которому поэт обращается в своих стихотворениях. Можно выделить обращение к конкретному человеку по имени:

Шаганэ ты моя, Шаганэ! Потому, что я с севера, что ли, Я готов рассказать тебе поле, Про волнистую рожь при луне. **Шаганэ ты моя, Шаганэ.**

Также встречается обращение к женщине по национальности:

У меня в душе звенит тальянка, При луне собачий слышу лай. Разве ты не хочешь, **персиянка,** Увидать далекий синий край.

Хотя мы отметили, что в функции обращения чаще всего выступает существительное в именительном падеже, в стихотворениях – обращениях к женщине поэт использует обращения, выраженные прилагательными:

Свет вечерний шафранного края, Тихо розы бегут по полям. Спой мне песню, **моя дорогая,** Ту, которую пел Хаям.

Для обращений в данных поэтических текстах характерно не только наличие адресата, а более подробная его характеристика, которая помогает выразить мнение, чувства, отношение автора. Обращениям к лицам женского пола противопоставляются обращения к лицам мужского пола, среди которых довольно частым является использование обращения «друг», уточняемого местоимением «мой»:

Листья падают, листья падают. Стонет ветер, Протяжен и глух. Кто же сердце порадует? Кто его успокоит, **мой друг?**

Среди произведений, выражающих есенинскую концепцию природы, одно из самых видных мест занимают стихотворения о животных. Значительное место в поэзии С.Есенина занимает обращение к животным, а именно к собаке: А ты, любимый, **Верный пегий пес?!** От старости ты стал визглив и слеп.

Интересными в поэзии С.Есенина, на наш взгляд, являются обращения к топонимам:

Хороша ты, **Персия**, я знаю,
Розы, как светильники, горят...
Прощай, **Баку!** Тебя я не увижу.

Использованная литература

1. Бабайцева В.В., Максимов Л.Ю. Современный русский язык. Синтаксис. Пунктуация.- М.: Просвещение, 1987.-256с.
2. Базанов В.Г. Сергей Есенин // Творческие взгляды советских писателей.- Л.,Наука,1981.- 234с.
3. Есенин С. Собрание сочинений в двух томах. Т.1.-М., 1991.- 478с.
4. Акимов Г.Н. Новое в синтаксисе современного русского языка.- М., 1990.- 167с.
5. Валгина Н.С. Активные процессы в современном русском языке. Учебное пособие.- М.: Логос, 2001.- С.182-237

АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ

Бұлдырық Ү., Жәрімбет Ғ.А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Адамзат табалдырығынан аттаған осы мыңжылдықта болашақты кімдер айқындайды? Бұл сауалдың жауабы қазірдің өзінде бесенеден белгілі. Ендігі жерде қоғамды алға жетелейтіндер шәкірттерін қалыптан тыс қадамдарға рухтандыра алатын ұстаздар, тұтынушының қалауын қапысыз танып, басқаның түсіне кірмеген дүниелерді ойлап табатын, тыңнан жол салатын бизнесмендер, ел көрмеген жаңалық ашып, әлемді өзгертуге дайын ғалымдар болатыны сөзсіз.

Мыңжылдықтар тоғысындағы осындай алмағайып кезеңде, дініміз бен дәстүріміздің тазалығына өзгелердің мәдениеті астасқан аласапыран сәтте, өскелең буынға аса қажет болып тұрған дүние - өздеріне темірқазық етер бағыт-бағдар. Осы орайда адам жаны мен уақыт талабын жете түсінген дарын иесі Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі, Абайдай қазақты танып-білген һәм Абай сынды қалың елі қазағына жаны күйзелген жанашырлар некен-саяқ.

Қазақтың бары да, байлығы да-Абай. Адассақ та, алға ұмтылсақ та Абайға жүгінеміз. Абай-қазақтың ғана емес, күллі адамзат баласының жеті түнде адастырмас Темірқазығы [1.2].

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла»

Иә, Абай Құнанбаев бір жұмбақ қазына іспеттес. Ізденіп қараған сайын бойыңа ізгілік пен ғибрат, сан-қилы жолда адастырмас болашаққа бағдар, ертеңге мол өнегелі өсиет аласың. Абай заманынан 1 ғасырдан аса уақыт өтсе де өз құндылығын жоймай сақталып қала берген Абай мұрасын және оның қазақ руханиятындағы алатын орны мен маңызын талқылап, кешегі өткен ұлтқа қызмет етудің үлгісін көрсеткен Әлихан, Ахметтердің еңбектерін басшылыққа ала отырып, Абай әлеміне кішігірім зерттеу жасамақпын.

Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталды. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы "Қазақ" газетінде басылған "Абай – қазақтың бас ақыны" атты мақаласында "Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ" - деп Абайды аса жоғары бағалайды[2.3]. Тәуелсіздіктің алғашқы

жылдарында Абай мұраларын зерттеп, жүрген ғалымдар арасынан Тұрсын Жұртбай, Таласбек Әсемқұлов, Тұрсынжан Шапай, О.Жәлел және т.б. ерекше атап өту керек. Абайды тану мәселесі ұлтымыздың рухани өміріндегі толастамайтын мәдени саясаттың мүддесі және күре тамырлы бағыты болғандықтан да Тұрсын Жұртбайдың "Күйесің, жүрек... сүйесің" кітабының маңызы зор. Ғалым аталған кітабында: "Абай шындық үшін ешкімді де аямайтын өте қатал сыншы. Тәңірім ондай азаптың бетін аулақ қылсын сізден. Тек іздегеніңізді таппасаңыз, мұратыңызға жетпесеңіз, жалғаннан жалықсаңыз, мәңгіліктің де, бақилықтың да баянсыздығына көзіңіз жетіп, көңіліңіз сенсе ғана іштегі шеріңіз еріп, ойыңызға өт құйылса ғана Абайдың "іші толған у мен дерт" жан дүниесін түсіну сапарына аттаныңыз. Ол Сіздің өзіңіздің таным сапарыңыз болады. Абай арқылы өзіңізді танысаңыз – мұратқа жеткеніңіз", - дейді [3.2].

Абай өзі өмір сүріп көп сынға алған аумалы-төкпелі заманнан, өзіміз кешіп жатқан өмірге бір сәт көз жүгіртіп өтсек, біздің заманның да әттеген-ай дейтін тұстары баршылық екенін айдан анық аңғарамыз. Кешегі Кеңестік дәуірде ұлттық құндылықтарынан қол үзе жаздаған ұлтымыздың бүгінгі діни ахуалы біршама өзгерек. Біз бүгінгі ғылым мен технологияның шырқап дамып, халықтар мен ұлттар арасындағы алшақтықтар жойылып, қашықтықтар жақындаған сайын, әсіресе адамзаттың асыл құндылықтары жаһандық деңгейде сипат алған, қоршаған ортаның ластануы, нашакорлықтың тарауы, жаһандық және экономикалық дағдарыс, сан түрлі қауіпті аурулар, ұйымдасқан қылмыс, экстремизм, терроризм сынды бүкіл адамзат бейбітшілігіне, тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп тудыратын өзге де құбылыстар барынша өршіп тұрған алмағайып дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді бұл кесел айналып өткен жоқ.

Міне, осындай кезеңде өткен мен бүгіннің өзекті мәселелерін ой елегінен өткізіп, сын тұрғысынан ойлау арқылы өзгеріс пен өзгеруге қадам басуымыз керектігін пайымдадым. Әуелі, тұңғыш Президентіміз айтқандай, Рухани жаңғыруымыз тиіс. Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес. Шын мәнінде, бұл-ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айтпай кете алмаймыз. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет [4.2].

Біз отан тарихының бір бөлшегі болған “Тұлғатану” саласын дамытуымыз қажет. Абайды әлемге танытқан ұлы Әуезов бір сөзінде: «Абай - қанша алсаң да таусылмайтын ұлы мұхит. Мен одан өзіме керегімді ғана алдым», - деген екен. Ғылыми жұмысымды зерттей келе Абайды тану арқылы, Абайды оқу арқылы түрлі ой-кеселдерінен, қоғам індеттерінен айығатын боламыз. Қазіргі болмысы бұлыңғыр, мазмұны маргиналды діни ағымдардың өршіп тұрған тұсында ұлы Абай рухымен тыныстау, сол арқылы бөтен ой-танымдарға, өзге террорлық әрекеттерге қарсы иммунитет қалыптастыруға зәрулік зор. Сол себептен де, Абайтану ғылымын жаһандық сипатта ілгері дамытқан жөн.

Алла ішінді айтқызбай біледі ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мүмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!- деп, адамгершілік сезімі терең, жүрісі кең
кісіні діні дұрыс адам деп есептейді.

Дін-адамның көңілі, адамгершілік қасиеті деп түсіндіреді. “Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажылық ешбір ғибадат орнына бармайды” дей келе, “не Алладан, не өкімет заңынан қорықпай не обалды, не сауапты білмейтіндер, біздің қоғамдағы халықтық тәрбиеге өгей ұрпақ өскенін көріп отырмыз. Абай ұстанған дін-ақыл діні[5.334].

Абай мұрасындағы қазақ руханиятына тағы да бір қымбат қазына-Қара сөздер. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпы-адамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше дүние. Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа қанат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы – кісілік, мәдениет, ізгілік. Хакім Абайдың қара сөздеріне балама еңбек іздесек, француз ойшылы Монтеньнің жазбалары ойға оралады. Десек те, Монтень өз болмысы мен адам тұлғасы жөнінде көбірек ой толғаса, Абай қара сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері – аса құнды еңбек.

Еліміздің дамуы жолында қазіргі уақытта тіл мәселесі алдыңғы орында. Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді. Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор. Қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз. [6.2].

Ұлы тұлғаның қара сөздерін оқи отырып түйген қорытындым, Абай шығармаларын көп адамдар түсіне бермейді. Түсіну қиын. Оқыған сайын жаңа қырынан тани түсесің. Ал ерте жаста, көбіне мектеп қабырғасында оқушылар ағартушының өлеңдерін түсінгенімен, қара сөздеріне терең бойлап мән бермейді. Мән бергенмен, жете түсіндіріп бере алмайды. Абайды оқу үшін де білім керек. Бойыңдағы білім жеткілікті болғанда Абайды міндетті түрде оқып, өзіңше танымыңды кеңейтесің. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Қара сөз жайында қозғаған ой-толғауымды Абай атамның өмірлік ұстанымыма айналған он тоғызыншы сөзі арқылы нақтылы қорытындылағым келеді: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші - сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе - күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.»

Абай мұрасын зерттей келе, заманынан озық туған, ғасырда бір туатын іргелі тұлғамызды, елім деп тебіренген ұлы ақынымызды "Абай қазақтың жаман жерін айтқан"

деп сөгетіндер, білмей сынға алатын өресі төмендер көп екенін аңғардым. «Қазаққа ес кіргенде, Абай ескіреді» деген сөз, одан қала бере, "қазаққа сол ес кірмей жүр ғой әлі, сондықтан да Абай әлі ескірмей жүр..." деген пікірді түсіндім. Жалпы, «Абай қазақты жамандаумен болған» деген суық сөздер бүгінгі мерзімді басылымдар мен интернет сайттарында кезіп жүр. Өз халқыңды шынымен жақсы көрсен, халқыңның нағыз патриоты болсаң, онда халқыңның кемшілігінде көрсете білу қажет. Орыстың атақты жазушылары Пушкин мен Некрасов та, Толстой да өз халқының мінін айтқан. Шынымен де халқын жақсы көретін адам ұлттың жаман жағын айтып, соны жақсартуға жұмыс істеуі керек. Зерттеуімді қорытындылай келе Абайды тану үшін ойың жетіліп, миың толығу керек екен. Екінің бірі Абайды жаттап жүр, бірақ түсініп оқу бір бөлек. Абайды оқығанда екі жолдың арасын оқымау керек, ой түйіп, қорыта оқу керек.

Осыншама құнды екібектер мен рухани азық қалдырған Абай атамизды бүгінде қалай дәріптеу үстіндеміз? Әлем жұртшылығына ұлы ақын мұрасын таныта алдық па? Үстіміздегі жылдың маңызды мерейтойы болған, Ұлы ақын Абайдың 175 жылдығын халықаралық деңгейде атап өте аламыз ба?

Біздің есіміздегісі Мұханның ұлы шығармасындағы «...Шөл даланы жарып аққан дариядай игілік өмір үзілді. Зәулім өскен алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті» - деген жолдар. Тегінде есті қазақтың есінен Абай шығуы мүмкін бе?...

Биыл Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Ұлттың ұраны болған ұлы тұлғаның атын асқақтатуда «қалың елі қазағы» ұлағатты істер атқарып жатыр. Әрине, әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану заманында, ақпараттық-технологиялар кезеңінде Абай сөзі баршаға ой салуға тиіс. Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын.

Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауға тиіс. Бұл – ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз.

Мәңгілік Ел болуды ниет еткен елмен ұлы Абайдың мәңгілік мұрасы да бірге болары хақ!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [Н.Ә.Назарбаев «Абай туралы сөз» Massaget.kz сайты](#)
2. А.Есекеева: «Ғылым іздеп дүние көздеп» /Ақмешіт жастары, 2. 11.2019 жыл, 2 бет.
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы, // Егемен Қазақстан 9.01.2020жыл, 2б.
4. М.Әуезов «Абай жайын зерттеушілерге» // Екпінді., Семей 17.07.1940ж., 2б.
5. Ш. Ә.Әбдірайымов «Абай жұмбақтығы - философиялық мәселе». Ітом, Астана, 2015 ж.,.344 бет.
6. Б.Қ. Қанахметова «Шыңынан асқан Шыңғыстың» әдістемелік оқу-құралы Талдықорған, “Притланд ” баспасы, 2007ж., 281бет.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ И ПОЛЬЗА ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ОНЛАЙН

Ганиева Ш., Сембиева.Г.М

Кызылординский Государственный Университет Имени Коркыт Ата

Онлайн обучение – это метод дистанционного обучения при помощи интернета и компьютера. То есть использование Интернет-ресурсов для повышения эффективности обучения английского языка. Мы используем Интернет-ресурсы для повышения эффективности обучения английского это все связано с требованием времени. XXI век - век высоких компьютерных технологий . Меняется и роль учителя - он должен стать координатором информационного потока и ему необходимо владеть современными методиками.

Интернет открывает новые, ранее неизвестные нам возможности для совершенствования преподавания и изучения английского языка. Благодаря интернету открываются и новые методы изучения английского языка. Обучение онлайн дает нам возможность воспользоваться огромным количеством дополнительных материалов, и огромной , и очень интересной информации, которые позволяют обогатить уроки разнообразными идеями и упражнениями, и также развивают и обучают человека.

Благодаря обучению онлайн мы можем получить и изучить ту или иную информацию находясь в любой точке земного шара. Это также огромный плюс в развитии технологий и хорошая возможность для человека. Все это создает уникальную возможность для реализации нашей основной цели обучения иностранным языкам - формирование и развитие культуры, обучение практическому овладению иностранным языком.

Я думаю, что благодаря интернету мы можем улучшить свои знания того или иного языка, то есть развить свою речь, обогатить словарный запас, узнавая и изучая иностранный язык в интернете. Ведь в интернете есть всё: разновидности книг электронного формата, переводчик, словари и много другой научной информации. Лично я сама на своем опыте могу сказать , что можно развить знание английского языка с помощью просмотра интересных фильмов на английском языке, это очень помогает для развития языкового барьера. А также конечно же можно обучаться по видео - курсам, там можно начать обучение с нуля. Это также очень хороший бонус для нас. Ведь мы студенты бывают дни, когда мы можем пропустить занятие и конечно же благодаря интернет ресурсам мы можем наверстать упущенное.

Конечной целью обучения иностранным языкам является обучение свободному ориентированию в иноязычной среде и умению адекватно реагировать в различных ситуациях, то есть общению. Также все эти ресурсы могут быть активно использованы на уроке.

Учителя также могут использовать интернет ресурсы для проведения урока. Ведь благодаря им можно сказать, урок проходит интересно и способствует лучше для запоминания учащихся. Обучение в интернете также способствует развитию чтения, также письменной речи и пополнения словарного запаса обучающихся, и это всё в общем формирует интерес и мотивацию к изучению иностранного языка.

Новый метод обучения привлекателен для всех возрастов. Благодаря интернету ,изучением онлайн могут воспользоваться не только школьники и студенты, но и просто люди, которые хотят добавить в свою жизнь еще новый, и интересный язык. Тем самым открывают перед собой огромные возможности. И также один из плюсов многие изучают английский язык, не выходя из собственного дома.

Преимущества изучения:

1. Мы можем контролировать темп и развитие своего обучения. Это даст нам возможность перераспределить время на те области, где нам нужно подтянуть наши знания.

2. Также, как я уже говорила выше мы можем получать знания находясь в любой точке мира, то есть независимо от нашего местоположения.

3. Высокая эффективность благодаря использованию удобных программ и сайтов обучения.

4. Электронное образование это экономия денег.

5. Возможность получить образование людям с ограниченными физическими способностями.

6. Удобство и технология.

Различные методы изучения :

1. Использование онлайн-словарей, чтобы мгновенно находить слова и это лучше способствует разговорной речи.

2. В интернете мы можем выбрать учителя, произношение и интересы которого нам подходят.

3. Просмотр исторических или научных фильмов также один из методов, ведь когда человек больше общается или слушает разговор на этом языке, то ему легче осваивать язык.

4. Онлайн курсы на английском языке.

Но конечно же выбирая всё это и говоря о методах изучения дистанционно, нельзя и забывать про посещение уроков для школьников или же если это студенты то пар. Ведь самым главным для начала это получит знания и педагогов, и конечно же на данный этап времени многие учителя также пользуются интернетом для проведения уроков. То есть придумывают различные интеллектуальные игры на английском языке, показывают презентации, онлайн книги также имеются в наличии у учащихся. Все это способствует хорошему получению знаний английского языка. Я считаю, что онлайн занятия в наше время набирают огромную популярность. Я хочу обратить ваше внимание на то, что мир развивается с большой скоростью, и онлайн-образование являются прекрасным результатом. Люди должны использовать их как можно больше в своих интересах. Мы живем в век таких возможностей, в котором есть все для хорошего и образованного, светлого будущего нашей страны. Так, что мы все должны не ленясь, использовать все возможности, которые у нас с вами есть! Этим я хочу сказать, что самое главное это желание и мотивация. Если ты захочешь ты сможешь с легкостью владеть английским языком. Ведь не надо забывать, то что английский язык является международным языком. И его изучение это огромный плюс не только для общества, а самое главное для самого себя!

В любом случае, это зависит от вашего собственного решения, потому что мы все отличаемся, и наши вкусы разнятся. Это хорошо известный факт, что в настоящее время знание английского языка действительно актуально. А также подтверждено, что по опросам одним из лучших методов изучения это онлайн уроки.

Минусом онлайн обучения, на мой взгляд, является отсутствие группового общения. Так как лучше освоить материал разговаривая и обсуждая на этом языке. Хотя я уверена, что над этим работают. Поэтому, если бы меня спросили, какой вид обучения мне по душе, я бы, скорее всего, выбрала онлайн обучение.

Почему я перечислила минусы?

Я считаю, что крайне важно учитывать как плюсы, так и минусы онлайн обучения, чтобы мы могли лучше подготовиться к работе в этой новой среде и использовать новые возможности. Учитывая все минусы и плюсы наших новых технологий. Лично я могу сказать с уверенностью, что для большей части учащихся компьютер является источником получения информации, а также использование компьютеров делает изучение иностранного языка интересным, с помощью Интернета для поиска информации к урокам

иностранный язык прибегают тоже к интернету. И каждый студент или ученик имеют навыки работы в различных компьютерных программах, общаются в сети Интернет, создают компьютерные презентации к урокам мероприятий. Я пришла к выводу, что интернет действительно может помочь и ускорить процесс обучения иностранного языка.

“Effectiveness and benefits of studying English online”

The Internet is the best place to learn English. Using Internet Resources to Improve Your English Language Teaching. We use Internet resources to improve the effectiveness of English learning. This is all due to the time requirement. Online training gives us the opportunity to take advantage of a huge amount of additional materials, and a lot of interesting information.

This is also a huge plus in the development of technology and a good opportunity for people. I think that thanks to the Internet, we can improve our knowledge of a particular language, that is, develop our speech, enrich our vocabulary by learning and learning a foreign language on the Internet.

Personally, I can say from my own experience that you can develop your knowledge of English by watching interesting movies in English, it helps a lot for the development of the language barrier. Teachers can also use online resources to conduct the lesson. And all this in General creates interest and motivation to learn a foreign language.

The new method of learning is attractive for all ages. And also one of the advantages of many people learn English from the comfort of their own home. All this contributes to a good knowledge of English. By this I mean that the most important thing is desire and motivation. If you want to, you can easily speak English.

After all, we must not forget that English is an international language. And its study is a huge plus not only for society, but most importantly for yourself! The disadvantage of online learning, in my opinion, is the lack of group communication. The how to overcome material conversation and discussing this aside. Although I'm sure they're working on it. Therefore, if I was asked what type of training I like, I would most likely choose online training.

Why did I list the disadvantages?

I believe that it is extremely important to consider both the pros and cons of online learning so that we can better prepare to work in this new environment and take advantage of new opportunities.

And each student or pupil has the skills to work in various computer programs, communicate on the Internet, create computer presentations for lessons and events.

“Ағылшын тілін онлайн үйренудің тиімділігі”

Менің ойымша ,онлайн сабақтар біздің уақытта өте танымал. Мен әлем үлкен жылдамдықпен дамытындығына назар аударғым келеді, және онлайн-білім тамаша нәтиже болып табылады.

Адамдар оларды өз мүддесінде мүмкіндігінше көп пайдалануы керек. Біз еліміздің жақсы әрі білімді, жарқын болашағы үшін бәрі бар мүмкіндіктердің ғасырында өмір сүреміз. Осылайша, біз барлық жалқау емес, біз бар барлық мүмкіндіктерді пайдалану керек! Бұл ең бастысы-тілек пен мотивация деп айтқым келеді. Егер сіз ағылшын тілін оңай меңгергіңіз келсе.

Менің ойымша, біз осы жаңа ортада жұмыс істеуге жақсы дайындалу және жаңа мүмкіндіктерді пайдалану үшін онлайн оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескеру өте маңызды. Біздің жаңа технологиялардың барлық кемшіліктері мен артықшылықтарын ескере отырып. Мен оқушылардың көп бөлігі үшін компьютер ақпарат алу көзі болып табылатынына, сондай-ақ компьютерлерді пайдалану шетел тілін үйренуді қызықты етеді, Интернет арқылы шет тілі сабақтарына ақпарат іздеу үшін де интернетке барады. Әр студент немесе оқушы әр түрлі компьютерлік бағдарламаларда жұмыс істей алады, Интернет желісінде қарым-қатынас жасайды, сабақтар мен іс-шараларға компьютерлік презентациялар жасайды.

Мен өз тәжірибемде ағылшын тілінде қызықты фильмдерді көру арқылы ағылшын тілін меңгеруге болатынын өзім де айта аламын, бұл тілдік кедергілерді дамытуға

көмектеседі. Сондай - ақ, әрине, бейне курстар бойынша оқуға болады, онда оқуды нөлден бастауға болады. Бұл біз үшін өте жақсы бонус. Өйткені, біз студенттер сабақты жіберіп алатын күндер болады, әрине, интернет ресурстарының арқасында біз жіберіп алмауымызды көтере аламыз.

Мен интернет шын мәнінде шет тілін оқыту процесін жеделдетуге және көмектесе алады деген қорытындыға келдім.

Список литературы:

1. «Войтко С.А. Об использовании информационно-коммуникационных технологий на уроках английского языка 2004 – 2005»
- 2.«Костюк Е.В. Методика преподавания иностранных языков с использованием электронных ресурсов , Санкт-Петербургская академия постдипломного педагогического образования, 2010.»
- 3,. Никитина И.Н. Урок английского языка с использованием новых информационных технологий 2004 – 2005.
4. Полат Е.С. Некоторые концептуальные положения организации дистанционного обучения иностранному языку на базе компьютерных телекоммуникаций.
5. Нарышкина Е.А. Использование компьютерных программ при обучении английскому языку 2007 – 2008.

ДИАГНОСТИКА УРОВНЯ МОРАЛЬНО-ЭТИЧЕСКОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЛИЧНОСТИ У СТУДЕНТОВ 1 КУРСА МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. М.ОСПАНОВА

Горбатенко Д.С., Сундетова А.Н.

Западно-Казахстанский медицинский университет им. Марата Оспанова

Формирование моральных принципов и профессиональной этики у студентов медицинских университетов является одной из главных составляющих будущих врачей Казахстана. Именно представителям данной профессии граждане государства доверяют свое главное достояние – здоровье. Можно утверждать, что в лечении пациента немаловажную роль, помимо профессиональных знаний, умений и навыков, играет и морально-этическая составляющая. Если обратиться к определению моральной ответственности, то это категория этики, которая характеризует личность с точки зрения выполнения ею нравственных требований. Ответственность выражает степень участия личности или социальных групп в их собственном нравственном совершенствовании и в совершенствовании общественных отношений.

Этика — это учение о нравственности, одновременно это философская наука, объектом изучения которой является мораль.

Этика призвана теоретически решать практические нравственные проблемы, которые возникают перед человеком в жизни: как должно поступать, что следует считать добром, что — злом и т.д. В связи с этим в этике различают два рода проблем: как должен поступать человек (нормативная этика) и собственно теоретические вопросы о происхождении и сущности нравственности и морали.[4,С 4.]

Определяющим принципом морали медиков есть гуманизм - принцип этики, основой которого являются требования свободы и защиты человека, признание права человека на счастье, провозглашение блага человека основной ценностью и соблюдение его интересов конечной целью общества. Производными от идей гуманизма в практике врача есть принципы: не навреди, делай добро, справедливость, уважение прав и достоинств человека, правдивость, конфиденциальность, деонтологические принципы, уважение автономности пациента.[5]


Моральная ответственность играет важную роль во всех сферах личности – культурной, политической, хозяйственной, семейной. В первую очередь любая ответственность влечет за собой понимание моральных норм и принципов[1,С 17.]

В ходе исторического развития человеческого сообщества повышается уровень личной свободы, а также уровень моральной ответственности человека за себя и за свою семью. В этой связи философ Э. Фромм утверждал, что многие люди тяготятся этой ответственностью и пытаются уклониться от нее. Он выделил механизмы, позволяющие на социальном уровне сложить человеку с себя свободу и ответственность:


- тоталитарный режим (вождь берет на себя ответственность за жизнь общества и его членов);
- «автоматизирующий конформизм» (некритическое принятие чужих мнений, превращение мнения общества в свое собственное.[2,С 634-640]

Методы исследования: На базе Западно-Казахстанского медицинского университета им. Марата Оспанова было проведено исследование среди студентов 1 курса факультета общей медицины (41 человек, в возрасте 16-25 лет). Для его реализации был использован «Опросник ДУМЭОЛП –диагностика уровня морально-этической ответственности личности» И.Г.Тимощука.[3]

Результаты




Люди, которые постоянно борются за справедливость, на самом деле выскочки и завистники.




- да
- нет
- затрудняюсь ответить

Я никогда никому не отказываю в помощи, даже если это ущемляет мои интересы.




- да
- нет
- затрудняюсь ответить

Сочувствие и сопереживание другому человеку - это не решение проблемы, а уход от неё.





- да
- нет
- затрудняюсь ответить

Если постоянно прислушиваться к голосу своей совести, можно остаться "без хлеба насущного".





- да
- нет
- затрудняюсь ответить



Искренняя радость за успехи другого человека является, на мой взгляд, обратной стороной зависти.




Усматривание в окружающих меня явлениях действия сил "добра и зла" кажется мне примитивным и устаревшим.



Я думаю, что человек не обязан отвечать за кризисы и конфликты, произошедшие в его жизни




Общество диктует человеку свои ценности и идеалы и никуда от этого не деться




- да
- нет
- затрудняюсь ответить

Люди, которые постоянно следуют голосу совести, выглядят смешно и несовременно




- да
- нет
- затрудняюсь ответить

Безответственность, иногда проявляемая человеком, бывает идёт на пользу окружающим.



- да
- нет
- затрудняюсь ответить

Я думаю, что в работе иногда нужно прибегать к принципу: "Цель оправдывает средства".



- да
- нет
- затрудняюсь ответить

Обсуждение результатов



В результате проведенного исследования были получены следующие результаты: у 12% студентов обнаружен низкий уровень морально-этической ответственности, т.е. низкий уровень самопонимания, рефлексии, стремление избегать ответственности. Около 35% студентов показали средний уровень морально-этической ответственности, что говорит о развитой рефлексии, следовании законам морали и совести, однако они могут, изредка, осознанно нарушать их. 53% имеют высокий уровень морально-этической ответственности, т.е. наличие собственного «кодекса чести», ответственности за свои победы и поражения, высокого уровня рефлексии. Таким образом, морально-этическая ответственность личности – это проблема, принимающая глобальные размеры. В результате исследования обнаружено, что будущие врачи обладают высоким уровнем морально-этической ответственности. Это объясняется, возможно, повышением общего уровня морально этической ответственности и трансформацией системы ценностей в современном обществе.

Список литературы

1. Апресян. Р. Г. Этика : учебник. М. : КНОРУС, 2017. С 4
2. Гречкосей Р. Н. Понятие свободы в философии Э. Фромма и Ф. Ницше как проявление человеческой сущности // Молодой ученый. 2013. № 10 (57). — С. 634-640.
3. Опросник ДУМЭОЛП - диагностика уровня морально-этической ответственности личности И. Г. Тимощука. <http://tpcollege.ru/docs/psysluzhba/3moralnoetich.pdf>
4. Одинцова О. В. Профессиональная этика : учебник для студентов .2-е издание. М.: Издательский центр «Академия», 2013.
5. Панкова А. Н. Гуманизм врачевания через гуманизм образования. // Бюллетень медицинских Интернет-конференций 2017. Том 7.

ИМАНДЫЛЫҚ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕМІЗДІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Шәукенбек М.А., Досполова Г.У.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Тірек сөздер: ынтымақтастық педагогикасы, гуманизм, имандылық, «мінсіз» тәрбие, «мінсіз» отбасы

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш пен білімге тән. Жас мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Бәріне бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап оқыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Гуманизм- латынның “Humanitas” – адам табиғаты және адамдық қасиеттерге құрметпен қарау деген сөзін білдіреді екен. Ізгілік-бұл адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас, бұл өзге адамға жақсылық жасаудың негізі. Осы бағытта жұмыс атқаратын Шалва Александрович Амонашвили – ынтымақтастық педагогикасын насихаттаушы жаңашыл педагогтардың бірі. Ол мұғалімдерді педагогика даналығын шынайы да бай қайнар көзін пайдаланып, өздерінің педагогикалық шеберлігін үнемі байытып, шындап отыруға шақырады. Ш.А. Амонашвили мұғалімдерге арналған «Сәлеметсіңдер ме, балалар?!» атты көмекші құралында ең кішкентай мектеп оқушыларының тұлға болып қалыптасуын зерттеу нәтижелерін сипаттап жазады[1]. «Менің балалармен тәжірибе жұмыстарым, мектептегі қызықты да қуанышты күндерді ұйымдастырудағы ғылыми ізденістерім, эксперименттік сыныптың көптеген мұғалімдерімен өткізілген көп уақыт менде білім беру мен тәрбиелеуде ізгілік, оптимисттік бастаулардан туындайтын кейбір педагогикалық пікірлер қалыптасты,»- деген. Бұл кітаптың негізгі арқауы балаларға деген махаббат, баланың нәзік жанына сүйіспеншілікке толы қарым-қатынас болып табылады. Бұл сипаттама Ш.Амонашвилидің «Мектепке алты жастан» деген кітабында да қарастырылады. Ол «Мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен білім беру жүйесінің тиімді түрде жүзеге асырылуы толықтай мұғалімнің тұлғасына байланысты» деп есептейді. Ол ең негізі тұлғалық қасиеттерге басты назар аударады. Олар: - Баланы сол қалпында жақсы көру. Тентек пен тіл алғышты, ұғымтал мен ойлау қабілеті төмен, ұқыпты мен жалқау оқушыларды бөліп жармай, барлығын да бірдей жақсы көру керек. Балаларға деген мейірімділік пен сүйіспеншілік бар жерде қатыгездік болмайды, намысына тиетін сөздер айтылмайды, олардың әрбір жетістіктеріне қуанып отырасың; - оларды түсіне білу, яғни солардың көзқарастарымен санасу, оларды ересектерше қабылдау, қамқорлық танытқанына қуану, ақылдасып отыру. Олардың танытқан қамқорлықтары мен әрбір ісіне кешіріммен емес, үлкен құрметпен қарау керек. Балаларды түсіну дегеніміз – оларды билігіне бағындыру емес, керісінше олардың бүгінгі өміріне сүйене отырып, болашақ өміріне алғашқы дәндерін себу. Бала жүрегінің тебіренісі мен жан дүниесінің қозғалысын түсіне білген педагог оқушысының тәрбиесімен тереңдей айналыса алады. - оптимист болу, тәрбиенің оң әсер беретіндігіне сену қажет. Баланың ішкі жан дүниесіне тереңдей ену, осыған байланысты тәрбие берудің, оқытудың, дамытудың түрлі жолдарын қарастыратын, яғни әрекетшіл оптимизм жайлы. - мұғалімнің бойынан адамға тән жақсы қасиеттердің барлығы – күлімсіреу, қаталдық, ұстамдылық, салмақтылық, сезімталдық, шынайылық, зияткерлік, тіл табысушылық, өмірге деген махаббат болуы керек. «Мен ұстаз» өлеңінде Ш.А.Амонашвили: Мен – Махаббат және Адалдық, Сенім және Шыдамдылық. Мен – Қуаныш және Ортақтастық, Мұң мен Ортақтастық. Мен – Шындық пен Жүрек, Ар мен Намыс. Мен – Іздеуші және Сыйлаушы, Кедей және Бай. Мен – Мұғалім және Оқушы, Тәрбиеші мен Тәрбиеленуші. Мен – Жол көрсетуші мен Өмір суреткері. Мен — Балалықтың қорғаны мен Адамзат бесігі. Мен – Келешектің жарқыны мен Осы шақтың алауы, - дейді Ш.А.Амонашвили. Ұстаздың осындай талпынуы аса

маңызды. Ол – бұрынғы және қазіргі заманғы ұрпақтардың рухани құндылықтары мен бала арасындағы дәнекерші. Адамгершілік қасиеттері бар ұстаз балаларды білімге үйрете отырып, сонымен қоса, оларға өзінің мінез-құлқы арқылы ықпал етіп, балалардың көз алдында адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі болып көрінеді. Бала үшін мұғалімсіз білім жоқ, тек ұстазына деген махаббаты арқылы ғана бала білімнің қызықты әлеміне аяқ басады. Кіші жастағы оқушылар үшін ең беделді адам, оқушының шамшырағын жағар тұлғасы ол – ұстазы болып табылады. Сондықтан да оқушыларға сапалы білім ғана емес, рухани, ізгі тәрбие беруіміз қажет.

Бұл сұрақтың педагогикалық аспектісі осы, сонымен имандылық пен Гуманистік тәрбие беру бір екенін осылайша дәлелденіп отырғанын байқауға болады. Жоғарыда айтылып өткен «мінсіз» тәрбиеге жақын, тәрбие формуласына тоқталсақ, сонда ол қалай болуы қажет? Және қазақ топырағында ондай отбасы үлгісі кездесе ме? Біздің пікірімізше ол қандай десеңіздер :

Тәрбие баланста болуы керек .

Әке – күш . Қазақ халқында әке батасынсыз дастарқан жиналмайтын және әке сөзіне қарсы шығу болмаған, ол бала көзіне әрдайым «идеал" болып қалатын, ал ана - махаббат. Барынша қамқоршы, тәрбиеші ақыл беруші, мәмілеге түсу иесі болып отырады, бірақ мүлдем бірдей болмауы керек. Сол кезде ғана ол толыққанды, жан жақты көзқарастағы, психикалық және рухани бай азамат немесе азаматша қалыптасады дей аламыз.

Енді осы заманғы роль ауысуға келіп тоқталғымыз келеді, қазіргі әйел мен еркек теңдігі, осы «мінсіз» отбасы формуласына қаншалықты пайдалы немесе зиян? Қоғам пікірінің ауысқаны, адамзат бұрынғы таптаурындардан қаншалықты алыс кеткенін көріп отырмыз , осының қанша артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Тәрбиелеу формуласын өзгерту қажет пе ?

Бұл тақырып ашылмас бұрын мына мәліметке назар аудартқымыз келеді , бұл қазақ халқының «ана» , «қыз» бейнесі. Себебі қоғамды тәрбиелеуші ол аналар. Аналар тақырыбында қалам тербеген жазушы Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романында мынадай бір дерек келтірілген:

«Ұлпан үлкендерге бұрылып сәлем берді. Шынар да соны істеді, ұялыңқырап, бетін жаулығымен бүркемелеп сәлем берді». Бұл мысал «Ұят - беттің пердесі» деп Майлықожа ақын жырлағандай, қазақ әйелінің бойындағы ізгілік оның инабаттылығымен өлшенетіндігін, қазақ аналарының арын жанының садағасына балаған, арлы, ибалы болғандығын айқын аңғартады.

Ал жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Бақыт жолында» деп аталатын романында қазақ әйелінің жарқын бейнесі былайша сомдалған:

«...Жәнібек елең етіп қарап еді, бір келіншек пен жастау қыз бастаудан су әкеле жатыр екен. Солар өтіп кетсін деп сәл аялдады. Бірақ аналар орнынан қозғалар емес, тосып тұр. Бұл ештеңеге түсінбей аңырып беттеріне қарады.

- Өтіп кет, қайным, - деді келіншек, - Жолыңды кеспейік деп әдейі тұрмыз...»[2]. Бұл мысалдар қазақ әйелінің тәрбие көрген тектілігін, шарифаттан аттамаған естілігін көрсетсе керек...

Сол себепті өзгеріс, жаһандану өз ретімен, бірақ құр тамыр ұмытпау ол да ең басты аспектілердің бірі.

Бірінші, артықшылықтарына тоқталсақ, өзін тұлға ретінде тану ,өзін қай позицияға қоятынын анықтап алу процесі толық баланың өз бақылауында болады, өз ойын, өз пікірін қалыптастыруды үйреніп, өз өміріндегі жеке пікірін дамытады. Толеранттылық, гендерлік теңдік секілді пікір, ой бекиді. Ал, екінші, керісінше тұсы, ол роль ауысуы, өзін қоғамдық пікірде жоғалтып алуы болуы мүмкін, өзін жоғалтуы, авторитарлық үлгі алатын тұлғасының болмауы, ол баланы басқа, сырттан «идеал» іздеуіне әкеліп соғады. Сол себептен бұл өзгерістер қазақтың менталитетіне және өзіндік ерекше тәрбие беру үлгісіне, қазіргі таңдағы өзгерістер тиімді дей алмаймыз, алайда қарсы болуға да талпынбаймыз,

тек ең бастысы «идеал» етіп қоятын тұлғасы маңызды болуы шарт. Ол идеалды бейне адамға емес, бір идея астында жиналса қалай болады? Мүмкін осы таңдағы өзгерістерге қарсы, әрі ұтымды шешім сол болар? Біздің пікірімізше ол идея «имандылық тәрбиесі»

Имандылық – қазақ халқының бойына сіңген, ең жақсы қасиеттердің бірі, сан ғасырлардан бері біз оны сақтап келдік. Тек ол бір уақыт аралығында ғана тоқырауға келді. Иман қазақ халқының салтында емес қанында бар қасиет. Неге десеңіз, осыдан 25 жыл бұрын, тәуелсіздік алмай тұрып, ол дегеніміз әрі қарата 70 жыл КСРО құрамындағы қазақ халқының өзінің дінге дінін және тірегі тілін жасыруға мәжбүр болған кездері. Біздің педагог болған әжелеріміз жылап тұрып өз оқушыларына «Құдай жоқ» деп жалған білімге жол сілтуге мәжбүр болған кездері. Алайда «Үй артында ұры бар, естіп қояр түрі бар» деген сөзден қорықпай ата-әжелеріміз біздің әке-аналарымызға кешкілік дастархан басында берген тәрбиелік, имандылық жолындағы ақылдарының арқасында сондай қиын «тар жол - тайғақ кешу» уақытынан «Иманның» не екенін ұмытпай, ұрпақтар сабақтастығын жақсы сақтап, бізге дұрыс имани-адами қасиеттерін жеткізе білді. Сол айтулы ерліктердің арқасында біз осы тақырыпты еркін қорғайтындай, һәм Ыбырай Алтынсарин тұңғыш ұстазымыз айтқандай «айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызып», яғни Ғаламтор арқылы білімімізге білім қосып отырмыз. Біздің міндетіміз осындай қиын жолмен бізге жеткен ұлы ұғым «Имандылықты» көзіміздің қарашығындай сақтап келесі ұрпаққа жеткізу басты мақсат деген ой білдіреміз.

Осы тұста имандылықтың тәрбиенің төрт тірегін атап өтсек:

Пайғамбарымыз баланы қалай тәрбиелеген?

Бірде мәдиналық бір кісі бақшасында өсіп тұрған құрмасына тас лақтырған баланы сүйреп отырып Пайғамбарымызға әкелді. Бала – жас та болса Ислам дінін қабылдаған Рафиғ ибн Амр еді. Келген кісі қатты кейіген секілді. Қабағы қатулы. Пайғамбарымыз болса, сол сабырлы қалпын сақтады. «Балапаным, құрма ағашына неге тас лақтырдың?», – деп сұрады. Бала: «Қарным қатты ашты. Құрма жегім келді», – дегеннен артық сөз айтпады. Әз Пайғамбар (с.а.у.) балаға: «Жерге түскенін жесең же, бірақ ендігәрі құрмаларға тас лақтырма, жарай ма?», – деді. Сосын баланың басынан сипап, оған былай деп дұға жасады: «Уа, Алла Тағалам! Бұл баланың қарнын тойдыра гөр!»[3]

Ал енді осы оқиғаға психологиялық талдау жасай отырып, астарындағы педагогикалық тәлім-тәрбие негіздерін ұғуға тырысайық.

Біріншіден, алдына ашумен алып келген балаға, оның кінәлі екенін біле тұра неге Пайғамбарымыз салған жерден ұрыспады? Өйткені, балаға ұрысқаннан гөрі оған жақсы көретінін білдіру аса маңызды. Психология ғылымында дәлелденген осы бір әрекетке тоқталып өтейік.

Балаға мейірімділік таныту мен сүйіспеншілігінді көрсету

Тәрбие берудің негізгі мәйегі – мейірім мен сүйіспеншілікте. Әсіресе, кішкене балалар үшін мейірім мен сүйіспеншіліктің орны ерекше. Бұл махаббатқа олар қашанда шөлдеп тұрады. Олар тек сүйіспеншілікпен ғана өсіп-жетіледі десек артық айтқандық емес. Бала кімнен мейірім көрсе, сол адамды ерекше жақсы көреді. Әрдайым соны іздеп тұрады. Оны ренжітпей, мейірімі мен сүйіспеншілігінен ажырап қалмау үшін оның айтқандарын орындауға тырысады. Өзі жақсы көрген кісіге еліктегіш келеді. Ендеше, сүйіспеншілік – бала тәрбиесіндегі негізгі қағида. Пайғамбарымыз барлық адамзаттан сүйіспеншілігін аямаған. Жан жүрегімен жақсы көріп, әрқайсысына жеке-жеке көңіл бөлетіндіктен, әр сахаба өзін «Пайғамбардың ең жақсы көретін адамы мен шығармын» деген ойға қалатын. Алайда, Алла Елшісінің балаларға деген мейірімі тіптен ерекше еді. Жоғарыдағы «Рафиғ ибн Амр оқиғасы» – осының нақты дәлелі. Дедектетіп Пайғамбарымызға әкеле жатқанда бұл бала қандай үрейді бастан кешті десеңізші?! «Қап, маған енді не істер екен? Не деп ұрсып, қалай жазалар екен» деп қатты қорқып келген балаға пайғамбарымыз «балапаным!» деген жалғыз-ақ ауыз сүйіспеншілікке толы жылы сөзін арнады. Сол жылы сөзімен қарсы алып, басынан сипап, мейірлене қарады.

Баланың қатесін түзетіп, дұрысын үйретуде жазалау тәсілінің ерекше орнының бар екенін жоққа шығармаймыз. Бірақ жазалаудан бұрын қателерді түзетуде ең әуелі мейірім мен насихаттың әсері мол екенін ескергеніміз жөн. Себебі, балалар көбіне жасаған қателіктерінің парқына бара бермейді. Мұндай жағдайда балаларға ұрсып-зекудің пайдасынан зияны басым болуы кәдік.

Үлкендердің баланың басынан сипауы, маңдайынан сүйіп, иіскеуі яки құшақтап арқасынан қағуы, көтеріп құшағында тербетуі – бәрі-бәрі балаға оң әсерін тигізеді. Бала үлкеннің бұл ілтипатынан өзін жақсы көретіндігіне сенеді әрі сол кісіге деген құрметі де артады. Құшақтап, басын сипаған кісіні өзінің қорғаушысы деп біледі. Зерттеушілер құшаққа алынып, құштарлана сүйілмеген, басынан сипалып, маңдайынан иіскелмеген балалардың кейбір психологиялық ауруларға ұшырайтынын дәлелдеуде.

Ата-ана яки кез келген педагог үшін балаға көп ұрсып, оған ұзақ ақыл айтқаннан гөрі оның басынан сипап, мейірім көрсетіп, арқасынан қағуы әлдеқайда әсерлі. Бұның астарында құрғақ сөздермен жеткізуге келмейтін небір сезімдер бар. Жоғарыда келтірілген оқиғада «қате іс-әрекет үстінде ұсталып, енді не істер екен» деген үреймен келген балаға пайғамбарымыз ең алдымен «балапаным!» деген жылы сөзін арнаған. Қорқып келген балаға жылы сөз ғана айтып қоймай, «қорықпа, мен сені қорғаймын» дегендей басынан сипауы, әрине, бала жүрегіндегі қорқыныштың орнына қуаныш сыйлады. Өзіне жанашыр жан тауып, оның қасында өзін сенімді сезінген бала ойындағысын бүкпесіз айтты.

Балаға құлақ асу

Баланы әуелі тыңдай білу керек. Сөйлеген бала өзінің ішкі дүниесін ашып береді. Әр нәрсені дұрыс түсінуге бала ақылы жете бермейді. Сол себепті баланың не ойлап тұрғанын білу қажет. Біз көбіне баланы қателікке ұрындырған себептерді іздемейміз. Дереву өзіне ұрса жөнелеміз. Жоғарыдағы Рафиғ ибн Амр оқиғасында пайғамбарымыз оған дереу дүрсе қоя берген жоқ, «Әй, оңбаған! Біреудің бақшасында нең бар?! Енді тас лақтырады екенсің көрсеңді көрсетем, қолыңды тура шабам!» деп ұрысқан жоқ. «Неліктен тас лақтырдың?» деп, онымен тілдесті. Бала себебін айтты. Қарны ашқаны, құрма жегісі келгендігі анықталды. Аш баланың мұндай әрекетке баруы табиғи жағдай екені сөзсіз. Не істесе де дереу жазалауға жүгірмей, алдымен баланы сөйлетіп, тыңдай білу қажет.

Балалар балалықпен қате жасайды. Ал үлкендер болса, олардан үлкен кісінің істейтін ісін күтеді. Қате жасаса дереу ұрсып, жазғыра жөнеледі. Көбіне балаларын тыңдауды қажеттілік деп те ойламайды. Бала болса, өз ісінің қателігін түсінбегендіктен ата-анасының яки үлкендердің не үшін ұрысқанын, яки жазалағанын түсінбей дал болады. Сөйтіп, үлкендер маған жамандық жасады яки ата-анам мені жақсы көрмейді деген ойға қалады. Міне, сондықтан баланың ішкі дүниесімен сырласпастан, оның ойын білместен, жасаған ісінің дұрыс еместігін түсіндірместен оған ұрысу, жазалау дұрыс емес.

Балама нәрсе көрсету

Ата-аналардағы қателіктердің бірі – баланы не болса содан тыйып, іс-әрекетін шектей беруі. Баланың қате қылығын тыйған кезде, орнына басқа бір дұрыс нәрсені көрсету керек. Олай болмағанда бала баяғы істеген қателіктеріне қайта басуы я болмаса қырсық мінезділікке бейімдеуі мүмкін. Мысалы, бала ыдыс-аяқпен ойнағысы келгенде, дереу қолынан ыдысты жұлып алғаннан гөрі «ойнасаң, мә, мына сынбайтын ыдыспен ойна» деп оған басқа ыдыс беру керек. Үйдің қабырғаларын шимайлап ойнаған баланың қолына дереу басқа бір дәптер яки қағаз ұстатып немесе арнайы тақта мен қалам сатып алып беріп: «сызсаң мынаған сыз», «жүгірсең, мұнда емес ана жерде жүгір», «көрсен, бұл фильмді емес ана фильмді көр» деген секілді баламаларды көрсетуіміз қажет. Жоғарыдағы оқиғада пайғамбарымыз «Құрмаларға тас лақтырма! Жесең, жерге түскендерін же!» деп, тыйыммен қоса балаға басқа балама іс ұсынды.

Қазіргі кездегі қалада балалар баратын ойын залдары мен кино театрларда көрсетілетін фильмдер бала тәрбиесіне, мінез-құлқына залалды болуы мүмкін. Сондықтан

балаларға ана жерге, мына жерге барма дегеннен гөрі, оларға басқа жағдай жасау керек. Үйге компьютер алып, зияны жоқ ойындар мен фильмдердің CD-лерін дайындап, ойын ойнап, кино көретін уақыттарын белгілеген жөн.

Тілек тілеу не балаға бата беру

Ата-ана қашанда баласының тілегін Құдайдан сұрағаны жөн. Бұл педагогтар үшін де маңызды. Көптеген хадистерде баласының тілеуін тілеген ата-ана дұғаларының қабыл болатындығы айтылған. Пайғамбарымыз жоғарыдағы оқиғада балаға дұға ету арқылы дұғаның маңыздылығын білдіруде. Қолынан келер тәлім-тәрбие берген педагогтар да бұдан кейін балалар үшін үнемі Жаратқаннан тілек тілеп жүргендері дұрыс[4].

Қорыта келгенде, адамға әр жасқа сай тәлім-тәрбие беруде ұлағаты мол тамаша ұстаз, ақиық Пайғамбардан алар үлгіміз көп. Оның бала тәрбиесіне қатысты көрегендігі жоғарыдағы бір оқиғамен ғана шектеулі емес. Кезінде тұтастай бір қоғамды жамандықтан тыйып, жақсылыққа тәрбиелеген хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) өмірі мұқият зерттелуі тиіс. Ол – бала тәрбиесінде қиындық көріп жүрген ата-аналар мен педагогтар үшін таптырмас үлгі.

Білесіздер ме? Қазіргі таңда білім беру жүйесінің ең үздік формуласын ұсынып отырған зайырлы, дамыған мемлекеттердің бірі Ұлыбританияда діннің ұстанымдарын сақтанады. Мысалы «Public schools» атты элиталық және ең үздік білім беретін лицей үлгісіндегі мектептер бар және ол жердегі ең басты пәндер және мектеп ережелері діннен алынады, оны артта қалушылық емес, дін тәрбиенің негізгі түп тамыры ретінде қолданылатындығын түсінуіміз қажет. Сондықтан себептен бізде өз дінімізден алыстамай, оны қоғамның басты қалыптастырушысы - тәрбиеден тысқары ұстамағанымыз игі болар еді.

Қорыта келе қазақ халқының тәрбиесінің түп тамыры ол имандылық, қанша сіңген дүние. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Санамыздағы отбасы ұғымы тек ұрпақ жалғастығымен өлшенбеу керек. Маңыздысы — ұрпақтың саналы, иманды болып өсуі. Ал, бұл болмаған жағдайда отбасы сүттей тазалығын сақтап, ұлт болашағын алға жетелей алады деу бекер. Қазақтың дүниетанымы мен болмысы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі Ислам дінімен астасып жатқандықтан, бала тәрбиесі де діннен тамыр алып, әрбір мәселе шарифатпен шешілген. «Тал бесіктен жер бесікке дейін білім ізден» дейтін дініміз Ислам білім мен тәрбие бесіктен басталу қажеттігін меңзейді.

Ойымды Мағжан Жұмабаевтың мына бір сөзімен түйіндесем: «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнінде қай күйде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ». Ендеше ұрпағымыз үшін алаңдасақ «Не ексең, соны орасың» деген қазақ даналығын ескере отырып әуелі тәлім-тәрбиеге терең мән бергеніміз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Ғ.Тәжібаева, Х.Нұғыманова. Отбасы тәрбиесінде оқушының ұлттық келбетін қалыптастыру. А., 2011ж.

2. Қ.Жұмаділов. Бақыт жолында

3. Қ.Бағашар. Исламдағы бала тәрбиесі. А., «Көкжиек», 2011ж.

4. «Иени үміт» журналы, №73, Б. 21, 2006ж.

5. «Ұлық Имам – Имам Ағзам Әбу Ханифа». «Көкжиек" баспасы ,2007, Алматы қаласы .

6. <https://multiurok.ru/blog/sh-amonoshvilidin-izghilik-piedaghoghikasy.html>

АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Теберік А.Ж., Досполова Г.У.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Тірек сөздер: педагогика, тәрбие, ақыл-парасат, ұждан, қанағат, әділет-шапқат, тұрмыстық тәлімдер, достық мұра.

Абайдың педагогикалық еңбектерін дұрыс түсініп игеру арқылы ғана, халқымызға тән шынайы тәлім-тәрбиеміздің қайнарынан қанып ішуге мүмкіндік ашамыз. Сонда ғана Абайдың ұрпағына өсиет етіп қалдырған, «мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген сөзінің мәніне түсінеміз. Бүгінгі таңда ұлттық сана-сезімімізді қалыптастыруда, салт-дәстүрімізді дамытуда Абай шығармаларының алар орны ерекше. Халықтық тәлім-тәрбие негізінде Абай шығармаларындағы нақыл сөздер, тәлімдік ой-пікірлері – жастарды тәрбиелеуде орны ерекше асыл қазына.

Ұрпақ тәрбиесінде әр халықтың ғасырдан-ғасырға жалғасқан өзіндік тарихи тағылымы бар. Сонау көне дүние данышпандары: Сократ та, Платон да, Аристотель де төрткүл дүниенің тылсым сырларын шешкен ата-бабаларымыз – Әбунасыр әл-Фараби, Әбу Абдолла ибн-Мұса әл-Хорезми, Әбу Райхан әл-Бируни, Габбас ибн-Сейд әл-Жауһари, Әбу Әли ибн-Сина, Жүсіп Баласағұн, Мұхаммед Тарағай Ұлықбек, Ғұламаһи Дауани да мектеп ашып, шымырлай аққан ой құдіретін ұрпақ тәрбиесіне бұрған. Олай болса, ұлы ойшылдардың қол созған мұраттарының тірелер жері, тікелей адам тәрбиесімен астасып жатыр. Тіпті, кешегі өткен – Декарт, Локк, Ян Каменский, Ж.Ж.Руссо, Л.Толстой да тәрбие саласына бар жиған-терген толғаныстарын, тіршілікпен тікелей жалғасу үшін, екі түрлі арнаға – педагогика мен психология салаларымен үндесе қабысуға мәжбүр болған екен. Осыдан келіп, кемеңгерлікке жеткен жанның қос қанаты ойшылдық пен ұстаздық бірін-бірі толықтырып, ғажайып үндестікке жеткенін аңғарамыз. Міне, осындай ойшылдардың бірі – қазақ халқының ұлы данышпаны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы екені ақиқат.

Абай – қазақтың ұлттық педагогикалық озық үлгілерін дамытушы, жаратылыстың құпиясына, табиғат пен қоғамның, адам мен заманның сырына терең бойлаған данышпан, кемеңгер ойшыл. Абай педагогиканың ішкі сырын терең де, жан-жақты білген. Абай ерік қайраттың адам өмірінде алатын орнына ерекше мән берген, әркімнің өзін-өзі билеуі, өзінің мінез-құлқын басқаруы, мақсатқа жету жолындағы кедергілерді жеңуі – бәрі де ерік қызметінің нәтижесі. Сондықтан ол былай кеңес береді: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал. Өмірді қалай өткіздің, не білімге, не дүниеге жарамсыз қылық үш нәрсе бар содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білесің. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниенің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.» Абай сөзінде: «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі — ақымақтық».

Абайдың көптеген өлеңдерінде («Қалың елім қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым мінеки», «Бойы бұлған», «Күлембайға») надандық, даужестік, парақорлық, арамтамақтық қатты сыналады[1].

Ар-ұятты қастерлеу, намысқа тырысушылық – үлкен қасиет. Шын ұят – ақыл парасаттың ісі. Абай ұяттың екі түрі бар дейді: оның бірі – надандықтан туатын, екіншісі – жағымсыз іске, теріс қылыққа ұялу. Абайдың ұғымында ұялмас нәрседен ұялу надандық, ынжықтық, жігер, қайрат осалдығы, білім таяздығы. Қазақтың осы істері Абайды ашулануға, ызылануға итермелейді. Сондықтан да «қайратсыз ашу тұл, тұрлаусыз ғашық

тұл, шәкіртсіз ғалым тұл,» - дейді. Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза қуаты артында болғаны, егер де аузынан нәрсіз сөз шықса, мақтаншақ я қорқақ болғаны.

Абай жастардың адам болуы үшін жаман қылықтардан аулақ болуын қалайды. Оларға күншілдіктен аулақ жүріп, бос мақтанға салынбау керектігін. ұқтырады, пайда ойлап, ардан безу – адамдықты аздыратын қылық екенін түсіндіреді. Толық адам болғысы келетін әрбір жастың алдына мақсат қойып, соған жету үшін талпынуы, ізденіп ерінбей еңбек ету керектігін ескертеді.

Ұлы ғұлама надандықты, еріншектікті, зұлымдықты, «күллі адам баласын қор қылатын кеселдер», - деп есептейді.

Жұмысы жоқтық,

Тамағы тоқтық,

Аздырар адам баласын, - дей отырып, еңбекті сүймеушілік, жұмыссыздық адамды теріс жолға түсіріп бұзатындығын дәлелдейді. Қазіргі уақытта жұмыссыз саналып, саудасаттықпен айналысып, жеңіл жүрісті кәсіп еткен жастарымыз бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Ондай жастарға Абай адал еңбекті ұсынады.

Егіннің ебін,

Сауданың тегін,

Үйреніп, ойлап мал ізде, - деп ақыл береді.

Абайдың жастарға үлгі етіп ұсынғаны адал еңбек, ар-ождан, ғылым, білім, қанағат, инабат, әділет, шапағат, шынайы достық қай дәуірде болсын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің нұсқасы жастарды алға жетелер жарық жұлдыз нысанасы екені даусыз. Ұлы ақылгөйдің терең толғаныстарынан туған ғибратты ақыл-кеңестері ұрпақ тәрбиесінде өз құнын мәңгі жоймайды.

Абайдың педагогика саласындағы ұлы даналығының тағы бір қыры балаға алдымен адамгершілік тәлімін – адалдық пен имандылық дағдыларын меңгертіп, сол негізде ғылымды дамыту шәкірттің өзі үшін де пайда келтіретіндігін айта алуында еді. «Кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты да жоқ» - дейді Абай. Ал ұяты жоқтың иманы жоқ. Өйткені, ұят-адалдықтың көрсеткіші, шындықтың болмыс-бітімі, адамшылық өлшемі.

Сондықтан да Абай: күллі адам баласын қор қылатын кесел – надандық, еріншектік, залымдық екенін түсіндіре отырып, бес дұшпан (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншектік, бекер мал шашушылық) мен бес досты (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым) ажыратуды міндет етеді. Ендеше, ұлы Абай атамиздың әр өлеңін, әр сөзін терең мағынасында зерделі оймен сезініп, түсініп, тәлім-тәрбие алу баршамыздың қасиетті парызымыз.

Педагогика саласында Абай даналығының бір қыры балаға адамгершілік тәлімін, адалдық пен имандылық тағылымдарын меңгертіп, сол негізде адамды тәрбиелеу шәкірттің өзі үшін де, халық үшін де пайдалы екендігін айтады (отыз алтыншы қара сөзінде) [1].

Оқыту ісінің жемісі ол баланың психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, ғылымның өмірмен байланысты берілуінде екеніне Абай ерекше назар аударады.

Білім тек білу үшін емес, өмір үшін керек. Білім алудағы басты шарт – тыңдай білу. Жүректе айна жоқ болса, сөз болмайды өңгесі, - дейді.

Ұстаздың басты парызы – әділеттік пен адалдық. «Кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты жоқ. Ұяты жоқтың иманы жоқ» - дейді Абай. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» - дейді халық даналығы. Өйткені, балаға тәлім-тәрбие беріп, оның болашағына жол сілтейтін ұстаздар. «Оқу-инемен құдық қазғандай». Ұстаздың шәкіртке берері мол. Әр ұстаздың іздену жолы – ауыр да қиын.

Абай ең алдымен жастардың алдында тұрған басты міндет - ғылым, білім үйрену жолы екенін атап көрсетті. Абай бойындағы қазынаның үлкені, әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы ғылым болуы[2].

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек дей келе ақын:

«Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің тілін білмек», - деп, ғылымды аса жоғары бағалайды. Білім – ғылым үйренбекке талап қылушыларға: «Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі. Ғылым үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Басқаға бола үйренбе», - деп ескерту жасайды.

Адам бойындағы мінез-құлық, ақыл-парасат және білім, ғылымды бір-бірімен тығыз байланыстырады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де ақымақтық», - деген қорытынды жасайды (он сегізінші қара сөз) [1].

Білімнің негізі – еңбекте, талапта. Ой еңбегін атқарудың ерекшелігін игеруде талаптанып және оған үнемі жаттығып, машықтанса, бұл саладағы қиындықтың да болатындығына Абай дәл бағыт береді.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

Осы тұрғыдан келгенде, оқу мен білімді меңгеру тұрғысынан қарап: «Талап әр балада бар, - дейді ақын. Егер талапты ескеріп, күтіп тәрбиелей білсе, ол дамып, өрістеп жетіледі. Ал оған мән бермесе, өз-өзінен жоғалып кеткенін адам байқамай қалады», - деп жар салмайды. Оның қалай жоғалып кеткенін айналасындағы жұртшылық та бақамай қалады.

Егеменді елдің саналы азаматын тәрбиелеуде де Абай шығармаларының мәні, маңызы зор. Ұлы ақын шығармаларының идеясын жастардың көкейіне қондырып, көкірегіне ұялатуда ұлы ақынның өлең жазудағы мақсатын өз сөзімен былай өрнектеуге болатын еді :

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ

Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ, - деп дабыл қаққан[2].

Ақын енді бірде отарлау саясатының қамытын киген халқы үшін мұңаяды, күйінеді, надандықтан, жағымсыз мінез-құлықтан емделу жолын іздейді.

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой,

Бес асыл іс-көнсеңіз, - деп ұлы ақын еліне ренжіп те, ақыл етіп те, әжуалап та айтатындығын жеткізу. Абай не қажет, не залал – осының бәрін білімді адам толық біледі, өз өмірін жандандырады, өз халқына пайдасы тиеді деп ұғынды. Жастардың бірінші міндеті ғылымға, білімге, білуге талпыну деп білді. Абай ғылым үйрену деп мынадай талаптар қойды. Отыз екінші қара сөзінде: «Білім-ғылымды үйренбекке талап керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар: әуелі білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесі керек болады деп іздемеске керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектің өзін дәулет білсең, хәм әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады», - дейді.

Көреген Абай ғылымды үйренушілерді екі топқа бөледі. Бірі – сол ғылымды ақиқат үшін, білу үшін үйренушілер де, екіншісі – бақас үшін, яғни біреуден озу, біреуден жоғары болу мақсатын көздеушілер. Біріншісі – сөз жоқ, нағыз ғалым, ғылымға нағыз берілген адам. Ал екіншісі – ғылыми дәрежені жеке басының пайдасына бір жолата бұратын, Абай заманынан бері келе жатқан, біздің заманымызда да кездесетін ғалымсымақтар.

Абай ғылымды үйренуге тойымдық жасап, жеткілікті деп отырып қалмау жөнінде он екінші қара сөзінде былай дейді: «...үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны Құдай ұрды, ғибадат болмайды», - дейді[3].

Кемеңгер Абай ғылымды іздеп, тауып үйренген адамда енді бір мынандай қасиет керектігіне отыз екінші қара сөзінде былай мән береді:

«Ғылымды, ақылды сақтайтын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілтектікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез-келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қонарға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың?», - дей келіп, алған мақсаттан таймайтын табанды болуды талап етеді:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан, - деп, ғылым қуған жастар әр нәрсеге көре желікпе, қызыққуғыш болмай, мақсатты болу, сол жолға өзін даярлау керектігін ескертеді[4].

Абай ғылымды кімнен үйрену керек деген сұраққа шығармаларында толық жауап береді. Мысалы, ол «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде мынандай пайымдаулар айтады:

Білгендердің сөзіне,

Махаббатпен ерсеңіз.

Ақыл сенбей сенбеңіз,

Бір іске кез келсеңіз.

Ақсақал айтты, бай айтты,

Кім болса, мейлі, сол айтты,

Ақылменен жеңсеңіз?, - деп, яғни өзіңнің көзің жетпей ештеңеге, ешкімге сенбе дейді.

Мұны жазған кісінің,

Атын білме, сөзін біл!

Егер түзу көрінсе,

Ойлап-ойлап, құлаққа іл.

Ғылым игеруде жақындық жүрмейді. Жаттың ілім-білімін игеру керектігін, яғни ғылымның демократияшылдығын айтады. Ғылым ортақ, өз жақыныңның сөзін ғана қабыл алып, басқаны мойындамау жарамайды дейді:

Жақынның сөзі тәтті деп,

Жақыным айтты дей көрме.

Надандықпен кім айтса,

Онда түпсіз сөзге ерме...

Ал ғылымды кітап арқылы ғана игеруге болатынын және аңғартады. «Интернатта оқып жүр» деген еңбегінде:

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге, - дейді. Абай білім алуды, ғылым үйренуді жастық ісі деп қарайды:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң, түспеді уысыма,

Қолымда мезгілінен кеш сермедім.

немесе:

Жастықтың оты қайдасың,

Жүректі түртіп қозғамай?

Ғылымның біліп пайдасын,

Дүниенің көркін болжамай.

Абай жасөспірімдерден көп үміт күтті, халықтың ілгері дамуына, жаңа заманға ие жастар екенін баса айтты. Жастар айналысар іс-өмірлік мұратпен сай келуі керектігін ескертті.

Отыз жетінші қара сөзінде Абай адамның мансабын ақылынан төмен қояды. Ақылды, білімді адамды құрмет тұтады: «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық», - деп жастардың білімді болып, ғылымды игеруі арқасында, ел-жұртына, заманына көп пайда келтіре алатынына кәміл сенеді. Мұның бәрі бүгінгі қоғамда өмір сүріп жатқан жастарымызға тікелей қатысты, ғибраты мол, өнегелі сөздер деп білеміз.

Абайдың даналығы – имандылыққа тәрбиелейтін күре жол. Халықтық тәрбие – Абай дүниесінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы
2. Ғаббасов С. Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі. А., 2012ж.
3. Тажибаев Т.Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Кунанбаева. - А., 1957;
4. Шаймерденова К. Педагогические взгляды Абая Кунанбаева. - А., 1990.
5. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. А., 2008ж.

ПРЕФЕРЕНЦИИ ДЛЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ИЛИ НАЛОГОВЫЕ КАНИКУЛЫ НА ПЕРИОД ЧП

Дьякова А.В., Ким Н.Р.

Кызылордский государственный университет имени Коркыт Ата

«Наши предприниматели нуждаются в дополнительной поддержке в части снижения налогового бремени. Это в особенности важно с точки зрения сохранения занятости и выплаты зарплаты. Поэтому для субъектов МСБ в наиболее пострадавших секторах экономики на шесть месяцев с 1 апреля до 1 октября нынешнего года отменяется начисление и уплата налогов и других платежей с фонда оплаты труда. Эти сектора включают в себя общественное питание, отдельные сектора торговли, транспортные услуги, консультационные услуги, гостиничный бизнес, IT-бизнес, туризм и так далее. Государственная комиссия по ЧП утвердит окончательный перечень и будет актуализировать его по мере необходимости»[1], — сообщил Касым-Жомарт Токаев.

В период чрезвычайного положения в стране Президент РК К. Токаев поручил оказать беспрецедентную поддержку малому и среднему бизнесу. Казахстанские предприниматели нуждаются в дополнительной поддержке в части снижения налогового бремени. Это в особенности важно с точки зрения сохранения занятости и выплаты зарплат. Поэтому для субъектов МСБ в наиболее пострадавших секторах экономики на 6 месяцев отменяется начисление и уплата налогов и других платежей с фонда оплаты труда.

В текущих условиях Правительством РК по поручению Главы государства принимаются срочные меры для поддержки МСБ. Новые инициативы предусматривают повышение доступности бизнеса к финансированию, реализацию дополнительных налоговых стимулов, ограничение бизнеса от проверок.

В соответствии с Указом Главы государства «О дальнейших мерах по стабилизации экономики» приняты налоговые стимулы для поддержки бизнеса. Они охватывают различные сектора экономики от торговли до туристического бизнеса [2].

До 1 июня т.г. предоставлена отсрочка по уплате всех видов налогов и других обязательных платежей, социальных платежей для субъектов микро, малого или среднего предпринимательства.

Также до 1 июня т.г. приостановлено принятие мер по начислению пени, приостановлению расходных операций, ограничению распоряжения имуществом и меры принудительного взыскания налоговой и таможенной задолженности, задолженности по социальным платежам (за исключением налогоплательщиков с высокой степенью риска).

Установлено освобождение по налогу на имущество до конца года по крупным торговым объектам, торгово-развлекательным центрам, кинозалам, театрам, выставкам и спортивным объектам, также по налогоплательщикам, работающим в сферах общественного питания, гостиничной и туристической деятельности.

Налогоплательщик имеет право представить дополнительный расчет сумм текущих платежей по налогу на имущество и земельному налогу на предстоящие 3 срока (1 срок уплаты текущих платежей прошел в феврале) из расчета, что за 3 месяца (январь, февраль, март) действует ставка согласно Налоговому кодексу, а на последующие 9 месяцев НП имеет право обнулить свои текущие платежи. По итогам года декларация будет представляться исходя из такого алгоритма расчета налога[3].

Индивидуальные предприниматели, работающие в общеустановленном порядке налогообложения, также до конца года освобождены от индивидуального подоходного налога. В целях поддержки агропромышленного комплекса импорт биологических активов АПК, включающих крупный рогатый скот и племенных цыплят, не будет облагаться НДС.

Вместе с этим, производители сельскохозяйственной продукции не будут платить земельный налог по землям сельскохозяйственного назначения.

В тоже время, для нивелирования роста цен, снижена ставка НДС с 12% до 8% для социально значимых продовольственных товаров до 1 октября 2020 года.

В части налогового администрирования до 1 июня 2020 года для субъектов МСБ введена отсрочка на уплату всех налогов и обязательных платежей бюджет и социальных взносов (ИПН, социальный налог, социальное и медицинской страхование за работника), а также работа по принудительному взысканию задолженности по налоговым, таможенным и социальным платежам.

В целях снижения фискального давления на бизнес на период действия чрезвычайного положения приостановлены налоговые проверки.

Вместе с тем, Глава государства поручил освободить от уплаты налогов и обязательных платежей с фонда оплаты труда МСБ на срок с 1 апреля до 1 октября т.г. по наиболее пострадавшим секторам экономики, включая торговые объекты, объекты общепита, гостиничного бизнеса, транспортных и консультационных услуг и сферу IT.

Для вышеуказанных категорий налогоплательщиков до 15 августа 2020 года приостановлено по всем видам налогам начисление пени по неисполненным в срок налоговым обязательствам и перенесен срок налоговой отчетности на III квартал.

Принцип уплаты НДС (налог на добавленную стоимость) на импорт методом зачета заключается в том, что импортер-плательщик НДС имеет право не платить НДС при оформлении таможенной декларации. Но есть ряд условий. Импортер должен быть плательщиком НДС, товар не предназначен для дальнейшей реализации. Импортер в очередной налоговой декларации отражает по НДС как в зачете, так и в реализации. В случае дальнейшей реализации до истечения пяти лет, НДС на импорт подлежит уплате с даты импорта с начислением пени[4].

Также продлены сроки исполнения уведомлений по результатам камерального контроля, направленных в период с 15 марта по 15 апреля т.г. (за исключением налогоплательщиков с высокой степенью риска).

Так, освобождены от уплаты акциза производители бензина (за исключением авиационного), дизельного топлива при реализации на экспорт.

До конца года освобождены от акцизов НПЗ (нефтеперерабатывающий завод) по реализуемому на экспорт бензину (за исключением авиационного) и дизельному топливу (500 тыс. тонн бензина на 12 млрд тг).

Согласно действующему законодательству плательщиком акциза является производитель нефтепродуктов, вне зависимости от дальнейшей реализации внутри РК или на экспорт, хотя владельцем нефти и полученных нефтепродуктов НПХ не является (владелец – давальец). При этом экспорт подакцизных товаров освобождается от акциза.

Ставка акциза при производстве бензина составляет 24 395 тг за 1 тонну, при производстве дизтоплива 9300 (июль-ноябрь), 540 тг (с декабря по июнь для сезона посевных работ) за 1 тонну.

Таким образом, экспортируемая продукция должна подешеветь на сумму акциза.

Для администрирования объема переработки и экспорта нефтепродуктов разрабатывается временный порядок по предоставлению информации налоговым органом от производителя и давальца. Также будут использоваться данные акцизных и таможенных постов.

Приостановлены сроки проведения проверок, осуществляемых органами госдоходов на период чрезвычайного положения (1406 проверок). Проверки, которые уже начаты, будут приостановлены в период чрезвычайного положения, после завершения ЧП проверки будут возобновлены.

Микрофинансовые организации Казахстана ввиду объявленной ситуации ЧС вводят аналогичные с банками послабления для заемщиков. Главное условие — отсутствие просроченной задолженности у заемщика до 17 марта т. г. Отдельные условия будут определяться каждой МФО индивидуально. МФО готовы оказать следующую поддержку заемщикам:

1. В период ЧС в Казахстане не будут начисляться штрафы и пени по просрочке платежей, возникшей у заемщиков в результате ухудшения финансового положения, связанного с чрезвычайным положением в Казахстане. Распространяется на заемщиков МФО, вышедших на просрочку позднее 17 марта т. г.

2. После принятия и вступления в силу соответствующих поправок в законодательство РК на период чрезвычайного положения в РК прекратить начисление процентного вознаграждения по беззалоговым потребительским займам физических лиц, по которым просрочка платежа составляет свыше 90 дней.

3. Для индивидуальных предпринимателей и субъектов малого и среднего бизнеса, финансовое состояние которых ухудшилось в результате введения ограничений, связанных с чрезвычайным положением в Казахстане, в индивидуальном порядке будет рассмотрена возможность предоставления отсрочки по исполнению обязательств и иных индивидуальных мер по кредитам на срок до 90 дней и пересмотра графика погашения задолженности. Готовность к поддержке антикризисных мер выразили исключительно члены АМФОК, доля которых на рынке микрофинансовых услуг составляет 90%.

С 26 марта Минфином и МИО в одностороннем порядке прекращено начисление арендных платежей до 20 июня по 7 701 договорам аренды госимущества. За этот период в республиканский и местные бюджеты не поступит примерно 1,2 млрд тг. В эту категорию входят: школьные столовые, аптеки в больницах, поликлиниках и т.д. Аналогичная работа завершается по имуществу, передаваемому субъектами квазигосударственного сектора в аренду, самостоятельно в рамках корпоративных процедур.

Наряду с этим, на портале Госреестр (www.gosreestr.kz), размещена электронная услуга по освобождению от уплаты аренды. О данной услуге арендаторы оповещены, им достаточно подать заявку через портал.

Справочно: на сегодня в республике зарегистрировано 8 154 договоров аренды, общая оплата по которым составляет порядка 432 млн тг ежемесячно. За три месяца бизнес сэкономит примерно 1,3 млрд тг[5].

Таким образом, государство оказывает огромную помощь предпринимательской деятельности.

Список литературы

1. <https://zonakz.net/2020/03/31/na-polgoda-osvobodyat-ot-nalogov-msb-v-naibolee-postradavshix-sektorax-ekonomiki/>
2. <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/nalogovye-stimuly-ogranichenie-proverok-i-lgotnoe-kreditovanie-kakie-mery-prinimayutsya-v-rk-dlya-podderzhki-biznesa-v-period-chp-1134527>
3. <https://inbusiness.kz/ru/last/dlya-msb-otmenyaetsya-nachislenie-i-uplata-nalogov-s-fot>
4. <https://dogovor24.kz/articles/malyi-biznes-v-kazahstane-osvobodyat-ot-naloga-na-dohod-889.html>
5. <https://rcpp.kz/news/view?id=1565>

ЖАСТАРҒА ҰЛТТЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТЫ

С.М. Есенгелдиева, М.С. Қараманова
Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеті

Сан ғасырлар бойы қазақ халқының өнегелі сөздері, істері, өмір тәжірибесі халық педагогикасының асыл қазынасы. Қай кезең болмасын жастарға ұлттық-патриоттық тәрбие беру адамзаттың парызы. Қазақ халқы өзінің тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын жас түлектерді барлық уақытта тәрбие берудің әдіс тәсілдерін қолданып, өмір тәжірибесі сыныннан өткен сыпайылық, адалдық, қайырымдылық, еңбек және Отан сүйгіштік сияқты қабілеттерді олардың бойына сіңіртеді. Жоғарыда аталғандардың барлығы адамзат тәрбиесінде тәрбие берудің педагогикалық сипатының қандай рөл атқаратындығын көрсетеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: "Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті мәселе болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы"-деген еді [1]. Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда ұлттық-патриоттық тәрбие берудің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз. Қазіргі кезде колледж оқушыларына тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және оқушылардың патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етіп отыр. Бұл байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды. Жастарға ұлттық-патриоттық тәрбиені қалыптастыру еліміздің барлық оқу орындарында негізгі міндет ретінде енгізіліп жатыр. Бұл Қазақстанның оқу орындарында колледж оқушыларының қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түсетіні сөзсіз.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттер, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір

жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие-ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды [2].

Ғылыми зерттеулерді оқып-зерделеп талдағанда және педагогикалық тәлім-тәрбиені ұйымдастырғанда колледж оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориясы өз алдына дербес мәселе ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге мүмкіндік берді. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Біршама ғасырлық рухани - ұлттық тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін бір арнаға ойыстырып, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалану да қарастырылып келеді.

Жастарға ұлттық-патриоттық тәрбие беру үрдісі жұмыстарының педагогикалық сипаты:

-жүйелік қадам;

-деректердің мөлшерлі нақтылығы;

-іздеудің бөлек бағыттағы синхрондығы.

Жалпы білім оқушылардың ғылым негіздерін игеру үдерісінің нәтижесі. Педагогтар оқушыларға білім жүйесін меңгерте отырып, табиғаттың және қоғамның даму заңдылықтарын таныстырады. Адам қоршаған ортада тұлғаның өз тағдырын өзі шешу үшін тіршілік әрекетін қамтамасыз етеді.

«Қоғам» өрісінде өз тағдырын өзі шешу Отан, адамзат, интернационализм, құқықты мемлекет, демократия, жариялылық, үйелмен, еңбек, азаматтық жауапкершілік сияқты құндылықтарды игеру арқылы болады [3].

Әрбір педагог ғылымға өзінің дербес әдіснамасын, зерттеу тәсілін, әдістерін, жоспарларын жасайды. Тәрбие мен оқытудың нәтижелері тек ғана оқытушының тиімді амалдарды қолдана білуі мен педагогикалық шеберлілігіне ғана емес, колледж оқушысының қабілеттілігіне, жан-жақты рухани дамуына, және осы сияқты көптеген факторларға байланысты.

Тәрбиенің барлық түрлері мектептің тұтас педагогикалық процессінде студент жастардың ғылым мен білім негіздерін үйренуде, сонымен қатар отбасында да жүзеге асады. Білім мен тәрбие алған барлық жылдары бойы адамзат еңбегімен құрастырылған өмір мен мәдениет құндылықтарымен танысады. Ұлы Абай Құнанбаев шығармашылығының негізгі өзегі – адамның адамгершілігі, ар-ұяты, ақылдылығы болып келеді, мысалы «Адам бол», «Өзіндегі адамгершілік қасиетті сақта» [4].

Біз жастарды тәрбиелегенде шынайы отаншылдарды тәрбиелеуді естен шығармауымыз керек. Себебі, жастар ғана өз еліне қажетті игілікті істерді тындыра алады. Олар - біздің бастаған, қолға алған істерімізді аяқтаушылар. Жалпы, келешек ұрпақтың қамын бүгін ойлау – аға ұрпақтың борышы. Жастарға ұлттық-патриоттық тәрбие беру ата – бабамыздың біздің алдымыздағы парызы болса, келер ұрпаққа соны жеткізу біздің қарызымыз.

Қазақтың, Сыр елінің маңдайына біткен жарық жұлдызы, айтулы қоғам қайраткері, елім деп жүрегі соққан рухы биік Мұстафа Шоқай: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» - деген. Ұлттық тәрбие жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды. Қайта олармен үндесіп жатады, себебі жастар ұлттық тәрбиеден нәр алса – рухани құндылыққа бай адам болады. Мұндай адамдар адамзаттық тұрғыдан мәдени, ұлттық менталитетін сақтаған, рухани қазынаға кенелген кісілер.

Қай кезеңде болмасын біздің жастардың бойындағы рухани құндылық жойылған емес. Атап айтар болсақ, сонау ерте заманнан ата- бабаларымыз келешек жас ұрпақтарымыз үшін деп тілін, ұлтын, дінін, жерін жауларынан қорғаған, әр рудың жас батырлары, би-шешендері бала кезеңдерінде «Күшті – бірді, Білімді мыңды жығады»- дегендей жауды сөз құдіретімен кері шегіндірген. Оған дәлел Қаз дауысты Қазыбек бидің «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз» деген сөзі. Бері қарай ойыссақ, Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Шоқан т.б. қазақ жастарына рухани құндылықтың ізін қалдырған ағартушы ғалымдар; ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын салт-дәстүрін, тілін, дінін, тарихы мен өнерін қорғап, жойылып ектпеуі үшін күрескен Алаш қайраткерлері Ә.Бөкейханов, М. Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, М.Шоқай т.б.; 1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен Б. Момышұлы, Р. Қошқарбаев, Ә.Молдағұлова, М. Мәметова т.б.; 1986 жалы КСРО үкіметінің әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық білдіріп, тәуелсіздікке ұмтылған, «Қазақ» деген атым бар деп бастап, «Еркек тоқты құрбандық, атам десең атыңдар» деп Қайрат бастаған, қаһарман қыз Сәбира қостаған тағы басқа аттары аталмаған қаншама жастардың бойында ұлттық-патриоттық тәрбие бар екендігін көрсетеді. Жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті болып отыр. Яғни жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұранысына ғана емес, әрбір жас ұрпақтың дара тұлғалық дамуына педогогтар жауапты.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында халқымыздың сан ғасырлардағы рухани мұрасын, құндылығын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика ғылымдарының мол жетістіктерін пайдалану арқылы асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көздерін ашуда.

Қорытындылай келе, қазіргі жастарды тәрбиелеудің жолы келесі ұрпаққа үлгі. Өз басымыздың азаматтық жауапкершілігін, патриоттық сезімін, ұлттық руханиятын, қоғамдық белсенділігі мен төзімділігін тезге салмайынша зайырлы, мәдениетті, өркениетті қоғам орната алмайтынымыз хақ. Сондықтан ар мен намыс, жан мен тән, тіл мен дін тазалығын сақтау үшін күресу қажет. Ұлттық қырағылықты ұлықтау тәуелсіздігіміздің кепілі.

Мемлекет басшысы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында айтқандай «Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді», «Қазақстанды кейінгі ұрпақ үшін бұдан да өсіп-өркендеген елге айналдырамыз!» [5].

Жастарға тәрбие беруде ата – бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі, ата – бабамыздан қалған ұлттық тәрбиеміз қазіргі өмірімізге лайық деп танымыз. Өйткені, ұлттық тәрбие – кемел келешектің кепілі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 1998. – 37 бет.
2. А. Сұлтанова Жас ұрпақтың бойына патриоттық тәрбиені қалыптастыру маңыздылығы. А:10 ақпан 2017.
3. Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы 2000-384 бет.
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005
5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Астана 31 қаңтар 2017

АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Әбілсейіт А. Ә., Нурпейсова Н.Р.

ҚорқытАта атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазақ ағартушылары ұлттық идеяның дұрыс қалыптасуына зор үлесін тигізді. Негізінен, қазақ ағартушыларының ұлттық идеясының басты ерекшелігі – заман талабына сәйкес көпшілікті білім мен ғылымға, қазақ философиясы тарихын игеруге үндеуімен қатар, оларды ұлттық тәуелсіздікке, еркіндікке, қоғамдағы тең қатынастарға шақырғанында болып отыр. Қазақ зиялыларының тарих сахнасына жарқырап шыға бастауын – зияткерліктің көрінісі деуге болады. Ел тарихында орын алған осы бір кезеңінде тарих алаңына Абай Құнанбаев деген бірегей ұлы тұлға шықты. Ол өзінің гуманистік дүниетанымдық көзқарасы арқылы қазақ халқының тағдырына аландап, жастарды білімге, жалпыадамзаттық және рухани құндылықтарға, өркениеттік дамуға және қоғамның өткір мәселелерінің шешімін іздеуге шақырды. Адам бойындағы шығармашылық көздерді ашудың жолдарын анықтауды өзінің алдына игі мақсат етіп қойды. **Қазақтың бойына біткен асыл да, дара тұлғасы Абай осының нәтижесінде ұлттық идеяны қалыптастыра білді.**

Ұлттық идея ұлт пен оның өкілі жеке адамның рухани түп қазығы. Ұлттық идеямен тәрбиеленіп өскен адам кейінгі буынға игілік болып саналатын құндылықтарды табыстап отырмақ. Атап айтсақ ұлттың тілі, атамекен, дін мен діл, дәстүр, мәдениет туралы кемел түсінік адамның танымына ұлттық идея арқылы енеді. Ұлттық идеяның негізінде, әсіресе оны ұрпаққа насихаттауда құндылық білімдері жатыр[1]. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Сонымен қатар ұлттық идеяның күш алуына ықпал ететін құндылықтарды да осы өлеңі арқылы, яғни:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой

Бес асыл іс, көнсеңіз-,деп түйіндеген[2,316.]. Ол «Бізғылымдысатып мал іздемек емеспіз» [3,124б.], – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Өтірік айту, мақтаншақ болу, еріншектік көрсету, бекер мал шашумен айналысу сияқты мінездерден, қасиеттерден аулақ болуды кеңес етуі арқылы адамды қоршаған ғаламның үйлесімділігі жайында ойлануға шақырады, жеке дүниетанымның көкжиегін кеңейтуге кеңес береді. Қоғам өркениет жолына түсуі үшін қоғам мүшесі, яғни жеке адамөзіне талап қоя білуі қажет және бұл ұғым дәстүрге айналуы тиіс. Дұрыс талаптан еңбек шығады, еңбек ақыл мен білімге бағынады, ойлау арқылы еңбек игілікке айналады, еңбектің игілікке айналуында қанағат пен төзім,

жанашырлық, мейірімсіздік адамның асыл мінездері бар. Ал Абай кереметтайтып кеткен.

бұл жайында

Абай өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Еуропа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», – деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, Абайдың бізге қалдырған мұрасы, яғни шығармалары қанша уақыт өтсе де өзектілігінен айырылған емес [4]. **Әр ұрпақ Абай шығармаларынан өз заманының мәселелерін таба алады. Абай шығармаларынан сұрағына жауап іздеп, шешімін тауып, ақылдасады, ой салыстырады, толғақты мәселелерді Абай арқылы түсінеді.**

Абай ұғымында, адамның осы дүние есігін ашқан сәтінен өмірінің ақырғы сәтіне дейінгі жүріп өткен жолының белгісі уақыт. Уақыт адамнан сауаттылық пен сауатты істі талап етеді. Осы уақыттың құбылысын зерделеуде, оның талабына ілесуде адамға қажет нәрсе ар мен намыс. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан қарастыруға болады:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге.
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,

Жанбай жатып сөнуге, – деп Абай атамыз осы өлеңі арқылы ең негізгі адамға қажет ар мен намыс екенін түсіндіреді [5].

Абай мен ұлттық идеядағы ойдың негізі білімділік те жатыр. Абай қазақ халқына білім және ғылымды ерекше құндылық ретінде ұсынды.

Ол өзінің «Екінші сөзінде», «Жетінші сөзінде», «Сегізінші сөзінде», «Оныншы сөзінде», «Он сегізінші сөзінде», «Он жетінші сөзінде», «Қырық үшінші сөзінде» ағартушылық, білім, ғылым, өнер мәселесін көбірек қозғайды. Сонымен қатар, Абай қарасөздерінде бұрынғы қазақ елінің тағдыры мен Абай кезіндегі өмір сипатталады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Абайдың қара сөздері тарих пен болашақтың арасын жалғап отыратын рухани көпір іспеттес. Абай өзінің екінші қара сөзінде, әр халықтың жақсы қасиеттері болады, соны білу, бағалау, дәстүрдегі тәжірибені өмірге пайдалану қажет дейді. Осы өркениеттілікке бастайтын адамның уақыт туралы түсінігі мен білімі болса, бұны жүзеге асыруда қажетті құрал тәжірибе. Сол тәжірибені жинақтап ел мәдениетінің өрісін кеңейту үшін өзгеде бар жақсы дүниелерді білу, үйрену қажет. Сонымен қатар мемлекет белгілі бір уақыт шеңберінде өмір сүріп жатқан немесе пайда болып жататын құндылықтарды зерделеп, білім мен кәсіптің озық үлгілеріне қол жеткізіп отырмаса, бәсекеге қабілетті бола алмайды. Бұл дегеніміз Абайдың қарасөздері мен ұлттық идеяның ұштасуын білдіреді. Дамудың биігіне шыққанымен, оның арғы жағында жаңа нәрселер бар. Сол жаңа деңгейдегі уақыттың құндылықтарын иеленуде, қоғамға қажет нәрсе тәжірибе мен білім. Әрбір қоғамның дамуы тарихи тәжірибелер мен білімнің жаңа түрлеріне толы. Бірақ мемлекеттің уақыт талабына сай дамуы мен мәдениетін ілгерілетуінде мемлекет иесі ұлттың болмысын сақтайтын дүние жер мен тіл, дәстүр мен дін екендігін ұрпақ естен шығармауы қажет. Бұны біз Абай атамыздың отыз тоғызыншы қара сөзінен байқауымызға болады: «Бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржолға жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі

үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді. Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі - ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. Екінші мінезі - намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы - пейіл емес, алдау, дұшпандығы - кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық» [3, 146б]. Яғни бірлік, еңбекқорлық, іскерлік, намысқойлық, әділетті және шынайы болу, білім мен өнерге құштарлық қоғамды қашанда ілгерілетіп отыратынын ұғынуға болады.

Абай ұлттық мүдде ісіне аса дайындықпен келген адам. Жоғарыда келтірілген өлеңдері мен қара сөздерінің мағынасы осыны аңғартады. Абайдың ұлттық мүдде туралы ұғымынан түйетініміз қоғамның болашағын айқындайтын, елдің мүддесінің сақталуына ықпал ететін ұлттық мінез, қоғамдық сана. Қоғамдық психологияның елдің мүддесі мен уақыттың талабына қайшы келуі қоғамның дамуын тежеп отырады. Қоғамда көзі ашық, көкірегі ояу адамдар көп болған сайын қоғамның мәдени қалпы сақталып отырады. Мемлекет пен оның өкілі әр адам қоғамның сырты мен ішінде не бар екенін, ненің болып жатқандығын үнемі біліп отыруы тиіс. Себебі мемлекет ұлттың ұрпаққа қалдыратын негізгі мұрасы, ортақ үйі. Осы үйді тұрғызуда, оны күтіп, қорғап отыруда ұрпақтан ұрпаққа қалдырылатын мұралардың бірі ұлттық идея. Осы ұлттық идея арқылы ата-бабаларының атқарған істерінің таңбасы, мемлекеттің қабырғасына кірпіш сияқты қаланады. Мемлекеттің беріктігі ұрпақтың тұлғалық істерінің өнімі арқылы сақталып отырады.

Абай идеясының, дүниетанымының негізі адамзаттық философияның іргесімен ұштасып жатыр. Ойшылдың ұлттық мүдде туралы ұғымы, қоғамды адамзат мәдениетінің өрісіндегі құндылықтармен, білім, өнер түрлерімен біріктіріп отырылуында. Ұлт өзінің мүддесін қорғау жолында тарихы мен мәдениетін, оның құндылықтарын қалыптастырып, ұрпақты соған бағыттап отырады. Ұрпаққа қандай жолды, қандай білім мен өнер жолын таңдап үйретуді, кісілікті талап етуді ақынның осы өлеңі арқылы анық байқауға болады.

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де - бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!
Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға. [2, 141 б.]

Кезінде Әл-Фараби бабамыз айтып кеткендей, ел басқаратын, қоғамға бағыт-бағдар беретін адамның бойында он екі қасиет болуы қажет. Ал ұлттың, қоғамның әрбір мүшесі жеке адамда осы он екі қасиеттің кем дегенде төртеуі болуы керек. Он екі қасиеттің төртеуі қоғамдағы әр адамның бойында тегістей орын алған жағдайда, қоғамда тұтастық, ұлттық және азаматтық бірегейлік сақталады. Сол сияқты біздің ойымызша бүгінгі қоғамның әр мүшесі Абайдың даналығын зерделеп, оның идеясының бағытымен жүрер болса, келешекте қазақ қоғамының әлемдік өркениеттен өзіне лайықты орынды мықтап бекітері анық. Бұл мәселе кешегі алаш зиялыларының да арманы болды. Осы идеяны мемлекеттің ұстанымына айналдыруда олар да Абай философиясын негізге алды, Абайдың идеяларының ұрпаққа жетуіне еңбек сіңірді. «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды. Себебі, қазақ басқа жұртпен үзеңге қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын.

Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін жұртқа бұл талас-тартыс тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей» деп жазып кеткен еді Міржақып Дулатов[1].

Абайды жоғалту деген елдігіміз бен мәртебемізді жоғалтумен тең. Алайда, біз бұған жол бермеуіміз керек және бұған Елбасымыздың мына сөздері дәлел: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығыныңтың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады. Биылғы жыл Абай атамыздың 175 жылдығына орай «Абай жылы» болып белгіленді. Бұл қазақ халқы үшін өте ерекше жыл болмақ. Себебі Абайдың бізге қалдырған асыл мұраларын қайта жаңғыртып, жас ұрпақтың санасына Абайдың өлеңдері мен шығармаларын сіңіруге мүмкіндік туары анық. Осындай іс-шаралар арқылы ақынның мол мұрасын толық танып білеміз. Өзі өлсе де, артына өлмейтін із қалдырған Абай Құнанбайұлының өткір ойлары, өнегелі сөздері қашан да жадымызда! Абай қазақ халқы үшін дара, дана болып қала бермек!

Әдебиет

1. <https://abai.kz/post/97167>

2. Абай Құнанбаев «Қалың елім, қазағым...» Алматы «Атамұра» 2002

3. Абай 2 том Өлеңдер мен аудармалар Алматы «Жазушы» 2005

4. Мұхтар Әуезов «Қазақ халқының ұлы ақыны» мақаласы 1954

5. <https://bilim-all.kz/olen/1871-Paida-oilama-ar-oila->

СЫР Өңірінде туризмді дамыту мүмкіндіктері

Әлібеков Т.Б., Тоқтағанова Г.Б.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Туризм – әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы. Мамандардың есебі бойынша орташа есеппен, бір шетелдік туристен түсетін табысқа барабар, шамамен 9 тонна тас көмір немесе 15 тонна мұнай немесе 2 тонна жоғары сортты бидайды әлемдік рынокқа шығару керек. Бұл ретте, шикізат сату елдің энергия көздерін азайтады, ал туристік өндіріс таусылмайтын ресурстармен жұмыс істейді. Шетелдік экономистердің есебі бойынша 100 мың турист қалада орташа есеппен 2 сағат болған кезде кемінде 350 мың доллар немесе адам басына бір сағатта 1,75 доллар жұмсайды екен. Сөйтіп шикізат сату өзіндік экономикалық тығырыққа тірелу болса, ал туризмді дамыту – ұзақ мерзімді, экономикалық тиімді табыс көзі. Жалпы, туризм ұғымы жан-жақты, кең мағыналы. 1963 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық туризм және саяхат жөнінде Римде өткен конференциясында туризмнің Бүкіл дүниежүзілік Туристік Ұйым бекіткен анықтамасы қабылданды. Ол – адамдардың тұрғылықты жерлерінен уақытша басқа жерге сауығу, бос уақыттарын қызықты өткізу немесе қызмет бабымен кәсіптік іскерлік мақсатта ақысыз уақытша барыс-келіс әрекеті [1-3].

Туристердің алдына қойған мақсат, мүдделері бойынша туризмді -экскурсиялық немесе танымдық туризм, курорттық туризм, спорттық туризм деп бөлуге болады. Ал, туристік жорықтардың қандай жерлерде өткізілетініне және туристік жорықтар кезіндегі қолданылатын транспорттық құралдардың жеке түрлеріне байланысты туризм: жаяу туризм, тау туризмі, шаңғы туризмі, су туризмі, велосипед туризмі, автотуризм, спелеотуризм туризм деп бірнеше түрлерге бөлінеді [4].

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. Соңғы жылдары халықаралық туризмнің үлесі экспортқа шығарылатын дүниежүзілік табыстың 8 пайызын, қызмет көрсету экспортының 37 пайызын құрайды. Туризмнен түскен табыс мұнай, мұнай өнімдері және автомобиль экспортының табысынан кейінгі тұрақты үшінші орынды иеленеді. Яғни, көзін тапқанға туризмнің пайдасы орасан. Әлемдегі өркениеті дамып, шаруасы шалқыған елдердің қай-қайсысының болсын өсіп-өркендеу тарихында экономиканың бірегей саласы туризмнің үлкен роль атқарғаны байқалады. Сондықтан олардың бірқатарының тыныс-тіршілігі тікелей туризмге тәуелді. Табыстың қайнар көзін тапқан туристік державалардың көбінің жерінің асты-үсті кен байлыққа жұтаң. Бірақ халқының тұрмысы әлдеқайда жақсы. Испания, БАӘ, Түркия, Египет, АҚШ, Грекия, Таиланд, Малайзия, Сингапур секілді әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімінің бестен бірі, кейбірінде тіпті 70-80 пайызға жуығы туризм саласына тиесілі екен [5-6]. Олардың қасында жаратушы Менделеев кестесіндегі элементтермен тізбектелген бар байлықты да, өзінің сан алуан табиғи комплекстері мен тарихи орындарын да аямай берген біздің елде бұл сала қаншалықты дамыған, бағасы құбылмалы келетін мұнай, металдан әлдеқайда табысы қомақты саналатын бұл бизнес көзін біздегілер тиімді іске асырып, дұрыс жолға қоя алған ба?

Жасыратыны жоқ, елімізде туризм саласы күні кешеге дейін көлеңкеде қалып келді. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, мемлекеттердегі экономикалық өтпелі кезеңдерде саяси және экономикалық жүйелердегі күрт өзгерістерге байланысты туристік индустрия көптеген мәселелермен бетпе-бет кездеседі. Бүгінде елімізде 876 туристік компания тіркеліп, әлемнің 90 елімен байланысын орнатқан. Осылардың тек 25 пайыздайы ғана елге тікелей туристер тартумен айналысады. Өзірге сырттан келетін саяхатшылардың үлесі елдегі туризм нарығында шешуші рөлге шыға алмай отыр[7]. Мұны есепке алған ел үкіметі сырттан келетін туристерді арттыру мен ішкі туризмді дамыту үшін осы мақсатта жұмыс істейтін туроператорларды салықтан босатып, еркін әрі жағымды орта қалыптастырып берген. Бірақ әлі де оң нәтиже жоқ. Мұны елімізде туризм инфрақұрылымының даму дәрежесінің төмендігімен, туристік нысандар туралы ақпараттардың жоқтығымен, сондай-ақ нысандардың келушілерді лайықты дәрежеде күтіп алуға жарамсыздығымен түсіндіруге болады. Дегенмен, еліміз Дүниежүзілік Турист ұйымының 1993 жылдан бері толық мүшесі болғандықтан, соңғы жылдары туризмді дамытуға көңіл бөле бастады. Нәтижесінен, соңғы екі жылда Республикамызға туристік сапарлармен келуші шетелдіктердің саны екі есеге өсіп, олардан түскен табыс көлемі артып келеді [7-9].

Туристік ресурстар бойынша ерекше орынды туристік нысандар алады. Туристік нысан — аумақтық кеңістікте өзіндік орны бар, тарихи-мемориалдық, мәдени-эстетикалық және танымдық мәнге, қасиетке ие, осыған байланысты туристердің көңілін

аудартып, олардың өзінде болуына жағдай жасайтын жерлер. Туристік нысандарды 3 топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Табиғи туристік нысандар. Олар: табиғаттың көрікті жерлері, рекреациялық орындар, физикалық-географиялық объектілер; шағын көлдер, өзендер, т.б. табиғат ескерткіштері. Табиғат ескерткіштеріне сирек кездесетін өсімдіктер өскен жерлер, әр түрлі бейнелерді елестететін табиғи тасты мүсіндер үңгірлер жатады.

2. Тарихи туристік объектілер. Олар: калалардың көне кварталдары, археологиялық орындар, көне мешіттер, мазарлар, шіркеулер, монастырлар, үңгір монастырлері, храмдар, синогогтар, пагодалар, мемориалдық-тарихи ескерткіштер, костелдер, тастағы таңбалар мен жазулар, қалашықтар, қамалдар, сарайлар т.б.

3. Әлеуметтік-экономикалық туристік нысандар. Оларға адам қолымен жасалған көрікті орындардың барлығы, олардың ішінде қазіргі заманғы сәулетті үйлер, ірі-ірі комплекстер (кешендер), ботаникалық бақтар, дендрарийлер, мұражайлар, делфинарийлер, океанарийлер, диснейлендтер т.б. жатады.

Табиғи-мәдени туристік ресурстарға жататын рекреациялық ресурстарды төмендегідей жағдайда бөлуге болады:

- Емдік ресурстар: минералды сулар, емдік батпақтар, климаттық жағдайлар мен көрсеткіштер.

- Демалыс-сауықтыру ресурстары: қолайлы ландшафттық-климаттық жағдайлар, өзен-көл торы, теңіз жағалаулары, су қоймалары.


- Спорттық туризм ресурстары: категориялық маршруттар. Рекреациялық ресурстар бірнеше қасиеттер бойынша ерекшеленеді.

Басқару органдары жүйелердің қызмет сапасын және оның жеке элементтерінің үйлесімділігін қамтамасыз етіп, жоспарлау, бағдарламалар жасау, маркетингтік зерттеулер арқылы оның кешенді дамуын, мамандануын жүргізеді, туристік ағынның біркелкі келуін бақылайды. Мемлекеттік басқару органдары сондай-ақ жалпы жеке аумақтар бойынша туризмнің дамуын жоспарлайды. Ол мынадай бағыттар бойынша жүзеге асуы тиіс:

1. Аймақтың табиғи мүмкіндіктерін анықтау;
2. Аймақтың материалдық-техникалық мүмкіндіктері (туристік кешендер саны, инфрақұрылым жағдайы);
3. Жоспарланып отырған, қабылданатын туристер саны;
4. Қосымша құрылыстар және күрделі жөндеу үшін шығындар;
5. Қажетті қызметшілер саны;
6. Туристік қызмет ету нәтижесінде мемлекеттік және жергілікті бюджетке түсетін ақша көлемі [10].

Сонымен, Қызылорда облысы ел жадынан өше қоймаған тарихи ескерткіш белгілері, әр-алуан кесенелер де баршылық. Мысалы: «Оқшы Ата» (XI ғ.), «Асан ата» (XI ғ.), «Қабыл ата» (XIX ғ.), «Қарасопы мазары» (XIX ғ.), «Ғайып ата» (XV ғ.), «Ес абыз» (XVI ғ.), «Жүніс әулие» (XIV ғ.), «Бақты ата», көк тасы мен «Бөріойнақ», «Күйеу там», «Бес там», «Көккесене», «Қызыл там», «Көтібар батыр», «Бегім ана», «Қорқыт ата», т.б. Жалпы алғанда, облысымызда мемлекеттік тізімге алынған 493 ескерткіш бар. Оның 144-і археологиялық, 293 архитектуралық, 16 тарихи, 40 монументалды өнер ескерткіштері 9-сурет). Міне көріп отырғанымыздай осындай табиғаты – көркем, суы – дәру, ескерткішке бай, қалалары нән, Сыр елінің болашағына байланысты облыс аумағында туристік бизнесті жетілдіруге мүмкіндіктер жетерлік [11]. Қарап отырсақ, облыста әр түрлі

мақсатта туризмді дамытуға болады екен. Облыс аумағында туристік нысандарды 3 топтастыруға болады (1 суретке сәйкес).



Сурет 1. Қызылорда облысындағы туристік нысандарды топтастыру

Сонымен, жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйене отырып Қызылорда облысының аумағына бірнеше жорықтық саяхаттар ұйымдастыруға болады:

№1 сапар. Авто-, ат, спелео туризм бойынша ұзақтығын 6 күнге жоспарлауға болады. Сапар ұзақтығы 261 шақырым. Жорық бағыты: Қызылорда қаласынан басталады. Мұнда бір күн болып, қаламыздағы көрікті жерлермен және облыстық өлкетану мұражайымен танысады. Екінші күні сапар Шиелі ауданына бағыттталып, онда Бестам, Жетімтөбе, Төрткөл, Нәнсай, Ақбұлақ ежелгі қалаларының құрылымымен және тарихи ескерткіштерден Жетіәулие кесенесін тамашалайды. Үшінші күні Жаңақорған ауданындағы ежелгі қалалардан: Сығанақ, Балапantөбе, Ортакент, Бөріойнақ, Өзкент, Қырөзкент, Аққорған, Түгіскен, Сауран, Келінтөбе, Құмиянан қалаларының құрылысымен танысады. Төртінші күн Қаратау жотасының табиғатын тамашалауға бағытталады. Мұнда саяхатшылар спелиотуризм бойынша Қаратау жотасындағы үңгірлермен танысады.

№2 сапар. Автотуризм бойынша Қызылорда қаласынан ежелгі Асанас қаласына дейінгі аралық. Сапар 2 күнге жоспарланады. Жол ұзақтығы 63 шақырым. Мұнда Қорғantөбе, Жаман Ақтөбе, Кіші Ақтөбе, Желқазған, Асанас тәрізді ежелгі қалалардың ирригациялық жүйесімен, сондай-ақ тарихи ескерткіштерден: Көккесене және Асанаспен танысады (10 суретке сәйкес).

№3 сапар. Автотуризм бойынша Қызылорда қаласынан Жосалы кентінен 18 шақырым жерде бүкіл түркі халқының орталықтарының бірі –Қорқыт ата ескерткішіне дейінгі аралық. Сапар 3 күнге жоспарланған, жол ұзақтығы 206 шақырым. Бұл сапарда бірінші Қызылорда ДМПО-сына, сонан соң Қосасар, Егембай, Жент, Құмқала, Рабат Қатын секілді ерте орта ғасырлық қалалар жүйесімен жүріп, екінші күні, Жалағаш ДМПО-сы мен тарихқа бай ежелгі Ахмет Қала, Моншақты асар, Көктонды асар, Жетіасар, Сортөбе қалаларына барып онан соң Қорқыт ата ескерткішімен танысады.

№4 сапар. Сапар автотуризмге лайықталған. Бұл сапар Байқоңыр қаласынан басталып, 2 күнге созылады және жол ұзақтығы 180 шақырым. Бұл сапарда туристтер көптеген кесене және мавзолейлермен таныса алады. Мысалға, бұған Қазалыдағы Жалаңтөс Баһадүр кесенесі мен Мыңтөбе моласын Арал ауданындағы Бегім ана кесенесі

мен Кердері Мавзолейін жатқызуға болады. Бұл сапарда ежелгі қалалар цикліде бар. Олар: Қарауылтөбе, Жанкент, Күлік қалалары.

№5 сапар. Бұл сапар Байқоңыр қаласынан басталып Қамбаш көліне дейінгі аралықты алып жатыр. Бұл сапар 1 күнге және автотуризмге лайықталған. Жол ұзақтығы 160 шақырым. Қамбаш көліне барар жолда, қазақтың тәуелсіздігі жолында құрбан болған батырларының бірі – Жанқожа батыр кесенесі және Ақбай ағаш питомнигіне саяхат жасауға болады. Сонан соң Қамбаш көліне барып демалуға көптеген мүмкіншіліктер бар.

Сонымен, қорытындылай келе төмендегілерді айтқым келеді:

- облыс аумағында туризмнің дамуына табиғи және экономикалық факторлар тікелей әсер етеді;

- табиғаты – көркем, суы – дәру, ескерткішке бай, қалалары нән, Сыр елінде туризмді дамыту мүмкіндіктерін үш топқа: тарихи, табиғи, әлеуметтік-экономикалық – деп бөліп дамытуға болады;

- облыс аумағындағы туристік нысандар анықталынып, олардың шоғырлану картасы құрастырылды;

- облысқа келетін Қазақстандық және шет ел азаматтарына салауатты көңіл көтеру мақсатында шаралар қарастырған жөн. Оның ішінде қала аумағын көркейткіп, көкалдандыру, инфрақұрылымдар мен ойын-сауық бағытындағы объектілерді әлемдік стандартқа сай салуға ден қою, ең бастысы - қызмет көрсетудің мәдениетін арттыру қажет;

- танымдық фильмдер, туристік карталар, анықтамалар, жолсапарлары белгіленген сызбалар, компьютер арқылы әлемге танылатын жарнамалар қажет;

- Түркі жұртына әйгілі тарихи-мәдени ескерткіштерге бай және физикалық-географиялық орнына байланысты Сыр өңірінде туризмді ұлттық нақышта дамыту қажет;

- туризмді дамыту білікті маман қолында. Ол үшін болашақ жолсеріктерді ұлтымыздың тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, өнерін, тіпті философиясын терең білетін мамандар дайындаудың жолдарын қарастыру керек;

- туризмді дамыту облыс экономикасына үш оң нәтиже береді: облыс бюджетіне шет ел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді; облыс халқын жұмыспен қамтамасыз етеді; облыстағы инфрақұрылым жақсарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қонарбайұлы А. Туризм табыс көзі десек те... оны дамытудың тетіктерін қашан жүзеге асырамыз? /-Алматы, «Турист» Республикалық ақпараттық-танымдық газет. №11 (60), қазан, 2006

2. Сыдықов А. Алматыда туризмді дамытудың келешегі зор. ? /-Алматы, «Турист» Республикалық ақпараттық-танымдық газет. №12 (74) сәуір, 2006

3. Самойленко А.А. География туризма. – Феникс Ростов-на-Дону, 2006

4. Ердаuletов С.Р. География туризма. –А., 2011. –С.457.

5. Енджейчин И. Современный туристический «Бизнес» –М.: Финансы и статистика, 2003. –С.112.

6. Крючков Л.Л. История международного отечественного туризма. –М., 2009. -345 с.

7. Қонарбайұлы А. Туристік қызметті реттеу ісі көңіл қынжылтады. //Турист, №1-2 (63-64). –А., 2007

8. Мырза Кентұлы. Туризм – Табыстың қайнар көзі. //Турист №10 (59). –А., 2006

9. Бейісбай Саясат. Туризм – бизнес көзі. //Турист №3 (52), 03.03.2006ж. –А.

10. Арынтегі М. Оңтүстік аймақ – туризмге лайықты мекен. /-Алматы, «Турист» Республикалық ақпараттық-танымдық газет. №4-5, ақпан, 2007

11. Тоқпанов Е., Мазбаев О. Тарихи археологиялық ескерткіштер туризмді дамытады. // География және табиғат.–А.: Дәуір, №1 (43). 2010

Ә. КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «БІР ШӨКІМ БҰЛТ» ПОВЕСТІНІҢ ТІЛДІК АСПЕКТІЛЕРІ

Әлімжан З.Д., Қамзаева К.С
Қорқыт ата атындағы ҚМУ

Шығарма тақырыбы - аспан қорғасын бүркенген соғыс жылдарындағы қайғы қасіреттің шөкім бұлттай жылжып артта қалғанын меңзейтіндей. («Шөкім» сөзі Маңғыстау жерінде ғана қолданылатын диалект сөз, «кішкентай» дегенді білдіреді) Зұлмат соғыс «сый ғып тартқан» дерт мұғалима қыздың жанын жеп, әбден сарқып, сарылтып тастайды. Соғыс тұсынада күл-паршасы шыққан бір ғана Аққаймақ тағдыры емес, әйтседе автор толғақ кешкен бір тағдырдың бойына үлкен жүк салып отыр.

Қотандағы қозысына дейін қатар жамырайтын бірі ұл, бірі қыз өсіріп отырған екі отбасы. Ұлдың әкесін Құдай, қыздың әкесін ұлға қосып сұм соғыс жалмаған. Жігітке деген ықыласы тас түйін қыз бен еңіреген екі ана қала берді.

Алғашқы сөйлем - повесттің кіріспесі, шын мәніне үңілгенде кейінгі оқиғалардың барлығы туралы бір ауыз сөз. «Әбден қалжырап қалыпты» оқиға желісі мұнан әрі Аққаймақтың түйе іздеп шығуымен жалғасады. Әйткенмен, жүк осы бір сөйлемге түсіп тұрғандай. Неге десеніз, аса күрделі емес жай сөйлеммен оқиға жұмбақталып, қызғылықты басталған: «Кім қалжырады, не себепті, нендей жайтқа тап болды?» деген сұрақтар санаға толассыз келе бастайды, оған қоса повесттегі басты тұлғаның хал-ахуалын баяндап тұр.

Шығарманың идеялық тақырыптық - мазмұнын бейнелеуге біршама тілдік емес амал тәсілдер қолданылған. Бұл мақсатта көп болмасада диалог, монологтар мен тілдік бояуларда қызмет етеді.

Повестте Аққаймақтың түйе іздеп түнде шыққанынан, өсек - аяңға қалсада өзінің ақ екенін дәлелдеп еңсесін түсірмегенінен әйел жанының қайсарлығын, батылдығы мен өжеттігін аңғарамыз. Аққаймақ повестте тым ұзақ суреттелмейді, дегенмен оқиға желісіндегі әрекеттерінен көп нәрсе байқаймыз. Көрнеушілік, қызғаншақтық пен арамдықтың кесірі Аққаймаққа жара таңып берді. Алайда, бұған қайысқаннан сынып кеткен Аққаймақ жоқ. Автор кейіпкерлер бейнесін жасауда да, ауыл тұрғындарының хал - ахуал, жағдайын да шұрайлы сөз өрнектерімен өрнектеген. Повесттің мына тұсынан «балам аман оралады-ау»-деген әке үміті мен ауыл адамдарының шарасыздығын аңғарамыз:

- Қызым, біздің жаман немелерден сұрамадың ба, ұрыстағы балалардан хабар жоқ па екен?

- Шынжырбек бұған қипақтай қарады. Аққаймақ абдырап қалды.

- Тап шығарда жолыққан жоқпын. Жалпы хат келіп тұрады дейді. Аман көрінеді.

Шалдың екінші баласы Сәлкеннің қара қағазы бұдан бір ай бұрын келген. Шынжырбек Мырзайырға әкетті деп еді, әлі естіріпегені ғой.

- «Е, жақсы, жақсы,» - деді Досан шал көңілденіп, шоқша сақалын сапалағының сабымен сытыр-сытыр қасып қойды.

...

- Бейшара баласының өлгенін әлі білмейді. Мынадай қарбалас шақта естіртейін десең, жұмыс істейтін кісі жоқ, - дейді Шынжырбек өз-өзінен күбірлеп.

Қара қағаз келгенінен тіпті бейхабар әке жайы өмірде қаншама адамның басында болды десеңші. Әрине, оңай емес...

Соғыс салған жараны реалистікпен суреттеген қаламгердің тіл байлығына таңдай қағасыз. Портрет жасау үстінде автор шеберлік танытқан. Әп дегеннен Тайбағарды «өңгесі өңшең, шиеттей балаға», өзге еркек кіндікті «күл басында қорқылдаған қоразға» теңейді: «Қайбір ерлік қысып атқа қонды дейсің. Түйе іздемек түгілі қарға адым жер мұң болып Тайбағардың отырысы анау. Өңгесі өңшең шиеттей бала. Итжегірдің ашуы-ай. Түйеден түскендей қып қойып қалған екен де. Сырты бүтін, іші түтін боп қала берді-ау.

Өзге еркектер күл басында қарқылдаған қораздай күнде қику көтеріп жатқаны. Ол байғұс мелшиіп қала берді. Балалардан ұялды ма, мұртының бір шалғайын ширатумен болды»

«Жұмысты көп істетеді,- деп арыз айтып жүргеннен саумысың, сен жалмауыз?- деп аяқ жақта отырған самай шашы қобыраған қара қатын есіктен екі шелек су қолдап енді кіре берген бұқа мойын қара балаға тап берді.»

Әбіш Кекілбаевтың бір образды бейнелеудегі, оның қимылын сипаттаудағы сөз саптауы – бір төбе. Мысалы, Аққаймақтардың үйіне келген қонақтың образы былай бейнеленеді: «Қақ ортадан көсілте жайған кең дастарханның арғы басында, шаршы төрде, шиедей қызыл мықыр білекті қайта-қайта созып, ши барқыт қара шалбарының кең балағының ауызынан шымшып ұстап, желпіп-желпіп қойып бір қасқа бас сары кісі жатыр. Ересен қарнының бір бүйірі астына төсеген күрең көрпешені мыж-мыж қып тастапты. Тығыншықтай құс жастықтан да ес кеткен. Жүк үстінде құлағын қайшылап едірейіп тұрушы еді. Қазір солып қалыпты. Семіз сары кісінің қысыңқы күлгін көздерінің астында екі білем ет көлбепті. Сол екі айғыр жалдың ортасынан сызаттана басталған мұрынның сұлбасы сұлқ басын шарадай беттің орта тұсына келгенде сәл еріне көтеріп, тұмсықтың ырымын жасапты. Көлдей-көлдей екі тесікке кептеле шуылдаған дем дыбысына жайын ауыздан жанталасып шыққан ырсыл қосылып, бір шылапшын тобыршықтың қызыл күрең шоғына бөксесін тығып көңілдене әндеткен көбеже бүйір қара шәйнектің үнін әрең естіртеді. Қонақтың тұмсығы мен қара шәйнектің шүмегінен басқаның бәрі тыйылып қалған. Шекелігі шығыңқы айна басын орамалмен анда-санда бір сүртіп қойып, сызданып отырған қара сұр Ожан қазандық жақтағы мырс-мырс жылаған Жаңылсынға айбары мол ала көзін төндіріп-төндіріп қояды».

Шығарма тіліндегі лексикалық элементтердің қолданысына назар аударайық. Жазушы өз тұсының әдеби тіл үлгілерін мол пайдаланған: «Ши барқыт қара шалбар», «жайын ауыз» «бір қасқа бас сары кісі», «тығыншықтай құс жастық», «шиедей қызыл мықыр білек», «қысыңқы күлгін көздер.

Кекілбаевтың жанына әсіресе жақын тұратын мұңдас, ойлас, азалас кейіпкерлерінің тазалығы сонша «ибай, мынау қайтеді?»- дегеннен әріге аспайды. Дегенмен өсекші, салақ әйелдің ұзын тілінен намысқа тиер, қыз баласы үшін аса ауыр жала, балағат сөздер шығып жатты.

Кейбір сөздердің қолданылуында да ерекшелік бар. «Сексеуіл сап қара балға мен қара шалда мігір жоқ», «Көптен мігір көрмей болдыртқан адамды қысаған ұйқыдай, бір дел сал ойлар қайта торып, қайыра қамап баурап барады» мұндағы: мігір - тыным мағынасында қолданылған. «Түбіт орамалының шалғайын да шешпепті» түбіт - хайуанаттың қылшық жүні астындағы биязы, үлпілдек жүн; шалғай - киімнің түйме қадалған, оң жағы мен сол жағы. «Майданға биялай тоқып жіберуге түбіт иіріп отыр екен, ұршығынтастай сала қызына ұмтылды» биялай - қолға киетін қолғап; ұршық-шүйкеленген жүннен жіп иіруге арналған аспап. «Жаулықтары қарқарадай боп, бастықтың үйінің төріне кісімсіне жайғасқан бес қатын «қой, қыз балаға бұл сөзің ауыр!» - деп пәтуа айтудың орнына, жалақ қатынның дікендеген сөздеріне бастарын шұлғи берді ау» бұл жерде: пәтуа - тоқтам, шешім сөздеріне синоним; жалақ - ерінді жалай беруден жел қақты боп кебірсіген жара. «Оның аз күн рахымына асып төгілме, шырағым, деп бұжыр қатын жадағайының омырауын ағытып, белбеуін шешіп былай алып қойды» жадағай - астарсыз тігілетін жеңіл, жұқа шапан, сырт киім. « Соның хиуазын қайтарғаның ба бұл, баласының алдын осынша даттап? деп кебіс ауыз шабдар қатын манадан бері төргі бөлменің ессігінен бері аттамай, әңгіме тыңдап тұрған Есетке» мұндағы: хиуаз сөзі-қайтарым, қарым, есе мағынасында; кебіс ауыз - аузы үлкен, жайын ауыз; шабдар шикіл сары болып жұмсалған.

Повестте арнайы көріктеуіш құралдардан көп қолданылғаны: эпитеттер мен теңеулер дер едім. Себебі, автордың басқалардан ерекшелігі - сол. Сөз болып отырған шығармада эпитет те, теңеу де аса күрделі емес, халық арасында жиі қолданылатын сөздер. Мысалы: Кебіс ауыз шабдар қатын, көзі тышқанның көзіндей жылтыраған сидан

қара бала, жұқа жүрек әйел, құба шөлдің гүліндей, семіз марқаның арқа жүніндей, пыш – пыш және т.б.

Шығармада тағы да көңіл аударарлық жайттың бірі: жазушының табиғат көріністерін беруінде. Ел суретін беруде жазушы шынайы өмірге тән тілдік бояуларды дәл таңдаған. Мысалы:

«Соңғы айдың жауыны көп болды. Анау күні алатағанақтап жатқан дөңді қарашы. Көк жусан семіз марқаның арқа жүніндей бұйраланып алған. Туырылып-ақ тұр. Тарам-тарам тамыр денесінің о жер, бұ жерінде сырға көп жапырағы бар шытыр да, сәл леп тисе қыбырлап жүре беретін, көрер көзге мамықтай жұмсақ көрінгенмен, қолың тиіп кетсе тістей алатын мықыр қылтанақты жермен-жексен ебелекте, ояң-ояң күрең қиыршық тасты қатқақтан жер бауырлап басын көтермейтін жапақта әбден толысыпты. Кез келген жыра, кез келген тақыр қалқып жатқан қақ. Мұндай отта түй қалай семірмесін.»

«Тау алды мен Қаратау үстін алма кезек жайлап, ай сайын жұрт аударатын екі үй Қаһжау кеткен соң тіптен жүдеді. Айдай жазықтың бір жалында қалқып, я бір бауырдың бөксесіне жармасып, көде түбінде қалған тұз құсының жұмыртқасындай күңгірт қылаңытатын осы бір екі үй айбыны қашып, құлазыды да қалды.»

«Ат пен түйе Қалматайдың жалынан асқан соң тіпті емпеңдеп кетті. Тау бойының әр жерінен ойдым-ойдым көгеріп жатқан бұлақтарды көріп, суға асықты ма үсті-үстіне пысқырына берді.»

Повесттің сөздік құрамына тілдегі афоризмдерде тонның ішкі бауындай жымдасып жатады. Қазақ аулы халқының бейнесін аша түскендей:

о Күй тартқанда әлі қалыбына түсіп үлгермеген уыз адамның сынаптай сусыған елгезек сезімі бір сәт мағыналы арна тауып, жайдағы балалық албырттықтың бәрінен тыйылып, көрер көзге есейіп кететін.

о Сағыныш та сарғайтар дерт.

о Жұрт өзінің бір-екі баласына шақшадай басы шарадай боп жүргенде, бүкіл бір ауылдың баласын тезге салу оңай дейсің бе?

о Ішің күйсе тұз жала.

о Басқадан бағы жанса да, әйелге келгенде бағы жанбады ғой.

о Бір мүшел өміріңді бір-ақ кеміріп кететін көз жасын кім санай алады?

о Мына кең дүниені алшандап басып жүре алмасаң да, тірлігінен хабардар болып жатудың өзі бір ғанибет.

о Қыз деген құба шөлдің гүліндей ғой.

о Өз перзентінің жер басып жүргенін біле отырып, көз жұмарына шақырып келтіре алмаған ана қасіреті неткен зіл.

о Соғыс та топан су сияқты ғой.

о Бүкіл бір ұрпақ алды қатты, бауыры сыз боп өсе ме? Тұрмыс тауқыметін ерте көрген, содан опық жеген бала ғана осылай өседі.

Соғыстың моральдық-психологиялық соққылары осылайшы бірінен соң бірі үстемелене, шиыршықтана келген. Повесть Аққаймақтың алай - дүлей ой-сезімдері өң мен түстің арасындай күйге ауысып, қайта басталып, қайта мең-зең күйге түсіп, түбі Аққаймақ сезінген сезімдер суреттемелерімен тәмамдалған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Өлке» баспасы.- Т. 1.- 1999. 400 бет.

2. Сыздық Р.,Шалабай Б.,Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау(Оқу құралы)- Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002.184 бет.

3. «Әбіш Кекілбаев – замананың заңғар тұлғасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 312 б.

4. <https://e-history.kz/>

5. <https://massaget.kz/>

**МОДЕЛИ И МЕТОДЫ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ
ФОРМИРОВАНИЯ ИНСТРУМЕНТОВ БИЗНЕС-АНАЛИЗА НА ПРИМЕРЕ
ОЦЕНКИ КРЕДИТНОГО РЕЙТИНГА КРЕДИТОЗАЕМЩИКА**

Аннотация: В статье проведен общий обзор кредитного анализа, рассмотрены вопросы построения модели формирования кредитного рейтинга, выявлены современные подходы для бизнес-анализа оценки кредитного рейтинга кредитозаемщика. Результатом исследования является представленная компьютерная реализация программного модуля машинного обучения для формирования инструментов бизнес-анализа на примере оценки кредитного рейтинга кредитозаемщика, способная оценивать риски и планировать кредитный рейтинг кредитозаемщика.

Ключевые слова: машинное обучение, искусственный интеллект, бизнес-анализ, статистика, прогнозирование, алгоритм, кредитозаемщик, кредитование, платежеспособность.

ВВЕДЕНИЕ

Под кредитным анализом может представляться методика или подход, относительно которого может быть рассчитана кредитоспособность организации либо бизнеса или дана оценочная характеристика способностей платежеспособности относительно своих финансовых обязательств.

Для этого необходимо провести анализ аудиторных финансовых отчетов компаний для открытия или продолжения кредитных отношений.

Процедуры анализа и оценки кредитозаемщика, в качестве объекта кредитования, является целью процедуры кредитного анализа.

На момент проведения мероприятия необходимо провести оценку риска, рассчитав ее методом анализа перспектив и вероятности дефолта кредитозаемщика [1].

Кредитным анализом представлен обширный спектр методик и подходов финансового анализа, в том числе анализа направления и соотношения, создания прогностических действий и детального анализа относительно денежных потоков.

В состав кредитного анализа входят следующие этапы:

этап проверки источников погашения, в том числе залога,

этап рассмотрения историй кредитования;

этап рассмотрения относительно возможностей управления.

Аналитика проводят серьезную работу, направленную на предсказания вероятности и выявление предпосылок возникновения дефолта кредитозаемщика относительно своих долгов и оценивание величин ущерба в случае возникновения ситуации дефолта. В последние десятилетия с целью оценивания кредитов были разработаны множества наиболее количественных и объективных системных структур.

К примеру, кредитный аналитик в рамках однопеременной системы для бухгалтерского учёта проводит сравнения относительно различных ключевых коэффициентов-отношения (ratios) в системе бухгалтерского учета потенциальных заемщиков, состоящих из групповых либо отраслевых нормам и тенденций относительно данных коэффициентов. На сегодняшний день отраслевые коэффициенты предоставляются для банков Ассоциациями Moody's и Risk Management Association и Standard & Poor's [2].

Одномерным подходом обеспечивается аналитика, способная создавать запрос, ставящий целью детерминирование потенциального кредитозаемщика. В виду сложной экономической ситуации актуальным становится улучшение системы бизнес-анализа

оценки кредитного рейтинга кредитозаемщика, а также минимизация всевозможных рисков в этой связи.

С целью детерминирования тенденций изменений поведенческих динамик и закономерностей микро- и макроэкономических показателей становится необходимым применение в рамках единой модели комплексного подхода к рассмотрению процессов экономических тенденций. Для этих целей в масштабах предприятия предлагается использовать машинное обучение в бизнес-анализе оценки кредитного рейтинга кредитозаемщика, основной функцией которого является оценка результатов прогнозирования показателей по средствам экспериментов по адаптации моделей на основе языка программирования Python.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ ДЛЯ БИЗНЕС-АНАЛИЗА ОЦЕНКИ КРЕДИТНОГО РЕЙТИНГА КРЕДИТОЗАЕМЩИКА

Под кредитным риском понимается вероятностное появление убыточной ситуации по причинам просроченной оплаты либо отсутствия оплаты клиентом-кредитозаемщиком относительно своих финансовых обязательств. Кредитозаемщик в лице предприятия и кредитор, являющийся представителем банка, подвергаются кредитному риску.

Выделим следующие три фундаментальных подхода для построения моделей:

подход, который базируется на фундаментальных показателях;

подход, который основан на рыночных показателях;

подход, который основан интеллектуальном анализе данных.

Очевидными преимуществами обладает современный подход, основанный на применении интеллектуального анализа данных с применением программных средств, базирующийся на применении нечеткой логики, нейронных сетей, искусственного интеллекта и иного.

ПОСТРОЕНИЕ МОДЕЛИ ФОРМИРОВАНИЯ КРЕДИТНОГО РЕЙТИНГА

Кредитная деятельность позиционируется для банков как основной источник прибыли. Качественная составляющая кредитной деятельности относится к значительно важным показателям деятельности банков. Этому моменту по понятным причинам должно быть уделено со стороны банков акцентированное внимание. Заинтересованность в количестве выданных кредитов ясна, при этом важное место занимает тщательный и бдительный отбор потенциальных кредитозаемщиков.

Важным требованием этого регулятора является полнота значений входных переменных с целью получения значений прогнозирования. В качестве входных информационных данных используется статистическая информация. Ее проверка требует разработки соответствующих процедур для выполнения требований банка относительно прогнозирования. Все это необходимо, чтобы появилась возможность последующих корректных предсказаний относительно соответствующих потерь и вероятности дефолта, что в свою очередь составляет проведение процедур оценивания адекватности статистических данных, информационной полноты и точности. Все эти параметры обуславливают согласованный рейтинг [3].

Предполагается применение линейной факторной регрессии относительно оценивания вероятностей дефолта, способных откалибровать рейтинговые данные относительно внешних агентов. Для построения модели формирования кредитного рейтинга кредитозаемщиков необходимо учитывать следующий международный опыт оценки PD:

фундаментальное моделирование внутренних данных,

требования регуляторов, представленных Банкаом РК и Базельским комитетом.

Предложенная модель формирования кредитных рейтингов построена с использованием внешних рейтингов (S&P, Moody's, Fitch).

В модель входит 6 модулей, которые учитывают качественные, и количественные факторы (рис. 1):

1) Финансовый модуль состоит из анализа отчетностей по финансам, отчетности относительно прибыли и убыточности, группировки и определения ключевых количественных факторов влияния и регрессионного анализа в последующем.

Скоринговый балл является результатом этапа.

2) Качественный модуль составляется из нечисловой (качественной информации), представляющей собой присутствие ключевых подрядчиков поставщиков и поставщиков, качественных показателей корпоративного управления, особенностей командной исполнительности и иное.

В то же время себя проявляет проблематика учета оказания воздействий качественных показателей кредитозаемщиков на потенциальную возможность к банкротству, потому анализ подходов к оценке весового влияния нечисловых факторов, в отличие от количественных факторов, имеет важное значение при формировании системы бизнес-анализа.

В качестве выходных данных получается скоринговый балл.

3) На этапе модуля комбинированного рейтинга производится объединения взаимодействий количественных и качественных модулей. В качестве выходных данных получается вероятность дефолта.

4) Модуль поддержки. В случае возникновения вероятности угрозы дефолта при наличии некоторых обстоятельств государство или группа компаний могут оказать поддержку компании.

Качественная составляющая этой поддержки находится в зависимости от возможностей стратегических (договорных) особенностей и группы. При учете данной поддержки возникает возможность корректировки в качестве следствия. В качестве результата корректировки представляется расчетный рейтинг контрагента.

5) В блоке модуля расчетного рейтинга объединяются расчетные результативные данные, полученные в результате проведения процедур предыдущих модулей. Следовательно, здесь можно получить результат модельного рейтинга кредитозаемщика относительно общего кредитного внутреннего рейтинга банка.

6) Модуль финального рейтинга формирует и учитывает составляющую, которая представляется корректировками финального расчетного рейтинга в ситуациях исключительного случаях и может возникнуть в результате влияния факторов, направленных на изменение рейтинга по причинам высокой неопределенности и нестационарности в бизнес-среде.

В качестве выходных данных получают финальный рейтинг, применяемый для бизнес-анализа банка и вероятность дефолта.

Статистическая регрессия заложена в основу нефинансового и финансового модулей системы оценивания рисков кредитования.

Можно выделить следующие обязательные этапы разработки для типовых моделей: выделение факторов риска, многофакторный и однофакторный анализ, калибровка.




Рис. 1 - Модель формирования кредитного рейтинга кредитозаемщиков

Можно выделить следующий перечень факторов, учитываемых в финансовом модуле:

- отношение скорректированной величины EBITDA к выручке;
- отношение капитала к активам;
- отношение величины основных средств и незавершенного строительства к активам;
- логарифм величины капитала;
- индекс обслуживания долга.

Перечень факторов, учитываемых в нефинансовом модуле, следующий:

- финансовая прозрачность для инвесторов;
- репутация бенефициаров;
- качество финансовой отчетности.

В модели могут быть применены следующие типы информации:

- юрисдикция;
- экспертное суждение;
- финансовая информация;
- рыночная информация;
- поведенческая информация;
- официальная публичная информация;
- отраслевая информация;
- макроэкономическая информация;
- информация из рейтинговых агентств.

ПРЕДСТАВЛЕНИЕ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ СИСТЕМЫ В ВИДЕ КОМПЬЮТЕРНОЙ РЕАЛИЗАЦИИ

С целью прогнозирования в качестве метода машинного обучения применен градиентный бустинг. Отличительной чертой машинного обучения является принадлежность к методикам искусственного интеллекта, особенностью которых является обучаемость в ходе выполнения решения множества подобных задач, а не получения и запоминания результата прямого решения поставленной задачи [4].

Эффективное применение для кредитных моделей бизнес-анализа качественных показателей данные факторы необходимо упорядочить экспертным методом по степени

оказания влияния относительно кредитного рейтинга при учете акцентного мнения банка. Последнее может быть получено на основании накопленной статистической информации относительно дефолтов. Это позволит с учетом ранжирования набора факторов корректным образом представить приоритетную очередь кредито заемщиков по определенным наборам факторов. Наиболее оптимально применение подходов теории вероятности, теории оптимизации, математической статистики, теории графов и подобных методов и подходов с целью реализации построения подобных методов.

Экспертный модуль бизнес-анализа в компьютерной реализации может быть реализован с применением технологий передачи особых состояний (REST) [5]. Программный продукт в концептуальном плане может быть отнесен к компоненте бизнес-интеллекта (BI), принадлежащей банковской ERP-системе, интегрированной с иными системами детерминирования рисков (MATLAB, SAS и иное) [6].

Программный код реализован с применением специального языка Python и использованием MVC-паттерна фреймворка Flask. Блок-схема компьютерной реализации программного модуля машинного обучения для формирования инструментов бизнес-анализа на примере оценки кредитного рейтинга кредито заемщика приведена на рис. 2. Предполагается применение программного модуля, который позволит определить [5]:

численные значения медианы Кемени при помощи эвристических и точных алгоритмов Литвака,

осуществлять поисковые операции медиан относительно метода Жихарева с циклическим применением окружности единичного радиуса,

детерминировать модифицированную медиану Кемени.

При тестировании учета данных нечисловой природы акцентное внимание уделено основополагающим данным (так называемым: application train-test) [4]. На этапе поиска упорядоченных факторов нефинансовой природы с целью последующего детерминирования весовых коэффициентов осуществляется поддержка принятия решений. Данный этап подразумевает построение первоначального рейтинга кредитообразования.




Рис. 2 - Блок-схема компьютерной реализации программного модуля машинного обучения для формирования инструментов бизнес-анализа на примере оценки кредитного рейтинга кредито заемщика

Чтобы определить весовые коэффициенты необходимо применить подготовленные упорядоченные факторы с дальнейшим расчетом весовых показателей [3].

По средством применения предложенного механизма реализации экспертных корректировок внутренних рейтингов может быть осуществлена поддержка принятия решений применительно к малым и средним компаний в ситуациях исключительных случаев.

Имеет место возможность применения программного модуля в условиях доступа сети Internet посредством защищенных каналов связи либо закрытых локальных банковских сетях.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

В результате проведенного исследования получена компьютерная реализация программного модуля машинного обучения для формирования инструментов бизнес-анализа на примере оценки кредитного рейтинга кредитозаемщика, способная оценивать риски и планировать кредитный рейтинг кредитозаемщика.

Подобная система может быть успешно применена для малых и средних корпоративных кредитозаемщиков. В то же время актуален для апробации предложенного инструментария сегмент кредитования физических лиц.

ЛИТЕРАТУРА

Терехина А.Ю. Анализ данных методами многомерного шкалирования. М.: Наука, 1986. 168 с.

Жуков М.С., Орлов А.И. Использование экспертных ранжировок при расчетах кредитного риска в банке // Инновации в менеджменте. 2017. № 1. С. 18-25.

Орлов А.И. Эконометрика: изд. 3-е, испр. и доп. М.: Экзамен, 2004. 576 с.

Шакла Нивант Машинное обучение и TensorFlow. - СПб.: Питер, 2019. - 336 с.: ил.

Прикладной анализ текстовых данных на Python. Машинное обучение и создание приложений обработки естественного языка. — СПб.: Питер, 2019. — 368 с.: ил.

Нұрғали Қ., Жанбатыр А.С.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің мәдениеттанулық аспектілері

Кез келген тілдің ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіліп келген жазылмаған заңдылығы бар. Ол – тілдің жаратылысы, оның мәдениетінің тарихынан бөлектенбеуі керек. Өйткені біз белгілі бір халықтың тілінде сөйлеу арқылы сол ұлттың мәдениеті мен руханиятынан хабар береміз.

XX ғасырдың басында қазақ тілі шұбарлана бастады. Отаршылдықтың зардабы алдымен тұрмысқа, сол арқылы тілге, тілден рухқа кесел болып, ұлтшылдық сезімін әлсірете бастады. Алаш зиялылары тіл мәселесін көтеріп, сөз туралы ұрпағына асыл мұраларын қалдырды. Қазақ тілінде кітап жазып, қазақ тілінің негізін жасаған, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы ғалым Ахмет Байтұрсынов еді. Ол: «қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз оқу програмы жоқ... Хүкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қою, қазақша оқуды халыққа тарату – өз міндетіміз» [1], – деп қазіргі кездегі терең білім беру принциптерімен үндес тұжырым жасайды.

ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», - деп жазған болатын [2]

Латын графикасы қазақ тілі үшін мүлде бейтаныс жүйе емес. Қазір біз бір есептен латын графикасы негізіндегі бұрынғы әліпбиімізге, кейбір өзгерістермен қайта оралмақпыз. Әрине ол кездегі жағдай мүлде басқа еді. Қазір қазақтардың әліпби таңдауы тәуелсіз Қазақстан жағдайында, өтпелі кезеңнің өткелектерінен өтіп, тұрақты даму жолына түскен жағдайда жүзеге асқалы отыр. Мұндай мәдени-әлеуметтік шаралардан пиғылы теріс саясатшылар «орыстан кету», «батысқа бодан болу» деп саяси астар іздеп әсіре саясиланған факторды алға тықпаламақ болады. Ал жағдайдың өзі шын мәнінде лингвистикалық, мәдени-әлеуметтік факторлардың бірінші орынға тұрғанын көрсетіп отыр

Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиін енгізу мәселесі, Елбасы айтқандай, Қазақ Елі тәуелсіздігін алғаннан бері қойылған еді. Дегенмен, Қазақстан басқа

посткеңестік республикалар сияқты бұл үлкен қадамға бару үшін асығыстық жасамады. Бұндай стратегияның тиімді болғанын латын қарпін шұғыл енгізген алыс және жақын түркі тілдес мемлекеттердің әліпбиінде кеткен олқылықтар дәлелдеп отыр.

Алғашқы әліпби диграфтар мен диакритикалық белгілерге негізделген жоба болатын. Оның артықшылықтары мен кемшіліктерін Парламент пен халық сараптады. Кейін әліпбидің екінші - апострофтар нұсқасы жасалынып, Қазақстан халқына ұсынылды. Дегенмен бұл әліпби де көпшіліктің көңілінен шықпады.

Әрине, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жасау жөніндегі шешім қабылданды. Елбасының жарлығы да шықты. Бұл үлкен көш, замана көші, біз сол көштен қалмауымыз керек. Ал латын әліпбиіне көшу арқылы біз әлеммен жақындасуға, әлеммен байланыс орнатуға мүмкіндік аламыз деп ойлаймын. Дегенмен қоғамда талқылау әлі аяқталған жоқ. Қазіргі қабылданған нұсқаны елдің барлығы да бір ауыздан қолдады деп айтуға болмайды. Мысалы диграф емес, апостроф емес, диакритикалық нұсқаны ұсынып жатқандар да бар. Яғни бір әріп – бір таңба заңдылығын да ұсынып отырғандар көп. Бәлкім біз уақыт өте келе осы нұсқаға да келуіміз мүмкін.

ҚР Президентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» 20 ақпанда жарияланған Жарлығы бойынша әліпбиіміз жаңа редакцияда жазылатын болып шешілді. Бұрынғы үлгілерге қарағанда жаңа әліпби жобасы лингвистикалық тұрғыдан көш ілгері және тіліміздің заңдылықтарына сай келеді деп ойлаймын.

Қазіргі Қазақстанда жүріп жатқан модернизациялау үдерістерінің контекстінде латын әліпбиіне көшуіміз қазақстандықтардың тілдік стратегиясына ықпал жасайтын факторларға әсер етіп, қазіргі тілдік жағдайда әрекет етіп жатқан қазақ және орыс тілдерінің әлеуметтік-мәдени статусына, еліміздегі тілдік үдерістерде мемлекеттік тілдің нығаюы мен оны оқып-үйренуге деген қызығушылықтың артуына мол мүмкіндік береді деп есептеймін.

Қазіргі қазақстандық мәдени бірегейлік мәселесінің өзектілігі жағдайында мәдени-тілдік дәстүрді сақтап қалу механизмдерін анықтау, тілдің этноұлттық мәдени-тарихи тәжірибені жинақтап сақтау, бекіту және тасымалдаудың басым арнасы ретіндегі орнын танып-білу үшін, енгізілейін деп отырған латын қарпі негізіндегі қазақ әліпбиінің ана тіліміз бен мәдениетімізді отаршылдық пен тоталитаризм арқылы сіңген мәдени-тілдік «қоқыстан» рухани тазаруға өз септігін тигізері анық.

Жаһандану үдерістерінің қарқындылығына байланысты қазақстандық мәдени-тілдік кеңістікті бейнелейтін дискурстың әлемге танылуы үшін тәуелсіз Қазақстанның жаңа әліпбиінің қызметі мен рөлі зор болмақ.

Қазақстанда болып жатқан тілдік үдерістердің, соның ішінде латын әліпбиінің енгізіліп, оның кең қолданылу нәтижесінде Елімізде мәдени-тілдік жағдай өзгеріп, тілдердің өзара тепе-теңдігіне әкеліп, өзегінде қазақ тілі болған жалпықазақстандық мәдениеттің пайда болуына, қалыптасуына, орнығуына, дамуына ықпал жасайды деп ойлаймын.

Кез келген мәселеге бүгінгі және келешек уақыт тұрғысынан қарауға болады. Олай болса, біз өз тіліміздің тағдыр-талайына бейжай қарай алмақ емеспіз. Бұл – шындық. Турасын айтқанда, тіл – халықтың өзегі, болмысы, байлығы. Қазір әлемді «жаһандану үдерісі» қарқынды жүріп жатқаны белгілі. Бұл әрбір халықтың ұлттық мәдениетіне, оның мазмұнына айтарлықтай кері ықпал етеді. Ал тіл туралы ай- тар болсақ, жаһандану – ұлт тіліне де қауіп төндіреді. Демек, мұндайда біз өз тілімізді он есе, жүз есе қорғауға күш салуымыз керек. Қазір тіл мәселесінде жайбарақат отыратын заман емес.

Социолінгвистикалық терминдер сөздігі тілдік үдерістерге тілдік ауысу, тілдік ығысу, тілдің ревитализациясы, билингвизм, полилингвизм, семилінгвизм, кері тілдік ауысу сияқты құбылыстарды жатқызады. [3]. Біздің ойымызша, аталған тілдік үдерістердің ішіндегі қазіргі таңда ең өзектісі - қазақ тілінің ревитализациясы, яғни «мың өліп,мың тірілген» ана тіліміздің «өз елі,өлең төсегінде» жанданып, жаңғырып, жаңа

Қазақстанның төрінен лайықты орнын алып, жалпықазақстандық мәдениеттің тіліне айналуы.

Демек, жалпықазақстандық мәдениеттің өзегінде жаңа латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің болмысы мен өміршендік қызметі жарқырап тұруы тиіс.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992, 448 б. 430-б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан, 12.04.2017.
3. Словарь социолингвистических терминов. М.: РАН. Институт языкознания. Российская академия лингвистических наук. Ответственный редактор: д. ф. н. В.Ю. Михальченко. 2006. - 312с.

МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Жантөре Н.Ж., Мұхтаров К.Т.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Мәңгілік Ел - жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. «Елбасымыз ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – «Мәңгі ел» тұжырымдамалық идеологиясының жаңа әлемдегі, жаңа тарихи дәуірдегі заңды жалғасы» деп есептейді тарихшы Хангелді Әбжанов мақаласында. Мәңгілік ұғым-түсінігі – барша адамзатқа ортақ қазына. Оның негізінде саналы-санасыз тіршілік иесінің өмірге, қоршаған ортаны игеруге кұштарлығы жатыр. Мәңгілікке ұмтылған арман-мақсаттың нышанына, ескерткішіне Египет пирамидаларын, мәңгі қала Рим тәмсілін, суға батпайтын, отқа жанбайтын батырлар жайлы тарихқа дейінгі аңыз-ертегілерді жатқызуға болады. Біздің пайымдауымызша, әлемдік және дәстүрлі діндердің бастау-бұлағында да мәңгілікті бейнелейтін түпжаратушы тұр. Оның есімі – Тәңірі, Құдай, Алла, Бог, т.б.[1] «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея...» — екендігін жазған [2, 20-21 бб.]. Елтеріс Құлтық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел — мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуға. «Күл тегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» — деген жолдар бар [3, 63 б.]. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Мәңгілік ел дегеніміз — мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы билеушілердің елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді. М. Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізгі

философиялық түйінін аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор, мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қазақ халқы арасында тараған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған.

Елбасының 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдаған жолдауында: «Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық». Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел! Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек»[4] деп нақты атап көрсетті.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған « Мәңгілік Ел » салтанат қақпасының салынуы « Мәңгілік Ел » идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай », « Алла » сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, « Мәңгілік Ел » «Алла Тағаланың елі, халқы » дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени - рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен діліне нұқсан келтірмей, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осыны біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз. Мәңгілік елдің қағидалары ҚР Конституциясынан бастау алады. Олар: қазақстанның тәуелсіздігі; ұлттық бірлік, бейбітшілік және қоғамдағы келісім; зайырлы қоғам және жоғары имандылық; индустриализация және инновация негізінде экономикалық өсу; Жалпы Енбек Қоғамы; тарих, мәдениет және тіл бірлігі; ұлттық қауіпсіздік және жалпыәлемдік және аймақтық мәселелерді шешуде жахандық қатысу [5]. Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Әрине, қазіргі тәуелсіз демократиялық Қазақстан қыруар

жетістіктерге жетті. Біздің ел әлемдік қауымдастықта лайықты орын алды. Халықаралық қатынастарда біздің елді іскер және беделді әріптес ретінде қабылдайды. Қоғам мен мемлекет құрылымын белгілейтін біздің Ата заңымыз бар. ҚР Конституциясы халықтың бірлігін белгіледі, ортақ тарихи тағдыры бар барлық ұлттарды Қазақстан жерінде біріктірді. Ең алдымен ҚР Конституциясы қоғамдық тұрақтылықты сақтауға және нығайтуға мүмкіндік береді. Өйткені, реформаның жүргізілуі, демократияның дамуы, жаңа ұрпақтың идеологиясының қалыптасуы, барлық азаматтардың өмір сүруге лайықты жағдайлар жасалуы қоғамдық тұрақтылықсыз мүмкін емес. Осы тұрғыда айтып кету керек, Қазақстанда бірнеше ұлт өкілдері өмір сүреді, сондықтан Конституцияда қоғамдық келісіммен саяси тұрақтылық сияқты негізгі қағидалар белгіленген. Көпұлттық мемлекет жағдайында азаматтардың теңдігі, бірлігі, бейбіт өмір сүрудің негізі болып табылады.

Әдебиет

1. Ханкелді Әбжанов. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі.
Источник: <https://e-history.kz/kz/publications/view/2590> © e-history.kz
2. Бас редактор: Ерлан Сыдықов. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, Алматы, «Pride Print», баспасы, 09.2013. 108 бет.
Источник: <https://e-history.kz/kz/contents/view/2416> © e-history.kz
3. Күлтегін Тонкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли.) - Алматы, «Өлке» баспасы, 2001. - 144 бет.
Источник: <https://e-history.kz/kz/contents/view/2416> © e-history.kz
4. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. 17 қантар 2014 жыл.
5. Қазақстан Республикасы Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз. – Алматы, 2015

ӘЛ-ФАРАБИ – ӨРКЕНИЕТ ФИЛОСОФЫ

Жаңабаева Р.А.

Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған
№4 облыстық мектеп-интернаты

Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби ат түркі ұлы ғалым, энциклопедист, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әл-Фарабидің толық аты-жөні осылай болып келеді. Әл-Фараби 870 жылы Жібек жолының маңызды орталықтарының бірі болған – Отырар қаласының маңында дүниеге келген. Ол бала кезден сол дәуірдегі өркениет пен мәдениеттің ірі орталықтары саналған Бұқара, Самарқан, Мерф, Бағдат Рей, Шам қалаларында болып, білімін үнемі жетілдіріп отырған.

Әл-Фарабидің ғылыми қызметі ортағасырлық араб мұсылман мәдениетінің гүлдену дәуіріне яғни біздің дәуіріміздегі оныншы ғасырдағы мұсылман дәуіріне сәйкес келеді. Қазіргі уақытта Әл-Фараби ойларының өзектілігі қайтадан арта түсуде. Оның көзқарасында саясат, дін және бақыттың өзара терең қатынасы көрсетілген. Бүгінде әлем ислам және батыс өркениетінің тіке тіресу қаупі алдында тұрғанда ислам мәдениетімен астасатын экстремистік және лаңкестік көңіл-күй үдеп келе жатқан кезде ұлы философтың мұрасы адамзаттың түрлі көзқарасын шешуге көмек бере алады.

Бүгінгі күнге дейін логика, метафизика, этика, саяси және әлеуметтік философия, музыка мен медицинаға арналған жүзден аса трактаттар сақталған. Ол ең алғаш болып музыканы математикалық негізде жүйелеп, оны ғылымның бір бағыты ретінде

көрсеткен. Оның отанында Қазақстанда жетекші ұлт университеттерінің бірі-Әбу Насыр Әл-Фараби есімімен аталады.

Аристотельдің еңбектерін зерттеп, зерделеп үлкен деңгейге көтерген сол кездегі ғалымдар көп болған. Оның бірі де бірегейі- Әбу Насыр Әл-Фараби. Ғылыми тұрғыдан дәлелдей отырып, Әл-Фарабиді екінші ұстаз деп әлем мойындайды.

Танымал Европалық ұлы Альберт Маквейнский секілді әйгілі ортағасырлық философтар өздерінің теориялық зерттеулерінде Әл-Фарабидің еңбектеріне сүйенген. Әл-Фараби мұрасының таралуы және барша Европа мәдениетіне әсерін Әбу Синаның және Абирустың есімдерімен байланыстырады. Соңғысының жұмыстарының көмегімен араб тілін жақсы меңгерген Роджер Бэкон және өзге де дәуірдің ірі ғалымдары Томас Копс, Рена Деканың еңбектерінің арқасында біз мұсылман философтарының ілімдерімен таныса алдық.

Әл-Фараби білімге деген құштарлығының арқасында Аристотельден кейінгі "екінші ұстаз" атанды. Ол 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырды. Ғалым философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономияны зерттеді. Ғұлама ойшыл ғылымды 2 топқа бөлген:

Бірінші: теориялық ғылымдар. Бұл топқа жаратылыстану ғылымдары мен метафизиканы енгізген.

Екінші: практикалық ғылымдар. Бұл топқа этика, физика, кәләм (исламдағы өзекті тақырыптарын қамтыған ғылым саласы) ғылымдарын жатқызған.

Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі – "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат" ("Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы"). "Ғалым қала басшыларын "қайырымды және надан" деп екіге бөледі. Ол кезде қала-мемлекет болған. Оның тұрғындары қай кезде бақытты болады? Ғалымның пікірінше, бұл шаһардың әкімдеріне байланысты. Егер әкім білімді, әділ, ойы таза болса, барлық қала тұрғыны бақытты болады. Ал қаланың әкімі надан болса, өтірік айтса, шаһардың адамдары бақытсыз болады. Әл-Фараби шын бақытқа жету үшін адам үнемі іздену керек дейді. Сондай-ақ адамның мінез-құлқы да жақсы болуы керек", - дейді Жақыпбек Алтайұлы "Әл-Фараби - өркениет философы" деректі фильмінде. [1].

Сонымен қатар Әл-Фарабидің "Музыка туралы үлкен трактат" деген шығармасы әлемнің көптеген тіліне аударылған. Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің "Категориялар", "Метафизика", "Герменевтика", "Риторика", "Поэтика", бірінші және екінші "Аналитика", "Топикасы" және тағы басқа да еңбектерін түсіндірген.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Алайда бүгінгі күні қоғамда ғалымның ұлтына байланысты сан алуан пікір бар. Осы орайда шығыстанушы Әбсаттар қажы Дербісәлі бұл мәселені түсіндірді.

"Бұл кісіні (Әл-Фарабиді – Sputnik) "қазақ" деп жазады. Оны "өзбек, тәжік" деп айтады. Ол – қате. Бұл кісі өмір сүрген уақытта біздің халқымыз жеке ұлт ретінде тарих сахнасына көтерілген жоқ. Сондықтан Әл-Фараби – түркі текті. Бұл мәселеге академик Гафур нүкте қояды. Ол "Әл-Фараби өмір сүрген уақытта қазақ, өзбек деген болған жоқ. Бірақ Әл-Фараби қазақ жерін мекендеген түрік тайпасынан шыққан. Бұл тайпа кейін қазақ халқының құрамына енді. Сондықтан қазақ халқының перзенті деуге негіз бар деп жазды", - дейді ғалым Qareket бағдарламасында.

2020 жылы ұлы ойшыл, шығыстың Аристотелі атанған, атақты жерлесіміз Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлаг әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толады. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келді. Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда

болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып білімін тереңдете түсті. 950 жылы Дамшық қаласында дүниеден озды.

Әл-Фараби «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» тектес трактаттары арқылы ғаламдық ойдың дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сондықтан да халық оны «Шығыстың Аристотелі» атап кеткен. Ол ежелгі заман ойшылдары Аристотель, Платон, Гален шығармаларына терең талдаулар, түсініктемелер жазды. Әл-Фараби сонымен бірге әлеуметтік-қоғамдық және этика саласына да қалам тербеген. Мысалы, «Бақытқа жету жайында» деген еңбегінде «оның бірден-бір жолы – ғылымды, білімді игеруде» деп насихат айтады. [2].

Ал «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында бір-қатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерге талдау жасалынды. Мұндағы қала деп отырғаны – мемлекет. Бабамыздың бұл шығармасындағы мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының моральдық бейнесі, қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әр адамның бақытқа жету үшін бүкіл қоғам болып тіршілік ету керектігі туралы айтылған пайым-пікірлері бүгінгі күнге дейін өзекті. Ал ғұлама әдебиет теориясына арнаған «Өлең кітабы» атты еңбегінде өлең жазу ісіне қойылатын шарттарға тоқтала келе, ішкі терең мағынаға сыртқы пішін, яғни сұлу ұйқас үндесіп келгенде ғана әсем жыр туындайтынын айтады.

Сол себепті әл-Фарабиді зерттеп жүрген ғалым Ақжан Машаниге Мәскеу қырын қарап, ол «үш әріптің» қара тізіміне енді. 1968 жылы Машани тынбай ізденіп жүріп, Дамшықтағы әл-Фарабидің жерленген қорымын тауып, бабамыздың зиратына арнайы белгі орнатады. Әл-Фарабидің зиратынан топырақ әкеп, оны Отырар төбеге шашады. Бұл орайда ол ұзақ та қиын жолдардан өтті. Қолдаудан гөрі кедергі көп болды. Әл-Фарабидің зиратын табуға өзбектен шыққан үлкен мемлекет қайраткері, бұрын Өзбекстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы, СОКП орталық комитетінің президиум мүшесі, СОКП орталық комитетінің хатшысы сияқты үлкен лауазымдарда істеген, сол кезде КСРО-ның Сирия Араб республикасындағы елшісі қызметін атқарған Мұхитдиновтың көп көмегі тиеді.

Бабамыздың мұрасын іздетуді тоқтатпаған әл-Машани, әйгілі ғұлама Птоломейдің арнайы карта жасап, Отырарды әл-Фарабидің туған жері деп көрсетіп кеткен бұл тартпас дәлелін табады. Сөйтіп, «Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, Отаны Қазақстанда тойлансын», деген ЮНЕСКО қаулысының қабылдануына көп еңбек етті.

А.Машанов Республика Ғылым академиясының Президенттері Қаныш Сәтбаевтың, кейіннен Шахмардан Есеновтің тікелей қолдауымен шет елдерден әл-Фараби еңбектерін алдыртып, оларды қазақ, орыс тілдеріне аудартып, бабамыздың философиялық, логикалық, саяси-әлеуметтік, математикалық, жаратылыстанушылық, музыкалық трактаттарын жеке-жеке кітап болып екі тілде басылып жарық көруінің басы-қасында жүрді. Академияда «Әл-Фараби» туындыларын зерттеу бөлімінің ашылуына себепкер болды. 1971 жылы Мәскеуде өткен ЮНЕСКО-ның әл-Фарабиге арналған симпозиумінде А.Машани бастаған қазақ ғалымдарының күш салуымен Фарабидің 1100 жылдық мерейтойын Қазақстанда атап өтуге шешім қабылданды. Сөйтіп, әлемнің «Екінші Аристотелі» аталған бабамыз әл-Фарабиге арналған ғылыми форум 1975 жылы 8-13 қыркүйекте Мәскеуде басталып, Алматыда аяқталды.

Әл Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы трактатында былай дейді: - «Адам толығымен дамып жетілуі үшін көптеген нәрселерден тәуелді болады. Яғни ол өзіне қажет нәрселерді жалғыз өзі жасай алмайды. Сондықтан, адам өзінен басқа адамдардың қоғамдастығында өмір сүруі керек және адам қоғамда ғана толық жетіліп, бақытқа қол жеткізе алады»,- деп тұжырымдайды. Сонымен, ол да қоғамдастықтың құраушысы болып табылады, басқалардың жоғын тауып беруші ретінде де болады Сөйтіп, қоғамның әрбір мүшесінің іс әрекеті оның әрбір мүшесіне қажеттіні тауып беретін болады

дейді. Әл Фараби адам қоғамдастығын екіге бөліп көрсетеді: толық қоғам және толық емес қоғам. Толық қоғамдастықтың өзін үшке бөліп көрсетеді: үлкен, орташа және кіші. Үлкен қоғамдастық оның пікірінше, барлық жер бетін мекендеуші адамдардың жалпы қоғамдастығы. Орташа қоғамдастық деп, белгілі бір халық ретіндегі қоғамдастықты айтады да, кіші қоғам ол белгілі бір қала дейді. Толық емес қоғамдастықты Әл Фараби төртке бөліп көрсеткен. Олар квартал, көше, үй, ауыл. Ауыл қала құрамына кірмегенімен, ол қалаға қызмет көрсетіп отыратын толық емес қоғам. Жоғары деңгейдегі даму мен игілікке адам ең бірінші қалада ғана қол жеткізе алады делінеді. Кез келген қалада бақытқа қол жеткізу үшін, адам барлық нәрсеге шын көңіл білдіріп, шынайы таңдау жасап, талаптану қажет дейді. Әрбір тұрғыны бақытқа жету жолында бір біріне көмектесетін қала қайырымды қала деп түсіндіріледі. Және онда қайырымды қоғам да, қайырымды халық та болады дейді. Әл Фарабидің айтуынша, қайырымды қала адамның сау әрі мінсіз денесіне ұқсас келеді делінеді. Яғни, оның әрбір мүшесі денсаулықты сақтау үшін бір біріне көмектесіп өмір сүреді дейді. Алайда адам денесіндегі органдар бір бірінен табиғаты, атқаратын қызметіне байланысты айырмашылық жасайтыны сияқты, қала тұрғындарының да қызметі мен қоғамдағы орны бойынша бір бірінен айырмашылығы болады. Қаланың басшысы өзінен сатысы төмендегілерге белгілі бір істердің атқарылуын талап етеді, ал талап етілгендер өз кезегінде өздерінен кейінгілерден талап етеді, сөйтіп, ешкімнен талап ете алмайтындар ең төменгі сатыға да жетеді. Әл Фараби бұл еңбегінде қала тұрғындарын бес топқа бөледі: ең құрметті адамдар, шешендер, өлшеушілер, жауынгерлер және байлар. Ең құрметті адамдар ақылдылар, пайымдағыш адамдар, маңызды істерде беделге ие болғандар. Екінші топтағы шешендерге-діни қызметкерлер, ақындар, музыканттар, хатшылар, шығармашылық жұмыспен айналысатындар. Өлшеушілерге есепшілер, дәрігерлер, астролог, математиктер, оқытушылар жатады дейді. Ал байларға егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілерді жатқызады.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - дей отыра, тарихи сананы жаңғырту үшін, ең алдымен, ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын [3]. Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілік пен ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Оларды данышпан-ойшылдардың еңбектерінен ғана кездестіруге болады. Сондай құнды мұралардың иесі, қазақ топырағынан шыққан, жанжақты және ғұлама ғалым – Әл-Фараби. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол бірнеше ғылым салаларын қамтитын 150-ге тарта трактаттар жазған.

Қорыта айтқанда, әл-Фараби бабамыздың мұраларын зерттеу, насихаттау, оларды келесі ұрпаққа жеткізуде көптеген іс-шаралар атқарылуда. Алайда Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы талабынан қарасақ, бұл жұмыстарды әлі де тереңдете түсу керек. Әл-Фараби сияқты ғұлама бабамыздың еңбектерін толық, жан-жақты зерттеп, оны қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аудару орайында, әлі де көп тер төгуге тура келеді. 2020 жылы тойланатын Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде, әлемдік мәдениеттің ұлы мерекесі дәрежесінде өзінің туған жері Қазақстанда өтуі тиіс. Сонау қиын тоталитарлық жүйе кезінің өзінде әл-Фараби бабамыздың Отырардан шыққанын дәлелдеп, өз Отанына қауыштыру, 1100 жылдық мерейтойын өткізу аға ұрпақ өкілдерінің теңдесі жоқ ерлігі болды. Енді, еліміз тәуелсіздік

алып, дамыған мемлекеттер қатарына қосылып жатқан кезде Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында тарихымызға терең бойлап, біз мақтанатын, дүние жүзі өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан бабамыздың 1150 жылдық мерейтойын өткізу бәріміз үшін үлкен сын, ол жан-жақты дайындықты керек етеді.[4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатындағы Әл-Фарабидің рухани әлемі» Сидешова Р.А. аға оқытушы Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
2. «Әл-Фараби мұрасының зерттелуі» Бекенжанова А.А., аға оқытушы Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы
3. Нұрсұлтан Назарбаев. Ұлы даланың жеті қыры / Егемен Қазақстан, 21- қараша, 2018ж
4. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017 жыл.

ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ҰҚСАС ИІРІМДЕР

Жаңабай З., Сарышова К.С
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Проза мен поэзия тілі жалпы тілден бөлек тұрған жеке категория емес, олар да тілдің заңдылықтарына бағынады. Дегенмен, проза мен поэзия тілдеріндегі негізгі ерекшелік – ойды жеткізу үшін құрылған сөйлемдердің құрылымында, сөйлемдердің сыртқы формасында.

«Өлеңді сөйлем – ерекше сөйлем», – дейді Р. Сыздық. Поэзия тілін ерекшелендіретін негізгі фактор ұйқас, өлшем, ырғақ. Поэтикалық тіл әрдайым метафора, эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдарының санымен (көптігімен), тіпті сапасымен (аса көріктілігімен) танылмайды, суреткердің өз міндетіне алған эстетикалық талаптарына сәйкес болмысты тіл арқылы әсерлі де бейнелі түрде көрсете білуінен танылады. Ал әсерлілік пен бейнелілік көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда әрқашан образды метафора, теңеулермен берілмей, ешбір экспрессивтік бояуы жоқ сөздермен немесе сөз тіркестерімен берілуі де мүмкін. Әңгіме көріктеу құралдарының материалдық көрінісінде ғана емес (әрине, ол да орын алуы тиіс), шығармада сол көркемдіктің бар болуында, оның оқырман сезіміне әсер ететіндігінде. Міне, өлең тілін зерттеуде осы жайтқа да назар аудару қажет [1,9 б.].

«Поэтикалық тіл» мен «өлең тілі» деген ұғымдар бір-біріне мүлтіксіз пара-пар емес. Поэтикалық тіл тек өлең текстінде емес, қара сөзде де, ауызекі сөйлеу барысында да орын ала алады. «Поэтикалық» деген анықтауыш тіл көркемдігінің, дәлірек айтсақ, көркемдік үшін қолданыстың биігін, идеалын білдіреді. Сондықтан өлең біткеннің барлығында поэтикалық көрініс тұнып тұрмайды. Көріктеу құралдары қолданылған тексттің өзінде әрдайым мазмұн мен қалыптың сәйкестігі бола бермеуі мүмкін, демек, текст әсемдік биігінен көрінбеуі ықтимал. [2,10 б.]

Сыр бойындағы ежелден жасалынған жыр теңізі шегіне көз жеткізбейтін жауһарлар іспеттес. Сыр бойы ақындары өлеңді өнердің пірі тұтып, басқа қонған бақ, абырой санап, оны құрметтеп, табиғат сыйлаған талант қуатымен аламан бәйгеге қосқан тұлпарлардай бір-бірімен жарысып, жақсы өлең туындату жолында жыр додаларына түскен. Осылайша арқалы ақындардың әрқайсысы жыр бұлағын көктемгі өзендей тасқындата білген.

Осы өнер бәйгесінде суырылып алға озып, дарындылығымен ел есінде сақталып, жатталып келе жатқан ақындар Сырдың төсінде аз емес. Қарасақал Ерімбет пен

Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіп, Күдеріқожа, Айманкүл Тәжібаева, Қуаныш Баймағамбетов, Нартай Бекежанов, Ұлбике Жанкелдіқызы, Манап Көкенов айтыстары – айтыстың түрін алғаш жасаушылар. Осылай тізбектей берсек, Сыр бойы ақындарының үлгі, мақтан тұтар жетістіктері көп-ақ. Сол ұлы тұлғалардың жалғасы болып, қыз-келіншек ақындар да өнер сахнасынан, өлең шыңынан көрінді. Сәнімгүл Желдербаева, Рысты Бекбергенова, Қатира Жәленова, Жадыра Дәрібаева, Рахат Наурызбаева, Ділдахан Торғаева, Нағима Торманова, Қаршыға Есімсейітова Ақұштап Бақтыгереевалардың ізін жалғаған жас ақын қыздар Толқын Қабылшаева, Асылзат Арыстанбек, Назгүл Бердіқожа, Ботагөз Бексары, Динара Мәліктердің жырлары – оқырман жүрегіне жол тапқан шоқтығы биік шығармалар.

Ертеден ақындардың өлең-жырларында сарындас келетін тақырыптар жиі ұшырасатын. Қазіргі жас ақындарымыз Ботагөз Бексары мен Назгүл Бердіқожаның тілі мен қолтаңбалары (көркемдік стильдері) бір-біріне ұқсас келіп жатса, мұны олардың өлеңдерінің идеялық-мазмұндық жақындықтарынан көру керек болар.

Сезім, бәлкім, әдемі құс ақ қанат,
Сезімімді не етпекпін тұсап, қамап.
Ауыр мұңнан арылғым кеп тұрғаны-ай,
Бірер сәтке өзінді құшақтап ап.
(Б.Бексары)
Өмір деген өтіп жатыр ақырын,
Өлім деген бәрімізге жат ұғым.
Көз тастап ем суретіңе ілулі,
Жанарыңда бір мұң тұрды жасырын. (Н.Бердіқожа)

Екі нәзік жыр иелерінің шығармаларындағы үндестік туған жер тақырыбындағы өлеңдерінде де көрініс тапқан. Мысалы:

Қызылордам - құт дарыған киелі елім,
"Жыр елі" медаліне иегерім.
Осыдан жетіп алсам, топырағыңның,
Сау-тамтығын қалдырмай сүйер едім... (Б.Бексары)

Құлдыраған құздан құлап кетсем де,
Жауыздардан жалғыз жапа шексем де.
Бере алмаймын, берекемді бөтенге,
Қиын-қиын асулардан өтсем де. (Н.Бердіқожа)

Ақын қыздардың сезім жайлы шерткен сырлары да бірін-бірі толықтырып тұрғандай. Сезім – адам баласының бойындағы ұлы күш десе де болады. Сол сезімді оралымды ойларымен сипаттаған ақын қыздар өлеңінде «жүрек» ұғымы да әдемі жырланған:

Жүрекке "Мен"-дей құт ұялады,
Шегінер жол жоқ, өкінер.
Көзімде жатыр құпияларым,
Абайлаңызшы, өтінем... (Б.Бексары)

Бақытыңды арнап бұл қызға
Баябан шөлден жетіп ең..
Баянға бейіт тұрғызба!
Жаурайды ол желдің өтінен
Үңілмеңізші **жүрекке**
Құлап кетесіз, өтінем. (Н.Бердіқожа)

Бақ пен сордың арасында адасып,
Сүйдім, күйдім **жүрек** ысып, жан мұздап, (А.Арыстанбек)

Жадында ма, жалт етіп қарағаным?
Қарағаным, таусылып бар амалым?
Жанарымнан жарқылы ғайып болған,
Жүрегімде сол бейнең, санада мұң! (Т.Қабылша)

Поэзия сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол – айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен, өнімді саласы. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, соған тікелей жалғаса туады. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну қабілетімен, көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады.

Поэзия тілінің сипат-ерекшелігін сөз еткенде, оны поэзиялық туындылардың, өлең-жырлардың мазмұнынан бөлек алып қарауға болмайды. Өйткені поэзияның, өлеңнің тілі, оның негізгі өзгешеліктері көркем шығарманың идеялық мазмұнын ашу, жеткізу талабына сай қалыптасады [3,76.]. Сыр бойы ақын қыздарының да өлең туралы сырлары төмендегі жырларында көркем сипат алған:

.. Мен - **Өлеңмін**, қасы-көзі қиылған,
Алақанмен сипап жібер шашымнан.
(Б.Бексары)

...Мынау эппақ қабырғаға далаппен,
Өлең жазғым келіп тұр. (А.Арыстанбек)

Адалдығымның, ғазал жырымның жердегі,
Өлең ғой жалғыз иесі. (Т.Қабылша)

Өлең боп соққан,
Жүреkte ғана бар кінәм...
Бір бүтін емес, болмыста жүдеп жарты мән. (Т.Қабылша)

Міне, бөлекшелеу болмыстарымен өмір атты бәйгеде өз жырлары арқылы талай асуды бағындырған Сыр бойы ақын қыздарының бізге берер тағылымы мол. Сан қилы тағдыр болғанмен олар жыр арнасында жолдары тоғысқан суреткерлер десе артықтық етпес. Көңілдің кестесін өзіндік өрнекпен тоқуы арқылы ақын қыздар оқырманның көзқарасының қалыптасуына, жан-жақты болуына, рухани танымының кеңеюіне, поэзия әлемінен хабардар болуына үлкен септігін тигізеді. Жырларындағы асқақ үн, эстетикалық сезім әсерлі, көркем. Түрлі тілдік қолданыстарды пайдаланып оқиғаға жан бітіре білулері де Сыр бойы ақын қыздарының ерекшелігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 352 б.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. – 580 б.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: «Мектеп», 1973. –215 б.
4. Арыстанбек А. Бесінші маусым. – Астана: «Профимедиа», 2011.
5. Қабылшаева Т. Жаныммен кешкен жалғыз мұң. – Қызылорда: «Тұмар», 2011.

КІШІ ЖАСТАҒЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЫН ӘРЕКЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жаңбарбай Ә. Ғ., Жамансариева Л.Д.
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Аннотация: Мақалада кіші жастағы мектеп оқушыларының ойын әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері қарастырылады.

Қазіргі кезеңде ғылымында ізденістер, жаңалықтар болып жатыр. Түрлі әдістемелік жүйе, әдістер мен тәсілдер мектепте оқыту үрдісіне енуде. Мысалы: Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясы», В.В Давыдовтың «Дамыта оқыту технологияларының элементтері», «Блум таксономиясы» т.б.

Қазіргі әлеуметтік жағдай жеткіншек ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелерді ағарту саласында бірінші орынға шығарады. Әсіресе, баланың әлеуметтік бейімделуі, ересектермен, өз қатарластарымен қарым - қатынасты тиімді жасауы педагогикалық-психологиялық теория мен практика үшін аса мәнді. Балалардың жас ерекшеліктеріне қатысты психологиялық дамуы, осыған қатысты оқыту-тәрбиелеу жолдары, мінез-құлық, жүріс-тұрыс қалыпты болмағанда жүргізілетін коррекциялық жұмыстар, зерттеу әдіс-тәсілдерін негіздеген құнды еңбектер баршылық.

Сабақтарды қызықты өткізу үшін, әрі оқушылардың сабақ барысында шаршамай, енжарлыққа салынбай, терең білім алуы үшін ойын технологиясының мәні зор.

Біздің эрамызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген грек философы Гиппокрит ойынды мәңгілікке теңеген. Келесі грек ойшылы Платон «Ойын – әрі жоғары ақыл, рахаттану, қызық және теңдесі жоқ жоғары құбылыс» деген. Бұған қоса философтар Ф.Шиллер мен Г.Спенсер «Ойын – артық күштен арылу жолы» десе, К.Гросс пен К.Бюллер «Ойын – балаларды ересек өмірге дайындайды» деген [1].

Орыс ғалымы, дәрігер, педагог К.А.Покровский «ойын-күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы.Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады»-деген. Ойын баланы қимылға, әрекетке, денешынықтыруға төселдіреді. Сол арқылы өмір күресіне, еңбекке баулиды. Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ. Ойын арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Ойын дегеніміз-тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, ақл-ой жетекшісі.

Ойын сонау ата-бабалар заманынан бері мазмұн жағынан толысып дамып, дәстүрлі жалғасып келеді. Ойын еш уақытта дамудың бір сатысына жеткенде тоқтап қалмайды, жетіле түседі. Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар зерттеуде. Мысалы: Иоган Хейзингтің «Ойыншы адам», Д.Б. Элькониннің «Ойын психологиясы», Эрик Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» атты еңбектері жазылды. Ойын теориясын зерттеуші Ресей ғалымдары: А.В. Вербицкий, Т.В. Кудрявцев, И.П. Пидкасистый. Қазақстандық ғалымдар: Н.К. Ахметов, Ж.С. Хайдаров т.б. Сонымен қатар, ойын проблемасымен шұғылданған көрнекті ғалымдар: Р.М. Жуковская, Д.В. Менджеричкая, Т.А. Маркова, Н.Я. Михайленка т.б.

Ойын - баланың жеке басын дамытуда қоғамдық мәні бар іс-әрекеттің мақсат бағдарлы, қажеттілікті қанағаттандыруға негізделген белсенділік формасы деп бір жағымен, екіншіден - баланың танымдық, шығармашылық, жеке бас қасиеттерін, ақыл-ой сапаларын жетілдіретін тәрбие және оқыту құралы ретінде түсіндіріледі.Балалық шақ ойыннан бөлінбейді. Мәдениетті балалық шақтың мәні көп болған сайын, соғұрлым ойын да қоғам үшін маңызды болады. Балалықты танудың оған әсер етудің және балалық шаққа енудің бірден-бір әдісі ол – ойын.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз.

Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді». Ойынды балалар өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде пайдалана отырып алдымен солардың ортақ мүддесін бағыттап және дамытып отыру, балалар ұжымын топтастыруға күш салу керек.

Ойын - күрделі математикалық, психологиялық, педагогикалық ұғым.

В. Н. Всеволодский – Гернгросс революциядан кейінгі ресейлік ойындардың алғашқы зерттеушілері мен жинаушыларының бірі ойын түсінігін береді: "Ойын жалпы немесе оның нақты практикалық орнатудан тыс бөлігінде кез келген өмірлік құбылыстың пәрменді жаңғыртудан тұратын қоғамдық практиканың түрін атаймыз[1] ;

Психология тұрғысынан ойынды зерттеуге Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев секілді ғалымдар ат салысты. С.Л.Рубинштейннің пікірінше "ойын негізінде адамның барлық психикалық қабілеттері қалыптасады, баланы ересек өмірге дайындайды. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен қарым-қатынас жасайды [1,2].

К.Г.Исулов ойынды адам санасының қоршаған ортамен араласуындағы эвристикалық іс-әрекеті деп қарастырды.

Психологтар ойынның мынадай тізбесін дәлелдеген:

Қажеттілік - мотив –мақсат- ойын іс-әрекеті - нәтиже.

Демек, психологиялық тұрғыдан ойын:

а) Әлеуметтік тұрғыдан ойлауды қалыптастырады:

ә) Танымдық мотивтің дамуына әкеледі;

б) Іс-әрекеттің бір түрі ретінде оқу және еңбекпен қатар тұрады;

в) Логикалық ойлаудан эвристикалық ойлауға үйретеді.

Бала ойын арқылы өмірге енеді, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, атын – түсінігін арттырады, еңбек ете білу дағдысы қалыптасады.

Психологтар мен педагогтер ежелден-ақ ойын мәселесіне өз назарын аударғанымен, тек ХІХ ғасырдың аяғында ғана арнайы зерттеу пәніне енгізілді.

Балалар ойын үстінде өздерін еркін, жеңіл сезінетіндіктен өздерін көрсете алады. Балалар үшін өз тәжірибелерімен сезімдерін шығару табиғи динамикалық және денсаулық жақсартушы іс-әрекет. Ойын әсері психикалық іс-әрекеттің басқа формаларын дамыту үшін де үлкен маңызы бар. Мәселен, қиял тек ойын жағдайларында және соның әсерімен ғана дами бастайды. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Жеке бастың даму және қалыптасу процесін тануды дұрыс шешу психикалық процестердің заңдылықтарымен оның ерекшеліктерін білумен байланысты. Бұл салада ғалым педагогтар, психологтар Ж.Аймауытов, Л.С. Выготский, М.Жұмабаев, Қ.Жарықбаев, С.Макаренко, М.Мұқанов, Ж.Намазбаева, Т. Собиров, Г.Усманов т.б. арнайы зерттеу еңбектері бар .

Психолог ғалымдар баланың даму процесін қарастыруда бірнеше ғылыми теориялық принциптерді ұсынады. Солардың бірі Л.С. Выготский төменгі сынып оқушыларының даму процесін сензитивтік кезеңге тән екенін және олардың үлкен сезімталдығы мен әсерленгіштігі анықталған. Мектепке бар ынтасымен келген 7 жасар бала, тәрбиелік ықпалға оп-оңай беріледі. Оның жақсы оқушы, жақсы мінез-құлықты бала атанғысы келеді. Балалар бұл жаста барынша көпшілік мұғалімдермен тез тіл тапқыш, өзінің жаңа ұжымда, балалар арасында еркін сезінгіш, мұғалімнің талаптарын, мектеп ережелерін орындауға қызығады[2].

Психолог А.С.Выготский: «бала ойнау барысында өзінің кішкентай екеніне қарамастан оның ойлауы, іс-әрекеттері көп жағдайда ересек адам сияқты көрінеді» - дейді. Выгодский теориясы бойынша баланың әсерленушілігі ішкі және сыртқы әр түрлі жағдайлардың ықпалының жиынтығы деп есептейді. Осыдан барып оның психикалық дамуын айқындайтын, басқаша да күштерді күрделендіріп жаңа түсініктерді құрастыруға жол ашады. Орта мен бала арасындағы қатынас құбылысын оның күрделілігін

түсіндіргенде Л.С. Выготский төменгі класс оқушыларына әсерленушілік сипат және ықпал жасайтын жағдайларды баланың қабылдауымен байланыстырады. Бұдан өмірдің ішкі рухани өмірін, әсіресе адамгершілік ойлауын, сезімін, санасын, іс-әрекетін зерттеуде осы кезеңдегі сензетивтік ерекшеліктерін ескеру мұғалімнің маңызды міндетінің бірі болып табылады [2].

В.В.Давыдов оқушыларда танымдақ проблемалық міндеттерді шештірудің жолдарын іздестіру арқылы шығармашылық тәжірибені меңгертуге болады, яғни соның нәтижесінде білім-білік, дағды дүниеге көзқарасын қалыптастыруды көздейді.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты оқулығында бала дамуының психологиялық заңдылықтарын жан-жақты талдап көрсеткен. Мәселен, жан- тәрбиесі, ес, қиял, ойлау, тіл т.б. психикалық процестерге талдау жасаған және бұл психикалық процестерде төменгі класс оқушыларының ерекшеліктерін көрсеткен. «Әсер күшті болса, есте ұзақ сақталады». Мысалы, қатты дауыл, сұрапыл боран сықылды күшті көріністер тез ұмытылмайды. Бір сабақтан бала күшті әсер алуы үшін баланың сол сабаққа құмар болуы шарт. Баланы құмар қылу үшін мұғалім өзі құмар болуы керек. Мұғалім сабақ бергенде өзі есінен түсіп, ыңылдап тұрса, шәкіртте құмарлық бола ма?» - деген.

М. Жұмабаев айқындаған заңдылықта оқу-тәрбие процесінде мұғалім де, ата- ана да керек.

Қ. Жарықбаев көптеген еңбектерінде және арнайы ғылыми зерттеулерінде балаларға тән психикалық (сензетивтік жасына байланысты) ерекшеліктері тереңдетіліп қарастырылған. Мысалы, мінез, түйсік, қабілет, қабылдау, ес, ойлау, қиял, эмоция мен сезім, ерік, зейін, әрекет, дағды әдептері т.б.

С.А.Шмакова бойынша көптеген ойындарға тән ортақ белгілер деп төмендегілерді айтуға болады:

Тек қана нәтижесінен ғана емес, әрекет үрдісінің өзінен де ләззат алу үшін баланың тілегімен ғана қабылданатын, еркін дамытушы әрекет (әрекеттік (процедуралық) ләззат);

Елеулі мөлшерде суырып салмалық, шығармашылық, осы әрекеттің белсенді сипаты («шығармашылық аясы») әрекеттің эмоцияналды көтеріңкілігі, бәсекелестік, жарыс («эмоционалдық қуат»).

Педагог ғылымдар ойынның оқыту процесінде оң әсерін тигізетініне келісе отырып, мынандай пікір айтады.

Белгілі педагог Ю.К.Бабанский ойынды "как мощное средство стимулирования познавательного интереса учащихся" - деп көрсетсе, педагогтардың арасында ойын іс-әрекетін педагогикалық құбылыстардың қай түріне жатқызу жөнінде бір пікір жоқ. А.С.Гуревич, А.В.Килиниуктер ойынды оқытудың активті түрі деп қарастырса, Н.Н.Скатова, Р.И.Половникова, В.К.Роман оқытудың ойын әдісі дейді. Тағы бір ғалымдар оқытудың ойын элементтері деп қарастырады. Біз ойынды әдіс деп қарастырамыз. Себебі әдіс секілді ойын кезінде оқушымен оқытушының арасындағы байланыс туындап оқыту процесінде тактиканы емес, стратегияны анықтайды [3].

Ойын элементтері ойынның біртұтас құрылысын береді. Ойын құрылысында алдымен оқытудың мақсаты тұрады.

А.С.Макаренко ойынның балалар өмірін ұйымдастырудағы ролін жоғары бағалай келіп, тәрбиешінің ролі туралы былай деп жазды: «Мен де педагог ретінде олармен аздап ойнауға тиіспін. Егер мен тек қана үйретіп, талап етіп, айтқанымды істетіп тұрсам, онда мен, бәлкім, пайдалы, бірақ жақындығы жоқ бөгде күш қана боламын. Мен міндетті түрде аздап ойнауға тиіспін және мен өзімнің барлық әріптестерімнен осыны талап еттім».

Педагогикалық процесте ойын балалар іс-әрекетінің басқа да түрлерімен, бәрінен бұрын еңбекпен, оқу үстіндегі оқытумен өзара тығыз байланыста болады.

Бала ойын арқылы өмірге енеді, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, атын – түсінігін арттырады, еңбек ете білу дағдысы қалыптасады.

Ойын мен еңбектің өзара байланысы бұлардың арасында ұқсастық және айырмашылық болуымен айқындалады. А.С.Макаренко еңбектегі сияқты, ойында да

жұмыс күші мен ой күші жұмсалады деп көрсетті: «Күш жұмсалмаған ойын, белсенді іс-әрекетсіз ойын — қашан да жаман ойын». Ойынның жұмыстан айырмашылығы тек қана мынада: «...жұмыс адамның қоғамдық өндіріске... материалдық, мәдени, басқаша айтқанда, әлеуметтік игіліктер жасауға қатысуы деген сөз. Ойын мұндай мақсаттар көздемейді, қоғамдық мақсаттарға оның тікелей қатысы жоқ, бірақ оған жанама қатысы бар: ол адамды жұмыс үшін қажетті дене күші мен психикалық күш жұмсауға үйретеді» [4].

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады дегенді айтуда ғалымдар.

Н.Ф.Талызина «Алты жасарлар ойнай отырып, логикалық қабылдау арқылы оқуды және математиканы таным қызығушылығын меңгереді. Бұдан бірте-бірте ойыннан кейін оқу әрекеті орын алады» - деген пікір айтты.

Я.А.Каменский «ойынды рухани және дененің даму қозғалысы» - деді. Ойындар баланың жасына, халықтың әдет-ғұрпына сәйкес болу керектігін айтты.

Ушинский сабақ үйрету барысында ойын элементтерін орынды қолдану оқушылардың білім алу процессін жеңілдетеді – деді [4].

Жоғарыда айтылған мәселелерді теория және практика жүзінде ұлы педагог Сухомлинский В.А. терең және жан-жақты қарастырған.

Ойын - еңбек және оқумен бірге, адам қызметінің негізгі түрлеріне жатады және адам өмір сүруінің ерекше феномені болып табылады.

Ойын- жүзеге асыру барысында өз мінез-құлқын реттеу қалыптасатын және дамитын, қоғамдық тәжірибені жасауға және игеруге бағытталған жағдайдағы адам іс-әрекетінің негізгі түрі.

Педагогикалық үрдісті жетілдіру ойынның алар жөнінде Қазақстандық ғалым Н. Құлжановада зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинкт күнделікті негізгі іс әрекет және өмірі деп дәлелденген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік тәрбиелік мақсатқа пайдалану болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген [5].

С.Рахметова қазақ тілі сабақтарында көркем шығармалардың оқушыларды тәрбиелеудегі маңызын жан-жақты талдап көрсетеді:

1. Идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру;
2. Дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;
3. Балаларды, жас өспірімдер мен үлкендердің үлгілі, ерліктерімен, еңбектерімен таныстыру арқылы қоғам игілігіне адал ниетпен еңбекетуге, адамгершілікке, бір-бірін сыйлаушылыққа, адалдық пен шыншылдыққа, кішіпейіл болуға тәрбиелеу;
4. Отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты жайлы материалдармен танысу арқылы табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқап біліп, теңдесі жоқ сұлулық пен көркемдікті бағалай білуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу;
5. Балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін одан әрі дамыта түсу;
6. Халықтардың бостандық, бейбітшілік үшін жүргізген қаһармандық күрестерімен таныстыра отырып, Отанды сүю, бейбітшілік пен халықтар достығы рухында қалыптастыру;
7. Саналы тәртіпке, дұрыс мінез-құлық нормаларына үйрету;
8. Еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Қорыта келе айтарым, ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы.

Ұстаз бен шәкірттің бірлесе жасалған еңбегінің нәтижесі – сапалы білім болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Р.С.Немов Психология, кн. 2.- М., 2000. – 640 с.
Л.С.Выготский Педагогическая психология. М.: Педагогика Пресс, 1996. – 336ст.
Ситаров В. А. Дидактика. / Под ред. В.А. Слостенина М.: Изд. Центр, «Академия», 2002. - 368 с.
Хуторской А.В. Современная дидактика. Спб., 2001. - 544 с.
С.Т.Жакупова.Бастауыш сыныптарда ойын технологиясын пайдалану //Бастауыш мектеп журналы 2011, №11, 1-45

Гуманитарлық білім саласында шет тілдерінің оқыту рөлі

Жапарова Т.Е.

М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университеті

Заманауи білім беруді реформалау (оның жеке қабілеттерін ескере отырып) адамның әлеуетін үйлесімді дамытуға, сондай-ақ тұтастай қоғамның тұрақты дамуына бағытталған. Бұл мәселені шешу үшін гуманитарлық ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарын жақындастыратын және ғылыми білімнің гуманитарлық симбиозын дамытуға ықпал ететін жоғары білім беру жүйесін ізгілендіру қажет. Мұндай конвергенция ғылымның дамуына және жаңа білімнің таралуына әкеледі. Инновацияларды ұтымды пайдалану әлеуметтік гуманитарлық қағидалармен реттеледі, олардың білімдері мамандарды даярлау процесінде қалыптасуы керек. Бұл зерттеуде оқу процесін ізгілендіру үдерісінде шет тілдерінің рөлі талданады. Жаһандану жағдайында шет тілдерін меңгерудің жоғары деңгейі негізгі құзыреттердің бірі болып саналады, өйткені бұл маманға үнемі жетілдіріліп, кәсіби мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Шет тілін білу әртүрлі ақпарат көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді және кәсіби ортада ғылыми білімнің таралуын қамтамасыз етеді. Шет тілдерін оқыту студенттердің ойлау қабілетін дамытады, және әртүрлі білім мен дағдыларды қолданудан синергетикалық нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін метакомандалық қабілеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, шет тілдері оқу процесінде ерекше функцияларды орындайды: оқу, тәрбие, ынталандыру, гуманитарлық және ағартушылық.

Түйін сөздер: гуманитарлық білім, гуманитарлық симбиоз, пәнаралық, метакомпетенция, мета-ойлау, әлеуметтік капитал, тіл саясаты.

Бүгінгі таңда гуманитарлық ғылымдар жалпы білім беру жүйесінде ерекше бағытты жүзеге асырып жатқандықтан, көпшілік назарын аударуда. Бұл тәсіл студенттерге жаһанданған әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге көмектесетін бірқатар пәндерді білуге мүмкіндік береді: әлемнің күшін қалай тепе-теңдікке келтіруді, нәсілдік және гендерлік алауыздықты жеңуді, ғаламдық ауқымдағы дағдарыстардан аулақ болуды, сондай-ақ басқада әлем мемлекеттерімен қарым-қатынаста өмір сүруді үйренеді [10]. Қазіргі білім берудің мақсаты - білімнің жиынтығы ретінде ғана емес, жалпыға ортақ ғылыми және мәдени құндылықтар жүйесінің құрамына кіретін білімнің тұтас ашық құрылымы ретінде гуманитарлық білімді құру. Сонымен қатар, әр түрлі салалардағы білімді кәсіби және гуманитарлық құндылықтарды ескере отырып, аксиологиялық мәні тұрғысынан ұштастыру мүмкіндігі тұтас кәсіби жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді және жеке тұлғаның үздіксіз кәсіби дамуының траекториясын алдын-ала анықтайды.

Тұтастай алғанда білім беру жүйесін реформалау және гуманитарлық ғылымдардың қайта жандануы білім алуды шоғырландыруға бағытталған білім беру процесінің белгілі бір нәтижеге жету үшін қажетті білім алып, оны арттыра алатын адамның әлеуетін дамыту

процесіне ауысуын білдіреді. Бұл жағдайда реформаның екі бағытын ескеру қажет: білім беруді ізгілендіру (мақсат қою және оны жүзеге асыру). Бірінші вектор білім беру жүйесіндегі гуманитарлық компоненттің ұлғаюын және нәтижесінде қазіргі қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік, руханият, әділеттілік, адамның қадір-қасиеті және т.б. сияқты гуманитарлық негіздерді қалпына келтіруді қамтиды. Қазіргі білім беруді реформалаудың екінші векторы гуманитарлық білімді жаңартуға және білім беруді қалыптастыруға бағытталған [1].

Білім беру реформасының нәтижелерінің бірі - бірыңғай мәдени, білім беру және ғылыми кеңістікті құру үшін жаратылыстану ғылымдарының гуманитарлық ғылымдармен сәйкестігі болуы керек [2, 3].

Ғылыми білімнің мұндай жақындастығы гуманитарлық симбиоздың дамуына ықпал етеді, өйткені ғылымның әртүрлі салаларының өзара тиімді тіршілік етуі және өзара әрекеттесуі, ғылыми білімді дамыту мен байытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, әр түрлі ғылыми салалар арасында тепетендік сақталады, ал ғылыми білімнің пәнаралығы жаңа білімнің жұмыс істеуін, дамуын және таралуын анықтайды. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс жеке ғылыми бағыттар мен білім салаларының шекараларын еңсеруге жағдай жасайды және тақырып шеңберінен тыс ақпаратты қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Ақпаратты әр түрлі жағынан талдау осындай жаңа білімнің пайда болуына немесе мәселенің шешілуіне әкеледі. Тар пән шеңберінен шығу жаңа білімнің жалпы адамзаттық білім жүйесіндегі орнын және оның аксиологиялық қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар арасындағы байланысты нығайтады. Сонымен қатар, гуманитарлық ғылымдар ғылыми жетістіктерді қоғамның тұрақты дамуы үшін гуманитарлық шеңберде қолдануды қарастыратын реттеуші рөлін атқарады [4].

Интеграциялық әлеуметтік процестер жағдайында және тұрақты даму үшін жас маманға шет тілдерін білу негізгі кәсіби құзыреттердің бірі болып саналады [5]. Кәсіби маңызды ақпараттарды тек ана тілінде ғана емес, сонымен қатар шет тілінде де алмасу қабілеті кәсіпқойға қызмет барысында және үздіксіз кәсіби өсу үшін қажет [6, 3]. Маманның/студенттің шет тілін меңгеруінің бірнеше мотивтері бар: коммуникативті, танымдық, құндылыққа бағдарланған, өзін-өзі растау және кәсіби өсу перспективалары. Бұл мотивтер өзара байланысты және бір-бірін толықтырады.

Коммуникативтік әдісі студенттің басқа мәдениетке немесе кәсіби ортаға жататын әріптестерімен шет тілінде кәсіби қарым-қатынас жасау қажеттілігін көрсетеді. Кәсіби қарым-қатынас білім мен дағдылармен алмасуды, сонымен бірге когнитивтік уәжі өсуді және ойөрісі кеңеюін, бұл танымдық себеп болып табылады. Алынған жаңа білімді маман қайта қарастырады және жеке кәсіптік білім жүйесіне оны «басқа» дереккөздерден алынған ақпаратпен салыстыра отырып, бар кәсіби тәжірибеге сүйене отырып енгізеді. Осылайша, жаңа білімге белгілі бір мән беріледі және маман кәсіби салада өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік алады [5].

Сонымен қатар студенттер немесе мамандар арасында шет тілін білу деңгейі бірдей емес, бұл шет тілдерін оқыту себептерінің әртүрлі басымдықтарына әкеледі. Желідегі көздерден ақпаратты оқу және алу үшін болашақ мамандардан шет тілін меңгеру қажет (90%). Мамандардың немесе студенттердің жартысына жуығы (56%) сөйлесу дағдыларын меңгереді, бірақ бұл олардың көпшілігінде сөйлеу дағдыларын дамытуға және жетілдіруге және басқа мәдениеттегі әріптестермен қарым-қатынас жасау арқылы кәсіби қабілетін кеңейтуге итермелейді.

Шет тілін жоғары деңгейде білу бірнеше мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1. Түлектің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
2. Жеке кәсіби амбицияларын қанағаттандыру;

3. Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуді және өзін-өзі жетілдіруді ынталандыратын сыни және шығармашылық ойлауды дамыту.

Шет тілінің білім берудегі рөлі метапрофессионалды құзіреттілік сияқты ұғымның арқасында толық ашылған.

Бүгінгі таңда студенттердің жинақталған және ғылыми мағыналы білімді есте сақтауға негізделген оқыту түрі тиімді емес болып саналады, өйткені ол қазіргі заманғы талаптарға жауап бермейді. Заманауи маманға болашақта үздіксіз кәсіби өсуге және өзін-өзі дамытуға ықпал ететін шығармашылық және аналитикалық дағдылар мен қабілеттерді дамыту қажет. Бұл талаптар бір мамандық шеңберіндегі ақпараттың көлемі әр бес жыл сайын екі есе артуымен байланысты. Сондықтан жоғары оқу орнының қазіргі түлегі кәсіби дайындықпен қатар кәсіби ақпаратты іздеу, таңдау, талдау және пайдалану құралдарын игеруі керек. Бұл маманнан метакомпаниялардың қалыптасуын талап етеді [6].

Құзіреттілікке негізделген көзқарас тұрғысынан кәсіби құзіреттілікке кәсіби дайындықтың белгілі бір деңгейі (білім, икемі, дағдылардың жиынтығы), сонымен қатар кәсіби ортада тиімді жұмыс істеуді анықтайтын жеке кәсіптік сипаттамалар кіреді. Кәсіби құзіреттілік тек маманның әлеуетін, оның зияткерлік жүгін және өнімді кәсіби қызмет үшін кәсіби құралдарды пайдалана білуін сипаттайды. Жеке кәсіптік дағдылар дегеніміз - кәсіптік және жағдайға байланысты ақпаратты таңдау және талдау қабілеті, кәсіби деңгей, өзін-өзі дамыту және жетілдіру, коммуникациялық дағдылар, әлеуметтік дағдылар (ұжымда жұмыс істей білу және т.б.) [7]. Заманауи маманның кәсібилігі білім мен жеке дағдыларды ұштастыра білу қабілетін анықтайды, бұл кәсіби ортада ақпараттың тез таралуы жағдайында студенттер арасында метакомпетенцияны қалыптастыруды талап етеді.

Метакомпетенциялардың қалыптасуы студенттерде мета-ойлауды дамытуды білдіреді - шындыққа және өзің туралы бар білімге қатысты субъективті шындықты көрсетуге және талдауға бағытталған арнайы танымдық шеберлік. Осылайша, метакомпьютерлер ойлаудың шығармашылық компоненттері болып табылады және дифференциалды-интеграциялық сипатқа ие. Бұл түрдегі құзіреттілік адам ойлауының өнімділігін арттырады және кәсіби қауымдастыққа маманның ойлау мәдениетін басқаруды қамтамасыз етеді, яғни кәсіби өзін-өзі бақылау және кәсіби өзін-өзі дамытуды жаңарту үшін білім мен танымдық тетіктерді пайдалану қабілетін реттейді [8].

Гуманитарлық білім мен оны тарату үшін жағдай жасау арқылы гуманитарлық симбиозды енгізу арқылы білім беру жүйесін ізгілендіру мақсатында жаңа шарттарда шет тілдерін оқыту процесі интегративтілік, көпфункционалдылық, көп өлшемділік, пәнаралық және бейімділікпен сипатталады. Мұндай пәнаралық курстарды оқыту метакомандалық қабілеттерді дамытуға және студенттерге арнайы білімді қолдана алатын және шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін кәсіби жағдайды қалыптастыруға бағытталған оқытудың арнайы әдістерін қажет етеді.

Жоғарыда сипатталған жағдайларда кәсіби құзіреттілікті қалыптатыру студенттердің өзіндік жұмыстарының үлесін арттыруды талап етеді, бұл үнемі өзін-өзі тәрбиелеуді және өзін-өзі дамытуды қажет етеді [9]. Кәсіби өзін-өзі жетілдіру өз кезегінде дамыған аналитикалық дағдылармен мүмкіндігі бар, бұл студенттердің оқу процесінде қалыптасуы керек, бұл оқытудың дәстүрлі әдістерін, жеке зерттеу әрекеттерін, эмпирикалық дайындық пен бірлескен және істәжірибелік оқытуды біріктіру арқылы жүзеге асырылады [10]. Оқу іс-әрекетінің әр түрлі осындай комбинациясы білім беру процесінің көп өлшемділігі мен

көп функционалдылығын анықтайды. Осыған байланысты мамандықты оқытуда шет тілін қолдану кәсіби білімнің таралуына ықпал етеді және кәсіби ізденудің сапасын арттыратын ақпарат іздеудің шекарасын едәуір кеңейтеді.

Сонымен қатар, ақпараттық-аналитикалық және кәсіби құзіреттіліктерді дамыту үшін іскерлік және рөлдік ойындар сияқты оқыту әдістерін, сонымен қатар оқытудың ең қызықты және прагматикалық бағытталған нысаны ретінде жобалық әдісті қолдана отырып, ынтымақтастық негізінде оқыту кезінде шет тілін қолдану өте тиімді деп саналады (collaborative and experimental learning) [8]. Проект жұмысының ерекшелігі оның теориялық және практикалық құндылығы болып табылады. Жобаға қатысушылар ретінде студенттер кәсіби шеберлікке ие болумен қатар, жеке қасиеттерін көрсетуге, өз бетінше және топта жұмыс істеуге үйренеді. Оқу орындарының халықаралық жобалар шеңберіндегі гуманитарлық негізде белсенді өзара әрекеттесуі жағдайында, шет тілінің жақсы қалыптасқан дағдылары әртүрлі елдердің студенттеріне халықаралық жобаларға қатысуға немесе жалпы кәсіби құзіреттіліктерді, метакомандалар мен коммуникациялық дағдыларды дамытуға ықпал ететін халықаралық жобалық топтар құруға мүмкіндік береді [7].

Кәсіптік және шет тілдерін оқытуды үйлестіру мүмкіндігінің арқасында студенттер гуманитарлық рефлексия, гуманитарлық коммуникация (диалог, пікірталас) және білімді басқару дағдыларын игереді. Сондықтан, шет тілдері ақпарат көздеріне қол жетімділікті, кәсіби ақпаратпен алмасуды қамтамасыз ететін, зерттеу және кәсіби өзін-өзі жетілдіру құралы және маңсабы өсудің кілті болып табылатын дирижер рөлін атқарады (білім беру және білімді басқару функциясы).

Сонымен қатар, шет тілдері маңызды тәрбиелік рөл атқарады. Заманауи білім беруді ізгілендіру адам өмірінің антропологиялық және әлеуметтік аспектілерін анықтауға бағытталған [7]. Заманауи білім берудің міндеті - негізгі кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге жауапкершілік, біреудің көзқарасына шыдамдылық, жанжал жағдайын реттей білу, қабілеттілік сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал ететін жалпы адамзаттық құндылықтар мен әлеуметтік нормаларға негізделген жеке мінез-құлыққа жауапкершілікпен қарауды үйрету.

Қазіргі қоғам өзінің қызметі үшін формалды ұжымдық әлеуметтік жауапкершілікпен және қоғам үшін өзекті мәселелерді шешуге жеке дайындықтың болмауымен сипатталады. Адамның жайлы өмір сүру жағдайларын жасауға және жоғары экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуге деген ұмтылысы күнделікті өмірде және жұмыс орнында жоғары технологияларды қолдануды талап етеді. Алайда, бүгінгі таңда кәсібилік ұғымы бір кәсіптің шеңберінен шығып, жоғары кәсіби білім мен дағдыларды тек кәсіби іс-әрекетте ғана емес, сонымен қатар қоғамның мүддесі үшін де теңгерімді пайдалануды білдіреді. Сонымен қатар, маман өзінің кәсіби әрекеттері үшін кәсіби қоғамдастық пен жалпы қоғам алдында жауап береді [11].

Маманның кәсіби қызметін қоғамдық мүддеге сәйкестендіру өзін-өзі жүзеге асыру және өз әлеуетін ашуға мүмкіндік беру гуманитарлық білім беру бағытын ұсынады. Тәрбиедегі тұлғаға бағдарланған парадигма тәуелсіз ғылыми және танымдық тәжірибе алу үшін белсенді дербес шығармашылық оқу-танымдық әрекетті көздейді. Сонымен қатар, шет тілін білу - бұл әлемді түсіну және онымен және әлемдік қауымдастықтың басқа мүшелерімен ортақ мәселелерді шешу құралы.

Маманның кәсіби қызметін қоғамдық мүддеге сәйкестендіру, сонымен қатар өзін-өзі жүзеге асыру және өз әлеуетін ашуға мүмкіндік беру гуманитарлық білім беру бағытын

ұсынады. Тәрбиедегі тұлғаға бағдарланған парадигма тәуелсіз ғылыми және танымдық тәжірибе алу үшін белсенді шығармашылық оқу-танымдық әрекетті көздейді. Сонымен қатар, шет тілін білу - бұл әлемді түсіну және онымен әлемдік қауымдастықтың басқа мүшелерімен ортақ мәселелерді шешу құралы.

Осыған байланысты біз оқу процесінде шет тілінің тағы бір функциясын - мотивацияны бөліп көрсете аламыз. Шет тілін білудің жоғары деңгейі және кәсіби қарым-қатынас дағдылары маманның кәсіби шапшаңдығына мүмкіндік береді. Кәсіби ұтқырлық дегеніміз - бір аймақтан екінші аймаққа көшу, сонымен қатар тез шешім қабылдау, жағдайды тез шарлау және оны бағалауда икемділікті қолдану, тапсырмаларды орындау, жетіспейтін ақпаратты тез іздеу, ұсынылғанға байланысты жаңа қызмет түрлерін табу мүмкіндігі. Кез келген ортада тиімді бейімделе алатын және тиімді жұмыс жасай алатын мамандарға деген қажеттілік шет тілдеріндегі кәсіби қарым қатынасқа деген қызығушылықты оларды оқып үйренудің қажеттілігіне айналдырады [12].

Басқа мәдени ортаға тез бейімделу және онда тиімді жұмыс істеу қабілеті жинақталған тәжірибе мен жеке дамудың жеке әлеуетін және жалпы қоғамның дамуына байланысты. Бұл жинақталған әлеуметтік капиталсыз мүмкін емес. Әлеуметтік капитал дегеніміз ақпарат пен басқа да артықшылықтарды алу үшін аз шығындармен ақпарат алу үшін пайдаланылатын топтың немесе тұтас қоғамның ішіндегі ынтымақтастық, сенім, өзара түсіністік және өзара көмек қатынастары деп түсініледі. Әлеуметтік капиталды жинақтау адам дамуының әртүрлі салаларында кездеседі: отбасымен достарымен және әріптестерімен, әлеуметтік желілермен және қауымдастықтармен байланыс, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өкілдерімен, басқа мәдениеттер өкілдерімен өзара әрекеттесу [13]. Шет тілін білу қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, ал метакомпетенция - әлемнің жеке бейнесін кеңейту және туған мәдениеті туралы білімді басқа әлеуметтік және мәдени ортада тарату үшін өзінің жаңа білімін бағалау. Осылайша, шет тілі гуманитарлық және тәрбиелік рөлін атқарады.

Тілдік білімді танымал ету және кеңінен енгізу арқылы гуманитарлық білімдерді құру және тарату стратегиялық болып табылады және бірнеше деңгейлердегі мемлекеттік білім беру саясаты ретінде жүзеге асырылады: федералдық, аймақтық, муниципалды, сонымен қатар жеке оқу орнының тіл саясаты [14]. Бұл стратегиялар бірыңғай мемлекеттік бағдарлама аясында белгілі бір аймақтың экономикалық, саяси және этникалық қажеттіліктеріне байланысты шет тілдерін оқыту саласында үздіксіз білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталған.

Бұл мәселені шешу үшін аймақтық дамудың басымдықтарын ескере отырып, шет тілін оқытудың білім беру бағдарламасын ғылыми-әдістемелік негіздеу қажет; білім сапасын және оның мониторингін қамтамасыз ететін әдістемелік, білім беру және бақылау-өлшеу жүйелерін құру керек; сондай-ақ осы стратегияны іске асыру тетіктерін оқыту және дамытуды қажет етеді. Мұндай тәсіл құзіреттіліктер жиынтығын анықтауға және оқу процесін ұйымдастырудың модельдерін құруға мүмкіндік береді (жеке білім беру траекториясы, мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес келетін шет тіліндегі өзгермелі бөлігі және аймақтық тақырыптарға негізделген инновациялық тілдік бағдарламалар).

Бүгінгі таңда шет тілдері қоғамда ерекше орын алады. Бір жағынан, шет тілдерін оқып үйрену гуманитарлық білімнің элементі болып табылады, бұл мамандар арасында мета-ойлауды дамытуға қажетті метакоммуникациялардың қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. Абстрактылы ойлау қабілеті, сонымен бірге әр түрлі ғылыми салалардағы

жинақталған білімді бір уақытта пайдалану қазіргі адамның өмір сүру қабілетін және әлеуметтік капиталды жинақтауды айтарлықтай кеңейтеді, бұл оған үнемі өзгеріп тұратын өмір жағдайларына бейімделуге және қазіргі қоғамға пайдалы болуға мүмкіндік береді. Осылайша, шет тілдері білімді басқару функциясын жүзеге асырады, сонымен бірге ынталандырушы, тәрбиелік, білім алу функцияны орындайды. Сонымен қатар, шет тілдерін оқыту өздігінен болмауы керек. Гуманитарлық білім беру стратегиясы мемлекеттік тілде білім беру саясатын ескере отырып құрылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Константиновский Д.Л. Әлеуметтік-гуманитарлық білім: бағдар, практика, жетілдіруге арналған ресурстар / [Вознесенская Е.Д., Дымарская О.Я., Чередниченко Г.А.]. - М.: ЦСП, 2006. - 13-21 б.
2. Нечаев В.Д. Вербицкий А.А. Қазіргі гуманитарлық білім тұжырымдамасы туралы // РОССИЯДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ. 2011. №3. 14-22 б.
3. Чашина Ж.В. Қазіргі білім берудегі интеллект пен адамгершілік синтезі // Білім интеграциясы. 2014. №1 (74). 64-70 б.
4. Князева Е.Н. Пәнаралық зерттеу стратегиялары // ЦПУ Хабаршысы. - 2011. № 10. - 193-201 б.
5. Кайл Ю.А. Тілдік емес университетте шет тілін білуге маман дайындаудағы жетекші болу. // Білім интеграциясы. - 2008 - шығарылым. - [Электрондық ресурс] - Пайдалану сайты: <http://cyberleninka.ru/article/n/veduschie-motivy-pri-podgotovke-spetsialista-neyazykovogo-vuza-k-ispolzovaniyu-znaniy-inostrannogo-yazyka>
6. Резчикова Е.В. Метакомпьютерлердің пайда болуының дидактикалық негіздері // «TRIZ. IV конференция материалдары. Әдістемелік құралдарды қолдану тәжірибесі». - [Электрондық ресурс]: <http://www.metodolog.ru/node/1618>
7. Михеева Т.Б. «Құзіреттілік»: қазіргі орыс білімінде ұғымдарды қолдану туралы // Ученые записки ЗабГУ. Сериялар: Педагогика және психология. 2011. №5. 110-114 б.
8. Чернявская В.С., Самойличенко А.К. ЖОО түлегіне сұраныс тұрғысынан мета ойлау және рефлексия - 2013. - № 3 (40). - 169-172 б.
9. Castronova, J.A. Discovery Learning for the 21st Century: What is it and how does it compare to traditional learning in effectiveness in the 21st Century? // Action Research Exchange – volume 1 Number 1, 2002 – [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: http://chiron.valdosta.edu/are/Artmascript/vol1no1/castronova_am.pdf
10. Stephanie L. Burrell Storms, Melissa T. Labonte, Ana Marie N. Siscar, Susan F. Martin Collaborative Learning and Innovative Assessment in Humanitarian Studies // International Studies Perspectives Volume 16, Issue 2, pages 107–126, May 2015.
11. Beaton, G. Why professionalism is still relevant – [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: <http://www.beatoncapital.com/wp-content/uploads/2012/03/Why-professionalism-is-still-relevant-by-George-Beaton.pdf> - January 2010.
12. Шамело Е.А. Университет түлегінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы шет тілінің рөлі. // СГУ хабаршысы. Топтама: Education. Педагогикалық ғылымдар. 2009. №24 (157). 52-56 бет.
13. Shtybul S.A. Әлеуметтік капиталды жинақтау деңгейлері // Омбы ғылыми хабаршысы. 2010. № 3-88. 66-69 б.
14. Чилинарян М.В. Тілдердің аймақтық саясатын қалыптастыру стратегиясы // ҚМУ Хабаршысы Н.Ә. Некрасова: Педагогика. Психология Әлеуметтік жұмыс. Ювенология. Социокинетика. 2009. №5. 24-28 б.

МӘТІНДІ ТАЛДАУДЫҢ КОНЦЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІ (І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы бойынша)

**Жаппарова А., Ш.М.Елемесова
Қорқыт ата атындағы ҚМУ**

«Концепт» термині алғаш рет логика ғылымында қолданылады. Содан кейін барып қана ол лингвистикалық мазмұнмен толыға бастады. Концептінің лингвистикалық мазмұнға ие болуын тілдік бірліктердің семантикасын талдаудағы бағыттардың пайда болуымен байланыстыруға болады. Концепт (латынша «konsept»-ұғым, түсінік) ұғымның мазмұны, мағынасы дегенді білдіреді. Р.Карнаптың семантикалық концепциясында тілдік бірліктер мен оларға сәйкес келетін денотаттардың, яғни реалды заттардың арасында олардан басқа тағы да абстракты нысандар – концептілер болады [1,с.208].

Философиялық көзқарас тұрғысынан концепт ұғымы мағынаның орнына жүреді. Әлемді қабылдаудың негізгі тәсілдері – көру, есту, сезіну... сияқтылар мағына немесе концепт құрудың жалғыз ғана тәсілі болып табылады. Бұл нысандарды, яғни концептілерді белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады. Мұндай мағыналар немесе концептілер өз кезегінде адамға әлем туралы шынайы немесе жалған ақпарат береді. Мағынаның немесе концептінің пайда болуы барысында жаңа мағыналар өзіне дейінгі бар мағыналардың негезінде жасалады [2,с.240].

«Концепт» терминін философтарша түсіну лингвистикалық зерттеулерде де орын алды. Мысалы, Е.С.Кубрякова ол туралы былай дейді: «Формирование языковых знаний нерасторжимо связано о всем процессам знакообразования, проходящего разные этапы – от нерасчлененного отражения потока ощущений в сознании до выделения в этом потоке релевантных для его жизнеобеспечения и нормальной жизнедеятельности существей и их репрезентации в виде отдкльных повторяющихся и воспроизводящихся в более устойчивой форме образов, с которыми далее начинают ассоциироваться особые звуковые сигналы. Образы соответствуют смыслу вещей (фрагментов Мира) для человека, редукции полных сведений о вещи и обобщению самых существенных из них. Такие смыслы и становятся, наряду с самими образами, аналогами вещей, квинтэссенцией их сути, оперативными единицами нашего сознания, - концептами» [3,с.315].

А.А.Уфимцева да концептіні сөздің жалпы мағынасына сәйкестендіріп қарайды [4,с.240]. Ал В.В.Колесов болса, концептіні мағынаның «ішкі формасына» (внутренней форме смысла) теңестіреді [5,с.52]. Сонымен, концептіні логика-философиялық тұрғыдан сипаттау сөз мағынасынан келіп шығады. Біздіңше, концепт сөз мағынасы сияқты құбылыс болғанымен, ол тіл білімі мен логиканың зерттеу нысаны болып табылатын логикалық қатынастар мен формалар жүйесінде қарастырылады. Себебі «концепт» ұғымы «адамзат баласының ғалам туралы жинақталған мәдени ұғымдары бейнеленген және ғаламның тілдік бейнесін көрсете алатын атаулар ретінде танылады» [6,с.85]. Бұрынғы лингвистикалық зерттеулерде концептіге «психофизиологиялық табиғаттың шындығы» деген анықтама беріледі С.А.Аскольдов «концепт табиғатын» «жалпы ұғым» және «түсінік» деген екі түрге бөлу арқылы ашуға тырысты. Жалпы ұғым индивидуалды және схемалық ұғымдардан тұрып, концептінің жалпы мағынасын нақты детальдар арқылы аша алады [7,с.271]. Сонда концептінің қызметі – «көп ұғымның ішінде біреуі ғана таңдалып, сол арқылы қорытынды жасалып талданатын нақты ұғымның орнын алмастыру» [8,с.272].

Біз автордың концептілерді лексикалық, фразеологиялық деп бөлуіне үшінші етіп көркем мәтін ішіндегі контекстік концептілер дегенді қосқымыз келеді. Тірек концептінің аясына кіретін контекстік концептілерді шығарма авторы мен кейіпкерлер дүниетанымындағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивтік бірліктер

ретінде қарауды жөн көрдік. Мұндағы мақсатымыз – бір ғана тілдік таңбаның аясына жинақталатын, сол тірек ұғымның концептілік мағынасын ашатын жалпы концептілерді (жеке сөздер, фразеологизмдер, тұрақты теңеулер, авторлық қолданыстар, мәтіндік/контекстік концептілер) зерттеу нысанымыздағы көркем мәтін деңгейінде тауып, сол таңбаның когнитивтік болмыс-бітімін анықтау. Осылайша, автордың әлем туралы түсінігінің ерекшеліктерін тілдік бірліктер арқылы ашатын концептілік талдау жасаймыз.

Көркем мәтіндерге концептілік талдау жасау арқылы біріншіден, мәтін мазмұнын түсінсек, екіншіден, жазушы жасаған әлемнің тілдік бейнесін ұғынып сезіне аламыз. Мұндай талдау оқырман сезіміне тікелей әсер етеді. Себебі, шығармадан алынған концептілердің қай-қайсысын алып қарасаңыз да, ұлт дүниетанымынан, ұлттық болмыстан мағлұмат береді. Шығармадағы әр халықтың дүниені танып-білуі мен сезінуінің өзіндік ерекшеліктері болғандықтан, түрлі ұлт өкілдерінің аялық білімдерінен, ұлттық мәдениеті мен менталитетінің де хабар алуға болады.

«Көшпенділер» трилогиясындағы мынадай концептілер айқындалып табылды: соғыс; қару-жарақ (соғыс техникасы); дұшпан/жау; достық/жолдастық; ерлік/батырлық; махаббат (анаға, елге, сүйген жарға, туған жерге); жеңіліс; жеңіс; жігерлендіру; діл (ұлттық таным, ұлттық тәрбие, ұлттық мәдениет, діл мен дін).

«Соғыс» концептісі мәтін ішінде мынадай контекстерде көрінеді:

Жасақ, қол, сайыпқыран батыр, солдат, жау қолында қалу, жау қоршауында қалу, тұтқында болу, кепілге алу, атты әскер, барлаушы. Мысалы:

Бірақ адамды құдай адастырар алдында ең алдымен ақылынан айырады. Күзтоқсанның ең ақырғы айында Сыбан Раптанның баласы Қалден Цереннің қолы Түркістаннан шығып, Жаңақорғанға беттеді. Бұл жолы оның қарамағында қырық мың атты әскер бар-ды. Өзге әскерін жаулаған жерін иемденуге қалдырған. Бірақ, Жаңақорғанға таяған кезде, бүкіл әскеріне кілт тоқтауға тура келді. Бір күн бұрын алға жіберген қызы Хоча басқарған барлаушы топтан: «Алдымызда қаптаған қазақ әскері келе жатыр» деген хабар жеткен... (9,52б)

- Ал, бастық атқа қамшыны, — деді Сыбан Раптан енді бөтен сөзге келмей, — қараңғы түсе біз де жау шебіне жетуіміз керек!

Бұлардың үстіне Баянауыл мен Көкшетау даласындағы Обаған өзенін жайлаған Уақ руларының жігіттерін ертіп, бұрын да Іле бойында жоңғарлармен сан алысқан, Арқаның ардагері Батыр Баянның өзі де бүгін-ертең жетпек. Бұлар келе бастағаннан кейін, сонау Ертіс бойындағы Қаракерейден өзіне серік жігіттерді жимақ болып, Қабанбай батыр еліне қайтты.

Батыр Баян үш мың салт атты ығай мен сығай ер жігіттерден құрылған жау жүрек қолмен Сыр бойына беттеді.

Ақылымен, ерлігімен емес, байлығымен ер арасындағы тартыста өзін жақтайтын шынжыр балақ шұбар төс шонжарлардың демеуімен көзге түскен

Соғыс концептісіне сай түзілетін тезаурусты былайша көрсетуге болады: шабуыл, қару, қырылу, өліктер, жау, тартыс, ер, айқас, салт атты, жау жүрек, ардагер батыр, жау шебі, жоңғар, алысу, жекпе-жек, шоғырлану, барлаушы, тіл, тыңшы, жау қолы, үзеңгілес серік, аңдысқан жау, үйренген жау атыспаққа жақсы, жаяу әскер, атты әскер, жүйрік ат, қарулы білек, қоршау, қоршау шебі, ажал, ерлік, мың басы, жүз басы, шегіну, қыру, жанжал, азғыру, таққа талас, бұйрық беру, ұрланып келу, өрт салғыш, от тастағыш, қан шығу, пісіп-қатқан барлаушы, барлау, қорғау бекінстері, оқ бораны, оқ жаудыру, оңар бір атыс, өлім алаңы, майдан, майдан алаңы, шабуылға көшу, апатқа ұшырау, талқан болу, қырғын соғыс, садақ оғы бұршақша жауып жатқан алаң, дар ағашы, жаза, өлім жазасы, басын алу, жау қолында қалу, найза төндіру, жанын қия соғысу, итжығыс айқас, қақпаны ашу т.б

Сонымен бірге қару-жарақ (соғыс техникасы) концептісіне байланысты: сойыл-шоқпар, шекпен-шапандары, келте шоқпар, суық семсер, мылтық, оқ дәрілі мылтық,

карабин мылтық, зеңбіректер, садақ, алмас қылыш т.б. жазушының шеберлігін көрсететін мәтіндердегі мысалға кезек берсек:

Сондықтан да қамалдың гасырлар бойы келе жатқан қабырғаларын Шыңғыс хан шабуылы кезінде де тас атқыш машиналар бұза алмай қойған деген лақап бар (9.1166)..

Бірақ оның кірпік қақпай тесірейе қалған шегір көзіне — зәулім сарай еденіне төселген қырмызы қызыл парсы кілемдері де, әшекейлі өрнекті сафьян орындықтар да, қабырғада ілулі тұрған болат аспаптары мен алтын зерлі қылыш, қанжарлары да, бұрыштағы дөңгелек арша үстелінің үстіне шәрбат ішуге қойылған фарфор кеселер де, имек мойын күміс құмыралар да — бірде-бірі көрінбеді.

Бір кездегі атақты Әбілқайыр бабасының лашкерлеріндей, кілең көк темір құрсанған, төгілген жал, құлаш құйрық жүйрік мінген елу мың әскер лек-лек боп, бекіністі қоршай сапқа тұра бастады. Шаһардың сол жағында ақ боз, қара көк сәйгүлік мінген, бастарындағы болат дулығалары шығып келе жатқан күнмен шағылысқан Ұбайдулла сұлтанның жауынгерлері.

Белдерінде кілең қорасан болатынан соғылған Бұхардың ұзын қисық қылышы. Иықтарында ұзын мойын білтелі бұқар мылтығы.

Үстеріндегі болат сауыттары күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. Жалаңаш қылыштарын бастарына көтере ұстаған. Қорасан құрышының жүзінде күн сәулесі емес, ажалдың суық ызғары ойнағандай. Ең алдында өн бойы күміс шынжырлы сауытпен жабылған есік пен төрдей ақ боз ақалтеке арғымақ мінген, қырықтарға жаңа жеткен, сұлу мұртты, тұлғалы адам келе жатыр, Өзгелерден бұның құр ғана айбарлы пішіні, атқа тәкаппар отырысы, асыл қару-жарағы ғана емес, тағы да бір айырмасы бар.

Екі батыр ең алғашқы кездескен беттерінде-ақ садақ тартысып, найза салысқан. Садақтарының жебелері шынжыр сауыттарын бұзып өте алмады. Ал найзаларының сүмбіл ұштары болат қалқандарына шақ-шұқ тиіп, тез-ақ майысып, істен шығып қалды.

«Көшпенділер» трилогиясының мәтінен қару-жарақ (соғыс техникасы) концептісіне сай түзілетін тезаурусты былайша көрсетуге болады:

мылтық, наган, ұңғы, оқ-дәрі, арандай оқ, мушкет, оқ-дәрі, шүршіт зеңбірегі, зеңбірек, садақ, найза, жебе, шынжыр сауыт, күміс сауыт, найза, сүмбіл ұшы, болат қалқан, шоқпар, тас атқыш, «Қара бура»қазаны, майлы от-дәрі, қайың садағы, болат сауыт, Бұхардық ұзын, қисық қылышы, бұзаубас шоқпар, болат дулығы, ту, қыл байлаған ту, тас атқыш машиналар, алтын зерлі қылыш, қанжар, арқан, баспалдақ, қираған қару, зеңбірек үні, қоңыздай қаптап келу, қол диірменнің тасындай кесек дәрі, соғыс құралдары, шолақ найза, мылтықтың дүмі, оқ тиген қасқырдай ышқыну, саршаянның баурындай, «көк қаршыға», отқа салған істіктей, «Хан лашкерлері» тұтқын алуды білмейтін, жауласқан елін кәрі-жасына қарамай тып-типыл етіп қайтуға құмар, үстеріне сауыттарын киіп, қамыс құлақ, бөкен сан, жал-құйрығы жерге төгілген тұлпарларын ойнатып, өзгелерден сытылып шыға берді, Қамбар батыр құдыққа құлаған нар түйені қос өркешінен ұстап суырып алатын алып күш...

Бұл – бойына бес қаруын асынып, ат жалын тартып мінген кез келген азаматқа қағаз жүзінде жазылмаған, тек намысқа негізделген жауынгерлік дала заңы, қалыптасқан ұлттық таным. Сенімді тілдік дерекпен дәйектелген бұл пікірден біз батырлық ұғымының ежелгілігін, оның бастауының мифтік таныммен байланыстылығын байқаймыз.

«Көшпенділер» трилогиясынан не түрлі жаугершілік заманды басынан кешірген, табиғаттың қаталдығынан талай зардап шеккен байырғы қазақ халқы өзінің ұлттық рухани құндылығын толық сақтап қалғанын көреміз. Соның ең негізгілерінің бірі – ерлікті ұлтқа тән асыл қасиет деп біліп, ұлттық тәрбиесінің негізгі арқауының бірі қылғаны.

I.Есенберлиннің трилогиясындағы қызыл оттай қызулы, қылыштай өткір, селдей серпінді сөздері оқырман көңіліне жел береді. Батырлар ерлігін оқыған адам оның рухымен тұтасып, терең тебіреніп, ел мен жер сияқты қастерлі ұғымдарды ерекше сезініп,

күреске, ерлікке рухтанады. Себебі, қазақтың батырлар жырындағы да, басқа да көркем әдебиет түрлерінде (тарихи жырлар т.б.) батырлар турасындағы әңгіме – халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рух турасындағы әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған.

Осыған сәйкес І.Есенберлин де «ерлік», «батырлық» ұғымдарын халықтық рухтан, халықтық санадан, халықтық мұрат-мүддеден туған аса маңызды қасиеттері, қазақ жұртының өзіндік елдік, ерлік жолының көркем баяны деп санайды.

Халқымыздың мәдени мұрасына, рухани қазынасына өшпес үлес қосқан І.Есенберлиннің көркем тілі сомдаған «Көшпенділерінің» басты кейіпкерлері қазақ хандары, ел билеушілері, әрбір ісі, сөзі, ой-пікірі, ел билеудегі тәсілі, кемшілігі мен ерекшелігі, ой-толғамы, сүйіспеншілігі, адами болмысының лебі есіп тұратын ұлттық мінезі мен танымынан көреміз.

Заңғар жазушының өзінің көркем шығармашылығында ерлік, батырлық, тақырыбын осындай ұлттық желіден үзбей бейнелеп көрсетуі ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы өзіндік ерекше орны бар сөз зергері, тілдік тұлғаның ұлттық таным мен тілдік санасы негізінде іске асқан. Мұны біз, ең алдымен жазушының шығармашылық, көркемдік арқау ретіндегі ұлттық мәдениеттің мәні туралы өз пікірлері арқылы бағамдаймыз.

Яғни шығармадағы батырлардың басынан кешетін қиыншылықтары мен жасаған ерліктері қазақ халқының басынан кешкен тарихи жағдайлармен, әрбір тарихи кезеңдегі ерліктерімен сабақтасады. Себебі, «ұлан-байтақ кең жерді жайлаған, сондықтан әр кезде ұйқысы сергек, құлағы түрік болуға тиісті ел ұл-қызын, елінің бостандығын, туған жерін аямай қорғау рухында тәрбиеленген.

Демек, өз тілдік байлығымыздан ұлттық тәрбиеміз бен мәдениетімізде ұрпақты ерлік пен намыс рухында тәрбиелеуге ерекше мән берілгенін көреміз. Оның көрінісі ұлттық рухани мәдениетіміздің қайнар бұлағы болып саналатын көнетүркілік жазбалар мен эпостардан бастап, елдің тарихы, мәдениетін суреттейтін туындыларда көркем тілмен өріліп бейнеленіп отырған.

Біз талдап отырған еңбекте ерлік, батырлық– қазақтың азаматтық және жауынгерлік санасында ғасырлар бойы қалыптасқан ұғымдар екендігі иланымды көрсетілген.

Адам баласы дайын күйінде іштен батыр болып туа салмаса керек. Бірақ ана сүтімен бірге дарыған, әке тумысынан ауысқан, ата әулеті мен нағашы жұртынан тұқым қуалап келген жақсы қасиеттер баланың атпал азамат болып ер жетуіне септігін тигізетіні сөзсіз. Ол үшін жүрегінен от ұшқындаған жасөспірімнің алдында оның жан дүниесін арбаған бір жақсы өнеге боуы шарт.

Сайып келгенде, ерліктің өмірге келуі, қаһармандық мінездің көрінуі адамның алдына қойған биік мақсатымен байланысты. Ерлік пен қаһармандықтың ел тағдыры таразыға түскен қиын-қыстау шақта тууы да жайдан-жай емес. Бұл – азаматтық борыш пен елін, жерін сүйетін сезімнің айқынырақ көрінетін тұсы.

Достық (жолдастық) концептісі. Мәтін деңгейіндегі достық, жолдастыққа қатысты тоқталып өтсек, автор оларды былайша суреттейді: *Құлап бара жатқанында құлағына жеткені ат дүбірлері мен «Ақжол! Ақжол!» деген айқай ғана еді. Ар жағында не болғанын өзі де білмеді... -Қарағым, батыр Саян, ер шекіспей бекіспейді. Сен екеуіміз шекістік. Айып менен, - деді. — Егер сен кешірсең, арамызда болған оқиғаны мен кешірдім.*

— *Мен де кешірдім, - деді батыр Саян күлімсіреп бірінші боп қол беріп...* (39,164-6566.).

Ел басына күн туғанда егескен батырлар жеке бас араздығын ұмытып, бір мұратқа қызмет еткен.Қобыланды мен Сат батыр арасындағы жанжал да достыққа ұласқан.

Осы мәтіндерден байқайтынымыз, автор батырлар арасындағы қарым-қатынасты мүмкіндігінше тереңірек танытуға барлық күш-жігерін жұмсаған. Әр кейіпкердің сын сағаттардағы іс-әрекетін, ішкі психологиялық күйлерін дәл сипаттайды. Жаумен бетпе-бет келетін сайып қыран батырлар, жауынгерлер – бірінің қасиетін бірі бағалап, бірінен-бірі үлгі алып, керек кезінде ажалдан арашалап қалған, соғыс даласында достасқандар.

Жігерлендіру концептісі. «Жігерлендіру» концептісі – контексте былайша көрінеді:

Кесте 2 – 2012-2019 жылдардағы саяси мемлекеттік қызметшілердің жастық категориясындағы үлес салмағы

Жасы/ жылы	Жастық топтардың үлес салмағы %							
	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
30 жасқа дейін	2,2	2,2	2,3	2,2	2,2	2,0	2,5	2,9
30-40 жас аралығы	13,3	13,8	14,2	14,8	15,9	16,0	16,9	17,4
40-50 жас аралығы	42,7	42,2	42,2	39,7	37,4	33,8	31,5	30,5
50 жастан жоғары	41,8	41,8	41,3	43,3	44,5	44	49,8	49,1
Ескерту – [5] әдебиет								

Ал әкімшілік мемлекеттік қызметшілер үшін – 16,8-ден 12,5 пайызға азайған (3-кесте).

Кесте 3 - 2012-2019 жылдардағы саяси мемлекеттік қызметшілердің жастық категориясындағы үлес салмағы

Жасы/ жылы	Жастық топтардың үлес салмағы %							
	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
30 жасқа дейін	31	30,5	29,8	30,2	30,3	30	25,6	25,4
30-40 жас аралығы	24,4	24,9	25,6	25,7	26,6	27	29,7	30,4
40-50 жас аралығы	39,9	26,4	26	25,5	24,3	25	23,2	21,9
50 жастан жоғары	14,7	18,2	18,6	18,6	18,8	18	21,7	22,2

Бұл мемлекеттік қызметтің жоғары категорияларына тағайындауда ішкі іріктеу сызбасы арқылы жүзеге асырылатынын көруге болады. Алғашқы екі жас ерекшеліктерінің әкімшілік мемлекеттік қызметтегі үлес салмағының жоғары болуын түсіндіру әбден мүмкін. Әсіресе, психологияда 30 жасқа дейін тұла өз-өзін кәсіби индентификациялап, кәсіби өсудің жаңа мүмкіндіктері мен лауазымдық өсулерден өту процесінен өтеді деп санайды.

Республикадағы мемлекеттік қызметтің жастық құрылымыны талдауы барынша оптимисттік көзқараста. Мемлекеттік қызметтің саяси мемлекеттік қызметінде кәсіби және өмірлік тәжірибесі бар адамдар болса, эксперттер мен мамандар позициясындағы мемлекеттік қызметте жас толқындар қызмет етуі толық баланстық құрамды құрап отыр.

Осылайша, мемлекеттік қызметтегі кадрлар құрамына талдау келесі қорытындыларды жасайды:

1) Мемлекеттік органдарға штаттық санды жинақтай алмау сипаты тән. 2019 жылы республикада 3,2% саяси орын қамтылмаса, әкімшілік мемлекеттік қызметте 7,8% бос орын болып қала берді. Бос орындарды қамтымау жоғарыда атап көрсеткендей бос орындар есебінен жасанды үнемділікті құруда айтады;

2) Мемлекеттік қызметшілердің халықтың жалпы санынан үлес салмағы 0,5% құрайды, ал жұмыспен қамтылғандары арасында 1%, бұл шет елдерінің аналогтық көрсеткіштерінен әлде қайда аз деңгей. Дегенмен, бүгінде әлемдік тәжірибеде мемлекеттік қызметшілердің штаттық санының есебі мен нормалары әмбебап әдісер арқылы, яғни мемлекеттік аппарат минималдық функцияларға дейін оңтайландырылған;

3) Мемлекеттік қызметтің кадрлық басқару саласында тұрақты формалды емес «норма» саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметте әйелдер өкілдерінің қалыптасуы, осы арқылы мемлекеттік қызметтің қарлық саясатында әйелдердің басқару әлеуетін қолдау мен дамыту мақсатында қажеттіліктердің ауысу алғышарттары орын алды;

4) Мемлекеттік қызметтің жастық құрамы жақсы балансталған, бұл мемлекеттік қызметтегі қабылдауларды дамытуға, сонымен бірге мансаптық өсуде тәжірибемен ұштастыруға зор мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасы Президенті-Ұлт басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан.-2012,15 желтоқсан.-Б.2-3.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі №339 «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың территориялық органдар мен оларға ведомствалық мемлекеттік мекемелері санын есепке ала отырып штат саны лимиттерін бекуті туралы» (2014 жылғы 21 мамырдағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) <http://www.online.zakon.kz>

3. Билимбаева А. Эффективность деятельности местных исполнительных органов – залог успешной реализации государственной политики [Электронный ресурс]//ЭФИ.2013.№3(31). Режим доступа: <http://www.bagalau.kz/ru>

4. Система государственной службы Республики Казахстан: перспективы дальнейшего развития [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.kyzmet.gov.kz/kzm>

5. Государственная служба: состояние проблемы и перспективы. – Нур-Султан, 2019. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.kyzmet.gov.kz/kzm>.

ЖЫЛҚЫ ТҮСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Жүнісбай А.Е., Г.Б.Мамаева

Халқымыз ежелгі дәуірден жылқыны түріне, түсіне қарап түгендеген. Бір табын жылқыны санамастан айтып беретін атбегілер болған. Қазақ тілінің сөздік қорында тіл байлығымыздың бір көрінісі болатын жылқы түстеріне байланысты сөздер өте көп. «Түркілерде Шығыс көк (*көгілдір және жасыл*), Оңтүстік *қызыл*, Батыс *ақ*, Солтүстік *қара* түспен белгіленген. Күлтегінің мінген аттарының түстерінің Шығысқа жасаған сапарларында *торы* мен *құла*, оңтүстікке жасаған сапарларында *қызыл*, Батысқа жасаған сапарларында *ақ*, Солтүстікке жасаған сапарларында *қаракөк* түсінде болуы бізге бұл жылқы түстерінің оның дұшпанына қарсы сапарының бағытын да білдіреді. Бір жағынан ғұн императоры Метенің де әскер жүйесін жылқылардың түстеріне қарай құрғандығы белгілі болған. Мете Қытай әскерлерін қоршап алғанда «Шығысқа *шұбар*, оңтүстікке *торы*, батысқа *қаракөк* жылқыларды орналастырған. Бұны түркілердің қолданған соғыс техникасы деуге болады» [1, 42].

«Диуани лұғат ат түрkte» жылқының сыртқы түріне, түсіне қатысты атаулар мынадай сипатта берілген: *ала ат*, *түкүз ат (төбел ат)*, *аақ ат (ақбоз ат)*, *боймал ат (ала мойын ат)*, *бұл ат (ала аяқ ат)*, *йалғы ат (ақ жал ат)*, *йағыз ат (қарагер ат)*, *ой ат (торы ат)*, *ор ат (жирен ат)*, *тезүклік (қасқа ат)*, *тыш ат (қасқа ат)*, *тығ ат (қоңыр ат)*, *торығ (торы ат)*, *том-торуг (нағыз торы ат)*, *уғар ат (қасқа ат)*, *чындан ат (сары ат)*, *чілгу ат (құла ат)*, *қашқа ат (қасқа ат)*, *қыз гул ат (көк теңбіл ат)*, *қыр ат (құла ат)*, *құла ат (құла ат)*» [2, 35].

Боз түсті жылқыларды қадірлеу әртүрлі әдет-ғұрыптарға, жөн-жораларға қатысты. Боз биенің сүтіне шомылса, адам бойындағы ауру-сырқау, қайғы-қасірет кетеді деп ырым қылады. Сондай-ақ, ел, жер тағдыры сынға түскен шешуші ұрыстар алдында *ақбоз ат* сойып, әскерге ақ жол тілеген. 1726 жылы үш жүздің басы бірігіп, Әбілқайырды бас қолбасшы сайлап, жоңғарға қарсы шыққанда осындай рәсім орындалған [3, 216].

Жеңістің хабарын білдіру үшін *ақбоз* атты жаушы, жеңілісті білдіруге *баран* атты (қара атты) жаушы жіберілген. Сонымен қатар *ақбоз* атты құрбандыққа шалу: көптен келмеген туыс-жегжаты келгенде, жаугершілікте жоғалып кеткен тумасы табылғанда, табындағы мал өліп, жылқы шығынға ұшырап, тоқтамай қойғанда, жеті атадан соң қыз алысқанда, хан сайлағанда, Наурыз той басталарда орындалады.

Н.Төрехұловтың «Ақбоз ат» деген шығармасында халық қаһарманы Б.Момышұлы *ақбоз атты* қалайтындығын: «Жылқының *ақбозын* халық қасиетті деп санайды. Біздің елдің батагөй қариясы да, ел қорғайтын батыры да *ақбоз* айғыр мінген. Егер сол аттың иесі шейт болса, оның асына *ақбоз* атын шалатын болған. Бұл ертеден келе жатқан дәстүр, түсінесің бе?..» – дегені *ақбоз* түстің қадір-қасиетін көрсетіп тұрғандай [3, 163].

Бұрын хандар, бекзадалар, ауқатты бай адамдар, бақсылар, сал-серілер астындағы атының түсімен бірдей киім тіккізіп киген. Абылай хан 5 *Алшаңбозына* мінгенде, ақ киім киіп шыққан. Ә.Марғұлан «Жиреншенің аты *жирен түсті* ат мініп, жирен түсті киім кигеніне байланысты шыққан» деп түсіндіреді [4, 219].

Төрт түлік малын түстеп танымаған, тіпті қора-қора қойын түр-түсіне қарап ажыратпаған малшы қазақ ертеректе сирек кездескен. Әсіресе жылқы малын түр-түсіне қарап саралап, әр түсті атауына сай тап басып танып, оны таратуға келгенде қазақтар алдына жан салмаған. Осылайша өмір талабынан туып, ғасырлар бойы қалыптасып, дәстүрге айналған төрт түлік мал түр-түсінің сан алуан атаулары бүгінде тіл байлығынан ерекше орын алады.

Тарихи мәліметтерге қарағанда, қыпшақ қоғамында әрбір ру-тайпаның жылқылары өзінің түр-түсімен ерекшеленеді. Кейде белгілі бір тайпаның атауы жылқысының түсі бойынша анықталған. Бұл жағынан батыс қыпшақ бірлестігінің құрамына енетін бір

тайпаның «*қулабаоглы*» (*құла жылқылы*) аталуы, сондай-ақ, Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи кесенесінде тайқазанды жағалай «он сан Алаштың» ұшына он түрлі жылқы қылынан шашақтар тағылған он туы ілінгені назар аудартады. Тулардың түстері: *қаракөк, шұбар, торы, күрең, құла, кері, боз, бұрыл, жирен, шабдар*.

Ен-таңбасыз тай мен тайлақ, қой мен қозылы мал баққан ата-бабаларымыз өз малын меншіктеп, иелік ету үшін оларды түсі-түгіне қарап, танып, айыруды ерекше дамытқан. Сонымен қатар жылқы малына ат қоярда оның түр-түсіне ерекше мән берген. Қамбар батырдың *Қарақасқасы*, Қобыландының *Тайбурылы*, Алпамыстың *Байшұбары*, Тарғынның *Бозтарланы*, Ақан серінің *Құлагері*, Балуан Шолақтың *Ақбозаты*, Жәңгір ханның *Ақмоншағы*, Абылайдың *Алиаңбозы*, Райымбек батырдың *Көкойнағы*, Төлегеннің *Бозжорғасы*, Толыбайдың *Шымқарасы* осы сөзімізге дәлел. Өз зерттеулерінде 250-дей жылқы түсіне қатысты атаулардың көпшілігі ақ түске (26-сы) байланысты екендігін (*Ақжал, Аққұйрық, Дәуақ, Ақшан, Аққұлақ, Ақбоз, Ақсұр* т.б.) зерттеуші Т.В.Линко атап көрсетеді [6].

XIX ғасырдың аяғында Торғай обылысының мал дәрігерлері болып жасаған М.Преображенский, А.Добромыслов қазақтың жылқы түстеріне байланысты сөздердің көп болғандығы сонша, оларды орыс, еуропа тілдеріне аудару мүмкін еместігін айтып, арнайы зерттеудің қажеттілігін сөз еткен. Мысалы: *жирен байтал, қасқа құлын, торы бие* т.б. әр жылқының тек өзіне тән түр-түсімен таныған. Жылқы малын таза *ақ, қара, сары* деп атау өте сирек кездеседі, мұның себебі, жылқы түстерінің өте күрделі болуы, көптеген түстердің араласып кетуінен болса керек, сондықтан қазақта түстеудің белгілі бір жүйесі және терминологиясы қалыптасқан.

Қазақ халқының жылқы түстеуінің алуан түрлілігіне орыс зерттелушілері де өткен ғасырда орыс көңіл аударған: «Қазақ жылқыларының түстері сан алуан: көбірек кездесетіндері: *торы* (гнедая), *жирен* (рыжая), *құла* (саврасая), *күрең* (бурая), *қызылкөк* (серая), *бұрыл* (чалая), *қара* (карая), *шабдар* (игренивая), *кер* (мухортая), *құлагер* (буланная), *ала* (пегая), сирек кездесетіндері *ақсары* (соловая), *сұр* (голубая), *шұбар* (чубарая).

Таза жылқылар (*қоңыр-қара, мақпал-қара*), *боз* (чисто сивые), *ақ денеде үлкен ноқаттар* (қара шұбар) (чубарые), *таза шымқай торылар* (тобылғы торы) (темно-гнедой) өте сирек кездеседі және қымбат бағаланады.

Қазіргі таңда қазақ әдебиетінде, оның ішінде баспасөзде жиі кездесетін халқымыздың ең жақсы көретін түсі *ақбоз* деп дәріптеліп жүр. Шын мәнінде, халқымыздың *боз* түсті ардақтауы мүлдем басқаша екенін, ал қазақтың жылқы түлігіндегі жақсы көрген түсі *қаракөк* болғанын қазақ халқының жылқы шаруашылығын зерттеуші А.Тоқтабаев ел арасынан жинаған материалдарымен дәлелдейді [3, 214].

А.Тоқтабаевтың этнографиялық тұрғыдан жүргізілген зерттеу еңбегінде жылқы түсіне қатысты 200-ге жуық атауларды 8 топқа бөліп көрсеткен.

Қазақтың мал шаруашылығын зерттеуші Х.Арғынбаевтың еңбектерінен жылқы түсін беретін атаулардың үш тобын кездестіресіз: *қылаң, баран, ала*.

Қылаңға: *ақ боз, бұрыл, көк бұрыл, теңбіл, құбақан, сары, құла, құла жирен, шабдар, көк, сұр, құла кер, нар қызыл, қызыл, сары қызыл түстерді,*

баранға: *торы, қара, қара көк, қара сұр, қоңыр, жирен, күрең* түстерді, ал **алаға:** *сары ала, сұр ала, көк ала, кер ала, қара ала, қоңыр ала, күрең ала, шұбар* жатады [5, 90].

Белгілі этнолог Ж.Бабалықұлы жылқы түстерінің бір мыңға жақын болатынын анықтаған. «Қазақ халқы бүкіл өң-түсті *қылаң, баран* деп екі текті 3 топқа жіктейді.

Қылаң дегені – *ақ, боз, ақ боз, шаңқан, шаңқан боз, тарлан, ақ тарлан*, т. б.

Баран дегені – *қара, қоңыр, көк, жасыл, қызыл, күрең, жирен, торы, сұр, күлгін, құла, шабдар, сары*, т.с.с.

Халқымыздың *баранға* жіктеген өң-түстері табиғаттағы кемпірқосақ түсі негізінде аталған деуге болады», – деп жылқы малына тән түстерді атап көрсетеді [6].

Жылқы малының түр-түсіне қатысты атауларды топтастыра беруде жоғарыда аты аталған этнолог **Ж.Бабалықұлының** еңбегі өзгелерден айрықша. Себебі автор түр-түстерді мейлінше жан-жақты қарастырып, жүйелеп берген.

Ата-бабаларымыз малдағы ала түсті: *сауысқан ала, ит ала* деп екі топқа жіктейді. Өзгермейтін, құбылмайтын, бір тал түк немесе қылын қисайтпайтын, табиғи түсін, үлгі, көлем қалпын бұзбайтын ала жылқыны – **сауысқан ала**, табиғи үлгі, пішін, қалып сақтамайтын, денеде белгілі бір тұрақты орны жоқ, бірде үлкен, бірде кіші, қыңыр-қисық, тұрақсыз өң-түсті атты – **ит ала** деп атаған. Шын мәнінде, жылқы жануардың түсі «*ит алаға*» жақын. Себебі меңсіз, қалсыз, дақсыз, жылқы кемде-кем кезігеді.

Қазақтың жылқыға байланысты шыққан наным-сенімдерінің ішінде жылқы малының түсіне байланысты жора-жосықтары өз алдына бір сала десе болады. Түркі-моңғол көшпенділерінің «жылқы ғұрпын» зерттеген Л.П.Потапов жылқы түсінің салт-дәстүрдегі мәнінің айрықша екендігіне тоқталады [7, 24].

Қазақ халқының түсінігінде бұрын жылқының қай түсі жақсы болып саналғандығын ұлтымыздың салт-дәстүрлерінен, наным-сенімдерінен байқауға болады. Т.Әлішеровтің айтуынша, қазақ аттың *торы, күрең* түстісін жоғары бағалаған. Мұндай ат әрі көрікті, әрі төзімді болады. Егер шаты, құйрығы, шоқтығы қара болса, оның да жақсы ат болғаны. Қабағы, жалқұйрығы, шаты, көздері мен еріндері қара болса, *жирен* және *құла ат* та жақсы болады. *Бұрыл ат* та осындай. Қара жылқының кейде қызыл және шегір көзділері болады, олар шәлкес мінезді келеді. *Көк* жылқының тәуірі сирек кездеседі, ал көзінің арт жағы, құйрығы бозғыл, арқасында қара 4 жолағы бар *сұр* жылқы да жақсы болады. *Ала* жылқыны ешкім де мақтамайды, оның арасынан жақсы ат көп шықпайды [4,48].

Тәжірибелі жылқышылар мен бапкерлер *боз* түстінің *баран* түстіден әлсіз болатынын айтады. «*Қаракөк* не жүйрікті алам, не берікті алам» деген мәтелден берік аттардың *қаракөк* түстен шығатынын байқаймыз. Мұнан кейінгі қазақтардың жақсы көретіні – *шұбар* түсті жылқы. Атбегілердің айтуынша, *шұбардың* тұқымы өте аз, бірақ айрықша сүйкімді келеді.

Қорыта келгенде, қазақ халқының тарихында жылқы малына байланысты атаулар қызықты әрі өзекті мәселелердің бірі. Тілімізде жылқы малынына қатысты қолданылатын сөздердің басым бөлігі түр-түсіне байланысты болғандықтан сын есімдердің де жазылуы бүгінгі күнде бірізді емес. Мұндай сын есімдер кейде бөлек,көп жағдайда бірігіп жазылып жүргені баршамызға мәлім. Жылқы түстеріне байланысты сөздерді жинақтау инемен құдық қазғандай, әуелі негізгі түстерді реттеп алып, енді оған басқа бір сөзді қосып отыру, зерттеушіні алға жетелей түседі. Түстер мен реңдерді зерттеу – жылқы туралы мәселелердің ішіндегі ең қиыны, бірақ ең қызықтысы.

Пайдалынлағн әдебиеттер тізімі:

1. Шынар А. Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі (ауд. Кенан Коч). – Шымкент: Әлия, 2001. – 135 б.
2. Бейсенова М.С. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.06. – Алматы, 1997, – 170 б.
3. 4. Ер қанаты (құрастырған Ж. Аупбаев). – Алматы: Қайнар, 1987. – 328 б.
4. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
5. 7. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым, 1969. – 172 б.
6. 9. Бабалықұлы Ж. Жылқының түсі // Егемен Қазақстан, 2005, 25 мамыр.
7. 8. Потапов Л.П. Мифы алтае-саянских народов как исторический источник//Вопросы археологии и этнографии Горного Алтая. – Горно Алтайск, 1983. – С. 22-27.

ОҢТҮСТІК ТҮГІСКЕН ЖӘНЕ ҰЙҒАРАҚ ҚОРЫМДАРЫ:ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖІКТЕЛУІ

Жүсіпназар М., Тәжекеев Ә.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мелекеттік Университеті

Түгіскен және Ұйғарақ обалары-ертедегі темір дәуірінде Шығыс Арал өңірінің аумағы мен Оңтүстік Қазақстанның оған шектес аудандарын массагет-сақтардың құрамына кіретін этникалық топтар мекендеген. Олардың сол кездегі мәдениетінің ескерткіштері Сырдарияның төменгі бойындағы Ұйғарақ және Түгіскен қыраттарында орналасқан обалы қорымдар болып табылады. Түгіскен қорымы екі дәуірдің ескерткіштерінен тұрады. Ең алдымен бұл- Солтүстік Түгіскен, б.з.б IX-VIII ғасырлардағы қорымдар.

Сақтардың обалы қорымы Оңтүстік Түгіскен де осында Түгіскен үстіртінде орналасқан. Ол өз кезегінде екі кешенге бөлінеді, олардың біріншісі 9, екіншісі 27 обадан тұрады. Оңтүстік Түгіскеннің барлық сақ обалары б.з.б VII-V ғасырларда тұрғызылған. Ұйғарақтағы сол заманның 80 обасы үш топқа: Шығыс, Орталық және Батыс топтарға шоғырланған. Олардан 70 оба қазылған. Оңтүстік Түгіскен қорымы екі кешенге бөлінеді. Олардың біріншісі 12 обадан, екіншісі 29 обадан тұрады.

Солтүстік Түгіскен Некрополында тоғыз оба орналасқан. Ұйғарақ қорымының обалары б.з.б VII- VI ғасырлармен мерзімделеді. Б.з.б V ғасыр обалары бірен- саран ғана, олар үш топта шоғырланған – Шығыс (30 шақты) , Орталық (27) және Батыс (21). Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ қабірлерінде жерлеу ежелгі жер бетінен қазылған топырақ шұңқырларға мүрдені қою (жерлеу) ғұрпы бойынша атқарылды, алайда мүрдені өртеу салты да кездеседі. Барлық жағдайда үстіне оба тұрғызылған. Обалардың сақталған биіктігі 0,3-2 м, диаметрі 10-40м шамасында. Мүрденің жерленуіне қарағанда қайтыс болған адамды шалқасынан қамыс төсенішке жатқызған, басын батысқа немесе оңтүстік - батысқа қаратып, бұтақтармен және қамыспен өрілген жеңіл ағаш каркас құрылыс ішіне қойған. Құрылыс іздері шіріп кеткен не болмаса жанып кеткен дөңгелек бағана шұңқырлары түрінде сақталған. Жерлеу құрылысының айналасы шыбық- шөпшектермен және қамыс қабатымен жабылған. Жоспары бойынша бұл құрылыстар дөңгелек, сопақша келген, тікбұрыштылары сирек кездеседі. Баған шұңқырларының шеңбері бір қатар, алайда оның ішіне шаршы бұрышында төрт бағанадан тұрғызылған камера секілді құрылыс жасалған. Кейде шеңбер екі бағаналар қатарынан да тұрды.

Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ обаларындағы жерлеу ірі тікбұрышты топырақ қабірлерінде жүзеге асырылған. Қабірдің бұрыштарында тіреу орындары сияқты кішкене шұңқырлар жиі кездеседі. Кейбір қабірлерді лақаттың түбінен қабырғаны жағалай арықша қазылған да, өлік «жер үстел» үстінде жатқандай болып көрінеді. Қабір бұрыштарындағы шұңқырлар сияқты мұндай «үстелдер» - Солтүстік Түгіскендегі кесенелерінен дәстүрге айналған белгілі жерлеу ғұрпының жергілікті тәсілдері. Түгіскенде жерден қазылған шұңқырларға жерленетін обалардың тағы бір өзгеше тобы бар. Құрылыстардың бұл нұсқасы ортасында беті, ағаш бөренелермен жабылған жер шұңқыр бар, жан-жағы айнала қоршалған топырақ дуалдан тұрады. Дуалдың топырағы айналасындағы белдеулей қазылған орлардан алынған. Бұдан басқа топырақ дуалды қоршаған ор жанғыш материалдармен (шөпшекпен) толтырылған.

Сонымен қатар, Ұйғарақта жер қабірлердің Түгіскенде жоқ түрі бар. Бұлар, негізінен, бұрыштары дөңгеленіп келеген тікбұрышты тар молалар. Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ қабірлерінің көпшілігі, өкінішке орай тоналған. Әдетте, барлық тоналған қабірлердегі құйымшақ сүйектері сол күйінде, ешкім тиіспеген қалпында сақталған, қаңқаның басқа бөліктері мен бас сүйектерін тонаушылар шашып немесе лақтырып кеткен. Бұл мейлінше құнды заттар басқа, кеудеге және қол, а тағылған деп топшылау

жасауға мүмкіндік береді. Сірә, мүрдені молаға киімімен және бас киімімен жерлеген, олар ұсақ моншақтармен және алтын қапсырмалармен әшекейленген.

Түгіскен қорымындағы № 54 обадан (Б.з.б V ғ) алтын қаңылтыршадан жасалып, аппликация түрінде белбеуге тағылған өрнекті жапсырмалар алынған. Көптеген қабірлерден халцедон, сердолик т.б тас жыныстарынан дайындалған моншақтар кездескен. Ұйғарақтағы әйел адам қабірлерінен білезік, ер адамдар моласынан сырға табылған. Қоладан және темірден жасалған пышақтар ер адамның да, әйел адамның да аяқ жағынан алынған. Сірә, жылқының жерленуін көрсетуі тиіс болған ат жүгендері жүзден астам қабірлерден кездескен, олардың көпшілігі ер адам мен әйелдердің аяқ тұсынан алынған. Керамика әйелдердің және ер адамдардың қабірлерінен ұшырасқанымен барлығында жоқ. Әдетте ол жаспырылған бір ыдыс, кейде оның саны екеуге дейін жеткен. Тәртіп бойынша олар мүрденің аяқ жағында тұрған.

Ер адамдардың қабір құрал саймандарында қару-жарақ маңызды орын алады. Олар: қола жебе ұштары (кейде жебе ұштарының шоғыры кездеседі, олар қорамсаққа салынса керек), қайрақтас пен бірге болатын қоладан және темірден жасалған қанжарлар, ұзын темір семсерлер. Бір рет бейметалл күрзі ұшырасқан. Әйел адамдардың қабірлерінде жиі кездесетін құрал-саймандар: диск тәріздес қола айна, тас алтарь, жалпақ етіп өңделген сүйек (бояу езуге арналған), шаруашылық заттар (дәнүккіш, ұршықбас т.б).



Түгіскен жіне Ұйғарақ обалары

Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ кешендерінен сақ әлемінің оңтүстік орта Азиялық және алдыңғы Азиялық елдермен байланыс жасағаны (бейнелеу өнерінде арыстан мен қабылан, шеттен әкелінген ыдыстар, моншақтар) нақты көрініс табады. Шығыс Арал маңындағы ерте сақ ескерткіштерінен табылған олжалар кейбір бейнелердің алдыңғы Азиялық екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар іргелес аймақтарға тән бірқатар олжалар да анықталып отыр.

Бірқатар ғалымдардың пікірінше б.з.б II ғасырдың ортасында сақ әскери бірлестігі тайпаларының біразы Арал маңынан кетіп сонау шалғайдағы Бактрия мен Үндістанға жасалған жаулап алу жорықтарына қатысқан Қазақстан ежелгі мекендеушілерден қалған ескерткіштер , мұнда шаруашылық және әлеуметтік дамудың біркелкі болмағанын , бұл ұланғайыр территорияның бірқатар региондарында әсіресе оңтүстігімен оңтүстік шығысында алғашқы қауымдық құрылыстың және жазба деректемелерге қарағанда, тайпалық ұйымның күшті қалыптары мен сарқыншақтары бар әуелгі таптық

катынастардың қалыптаса бастағанын көрсетеді.Түтікше шүмегі бар ыдыс та орта Азиялық түр болып табылады. Шүмегі түтікше ыдыстар Түгіскен мен Ұйғарақтағы б.з.б ғасырдағы қабірлерден табылды, Қазақстан аумағындағы басқа сақ кешендерінде олар ұшыраспады. Сонымен бірге оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ та бір не екі тұтқасы бар жапсырма сапты аяқтар, ернеуі ішіне қарай ішіне қарай аздап емеурілген, бүйірі шығыңқы тостағандар кездесті.Ыдыстардың бұл түрлері Еділ бойы мен Оңтүстік Жайық Өңірінің савроматтар дүниесінде, сондай ақ Қазақстанның ертедегі көшпелілердің жерлеу орындарында жақсы белгілі.

Сонымен, Б.з.б V ғасыр обаларына тән нәрселер: лақаттардың бұрыштарындағы шұңқырлардың сақталуы, аз болғанымен жерден қазылған қабірлер мен жер үстіне салынған жерлеу құрылыстарының қатар қолданылуы, оттың жерлеу салтындағы елеулі рөл атқаруы. Бұлай деуімізге 1957-1963 жылдар аралығында С.П.Толстовтың жетекшілігімен Хорезм археологиялық- этнографиялық экспедициясының (ХАЭЭ) Іңкәрдария маршрутының барлау отряды Сырдарияның Оңтүстік шеткі арналарының Қызылқұм шөлді даласы мен шектесетін аймақтарында, Жаңадария мен Іңкәрдария бойынан «Шлақты обалар» деп аталатын жаңа ескерткіштердің тобын ашуы дәлел бола алады.Жерлеу орындарымен қатар Сырдарияның төменіндегі Жаңадария мен орта Іңкәрдария бассейндерінде б.д.д VII-V ғ тұрақтар мен елді мекендер өмір сүрген олар өзен арналарының жағасында немесе су көздеріне жақын құм арасындағы ашық жазықтарда орналасқан бұл елді мекендер мен Түгіскен, Ұйғарақ обаларынан табылған заттардың және ортақ жерлеу ғұрыптарының ұқсас болуы бұл елді мекендерде өмір сүрген тұрғындардың көпшілігі осы аталған Түгіскен мен Ұйғарақ обаларында жерленген адамдардың бір бөлігін құраған деп болжам жасауға мүмкіндік береді.

Ұйғарақтағы қабірлердің жартысынан дерлік жүгеннің қалдықтары- ауыздықтар, айшықтар, әр түрлі қапсырмалар, сондай-ақ тартпалардың айылбастары табылған. Кейбір ауыздықтардың , айшықтардың түрлері мен оларды жасау әдістерінде , айылбастарында және жүген жиынтығының бірқатар заттарында ғана емес , сонымен қатар сол жиынтықтарға кіретін заттардың өз құрамында да ұқсастық байқалады. Алайда Ұйғарақтағы ер-тұрман ауыздық пен айшықты бірге құйып шығарған ерекше үлгіде болды. Сондай-ақ , үш тесікті мүйіз не қола айшықты , үзеңгі түріндегі шығыршықты ауыздықтары бар жүгендерде ерекше үйлесімімен көзге түседі. Ұштары тікбұрышты жұмыр келген және қосарлы қондырмалы айшықтары бар, бітімі өзгеше ауыздықтардың Арал өңірінен көптеп табылуы бұл ауданның осындай үлгідегі жүген жасайтын орталықтардың бірі болғанын көрсетеді. Ат әбзелдері құрамына кірген заттардағы алтын қапсырмалар, тоғалар мен жапсырмаларға аңның бейнелері түсірілген. Хайуанаттар бейнелерінің арасында бұғы, киік, жылқы, таутеке, қабан, арыстан, барыс не қабылан , жыртқыш құс, түйе бар. Бұл заттардың жасалу әдістер мен стилі Арал өңірі сақтарының мәдениетін скифтік-сібірлік өнер дүниесіне енгізеді.

Аң стилі өнерінде фантастикалық хайуандардың бейнесі жиі кездесіп отырады. Олардың бейнесі хайуанаттар әлеміне кіретін түрлі өкілдердің бейнесімен астасып жатады. Оңтүстік Түгіскен қорымындағы обадан алынған семсер қынабына тағылған алтын жапсырма дәл осындай өнер туындысын көрсетеді. Онда жерге бірінен кейін бірі жабысып жатқан екі фантастикалық аң бейнеленген. Сауыры мен бұралаңдаған құйрығы мысық тұқымдас аңдарды еске түсіреді, басы аттың басына ұқсас, тістерін ақситқан араны қасқырдықыне ұқсайды. Иық тұсына үшбұрыш түрінде ою-өрнек түсірілген.

1960-1963 жж. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының зерттеулері М.А Итинаның жетекшілігімен Түгіскен жерлеу кешенінде жүргізілді. Бұл қазбалардың қорытындылары М.А.Итина мен Л.Т Яблонскийдің «Саки нижней Сырдарьи» (1997) және «Мовзолей Северного Тагискена. Поздний бронзовый век Нижней Сырдарьи»(2001) еңбектерінде қамтылған. 1961 жылы О.А Вишневскаяның жетекшілігімен Ұйғарақ қорымында қазба жұмыстары басталып, 1962, 1963 және 1965

жылдары жалғасын тапты. Ұйғарақ қорымы жайлы О.А. Вишневскаяның «Культура Сакских племен низовьев Сырдарьи VII- V вв. До н.э» (1973) іргелі еңбегі жарық көрді.

Қорыта келе Оңтүстік Түгіскен және Ұйғарақ қорымы Қазақстандағы жерлеу ерекшелігі жағынан құрылысының көлемі мен күрделілігі, сондай ақ қабірге салынған заттарының байлығымен және молдығымен ерекшеленетін темір дәуірінің теңдесі жоқ бірден бір ескерткіштерінің бірі болып табылады. Қазіргі кезде бұл тарихи мәліметтер өскелең ұрпаққа ерте темір дәуіріндегі тайпалардың өмірін айшықтайтын құнды дүние болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ Энциклопедиясы, 18-том. Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А. Работы Хорезмской Археолого-Этнографической экспедиций. АН СССР в 1959-1961 жж

2. Толстов С.П. Результаты историко-археологических исследований 1961 г на древних руслах Сырдарьи

3. Толстов С.П., Итина М.А., Саки низовьев Сырдарьи (по материалам тагискен)

4. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық

1-ші том Алматы: Атамұра, 2010

5. Түгіскен қорымы // Қазақстанның киелі орындарының географиясы.

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЗАҚСТАН

Жұмабекова Ж.Қ., Аңсатова М.Н.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш — халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея.

Алаш — ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт.

Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді.

Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды.

Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең

түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді.

1917 жылы «Алаш»партиясы құрылу арқылы нақты мемлекеттік идеяның негізін қалаған БІРТҮТАС АЛАШ ИДЯСЫ Онда алаш қайраткерлерінің барлығының дәмі мен аңсары бар. 1917 жылы шілде-тамыз айларының өліарасында Жалпықазақтық 1 құрылтай шақырылып Алаш партиясы тарих сахынасына шықты Алаш партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделеді

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Бұл ұстаным күні бүгін дәлелденіп те отыр.

Яғни, жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген деген тұжырымға саяды. Сонда ел, жер үшін күні бүгінге дейін қазақтың қаны төгіліп, ар-намыс үшін жанын беріп келе жатқаны баршаға аян. Оған нақты мысал-1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Желтоқсан көтерілісі — 1986 жылы 17 — 18 желтоқсан аралығында [Алматыда](#) болған қазақ жастарының [КСРО](#) үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады. Көтерілістің басталуына [Мәскеудегі](#) орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облысы партия комитетінің 1-хатшысы [Г.В. Колбинді](#) ҚКОК-нің 1-хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң Желтоқсан көтерілісі туралы шындық қалпына келтіріліп, бұл жөнінде “Желтоқсан. 1986. Алматы.” (кұрастырылған Т.Өтегенов, Т.Зейнәбілов), “Желтоқсан құрбандарын жоқтау”, “Ер намысы — ел намысы” жинақтары, К.Тәбейдің “Мұзда жанған алау”, Т.Бейісқұловтың “Желтоқсан ызғары” кітаптары мен “Желтоқсан” (бас редакторы Х.Қожа-Ахмет) газеті жарық көрді, “Аллажар” (1991, реж. Т.Теменов), “Қызғыш құс” кинофильмдері түсірілді.

Оқиғаға қатысқандарды саяси тұрғыдан қуғындау басталды. 99 адам сотталды, 264 студент оқудан шығарылды. 1987 ж. жазда КОКП Оқ қаулысы шығып, желтоқсан оқиғасы қазақ ұлтшылдығының көрінісі ретінде бағаланды. Желтоқсан оқиғасы қоғамның саяси өмірін демократияландыруға серпін берді.

Осы күнге дейін мемлекет желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызын жоғарлатуға зор үлес қосып келеді. Көтерілісінің құпиялары толығымен ашылған жоқ.

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Яғни, бұл «өз жерінің игілігін әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат» деген емеуірінді танытады.

Абай данышпанның: «...Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырық» дегеніндегі «ырық» — осы ырық. Өз жерінің астына, үстіне, аспанына иелік ете алмасаң, ырықтың кеткені сол емес пе?!.

Нақты мысалдарға жүгінсек, 1992 жылы БҰҰ Қазақстанды өзіне мүшелікке қабылдағанда, оған авторитарлық режимдегі ұлттық мемлекет деп анықтама берген. Ұлттық мемлекеттің негізгі байлығы оның ұлты яғни адамдары және жері мен жерасты байлығы. Жерасты байлығының 70%-дан астамы шетелдік компаниялардың басқаруына 25-65 жылға берілгендіктен шет тілдерін меңгерген білімді мамандардың негізгі бөлігі елге емес, сол ТҰҚ қызмет етуде.

Қазақстанды иесіз жер деп түсінгені Қытайдың СНПС ұлттық компаниясы жұмысқа алатындардың міндетті түрде қытай тілін білуі керектігі туралы ел Конституциясында кереғар бұйрық шығарды. Ал, бұл елдің екінші ұлттық компаниясы Синопек білімді инженер Қазақстан

азаматына жалақыны баска инженерлерден бірнеше есе кем төлеп, ол өз құқығын қорғаймын деп сотқа жүгінгенде, сот Қазақстан азаматының құқығын жерге таптап, Конституцияға қарсы шешім шығарды. Жоғарыдағы компаниялардың осындай келеңсіз тірліктерін қоғамда Қазақстанға жұмысқа уақытша келген емес, елді отарлауға келгендердің тірліктері деп қабылдауда. Қытайда тату -тәтті тұрып жатқан екі миллиондай қазақтың барлығы қазақ және қытай тілдерін жақсы біледі. Қытай тілін білетіндер қажет болса, соларды неге шақыртпасақ. Тулақтай жері үшін қасық қаны қалғанша күрескен бабамыздың ұрпағына аманат етіп қалдырғаны да осы ұланғайыр даласы еді.

“Жер бізге ата-бабамыздан мұрас боп қалған ең асыл қазынамыз!

Ұлтымыздың ұлы байлығы! Қазақтың даласы - халықтың меншігі!

Қазақстанның өз территориясы бар. Шекарасы бекітілген. Осының бәрі не үшін?

Жердің тұтастығы үшін жасалды! Жер туралы кодекстегі өзгерістер -

Ауылшаруашылығымен айналысып жүрген шаруақор ағайынға жеңілдік жасауды көздеп отыр. Қожасы бар жердің күтімі мен қадірі болады. Алып-қашпа. арандатудан абай болайық. Дегенмен. Жер мәселесіне халықтың айрықша көңіл бөлгеніне қуанамын. Лайым әрқашан Ел мен Жерге деген қасиетті көңіл осындай болса, біздің халық қасық қаны қалғанша Жерді қорғайды деп білемін” деген еді Елбасы Н.Назарбаев.

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс.

Ә.Бөкейхановтың қазақ жерінің байлығы туралы айтқан сөзін бүгінгі

өмірмен байланыстырсақ, қасиетті туған жердің тау тасы да, топырағы да, талға біткен жасыл жапырағы да қымбат. Қымбат оның өзен көлдері, жұпар аусаумен бөлеген таза саф ауа сыйлаған табиғаты Тарих толқынында адамзат жер үшін соғысқан. Сол кездері майданға толы жердің де жылайтынын кім білген?!

Жер ана қасиетті туған жер. Ол біздің белгісіз күшіміз. Ол біздің тылсым тарихымыз. Туған жердің 1000 жылдық тарихын зерттеп көрген адам бар ма?! Әрине жоқ! 1000 жылдық тарихты жер анадан басқа ешкім де білмейді. Байлықты көтергені былай тұрса да, тарихтың ауыр күндеріне қасқая қарсы тұрған жер ананың рухына таңғалмасқа болмайды. Байқасаңыз талай жауға қарсы тұрған батырлар жер ана топырағынан өздеріне қуат алған. Жер ана топырағын кеудесіне тосып тұмар таққан. Далада қалған талай дарабоздарды қасиетті қазақ халқы туған жеріне әкелген. Туған жер топырағын иіскеуге зар болыр кеткен боздақтар қанша ма?! Туған жер үшін соғысқа түсіп туған жер топырағы бұйырмаған қандастарымыз қанша ма?!

Жер байлығы ел байлығы. Қандай табылған сөз. Батырды намыс қоянды қамыс өлтіреді демей ме?! Заманында туған жердің байлығын қорғап қалу жолында жанын шүберекке түйіп талай батырлар жауға шапты. Мақсат қандай?! Мақсат бірінші кезекте ел намысын өз намысым деп қабылдау, ал екінші мақсат туған жер қазынасының жат қолда кетпеуі.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х. Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын. «Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім» деп Сара ақынның сал Біржанға айтқанындай, бұл төрт мәселеге келгенде, біздің де үніміз шықпайды. Егер қоғамның дамуы осы бетімен кете берсе, күні ертең біз «Құранды» да орыс тілінде оқитын боламыз.

1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан халқы Тұңғыш Президентін сайлады. Осыдан келіп қарасақ, Алаш қайраткерлерінің «мемлекеттің басшысы Президент» деп тұжырымдауын өмірдің өзі дәлелдеді. Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын Алаш

қайраткерлерінің Қазақ автономиясын құрып, тәуелсіз мемлекет идеясын туғызған өршіл рухын еліміздің көк туын желбіретуші Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев одан әрі жүзеге асырды деуімізге толық негіз бар.

«Алаш» партиясының бағдарламасында көрсетілген ел басқару жүйесі, жастардың білім алуы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттар теңдігі, азаматтардың құқы мен бостандығы жөніндегі ұстанымдар тәуелсіз қазақ мемлекетінің саясатымен сабақтас жатыр. Сол себепті Алаш көсемдерінің өмірінен өнеге, тірлігінен тағылым алып, Алаш мұратын ұлт мұраты ретінде тануымыз керек.

Алаш идеясы - бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс.

Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы жене осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп көрсеткен болатын.

Әрбір қалада Алаш арыстарының ескерткіштері орнатылуы тиіс. Кітаптар мен фильмдер көптеп шығарылып, мектептерді қамтамасыз етуі керек. Жоғары оқу орындарында Алаш идеясын оқыту жүйеге айналуы қажет. Алаш оқулары жолға қойылып, еліміз бойынша қанат жаюы тиіс. Алаштың ордасы болып, Алашқала аталған қазіргі Семейдегі Ертіс өзенінің сол жағалауындағы Алашорда үкіметі мен Алаш партиясы тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылып, ол үйді мұражайға айналдыру кезек күттірмейтін мәні зор мәселе.

Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келеді, бола береді де.

Пайдаланған әдебиеттер :

1 Ахмедов .Ф Алаш,Алаш болғанда. Алматы .1997

2 Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы. 2004

3 Қазақстан тарихы .5 томдық 4 том. Алматы .2010

4 Назарбаев.Н. Ә .Тәуелсіздік белестері Алматы. 1998

5 Бөкейханов.Ә. Таңдаулы шығармалары Алматы. 1998. 220 бет

АЛТЫ ЖАСАР БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

М.Н.Қойшыбаев, Зейнегабдинова Н.Б.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Біздің жұмысымыздың мәні – оқу-тәрбие үдерісін біртұтас жүйе ретінде түсіну тұжырымдамасы тұрғысынан - алты жастағы оқушылардың оқу-тәрбие жұмысына белгілі бір жүйе ретінде қарау, оның үстіне бұл жүйе бастауыш мектептегі оқу-тәрбие жүйесінен бөлек және оның басқа аспектілерінен оқшау қала алмайтындығын түсінуіміз керек. Олай болатын болса, бастауыш сыныптардағы жалпы оқу-тәрбие жұмысы, өз кезегінде біртұтас педагогикалық үдерістің бір маңызды қыры ретіндегі неғұрлым кең жүйенің бір бөлігі болып табылады. Дәл осы ортақтығы сияқты әр түрлі дәрежедегі бастауыш мектептегі оқу тәрбие үдерісінің бір бөлігі бола отырып, озінің құрамында жағдайлары түрліше топтардың барын негіздейді. Осы шарттарды зерттеу үшін біз жалпының диалектикалық бірлігі мен ерекшенің алуан қыры идеясын пайдаландық. Ендеше, біздің зерттеп отырған мәселеміз, біріншіден, алты жастағы балалармен оқу-тәрбие жұмысының біз анықтаған ерекшеліктерін, екіншіден, бастауыш сыныптарда оқу тәрбие үдерісін ұйымдастырудың жалпы жағдайларын зерттеудің нәтижелері негізін ескере отырып жүзеге асырылды. Мұндай зерттеулер үрдісінде біз педагогикалық шарттардың белгілі бір жиынтығын анықтадық, оны жүйелі түрде жүзеге асыру зерттелетін үрдістің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Сондай ақ, бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жалпы шарттары ретінде белгілі деңгейде оқыту мен білім берудің сапасына әсер ететін мектептің материалдық деңгейінің (саликалы оқу ғимаратының, мектеп жиһаздарының, техникалық оқу құралдарының, интерактивті мультимедиялық оқыту жабдықтарының, оқулықтар мен оқу құралдарының болуын т.б.), экономикалық-қаржылық жағдайының, санитарлық-гигиеналық жағдайының, экологиялық және т.б. жағдайлардың болуын айтуға болады. Әрине, бұл шарттардың мұғалімге қатысы жоқ, дегенмен олардың болуы мектеп жұмысының дәрежесін, оқыту мен тәрбие сапасын анықтайтыны даусыз.

Десек те, бастауыш мектептің оқу-тәрбие сапасына белгілі дәрежеде әсер ететін өзара тығыз байланысты жеке дидактикалық шарттар да бар. Ондай шарттар:

- оқыту мен білім берудің тиімді әдістерін таңдау, оларды технологиялық үдерісте үйлестіре білу;
- сабақ кестесінің дұрыс жасалуы;
- сабақтың мазмұнын оңтайландыру,
- сабақта және сабақтан тыс оқу-тәрбие жұмыстарының формаларын үйлестіру;
- балалардың оқу іскерлігі мен өз бетінше білім іздеу дағдыларын қалыптастыру;
- білім алу мен іскерлікті қалыптастырудың әртүрлі кезеңдерінде сөз бен көрнекілікті орынды және ұтымды пайдалану;
- қойылған мақсатқа сәйкес тиімді сабақ құрылымын анықтау;
- гуманистік қатынас қалыптастыру және т.б. Бұл шарттардың алты жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекше шарттарымен бірлікте іске асуы біз зерттеп отырған аспект бойынша тиімділігін көрсетіп жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік беретіні даусыз.

Сонымен қатар, бастауыш мектептегі балаларға деген сүйіспеншіліктің болуы маңызды шарт ретінде мұғалімнің өзге қасиетін алмастыра алмайды. Бұл жөнінде Л.Н.Толстой былай деп жазды: «Егер мұғалім ісіне тек сүйіспеншілікпен қараса, ол жақсы

мұғалім болады, егер мұғалімнің оқушыға әкесі, анасы сияқты сүйіспеншілігі болса, ол бүкіл кітапты оқып шыққан, бірақ ісіне де, оқушыға да сүйіспеншілігі жоқ мұғалімнен артық болады. Егер мұғалім өз бойында ісіне де, оқушыға да сүйіспеншілікті біріктіре алса, ол – мықты мұғалім» [1,180]. Сондай-ақ балаларды жақсы көру, құрметтеу - бастауыш мектепте табысқа жетудің маңызды жолы екенін айта келе Ш.Амонашвили: біз мейірбанды адамдар болып, балаларды қаз қалпында сүюге тиіспіз, шолжаңды да, тіл алғышты да, ақылдыны да, миғұланы да, жалқауды да, ынталыны да бірдейжақсы көруіміз керек. Оның үстіне тағы да біз өзіміздің жан шуағымызды әрбір нақты жағдайға сәйкес шәкірттерімізге алаламай, тең үлестіруіміз керек. Балаларға деген мейірімділігіміз бен махабатымыз ішкі жан күйзелісіміздің көрінісі ғана емес, сонымен бірге баламен немесе бүкіл класпен қарым-қатынасымыздың педагогикалық қызметіміздің ең басты дәлелі, стимулы болуы тиіс [2,80].

Біздің зерттеу жұмысымызда тағы да бір ескеретін жайт - алты жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктері туралы айтқанда біз ең алдымен оның осы жастағы балалармен жұмыс жасайтын мұғалім қызметін айтуымыз қажет. Ендеше, алты жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктері бастауыш мектептің алты жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыратын мұғалім қызметінің спецификалық ерекшеліктерінен бөлек ештеңе емес. Сондықтан да, біздің тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарымызда алты жасар бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктеріне мұғалім қызметінің қаншалықты дайындығы, оның кәсіби даярлығы, тұлғалық сапалары, білімі, іскерлігі мен дағдылары туралы сөз етуге мәжбүрміз.

Зерттеу жұмысымыз көрсетіп отырғандай, бастауыш мектепте оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жалпы шарттары ретінде мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысына қызығушылығының болуы маңызды педагогикалық шарт болып есептеледі. Оқу-тәрбие жұмысына қызығушылықты ұстауда тәжірибелі жаңашыл-ұстаздармен кездесулер, викторина кештері, мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарына және төменгі сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-әдістемелік материалдарына арналған көрмелер, байқаулар, пікірсайыстар және т.б. ұйымдастыру – мұның бәрі оқу-тәрбие ісіне қызығушылықты тәрбиелеудің маңызды құралдарына жатады. Біздің тәжірибелік жұмыстарымызда мектеп мұғалімдерімен жүргізген осындай жұмыстарымыз оң нәтижесін берді.

Қызығушылықты, оқу-тәрбие жұмысына дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруда «Оқу-тәрбиеге жүйелілік қатынас», «Педагогикалық шеберлік» және басқа ғылыми-педагогикалық бірлестіктер маңызды рөл ойнады. Біздің зерттеуімізге қатысты топ мұғалімдері магистранттармен, мектеп мұғалімдерімен, жоғары оқу орындары оқытушыларымен бірігіп олардың жұмыстарына көп қатысты. Олардың отырыстарында ғылыми баяндамалар тыңдалып, талқыланды, пікірталастар жүрді, осы бірлестіктер жүргізген зерттеу жұмыстарына талдау жасалды. Біздің тәжірибемізде мұғалімдердің тәрбие жұмысына қызығушылығын Қызылорда қаласындағы мектеп шығармашылығы Үйіне жиналыстарға, конференция, семинарларға бару қалыптастырды, мұнда заманауи мектепте оқушыларды тәрбиелеуде өткір тұрған мәселелер талқыланатын.

Сондай-ақ, біздің тәжірибелік жұмысымыздың маңызды бөлігі –эксперментке қатысушы мұғалімдердің өз бетінше жұмыс жүргізу іскерлігін қалыптастыру болып табылады. Өз бетіндік жұмыс мұғалімдердің білімін нықтай түсуге және тереңдетуге; оларды ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді оқу жолымен кеңейте түсуге; мұғалімдердің шығармашылығы мен бастамашылдығын жетілдіруге; үздік тәжірибелермен және оларды қолдану жолдарымен таныстыруға; ұсынылған ережелер негізінде материалдарды сауатты беру машығын дамытуға; орындалған жұмыс үшін жауапкершілікті арттыруға, өз көзқарасын қорғай білуге және т.б. мүмкіндік берді.

Мұғалімдерді біліммен, біліктілікпен және жаңа дағдымен қаруландыру мақсатында біз оларда өздігінен педагогикалық білім алуға қажеттілік тудыруға тырыстық. «Өз

бетінше педагогикалық білім алууды жетілдіру – мұғалімнің шығармашылық өсуінің кепілі»[3,124]. Бастауыш сыныптардың мұғалімдеріне белгілі бір дәрежеде белсенді өзіндік білім алуы үшін жағдайлар жасау оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Бұл жерде біз алты жасар бірінші сынып оқушыларымен жұмыс істейтін эксперименттік топ мұғалімдерінің арасында осы аспектіде жинақталған ғылыми-әдістемелік материалдармен негізделген дискілер, PDF-те жазылған оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, PowerPoint бағдарламасында дайындалған презентациялық материалдар, брошюралар, флеш-карталар ұсынып, көрмелер ұйымдастырдық.

Сайып келгенде, тәжірибелік жұмыстың оқу-педагогикалық үдерісінің барлық бөлімдері мен элементтерінің өздігінен білім алуға бағытталуы осы шарттың толық көлемде іске асырылуына және эксперименттік топтағы мұғалімдердің айтарлықтай табысқа жеткізгенін көрсетті.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай біз қарастырып отырған алты жастағы бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді жалпы шарттарының ішінде мұғалімдердің рухани әлемін қалыптастыру, оның ой-өресінің дамуы басты назарда болды – оның шешімінен жалпы мектепте көп нәрсе бүкіл оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігіне байланысты. Осыған орай біз әр мұғалім өзінде мақсатты түрді кәсіби тұлғалық қасиетті, білім мен біліктілікті қалыптастыруы тиіс деген тұжырымға келдік, яғни кәсіби өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуы қажет Мұғалім үшін «өзінің дербес тәрбиесімен айналысу бүкіл өмірінің мақсаты болуы тиіс» дегенді бұлжымас міндет санайтын А.Дистервег те өзін-өзі тәрбиелеудің қажеттілігі жайында айтқан [4,216]. Біз адамның әлеуеттік қуат қоры зор болатыны сонша, тіпті орташа қабілеті барлар да өзінің тұлғалық қасиетін жан-жақты дамытып, кәсіби педагогикалық қызметте талантын көрсете алатынына студенттерді сендіруге тырыстық. Ұлы педагог А.С.Макаренко өз шеберлігін шыңдау жұмысы тәжірибесіне сүйене отырып: «Мен педагогикалық дарынға ие емеспін және педагогикаға кездейсоқ келдім, ешбір мақсатсыз... Бірақ мен үйрендім. Мен өз ісімнің шеберіне айналдым. Ал егер оған көмектессе және егер ол өзі де жұмыс істесе әр адам шебер бола алады» деп тектен-тек жазған жоқ [5,62].

Мұғалімнің міндетті қызметін жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық шеберліктің негізгі топтары дидактикалық, тәрбиелік, насихаттық, әдістемелік, зерттеушілік ептіліктері, сондай-ақ өздігінен білім алуға қажетті іскерлік болып табылады. Бұл ептіліктер әр түрлі жастағы балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер үшін аса қажет, олар өзара байланыста болады, сонымен қатар осы топтың әрқайсысы өзіне тән ерекшелікке ие. Бұдан бөлек, жоғарыда көрсетілген барлық топтардың құрама бөліктері болып табылатын «жарып өтетін» интегралды (ұйымдастырушылық, диагностикалық, ақпараттық) іскерлік те айқындалады.

Біз зерттеген кәсіби дайындықтың аспектісінде қарастырылған шарттардың ішінде мұғалімдердің заманауи алты жасар балалардың анатомиялық-физиологиялық және психологиялық сипаттамаларын оқып-үйренуі неғұрлым маңыздырақ болып көрінеді. Зерттеуімізде оның маңыздылығы бірнеше рет атап өтілді. Атап айтқанда, ол «мұғалімге пән оқулығын терең білумен қатар қосымша психологиялық-педагогикалық білім қажет, сондай-ақ, көп жағдайда, түрлі жас топтарының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін, оларды оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтары және педагогикалық үдерісті оңтайландыру жағдайын білу қажет» делінген [6,74].

Алты жасар баланың функционалды хал-жағдайын сипаттайтын көрсеткіштердің бірі - оның жұмыс істеуге қабілеттілігі. Бұл орайда Н.М.Попованың [7], В.С.Мухинаның [7] зерттеулеріндегі алты жастағы балалардың жұмыс істеу қабілеттілігі шаршаңқылыққа әлсіз қарсылығымен сипатталатындығы туралы айтқан тұжырымдарына мән берілді. Сол сияқты оқушылардың бірде жоғары, бірде төмен айнымалы жұмыс істеу қабілеттілігі кезеңмен сипатталатын: «дағдылану» сатысы (1-ші сабақтың соңына дейін), еңбек ету қабілеттілігінің тұрақты сатысы (2-ші--3-ші сабақ), еңбек ету қабілеттілігінің барлық көрсеткіші төмен түсуі (4-ші сабақ) болса, онда алты жастағы балалардың осы кәдуілгі

1. Анализ литературы (И.В. Королева, О.В. Зонтова, М.Р. Хайдарпашич, Е.В. Зельдина, А.И. Сатаева) показал, что проблема нарушений слуха у детей с КИ привлекала внимание специалистов различного профиля: по физиологии отмечена связь нарушений слуха с мозговыми дисфункциями, в аудиологии отмечается, что нарушения слуха могут привести к отклонениям в речевом развитии. В логопедии также отмечается, что при снижении слуха нарушается ход речевого развития, коррекция которого рассматривается с позиции включения логопедической помощи в процесс общего образования. В сурдопедагогике говорится о нарушении фонематического слуха, то есть как ребенок слышит, так говорит и, следовательно, пишет. Несмотря на достаточно широкий охват проблемы нарушений слуха у детей с КИ специалистами различных направлений, вопросы организации психолого-педагогического сопровождения детей этой категории в настоящее время не решены в достаточной мере;

2. Семейно-центрированный подход, когда родители не только присутствуют на всех занятиях, но и участвуют в них, показал некоторую неподготовленность родителей в вопросах правильного поведения и обучения имплантированных детей, привития им знаний, умений и навыков общения с окружающим миром;

3. «Слуховой метод» обучения детей с КИ нарушается при использовании жестового языка для абсолютно глухих детей;

4. Проблемами психолого-педагогического сопровождения имплантированного ребенка в образовательном учреждении остаются:

- продвижение в развитии и преодоление ранее возникшего отставания от сверстников;

- характер контактов и взаимодействия с окружающими детьми и взрослыми в учреждении, общие со сверстниками и специфические проблемы в новой социальной среде;

- понимание ребенком своих возможностей и ограничений, умение вступать в коммуникацию на эту тему;

- особые образовательные потребности, обнаруживающиеся по ходу обучения и требующие удовлетворения силами сурдопедагога или специального психолога;

- эффективность функционирования речевого процессора, необходимость его поднастроек.

5. Проведенный мониторинг состояния системы помощи детям с нарушениями слуха в Кызылорде показал наличие учреждений дошкольного и школьного образования для детей с выраженными нарушениями слуха и отсутствие таковых для обеспечения помощи детям с КИ.

Литература

1. Аль-Фараби Естественно-научные трактаты // https://platona.net/load/knigi_po_filosofii/istorija_filosofii_arabskaja/al_farabi_estestvenno_nauchnye_traktaty_1987/59-1-0-1672

2. Аль-Фараби · Персоналии · Портал «История Казахстана» //e-history.kz > biography >

3. Аль-Фараби и его наследие // <http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/5>

4. Королева И. В. Диагностика и коррекция нарушений слуховой функции детей раннего возраста. СПб.: КАРО, 2005. - 288 с.

5. Королева И. В. Современный подход к диагностике периферических и центральных нарушений слуха у детей. СПб.: НИИ уха, горла, носа и речи, 2000. - 36 с.

6. Зонтова О.В. Коррекционно-педагогическая помощь детям после кохлеарной имплантации: Методические рекомендации. СПб.: Российский Государственный Педагогический Университет им. А.И. Герцена, 2007

7. Зонтова О.В., Пудов В.И. ЭТАПЫ РЕАБИЛИТАЦИИ ДЕТЕЙ ПОСЛЕ КОХЛЕАРНОЙ ИМПЛАНТАЦИИ

8. М.Р. Хайдарпашич, Е.В. Зельдина, А.И. Сатаева Дети с КИ в школьном возрасте: четыре истории развития. Альманах Института коррекционной педагогики / Almanac Institute of special education, ISSN 2312-0304]

9. Акчурин Б. Г. Человеческая телесность и социальные аспекты ее идентификации // <https://www.dissercat.com/content/chelovecheskaya-telesnost-i-sotsialnye-aspekty-ee-identifikatsii>

МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ - НҰРЛЫ ЖОЛЫ

Исаева А.Н., Мұхтаров К.Т.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Мәңгілік ел идеясы – бұл қазақтың өткен тарихынан бастау алуы тиіс. Тамыры тереңге жайылған тарихтан сыр шертер болсақ, біз қазақ не көрмедік, қанша қиын жағдайларды: ашаршылық, соғыс, елден жыраққа ауып кету, тілімізден айырылу-барлығын бастан кешірдік. Бірақ осының бірде – біріне мойымастан бүгінгі күнге де аманшылықпен жетіп отырмыз. Шүкір, міне осының өзі – ақ мәңгі ел керегесі. 550 жыл бойына көрген қиындығымызға ешкімді жазғырмай, біреуді кінәләмей, қайғы көрсек тереңіне батып кетпей, қуанышқа асып – таспай бүгінгі күнге аман – есен жеткеніміз біз үшін үлкен бақыт. Терезесі тең, керегесі кең, шаңырағы биік еліміздің тарихы мен мәңгілік елдің ірге тасын қалап кеткен Керей мен Жәнібектен бастау алған қазақ елінің мәңгілік ел болуы, құрылуы осының айғағы. Әлемде жерінің кеңдігі жөнінен бірінші ондықта орналасқан қазақ жерін, қазақ елін мәңгілік ел болып қалуы үшін батырларымыз жаулармен бетпе – бет келіп, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай қазақтың ұлтарактай жерін жауға бермей, қызғыштай қорғап, халық қорғаны бола білді. Қолдан жасалған ашаршылықтың өзі қаншама қазақты қырғанымен қоймай, бір – біріне жауыз, ашкөз жәндіктей қылып, бірінің етін біріне жегізіп, қазақтың санын кемітіп, қала берсе басқа мемлекеттерге ауып кетіп, тарихи отанын кітаптардан оқитын тарыдай шашылған қазақтардың бытырауына себепкер де болды емес пе? Оның біреуін де көрмеген біз қандай бақытты ұрпақ едік!

Ал Ұлы Отан соғысы жылдарындағы соғыста аталарымызды айтпағанда, аналарымыз Әлия Мәншүк, Хиуаз сияқты батыр аналарымыздың өзі қан майданда ерлікпен шайқасты. Соғыстың сұрапыл жылдарында соғыстағы аталарымыз бен аналарымыздың орны бір бөлек болса, тылда еңбек еткен ауыл адамдарының да еңбегі ұшан-теңіз. Сонда да бізді қазақ деп ешкім мойындамады. Ресейдің қол астында болып ең басты, ең маңызды байлығымыз болған салт- дәстүрімізді, әдет – ғұрпымызды, тілімізді, дінімізді жоғалттық. Жетпіс жыл орысша сайрадық. Бұл жылдарда елдің ел болып, ұлттың ұлт болып қалуы үшін батырларымыз атқа мініп, алаңға шығып, білектің күшімен күрессе, әдебиетте ақын-жазушыларымыз қаламның ұшымен күресе білді.

Бұдан кейінгі жылдарда да Тәуелсіздік үшін болған күрестерде де жеңіске жетіп, 1991 жылы Қазақ елі тәуелсіздігіне де қолын жеткізді. Бұл күн бүкіл қазақ халқы үшін ұмытылмас, асқан бір мейрам да болды, қайсар жастарын жоғалтқан қаралы күн де болды. Бұлт артынан күн шығады деп, қазақ барлық қайғыны ұмытты да, осы күнге шүкірлігін айтты.

Иә, бұл күні біздің мәңгілік ел екенімізді бүкіл әлем мойындады. Жеріміздің кеңдігіндей көңілі кең дархан «қазақ» деген халықпыз. Мемлекетіміздің берік іргетасын қалаған, тәуелсіздігімізді алған, тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарай білетін, дербес те, тәуелсіз ұлтпыз. Асан қайғының армандаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманы қазақтың басына енді туды. Ол – Тәуелсіздік. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Ол арман – Мәңгілік ел. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі тәуелсіздігіміздің тірегі болған ел астанасы-Астана қаламызды тұрғыздық. Ендеше, қазақ елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік ел! Көз қарашығымыздай сақтау мәңгі мұратымыз. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді [1]. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз

мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр»[2] деген еді. Сондықтан «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын – Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялап отыр.

«Қазақстан жолы - 2050» - Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Президент Жолдауы Қазақстан халқы үшін үлкен маңызға ие болды.

- Бір мақсат – бұл «Мәңгілік Елді» нығайту, біздің Отанымыз – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту!
- Бір мүдде – бұл біздің ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеген елде өмір сүруге деген талпынысымыз!
- Бір болашақ – Бұл Мәңгілік елдің, біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының өркендеуі[3].

Демек, байырғы түркі қоғамында дүниеге келген қысқа да нұсқа «Мәңгі Ел» ұстанымы, біріншіден, арғы бабаларымыздың адамзат өркениетіне, оның ақыл-ой қазынасына қосқан айрықша интеллектуалдық үлесін айшықтаса, екіншіден, адамдардың әрқайсының һәм баршасының мүддесін, әрекетін, ұрпағының сабақтастығы мен жалғастығын жарасымды үйлестіруге септесетін әмбебап формуласы. Үшіншіден, осынау кемел пайым-тұжырым қазақ жерінен, Ұлы Дала елінен ешқашан табан аударған емес. Ол Қорқыттың ажалдан қашқанынан, ақын Ж. Молдағалиевтің: «Мен қазақтың мың өліп, мың тірілген» деген өлең жолдарымен санамызға шегеленген. XVIII ғасырда Әбілқайыр ханның: «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше қазақ халқы бұл жерден ешқашан айырылмайды», XX ғасырда Ә. Бөкейханның: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ» дегенінен де мәңгілікке нық сенім еседі.[4]

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауында «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат - Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін - тұжырымы. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. "Мәңгілік ел" ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта Мәңгілік Ел болу үшін азаматтарымыз білім, ғылыммен мықты қаруланған болуы қажет. Себебі, кез келген мемлекеттің басты байлығы ол халқы, адам капиталы. Сондықтан Мәңгілік Ел болу үшін әр азаматымыз осы бағытта жұмыс жасауы керек. Бұл әрине оңай шаруа емес. Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың сөзімен айтатын болсақ: «Қазақтың ендігі ұлттық идеологиясы осы «Мәңгілік ел» деп ойлаймын. 2050 жылы «Мәңгілік ел» бола саламыз деп ешкім кесім жасай алмайды. Елбасы оны айтып оырған жоқ. Қазақтың түпкі арманын меңзеп отыр. Халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат- мұрат керек. Бұл кешегі жолдауда айтылған, қазақтың көкейіндегісін дөп тапқан сөз болды деп санаймын.»

Тәуелсіздік – қасиетті сөз, қастерлі де киелі ұғым. Тәуелсіздікті туын желбіретіп, жықпай ұстау, біздің қолымызда. Тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, оны көзіміздің қарашығындай қорғау, баршамыздың борышымыз. Ұлттық санамыз саяси сілкініс жасап, өрлеу жолына түскенде біздің кім екенімізді, ата – бабамыздың қандай болғандығын, ұлан байтақ өлкені қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап, қалай қастерлегенін, кешегі тектілердің ұрпағы екінімізді ұғынып, келешекке жеткізу парызымыз.

Қазақстандағы «Мәңгілік Ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», – дейді Елбасы. Мұндағы «ұлттық» ұғым түсінігі барша Қазақстан халқын қамтыған мағына білдірсе, «Мәңгілік Ел» идеясы мемлекет құраушы халықтың сан ғасырлық құндылығын ұлықтауын, көпұлтты, көпдінді ғана болмасын, межесі мен мәресін айқындайтын іргетасқа төл тарихымыздың қойнауында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа аманатталған, бәсеке мен сынақтардан шыңдалумен бүгінге жеткен бабалар арманы қаланды. Мәңгілік ел идеясы Президентіміздің бес институционалды реформасын жүзеге асыруға арналған «100 нақты қадам» бағдарламасында орын алды. Ол 100 қадамның ішіндегі 85-қадамда айтылған «Мәңгілік ел» патриоттық актісі жобасын әзірлеу[5] мәселесі. Елбасы міндет еткен дамудың биік сатысына көтерілген отыз мемлекеттің қатарына қосылу үшін, тек саяси-экономикалық, әлеуметтік салаларды ғана күшейтіп қоймай, осы мемлекеттің тірегі болатын идеологияны нақтылау қажет. Біздің ойымызша «Мәңгілік ел» патриоттық актісі терең ойластырылған және ғылыми негізделген құжат болуы керек. Оның патриоттық, идеологиялық негізде қазақ халқының тарихи арманы көрініс табуы тиіс.

XXI ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын біз – жастар. Ендеше қияметтің қыл көпірінен сүрінбей өткен, Тәуелсіз Қазақстанның табанының тұғырдан таймауын тілеп, асыл мұраты алға жетелесін демекпін.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаған «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Жолдауы. 11 қараша 2014 жыл.

2. Н.Ә. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» Алматы: Ғылым, 1996

3. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2014, 17 қаңтар

4. Источник: <https://e-history.kz/kz/publications/view/2590>

© e-history.kz

5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы «Ұлт жоспары — бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам»

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Исаева А., Мадихбаева С.К.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі - оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Ақпараттық технологияларды сабақта қолданудың негізгі мақсаты: біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны қолдану, әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру. Бұл тұрасында Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп көрсетілген. Осы тұжырым білім беру жүйесін

ақпараттандырудың мақсаты болып табылады. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесін инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Осыған сәйкес сабақ үдерісінде жаңа ақпараттық және инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу, жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой толғамы бар, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекеті мен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы, еңбек ұжымындағы әлеуметтік ролін сезінетін, өздігінен дамуға ұмтылатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру- бүгінгі ұстаздардың алдында тұрған міндет.

Педагогикалық теория негіздерінің қалыптасуында Ежелгі Грецияның аса көрнекті философтары Платон мен Аристотель көзқарастарының ерекше маңызы болды. Платон балаларды ерте бастан тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесі туралы идеяны ұсынды. Платон ойынды тәрбие берудің маңызды құралы деп қарады, балаларды тәрбиелеумен шұғылданатын адамдарға қойылатын негізгі талаптарды айқындап берді.

Аристотель мектепке дейінгі кезеңді жеке адамның қалыптасуындағы ерекше және маңызды деп бөліп қарады. Бұл кезеңде оның пікірі бойынша, алуан түрлі ойындармен қатар ақыл ойды дамытатын әңгімелер пайдалануға тиіс, ал балаларды бес жасынан бастап мақсатты түрде мектепке даярлау керек – деп тұжырым жасаған болатын.

XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басында Европада неміс педагогы Ф. Фребельдің мектепке дейінгі тәрбие теориясы кең таралды. Ол «балалар бақшасы» деген терминді енгізді, бұл дүние жүзінде жаппай қабылданды. Сондай-ақ, тәрбиеші әйелді Фребель «баулушы» деп атағандығынан оның балаларға деген сүйіспеншілігі, педагогтарды баланың есеюіне және дамуына көмектесуге шақырғаны, мақсатты педагогикалық ықпалдың маңызына жоғары баға бергені айқын көрінеді. Ол балалардың жасына сәйкес бірқатар қарапайым білім мазмұнымен таныстыру қажеттілігін атап көрсеткен. Оның идеялары: мектепке дейінгі тәрбиені насихаттау және балабақшаларын кең тарату, мектепке дейінгі мекемелер жұмысының теориясын бірінші болып жасап, мектепке дейінгі педагогикалық ғылымдардың дербес саласы болып бөлінуіне себепкер болды.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Адамзат баласының өз ұрпағын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. Білім, тәрбие жұмысына жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа тұжырымдамаларды жасап, оларды қолдану инновация деп аталады.

Инновация – жаңалыққа талпыну, бұл сән немесе еліктеушілік емес, қатал шындық, өмір қажеттігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу – қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Үйретілетін тілдік үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріп жатқаны да белгілі.

Қазір педагогика ғылымында «оқытудың жаңа технологиясы», «оқытудың инновациялық технологиясы» деген ұғымдар кеңінен қолдануда.

Алдымен «технология» ұғымына тоқталайық. Бұл жерде ол «инновациялық педагогикалық технология» мәніне ие болып тұр. Оның мағынасын түсінуіміз үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымына көз жүгірткеніміз жөн. Ол «техника» сөзінен шыққан, оның екі мағынасы бар.

1. Өндірістік құралдарының жиынтығы
2. Бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жиынтығы.

Технология - грек сөзі, түсіндірмелі сөздікте бұл – қандай да болсын жаңа істегі шеберлік, өнерпаздық, іскерлік деген ұғымды білдіреді.

Білім беру саласындағы "технология" ұғымы өндірістік үдерістердегі технология ұғымының басты қасиеттерін осы саланы жетілдіру үшін пайдалану ұмтылысынан туындағаны анық. Өндірістік үдерістердегі технология деп қолданғанда алдын-ала көздеген нәтижеге жеткізетін, белгілі бір сапалық және сандық деңгейлердегі өнім алуға кепілдік беретін, ғылыми негізделген алгоритмдер, әдістер мен құралдардың жүйесін айтады.

Кез-келген технологияның маңызы оның құрылымымен анықталады. Технология белгілі бір мақсатты жүзеге асырады. Ол үшін құралдар пайдаланылады, әдістеме жоғары деңгейге дейін жетіледі де, күтілетін нәтижеге қол жеткізіледі.

Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану – оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданамын. Жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан — жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін — өзі өзектендіру, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу — танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан — жақты дамытуға жетелейді. Заман талабына сай әрбір ұстаз сабақтарында оқушылардың біліктілігін арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс — тәсілдерін кеңінен пайдалану керек деп ойлаймын. Өз біліктілігін көтеру мақсатында әрбір мұғалім кәсіби шеберлігін шыңдап, білімін жетілдіріп отыруы керек. Сонда ғана өзін — өзі дамыта алатын, өзін — өзі жетілдіре алатын қоғамның белсенді, білімді жеке тұлғасын қалыптастыра алады. Бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау білім бағдарламасының негізгі мәселесі болып отыр. Ең басты нәрсе — жеке тұлғаның қабілетін ашу. Жеке тұлғаны жан — жақты дамыту арқылы олардың бойынан: —адамгершілікті, ізгілікті, дүние танымды —белсенділікті, қабілетті тұлғаны - жоғары мәдениеттілікті көре аламыз Сондықтан мұғалім жаңашыл, жан — жақты болу керек.. Дарынды ұстаз К. Д. Ушинский: «Қызығушылығын туғызбайтын оқу бірте — бірте оқушының білімге деген құмарлығын жояды, ал тек қызығушылыққа негізделген оқу оқушының еркін, күш — жігерін тәрбиелемесе мәнін жояды» деген. екен. Олай болса мұғалім өз сабағының жоғарғы мәнінде оқушының қызығушылығын оятатын, әсерлі болуын қадағалап отыруды қажет етеді.

Инновация дегеніміз – мазмұнды жаңашалау, ал жаңалық енгізу дегеніміз - инновациялық мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, ал "*жаңаша*" дегеніміз жаңа мазмұн, оны енгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын қамтитын құбылыс деп түсінеміз.

Г.В.Селевко «инновациялық педагогикалық технологияны» үш жақты сипатын былай белгілейді:

- *ғылымилық*: педагогикалық технология – оқытудың мақсатын, мазмұнын және әдіс-тәсілдерін жасайтын, педагогикалық үдерісті жобалайтын, оларды зерттейтін педагогика ғылымының саласы;

- *үдерісті-сипаттаушы*: үдерісті сипаттау (алгоритмі), оқытудың жоспарланған нәтижесіне жетуде қолданылатын мақсат, мазмұн, әдіс-құралдар жиынтығы;

- *үдерісті-іс-әрекеттік*: технологиялық (педагогикалық) үдерісті жүзеге асыру, барлық тұлғалық, құралдық және әдіснамалық педагогикалық құралдардың жұмысы.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инновациялық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- алынып отырған технология оқытудың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;

- тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтары.

Инновациялық технологияны пайдалану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асырылады.

1-кезең – оқып үйрену

2-кезең – меңгеру

3-кезең – өмірге енгізу, тәжірибеде қолдану

4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру

Инновациялық технологияларды пайдалану негізінде мектепке дейінгі білім беру тұжырымдамасының алгоритмі төмендегідей түрде ұсынылады:

- білім беру жүйесінің түпкі мақсаттарын баяндау;

- аралық мақсаттардың болжамдық көрсеткіштерін баяндау;

- оқыту мазмұнына сүйену;

- көзделген мақсатқа жеткізетін және оқыту сапасын объективті тексеру әдістемесімен қамтамасыз ететін стандартты оқыту технологиясын ұсыну;

- оқытудың ұйымдастырушылық формалары мен шарттарын баяндау.



«Interactive» ағылшын тілінен аударғанда «ортақ белсенділік» деген мағынаны білдіреді. Инновациялық оқыту технологиялардың білім беру жүйесін дамыту ісіне берері мол. Оларды қолдану оқушының өздігінен сабаққа дайындалу деңгейін арттырады; оқу үдерісін жүргізуді қызықты етеді; шығармашылық жағынан бұрын болмаған кәсіби дағдыларды қалыптастырып, жаңа мүмкіндіктер туғызады.

Топтық жұмыс барысында сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптаса бастады. Тақырыпты оқушылар топтаса отырып бір - біріне түсіндіреді, ешқандай оқушы қалыс қалмайды. Постермен жұмыс барысында үлгерімі нашар оқушыларым сурет салып, бірі бояп, енді бірі күтпеген ой тастап, өздерін әр қырынан көрсетіп таң қалдырған жағдайлар болды. Жетелеуші сұрақтар қоя отырып, барлығының өз ойын, пікірін жеткізуіне мүмкіндік беруге тырыстым, әр оқушының пікірі құнды екенін ұғындыруға, бір - бірінің пікірін бағалауға тәрбиелеп отырамын. Үлгерімі орташа немесе нашар оқушым білім деңгейі, қабілеті жоғары оқушыдан кейін қайталаса да өз ойын айтып, сабаққа қатысуы бір қадам болса да ілгерілегенін байқадым. Сабақ соңында қолданылатын стратегия «шығу парағын» оқи отырып, оқушыларымның жымиған және мұнайған смайликтің тұсына сабақ барысы, өз пікірі жайлы ашық жазғандары менің келесі сабақты қалай жоспарлауыма, жіберген қателіктерімді түзетуіме өз көмегін тигізіп отырады. «Оңайдан қиынға тәсілін» қолданғанымда оқушыларымның шамасы келетін сұраққа жауап беріп, талпынуы менің жеке тәжірибемнің теориямен ұштасқан жемісі деп түсіндім.

Оқыту мен оқудағы басқару және көшбасшылық модулі бойынша сынып оқушыларына бағыт - бағдар бере отырып, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауға жас ерекшелігіне сай тапсырмалар ұсынамын. Жеті модульдің бірі оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану болғандықтан арнайы интербелсенді тақтамен сынып бөлмем /ағылшын тілі кабинеті/ жабдықталмағандықтан, қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған мультимедиялық кабинетке бекітілген кесте бойынша кіріп, флипчарттар мен слайдтар көмегімен, электронды оқулықты қолдана сабақ өтуге тырысамын. Ең бастысы бұл тәсіл оқушылар тарапынан қолдау табуда.

Педагогикалық шеберлікті арттыру орталығының ұйымдастыруымен «Назарбаев зияткерлік мектебі» курсы бағдарламасын меңгеруде түйгенім: Оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел - уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір - көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер:

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер «Диалог негізінде оқыту және оқу» және метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйретуді» қарастырады. Білім беру әдістері ішінде ерекше орын алатыны - диалог. Диалог оқушылардың сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Әр түрлі тақырыпта диалог құрғызу мынадай нәтиже береді:

*сабақта белсенділік жоғарылайды;

*сөздерді есте сақтау қабілеті дамиды;

*дұрыс сөйлемдер құрауға дағдыланады;

*оқуға қызығушылықтары артады;

«Қалай оқу керектігін» үйретудің қозғаушы күші метатану болып табылады.

Метатану индивид қалай ойлайтынын қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту қабілетін түсінеміз. Білім алуды үйрету өз бетімен оқуды ойластыру және ойлау нәтижелерін сабақта қолдана алу үдерісі болып табылады. Бұл үрдісінде мұғалім оқушыға:

- білім міндеті қоятын талаптарды түсінуге;

- жеке ойлау үрдісін және олардың жұмыс қағидаттарын зерттеуге;

- міндеттерді орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;

- нақты міндет үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектеседі.

2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;

күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімге қабылдауға құштарлық;

үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану төмендегідей нәтиже береді:

- білім алушының белсенділігін арттыру;
- пәнге қызығушылығын ояту;
- өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру;
- зерттеуге икемділігін дамыту;
- сөйлесім әрекеті белсенділігін арттыру;
- білім алушылар бір - бірімен қарым - қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға.

Жалпы, сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақтар қойып дәлелдерді талдайды.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.

Бағалау — оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Бағалау оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау деп екіге бөлінеді. Формативті бағалау әр сабақта жүзеге асатын үрдіс. Формативті бағалау сабақ барысындағы барлық іс - әрекет бойынша оқушының білім, білік деңгейіне қоса дербес ойлауы, түсінігі, тіпті тәртібі т. б. бағаланады. Ал, сумативті бағалау немесе жиынтық бағалау оқушының белгілі бір кезеңдегі бақылаулар, білімді тексеру тестісі кезінде көрінетін білім деңгейінің өлшемі.

Жалпы, бағалаудың барлық түрлері төмендегілерді қамтиды:

Бақылау;

Алынған мәліметтердің интерпретациясы;

Бұдан арғы іс - әрекетті анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау.

4. Білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияның тиімділігі - келешек ұрпақтың жан - жақты білім алуына, іскерлігі мен шығармашылығын еркін дамытуға жол ашатын педагогикалық - психологиялық жағдай жасауында. Сондай - ақ, интерактивті тақта арқылы әр түрлі грамматикалық тапсырмаларды орындау, мәтіндермен, жаңа сөздермен түрлі жұмыстар жүргізуде, сөздерге талдау жасауға,

уақытты үнемді пайдалануға, оқушылардың ынтасын арттыруға қажетті әрі пайдалы құрал. Әр түрлі тест тапсырмаларын жүргізіп, оқушылардың білім сапасын бақылауда да компьютерлік технологияның үлесі зор.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

Дарындылық — адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологы П. Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П. Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты — олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету - оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

“...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады”. (Плутарх)

Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

Еш нәрсеге бейімділігі жоқ, қабілетсіз бала болмайтыны педагогикада дәлелденген. Мысалы, төрт жасар балалар көп сұрақ қояды және «қайда», «не», «кім», «неге», «қашан» сияқты көптеген сұрақтар пайдаланады. Олар бес сөзден тұратын сөйлемді пайдалана алады және олардың 1500 сөзден тұратын сөздік қоры бар. Бес жасар балалар бағыныңқы бөліктері бар алты сөзден сөйлем құрай алады және 2000 сөз пайдаланады.. бірінші сынып оқушылары 6000 сөзге дейін пайдаланады, ал ересектер 25000 сөз пайдаланады және 50 000 сөз біледі.

Жалпы шәкірт бойына білім нәрін сіңіруде ең бастысы оқушының жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Топтық жұмыс немесе диалог барысында оқушының жас ерекшелігін ескере отырып жұмыстану - бұл мұғалімнің жан - жақты ойластырылған шеберлігін қажет етеді.

7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Осы заманғы кез келген оқыту технологиясы оқу процесін ұйымдастыру кезеңінде технологияның бар мүмкіндіктерін үнемі шығармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көңіл аударуда. Оқыту технологиясын оқыту процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау деп түсіну керек. Осы орайда өз тәжірибемнің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым: заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы

кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдыма қойған міндеттерім:

- жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу.

Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрация, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, көшбасшылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деп айтқан. Мұны менің ойымша әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

Әдебиеттер:

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» тақырыбындағы 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдауы.
- 2) Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу: әдістемелік нұсқаулық. Астана, 2013 ж.
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы « 13 » мамыр № 292 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»
- 4) ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы.
- 5) «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІК ПОТЕНЦИАЛЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Қазиева Р.Т., Жусупова Ж.А.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Аннотация

Бұл мақаланың мақсаты: болашақ педагог-психологтардың креативтілік потенциалын анықтап, оны жетілдіру жолдарын көрсету болып табылады. Креативтілік ұғымының мәнін ашып, ғалымдардың аталған мәселе туралы түсініктемелерін талдау.

Тірек сөздер: креативтілік, креативті ойлау, болашақ педагог-психологтар, жетілдіру.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы заңында”, “Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыру”, “Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру”, “Білім мазмұнын гуманитарландыру” тұжырымдамаларында білім беру ісінде жаңа рухани-мәдени құндылықтарды игеруге, ұлттық сананың қалыптасып өсуіне жағдай жасау, кәсіби білім берудің сапасын көтеруге кең жол ашу талап етіледі.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру Мемлекеттік бағдарламасы қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларға бағдарланған болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті мен педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуына объективті жағдай туғызуда. Бүгінгі білім саласында республикалық білім кеңістігін әлемдік деңгейге жеткізуге ұмтылыс байқалады және студенттерге тәрбие мен білім беру іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Жоғары оқу орындарында студенттердің біліктілігін жетілдірумен қатар, кәсіби іс-әрекеттің ғылыми негіздерін іс-тәжірибелеріне қолдануға, адами-құндылық қасиеттермен қатар іскерлік пен дағдыны жетілдіру арқылы жаңа көзқарас, жаңа ой қалыптасады.

Қоғам талабына сай даму кезеңінде, ақпараттар тасқыны толассыз ағылған қоғамымызда әр студент өзінің болашақ ісіне қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білу керек. Сонымен қатар креативті түрде ойлау, яғни жаңашыл бағытта жаңа идеяларды ұсынып отыруы керек.

Осыған байланысты педагогикалық психологияның маңызды сұрақтарының бірі болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетінде субъект мәселелерін шығармашылық түрде шешуі болып табылады.

Креативтілік ұғымының педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі көрінісін талдай келе, біз А.В. Хуторской мен отандық ғалым Ш. Таубаеваның креативтілік ұғымына берген анықтамасы «креативтілік дегеніміз – жеке шығармашылық әрекеттің жемісі» және «Креативтілік – бұл индивидтердің саналы құндылықтар жасау, стандартты емес шешім қабылдаудың терең қасиетін көрсететін қабілеттілік» - деген пікіріне қосыламыз [1].

Креативтілік мәселесі төңірегіндегі зерттеулердің негізін салушы Дж. Гилфорд әр түрлі идеяларды ойлап табушы қабілет ретінде креативті ойлауды дивергентті ойлаумен бірдей екендігін анықтады. Бұл ойды дамыта отырып, көптеген зерттеушілер креативті ойлау – “әмбебап танымдық қабілет” (Дж. Гилфордқа сәйкес) когнитивті тәжірибені қайта құру және жаңаны ойлап табу процестерін қамтиды [2].

Дж. Гилфорд креативтіліктің негізгі үш өлшемін көрсетеді:

1. *Даралық факторы*, ол болашағы зор, айрықша идеяларды тудыруды анықтайды. Бұл – әдеттегі іс-әрекеттер аясынан шығып, бұрын игерілген білімге ұқсамайтын жаңа нәрсені тани және пайдалана білу қабілеті. Яғни айтылған ойлардың ерекшелігі, даралығы, интеллектуалдық даралыққа ұмтылу.

Шапшаңдық – әрқилы мәселелерді жағдайдың даму бағытын ескере отырып, тез арада асқан дәлдікпен шеше білу қабілеті.

Идея шаршаңдығы – аз уақытта мейлінше көп идеяларды тудыру қабілеті.

Ассоциациялау жылдамдығы – идеялап арасындағы ассоциативтік байланысты жүзеге асыру.

Сөйлеу жылдамдығы – екінші сигналдық жүйемен, сөйлеу әрекетінің дамуымен тығыз байланысты.

Ой жылдамдығы – әр сатының бірізділігін ұстану негізінде тез шешім қабылдау.

2. *Икемділік факторы* – бұл белгілі бір түрдің өзгеруі: пікірдің, түсіндірудің, міндеттерді орындау стратегиясының, ойлау тәсілдерінің өзгеруі.

Семантикалық кездейсоқ икемділік, яғни кездейсоқ жағдайларда әр түрлі күтпеген ойларды ойлап, жүзеге асыру қабілеті.

Стихиялық икемділік – бір құбылыстан екінші құбылысқа жеңіл әрі жылдам өте білу қабілеті. Бұл ақпараттарды іздеуге қажетті маңызды қабілет болып табылады.


Бейнелік-бейіндік икемділік, яғни объектінің (қоршаған ортаның) байқалмайтын, құпия, жаңа қырларын көре білу қабілеті.


Семантикалық икемділік, яғни объектіге жаңаша көзбен қарау, оның жаңа қолданысын табу, тәжірибедегі қолданылу аясын кеңейту.

3. *Табандылық* – адамның алдында тұрған міндеттерді шешуге жауапкершілікпен қарауы [3].

Жоғарыда айтылған көзқарастарды жинақтай келе, педагог-психолог қызметінің неғұрлым өнімді стратегияларын таңдауда жаңа идеяларды генерациялауда, бірегей, стандартты емес міндеттерді практикалық шешу жолдарын іздеуден тұратын, интеллектуалдық белсенділіктегі жеке тұлғаның қасиеті ретінде оны көрсете отырып, бізді қызықтыратын кәсіби салаға қатысты шығармашылық ойлауды айқындауды нақтылауға септігін тигізді.

Болашақ педагог-психологтың креативті ойлауының тұжырымдалған түсінігі - креативті ойлаудың даму моделін әзірлеуге және енгізуге мүмкіндік берді (1-суретті қараңыз)





1-сурет. Болашақ педагог-психологтардың креативті ойлауын жетілдіру моделі

Креативтілікті жетілдіру кезінде оның дамуына әртүрлі факторлар - генотиптік ерекшеліктер мен орта әсер ететінін естен шығармауымыз керек. Кейбір авторлар екінші фактордың басым екенін айтып кетеді: балалардың креативті ойлауы - ата-аналарының берген отбасылық тәрбие стильдерінің нәтижесі (В. М. Минияров). Мұндай көзқарас білім беру және кәсіби салада шығармашылық орта құру қажеттілігін атап көрсете отырып, орта әсер ету жақтастарының идеяларына сай келеді. Бұл ретте креативті ойлауды дамытуға биологиялық және әлеуметтік көзқарас креативті ойлауды қамтамасыз ететін екі механизмді есепке алуды көздейді: интуиция және инсайт. Сондықтан креативті ойлауды жетілдіру шарттарының бірі қолданылатын жаттығулар мен шығармашылық жағдайлар интуиция мен инсайттың көрінуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын ұйымдастыру болып табылады [4].

Қорыта келе, шетелдік және отандық зерттеулерді теориялық талдау "болашақ педагог-психологтың креативті ойлауы" ұғымының мазмұнын нақтылауға мүмкіндік берді. Педагог-психологтың креативті ойлауы – бұл тұлғаның зияткерлік белсенділігінде, жаңа идеяларды генерациялауда, өзіндік, стандартты емес жағдайлық міндеттерді практикалық шешу жолдарын іздеуде, педагог-психолог қызметінің неғұрлым өнімді стратегиясын таңдауда пайда болатын қасиеті.

Студенттердің креативті ойлауын дамытуға келесі психологиялық-педагогикалық шарттарды сақтау ықпал етеді:

- студенттердің креативті ойлау туралы білімді игеруі олардың кәсіби мәселелерді ұғыну контекстінде жүзеге асырылады;
- ассоциативтілікті, бастамашылдықты, ойлау метафориялығын дамыту міндеттерді ерекше шешу тәсілдерін меңгеруге негізделеді;
- психикалық процестерді белсендіру (зейін, қиял, қабылдау, кеңістікті сезіну) ойлау мен мінез-құлқындағы психологиялық инерцияны меңгеру есебінен жүреді.

Оқытудағы іс-әрекеттік тәсіл негізінде анықталған болашақ педагог – психологтардың креативті ойлауын дамыту процесін қалыптастыру, ол туралы білім бағдарламаны құру негізіне алынған, олар:

- креативті ойлаудың теориялары мен тұжырымдамалары туралы және оның кәсіби шығармашылық ойлаудағы орны туралы, педагог-психологтың кәсіби қызметінде креативті ойлаудың тиімділігін қамтамасыз ететін жеке қасиеттері туралы түсініктерді қалыптастыру – бағдарламаның теориялық бөлімі;
- зейінді, қиялды, қабылдауды, кеңістікті сезінуді, ассоциативтілікті, түйсікті, метафорикалықты, талдау мен синтездің ойлау операцияларын, вербалды және бейвербалды ойлауды дамыту - бағдарламаның практикалық бөлімі [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оспанова Б.А. Мамандарды даярлаудағы кәсіби-бағыттық технологиялардың ерекшелігі. «12 жылдық білім беруге өту жағдайында педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру мәселелері» аты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Семей, 2007 ж.
2. Айзенк Г.Ю. Интеллект новый взгляд: Вопросы психологии.- 1995.-№1.-С 111-113.
3. Оспанова Б.А. Бәсекеге қабілетті маманның кәсіби-креативті әлеуетін дамыту аспектілері:Қазақстан жоғары мектебі. Алматы, 2005. №2.
4. Алиева, Е.Г. Творческая одаренность и условия ее развития //Психологический анализ учебной деятельности. - М: Изд-во ИП РАН, 1991.-183с.
5. Андреев, В.И. Педагогика творческого саморазвития. Инновационный курс. кн. 1. - Казань: Изд-во Казанского университета, 1997. -621с.

ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ АБУ-НАСЫР АЛЬ ФАРАБИ

Камал Нурсаби, Оразбақов Айтжан Жұмабайұлы
Кызылординский государственный университет имени Коркыт-Ата

Аль – Фараби родился в 870 году в г. Отырар, который расположен на территории современного Южного Казахстана, хотя необходимо отметить, что становление его личности в качестве ученого - энциклопедиста приходится на годы жизни в крупнейших городах Арабского халифата – Багдад, Алеппо, Дамаск, Каир. Около 160 трактатов, написанные им, охватили различные области знания – философию, логику, математику, музыку и т.д., и не все еще освоено из этого наследия.

Привлекательность творчества ал-Фараби заключается в том, что в его политических произведениях впервые четко сформулированы основные положения и принципы политической философии. Следует отметить, что не все проблемы, которые волновали ал-Фараби и которые он поднимал в своих работах, принадлежат прошлому, многие его идеи актуальны и принципиально важны и сегодня. В этом плане изучение политического наследия ал-Фараби представляется необходимым.

Аль-Фараби оставил богатое и разнообразное научное наследие. Как политический и социальный мыслитель прославился получившими широкую известность в арабском мире и за его пределами трактатами. В центре его философской системы находится тема **человека**, его **интеллектуально-нравственное совершенствование**, стремление к достижению **свободы**, к личному и общественному **счастью**, поиск человеком лучшего будущего. Вопросы происхождения и функционирования человеческого общества, государства, его типов, форм управления, места и роли закона, принципы организации добродетельного государства, а также необходимые качества и свойства правителя принципиально волнуют философа.

В политической философии наиболее известны его труды как: «Гражданская политика», «О достижении счастья», «Афоризмы государственного деятеля». В сирийский период своей деятельности он систематизировал свои социально-политические воззрения, объединив их в общем труде под названием «Трактат о взглядах жителей добродетельного города». Социально-политические воззрения аль-Фараби отличает вера в разум и добродетель человека. В трактатах «Гражданская политика», «О достижении счастья», Фараби возводит счастье в категорию абсолютного блага.

Политические идеи аль-Фараби имеют явно выраженный геополитический подтекст. Он, как и Аристотель, объяснял политические явления и процессы естественными, природными причинами, постоянно связывая политику и географию. Например, человеческое общество в его представлении — «соединение многих людей в одном месте проживания», результат совокупного воздействия географических и социальных факторов. При этом человеческое общество, как всю цивилизацию в целом,

он подразделял на отдельные народы, которые отличаются один от другого «тремя естественными вещами: естественным нравом, естественными чертами (характера) и третьей, основанной на характере (людей), которая также имеет какое-то касательство к естественным вещам. Это язык, т. е. речь, являющаяся средством выражения (мысли)»[25]. Таким образом, аль-Фараби положил в основу этногенеза природные (естественные) причины: нрав, характер, язык народов, которые, по его мнению, определяются географическими факторами. Кроме того, он подразделял все общества (государства) на великие, средние и малые. «Великое общество — это совокупность многих народов, которые объединяются и помогают друг другу. Среднее — это один народ. Малое — это (общество), представленное одним городом». В великих, средних и малых обществах можно узнать империи, национальные государства и полисы. При этом и великое, и среднее, и малое общества, с точки зрения мыслителя, могут быть вполне автономны, политически независимы, предоставляя при этом максимальные возможности для совершенствования людей в делах и мыслях («совершенные общества»). Наибольшим «совершенством», по аль-Фараби, обладала городская община.

Далее городские общины («город и общество») он подразделял по критерию главной цели, поставленной их жителями: добродетельный город, город невежества, обмена, властолюбивый город, честолюбивый и др. При этом «город и общество необходимости» имеет целью «взаимопомощь в приобретении (всего того), что необходимо для существования и защиты тела...». «Город и общество обмена — это такие, (жители) которых помогают друг другу в достижении зажиточности и богатства». «Город и общество низости — это такие, жители которых помогают друг другу в получении чувственных удовольствий...». «Город и общество честолюбия — это такие, жители которых помогают друг другу в том, чтобы их почитали словом и делом», а город и общество властолюбия представлены «людьми, которые помогают друг другу в достижении победы...».[26] Одним из лучших аль-Фараби считал «коллективный город», т. е. такой, в котором каждый житель полностью волен делать то, что пожелает. Его жители равны. Их законы абсолютно не отдают предпочтения одному человеку перед другим. Их власть распространяется только на совершение того, что способствует увеличению их свободы. Граждане сами избирают себе правителей, которые правят ими в соответствии с волей жителей. «Истинным правителем является тот, кто в искусстве, посредством которого они управляют городами, ставит целью и предметом стремления создания для себя и остальных горожан подлинного счастья, которое является пределом и целью искусства правления».

Таким образом, взяв за исходные моральные категории добра, зла, отношение к труду, он делит города-государства на добродетельные, коллективные и невежественные. В добродетельных городах-государствах общественная жизнь построена на принципах высокой нравственности людей, которые, помогая друг другу, достигают истинного счастья. Качества, необходимо должен обладать истинный правитель добродетельного города: мудрость, рассудительность, умение убеждать, способность воображения, способность вести священную войну, физическое здоровье.

Философ писал о пяти слоях населения в добродетельном государстве:

- 1) мудрецы и другие достойные лица;
- 2) «люди религии», поэты, музыканты, писцы;
- 3) счетоводы, геометры, врачи, астрологи
- 4) воины – ратники, стражники;
- 5) богатые люди, земледельцы, скотоводы, купцы.

В добродетельном государстве все эти слои населения связаны дружбой, взаимными интересами, справедливым отношением друг к другу. Добродетельный город возглавляет философ-правитель, способный познать начала, управляющие природой и обществом, и передать эти знания населению в образно-символической, то есть религиозной, форме. Таким образом, коллективный город, занимающий промежуточное

положение между добродетельным и невежественным городами, Фараби описывал уже близко к критическому изображению демократии у Платона.

Рассмотренная градация обществ по принципу добродетельности и предпочтение полисного общества имперскому наглядно отражают настроения эпохи, в которую жил аль-Фараби. Это была эпоха распада Халифата, политической нестабильности, когда каждый человек, лишенный государственной опоры и защиты, искал помощи и поддержки в семье, у соседей, в городской общине.

Учение аль-Фараби отличается от доктрин западноевропейских мыслителей, как по содержанию, так и по программным положениям. Политическая жизнь Арабского халифата не давала оснований для обсуждения традиционных для европейской мысли проблем различных форм правления, соотношения церкви и государства, государства и права, но настоятельно требовала обсуждения моральных качеств и компетентности правителя, задач и способов осуществления его власти. Что касается политического устройства, то за его основу бралась оказывающая влияние на власть мусульманская община – скреплённое шариатом территориальное объединение верующих, морально-религиозные качества общины.

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАСТАРҒА РУХАНИ-АДАМҒЕРШІЛІК ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕГІ ОЙ-ТҮЖЫРЫМДАРЫ

**Кәрібай К.Д., Омаров Д.К.
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ**


Жеке адамда рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, адамның қоғамдағы орны оның тәрбиесі мәселесі қазақ халқының ұлы ойшылдары мен ағартушылары Әл-Фараби, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиевтің еңбектерінде кеңінен қолданыс тапқан. Мысалы, Әл-Фараби «барлық халық бейбіт өмір сүрсе, жер беті бақытқа толады» деп адамгершіліктің ең биік сатысы – бейбіт өмір сүру, яғни, адамдар арасындағы өзара түсіністік, өзара келісім, өзара сыйластықтың аса маңызды екендігін айтады. Әл-Фараби тәрбиеде бірінші орынға мінез-құлықты қоя отырып, оны қалыптастыру үшін ерік, қайратты жетілдіруді, руханилықты қалыптастыруды қажет деп санайды. Қожа Ахмет Иассауидің мұралары да әлемдік өркениетке түркі халқының асыл мұрасы ретінде ене отырып, бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуде маңызды роль атқаруда. Қожа Ахмет Яссауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады.


Қазақ халқының ұлы ғалымы Ш. Уәлиханов ғылыми еңбектерінде халықтың ауызекі шығармашылығы ерекше орын алады. Шоқанның дүниетанымдық, эстетикалық көзқарасының қалыптасуына өскен ортасының ықпалы зор болған. Ауызекі шығармашылық арқылы халықтың эстетикалық көзқарасын, талғамын көрсете білді. Ұлы ғалым Ш. Уәлихановтың негізгі мақсаты – халыққа білім беру, оқыту. Ұлттық мінез-құлықты қалыптастырудағы тәрбиенің рөлін ашып көрсету арқылы ол өз еңбектерінде халқымыздың психологиялық ерекшеліктері; қонақжайлылық, үлкенді сыйлау, қарым-қатынас ерекшеліктерін терең түсіндіреді. «Құлжа сапарының күнделігі», «Қашқария сапарының күнделігі», т.б. еңбектерінде табиғат пен адамдар өмірін байланыстыра суреттей отырып, жастарға рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің мәні, ұлттық дәстүрлер, рухани мұрасы жан-жақты ашып көрсетілген. Ұлы ақын Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» деген өлең жолдары ізгілік, сүйіспеншілік, бауырмалдыққа дәріптесе, «Бірінді

қазақ, бірін дос көрмесең істің бәрі бос» деген сөздері достыққа, бірлікке, ынтымақ пен татулыққа шақырады. Абайдың көтерген мәселелері – рухани-адамгершілік, ынтымақтастық, татулық, әділдік, еңбексүйгіштік, адалдық, талапкерлік, т.б. Сонымен қатар ойшыл өз шығармаларында тұлға бойындағы рақымшылық, қанағат, төзімділік, жауапкершілік секілді қасиеттердің қалыптасуына көңіл бөлген. Бұл мәселелерді ол жеке, жалаң түрде алмай, мақалдарды талдау барысында зұлымдық, сұрқиялық, екіжүзділік, барымташылдық тәрізді мінез-құлықтарға қарсы қоя отырып қарастырады. Ақын шығармаларының негізі – рухани-адамгершілік және имандылыққа тәрбиелеу. Абайдың рухани әлемі, оның зерттеу нысаны – адам. Абай өзінің барлық шығармашылығын жастарға «адам бол», «азамат бол» «қатарыңнан қалма» деген философиялық қағидаға негізделген философиялық, педагогикалық, психологиялық көзқарасында «адамгершілігі мол адам – қоғамға ең пайдалы адам» деп тұжырымдаған. Абайдың ойынша «адамгершілік – махаббат пен әділдік, олар барлық нәрседе болады және бәрін шешеді», яғни рухани тәрбие – адамдарды адамгершілікке, білімге, еңбек пен имандылыққа, бір сөзбен айтқанда жан дүниелерінің сұлулығына тәрбиелеу деген сөз. Абайдың «толық адам» ілімі – адам, адамилық, адамгершілік принциптеріне негізделген.

Ағартушы Ы. Алтынсариннің ұрпағын адамгершілікке уағыздаған өсиет-уағыздары, үгіт-насихаты, адамды жақсы мінез-құлыққа дағдыландыруға үндейтін құнды еңбектерінің бірі – «Мұсылмандықтың тұтқасы». Кітаптағы «Ахлақ яғни, адамдарға тиісті, тиіссіз мінездер турасында» деген бөлім атының өзі-ақ мазмұнын айқындап тұр. Кітапта адам мінезіндегі, ойындағы, пейіліндегі нелер жамандық, зорлықшыл, зұлымдық, қиянатшыл, өтірік, күншілдік, ешкімді менсінбейтін тәкаппарлық, «сырттан жақсы көрінген болып жүріп, ішкі көңілі бұзықтықта яки, дүниеге пайдасына ғана керекті пиғылда болу...», арамдық, ақымақтық, паракорлық, екіжүзділік, сарандық, ұрысқақтық, ысырапшылдық, тағы басқа келеңсіздіктердің мазмұны мен түрлері толық талданады. Сондай-ақ, Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегінен оның рухани-адамгершілік тәрбиені бірінші орынға қойғанын айқын байқаймыз. Оқулықта балаларды қазақтың әдеби мұраларымен ғана таныстырып қоймай, әлем әдебиеті үлгілерімен де сусындатқан. Ағартушы хрестоматия мазмұнына қазақтың төл әңгіме, аңыз, ертегілеріне зор мән берген және олардың бәрінің рухани-адамгершілік қасиеттерді дәріптеуін басты назарда ұстаған. Яғни оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат етіп біршама жүзеге асырған деген тұжырымға келеміз. Өйткені ол жеткіншектерге ұлттық және және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіре отырып үйрете білді.

Қазақ даласындағы рухани-адамгершілік туралы ойлар





Ш.Құдайбердиевтің «Үш анық» философиялық трактаты ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы болып табылады. Ақынның педагогикалық, психологиялық, философиялық ойлары бүгінгі таңда да өзінің құндылығымен ерекшеленеді. Шәкәрімнің «арлы азаматы» – жақсы мен жаманның жігін ажыратып қана қоймай, сөз бен істе түзу, әділ жолдан ауытқымайтын, орынсызды айыптайтын, намысшыл жігіт. Шәкәрім адамды басты құндылық деп білді. Ол басқаның еркіндігін мойындау арқылы адамды адам ретінде бағалау дегенді білдіретініне сенімді болды. Адамшылық арқылы ғана адамдар бақытқа жете алады. Сондықтан, Шәкәрімнің ойынша, әрбір адам өз бойындағы адамгершілік қасиеттерді дамыту керек. Ол үшін адам өзін-өзі тануы қажет. Сонда ол ақиқатты таниды. Сөйтіп, ақын адамды ақиқатты тануға шақыра отырып, адамдыққа тәрбиелейді. Ойшыл ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді. Сәні кетсе, жөні кетеді» деп тегіннен тегін айтпаған. Ақынның көтерген тәлімдік мәселенің бірі – рухани даму, рухани тәрбиенің өзегі ана тілін құрметтеу, тілге деген сүйіспеншілік. Ұлттық тіл арқылы жастарымыздың сана-сезімі, ой-өрісі кеңейіп, әдет-ғұрпын қадірлеуге деген көзқарастары қалыптасады деген ой түйеді ол.

А. Байтұрсынов тәлім-тәрбиелік тағылымдарынан да қазіргі күн талап-тілегімен ұштасатын тың идеяларды кездестіреміз. Ол өнер ғылым арқылы жасалады дей келе, адамның рухани сұраныстарын өтеуге қызмет ететін өнердің түрлерін талдап көрсетеді. Сәулет өнері, кескін өнері, музыка өнері, сөз өнері адамды әсемдікті көре білуге, табиғат сырларын танып білуге тәрбиелейтіндігін ашып айтады. Педагогика ғылымының тарихында өзіндік орны бар ағартушы-педагог М. Жұмабаев өз еңбектерінде ежелгі Шығыс ғұламаларының ой-пікірімен үндестіре, Абай тұжырымдарымен байланыстыра отырып сана-сезімі мол, мінезге бай толық адам тәрбиелеу мәселелерін көтереді. Балалардың рухани жан дүниесін қалыптастырып, эстетикалық тұрғыда тәрбиелеу туралы өзіндік ойлары «Педагогика» еңбегінде айқын көрінеді. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі Ж. Аймауытовтың да бүгінгі ұрпаққа беретін тәлім-тәрбиелік ойлары жетерлік. Жастардың рухани тәрбиесінің қайнар көзі – білімді өте жоғары бағалайды. Білім негіздерінің ана тілі арқылы меңгерілетінін айтады. Халық қазынасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін халықтың тілі деп, оның қоғамдық рөлін, адамзат баласы жасаған бар рухани-мәдени байлықты меңгерудің басты құралы екенін көрсетеді. Тарихи дамуға көз жіберсек, халқымыз бала тәрбиелеуде адамгершілікке мән беріп мұны ұрпаққа, халық шығармашылығы арқылы жалғастырып отырған. Мәселен, халқымыздың мақал – мәтелдер, жай ғана айтылған ұқсас сөздер емес, олардың тәрбиесінің негізгі ұстанымы – адамгершілік мәні болған. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Заманына қарай адамы», «Әдептілік ар-ұят адамдықтың белгісі» т.б.кісілік қасиеттерді парасаттылықты арқау еткен мысалдар дәлел бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Избранные трактаты. - Алматы: Ғылым, 1994. - 446с.

2. Баласағұн Ж. Құтты білік /ауд. А. Егеубаев // Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. - Астана: аударма. 2005. Т.5. Б.230-264.
3. Ясави К.А. Диуани Хикмет. Казан 1901.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралар. – Алматы: Рауан, 1991. – 200 б.
5. Абай. Шығармаларының 2 томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 335б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. - Алматы: Ана тілі, 1992.-448б.
7. Кудайбердиев Ш. Отражение казахской жизни. Семипалатинск, 1972. - 124б.
8. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Өл-Фараби, 1995 - 463б.

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ЖЕР САЯСАТЫ (1870-1910) ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Картмагамбетова Р.Г., Исмагулов Ұ.Ш.

Қ.Жұбанов атындағы АМӨУ

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы Патшалық Ресейдің жүргізген саясаты сол бір кезеңнің халқына тигізген ауыр соққы болатын. Патшалық Ресейдің үздіксіз жүргізіп отырған реформалары сан түрлі жағдайға әкелді. Еліміз тәуелсіз ел атанғанға дейінгі қаншама жылдар бойы тер төккен, қан жағылған қасиетті жер ата дәуіріміздің басты қазынасы еді. Егеменді елімізге елдік туымыз тігіліп, қазақ ұлтының құқығы сақталған күннен бері осынау бір орны толмас ақтандақтардың орнын толтыру басты міндет болатын.

Кеңестік кезеңдегі қазақ шаруаларының жағдайын жан жақты қарастырған зерттеушілер тобы аз да емес. Қазақ даласын аграрлық отарлау жүйесі де тарихнамалық талдаулар төңірегінде кездеседі.

Қазақстанның аграрлық жағдайының әлеуметтік пен экономикалық тұрғыда өзекті мәселелерін Л.Әуезова, С.Сүндетов, В.Черняков және т.б. зерттеді. Реформа жылдары қазақ жеріндегі әлеуметтік пен экономикалық жағдайға байланысты, П.Г. Галузоның зерттеулерінде жақсы қаралды. Оның, «Қазақ жеріндегі капитализм және оның ерекшеліктері» атты жинағында негізгі тұжырымдар мен концепциялар тарихнамалық тұрғыда талданды.

Патша үкіметінің отаршылдық тарихына жалпылама талдау жасады. Өлкедегі банк, сауда, тау кен істері туралы қолдағандығын және алғашында орыстар жалдамалы шаруашылықтарда қызмет жасап, кейін мақта өсірумен айналысқанын жазып өткен. Бірақ та тиімсіз шаруашылық екенін біліп, қазақтардың егіс алқабына араласқан.

Кеңестік кезеңде қазақтардың шынайы тарихын жазуға тырысқан Б.Сүлейменов еді. Оның еңбектерінен патша үкіметі кезіндегі аграрлық мәселені, жерді тартып алу жағдайлары қаралған [1].

Патшалық үкіметтің саясатын талдай келе, құқық саласындағы зерттеушілер де қарастырған. Оның бірі К.А. Жиреншин еді, ол сол замандағы саясаттағы басқару формасын, құқық мәселесін талдаған. Патша үкіметінің жер мәселесіне қатысты басқару формаларының ерекшеліктерін көрсетіп кеткен [2].

Қазақ зерттеушілерінің ішінен тарихшы, М.Қойгелдиевтің еңбектерін атап кетуге болады [3]. Оның еңбектерінен қазақ жеріне орыс шаруаларының қалай қоныс аударғанын, басқару тәртібіне қалай енгенін, орыс шаруаларының қоныс аударудағы барысы қалай өткенін, қазақ қоғамына тигізген зардаптарын байқауға болады. Сонымен бірге, К. Нұрпейсовтың [9] зерттеулерінен аграрлық мәселелердің әсерінен ұлт азаттық қозғалыстар туындағанын, халықтың жағдайының нашарлауын, ұлт мәселесінің шиеленуінің болуын, осы атаулы оқиғалардың отаршылдыққа әкелуіне тоқталғанын көруге болады.

Қазақ зерттеушілері ішінен, тарихқа өз үлесін қосушы Мұхтар Құл Мұхаммедтің «Алаш қайраткері саяси құқықтық көзқарастарының эволюциясы» зерттеуінен, заңгер

Ж.Ақпаевтың орыс патшалығынан жазған арыз хаттарын байқауға болады, қазақ халқының жүгенсіз халыққа айналуын, патшалық Ресейдің озбырлық саясатына төтеп бере келе жатқаның аңғартуға болады [4].

Е.Ж. Валиханов болса, «Колонизационная политика Российской империи в Казахстане» атты зерттеуінде, қазақ жеріндегі жер мәселесін жақсы тұрғыда баяндаса [5], Б.М. Абдрахманова «История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке» [6] атты еңбегінде жер мәселесі мен қатар басқару жүйесін келтіріп кеткен.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде, кезінде Патшалық Ресей саясатына қарсы тұрған қазақ батырлары бастаған ұлт азаттық көтерілістерді атай отыра, үкімет саясатының мән мағынасын ақиқат екендігін атап кетті. XIX ғасырдағы Ресейдің отаршылдық саясаты қазақ қоғамының тәуелсіздікке деген қиял екенін ұғындыра білді.

Отарлау саясаты жалпылама түрде, түрлі арам құйтырқы әрекеттерден құралды, қазақ қоғамының құқығы мен бас бостандығынан айырды. Патшалық үкіметтің саясатынан қазақ хандығы біржола жойылып, қазақ қоғамында шенеуніктер, үкімет тарапынан бұйрық орындаушы басқару формалары өзгерді. Империялық әкімшілік басқару жүйесі енгізілді. Сол заманғы келеңсіз істер қоғам арасында бүлікшілікке, салық жүйесінің салынуына, парақорлыққа әкеп соқтырды.

Тарихшы М.Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты еңбегінде, Патша үкіметінің байырғы қазақ қоғамында сақталған жүйенің бұзылуын, оның орнына жер мәселесінің көтерілуін, бос жатқан жерлер «мемлекет меншігі» деп танылуы туралы тың ақпараттар кезігеді [7].

Сонымен, бос жатқан жерлер қонысаударушы шаруаларға бөлініп берілу туралы заңнама шығуы, халықтың билікке қарсы озбырлықтары ояна бастады. Патша Үкіметінің қазақ жерінде отаршылдық саясаты күшейе бастады. Жергілікті ұлт арасынан көтерілістер шығып, ұлттың тіл, дін мәселелерін көтере бастады. Академик М.Қозыбаев айтып өткендей, «Алаш қайраткерлерінің де саяси санасындағы идеологиясы ұлтшылдық, наразылық болатын» [7, 123 б.].

Қазақ халқы ұлт ретінде өздерін сақтап қалу үшін, наразылық танытып, қазақ арасынан Мемлекет Думаға араласуын талап еткен болатын. Халық арасындағы әділетсіздік, парақорлық, зиянды әрекеттер халықтың ашуына тиіп, қазақ зиялылары, сана сезімі ояу азаматтардың билікке қарсы өз пікірлерін білдіруге келтірді.

М. Құл Мұхаммед зерттеушінің еңбегінен халық арасындағы туындаған саяси қозғалыстарды бес кезеңге бөліп қарастырды.

I. 1905 жылдағы орыс жеріндегі революция;

II. Бұл кезең «Қазақ» газетінің қамтылуы кезеңіне дейінгі мерзім, бұл уақытта Патша Үкіметінің озбырлық отаршылдық саясаты, халықты езгілікке салынуына әкеп соқтырды;

III. «Қазақ» газетінің шығуымен және Ақпан буржуазиялық революциясымен байланысты;

IV. Саяси көзқараспен «Алашорда» құрулуы және Ақпан революциясының аяқталуымен;

V. Алашорда қозғалысы, қазақ зиялыларының қуғынға ұшырап, репрессияға ілігуімен аяқталады [8].

Қарастырылып отырған зерттеу жұмысы, осы кезеңдермен байланысты. Қазақ зиялыларының қосқан үлесі орасан зор. Халықты сауаттылыққа шақырып ғылым, білім, мәдениетті насихаттап жүрген алдыңғы қатарлы тұлғалар болады. Қарастырылып отырған зерттеу жұмысы алдыңғы қатардағы хронологиялық кезеңдермен байланысты. Ресей жерінде орын алған орыс революциясы да қазақ халқының арасында ұлттық қозғалыстардың туындауына әкеп соқтырды.

Соның бірі Қарқаралыда Қоянды жәрмеңкесінің ұйымдастырылуымен, қазақтардың митингке шығуы еді. Ресей патшалығының әрекетімен «Қарақаралы петициясы» атты қаулы қабылданып, митингке шыққан халықтың үндеуін тыңдауға мәжбүр болды.

Қойылған талаптар ХІ тармақтан тұрады:

I. Қазақтарға бостандық беру;

II. Сауаттылықты қолдау, білімді өз ана тілінде болуы;

III. Қоныстандару саясатын алып тастау;

IV. Қазақтардың жерді пайдаланудағы құқықтары;

V. Сот мәселесі;

VI. Үкіметтің лауазымдық қызметіне қазақтарды тарту;

VII. Қазақтардың намысын таптатпау;

VIII. Сот жүйесінің қазақ тілінде болуы;

IX. Қазақ тілінде сөйлеу;

X. Жердің иесінен заңсыз түрде ажыратпау; Отарлаушы тарапты шенеуніктерден болдырмау;

XI. Заңсыз әрекеттер үшін жаза қолдану.

Бұл петицияға қол қойған адамдар саны туралы нақты деректер жоқ. Мәселен, кейбір Қазақстан тарихы оқулықтары мен энциклопедияларында 14500 мың адам қол қойған десе ді. «Қарақаралы петициясы» атты мақаласында З.Тайшыбай есімді зерттеуші, 12767 адам қол қойыпты.

М. Қойгелдиевтің «Алаш қайраткерлері туралы» жазылған еңбегінде Қарақаралы петициясын тарихта орны бар екенін, халықтың мұң зарын Патшалық Ресейге жеткізе білуі, елінің бостандығын, халқының жағдайын ашық айтып талап қою тарихи көрініс есебінде жазып кеткен [9, 133 б.].

Жоғары да атап өткен тарихшының «Алаш қозғалысы» атты еңбегінде осы Қарқаралы петициясына Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Ақпаевтың орасан зор үлестері бар екендігі жазылып кеткен. Қарқаралы петиция әсерінен аталмыш зиялы қауым өкілдері: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақпаевтың көмегімен Қазақ арасынан бостандыққа байланысты алғаш Конституция қабылдауды жөн көрді. Петиция авторлары арасынан алғаш рет съезд өткізуді құп көрді. Қазақ арасынан алғаш болып Ә.Бөкейханов мырза Мәскеуде өткен орыс революциясы жылдарында съездге қатысуға мүмкіндік алды.

Съезд барысында Әлихан Бөкейханов баяндама жасап, өз қарамағында 4 млн қазақ бар екенін, қазақ жерінің Сібірден Омбыға дейінгі, Оралдан Алтайға дейінгі, бір көршісі Қытай, бір шеті Ресей екенін, Каспий теңізіне дейінгі аумақты алып жатқанын айтып өтіп, қазақтың мұң мұқтаждарын атап өтіп, қазіргі кезде өз ана тілінің дамуына шектеу қойылып жатқанын, өз жерлерінен айырылып жатқанын жеткізді [3, 87 б.].

Мемлекеттік Думаға Семей қаласы атынан Ә.Бөкейханов депутат болып сайланып, ол туралы «Семипалатинский листок» атты газет бетінде, «Халықтың тілегін орындай алатын, мұң мұқтажын жеткізе білетін бірден бір азамат екеніне сенсек керек деп», Әлихан Бөкейханов туралы баспасөз беттерінен жариялана бастайды. Ол Мемлекет Думада депутат бола жүріп, Еуропадағы, Ресей жеріндегі сайлау барысына, олардың заң алдындағы талаптарына, құқық мәселесіне қарап, өз ойын түйіндейді екен. Осы жағдай қазақтар арасында болғанда, өсімқорлыққа, паракорлыққа, әділетсіздікке әкеп соқтыратынын белгілі жағдай екенін түсіне білді. Заң алдында бәрін тең көретін, сайлауда жеңіске жеткен адам, өз құқығын қорғай отыра, әділетті өмірді қолдаса ғана шын бақыт болар еді дейді, Н.Әшекеева «Ә.Бөкейхан саясат сардары» атты зерттеуінде.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының санасында байлыққа деген көзқарас қалыптасты. Себебі, ұлттың интеллигенциясының өкілдері халықты жаңаша экономиканы меңгертуге шақырды. Мысалы, М.Сералиннің айтуынша: «бұдан былай біздер тіршілік әрекетін жасап, пайда күнемдіктерден үйренуді өнеге қылу керек. Пайдалы жұмыстарға араласып, сауда, шаруашылықтардың түрлерін үйренуді бастау керек.

Мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы көшпелі, отырықшы халыққа күн көрушілік күніне өтетіндігін, және енді қайта келмейтіндігін айтқан. Қалалық жерлерге айтары, қала болғасын қалалық жұрттың жасаған шаруашылықтарын жасау керек... қазақ

кала салуға мойын қойса, біраз өнімнің жемісіне иланады. Себебі, Ақмешіт, Қоқан, Түркістан, Самарқанд, Ташкент маңайларындағы халықтарға көз салсам, миуа жеміс бақтарына ие, күріш пен мақта егуге кірісіп, өмір сүру тіршіліктерін жасап жатырған қазақтарды көремін. Астрахан жағындағы теңіз жағалауларында халықтар балық аулап, балықшы кәсібін жандандырып, Атбасар, Петропавл, Омск жерлерінің қазақтары саудагерлікпен айналысып күн көретінін, оқыған азаматтарымыз мұғалім, дәрігер, инженер секілді қызмет атқарып жатырғандарын көреміз... Жалқаулықтан қашпаңдар, ел қатарлы ғылым мен білімге жармасып, өнер талабына жарысайық!», деген ұсыныстарын жасаған [10, 1-4 б.].

Патша үкіметінің қазақ жерлерін отарлауы барысы бірнеше жерлерді қамтыған болатын. Соның бірі Жетісу жері. Патша үкіметінің жіберген экспедиция барысында зерттелген Жетісу аймағына әскери бекіністер орнатылған. Олар Қапал, Аягөз сияқты мықты бекіністер. Үкімет бұл бекіністер тарапына әскери шараларды жүзеге асырып, қару жарақтары мол әскерлерін орналастырды. Патшалық Ресейдің бекіністер орналастыруының бір себебі қазақтар қоқандықтармен байланысып үкіметке қарсы тұруынан сақтану еді. Ұлы жүз қазақтары да Қоқан қыпшақтарымен бірігіп, «Тойшыбек» бекінісін салған. Олар да бекіністі күзетуге Ұлы жүз қазақтары мен қыпшақ қазақтарын орналастырған. Осы іспеттес саясатынан қорыққан Ресей үкіметі қазақтарға қарсы әскери жорығын азайтады. Тойшыбек бекінісінің салынуы Қоқандықтардың билігі үстем бола бастауы. Ресей тарапынан жіберіп отырған әскери экспедицияға Тойшыбек бекінісін қиратып, қоқындықтарды қуып жіберу тапсырмасы берілген болатын. Міне, осылайша Тойшыбек бекінісі алынып, қазақтарға басқыншылық саясатын жүргізе берді. Ресей одан бөлек Жетісу аймағын да қаратты. Себебі, бұл жер қоқандықтар мен қырғыз ұлтымен, олардың саяси өмірімен өте жақын екені белгілі. Қ.Атабаевтың дерегі бойынша, қазақтар осы маңда өмір сүріп қоқандықтармен, қырғыздармен етене жақын болып, соларға үміт артты [11, 136 б.].

Патша үкіметі қазақтарды басу үшін әскери отрядтар жіберіп, көп мөлшерде шығынға ұшырады. Жетісуда сол 1860 жылдан бастап орыс өктемдігі орнайды. Сондай ақ, Ресей үкіметі кез келген сәтте қазақтардың қарсы тұрып соғысуына дайын болды. «Ерліктерін көрсете білген қазақ ұлтының батырларынан әп сәтте қарсы тұра алатынынан сескенген» патшалық үкіметтің көздері жетті.

Қазақстан территориясына басқыншылық әрекетін жүргізіп отырған Патша үкіметі отралау процесін бірнеше әрекетпен жүзеге асырды. Бұған дейін Ресей империясы басқару формасын өзгерту мақсатын, бірнеше реформаларды шығарып, қазақ қоғамы арасындағы билік жүйесіне шектеу қоюды қатаң бақылауға алды.

Патшалық үкімет XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанның оңтүстік жағын отарлауды бастады. Ұлы жүз өкілдерін толық бағындырған соң, билік жүйесіне орталықтан басқару тәртібін енгізді. Патша үкіметінің бұл саясаты 1867, 1868 жылдардағы реформаларынан байқауға болады. Оның түпкі мақсаты Қазақстан елінің құқықтық мәртебиесінен айырып, отар елге айналдыру.

XX ғасырдың тарихы адамзат қоғамының рухани дамуы мен жаңа дамыған өркениетке қадам басуының алғышарты болды. Әлемдік саясатта қоғамның экономикалық, әлеуметтік озық ойлы қатынастары мемлекеттің ілгері қарай жылжуына Патшалық Ресейдің монархиялық билігі кедергі тигізді.

Осы кезеңде дүниежүзілік экономикалық бәсекелестікте Ресей патшалығы артта қалған елдердің бірі болды. Шикізат пен тауар өндірісі жағынан ірі капиталистік елдердің соңында қалды.

Еліміз Егемендігін жариялап, ел тізгінін ұстаған күннен еркін даму жолында өз еліміздің тарихын жаңаша зерттей бастады. Ескі қалыпта қалған ұлт зиялыларының мұрағат құжаттарындағы еңбектері жанарып, тарихтағы орнына ие болды.

Осы тұрғыда, Манаш Қозыбаевтың, Мамбет Қойгелдиевтің, Кеңес Нұрпейісовтың, Талас Омарбековтың және т.б. белгілі тарихшылардың еңбектері жаңара бастады. Себебі,

еліміз тәуелсіздігін жарияланған күннен бастап тарихта бұрмаланып жазылған оқиғалар қайта жанданып, жанарып халыққа ұсынылуда. Әрбір Қазақстандық тарихшылардың қалың оқырман қауымға ұсынған жер мәселесіне қатысты еңбектері үлкен үлес болмақ [12, 330 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Б.С. Сулейменов. Аграрный вопрос в Казахстане в последний трети XIX и нач.XX вв. Алматы. Изд. АН КазССР. 1963.
2. К.А. Жиренчин. Политическое развитие Казахстана в XIX и начале XX вв. Алматы., Жеті жарғы, 1996.
3. К.Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.
4. М. Құл Мұхаммед. Алаш қайраткері саяси құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы, 1998.
5. Е.Ж. Валиханов. Колонизационная политика Российской империи в Казахстане. Абай. 1999, №1.
6. Б.М. Абдрахманова. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана, 1998.
7. М. Қозыбаев. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, Қазақ университеті. 1992.
8. М. Құл Мұхаммед. Алаш ардагері. Алматы, 1996.
9. М. Қойгелдиев. Алаш қозғалысы II томдық I томы. Алматы, 2008.
10. М. Сералин. Біздің бұрынғы һәм қазіргі хәліміз. \ \ Айқап, 1911. №10.
11. С.М. Мәшімбаев. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Алматы, «Санат» 1994.
12. Т. Омарбеков, Ш. Омарбеков. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004.

ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Кемелбек Г., Гейдарова Г.А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазақстан - әлем сахнасында өзінің біртұтастығымен көзге түседі. Әлем мойындаған Қазақстанда, жүздеген ұлттар мен ұлыстар бір қолдың саласы, бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біздің елді өз Отанындай көретін өзге ұлт өкілдері жетерлік. Қазақ елін әрқашан мақтан тұтып, «бізге сая болған жылы ұямыз» деп бағалайды. Елбасы Конституция кепілі және Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы ретінде ұлтаралық келісімді, бір-бірімен жарастықты әлемдік деңгейге көтерді. Халықаралық сарапшылар Қазақстанның жүзден астам этносты айрандай ұйытып, бір мақсатқа жұмылдырып отырғанына қызығады. Бұның сырын ұғуға өз сарапшыларын жіберіп отырады.

Әлемдегі елдердің басым көпшілігі көпұлтты болғандықтан, әртүлі ұлттардың басын қосып, біртұтастығын сақтау - оның мәдениеттілігінің басты белгісі. Демек, әлем елдерінен қарағанда Қазақ даласының мәдениеті біршама жоғары болып тұрғаны. Алайда, өзге ұлттар бір арнаға тоғыса алмай жатады. Көптеген қақтығыстарға әкеліп соғады. Барлығын бір салаға бағындыру, мүдделерін үйлестіру бұл-үлкен саяси қабілеттілікті талап етеді. Қазақстанның әртүлі қалаларында “Қазақстандағы мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру және этноконфессиялық қатынастарды реттеу” тақырыбында өткен семинар-тренингтердің көздеген бір мақсаты осы болса керек.

Бұндай этноконфессиялар Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым болып табылып, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді. Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі қалыптасты. Қазіргі уақытта Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Қазақстанда тұратын барлық өзге ұлт өкілдеріне өз дәстүрлерін ұстауға, белгілі-бір дәрежеде мерекелерін атап өтуге ешқандай шектеу қойылмаған.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарды біріктіруші басты фактор болып саналатын қазақ тілін одан әрі дамытуға барлық күш-жігерді жұмсау қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Сонымен бірге, елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің өз ана тілінде еркін сөйлеуіне, оқуына және тілдерін дамытуына қолайлы жағдай жасап отыр. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылғы Жолдауында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы ұсынылған болатын. Бүгінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы – қазақстандық бірегейлік пен бірлікті, қоғамдық келісімді қалыптастыратын құндылықтар жүйесіне айналды. Ел ішіндегі татулық пен ұлттар арасындағы достықты насихаттау, оны елге түсіндіру соның негізінде қоғамдық пікірді байсалды қалыптастыру Қазақстан дамуының негізгі кепілі бола алады. Барлық қазақстандықтар ел ішіндегі тұрақтылық пен ұлттар арасындағы татулықты үзбей насихаттау керек, Қазақстан мемлекеттілігінің нығайуы осыған байланысты. Елдегі өзге ұлт өкілдері қоғамдық жұмыстармен айналыса алады. Бұған мемлекет ешқандай шектеу қоймаған. Ұлтаралық келісім – адамның өнегелі тәрбиелілігінің, жоғары мәдениеттілігінің барлық ұлттар мен ұлыстардың ұлттық және этникалық топтардың мүддесімен ортақтастық деңгейінің көрсеткіші. Біздің республикамыздағы ұлтаралық келісім – ең маңызды жетістіктердің бірі және ұлттық мәселелердің ғылыми шешімінің нәтижесі.

Қазіргі әлемдегі мемлекеттер арасында бүгінгі күні ұлттық даму проблемасы, этносаралық қарым-қатынас мәселелері, дін мәселесі өте өзекті болып тұрғаны хақ. Адамзатқа ұдайы өзінің белгілі бір даму сатысында бұрын-соңды шешілген проблемаларды қайта шешуге тура келетінін белгілейді. Этносаралық және дінаралық қатынастың саласындағы проблемаларға толық байланысты екенін атап өту керек. Әлем қоғамдастығы, сарапшылар мен талдаушылар конфессияаралық және этносаралық қарым-қатынас саласындағы проблемалардың нысаны мен оларды шешу тәсілдеріне зер салып қадағалайды, оған түрлі елдердің басшылары мен үкіметі сүйенеді, жалпы алғанда қоғамдық құрылымдар мен азаматтық қоғамдардың тәжірибесін жинақтайды. Сол себептен дінаралық және этносаралық қарым-қатынасты құрудағы оң тәжірибе мен жаңашыл табыстарға жете көңіл бөлінеді. Бұл ретте, осы проблемалардың халықаралық, және де ел ішіндегі деңгейі туралы сөз қозғауға болады. Бір елде басым болған этнос, басқа елде этностық азшылық қатарында болуы ықтимал. Көп этностық мемлекеттер үшін кейде этносаралық келісімді сақтау жіті мәселеге айналуы мүмкін. Қазіргі заманның айтарлықтай барша жанжал-шиеленістің негізінде ұлттық немесе дін факторлары жатыр, деп белгілейді зерттеушілер. Қазақстан Республикасы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынасты сәтті құра алатынын, этносаралық келісімді қолдап, дамыту және сонымен қатар мемлекеттік құрылыстың проблемаларын шеше алатынын бүкіл әлемге көрсете алды, бұның барлығы жаһандану процестерінің тереңдеген және әлемдегі жалпы тұрақсыздықтың үдей түскен, қауіп және қатердің ескісі қайта көрініп, жаңаның қалыптасқан кезінде көрініс тапты. Әрине, әлемде осы проблемалардың шешілуінің өзге де оң мысалдары бар, алайда Қазақстан халқының көп этностық және көп конфессиялық құрамына, еуразиялық географиялық және геосаяси жағдайына, бірқатар әлемдік және

өңірлік державалардың келіспейтін және тіпті қарама-қайшы келетін ұлттық мүдделерінің қатты қысымының зарын тартатын жағдайға, әлемдік қаржы жүйесінің негізін тітіреткен, жаһандық экономикалық дағдарысқа келетін болсақ, Қазақстан Республикасы халық пен басшылықтың табандылығын, күші мен даналығын паш етеді.

Қазақстан зайырлы мемлекет. Осы орайда елде өзге этнос өкілдеріне дінге шектеу қойылмаған, алайда кейбір кездері дін жайлы мәселелер болып тұрады. Осы жайтты мемлекет көшбасшылары, халықаралық шенеуніктер, сарапшылар мен түрлі елдердің қарапайым халқы айқын көріп отыр. Қазақстан Республикасының бастамашыл етуімен БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-сессиясы барысында 2010 жылды «Мәдениеттер жақындасуының халықаралық жылы» деп атау туралы қарар қабылданды. Сонымен қатар, АӨСШК, ШЫҰ, ЕЭК, Ислам Конференциясы Ұйымы қызметінде Қазақстанның атқаратын рөлі зор екені мәлім. Қазақстанның конфессияаралық және этносаралық келісімді қолдап, дамытуда, ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуде және халықаралық аренада әрекет етуші бастамаларды ортаға салудағы табыстылығы, 2010 жылы әлемдік қоғамдастықпен ЕҚЫҰ төрағалық ету ұсынылғанына және 2011 жылы Ислам Конференциясы Ұйымында төрағалық етуіне әкелді. Елдің табыстылығы әрқашанда оның Президентімен байланысты болады, кейде ол толықтай оның еңбегінің арқасында іске асырылады. Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтардың көңілінен түсіп қана қоймай, мемлекет көшбасшыларының және де заманауи әлемнің түрлі елдерінің қарапайым адамдарың құрметіне бөленді. Ел басқарумен байланысты оның күнделікті жұмысы стратегиялық мақсаттарды, тұжырымдамалар мен Қазақстанды дамыту бағдарламаларын әзірлеумен айрықша табыстылықпен үйлеседі. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев этносаралық және конфессияаралық тыныштық пен келісімді қолдамаған жағдайда, келісім сақталмайтына, Қазақстан Республикасында ішкі саясат тұрақтылығын сақтау міндеттеріне әрдайым көңіл аударады. Сол себептен Қазақстанда ұлттық бірлік пен діни бейбітшілікті сақтау міндеттері Қазақстан Президенті үшін басымды міндет болып табылады. Өзінің зерттеулерінде, кітаптарында, Қазақстан халқына Жолдауларында, Қазақстан халқы Ассамблеясы сессияларында, әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының съезінде сөйлеген сөздерінде, мақалаларда, сұхбаттарында Н.Ә. Назарбаев этносаралық және конфессияаралық келісім тақырыбына, рухани келісімді бекітудің өзекті проблемаларына тұрақты түрде оралып, Қазақстан Республикасының үкіметі, жергілікті мемлекеттік органдар, қоғамдық құрылымдар, жастар ұйымы үшін түйінді болып табылатын осы мәселелерді қолдау қажеттілігінде зейін аударады. Қазақстандық және әлем жұртшылығының назарына ұсынып отырған кітапта құрастырушылар түрлі деңгейлер мен маңыздағы материалдарды жинады. Оларды Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық қатынас тақырыбы біріктіреді, және де Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тұлғасы қазақстандық қоғамда тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі және этносаралық пен конфессияаралық келісімнің қазақ моделінің негізін салушысы екені күмәнсіз.

Әдебиет

- 1) URL: <https://www.mfn.kz>
2. URL: <https://e-history.kz>
3. URL: <https://www.apa.kz>
4. Н.Ә.Назарбаев. Татулық тұтқасы, бірліктің бесігі// Егемен Қазақстан,19 сәуір, 2001ж
5. URL: <https://www.wikipedia>

THE FORMATION OF THE CULTURAL CODE OF THE NATION, THE IMPORTANCE OF TOYS IN THE FORMATION OF PERSONALITY

Ким А., Билтекенова Г.Б

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

The cultural code of the nation helps to understand its behavioral reactions, determines the people's psychology. The national code is our national identity, a feature of our culture. For example, Japanese culture for the whole world has become a cult; everyone knows kimono clothing, wrestling, Japanese tea drinking, and behavior.

Formation of personality through toys as the cultural code of the nation

The novelty of the study: a toy is an instrument for raising a child. And it must correspond to the culture of the people. For example, the image of Barbie and the image of the Kazakh girl differ significantly from each other. Although, these toys are so long in our markets that our girls are becoming like these Barbie's. And now the new trend is the dolls of Monster High, you know what awaits us in a few years, what the future generation will look like. I think it's time to reflect on the future generation. 3D puzzles have a large number of analogues of world architecture, it's wonderful that children learn from them and know the world architecture. It will be much more interesting for a child to collect a building he knows. At the same time he will know the parameters of the structure, its history and if given the right direction, then after the assembly it will be proud that, he did, will love this toy, accordingly love its city, its president.

Kazakhs always had their own characteristics. For example, only Kazakhs know how to distribute meat in accordance with the status of kinship. This is our tradition. Making koumiss: how it is served, and the clothes of the Kazakhs, farewells to the bride or meeting the bride in the groom's house is also a beautiful cult. These are the features of our culture, which are in no way inferior to either the Japanese or other peoples of the world.

After the famine of the 30th, the spirit of the Kazakhs was broken, the color of the nation was destroyed, and before that the entire national elite was eliminated. This cultural code was broken. Therefore, we reap the worst fruits of genocide, ethnocide, combined. The latest information about the famine is just beginning to reveal the full scale, the entire volume of the tragedy, when the Kazakhs lost almost 80 percent of their numbers. A person who is hungry for one day, you cannot ask for advice for more than one year. When a person is starving, he loses his mind. We are the people who once lost their reason, having lost their code; we are just starting to rebuild ourselves.

The leaders of the "Alash" party understood that the people should not be deprived of property. The presence of one ram was also a motivation for the development of the economy. And the Bolsheviks deprived the man of this opportunity, deprived of the right to property. For the first time years of independence, the President of Kazakhstan said that the most important guarantee of the development of society is the guarantee of private property, says the director of the scientific research institute "Alash" Zhusip Sultanhan Akkuuly.

Cultural code-content, properties, signs, features; the specificity of the code of each nation was and is always. It's another matter whether it was sounded on such a scale as today, at such a high level as in the text of the President's Address to his people. The code of the nation is the interior of this nation, this is the key that you open, and you enter the soul, into history, into life, into the heart of this people.

The code of the nation, we mean the social psychological state, the cultural inner content of this nation, which is expressed primarily by its language. And to access this cultural code of the nation - you need to have the keys to get on this cultural code of the nation and enjoy its property. And the key to discover the code of the nation, above all: is in national education. The second way to get the key to the nation code is knowledge, both general and professional.

And the third key to the nation code is culture. In this sense, you can imagine the content, all the power, all the depth, all not just specificity - the elegance of our people. I admire the code of the nation of the Kazakhs, not everyone is lucky to find this key, to this cultural code. Thus, the key to the cultural code, to the heart of the people lies through the language, upbringing and culture of this nation and these needs to be developed from infancy. The development and production of domestic 3D puzzles is to shape the children's love for their homeland, their culture, to bring up a forgotten feeling of patriotism. On the personal level, patriotism is the most important stable characteristic of a person, expressed in his worldview, moral ideals, norms of behavior, which must be educated from early childhood.

The cultural code of the nation in toys: first experience In Kazakhstan, there is practically no own production of goods for children. The import level is 98 percent. There are some clothes, some shoes. Toys are practically not manufactured. It was not today or even yesterday. If you are a parent, you probably noticed that, in our market, there is no domestic children's products, although sales are on average \$ 1.5 billion and grow on average by 15-20%. And only 2% of the market covers domestic products - it's a bit of children's clothes, shoes and 20% of these 2% for the share of toy products (Ball-ball and several small enterprises that make plastic machines). The market is jammed with export, half of which are smuggled goods. Many goods do not meet sanitary standards and are not educational.

A toy is an instrument for raising a child. And it must correspond to the culture of the people. For example, the image of Barby and the image of the Kazakh girl differ significantly from each other. Although, these toys are so long in our markets that our girls are becoming like these Barbies. And now the new trend is the dolls of Monster High, you know what awaits us in a few years, what the future generation will look like! I think it's time to think about the future generation! There are many toys on the market that bear a negative impact on the upbringing and psychology of the child.

The concept of "national revival" implies the improvement of national self-awareness. "It has two sides: First, it is necessary to expand the borders of national self-consciousness, secondly, while preserving the national essence, to change some of its manifestations," wrote the head of state. "Life has shown that this is a fundamentally wrong approach, in fact, every region, every state forms its own model of development", the President believes.

The toy is the constant companion of the child from the first days of birth. She specially creates an adult in educational purposes, to prepare the baby for entry into public relations. The toy stands for the child as an object of fun, entertainment, joy, and at the same time it is the most important means of mental development. All his life a person learns something, drawing new knowledge from the outside world. Adult people realize the importance of education, but little children are not yet. Therefore, they learn the world through the game. Do not underestimate the role of toys in this process, because through them children make an analysis of events, develop logically, separate objects from others and so on.

In the childhood of boys usually there are cars, robots, various designers. These toys develop not only logic, but also indicate the ability of your baby. Do not scold children for dismantling and collecting toys. So they learn about modeling, design or construction.

National traditions, our language and music, literature, customs, in a word, the national spirit must remain with us forever. Abai's wisdom, Auezov's enlightenment, Jambyl's poems, Kurmangazy kui, legends of ancestors that have survived through the ages are only one part of our spiritual culture, the head of state wrote. Of course, the president was right to know the history of his native land and to be proud of him in his message to Ruhani Zhangyru.

On the wound of toys we see that there are no toys that would give children a national upbringing there are no doll toys in national dresses or in the place of this we see the dolls of Monster High or Barbie who have nothing to do with the image of a Kazakh girl or dzhigits on horses matching the spirit Kazakh.

A lot of 3D puzzles of world architecture, of course, it's good that children know the world architecture, well, it would be nice to saturate the market with our modern and historical

architecture to educate and develop children through their culture. MarkArt Company decided to fill this niche and develop a series of 3 puzzles of modern architecture in Kazakhstan. During independence, a new capital has appeared in Kazakhstan, with beautiful modern architectural structures that delight the eye. And we decided to develop puzzles for our architectural art.

Firstly, we developed the 3D puzzle of Akorda from the series "Modern architecture of Kazakhstan", then we want to launch the series "History of the Kazakhstani steppes". Few people know that in Kazakhstan in the VIII century in the city of Otyrar there was a central sewerage, there were first analogues of toilet bowls and baths. Many things are proved by archaeological finds, which makes our history interesting and what the Kazakh people could be proud of. We were deprived of our history for many years.

In the puzzles of the series "History of the Kazakh Steppes" children will be able to see the historical buildings of Turkestan - the mausoleum of Khoja Ahmet Yasavi, Karakhan in Taraz, will be able to build old cities in 3d puzzles and learn the history through these toys and develop their spatial thinking through the history of their people.

The upbringing of the cultural code in the child is the upbringing of the patriotism of the future generation. Patriotism is a love for the Motherland, loyalty to its people, the desire to serve its interests and readiness, to protect it. On a personal level, patriotism appears as the most important stable characteristic of a person, expressed in his worldview, moral ideals, norms of behavior. Patriotism is the moral basis for the viability of the state and acts as an important internal mobilizing resource for the development of society, an active citizenship of the individual, readiness to serve his People. A person who knows his history, honors his language and traditions is bound to become a patriot of his homeland, so national toys are important for the formation of the personality of children for the upbringing of a decent generation of the state. Kamagan Zhumakasova, the head of the culture and development fund "Ulagat" confirms: "The cultural code of the nation consists of three keys: language, national education and culture of the people. In this sense, one can imagine the content, all the power, all the depth, all the specifics, and the elegance of our people!" Anyone who finds these three keys will admire the code of the nation of the Kazakhs, not everyone is lucky to find the key to this cultural code!

References:

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/Культурный_код
2. <https://ok.ru/krqkz/topic/67059755278411>
3. <https://www.altyn-orqa.kz/materialnaya-kultura-kazahov-v-hv-xviii-vekah/>
4. <https://lektsii.org/3-12640.html>
5. <https://infourok.ru/>

ПРОБЛЕМЫ УСТАНОВЛЕНИЯ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА МЕДИЦИНСКИЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ

Ким Э.Ю., Исаева Ж.А.

Кызылординский Государственный Университет Им.Коркыт-Ата

Охрана жизни и здоровья в Республике Казахстан, возведенная в конституционный ранг (ст. 29 Конституции РК) и приоритетно защищенная законом, определяет повышенные требования к профессиональной деятельности медицинских работников и необходимость четкой регламентации их ответственности за причинение вреда жизни и здоровью граждан в результате недобросовестного отношения к профессиональным обязанностям.[1] Одной из форм гарантии конституционного положения служит установление уголовной ответственности в главе 12 Уголовного Кодекса Республики Казахстан - Медицинские Уголовные Правонарушения.[2]

Медицинские уголовные правонарушения и медицинская уголовная ответственность, все еще является актуальной и представляет значительную юридическую проблему. Приходится констатировать, что нарушение профессиональных обязанностей медицинскими работниками имеет место, и нельзя сказать, что на практике мы имеем дело с единичными подобными случаями. Так, по данным статистики Комитета по правовой статистике и специальным учетом Генеральной прокуратуры Казахстан на 2019 год поступило 474 медицинских правонарушений, из них 333 зарегистрировано, направлены в суд 10 [3], все остальные прекратились в связи со ст.34 Уголовно-процессуального Кодекса Республики Казахстан.

Медицинская помощь охватывает огромное количество лечебных, профилактических и иных мероприятий, которые должны проводиться в сочетании с высокими требованиями к качеству выполняемой работы. В руках врачей самое ценное — жизнь и здоровье. Повышенные требования к их профессиональной деятельности вполне обоснованы, а поэтому наряду с общественным осуждением и порицанием недочетов, ошибок и упущений, оправданно привлечение медицинских работников к юридической ответственности. Но сделать это чрезвычайно трудно, ибо специфика ответственности медицинских работников обусловлена особенностями профессиональной медицинской деятельности, которая не может быть абсолютно ясной и предсказуемой не только для общества, но даже для самих врачей. Вполне возможна ситуация, когда в ходе оказания медицинской помощи здоровью пациента причиняется ущерб при добросовестном отношении врача. [3]

Причиной тому может служить недостаточное развитие медицинской науки, индивидуальные особенности организма, которые врач не мог учесть. Осложняет ситуацию и отсутствие возможности законодательно урегулировать процесс внедрения новых технологий, средств и методов лечения в медицинской сфере, так как она, как никакая другая, подвержена постоянным изменениям и совершенствованию.

Более того, подобного характера деяния влекут и общественно опасные последствия, такие как вред здоровью различной тяжести, а то и смерть человека. В то же время важнейший принцип уголовного права о неотвратимости наказания за общественно опасные деяния подобного рода далеко не всегда соблюдается. Следственно-судебная и судебно-экспертная практика свидетельствует об объективной сложности таких дел. В определенной степени это связано с проблемами поиска, закрепления и оценки доказательств по уголовным делам о профессиональных преступлениях. В то же время наиболее существенные трудности вызывает оценка состава преступления в действиях медицинского работника. Возможности же судебно-медицинской экспертизы при этом используются далеко не в полной мере. [4]

В научной литературе ряд авторов раскрывают понятие медицинских правонарушений, как «совершенное медицинскими работниками, в нарушение профессиональных обязанностей, умышленные или неосторожные общественно опасные деяния (действия или бездействия), причинившие вред здоровью или жизни человека, либо создавшие реальную угрозу причинения такого вреда» [5]. Элементы состава уголовного правонарушения, применимого медицинской деятельностью, имеют определенные специфические черты.

Объектом медицинского уголовного правонарушения является жизнь и здоровье гражданина (потерпевшего), охраняемые Конституцией и всем в совокупности законодательства Республики Казахстан.

Объективная сторона медицинского уголовного правонарушения в данном случае, включает в себя обязательное наличие неблагоприятного результата медицинской услуги, вида, сущности и степени тяжести причиненного вреда.

Субъектом медицинского уголовного правонарушения выступает медицинский работник, обладающий положенными законом правами и обязанностями, в том числе,

обязанный иметь соответствующий уровень профессиональных знаний и навыков, и чьи действия (или бездействия) повлекли отрицательные для пациентов последствия.

И, наконец, субъективная сторона медицинского уголовного правонарушения - это цель и мотивы субъекта уголовного правонарушения, а, также наличие в действиях медицинского работника вины в виде умысла или неосторожности.

Установление причинно-следственной связи между деяниями, определяющих отрицательных последствий, имеет важное значение при развитии доказательственной базы уголовного права. Указанные отношения составляют конструкцию посягательства, важные признаки которого определяют понятие причинно-следственной связи как признака объективной стороны конкретного медицинского правонарушения.

Практика судебно-медицинской экспертизы Республики Казахстан, свидетельствует о том, что при расследовании медицинских уголовных правонарушений возникают значительные трудности, поскольку выявление причинной связи между деянием медицинского работника и наступившими неблагоприятными последствиями затрудняет дальнейший ход расследования. При определении причинно-следственной связи как части объективной стороны неосторожного преступного деяния, необходимо учесть следующие обстоятельства:

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасқаннан кейін Мұстафа Шоқай тақырыбын зерттеушілерді оның немістермен қарым-қатынасы қандай сипатта өрбігені көбірек мазалады. Түркістан халықтары ұлттық тәуелсіздігінің ұлы күрескері және идеологы Мұстафа Шоқайдың ісі мен болмысынан қандай бір мін табуға тырысушылық көбіне кеңес тұтқындарына сатқындар ретінде қараушылыққа тікелей байланысты болды. Кеңестік насихаттың әсерімен, әсіресе, С.Шәкібаевтың «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітабын оқыған аға ұрпақ санасында қалыптасқан теріс стереотип М. Шоқайды Түркістан легионымен шатыстырады. II дүниежүзілік соғыс тарихын тек кеңестік фильмдер көріп, партия ықпалында жазылған тарихи романдарды, оқулықтарды оқыған мұндай пікірлердің авторлары соғыстың бастапқы кезінде қалыптасқан күрделі жағдайды және тұтқындар құбылысын тудырған басқа да факторларды еске алумен басын қатырмайды.

1941 жылдың жазы мен күз айларында кеңес әскерлерінің барлық майданда бірдей аса ауыр жеңілістерге ұшырауы кеңес солдаттарының неміс тұтқынына қалай түскенін, әсіресе, мұнда адами фактордың маңызды рөл атқарғанын анықтайды.

Соғыс басталғанда Мұстафа Шоқай зайыбы Мария Шоқаймен бірге Парижге жақын жердегі Ножан-сюр-Марн қаласында тұрып жатқан еді. Бірнеше күн өткеннен кейін неміс жауынгерлері келіп, М.Шоқайды өздерімен бірге алып кетті. Соғыс басталардан бір жыл бұрын Уали Каюм-хан М.Шоқайға профессор фон Менденің сәлемдемесін алып келген болатын. Фон Менде Түркістан халықтары тархымен айналысып жүрген зерттеуші болғандықтан М.Шоқайдан құнды мәліметтер алуды мақсат етті. Сол себепті Берлинге шақырған болатын. Кеңес Одағына қарсы соғыс жариялаған күні-ақ немістер Парижде тұрып жатқан 300-ге жуық Ресейден келген эмигранттарды Компьен қорғанына орналастырды [1, 198 б.]. Солардың ішінде М.Шоқай да бар болатын. Мария Шоқайдың естеліктері арқылы біз Мұстафа Шоқайды әскери адамдардың 1941 жылы тамыз айының басында Берлинге алып кеткенін білсек, осы ретте тарих ғылымдарының докторы Г.Көкебаева өз зерттеулерінде М.Шоқайды Парижден тұрандық тұтқындар мәселесін талқылау үшін Шығыс министрлігі алдырғанын жазады. Мұстафа Шоқай аралаған Сувалки, Деба, Дебица, Ярослав, Пагеген, Лемберг, Эбенрод тұтқындар лагерьлеріндегі қазақ, қырғыз, өзбек аарсында татар, башқұрт, тәжік, орыс, т.б. ұлт өкілдерінен тұратын тұтқындардың көпшілігінің 1939-1940 жылдардан бері әскерде екендігі көрсетілген.

1941 жылдың маусым айынан бастап кеңестік әскери тұтқындар орналасқан неміс лагерьлерін аралауға арнайы комиссия құрылады [2, 145 б.]. Бұл комиссияның құрамында М.Шоқай да бар. Комиссияның мақсаты – лагерьлерді аралау арқылы тұтқындардың соғысқа қажеттілігін анықтау. Бұл дегеніміз – тұтқындардың тізімін жасау, олардың тұтқынға түскенге дейінгі қызметін анықтау, жұмысқа қабілетті жастарды дайындау, ең бастысы, тұтқындарды Кеңес Одағына қарсы соғысқа пайдалану болатын. М. Шоқай өз кезегінде әскери тұтқындарды Кеңес Одағына, яғни, өз Отанына қарсы соғысқа аттандыруға мүлдем қарсы болды.

Комиссия 1941 жылы 26 тамыз күні Ганофер маңындағы Орбке және Берген-Белсен тұтқын лагерьлеріне қарай жолға шықты. Шоқайдың Берлинде бір жарым ай жатып тебіреніспен күткен тұтқындармен кездесу талабы ақыр-соңында жүзеге асатын болды. Бірақ, лагерьлерге барғанда Шоқай, сұмдық бір жағдаймен кездесті және бұл оның көңілін су сепкендей басты. Лагерьлерде тұтқындар аса қиын жағдайда, дәлірек айтқанда, өмір мен өлім арасында арпалысып жатқан еді. Осылайша, Шоқай лагерлердегі алғашқы күннен-ақ Түркістанның саяси құқықтары үшін кеңестерге қарсы нацисттермен бірігіп күресудің мағынасыз және тіпті зиянды екендігін аңғарды.

М.Шоқай соңғы екі жылдан бері соғыс жағдайында әлеммен байланыссыз өмір сүріп келе жатқан еді. Осы себепті Түркістандағы соңғы саяси оқиғалардан бейхабар еді. Ең маңыздысы Түркістанда жиырма жылдан астам уақыттен бері, кеңестік тәлім-тәрбиемен өсіп келе жатқан түркістандықтарда қалыптасқан жаңа саяси және мәдени көзқарастардан хабарсыз еді. Сол себепті немістердің қолына тұтқын болып түскен түркістандық әскерлермен кездесіп, олардың ұлттық мәселелердегі ой-пікірлерін біліп алу қажет болды. М. Шоқайдың түркістандық тұтқындардан әскер жасақтап, оларды немістер жағында соғысу үшін майданға аттандыру дегенді тіпті ойына да келмегені, оны аузына да алмағаны көптеген деректермен, кеңестік және неміс құжаттарымен расталады. Сувалки лагеріндегі түркістандық соғыс тұтқындары алдында «жүрегі қан жылап» тұрып сөйлеген сөзінде: «Менің ең басты мақсатым сіздерді біздің болашақ отанымыз – Түркістанды құруға қажетті мамандық алу үшін түрлі жұмыстарға орналастыру болып табылады» дейді.

Германияның «Саяси мұрағатындағы» Түркістан легионының құрылуына қатысты 1941–1942 жылдардағы бұйрықтарда, есепті баяндамалар, анықтамалықтар т.б. құжаттарда да М. Шоқай есімі мүлде аталмайды. Немістер М. Шоқайды сенімді адамдар қатарына қоспайды, оған келетін хат-хабар ыждағатты тексеруден өтіп отырады.

Мұстафа лагерлерді аралап жүргенде отыз бес мұсылман тұтқынның тек сүндетті болғандықтары үшін атылайын деп тұрғандығын көрді. Ол дереу араша түсіп, тұтқындарды ажал аузынан алып қалды. Сондай-ақ, алдағы уақыттарда да бұған ұқсас қателіктерге жол бермеу үшін, бұл мәселе жөнінде неміс басшыларын хабардар етуге тырысты. Шығыс министрлігі, неміс қарулы күштері қолбасшылығы және СД өкілдері қатысқан бір жиналыста, мұсылмандардың сүндетке отырғызу дәстүрі туралы мәлімет берілді. Бұл мағлұматты кімнің бергендігі туралы ешқандай дерек болмаса да, Шоқайдың бұл жиналыстың өткізілуінде үлкен ықпалы болуы әбден мүмкін. Неміс ғалымы Мюхлен, 1941 жылдың тамыз айынан бастап сүндетті болғандықтары үшін мұсылмандарды атып тастау оқиғаларының сирегенін айтады.

М.Шоқай түркістандық соғыс тұтқындары орналасқан неміс лагерьлерін аралағаннан кейін біршама өзгерістер орын алады. Бұл туралы М.Шоқай 1941 жылы қараша айында зайыбы Мария Шоқайға жолдаған хатында «Түркістандық тұтқындармен кездесуім көп нәрсені өзгертті. Жазғандарымда жаңылмаппын. Тұтқындар арасынан туысқанымды да тауып алдым. Үйге келген соң оны қасыма алуға тырысамын. Жұмыс көп, жалғыз өзім бәріне үлгере алмаймын, көмекші керек» [3, 120 б.], - деп жазады. Алайда М.Шоқайдың зайыбына жолдаған кейінгі хаттарының мазмұны да, сөз сарыны да өзгере бастайды. Соғыс тұтқындарының шегіп жатқан азабы мен жанаярлық халдерін баяндап: «Бұл бейшара, жазықсыз жандар қорлық кешуде. Сәл нәрсеге жазықты болып, ату жазасына кесіліп жатыр. Сақырлаған аязда тұтқындар жаңбыр мен қардан қорғану үшін қолдарымен шұңқыр қазып жатыр» [3, 124 б.], - деп жазады. Оларға көмектесе алмай, әбден қиналып, қатты қайғырғаны байқалады.

М.Шоқай түркістандық әскери тұтқындар орналасқан лагерьлерді аралау барасында жазылған өзінің жазбасында: «Әскери тұтқындардың өздерін адам ғұрлы көрмей, сұраусыз атып тастай беретіндігі туралы шағымдарын естіп, мынадай мағынадағы сөздермен жұбатқан болдым», - деп келесі мәтінді жазады: «...Совет үкіметі әскери тұтқындар туралы халықаралық келісімге кезінде қол қоюдан бас тартқан болатын. Сол арқылы тұтқын деген ұғымның өзін заңнан тыс қалдырды. Советтік Ресейден жеткен мәліметтерге қарағанда, большевиктер тұтқын немістерді айуандықпен зәбірлеп, қол терілерінен қолғап алып жатқан көрінеді. Германия болса, мұндай көлемде тұтқын болатынын ойламаған, оларға алдын ала тым болмаса барактар да дайындамаған» [4, 87 б.], - деп жазады.

Мұстафа Шоқай Эбенродта әскери тұтқындардың арасынан бөліп алып, дербес тұтқындалған 40 түркістандықты көрген. Тұтқындар қолына түскен жануардың ажал алдындағы міскін халын елестеткендей болады. М.Шоқай олардан «Сіздерді не үшін

мұнда бөлек орналастырған», - деп сұрағанда олардың бәрі бір ауыздан «білмейміз» деп жауап берген. Біразының үні көз жастарына тұншыққандай, дауыстары құмығып шығады. Оларды мұнда не үшін отырғызғандарын өзгелер де білмейді. Лагерь әкімшілігі бұл жөнінде ешқандай түсінік бермеген. Егер олар коммунист белсенділіктері үшін отырған болса, лагерь әкімшілігі оны жасырмас еді, бірден-ақ айтар еді. Басқа тұтқындар оларды еврейлер ме екен деп отырғызған болуы мүмкін деп есептейді. Бірақ олар тым айқын, тіпті біршама түрі өзгерген азиаттық тип. Мұстафа Шоқай оларды немістер «большевиктік жұкпалы дертті тасымалдаушылар – осылар» деп көрсету үшін бөлектеді деп ойлаған. Германияда әр кеш сайын кино басталар алдында экраннан осындай нәрселер көрсетілетін. Оны күн сайын миллиондаған адам көріп жатты. Бірақ М.Шоқай осы жайттың мәнісін не екенін біле алмаған.

Мұстафа Шоқай 1941 жылдың 26 тамызынан 9 желтоқсанына дейін Дебица, Сувалки, Лемберг, Ярослав, Деба, Просток, Эбенрод, Погеген, Ченстохов және басқа да неміс лагерлерін аралайды [5, 98 б.]. Олардағы жалпы мобилизация бойынша майданға алынған түркістандық тұтқындардың онынан тоғызы винтовканы қалай ұстап, қолдануын білмейтін болып шығады. «Тіпті кәсіби қызыл әскерлердің біраз пайызы винтовканы білмейді. Өте көп түркістандық тұтқындар әскери қызметті әскери саптан тыс ретте: арбалы керуенде, ат бағушы, аспазшы ретінде, қоймада, интендеттық жұмыста өткізеді», - деп жазады Мұстафа Шоқай. 1941 жылы Сувалки, Вустрау және Ченстохов концлагерьлерін аралағаннан кейін Мұстафа: «Сталин мен Гитлер – екеуі де жауыз» деп жазады. Егер 1935 жылы Мансур Умидовқа жазған бір хатында: «Мен Германияда жиі болып тұрамын. Онда өмір сүру жақсы емес. Немістерге қиын. Бірақ осынша қиыншылыққа төтеп беріп, көтеріңкі рухын жоғалтпау үшін немістер секілді аса ерекше тәртіпті халық болу керек» деп жазса, көп ұзамай ол пікірін өзгертіп, өзінің куә болған оқиғаларының әсерінде отырып : «Сіздер, немістер, өздеріңізді Европаның ең өркениетті және мәдениетті халқы ретінде көресіздер. Егер, сіздердің мәдениеттеріңіз менің осы көргендерім болса, мен де сіздердің дәл осы тұтқындарша ауыртпалық және апатпен әдіре қалуларыңызды тілеймін. Сіздер ХХ-ғасырда, Шыңғыс ханның ХІІ-ғасырда жасағынан да бетер зұлмат жасап жатырсыздар.»-деп жазды. Ол бұл хатын, Уәли Каюмға неміс тіліне аудартып тиісті офицерлерге тапсырды.

М.Шоқайдың түркістандық әскери тұтқындармен бетпе-бет кездесуі, тікелей әңгімелесуі оған – лагерь өмірінің нағыз шындығын, сұмдық көрінісін ашып берді. Әскери тұтқындар өздерінің хал-ахуалы жайлы жасырмай ашық айтып, бұл жердегі жағдайлары тіршіліктен күдер үздіріп отырғандықтарын білдірді. Бұл жердегі тұтқындар Мұстафа Шоқайға «Бізді қайтадан Ярославға жіберуін сұрасаңыз екен, ол жақтан алып келгеніне үш-төрт апта болып еді» [6, 123 б.], - деп жалына өтініштерін білдірді. Түркістандық әскери тұтқындардың әңгімелеріне қарағанда, мұнда келген 40 мың адамның 25 мыңы ғана қалған. Басқасы түгел өлген.

Түркістандық әскери тұтқындар М.Шоқайдың ойынша, Германия қолындағы аса маңызды капитал болып табылады. Мыңдаған түркістандықтарды оларға тағдырдың өзі жеткізіп отыр. Бұл әскери тұтқындар арасында большевизмнің бітіспес қарсыластары жеткілікті. Олардан жаңа демократиялық әлемдік тәртіп жолындағы тамаша күрескер-насиахатшы мамандарды даярлауға болатын. Алайда жағдай өзгермесе, кино экрандарынан ортаазиялық жабайыларға қарсы үгіт жалғаса берсе, оның нәтижелері Дебица лагеріндегі оқиғаларға әкеліп соқтырып отырса, «мұның салдары біз үшін ғана емес, біздің халқымыз – біздің еліміз үшін де қатерлі ме деп қорқамын» [6, 130 б.], - деп жазады М.Шоқай. Мұстафа немістерге түркі тілдес кеңестік тұтқындарды майданға жібермеуге кеңес берді. Оның орнына оқуларын аяқтамай жатып, Кеңес армиясы қатарында соғысқа айдалып, тұтқынға түскен жастарды білім алуларын жалғастырулары үшін оқуға жіберулерін, ал, басқа тұтқындардың болса майдан тылында жұмыс істетілуін ұсыныс етті.

1948 жылдың 18 маусымында КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі өзінің Берлиндегі 4-оперативтік секторының 2-бөліміне «М. Шоқайды әшкерелеуші материалдар» табу жөнінде құпия түрде сұрау салады. Осы тапсырма бойынша жаңағы құрылым «Берлиннің СВ оперативтік-анықтамалық картотекасында ондай мағлұматтар жоқ» деп жауап береді. Олай болса, М. Шоқайдың фашистік Германияға ешқандай да қызмет істемегендігі, Шығыс министрлігімен қарым-қатынасын өз мүддесіне, Түркістанның тәуелсіздігі идеясына орай пайдаланғысы келгендігі жөніндегі уәждердің шындыққа толық сәйкес екендігін айтуымыз керек. Қорыта айтқанда, М.Шоқай түркістандық соғыс тұтқындарын бейбіт мамандықтарға ғана ұсынады, ол бірде-бір адамды әскерге ұсынған жоқ. Түркістан легионына тұтқындарды іріктеу 1942 жылы басталады, ал Мұстафа Шоқай 1941 жылы 27 желтоқсанда қайтыс болады. Ендеше түркістандық тұтқындарға көмек қолын созып, олардың тірі қалуы үшін Мұстафа Шоқайдың терең гуманистік қадамын сан-саққа жүгіртуге ешбір негіз жоқ. Мұстафа Шоқай есімі және оның тұтас Түркістан идеясы түркі халқымен мәңгі бірге өмір сүреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Есмағамбетов К. Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. – 504 б.
2. Садыкова Б. И. Мустафа Чокай в эмиграции. Алматы: «Мектеп», 2011. – 248 с.
3. Садыкова Б. История Туркестанской легиона в документах. – Алматы: Қайнар, - 2002. – 204 с.
4. Көкебаева Г.К. Германия – Россия – СССР: политика, война и плен. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 345 с.
5. Бақыт Садықова. Мария Чокай. Я пишу вам из Ножана. – Алматы: «Санат» 2002, 140 б.
6. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ. Исахан. – Алматы: «СаҒа» баспасы, 2006. 1-том. – 424 б.

PRO AND CON OF DISTANCE LEARNING EDUCATION IN TERMS OF EMERGENCY SITUATION

Қарабек Г., Садыбекова С.І.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

ABSTRACT

Theme of the scientific paper: Pro and con of distance learning education in terms of emergency situation

Purpose of the study: Based on the monitoring of opinions of the Korkyt Ata Kyzylorda State University students, to reveal the advantages and disadvantages including its convenience for students in terms of the emergency situation.

Applied methods: Application of comparative method of pro and con of distance learning and a method of monitoring by using questionnaire to find out social inconvenience (based on review outcomes of the 4 course students of the Korkyt Ata Kyzylorda State University)

Result: After reviewing the distance learning education in our country, both comparative characteristics of online education in the world and in our country and the facts and arguments of the online education system by overviews of politics have done. In the course of the study, we studied the pros and cons of this type learning and their availability to students demonstrating that learning in distance conditions requires many arrangements and readiness including technical aspect such as the network access or distance location of students. On a whole, we

concluded that distance learning education created in terms of emergency situation is quite available for students of the Korkyt Ata Kyzylorda State University and is under successful implementation presently.

It is common knowledge that presently everyone is under a concern on the global problem of the world -Coronavirus COVID-19 as its affects are alarming throughout the universe. Education and learning is also affected badly throughout the diseased regions. In this emergency situation a great majority of educational schools, institutions, universities and other professional organizations have converted their various activities to distance learning/education environment.

Distance learning is basically a way of disseminating knowledge, where the educators and students are separated in distance or time or even both. Undoubtedly, distance learning offers wide variety of opportunities to students to attain higher education, but it is not all about benefits and advantages indeed. The distance mode of education offers students the flexibility to decide, what they want to learn, when they want to learn, at what pace they want to learn and what they would like to learn. So, with such flexibility, distance learning is soon becoming the most favored choice and open learning method for students today, especially for working professionals.

According to the information, secondary education schools are fully closed in 107 countries today. This means that 861 million students have stopped education. In addition, in some cities of 12 countries, secondary education schools do not work. In this case, there is a mission in front of a number of countries to reduce this process and create an opportunity to provide continued education [1].

Moving to remote education system for the domestic education system is a great test. Particular such side of learning can prevent many problems of education and communication in pandemic circumstances.

More than 300 million students worldwide are having their education disrupted by the spread of Coronavirus. Schools and universities haven't faced this level of disruption in generations, but unlike any time in the past, we have the ability to continue education even when schools close.

Learners, teachers and families are at the heart of everything Pearson does and we are committed to helping everyone have positive learning experiences, whether online or in school.

In this uncertain environment, it's important that learning continues, even if it can't happen in person. That's why we're providing access to expert faculty, best practices, and other online learning resources for people who are studying, teaching or working remotely. We'll be updating this site regularly with even more helpful resources.

Use of educational sites and internet resources will be free of charge during the emergency situation. Ministry of education and science of the republic of Kazakhstan, ministry of digital development, innovation and aviation industry and the largest communication operator of the country have signed such cooperation.

In this way, free access to 24 educational resources presented by the Ministry of education and science was provided with free access of Kazakh people.

Due to the spread of coronavirus, Kazakhstani schoolchildren went on an early vacation from March 16 to April 5. From April 6, the educational process was continued in a distance format. The Minister Askhat Aymagambetov spoke in more detail about this during an online meeting.

We conducted an analysis of countries that moved to online learning in January-February (167 countries moved to distance learning). After studying their experience, we settled on methods acceptable to Kazakhstan [2].

In some countries, they deal only on TV, but our country have developed and implemented several options to make it convenient for everyone and distance learning was under implementation on:

- TV channels as "Balapan" and "El Arna";
- "Kazakh radios";

- Kazpost;
- Internet - online training through Zoom and other programs;
- distance learning using specialized sites and instant messengers.

It is necessary to differentiate distance learning and online learning:

- online is a live broadcast, a selector mode, when a teacher and his 25-40 students in real time study here and now;

- Distance learning is through online platforms, but not online.

method of distance learning to choose?

Two million Kazakhstani children live in cities with Internet access. But not everyone has a computer and the ability to connect to the Internet. Therefore, we transferred 130 thousand units of computer equipment for temporary use to children. If someone does not have a computer, you need to connect TVs and radios.

It must be remembered that the lessons on “Kazakh radios” are an additional resource. For example, math on the radio is hard to learn, but other subjects are possible. Therefore, this type of communication will not be superfluous.

500 thousand children live in villages. We invite them to study on the educational platforms Bilimland, Daryn and "Kundelik".

A few days earlier, the minister stated that in Kazakhstan there are “plenty of problems” that can translate children not only to online learning, but to distance learning in general. To them he ranked the level of technical training, digital literacy of teachers, readiness of the Network and providing the necessary equipment. According to the Minister, 300 thousand students in the country do not have a computer, and hundreds of thousands of families are still not connected to the Internet.

It was decided to transfer schoolchildren to distance learning because of the coronavirus pandemic and the emergency regime introduced in Kazakhstan for this reason. The fourth training quarter have started on April 6th.

The Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan Askhat Aymagambetov decided to abandon online learning in Kazakhstan schools.

He made this decision due to the social problems in country: “There are many technical issues that are problematic with regard to online learning. Connecting via online streaming nationwide is unrealistic, and therefore inefficient. They saw that many parents could not connect, the connection was lost. They saw that in general, the Internet in our country is not adapted for 2.5 million children to go live and learn through online systems. Based on this and a number of other aspects, in order for education to be effective, for our children to receive better knowledge, we decided that we do not need to conduct education through online, through streaming,” said Aimagambetov at a briefing on Friday. [3]

We studied the resources below and made some conclusions on *pro of distance learning education*.

a) *Online courses are very flexible*

Since distance learning programs don't require you to be physically present in a classroom or follow a predefined timetable, you are free to set your own schedule.

b) *It provides learning and earning*

Many students who take online classes are full-time professionals looking to get ahead in their careers.

b) *It provides no bounding by geography*

c) *Get educated even with a tight budget*

Online education helps you to save on costs like fuel, parking, books, child care, and more.

d) *Online courses help to become tech-savvy*

Distance-learning programs make use of sophisticated technology to provide education. [4]

In the course of our study we, contrary, faced some disadvantages resulting in being cons of distance learning. We considered *the con* to present them as follows:

a) *No Physical Interaction*

Educators are both role models and knowledge givers for students in the conservative way of education. When the physical interaction between teachers and students is missing, then students tend to lose personal interaction with their educators and thereby the mental buildup of students may get hampered.

b) *Less Motivational*

In distance learning, students are not required to attain classroom in person.

c) *Distance learning don't help in developing oral skills and social interactions*

d) *Difficult to choose a quality educational program*

e) *Employer's reluctance to accept distance mode of training*

f) *Important to have good time management skills*

g) *Technical difficulties*

Thus, it will not be exaggerated to say that along with several benefits and flexibility, distance learning also has several disadvantages and cons associated. Most of the distance learning courses are either program-dependent or person-dependent. So, in the course of our study we came into conclusion that to make future distance learning more efficient and widespread, it is important to minimize and avoid all these aforementioned factors. [5]




Fig 1 Study results on pro and con of Distance learning education (4 year students)

To make a thoroughly analysis on distance learning education, we compiled a short questionnaire for the Korkyt Ata Kyzylorda State University students which covers questions on whether they agree or disagree with this type of learning.

The results of our surveying were as follows (Fig 1):

48 students of the 4-year students attended the questionnaire format. The monitoring showed that 38.4% of students expressed their cons and 61.6% of learners gave a positive answer. Students who do not support this type of training expressed their views on the problems that they encountered in the process of online learning. "The pandemic has just made my studies difficult" showed a student and his problem was a low speed of connection. Another one said that in her family 4 students and a lack of techniques made harder her attendance in online learning. Students who haven't got technical and internet connection problems were grateful to study in online way. In otherwise, online learning could be convenient for practical, laboratory works as the universities have provided with many necessary resources and materials.

To sum up our research, according to Farabi, the perfect human being is he who has theoretical virtue, intellectual knowledge and practical moral values, becoming perfect in his moral behavior. [6]

In the course of the study, we researched the pro and con of this type of learning and their reasons expressed by learners, demonstrating that learning in distance conditions needs many conditions and readiness. Undoubtedly, to prevent harm of the situations that happened in present time, there shouldn't be any obstacles to study and develop, then to solve the problems of the whole government and of the whole planet. In our point of view, distance learning in quarantine period is one of the crucial ways of decision.

Thus, to sum up, we studied the distance learning education in our country, both comparative characteristics of online education in the world and in our country and the facts and

arguments of the online education system by overviews of politics have done, it means the pros and cons of this type learning and their availability to students demonstrating that learning in distance conditions requires many arrangements and readiness including technical aspect such as the network access or distance location of students. On a whole, we concluded that distance learning education created in terms of emergency situation is quite available for students of the Korkyt Ata Kyzylorda State University and is under successful implementation presently.

LITERATURE:

1. «Дистанционное обучение школьников. Ответы министра на часто задаваемые вопросы» - informburo.kz.
2. «От онлайн-обучения решили отказаться в казахстанских школах», Интернет-газета ZONA.KZ КазТАГ – Владимир Радионов, Нур-Султан, 3 апреля, 2020.
3. <https://newtimes.kz/obshchestvo/107950-aimagambetov-onlain-uroki-otmeniaiusia-budet-distantsionnoe-obuchenie>
4. <https://www.distancelearningportal.com/articles/174/5-pros-and-cons-for-studying-distance-learning-degree-in-2020.html>
5. Bill Gates on in-person vs online education - <https://www.youtube.com/watch?v=p2Qg80MVvYs>
6. “AL-FARABI’S PHILOSOPHY OF EDUCATION”, Dr. MuhammadRauf, Dr. MushtaqAhmad, Dr. Zafar – [Iqbalerint.savap.org.pk/ PDF/Vol.1\(2\)/ERInt. 2013\(1.2-09\).pdf](http://Iqbalerint.savap.org.pk/PDF/Vol.1(2)/ERInt.2013(1.2-09).pdf)

СЫР ӨҢІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Г.А.Қаражан, М.С.Караманова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Мәдени мұра, Тарих толқынында, Рухани жаңғыру бағдарламалары басталғалы жастарды ұмытылып бара жатқан өз халқымыздың әлемді таң қалдырған рухани және материалдық мәдениетіміздің үлгілері қызықтыруда. Осының барлығы жастарға эстетикалық және патриоттық тәрбие берудің құралы. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жалғасы ретінде шыққан «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында елбасы ұлттық тарихымызды ежелгі заманнан қарастырып, оның тұжырымдамасын нақтылауға шақырады. Осы орайда тарихы терең, алты Алаштың анасы атанған Сыр бойының археологиялық ескерткіштеріне тоқталсақ.

Сыр өңірі – құпиясын ішіне бүккен көне шаһарлар мен тарихи-мәдени ескерткіштерге бай өлке. Грек ғұламалары – Яксарт, мұсылман жазбаларында Сейхун, қазақ жұртында Сырдария деген атаумен аталатын, дүниеге даңқы тараған өзеннің бойында өз заманында мәдениет пен өркениеттің қайнаған орталығына айналған, шаруасы шалқып, даңқы арысы- Қытай, берісі бүкіл мұсылман шығысын шарлаған ежелгі және ортағасырлық Шірік-Рабат, Жанкент, Жент, Сығанақ, Баршынкент сияқты 40-қа жуық қала орны бабалар дәуірінің ескерткішіндей. Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесі қызметкерлерінің дерегі бойынша, өңірде қазіргі таңда 532 тарихи және мәдени ескерткіші мемлекет қорғауына алынған. Оның 21-і республикалық, 274-і жергілікті маңызы бар болса, 237 нысан алдын-ала есепке алынған.

Екі ғасырға куә болған Қызылорда жерінде тас дәуірінен бері өркениет ізі өшпеген. Тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Досбол Байқонақовтың айтуынша, Мұнда адам баласы тас дәуірі, палеометалл кезеңі, қола ғасыры, ерте темір

дәуірінде тіршілік еткендігі археологиялық, этнографиялық және тарихи деректемелер негізінде анықталған. Сарысу өзенінің аймағынан, Қосмола, Қызылжар мекендерінен табылған тас ғасырына тән қазындылар, маңында су қоймасы болған және көп мал қалдықтары табылған неолиттік Сексеуіл тұрағы, Сырдария ауданының территориясындағы біздің жыл санауымызға дейінгі 5 мыңжылдықтан басталатын неолит дәуірінің ескерткіштері, оның Келтеминар мәдениетіне жататындығы - өңір тарихының тым көнеден бастау алатындығын дәлелдейді. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық «Геоархеология» ғылыми-зерттеу зертханасының зерттеушілері мен жергілікті археологтар тас және қола дәуіріне жататын бірнеше археологиялық ескерткіштер орындары анықталған болатын. Әсіресе бұрын белгісіз болып келген тас дәуірлері мен қола ғасырының ескерткіштері Арал мен Қазалы аудандары аумағынан табылып отыр.

Қазақстанда қола дәуірінің аса көрнекті ескерткіші болып табылатын Солтүстік Түгіскен кесенелері Аралдың шығыс төңірегінің ежелгі тұрғындарының дәни құрылыстар архитектурасы мен құрылыс өнерінің барынша дамығандығын көрсетеді [1,196],

Кейінгі қола дәуіріндегі көсемдер жерленген Солтүстік Түгіскен қорымы - Іңкәрдарияның құрғап қалған арнасын бойлай 400 шаршы метрге жуық ауданды алып жатқан 20-ға жуық ірі және шағын жерлеу құрылыстарынан тұрады. Солтүстік Түгіскен қорымы Орталық Азия мен Қазақстандағы қабір үсті құрылысының көлемі мен күрделілігі жағынан, сондай-ақ, қабірге салынған заттарының байлығымен және молдығымен ерекшеленетін қола дәуірінің теңдесі жоқ бірден-бір ескерткіші болып табылады [2].

Тарихи деректер бойынша Сыр бойын өте ерте кезден бастап, сақтар-массагеттер мекендеген. Сыр өңірін мекен еткен сақ тайпалары туралы сыр шертетін археологиялық ескерткіштерге қысқаша тоқталып өтсек. Қазір қирандысы Шірік-Рабат деп аталатын сақ қалаларының бірі бүгінгі күні арнасы кеуіп, тартылып қалған Жаңадария арнасының бойында орналасқан (1-сурет). Қызылордадан оңтүстік – батысқа қарай 300 км жердегі бұл аймақты жартылай Қызылқұм басып жатыр [3. 206]. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Әлкей Марғұлан атындағы Археология институты мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті бірлесіп «Шірік-Рабат археологиялық экспедициясын» құрды. Жетекшісі – белгілі археолог Жолдасбек Құрманқұлов. Олар ескерткіштердегі әр кезеңді қамтитын бірнеше нысанға қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Бүгінде 30-ға жуық нысанда археологиялық зерттеулер жасалды. Олардың кейбірі толық зерттеліп бітсе, енді басқалары әлі қазылып жатыр. Қазіргі біз астана болған деп санайтын Шірік-Рабат қаласының елдің ордасы емес, үлкен қабірстан, яки пантеон болғанын да осы экспедиция мәлімдеп отыр.

Бәбіш Мола кешеніне ала-бекіністер, жерлеу құрылыстары, бірнеше қоныстар және суландыру жүйелерінің қалдықтары жатады. Бәбіш Мола ескерткіштер кешеніндегі бекініс-қала қалашығы пахсалы қолдан үйілген төбеле орналасқан, күйдірілмеген кірпіштен қаланған қамалмен (қалыңдығы 5,3 м-ге жуық) қоршалған (2-сурет). Қаланың төртбұрышты қорғанының (100x100 м) өн бойында мұнаралары, ішінде төртбұрышты (44x44) сарай ғимараты болған. Батыс жағындағы күрделі құрамды пасхалы алаңдары (биікт. 3,5 м, аум. 30x30 м) төртбұрышты жерлеу ғимараты (21x21 м, биікт. 7 м) 4 бөліктен тұрады [4].

Қызылорда облысындағы ірі археологиялық кешендердің бірі – Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Жетіасар археологиялық ескерткіш кешені болып табылады (3-сурет). Жетіасар – б.з.б III-I ғасырлардағы қаңлы тайпаларының орналасқан аймағы (Қытай деректерінде Кангюй деп кездеседі). Бұл Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының территориясында орналасқан көне қалалар орны, олар толық сақталмай тек топырақ үйінділері түрінде жатқандықтан асарлар деп атаған[5, 148 б]. Бұл ескерткіштертердің өзіндік ортақ ұқсастықтарына қарай зерттеушілер бір мәдениетке топтастырып, олардың негізгі бөлігі шоғырланған Жетіасар шатқалның атымен атаған. Бұл аймақтан Бидайық асар, Сырлы асар, Дөңгелек асар, Үңгірлі асар, Томпақ асар, Қара

асар, Жалпақ асар, Ашақ асар сияқты барлығы 50-ге жуық қала мен жүздеген обасы бар қорымдар және суландыру жүйелерінің орындары анықталған.

Жетіасар I және II кезеңдерінде (б. д. I мыңжылдықтың жартысы) Ортаңғы Сырдария аудандарындағы мәдениеттерден (Отырар-Қаратау, Қауыншы) басқа көршілес аймақтармен тығыз байланыста болғандығын көреміз. Үшінші кезеңнің аяғында Жетіасар шатқалы шөлге айналып, жетіасар мәдениеті Сырдарияның төменгі ағысында жойылады. Бірақ, Жетіасар шатқалының солтүстік-батысында, қазіргі Сырдарияның сол жағалауында Сортөбе I, Сортөбе II сияқты қалалар өмір сүруін жалғастырады. Арал теңізінің шығыс маңында Кескен-күйік қала, Күйік қала, Жанкент сияқты, яғни «батпақты қалалар» қалыптаса бастайды [6, 221 б. 7, 222б]. Бұл қалалардың ішінде ең ірісі Кескен-күйік қала, содан кейін Жанкент және Күйік қала болып табылады.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында археология мамандығы бойынша тәлім беруге көп көңіл бөлінеді. Бұл жастардың өткенді зерделеп, археологиялық жұмыстар жүргізуге ынта-талпынысын көтеруге берілген үлкен мүмкіндік. Ал археолог дайындауда практиканың яғни іс-тәжірибенің маңызы өте зор. Оқу бағдарламасына сәйкес археология және этнология мамандығы бойынша оқитын студенттердің археологиялық іс-тәжірибесін далалық жағдайда өткізу, тәжірибе жинақтау мақсатында облыс аумағындағы ежелгі қалалардың орнына археологиялық экспедициялардың тиімді өткізілуінің арқасында Жанкент, Сортөбе қалаларындағы қазба жұмыстарына қатысып, Қазақстанның киелі жерлерінің қатарына енген ескерткіштерді өз көзімізбен көруге мүмкіндік алдық.

IX-XI ғасырларда Оғыз мемлекетінің астанасы болған, Ұлы Жібек жолының тоғысқан торабы - Жанкент шаһары бүгінгі күні республикалық санаттағы археологиялық ескерткіш. Көне шаһар қазіргі Қазалы ауданы, Өркендеу ауылынан 1,5 шақырым жерде орналасқан.

Қаланың көлемі 415x230 м (шығыс бөлігінде 320 м). Ескерткіш формасы «Т» әрпі тәріздес, шығыстан батысқа қарай созыла орналасқан. Ескерткіштің шығыс бөлігі батысына қарағанда кеңірек болып келеді және сыртқы қорғаныс қабырғасы да осы бөлікте жақсы сақталған. Қаланың цитаделі қаланың солтүстік-батыс бұрышын алып жатыр. Көлемі 100x100 м. (4-сурет) Жанкент дегенде ойымызға талай тарихи оқиғалар оралады. Бұл қалада исі түркі баласының абызы атанған Қорқыт атаның кіндігі кесілген. Қазақ өнерінде орны бөлек музыкалық аспап – қобыз да ең алғаш осы қалада жасалған деген дерек айтылады. Сондай-ақ Жанкент дегенде атақты Бегім ана оқиғасы да елдің есіне түседі. Қысқасы, көне шаһар өткен кезеңнің бір үзгі секілді.

Сортөбе I, II қалаларына 2007 жылы Ж. Құрманқұловтың басшылығымен ШРАЭ-ның археологиялық барлау отряды (отряд жетекшісі Ә. Ә. Тәжекеев) және «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» (директоры М. Елеуов) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің археологиялық тобы Сортөбеде болып, оның жобасын сызып, суретке түсіріп, су шайып жатқан құлама жарқабағында тазарту жұмыстарын жүргізіп, судың жағасында, суда жатқан заттарды жинап, олардың суретін салды [8, 5 б]. Сортөбе (Ордазы) Қорқыт ата қорымына ең жақын Оғыз қалашығы болып табылады. Қорқыт ата қорымы мен Сортөбе қалашығы бір кезеңмен мерзімделеді. Соған қарағанда бұл қалашық Қорқыт ата өмір сүрген мекен болуы да әбден мүмкін (5-сурет).


Біз сөз еткен сақ бірлестігінің астанасы саналып келген Шірік-Рабат қала – қорымы, Ортағасырлық оғыз тайпасының астанасын – Жанкент қаласы орын тепкен Сыр өлкесінің «Астаналар мекені» аталуына бірден-бір себеп болған даңқты қала - Қазақстан жерінде алғашқы рет жергілікті этникалық негізде пайда болған ірі мемлекет Ақ Орда хандығының, кейіннеі қазақ хандығының астанасы болған – Сығанақ қаласы (6-сурет). Қаланың атауы XIV ғ. соғылған теңгелер мен жазба деректерден жақсы таныс [9, 322б]. Сығанақ қаласы туралы алғашқы деректер X ғ. деректерінде кездеседі. XV ғасырдың 80-жылдары қаланы қазақ ханы Бұрындық биледі, ал маңы қазақ тайпаларының қысқы қоныстарына айналды. Осы кезден бастап Сығанақ пен оның төңірегі біржола қазақ хандығына қарады және негізгі саяси, экономикалық орталықтардың бірі саналды.

Жанкент қалашығы және Сауысқандық шатқалындағы жартастағы бейнелер кешені мен бірге Сығанақ қаласы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Табиғи және Мәдени мұралар тізіміне енетін болады.

Сыр өлкесі – қазақ және басқа да түркі тілдес халықтардың алтын бесігі, көне дәуір көзі. Бұл өңірде сырт елдермен қан тамырындай байланыстырған Ұлы Жібек жолының сүрлеуі жатыр. Әр төбесі, әр талы тарихтан сыр шертетін қасиетті мекенде мәңгі өлмес құнды, асыл мұралар әлі де жеткілікті. Бүгін біз соның «ат төбеліндейіне» ғана тоқталдық. Осы баға жетпес қазынаны қалың көпшілікке кеңінен насихаттау, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстарын жандандыру біздің басты мақсатымыз.




1- Сурет. Шірік-Рабат қала-қорымы



2-сурет. Бәбіш-Мола қалашығы



3-сурет. Жетіасар кешені



4-сурет. Жанкент қаласы



5-сурет. Сортөбе қалашығы



6-сурет. Сығанақ қаласы

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыр өңірі тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), Алматы, 1998
2. Ә.Ә.Тәжекеев. «Түгіскен қорымы туралы не білеміз?», «Сыр бойы» газеті. 2015
3. К.М.Байпақов. «Қазақстанның ежелгі қалалары» Алматы, 2005
4. «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2005
5. Т.Қоңыратбаев «Ертедегі ескерткіштер» Алматы, 1996
6. Курманкулов Ж., Тажекеев А.А., Кзылбаев Т. Городище Сортобе I. // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. - Алматы, 2007
7. Курманкулов Ж., Тажекеев А.А., Кзылбаев Т. Городище Сортобе II. // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. - Алматы, 2007.
8. Елеуов М., Құрманқұлов Ж. Сортобе. Жанкент және Жент. - Түркістан, 2008.
9. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Наука, 1962

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ

Р.Қарасай, С.Құдабаева, Р.Т.Игенбаева

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған өзекті міндеттердің бірі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, әлемдік талаптарға, бәсекелестікке төтеп беретін, жастардың үйлесімді дамуына олардың тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайтын жаңа үлгіден мектеп құру болып отыр. Бұл мақсатты орындау орта білімнің 12 жылдық мерзімге өтуімен ұштасып отыр. Қазіргі заманғы 12 жылдыққа өтудегі басты мақсат - жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз қалаулары мен қоғам талабына сай, өзін көрсете білетін жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті меңгерген, бәсекеге қабілетті,

шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсатты іске асыру үшін тәрбие жүйесі тұлғаны әлеуметтендіру идеяларын іске асыра отырып, оқытудың жаңа әдістерін (технологиясын), жеке тұлғалық қасиеттерге бағытталған оқытуды, зерттеу, жобалау әдістерін, денсаулық сақтаушы әдісін қолдана отырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыру қажет [1, 14 б.].

ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көрсетілген ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ата-бабадан мирас боп қалған құнды тағылымдық ойларды зерделеп, жас ұрпақтың тәрбиесіне қолдану күн тәртібіндегі өзекті мәселе екендігі айқын [2].

Әдеби және тәлім-тәрбиелі құндылықтарға бай, жыр бұлағын тасытқан ақын, жыршылардың кені Сыр бойы десек қателеспейміз. Балқы Базар, Ешанияз сал, Қарасақал Ерімбет, Бұдабай Қабылұлы, Дүр Оңғар, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары және басқа ақын – жыраулар. Солардың ішінде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүріп, қазақтың өзін ұлт ретінде тануына, ұлттық сезімінің қалыптасуына, жарқын болашаққа ұмтылуына қомақты үлес қосқан, өлеңдерінің дені жастарға арналған өсиет, ақиық ақын, шоқтығы биік тұлға Тұрмағамбет Ізтілеуұлы .

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлтымыздың руханиятына, құндылықтарына негізделіп, мемлекетіміздің саяси бағдарының басым бағыттарын анықтайтын, сонымен қатар бүгінгі қоғамдағы жастардың ролі мен жауапкершілігін нақтылайтын бағдар екендігі айқын. Бұл әсіресе уақыт ағымына сай ғасырлап жинақтаған ұлттық болмысымыздан алшақтаған, табиғатымызға жат шетелдерден жеткен мәдениет, әдет, әдеп ,санамызды жаулап алған жағдайда аса маңызды. Соның әсерінен шетелдік ағымдарды пір тұтатын, өзінің тілін, ділін, салт-дәстүрін бағаламайтын, оны тіпті менсінбейтін жастар көбейді. Бұл жаһанданудың әсері.

Сыр сүлейлерінің көздеген арманы, шығармаларының негізі адамгершілік қасиетке баулу, оқу, білімді дәріптеу, халықты зиялылыққа үндеу болған. Бұл Сыр сүлейі, ақиық ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармаларындағы маңызды тақырыптардың бірі. Ақынның білсем деген ынтасы бас жастарға арнаған өлеңдерінің бірі «Шәкірттерге» деп аталады. Ақын бұл өлеңінде алтын уақытын білім нәрімен сусындауға үгіттейді. Шайыр ақын «Астыңда аң құтқармас атың болса» атты өлеңінде әр нәрсенің өз орны және оның өз мән-маңызы бар екендігіне тоқталған. Педагогика ғылымының жан-жақты дамыған үйлесімді тұлға қалыптастыруға бағытталған мақсатын осы өлеңнен табуға болады.

«Қайрама, халық тісінді» деген өлеңінде ақын жаз болғанда алдында келетін қысты ойлап, ақылың қанша астам болса да, жасайтын әрекетті ойланып жүзеге асыр, басыңа бақыт құс қонса да, алдыға келген кісіні қадір тұт», - деп орамды ойын жеткізеді. Осы өлеңінің әр шумағы, әр сөзі жастар үшін тағылымы мол ғибратты ой:

Үйретіп үлгі, өнеге,

Таза бақ, жасы кішінді!

Кескен тоның кеңеспен,

Көрінер көзге пішінді!

Кемісі болар кімнің де,

Дегенмен: «Анық түсінді!»

Қайратың қау болғанмен,

Орнына жұмса күшінді! [3, 101 б.].

Осы аталған өлең жолдарында жастардың алда болған кішкене қиындыққа мұқалмай, өмір кемесінде төзімділікпен алда қойған мақсатқа жетудің жолында халқы, елі үшін шыңдалу керек екендігін жеткізеді. Кездескен қыңыр ой, сыпсың сөз адамды алға жетелемейтінін, ала ауыздықтың туындауына алып келетінін, ағайын арасында осындай келеңсіз жайттар адамның қадыр-қасиетін жоғалтатынын ақын ретінде түсіндіруге тырысты. Өлең жолдарында адам болмысының ерекшелігін көрсететін «Мінез» деген өлеңінде адамның әр жас кезеңіндегі болмыс бейненің өзгеруін қисынды өлең ұйқасымен сипаттайды. «Әрқашан алам, - десең, - төрден орын», Түзеп ал, татаусыз қып мінезінді!, - дей отырып өлеңдегі әрбір фраза сол мінез бітісті адами құндылықтармен астарлы көркемдеген. Тұрмағанбет ақын өмірдің мәңгі емес екенін сол қысқа өмірде қолдағы бардың қадірін біліп, шарапатыңды айналаңа шашуың ол келер ұрпаққа өнегелі іс екендігін «Болғанмен байтаққа бас қоймас өлім» деген өлеңінде әдемі көркемдеген. Өзіңмен кеңесіп көрген сый құрметінді, тірлікте шыққан жетістігіңді орынды істеріңмен мәнін арттыруға шақырады. Осы уақытқа дейін қаншама ғұлама, батыр да, бай да, хан да, ғибраты мол тағылымды тұлғалар өмір сүрген. Солардың өмірін еткен еңбегін ,өзіңе үлгі ет, сонда ғана адамның құндылығы, жасаған еңбегінің маңызы артатындығы айтылған.

Ақын өлеңдерінде тағылымы мол педагогикалық идеялар тұнып тұр. Сондай өлеңдерінің бірі «Ұстаз ұсынысы». Екінші ұстаз саналатын әл-Фараби: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны жақындарына да жай адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақындық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»" деп жазған болатын [3, 78 б.].

Тұрмағанбет ақын «Адамдық іс» атты өлеңінде адамдардың амал іс барысында байлық, барлық емес адамгершілік басты рөл атқаратындығына тоқталған. Ақын өлеңдерінде адамгершілік, адамдық қасиет астарлы мәнді баяндалады.

Күн шықса, нұр қашады айдан - дағы,

Жарлы артық қайыры жоқ байдан - дағы.

Кейбіреу сәл бақытқа мас болады

Шабәқтай шалпылдаған қайрандағы [55, 79 б.].

Ақын «Ой» деген өлеңінде ойдың ұшқырлығын, тілдің тас жаратындығын, нәпсіні тыю және қанағат қыла білуге дүние қоңыздықтың адамға опа таптырмайтындығын осы аталған адами қасиетке жат дүниелерден арылмасаң қандай белестерді бағындырсаң да құныңның асқақтамайтындығын орамды оймен көркемдеген.

Дос тұтып, дүниенің ерме ізіне,
Кемді күн "дәулетін - ай!" дегізгенге.
Сағымнан — су табылмас, мұнан — опа,
Кергенмен кеулің жақын егізден де.
Онан да оны қойып туралық қыл,
Нық тұтып ниетіңді негізден де!
Пайда не патша болып тақ мінгеннен,
Жай таппай жалтақтасаң сегізден де [3, 79 б.].

Осындай орамды ойды ақын «Ұядан ұшқанда» өлеңінде өмірге келдің бе, ізгі тұтатын ортанның жақсы қасиеттерін бойыңа дарыт, өз айтарың, қалдырар тағылымды дүниенің болса өзіңнен кейінгілерге ізгі өнеген ретінде қалдыра біл» дейді.

Ақын «Ой табу оңай емес ерікпесе», «Барады аз ғана өмір желдей заулап» атты өлеңдерінде адамдықтың маңызын өз-өзіңді реттеп аз кем өмірде адами құндылықтың маңызын арттыруға адамдарды шақырған. Т.Ізтілеуов «Жаманға жақсы адам ақыл айтар», «Жақсы өзін жан біткеннен кем көреді» атты өлеңдерінде адамның жақсы және жаман қырларын қайшылықты түрде сипаттап дәлелдермен көркемдеген. Сол жақсы және жаман қасиеттерінің негізінде адамдардың өміріне ықпалына тоқталған.

Жаманға жақсы адам ақыл айтар,
Жақсыға жаман көзін ақырайтар.
«Тудым» - деп, өзің туған менде атадан,
Едәуір аузын керіп нақыл айтар.
Аңсызда алқымынан алса бөрі,
Көздерін «қайтесің?» - деп бақырайтар [3, 77 б.].

Ақын «Қамын ойла халқыңның» атты өлеңінде азамат ретінде ел үшін, халқың үшін қызмет қыл. Жан-жағыңа қайырлы бол» деп үгіттейді. «Қайратты туған ер болсаң, халқыңның қамын ойла, жетім менен жесірге жүзің жарқын болсын!» деген насихат айтады. Тұрмағамбет ақын «Қайтсең де өз халқыңа қызмет қыл» атты өлеңінде ерліктің де өз орнымен қолданылуы керек екендігін және сабырмен ер мінезділіктің азамат үшін маңыздылығын мына шумақтарда келтірген.

Қабанға қарсы ұмтылма "ер" дегенге,
Сортапқа тұқым шашпа"жер" дегенге!
Отырып өрт алдында, өртенбеңдер,

"Сабырлы, саспайтұғын кер" дегенге.

Болса егер кісі ақысы, көңіл бөлме

"Мазасын мынау майдың көр" дегенге.

Орныңды о бастағы таппай қалма,

Төменнен тұра ұмтылып, "тер" дегенге [3, 96 б.].

Сыр сүлейлері жас өркен тәрбиесінде кішіпейілділікті, қарапайымдылықты, парасаттылықты, адалдықты, адамгершілікті дәріптеп, менмендікті, кеудем соқтықтықты ылғи да мінеп, ондай абыройсыз әдеттен аулақ болуды өсиет еткен. Халқымыздың «Ұлық болсаң - кішік бол», «Болған адам – болдым демес, болдым десе болғаны емес» деуі де адам қашан да кішілігі мен кісілігін, көпке деген ізгілігі мен инабатын үзбей тіршілік ету қажеттігін айтып өткен. Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің барлық салаларын, оның үлгілерін осы Тұрмағамбеттің өлеңдерінен табуға болады десек, артық айтқандық болмайды.

Ұлттық ар-намысты ояту, қазақ халқының өткен тарихын білдіру арқылы жастарымыздың болашаққа деген сенімін қалыптастыра аламыз. Ал Сыр сүлейлерінің толғаулары осы бағыттағы тәрбие құралы екендігінде еш дау жоқ. Сондықтан да жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында киелі топырақ – Сыр өңірінің ақын-жырауларының шығармаларын дәріптеуді қолға алуымыз керек. Бұл – уақыт талабына сай түйінді мәселе.

Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығымен таныстыратын мектеп бағдарламасына теориялық талдау жасалғаннан кейін оқушылардың Сыр бойы ақын-жыраулары мен олардың шығармашылығы жайлы білім деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жұмысын жүргіздік. Педагогикалық эксперимент Қызылорда қаласындағы №172 қазақ орта мектебінде жүргізілді. Алдымен аталмыш мектептің оқушыларымен (барлығы – 30 оқушы) пікіртерім жүргізілді.

Пікіртерім негізінен төмендегі сұрақтарды қамтиды:

1. Сыр бойы ақын-жырауларынан кімді білесіз?
2. Тұрмағамбет ақын шығармашылығының басты бағыты қандай?
3. Сүлей, жырау, шайыр сөзінің мағынасын түсіндіріңіз. Оның жыршы, термешіден айырмашылығы қандай?
4. Тұрмағамбет мектебі туралы не білесіз?
«Айтар нақылы жоқтың, Табар ақылы жоқ», «Әкім - бір ұлттікі

Ақын - бар жұрттікі», «Бөз көйлек болады, Сөз еңбек болады», «Ғылым - іштегі нұр, Өнер сыртқа салынған түр», «Білім арзан, Білу қымбат» деген нақыл сөздердің авторы кім?

5. Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығын зерттеуші қандай ғалымдарды білесіз?
6. Өсиет пен нақыл өлеңдер жазатын Сыр бойы жырауларынан кімді атай аласыз?
7. Абай өлеңдерінің Тұрмағамбет шығармашылығына әсері жайлы не білесіз?

Пікіртерімді сараптағанда сұрақтарға жауап берген барлық 30 оқушының Сыр бойы ақын-жыраулары туралы білім деңгейі төмен екендігі байқалды.

№	Деңгейлер	БТ	ЭТ
1.	Жоғары	19%	19%
2.	Орта	38%	37%
3.	Төмен	43%	42%

Кесте 1 - Анықтау кезеңіндегі оқушылардың Сыр бойы жыраулары жайлы білім деңгейі

Оқушылар Сыр бойы ақын-жыраулары, оның ішінде Тұрмағамбет жайлы жалпы білгенімен олардың өмірі мен шығармашылығын, өлеңдерінің бағыттарын, ерекшеліктерін нақты білмейтіндіктерін көрсетті. 20 оқушы – Сыр өңіріндегі ақын-жыраулар туралы 3 мектептің – Тұрмағамбет, Жиенбай, Нартай мектептері білетіндігін көрсетті. Бұл 3 мектеп жайлы білімдері терең емес. Мысалы, Тұрмағамбет мектебінен шыққан Жаңаберген жырау, Жәмет жырау, Дәрікүл жыраулар жөнінде, Арал төңірегінен келген оқушылар, Жиенбай мектебінен шыққан Рүстембек жырау, Балқашбай, Тасберген жыраулар туралы мағлұматты Қармақшы ауданынан келген оқушылар, Нартай мектебі жөнінде Шиелі ауданынан келген оқушылар білетін болып шықты. Пікіртерімге қатысқан 30 оқушының – 17-сі Тұрмағамбеттің «Шаһнамасы» мен «Адамдық іс» өлеңін атаған, бірақ ақынның мұғалімдік қызмет атқарғанын білмейтін боп шықты. Тұрмағамбет ақынның Арал өңірі ақын екендігін, оның өлеңдері нақыл-өсиет екендігін 16 оқушы көрсеткен.

Оқушылардың көпшілігі жырау, термеші, жыршы сөздерінің төркінін ажырата алмады. Сыр бойы ақын-жырауларын зерттеуші ғалымдардың ішінен 16 оқушы М.Байділдаевты атады. Оқушылардың дені жырауларды зерттеуші ғалымдар жайлы сұраққа жергілікті фольклор зерттеуші А.Алматовты атаған.

Тұрмағамбет ақынның пікіртерімде берілген нақыл сөздерін респонденттер жергілікті халық шығарған мақал-мәтелдер деп түсінген. Абай өлеңдерінің Тұрмағамбет шығармашылығының қалыптасуына тигізген ықпалы жайлы ешбір респондент білмейтін болып шықты. Осы олқылықтарды жөндеу мақсатында болашақ мұғалімдерге арнап, сыр бойы ақын-жыраулары және Тұрмағамбет Ізтілеуұлының өмірбаяны және шығармашылығы туралы мақсатты түрде арнайы жұмыс жүргізу қажеттігі туындады.

Сыр бойы жырауларының ішінде тұлғалы ақындар, ағартушылық бағытта қызмет атқарып, өзінің поэзиясы арқылы білім, ғылымды насихаттаған Тұрмағамбет ақын тағылымдарын тәрбие процесінде пайдаланудың мүмкіндіктерін жүзеге асыруды жөн көрдік.

«Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуовтың шығармашылығындағы адамгершілік тәрбиесі» атты тәрбиелік іс-шаралар бағдарламасы жасалынды. Бағдарлама негізінде педагогикалық-тәжірибелік жұмыстардың қалыптасу кезеңін жүзеге асырдық. Бағдарламаның негізгі мақсаты - оқушылардың Сыр бойы жырауларының, оның ішінде

Тұрмағамбет ақынның шығармашылығы, ондағы педагогикалық идеялар жайлы білімдерін тереңдету.

Бағдарламаның міндеттері :

- оқушыларды Сыр бойы жырауларының өмірі және шығармашылығымен таныстыру,

- Тұрмағамбет шығармаларындағы педагогикалық идеяларды саралау, жүйелеу, адамгершілік тәрбиесін насихаттау.

Бағдарлама негізінде тәрбиелік іс-шаралар кешені даярланды. Оның ішінде Тұрмағамбет шығармаларын терең талдауға мән берілді. Курста біріншіден, олардың өмірбаяны қарастырылып, Сыр өңірінде XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың алғашқы ширегінде көптеген ақын-шайырлардың пайда болуы, олардың ақындық ортасы, шығармаларының ерекшеліктері, олардың тәрбиелік мәні, педагогикалық процесте қолдану жолдары берілді. Оқушылар жүзге жуық ақын-жыраулардың ішінде шоқтығы биік, педагогикалық бағыттағы жырлары мен өлеңдері, қиссалары мен мысалдары бар ақын Тұрмағамбет шығармашылығымен кең көлемде танысты.

Қазақ зиялыларының әлемдік өркениет пен қазақтың ұлттық дәстүрлерін ұштастыра отырып, ағартушылық-демократиялық бағытты ұстануы – қазақ мәдениетінің, оның ішінде ақындық шығармашылықтың да игі нәтижелі бағдар түзеуіне елеулі әсер етті. Қазақ педагогикасы және әдебиеттану ғылымының қазіргі бағдарларында ұлттың тарихын зерттеудегі ақтаңдақ беттерді толтыруға арналған жұмыстардың бір саласы осы аталған әдеби-ағартушылық ағым өкілдерінің осы уақытқа дейін елеусіз, ескерусіз келе жатқандарын арнайы ғылыми айналымға, зерттеу нысанасына айналдыру болып отыр. Осы орайда «Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығындағы педагогикалық идеялар» атты ғылыми жұмыстың көтерілген мәселеге қосқан өзіндік үлесі бар деуге болады.

Білім алушы жас ұрпақ, келешектегі білікті маман, тұлғалы ұстаздардың өзінің туған жерінің, өскен елінің қайраткерлерін, халқына риясыз еңбек еткен, туған халқының өсіп-өркендеуін көкसेген, дамуына, кемелденуіне үлес қосқан тарландарын, олардың өмірін, шығармаларын білгені, зерделегені тәрбие кілтін ұстаушы білім беру өкілдерінің алдында тұрған маңызы зор, ауқымды міндеттердің бірінің шешімі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 370 б.

2. Н.Ә.Назарбаев Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. – Егемен Қазақстан.- 3 Шілде, 2017 .

3. Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. Екі томдық. –Астана: Фолиант, 2009. – Т.1. Өлеңдер, көңілқостар, нақыл сөздер. –382 б.

4. [Карбозов, Е. К.](#) Т.Ізтілеуов шығармашылығындағы адамгершілік мәселелер: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2005. - 24 б.

5. [Таубаева , Ш. Т.](#) Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие берудің тарихи негіздері / Ш. Т. Таубаева, С. Т. Иманбаева, Қ. М. Солтанов // Ұлттық тәрбие . - 2017. - №1(37). - С. 19-25.

6. Жанбершиева Ұ. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің поэтикалық шығармашылығы. Кандидаттық диссертация авторефераты. - Алматы, 1990.

7. Тұяқбаев Ғ. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларындағы исламдық-ағартушылық сарын // Мәдени мұра - асыл қазына. - 2013. - №4. - С. 47-52.

8. Кәрібозов Е. К. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының ақыл-нақыл сөздері // ҚазҰУ хабаршысы=Вестник КазНУ. Сер. Филологическая. - 2014. - № 2. - 168-170 б.

ҒАЗИЗА ӘБІЛДА ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Құлымбетов М., Оралова Г.С.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Ақын жайлы Ж.Баласағұн: «Ақын көңіл теңізіне батады – Інжу, гауһар, жақұт нұрын шашады» деген екен.

«Ақын-поэзиялық туындыларды, өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі» [1]. Адам жанының тереңіне бойлай білуді қажет ететін лирика жанрының басты ерекшелігі – ой мен сезімнің тең қабысып отыруы. Ал нағыз лирик осы қос қасиетпен оқырман жүрегін сәулелендіріп отыруы тиіс.

Сыр өңірінде ұлттық өнерге, қазақ поэзиясына үн қосып жүрген ақын-қыздар дегенде аға буын өкілдерінен Сәнімкул Желдірбаева, Қатира Жәленова, жас ақындар Назгүл Бердіқожа, Толқын Қабылша жарқ ете көрінеді. Солардың ортасынан өмірдегі әр құбылысқа зер сала қарап, байсалды бағалайтын ақын Ғазиза Әбілданың поэзиясы ерекше дараланады. Әйел адамның жан-дүниесі жомарт әрі кірпияз келеді. Осы мінез ерекшелігі Ғазиза өлеңдерінде кездеседі. Әрине қалам мен әйел жүгін қатар алып жүру үшін үлкен күш керек. Сан қилы сезім толқыныстары ол ақынның жүрегі арқылы өтеді. Ақындық Ғазизаға берілген-болмыстың ерекше сыйы. Ғазиза ол ең бірінші-ана. Ана жанына өнерді серік еткен. Ғазизаның ерекшелігі нәзік жанды әйел, ана бола тұра, қиындыққа мойымай, өлеңнен теріс айналмай, өнерге деген адалдығын дәлелдей білген, өзінің қуанышы мен ішкі күйзелісін, өмірден түйгендерін өлеңге ақтара алатындығында болса керек.

Ал қазақтың ұғымында, талант – ана сүтімен бойға даритын туа біткен қасиет. Ақындық та солай. Ғазиза Әбілданың 2011 жылы «Тұмар» баспасынан жарық көрген «Таңсәрі» атты өлеңдері мен публицистикалық жанрдағы шығармалары, мақалалары енгізілген кітабы қолыма тиді. Бұл жинақ ізденіс іздері мол, көркемдік-рухани әсері жоғары, суреттеу амал-тәсілдері, шеберлігі өзара үйлесім-тұтастық тапқан тағылымды туынды екен. Осы еңбектің алғы сөзінде Жақсылық Раматулла Ғазизаның шығармашылығына қатысты «Сыр бойында туып, Қорқыттың қоңыр сазынан суысындап өскен сезімтал жан» деген пікір білдіреді.

Алматы қаласында өткен жас әдебиетшілер жиынында Тұманбай Молдағалиев пен Ақұштап Бақтыгереева Ғазизаның өлеңдерін үздік деп бағалап оның «Ана мен адасқан ұл» атты өлеңін былайша талдаған. Өлеңнің алғашқы тармағы «...Кеш күмәнді, түн уайым, таң үміт» деп басталады. Т.Молдағалиев: «Қазақта екі ауыз өлең құрамайтын адам кемде-кем. Бірақ мына өлеңнің алғашқы жолынан-ақ бүкіл мазмұны айқын аңғарылып тұр. Ой бар, тұжырым бар, үйлесімді сөз, жүрекке жетер түйінді мағына бар деп бағалаған. Ғазиза Әбілда шығармашылығындағы басты тақырыптар – атамекен, туған жер, ел-жер мұраттары, достық жырлары, махабат тақырыптары көркемдік-рухани мұраттар тұрғысында кемел де келісті сипаттарымен әр буын өкілдерінің талап-талғамдарына жауап бере алатын туындылар. Ақын ізденісі мен көзқарас мұраттарынан жаңа уақыт бедері, тәуелсіздік талаптары да көрініс береді. Ғазизаның жырлаған тақырыбы жанрлық ерекшеліктері, көркемдік стилі жағынан әр алуан. Жанрлық тұрғыдан зерделесек, өлең, мысал өлең, арнау өлең, жазбаша айтыс деп жіктеп қарастыруға болады.

Қуандық Мәшһүр-Жүсіп «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» деген еңбегінде «Поэзия адам сезімін бейнелеуде тура айтуды да, тұспалдауды да, қарапайым түсінікке лайық ұғынықты өрнектеуді де, сипаттап жеткізуі қиын күрделі мегзеу, шарттылықты да кең пайдаланады», - [2.,15] деп адам жанының қалтарыстарын ашудағы поэзияның ықпалды орнын айқындаған.

Ғазизаның өлеңдері тақырыптық жағынан алып қарағанда кілең лирикаға құрылған деуге болады. Оған мөлдірлік, тазалық тән. Жасандылық жоқ. Өлеңдерінде терең сезіммен баурап әкететін табиғилық басым.

Табиғаттың тылсым жұмбақ жанына үңілу оңай шаруа емес, сол табиғаттың ішкі дүниесінде болып жатқан құбылыстарды «Көктем» деп аталатын өлеңінде «Жер ана да жігі босап, Жатыр көзге жас алып» деп оқырманының да көңілін әдемі күйге бөлейді.

«Қыс дария шегіншектей,
Шешкені ме бел жаңа.
Кербез сұлу келіншектей,
Керіледі кең дала.
Жылғаларда су бұраңдап,
Сөгіледі сең жаңа.
Көл жағалай құлдыраңдап,
Жүгіреді Жел-бала... [3.,8]

Ғазиза Әбілда лирикасының табиғатынан ұлттық болмыс бедері, қыс өтіп көктемнің келгенін «Қыс дария шегіншектей,

Шешкені ме бел жаңа деп кейіптеу тәсілімен көктемгі дала көрінісін, келіншекке теңеп,

Жылғаларда су бұраңдап,
Сөгіледі сең жаңа.
Көл жағалай құлдыраңдап,

Жүгіреді Жел-бала... деген метафоралық көркемдеу құралдармен әрлеп, өлең-жыр етіп төгілтіп, «Көкірегіме-гүл бағыма, Қайта оралды бақ бүгін» деп сырлы да нәрлі түрде лирикалық кейіпкер сезімі қиял қанатымен қанаттанып, құштарлық, өмірге сүйіспеншілік сезімдері түрінде өріс алады.

Ғ.Әбілда поэзиясында ақынның өмірге деген құштарлығы, өнерге деген шынайы ілтипаты «Таңсәрі», «Ақын жүрек», «Жақсыға құмар жүрегім», «Бес күн жалғанда», «Халқымның бір қызы едім», «Нанталап», «Өмірге келдім адам боп», «Шумақтар», «Ақын мұңы», «Көңіл көкжиегі» деген өлеңдерінде шынайы суреттеледі.

Ақынның кез келген тақырыпты толғаусыз толғап, қиыннан қиыстырып жаза бермегені айқын аңғарылады.

Біреулер өліп, біреулер жеңіп бәйге алған.
Жанашыр таппай, жазықсыз қайран тектілер,
Жазалы болып жер түбіне де айдалған,
Өмірдің өзі құрулы жатқан қақпандай,
Қапысын тауып, қапқалы аңдып жатқандай.
Адам боп тудым, адам боп өлсем өкінбен,
Арым мен асқақ абыройыма дақ салмай. [3.,20]

«Шағала көңіл» деп аталатын бұл туындысында өзінің бақытын дүниеден тапқан тоғышарларға ұқсағысы келмейді. Адамдық істі ардақтау, ақынның өмірге деген құштарлығы, өнерге деген шынайы ілтипаты айқын аңғарылады. Лирикалық кейіпкердің ішкі жан әлемін беруде теңеуді өзінің дүниетануына сәйкес етіп бейнелейді. Ғазиз Райыс «Сөз өнері теориясы» деген еңбегінде лирикалық кейіпкер ұғымына ақытама берген: «Көңіл-күйлік (лирикалық) кейіпкер дегеніміз- көңіл-күйлік (лирикалық) шығармасындағы автордың өзі немесе көңіл-күйдегі (лирикадағы) автордың ойына арқау болған адам». [4.,86]

Образ жасауда ақынның өзіне ғана тән даралық сипат ерекшеліктері барлығы аңғарылады. «Көңіл көкжиегі» өлеңінде

Жаңылған бағытымды жаңа таптым,
Жетегінде еріксіз бара жаттым.
Поэзия-періменен көңіл қосып,
Өлең деген өміршең «бала» таптым [3.,14].

Ақын Ғазиза «Анама», «Әке-Ана» деген өлеңінде ана мен бала махаббатын, әкенің мейірім шуағын кең көлемде ашады. Автордың өзі Мұқағали ізімен деп атаған жыр жолдары көркем теңеулер жүйесін құрап, ән әуезіне сұранып тұрғандай әсер қалдырады.

Сенің әсем жайлы даусың күліп аққан бұлақтай,
Сенің жұмсақ алақаның жағадағы құрақтай.
Өнеген мол өміріме жетелейтін шырақтай,
Құшағың кең, шетсіз, шексіз жазиралы қыраттай [3.,14].

Туған жер тарихы, атамекенге деген құрмет бәрі – Ғазиза шығармашылығында әдемі үйлесім тауып тұр.

Негізінен, Ғазизаның өлеңдерінде туған жерінің ғажап сұлулығы әр қырынан суреттелген. Қарт Аралмен сырласу» және «Туған өлке» деп аталатын өлеңінде:

Асықпын туып-өскен аулыма,
Аулым, ағайын бауырыма.
Төсінде жылап жатып жұбанамын,

Тағдырдың тап болғанда «дауылына», - деп туған жерге деген перзенттік сезімін ақын шынайы сүйіспеншілікпен, көңілінің мұңын астастыра жеткізе алған.

Қ. Жұмалиев: «Жазушы не өзіне, не біреуге, не көпшілікке қайырыла сөйлесе, арнау дейді» [5., 132]

Лирикалық арнау – әлемдік поэзияда көп таралған жанр. Ақын басқаға қаратып жыр арнау арқылы өзі туралы емес, өзінің сезім-күйі арқылы өзге туралы ой қозғайды. Ортақ мәселеге үн қосады. «Ақын Фаризаға», «Ақын тойына арнау Жақсыбай Сарбалаевқа арналған өлеңінде, Мардан Байділдаевқа арналған «Даламен үндесіп дархан жүрек», ұстазы Қайнарбаева Гүлсанаға арнаған «Алғашқы ұстазым», Кежеғара Сүлейменовке арнауы «Көңілі көлдей шалқыған» өлеңдерінде еңбекпен өскен ел азаматтарына деген құрмет сезімі өріледі

Ақын поэзиясының көкжиегі кең. Көркемдік көкжиегі, тілдік мүмкіндіктері мол. Таныс тақырыпты әр қырынан байытып, түрліше суреттейді. Алуан салыстыруларға барады. Олар табиғи, шындық сипатында өріс алады.

Ғазиза Әбілда эпитет (айқындау) жасауда кербез сұлу, қатал жауға, жас ғұмыр, жартыкеш бақыт, жары мұң, көзсіз қиял, асау толқын, жарым жанға, асау айдын, көк аспан, шағала көңіл, тылсым үн, алау нұр, көк күмбезді ақ шарбы бұлт, алтын бесік секілді көркемдегіш сөз бедерлерін қазақ өлеңін өзіндік өзгешеліктеріне сай сыр-сипаттарымен жеткізеді.

Мен-қыранмын, құлашымды жазамын,

Арамдықтан, қараулықтан тазамын [3.,27] деп жырлаған Ғазиза лирикасында нақты дүниетанымды байқататын метафоралар (алмастыру) жүйесі мол. Мәселен «Жел-бала», Жер-ана», Күн-Ана», Мен-қыранмын», «тағдыр-ұстаз» секілді ауыстырулар ақынның өмірге көзқарасын байқатады.

«Құстар дауы» деп аталатын мысал өлеңінде құстардың билікке таласуын «ауызбіршілік» деген берік ұғымға түйіндеп қыран сөзі арқылы қараулық пен арамдықтан таза болуға, адалдықты ту етуге шақырады.

Хат жанрындағы жазбаша айтыс Сыр сүлейлерінде дәстүрге айналған жанр түрі. Ғазизаның аталған кітапқа енген жазба айтысы Сыр өңірінде кеңінен қолданылған шығармашылық үрдістің заңды жалғасындай туынды деуімізге болады. Еңбек ауылының ақыны Ғазиза мен Мақпалкөл ауылының ақыны Кендебай Атырауовпен сөз сайысында суырып-салмалықтан гөрі жазып айтысқа түскендіктен жазба айтыста поэзияға қойылатын талаптар сақтала жазылған. Ақындар көркемдік, теңеу, образдау, сөздің қуаты мен шеберлігінің деңгейін танытуға тырысады. Екі ақын да өз туған жерлеріндегі көрнекті тұлғаларын дәріптейді, елдегі ауылшаруашылықтың жайын сөз етеді. Өз кезегінде екі ақын да өз ауылындағы игілікті істерді жүйелей баяндаған. Өзінің және қарсылас ақынның ауылдарындағы жағымды жағдайлар мен кемшіліктерді уақыт тынысына сай шыншыл және сыншыл тілмен жырлайды.

Поэзия мен махаббат – бір-бірінен айрылмайтын егіз ұғым. Әрбір ақынның ой-түйсігіне қарай махаббатты әркім өзінше жырлайды.

Ғазиза өмірдің өзі махаббаттан бөліне алмайтынын, тек сол сезім арқылы бір-бірімен жарасым, үйлесім табатынын айтады.

Анаға сүйспеншілік, досқа құрмет, бобегіне деген мейірім, Отанға перзенттік, туған топыраққа борыштық сезімдерінің бәрі махаббатқа байланысты. Адам бойындағы ең асыл сезімдердің бірі – адамгершілік сезімі де махаббатпен сабақтас. Өзілхан Нұршайықов «Махаббат қадірін білмейтін адамда адамгершілік сезімі болмайды, ал адамгершілігі жоқ кісінің жүрегіне асыл махаббат ешқашан да ұя салмайды» деген сөзінің мәнін өз шығармашылығы арқылы танытқан Ғазиза ақын поэзиясының жастарға берер ғибрат мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1998-383 б.
2. Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар – 1999-440 б.
3. Ғазиза Әбілда. Таңсәрі. Тұмар, – Қызылорда, 2011-205 б.
4. Ғазиз. Райыс. Сөз өнері теориясы. – Алматы, 2010-523 б.
5. Қ.Жұмалиев. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1969-243 б.

ТІЛДІК ТҰЛҒА ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘДЕНИ-ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТІ

Дәрібай М., Баялиева Г.Ж.
Қорқыт ата атындағы ҚМУ

Адамды, оның жан дүниесін тілінен тыс зерттеуге болмайды. Тілді де адам арқылы, адамның жан дүниесі арқылы зерттеуге болмайды. Адам өз сөзінің иесі, өз сөзінің қожасы болса, тілдің иесі де, қожасы да халық.

Тілді халық арқылы, халықты тілі арқылы, сондай-ақ адамды тілі (сөзі) арқылы, сөзі арқылы адамды тану идеясы әр дәуірдегі ұлы ойшылдарда да айтылған. «*Адамның қарап сөзін алма, сөзіне қарап адамның ал*» дейтін Абайдың философиялық ойы субъектінің сөзі арқылы оның әлеуметтік, білімдік, психологиялық тұлғасын тану жөніндегі антропоцентристік идеямен үндес екені айқын аңғарылып тұрады.

Тілдік тұлға - тек тілдің ғана субъектісі емес, адресант және адресат ретінде сөздің де субъектісі. Дәстүрлі парадигма сөз мәдениетінің түп қазығы, орталық ұғым тілдік норма болса, ендігі жерде, жаңа парадигмада **сөз мәдениетінің түпқазығы тілдік тұлға** болуға тиіс.

Адамдар ақиқаттағы заттар мен құбылыстардың, уақиғалардың, қысқасы, денотаттар әлемінің ортасында өмір сүреді. Санада сәулеленген ақиқат өмір үзіктері адамның ой елегінен өтіп, білім дүниесіне, яғни интеллектуалдық, руханияттық, мәдени-әлеуметтік қажеттілікті өтейтін концептілерге айналады. Сөйтіп, адамдар тек ақиқат дүние ортасында ғана емес өздері жасаған идеалды дүние әлемінде де өмір сүреді.

Әрбір кезең, әрбір дәуірдің өзді-өзіне тән ақиқат дүние туралы білім жүйесі болады. Мысалы, *қой, жайылу, ауыл, өріс, бытырау, изен, жусан* т.б. сөздердің қандай мағынаны білдіретіні немесе қандай денотатты көрсетіп тұрғаны бізге белгілі. **Бұл – тілдік білім.** Ал *«қой бытырап, шашырап бір-бірінен алшақ кетіп жайылса, ауыл қонған жерден тым ұзап кетсе, ол жердің оты нашар болғаны. Ауыл ондай жерде ұзақ отырмайды оты қалың, изенді, жусанды, өрісті жерге көшеді»* десек, **бұл – тілдік емес, дүниелік білім.**

Ал белгілі бір көркем шығарманы оқыған оқырманға сол дәуірдегі тілдік емес білімді білу қажет. Көркем шығармада тілдік семантикадан басқа да білім дүниесі бар. Сол білім дүниесі шығармада қалай берілді? Қазақ әдебиетінің класигі Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларының оқырманды баурап алуының сыры риторикалық тәсілдерді, стильдік амалдарды шебер қолдануында ғана емес, оқырманға бейтаныс тілдік емес

білімдер жүйесін ашып берумен де байланысты. Жазушының бір әңгімесінде батырдың мінген қазанаты «*құлағын қайшылап, оқыранып, аяғымен жерді тарпи береді*».[1] Атының бұл мінезіне қарап батыр не қалың жылқыға, не жылқыны қуып әкетіп бара жатқан жауға кездесетінін біле қояды. Осылайша жазушы оқырманға сол дәуірдің білім дүниесінің есігін ашпаса, оқырман сол дәуірдің ішіне кіре алмайды.

Дүниелік білім когнитивтік санада бір-бірімен ұштасып жатады. Мысалы, қауіп-қатер таянғанда жылқының әлгіндей жер тарпитын қылығы, қазақы қазанаттың тарпаң, құланмен туыстығымен байланысты көрінеді. Мысалы, құлан үйірін шақырғанда, үйіріне қауіп төнгенде алдын ала сезіп, ащы дауыс шығарады екен. Міне, осындай дүниелік білімдер оқырман-тілдік тұлғаның санасында болғанда, Махамбеттің «*Құландай ащы дауыстым*» деп, Исатай батырды жоқтағандағы жан-дүниесін тереңірек ұғынуға болады.[2]

Белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. **Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код.** Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет.

Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, «араласуы» кәдік. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет. Сөйлеуші я болмаса тыңдаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын/алмайтынын анықтаудың сөз мәдениеті үшін мәні ерекше.

Мәдени семантиканы айқындауда тілдік тұлға үшін қиындықтар да болады. Кейбір тілдік таңбаларда мәдени ақпараттар тілдік мағынаның тасасында тұрады да, имплицитті сипатта болады.

Тілдік семантика (білім) мен мәдени семантиканың (жалпы дүниелік білімнің) бір-бірімен байланысы бірде айқын, бірде көмескіленіп, кейде бір біріне жақындап, кейде бір-бірінен алшақтап тұрады. Мысалы, *жұлдыздар тіркесінті, жұлдыздар теңесінті* деген тұрақты тіркестің мәдени-ұлттық семантикасы тым көмескіленіп кеткен. Байырғы дүниелік білім бойынша төменнен жоғары тартылған түзудің бойымен жоғарыда Үркер және оның Үлпексарысы, одан төменіректе Үш Арқар-Таразы, одан төменде Сүмбіле жұлдызының бірінен кейін бірі қатар түзуін *жұлдыздар тіркесінті* дейді. «*Күн суытып, қыс түсер шақ*» келді деген ұғымды білдіреді. Жұлдыздар қазан айында тіркесіп болады. Жұлдыздар керуенінің басында Үркер мен оның Үлпексарысы тұрады. Ал жұлдыздар теңесіпті деген тұрақты тіркес әлгі жұлдыздардың горизонталь түзудің бойымен қатар келуін *жұлдыздар теңесінті* дейді. 22-24 наурызда Сүмбіле (сол жақта), Үш Арқар-Таразы (ортада), Үлкер мен Үлпексары (оң жақта) бір түзудің бойында, күннің батысында, тізілген моншақтай болып тұрады. *Жұлдыздар теңесінті* дегенді, кейде *Таразы басы теңесінті* дейді, «*күн мен түн теңелді*» деген ұғымды білдіреді.

Тілді тұтынушыда лингвистикалық күзірет, коммуникативтік күзірет, сондай-ақ тілдік-мәдени күзірет болады.

Тілдік-мәдени күзірет дегеніміз тілдік тұлғаның сөйлеу (жазу) мен айтылған (жазылған) сөзді қабылдау кезінде тиісті мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі.

Тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығы, әсері негізінде тілдік таңбаның мазмұн межесінде мәдени семантика қалыптасады. Аударма, тіл үйрету, көркем мәтінге талдау жасауда, сөздіктер құрастыруда тілдік таңбаның грамматика, лексика-стистикалық мағыналарымен бірге ондағы мәдени ақпараттарды да ескеру аса қажет. Мысалы, қазақ тілінің онтомдық түсіндірме сөздігінде *жылқы* сөзіне мынадай түсініктеме берілген:

ЖЫЛҚЫ з а т. *Төрт түлік малдың көлік үшін пайдаланылатын тақ тұяқты түрі.* Әрине жылқының лексикалық мағынасы толық ашылған, *төрт түлік, тақ тұяқты* деген семалар лексикалық мағынасын жеткілікті дәрежеде беріп тұр. Басқа ұлттың тілі, мәдениеті үшін бұл түсіндірме, бәлкім, дұрыс та шығар, ал мәдени мәнділікке байланысты ақпарат қазақ тілінің сөздігі үшін толық болмай тұр. Өйткені жылқы сүтінен

жасалатын қымыз – қазақ мәдениетінде астың асылы, ардақтысы. Сондай-ақ жылқының қазы-қарта, жал-жаясы да астың ең сыйлысы. Олай болса, *жылқы* сөзінің мәдени семантикасына қатысты негізгі ақпараттар дефиницияда мүмкіндігінше қамтылуға тиіс.

Мысалы: ЖЫЛҚЫ з а т. *Көлік үшін, еті, сүті тағам үшін пайдаланылатын төрт түліктің тақ тұяқты түрі* деген нұсқада беру тілдік семантиканы әрі мәдени семантиканы қамти түсер еді.[3]

Егер сөз мағынасының құрылымы денотаттық және сигнификаттық екі деңгейден тұратынын ескерсек, мәдени семантиканың сигнификаттық компоненттен орын тепкені байқалады. Халық тілінде кездесетін, этномәдени танымның мифологиялық санамен байланысын көрсететін фразеологизмдер мен паремологизмдердің өзі сақталғанмен, прототиптері, архетиптері көмескіленіп, жоғала бастады. Мәселенің қиындайтыны да осы арада. Сөзқолданыста қате-кемшіліктердің жиі кездесетін, сөз мәдениетіндегі қауіпті аймақтың бірі осы тұста деуге болады. Өйткені этномәдени лексиканың мән-мағынасын жете түсінбегендіктен, мәдени семантикаға қайшы келетін сөз қолданыстар жиі кездесе бастағаны байқалады. Мысалы, газет бетінен қайсыбір мектепте эстетикалық тәрбие мақсатында *үкілі қыз* байқауын өткізгені жайында айтылған. Ал шынында *үкілі қыз* сөзі «үкі тағылған, құда түсушілер *үкітағар* ырымын жасаған» деген мәдени семантиканы білдіреді. Байқау конкурсты өткізушілердің *үкілі қыз* сөзінің мәдени семантикасынан бейхабарлығын көрсетеді.

Тілдік тұлға үшін мәдени-тілдік семантиканың аса күрделі түрі фразеологизмдер, паремологизмдер тәрізді тілдік таңбаның мазмұн межесіндегі құрылымдармен байланысты.

Этностың ақиқат дүние туралы көзқарасы, салт-дәстүрі, жол-жоралғылары әдет-ғұрпы, моралі, әдебі, тұрмыс-тіршілігімен байланысты ақпараттар жинақтаған тұрақты сөз орамдарының мазмұндық құрылымында ақиқат дүниенің тілдік бейнесін көрсететін **ұлттық менталитетті** танытатын компоненттер болады. Осыларды айқын аңғара білмеген жағдайда сөйлеуші/жазушы коммуникативтік сәтсіздікке ұшырауы ықтимал. Соңғы жылдары әсіресе радиохабарларда жылы лебізді құттықтау сөз айта келіп, мерейтой иесіне *«қартаймаңыз!»* деп тілек білдіреді. Қазақ мәдени қоғамдастығы «қартаймаңыз» деген тілекті қабылдай қоймайды, мұндай тілек *«кәрілік жасқа жетпеніз»* дегендей сезіледі. *«Адам қартаймайтын шайтан емес қой»* деп қайсыбір кісілер мұндай тілекті қош алмайды. Қазақ салтында қарттық үлкен құрмет, адамның қызметі, атақ-дәрежесінен гөрі жасын сыйлау, жасына қарай жол беру жағы мықтап ескеріледі. Үлкендердің байырғы кезде *кәрілікке жеткізсін, жағың түспей, жамандық көрме; ақ сақалды сары тісті бол* дейтіні сол этикалық норманы айқын аңғартады.

Сонымен, тілдік тұлғаның коммуникативтік сәтсіздікке ұшырау қаупі жиі кездесетін аймақтың бірі негізінен мазмұн межесі этномәдени семантикаға ие тұрақты сөз орамдарымен, яғни фразеологизмдер мен паремологизмдердің мәдени-ұлттық семантикасымен байланысты деуге болады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Мүсірепов.Ғ Шығармалар жинағы.
2. М. Өтемісов. Шығармалар жинағы.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 10томдық

1 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖАҢА ОРТА МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО-НА БЕЙІМДЕЛУ ПРОЦЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әділ Ш.М., Саркенова А.Б., Абызова Л.Б., Жұмалиева Г.С.
Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті

Студенттік кезең, жеке адам тұрғысынан алғанда, адамгершіліктік және эстетикалық сезімдердің белсенді түрде даму кезеңі, ересек адам ретінде азаматтық, саяси - қоғамдық және кәсіби мамандық міндеттерінің тұрақталу, толысу кезеңі
Белгілі Кеңес Одағының психологы Б.Г. Ананьев

Студенттік өмір – адам өміріндегі жарқын сәттермен есте қалатын, ертеңгі күнге сабақ болатын қарым қатынастар, қызықты оқиғалар, белсенді өмір кезеңі. Бұл кезеңнің бастамасы, яғни 1 курс 1 семестр әр студент үшін өзінше қорқыныш туғызатыны хақ. Бұрын соңды көрмеген адамдар, жаңа орта, жаңа достар, жаңа жүйе, жаңа тәртіп, жаңа қағидалар, иә, бұл жерде бәрі бәрі жаңа. Әсіресе, өзге аймақтардан келген студенттер үшін оқу процессін есептегенде, ол қаланың өзі жаңа. Тап осы кезеңде жүретін бейімделу – өте күрделі процесс. Бес саусақтың бірдей болмайтынындай, әрбір жеке тұлғада ол әртүрлі уақыт аралығында, түрліше жүреді. Адам өмірінде тіптен психологиялық проблемалар орнауы мүмкін. Студенттердің педагогикалық-психологиялық бейімделуі білім берудің фундаменталді сұрақтарының қатарына жатады. Демек, студенттердің оқу үрдісіне бейімделуінің сәтті болуынан студенттің мамандануы жақсы қалыптасады және қоғамдық ортада дамуы жүзеге асады. Бейімделу мәселесі психология және педагогика ғылымдарының ежелгі тарихынан бері қарастырылып келе жатқан мәселесі болғанымен де, өзінің өзектілігін бүгін күнге дейін жоймаған. Қазіргі психологиялық зерттеулерде бейімделу ұғымы адамның қоршаған ортада адекватты түрде қалыптасуының нәтижесі ретінде сипатталады. Бұл процесс адамның ішкі дүниесі мен ойлау қабілетінің сыртқы ортаға бейімделу мүмкіндігін анықтайды. Адаптация ішкі дүниенің сыртқы ортамен, жеке өмірдің әлеуметтік жағдаймен тығыз байланысы нәтижесінде қалыптасады. Осы жеке өмір мен әлеуметтік жағдайдың шекарасын өзін-өзі тану, ішкі шынайылық, толыққандылық сияқты сезімдерді сипаттайтын «жеке басы (идентичность)» ұғымы ажыратып тұр. Адамның әлеуметтік-психологиялық бейімделу дәрежесі мен жеке басы ұғымы тығыз байланысты екендігі белгілі [1]. Біздің зерттеу жұмысымыз медициналық ЖОО-ның студенттерінің жеке тұлға болып қалыптасуындағы әлеуметтік-психологиялық бейімделушілігін анықтауға бағытталады. Медициналық ЖОО-ның студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделушілігі оның жүріс-тұрысы, өмірдегі маңызды мәселелерді шешушілігімен тығыз байланысты. Адаптация процесі тек білім алу барысында ғана емес, әр адамның жеке ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі жүреді. Ондай ерекшеліктерге біздің ойымызша психологиялық қабілеттерді дамытуы, қиыншылықтарға төзе білуі, аса ауыр жағдайларды өзіне сынақ ретінде қабылдап, шыдамдылық танытуы жатады. Бұл жағдайлар сондай-ақ студенттің алдағы уақытта белсенді болуына да әсер етеді. Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты – студенттердің жаңа өмір дағдысына және білім алуының әртүрлі кезеңдеріндегі бейімделу ерекшеліктерін анықтау.

Бейімделу - әлеуметтік тәжірибелерді жаңғырту мен меңгерту процесінің тарихи белгіленуі, студенттерді әлеуметтенуінің бір құрылымы ретінде анықталады. Зерттеуші ғалым А.А. Реан мен өзгеде ғалымдардың еңбектерінде ЖОО-ндағы оқу үдерісіндегі алғашқы кезең студенттің алдағы өмірдегі жолын анықтайтын шешуші кезең ретінде қарастырады. Студент – қоғамдағы өз орнын айқын табуға, болашақ дамудың бағыт – бағдарын жүйелі тани білуге ұмытылатын мәдениетті тұлға. Студентті тұлға ретінде төмендегідей үш жағынан сипаттауға болады:

Психологиялық жағынан жеке студентті зерттеу барысында тұлға бойындағы темперамент, мінез, қабілет сияқты психологиялық қасиеттердің қатар дамуы әр адамның өзіндік ерекшелігін, психологиялық жағдайлары мен ой-пікірінің дамуына әсер етеуі анықталады.

Әлеуметтік жағынан студенттің қандай әлеуметтік топқа, ұлтқа жататындығы, қоғамдағы орны мен байланысы, адамдармен қатынасы қарастырылады.

Биологиялық тұрғыда, студенттің жоғары жүйке қызметінің типін, анализаторлардың құрылысын, шартсыз рефлексдердің, инстинктерінің, физикалық күшін және тағы да басқа ерекшеліктерін қарастырады. Биологиялық даму тұқым қуалаушылық және туа біткен нышандарға байланысты болғанымен, ол белгілі бір жағдайларда өмір сүру шарттарына байланысты өзгеруі мүмкін.

Студентті бұл тұрғылардан зерттеу оның тұлға ретіндегі психологиялық мүмкіндіктерін, өзіндік ерекшеліктерін ашып, білім сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Ал студенттің жоғары оқу орнына, оқу үдерістеріне және түрлі жағдайларға бейімделуі үш форма арқылы анықталады:

1. формальды бейімделу - жаңа ортаға студенттің танымдық-ақпараттық икемделуі;
2. қоғамдық бейімделу – жаңадан келген студенттердің өздері білім алатын ЖОО-ның жалпы студенттерінің қауымына кіру процесі.
3. дидактикалық бейімделу – студенттің ЖОО-ндағы оқудың жаңа әдіс-тәсілдеріне, оны ұйымдастырудың жаңа формаларына дайындығы [2].

Біз зерттеу жұмысымызды осы аталған формалар негізінде Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде жүргіздік. Сауалнамамызға барлығы 156 студенттің 129 (83,8%) «Жалпы медицина», 15 (9,7%) «Стоматология», 10 (6,5%) «Қоғамдық денсаулық сақтау» факультеттерінің студенттері қатысты. Біріншіден, біз бірінші курс студенттеріне А. Ф. Фидпердің ұжымдағы түрліше психологиялық жағдайларды бағалау әдістемесін жүргіздік.


Әдістеме кестесі шкаладан тұрады. Шкаланың әр бөлімінде қарама-қайшы мінез – құлық жазылып, 7 бөлімінің әрқайсысы солдан оңға қарай 1-ден 8-ге дейінгі ұпайлармен бағаланған. * белгісі солға қарай орналасқан сайын, ұпай төмен болады және жауап берушінің пікірінше ұжымдағы психологиялық жағдайы жақсырақ, яғни осы арқылы студенттің жанындағы адамдардан берілген қасиеттердің қайсысын көбірек байқайтындығын анықтадық. Студенттердің берген жауаптары қосылып, нәтиже анықталып, қорытынды көрсеткіш 1 (өте жақсы) және 8 (өте жағымсыз) ұпай аралығында бағаланды. Ұпайлар 4-тен төмендеген сайын жағымды психологиялық хал-ахуалды, жоғарылаған сайын жағымсыз хал-ахуалдың артқанын көрсетеді.

		1	2	3	4	5	6	7	8	
1	Достық			*						Қастық
2	Келісім				*					Келіспеушілік
3	Қанағаттанарлық			*						Қанағатсыздық
4	Жылы шырайлылық				*					Салқындық
5	Бірін-бірі қолдау			*						Теріс ниеттілік
6	Еліктеушілік				*					Немқұрайлылық
7	Жетістік			*						Сәтсіздік


Зерттеу жүргізілген топтардың барлығының жинаған ұпай саны 4-тан төмен. Яғни, бұл топ ішіндегі психологиялық хал-ахуал, қарым-қатынастың, студенттердің оқу орнына адаптациясының жалпы жақсы екендігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелерін талдау арқылы студенттердің әлеуметтік-психологиялық адаптациясының, өзін және өзгелерді жеке тұлға ретінде қабылдап, сыйластықпен қарауының, ішкі бақылауының және өзіндік эмоционалдық комфорттың қалыпты деңгейде екендігін көруге болады. Ал бұл өз

кезегінде оқу үрдісінің нәтижелі жүргізілуіне көмегін тигізеді [4]. Оқудан бөлек, студенттердің жоғарғы оқу орнындағы маңызды іс-әрекеттерінің бірі – жаңа адамдармен қарым-қатынас жүргізу. Ең біріншіден әр адамның өз мінез-құлқын өзі реттей алуы және өмірі мен жұмысындағы бостандық дәрежесіне басымдық беріледі. Сауалнамамыз көрсеткендей, әр студенттің бейімделу процесі түрліше жүреді. Колледж бітірген, еңбек өтілі бар жастар студенттік өмір мен тұрмысқа жеңіл әрі тез бейімделеді (15 (9,6%)), себебі олар осыған дейін бейімделудің барлық кезеңдерінен, яғни оларда бұрындары жаңа топқа, қалаға деген бейімделу процесстері өткен, олар үшін жаңа қаланы білмеуден басқа қиындық аса көп кездеспейді. Ал мектепті жаңа бітіріп келген абитуриенттер үшін ол түрлі деңгейде, көпшілігінде бейімделуі қиын түрде, кейбіреуінде жеңіл жүруі мүмкін. Осы тұрғыда қарастырғанда өзге оқу орындарымен салыстырғанда медициналық оқу орынында оқу студенттерді әлдеқайда күйзеліске көп түсіреді. Оның ішінде де, зерттеуімізге сүйенсек, медицинаның ауыр пәндерінің бірі Анатомияны 1 семестрде оқитын Стоматология мамандығының студенттері 1 семестрде бұл пәнді оқымайтын Жалпы медицина мамандығының студенттерімен салыстырғанда бейімделуі қиындау жүрген. Күнделікті оқудың ауыртпашылығы, уақыттың жетіспеушілігі адамды күйзеліске душар етіп, оның ішінде медицина саласының қоғамдағы өзектілігін бұрынғыдан да жете түсіну барысында «оның ауыртпашылығын көтере аламын ба? мамандықты қате таңдадым ба?» деген ойға әкелуі мүмкін. Оқудың жаңа жүйесі, өзге адамдардың ортасына келу, қаланы білмеу, өзгеше климат, студенттің тұйық болуы немесе таныстарының болмауы, коммуникациядан қорқуы және басқа да жағдайлар олар үшін бейімделу процесін тіптен қиындатып жібереді. Алайда кейбіреулері үшін бұл процесс тез жүреді, себебі басқа адамдармен коммуникацияны дұрыс орнату, үлкен курстардан таныстары болуы, олардың қолдауы, өзге жақта жүріп үйренгендігі және ең бастысы өзінің таңдауын яғни, медицинаны сүюі көп көмегін тигізеді. Бұл жағдайда көбіне айналадағы адамдардың әсері ерекше, мысалы достар (123(80,4%)), жоғарғы курс студенттері (13(8,5%)), туысқандармен (34(22,2%)) үнемі кеңесу де ортаға, қалаға бейімделуге өзіндік үлес қосады.

Бейімделу барысында қандай қиыншылықтар болды (%)?



Сіздің жаңа ортаға жылдам бейімделуіңізге не әсер етті (%)?



Ғылымда қыз балалардың ұл балаларға қарағанда өмірдің қиын жағдайларына төтеп бере алу қабілеті басым екендігі анықталған. Бұны біздің өткізген сауалнамamız да нақтылады. Ұл балалардың (49 (31,4%)) қыз балаларға (107 (68,6%)) қарағанда топқа, ортаға, жанында тұратын жандарға бейімделуі төмендеу немесе орташа жүрген. Көп жағдайда қыздар жат аймаққа шыққанда өз ісіне жауапкершілікпен қарап, төзімділік танытады. Алайда, бейімделу барысында қыздар ұлдарға қарағанда күйзеліске көп шалдыққандығы да анықталды. Әрине, қыз балалардың нәзік жанды екендігі осы сәтте еріксіз ойға оралады. Ал студенттердің топқа бейімделуіне келетін болсақ, барлық студенттерді бірнеше жыл бірге оқып, қызықты уақыттарын бөлісетін тобының қандай болатындығы уайымдатады. Кей жағдайда бұл да кейбіреулер үшін үлкен стресс болуы мүмкін. Топтың ұйымшылдығы, коммуникативтілігі, адамгершілігі мол, оқуға ынталы болуы, қалаға, университетке тез сіңісуіне және оқудың ауыртпалығын жеңілдетуге әсер етеді, студенттер арасында бірін-бірі түсінушілігі артады [3]. Ал топтың арасында ауызбіршіліктің болмауы, өз тобының арасында бөліну бір ғана емес, сол топта оқитын бірнешестуденттердің оқуға деген қызығушылығын төмендетіп, жаңа жүйе мен жаңа ортаға бейімделуіне теріс әсерін тигізеді. Біз өткізген сауалнама нәтижесінде студенттердің басым бөлігі өзінің тобынан қолдау тауып, тобы ұнайтындығын көрсеткен (144(91,1%)). Бұл орайда студенттердің бір-бірімен дұрыс қатынас орната алуында университет оқытушылары мен психологтардың алатын орны ерекше. Себебі оқытушылардың студенттермен дұрыс байланыс жасауы, әртүрлі тренинг өткізуі арқылы студенттің өзіне сенімін оятып, еліне, өмірге деген сүйіспеншілігін және оқу мен жаңа ортаға бейімделу мотивацияларын арттырады [5]. Егер университет табалдырығын жаңа аттаған студентке өзінің тобы мен оқытушылар тарапынан барынша қолдау көрсетілсе, онда ол адамның өз ойын еркін жеткізе біліп, өздеріне деген сенімділігін арттырады.

Үнемі ата-анасының қасында өскен балалар үшін өз бетінше өмір сүру қиынға соғып жатады, әдетте өз бетінше өмір сүріп, ақшасын басқарып үйренбеген адамдарда бұл жиі кездесетін жағдай. Олар бір жағынан алдағы болатын жағдайларды алдын ала жоспарлап, екінші жағынан кез келген нәрсеге уайымдаумен болады. Тек жаңа қалаға ғана емес, сондай-ақ қандай адамдармен, қай жерде бірге тұратындығы студенттердің негізгі мәселесінің бірі. Біздің зерттеуіміз бойынша, жатақханада тұратын (119 (76,3%)) студенттердің жанында тұратын адамдарға бейімделуі пәтерде тұратын (37 (23,7%)) студенттерге қарағанда жоғары болған.

Біз өз зерттеулерімізде бейімделу процесі барысында студенттің бойында кәсіби іс-әрекетіне қажетті әлеуметтік қасиеттер де қалыптасатынын қарастырдық. Бұл негізде, жоғарыда қарастырылған студенттердің бейімделуінің өлшемдері мен көрсеткіштері туралы пікірлерді талдай отырып, төмендегідей қорытынды жасадық:

1.Ең біріншіден, сіз оқу барысында мамандық туралы түсінік қалыптастырып, мамандықтың әлеуметтік маңыздылығын түсініп және оған оң көзқарас қалыптастыруыңыз керек.

2. Алғашқы сабақтар барысында өзіңіз ЖОО-ның оқу жүйесімен және білім деңгейін қойылатын талаптарды, оқытудың ерекшелігін, оның мектептегі айырмашылықтарын тез ұғынып алуыңыз керек.

3. Ортаға тез бейімделу үшін біз тек жеке субъект,яғни студентті ғана алмай, біз оқытушының да рөлі маңызды екенін ескере кетсекте болады. Өйткені студенттер топтан лайықты орын табу үшін оқытушы мотивация ретінде түрлі тапсырмалар беріп, оларды қолдап, студенттердің жақсы қырынан ашылу үшін өздеріне мүмкіндік беру керек.

4. Өзіңіз, психологиялық көмекке мұқтаж болсаңыз, ЖОО-ның арнайы психологтарына барудың ешбір зияны жоқ, сіз керісінше студенттермен көптеп айналысқан психологтардың тәжірибесі сізге пайдалы болады.

5. Сабақтардан кейін топта бірлескен іс-шарлар өткізген кезде, сіз барынша қатысуға тырысыңыз, себебі бұлда топтың ішінде бейімделу процесі тез жүреді, әрі уақытыңызды қызықты өткізесіз.

6. Адамдармен тез тіл табысу үшін, сіздің бойыңызда адамгершілік қасиеті жоғары болу қажет. Ол үшін ЖОО-да өзін-өзі тәрбиелейтін әңгімелер туралы түрлі тақырыптар өткізіледі.Студенттің қай күн болмасын, ең маңызды мәселесі бұл уақыт. Сіз күнделікті режимді қалыптастырсаңыз, сіз уақытыңыздың тапшылығын мүлдем сезбейсіз.

8. Топтағы студенттердің өзіңізбен салыстырудан алшақ болыңыз, себебі бұл ортадағы адамдарға сіз туралы негативті көзқарастарға алып келеді, және де адамдардың мінез құлқын сынға алмаңыз, керісінше позитивті көзқараста топтағы жетістіктерді сынға алмай, оларға қолдау көрсете білсеңіз, сіз топқа бейімделуімен қатар, өзіңізді жақсы қырынан көрсете аласыз.

Өткізілген зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесі медициналық ЖОО студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі олардың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты екенін көрсетті. Осыған орай, болашақ медицина қызметкерлерінің тәжірибелі, адал болып шығуы, студенттік өмірдің бастамасындағы іргетасын дұрыс қалауына тікелей негіз болатынын айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Андронов, В. П. "Дәрігердің кәсіби ойлауын қалыптастыратын психологиялық негіздер" 1991жыл
2. Балл Г.А. «Жеке тұлға үшін адаптация түсінігі және оның маңызы» 1989жыл
3. Төребаева К.Ж. «Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» – Ақтөбе
4. В. П. Рожина, В. А. Ядова «Адам және оның жұмысы. Әлеуметтік зерттеулер» 1967жыл
5. Омарова Р.С. «Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру» Алматы, 2002жыл

ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ НАРАЗЫЛЫҚ: НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТИПОЛОГИЯСЫ

Өтебай Қ.Н., Насимова Г.Ө.

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

Аннотация. Мақаланың мақсаты қазіргі қоғамдық саяси өмірдің әлеуметтік феномені ретінде саяси наразылықты зерттеудің теориялық шеңберін әзірлеу болып табылады. Жүйелі методология негізінде, сондай-ақ талдау және синтез әдістері арқылы автор зерттелетін объектінің нақтылаушы дефинициясын ұсынды, сондай-ақ наразылық мінез-құлқының типологиясы әзірленді. Теориялық талдау нәтижелері индивидтердің және әлеуметтік топтардың наразылық белсенділігінің әртүрлі нысандарын зерттеу үшін аналитикалық негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Кілт сөздер: саяси наразылық; саяси қатысу; саяси мінез-құлық.

Аннотация. Целью статьи является разработка теоретических рамок исследования политического протеста как социального феномена современной общественнополитической жизни. На основе системной методологии, а также посредством методов анализа и синтеза, автором предложена уточняющая дефиниция исследуемого объекта, а также разработана типология форм протестного поведения. Результаты теоретического анализа могут быть использованы в качестве аналитической основы для исследования разных форм протестной активности индивидов и социальных групп.

Ключевые слова: политический протест; политическое участие; политическое поведение.

Annotation. The purpose of this paper is to develop the theoretical limits for research of political protest as a social phenomenon of the modern social and political life. On the basis of a systematic methodology, and through analysis and synthesis methods, the author proposed subdivision definition of an object, and also developed a typology of forms of protest behavior. The results of theoretical analysis can be used as an analytical framework for the study different forms of protest activity of individuals and social groups.

Keywords: political protest, political participation, political behavior.

Қазіргі қоғамтану ғылымында «саяси наразылық» ұғымының бір мағыналы түсінігі жоқ. Әр түрлі зерттеушілер өздерінің ғылыми еңбектерін негізге ала отырып, бұл ұғымға әр түрлі саяси акциялар мен азаматтардың саяси қатысуын жатқызыады. Азаматтардың саяси қатысуы саяси наразылықтың бір түрі ретінде қарастыру жеткілікті кең таралған көзқарас болып табылады. Мысалы, анықтамалық және энциклопедиялық әдебиетте «саяси наразылықтың» мынадай анықтама табуға болады: «жалпы саяси жүйеге немесе оның жекелеген элементтеріне, нормаларына, құндылықтарына ашық, демонстрациялық формадағы теріс қарым-қатынас көріністерінен көрінетін саяси қатысудың түрі. Саяси наразылық түрлеріне митингілер, ереуілдер, демонстрациялар, терроризм және т. б. жатады» [1].

Американдық зерттеушілер Дж. Дженкинс пен Б. Кландерманс саяси наразылықты «өкілдік немесе атқарушы билік жүйелерін, жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты немесе азаматтар мен жалпы мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастарды өзгертуге бағытталған ұжымдық іс-қимылдар жүйес» деп айқындайды [2].

Басқа американдық ғалым - С. Тэрроу - саяси наразылықты «кейбір ұжымдық мақсаттар мен наразылық көрсетушілердің талаптарына қол жеткізу үшін жасалатын, институттарға, элиталарға бағытталған жойқын ұжымдық әрекеттерді пайдалану» деп анықтайды.

С. Тэрроу наразылық әрекетті бес негізгі компонентке бөлді:

- институционалдық делдалдықты қабылдамайтын тікелей сипат;

- наразылықтың ультимативті нысаны болып табылатын күш көрсету мүмкіндігі;

- наразылықтың экспрессивтілігі – наразылық көрсетушілер инструменталды талаптарды мәлімдеуге жиі қабілетсіз және аллегориялық айыптаулар мен адекватты емес лексиканың көмегімен наразылық білдіреді;

- наразылық білдірушілердің талаптары басқа топтарға немесе элиталық топтарға бағытталуы;

- наразылықтың экспрессивтілігіне қарамастан мінез-құлық нысандарын, сын объектісін және өз мақсаттарын таңдау кезінде белгілі бір стратегияның болуы [3].

«Наразылық» ұғымы – әлеуметтік немесе саяси болсын, құбылыстардың кең ауқымын қамтиды. Наразылық әлеуметтік белсенділіктің бір бағыты болып табылады. Оған келіспеу, оппозициялық қызмет, тиісті саяси мінез-құлық, өзгеше ойлау жатады.

Наразылық негізінде әлеуметтік қанағатсыздық жатыр. Өмірдің жағдайына, олардың өзгеру перспективаларына, халықтың билік органдарымен өзара қарым-қатынасының сипатына және т.б. «Әлеуметтік наразылық» жалпы ұғымда өзінің бұқаралық базасы бойынша, өзінің әлеуметтік-таптық келбеті бойынша және күші бойынша, өзінің қарқындылығы бойынша және оларды қозғаушы факторлардың ерекшелігі бойынша әр түрлі құбылыстардың сипаттамасына жатады [4].

Наразылықты зерделеудің әртүрлі тәсілдерін қарастыра отырып, бірінші кезекте нормативтік сипаттағы пайымдаулар негіз болатындарға тоқталу қажет.

Бір жағынан, наразылық «дәстүрлі емес» саяси мінез-құлықтың формасы ретінде анықталады. Бұл ретте дәстүрлі және дәстүрлі емес саясаттың ажыратылу өлшемі жалпы әр түрлі топтардың мүдделерін тұрақты түрде білдіруге ықпал ететін ережелер мен заңдардың болуы және тиісінше болмауы болып табылады.

Дәстүрлі саясат, мүдделерді жиі білдірудің мұндай механизмінің, жұмысының ажырамас элементі болып табылатын, нормативтік құжаттардың кең спектрінің болуын болжайды, мысалы, сайлау. Саяси мінез-құлықтың дәстүрлі емес формалары жағдайында митингілерді, саяси демонстрацияларды, бойкоттарды, ереуілдерді тұрақты өткізуге, әкімшілік ғимараттарды басып алуға және т. б. ықпал ететін қандай да бір нормалар жоқ.

Дегенменде, соңғысы осындай акцияларды өткізуді шектейтін немесе тыйым салатын көптеген нормативтік құжаттардың болмауын білдірмейді.

Екінші жағынан, наразылық ұғымы саяси қақтығыстың проблемалық өрісі арқылы қарастырылады. Көрініс формалары бойынша жанжал наразылық пен көтеріліске бөлінеді. Бұл ретте наразылық биліктің нақты іс-әрекеттері мен саясатына қатысты саяси қақтығыстың көрінісі ретінде қарастырылады.

Көптеген жағдайларда наразылық мінез-құлқы ұзаққа созылмайды және демонстрация, жаппай ереуілдер, көшедегі қақтығыстар және қоғамдық тәртіпті бұзуға байланысты өзге де әрекеттер сияқты формаларды қамтиды.

Көтерілістің наразылығымен салыстырғанда анағұрлым іргелі мәселелерге қатысты және саяси режим өкілдері мен оның оппоненттері арасында қарулы зорлық-зомбылық көрсетуді болжайды. Қазіргі социологиялық әдебиетте наразылық себептерінің арасында, макроанализ деңгейінде ерекшеленетін маңызды рөл, әлеуметтік көңіл-күй көрсеткіштеріне және халықтың әлеуметтік күтуінің серпініне беріледі.

Наразылық әлеуетінің қалыптасуын түсіндіретін ең көп таралған теория, салыстырмалы депривация теориясы болып табылады. Бұл теорияның өкілдері наразылық әлеуетін қалыптастыру негізінде депривация жатыр деп есептейді. Яғни, өзінің қазіргі жағдайына қатысты субъективті наразылық сезімі. Мұндай қанағаттанбаудың негізгі себептері, субъектінің қандай да бір объектіге ие болмауы, оны иеленуге ұмтылады және өзін осы объектіге ие басқа субъектілермен салыстырады.

Осылайша, депривацияның пайда болуы үшін қандай да бір нәрсеге ие болмау фактісі ғана емес, объектіге ие болу ниеті, сондай-ақ әлеуметтік және саяси тәртіпті өзгерту арқылы жағдайды өзгерту мүмкіндігіне үміт арту маңызды. Бұл ретте депривация белгілі бір әлеуметтік ортада пайда болады: өзінің жағдайын бағалай және өз сұраныстарын қалыптастыра отырып, индивид өзін айналасындағылармен салыстырады. Егер айналасындағылардың тұтыну деңгейі жоғары болмаса, онда бұл таңуды төмендетуге және депривацияны бәсеңдетуге ықпал етеді. Егер айналасындағылардың тұтыну деңгейі айтарлықтай өзгеше болса, бұл әділетсіздік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді де, депривацияның алғышарттарының бірі болып табылады. Сондықтан салыстырмалы депривация туралы айтады.

Салыстырмалы депривация тек материалдық және әлеуметтік игіліктерге ие болу ғана емес. Ол сондай-ақ еркіндік, өзін-өзі көрсету қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін. Дәл осындай қажеттілік XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы студенттердің қойылымдарына қатысушылардың көпшілігінде туындады [5]. Сондықтан, депривацияны субъектінің құндылықты күтулері мен нақты мүмкіндіктері арасындағы сәйкессіздік ретінде анықтауға болады.

Наразылық әлеуетке, салыстырмалы депривациялаудан басқа, субъектілердің әлеуметтік және саяси қатынастарын концептуализациялауға қабілеттілігі және билік органдарының қызметіне қанағаттанбауы сияқты факторлар әсер етеді. Бұл ретте зерттеушілер, наразылық әлеуетін қалыптастыруға әсер ететін факторлар көп болған сайын, наразылық әлеуеті де көп болады деп есептейді.

Наразылық белсенділігіне тек актор мен оның әлеуметтік ортасының ерекшеліктеріне ғана емес, сондай-ақ саяси жағдайларға қатысты бірқатар факторлар қосымша әсер етеді. Осы факторлардың арасында субъектіде, оған саяси құзыретті, неғұрлым ұтқыр және тәуелсіз болуға мүмкіндік беретін әлеуметтік қасиеттердің бар екенін атап өткен жөн: Дамыған демократия елдерінде жүргізілген көптеген зерттеулерге сәйкес наразылық белсенділігі жас ерекшеліктеріне және білім деңгейіне және табыс деңгейіне жағымсыз байланысты. Бұдан басқа, наразылық акцияларға қатысу және саяси белсенділіктің дәстүрлі формаларына (мысалы, партиялық ұйымның қызметінде және т. б.) қатысу арасында оң корреляция байқалады.

Зерттеушілер сондай-ақ өкілді жүйенің әлеуметтік мүдделер мен әлеуметтік наразылықтарды бағыттау мүмкіндігі сияқты маңызды саяси факторды атап өтеді. Мәселе, наразылық белсенділігінің деңгейі өкілдік жүйесі қандай да бір әлеуметтік, этникалық, діни және т.б. топтарды біріктіруге қабілетсіз немесе саяси өкілдік институттары өзінің негізгі функциясын орындауға қабілетсіз болып табылатын жерлерде жоғарылайды.

Осылайша, егер дәстүрлі саяси қатысу тиімсіз болған жағдайда немесе билік пен қоғамның назарын қандай да бір оқиғаға аудару қажет болған жағдайда азаматтар наразылық білдіретін саяси белсенділіктің әртүрлі түрлеріне жүгінеді. Бірақ бұл ретте азаматтардың наразылық әрекеттерінің тиімділігіне деген сенімі де үлкен рөл атқарады.

Сондай-ақ, саяси өкілдік жүйесінің жекелеген топтардың мүдделерін ықпалдастыру қабілетінің төмендігі (осының салдары, мысалы, сайлауда наразылықпен дауыс беру болып табылады), сондай-ақ саяси мәдениеттің ұлттық ерекшеліктері, саяси субкультураның болуы және өзгешелігі маңызды фактор болып табылады.

Саяси наразылық конвенциялық (заңды) және конвенциялық емес (заңнамалық реттеу шеңберінен шығатын) саяси акциялар мен мінез-құлық тәжірибелерін қамтитын әртүрлі формалар болуы мүмкін, көп қырлы әлеуметтік-саяси құбылыс. Осыған байланысты В.Костюшев пен В.Горковенконың көзқарасы неғұрлым әділ болып көрінеді. Олар У. Милбрайттың саяси іс-әрекеттер типологиясына сүйене отырып, саяси наразылық ұғымына тек конфронтациялық және зорлық-зомбылық ғана емес, сонымен қатар конвенциялық акциялар да кіреді деп қарастырды.

Олардың қатарына мыналар жатады:

1) белсенділіктің төмен деңгейіндегі саяси наразылықтың конвенциялық формалары:

- наразылық абсентеизмі, яғни сайлау институтына теріс көзқараспен қарап, сайлау процесінің көмегімен саяси бағытқа ықпал ету мүмкіндігіне сенімнің болмауынан туындаған, сайлау науқанына қатысудан саналы түрде бас тарту;

- оппозициялық БАҚ-ты оқу, наразылық бағыттағы виртуалды «әлеуметтік желілерге» қатысу.

2) белсенділіктің төмен деңгейіндегі саяси наразылықтың конвенциялық емес формалары: оппозициялық пікірлерге, петицияларға, билікке өтініштерге қол қою. Бұл наразылықтың ең бейбіт түрлерінің бірі болғанымен, біз оны тиімсіз формаларға

жатқызамыз, өйткені бұл іс-әрекет қолданыстағы институционалдық шеңберден тыс билікке тікелей қараумен сипатталады;

3) белсенділіктің орташа деңгейіндегі саяси наразылықтың конвенциялық нысандары:

- «әлеуметтік желілерде» оппозициялық контент құру;
- электоралды наразылық;

4) белсенділіктің орташа деңгейіндегі саяси наразылықтың конвенциялы емес формалары:

- «әлеуметтік желілерде» экстремистік контент құру;
- шешілмеген демонстрациялар мен митингілерге қатысу;
- бойкот, яғни наразылық белгісі ретінде біреумен қарым-қатынасты демонстрациялық түрде тоқтату;
- аштық, яғни өз талаптарын орындау мақсатында ас ішуді саналы ерікті түрде шектеу;

5) белсенділіктің жоғары деңгейіндегі саяси наразылықтың конвенциялық формалары:

- оппозициялық партиялардың жұмысына және сайлау науқандарына қатысу;
- оппозициялық митингілер мен жиналыстарға қатысу;
- билік құрылымдарына немесе олардың өкілдеріне жүгіну;

6) белсенділіктің жоғары деңгейіндегі саяси наразылықтың конвенциялық емес формалары:

- азаматтық бағынбау акцияларына қатысу, яғни белгілі бір заңды ұйымдасқан түрде сақтамаумен сипатталатын наразылық тактикасын, оның әділетсіздігіне назар аудару мақсатында пайдалану;

- салықтарды төлемеу;
- ғимараттарды, кәсіпорындарды басып алуға қатысу;
- жұмыс орнынан кетуден бас тарту [6];

Осылайша, "саяси наразылық" ұғымы, біздің көзқарасымызша, әлеуметтік наразылықтың белсенді және көпшілік формаларын ғана емес, сонымен қатар қазіргі саяси жүйенің немесе оның жекелеген элементтерінің әлеуметтік наразылығын көрсететін пассивті саяси мінез-құлық тәжірибелерін де қамтуы тиіс.

Сонымен қатар, саяси наразылық ұғымын қоғамдық сана мен оппозициялық сипаттағы әлеуметтік көңіл-күй деңгейіне дейін кеңейтетін кейбір зерттеушілердің көзқарасы шектен шығып отыр. Талданатын әлеуметтік-саяси құбылыстың когнитивтік,

моральдық-психологиялық және эмоциялық құрамдас бөліктерін есепке алудың маңыздылығын мойындай отырып, біз саяси наразылық жеке тұлғаның немесе ұжымдық субъектілердің мінез-құлық реакцияларында (белсенді және пассивті) ғана әлеуметтік феномен ретінде іске асырылады деп есептейміз. Менталдық құрылымдар мен оппозициялық қоғамдық көңіл-күйді саяси наразылықтан ажырату керек. "Саяси наразылықпен" қатар "наразылық әлеуеті" немесе "наразылық көңіл-күй" сияқты санаттарды енгізе отырып, осы ұғымдарды шектейтін зерттеушілердің көзқарасы неғұрлым ұтымды болып табылады. Оның үстіне, бұл ұғымдар саяси наразылықтың ықтимал көріністерін болжау мақсатында халық арасында тұрақты сауалнама жүргізетін БАҚ-та және әлеуметтік орталықтарда бұрыннан таралған.

Қорыта айтқанда, саяси наразылық конвенциялық және конвенциялық емес нысандарда көрініс табуы мүмкін деп айтуға болады. Сондай-ақ, саяси наразылық саяси мінез-құлықтың белсенді (митингтер, пикеттер) және пассивті формалары (абсентеизм) болуы мүмкін. Саяси наразылықтың негізгі белгісі-белсенділік деңгейі, жариялылық деңгейі немесе мінез-құлық конвенциясының шеңбері емес, саяси институттарға, мемлекеттік саясатқа немесе оның жекелеген аспектілеріне қатысты теріс көз қарастың болуы болып табылады.

Саяси наразылық мәселесі саяси ғылымда ерекше орын алады. Оның ерекшелігі адамдарды саяси дискурсқа енгізуге немесе саяси акцияларға қатысуға ынталандыратын субъективті, тұлғааралық үдерістерді ұғыну қажеттігінен тұрады.

Оның теориялық мәні саяси мінез-құлықтың уәждемесін біле отырып, біз бір саяси режимдердің тұрақтылығы мен басқалардың тұрақсыздығының себептерін жақсы елестете бастаймыз.

Оның практикалық мәні, осы саладағы зерттеулер саяси оқиғалардың ықтимал даму болжамдарын жасауға, қазіргі қоғамдағы басқару міндеттерін шешуге, саяси мақсаттарға жетудің неғұрлым тиімді технологияларын жасауға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Погорелый Е.Д., Филиппов К.В., Фесенко В.Ю. Новейший политологический словарь. Ростов на Дону: Феникс. 2010. С. 56.
2. Jenkins J.S., Klandermans B. The Politics of Protest. Comparative Perspectives on State and Social Movements. Univ. of Minnesota Press: UCL Press. 1995. P.6.
3. Костюшев В.В., Горьковенко В.В. Социологическое описание коллективных протестных действий: информационная база данных акций протеста (PRODAT-SPb) // Общественные движения в современной России: от социальной проблемы к коллективному действию. М.: Ин-т социологии РАН. 1999. С. 144-177.
4. Бурдые П. Социология политики / Пер. с фр. М.: Socio-Logos, 1993. С.101-105, 181-223.
5. Гарр Т.Р. Почему люди бунтуют. \ пер. Анурын В.Ф.– СПб., Питер, 2005 – 461 с.
6. Костюшев В.В., Горьковенко В.В. Социологическое описание коллективных протестных действий: информационная база данных акций протеста (PRODAT-SPb) // Общественные движения в современной России: от социальной проблемы к коллективному действию. М.: Ин-т социологии РАН. 1999. С. 144-177.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚҰРУ ЖОЛЫНДА ПРОКУРОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ОПТИМИЗАЦИЯЛАУДЫҢ (ТИІМДІЛЕУДІҢ) НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Жақыпбай Е.С.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасында Прокуратура туралы конституциялық және салалық заңнаманы жетілдіру демократиялық, құқықтық мемлекетті құрумен тығыз байланысты болуы тиіс. Сондықтан, заңдылыққа, құқықтық тәртіпке, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға бағытталған прокуратураның ат салысуының күшеюі аталған мақсаттардың аясында істелері хақ. Мұнда құқықтық мемлекеттіліктің идеясы ретінде, құқықтың үстемдігі мен кіршіксіз беделімен әлеуметтік әділдікті өзінің қатаң қорғауына алуы бірден-бір саналары сөзсіз.

Прокуратураны әрі қарай дамытудың мазмұнына негізінен мыналар енгізілуі тиіс:

□- Конституциялық биліктің бөлінуі жүйесінде прокуратураның орнын айқындап, оның биліктермен ара-қатынасы мен өзара іс-қимыл жасауында «тепе-теңдік пен тежемеліктің» тиімді жүйесін құру арқылы, биліктердің біреуінің де прокуратураның үстінен тұрмауын қамтамасыз ету;

□- қолданыстағы заңнаманы прокуратура органдарының біртұтастығы, орталықтандырылуы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету талаптарымен сәйкестендіре түсу;

□- азаматтардың конституциялық және салалық құқықтарын қорғау жөніндегі прокурорлық қадағалауды әрі қарай жетілдіру;

□- прокуратураның биліктік өкілеттіктерін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да заңнамалық сипаттағы іс-шараларды атқару, оның құқық қорғау потенциалының тиімділігін арттыру.

Мемлекеттік билік жүйесіне енген прокуратураның құқықтық мәртебесін өсіру қажеттілігімен қатар, Конституцияда прокуратура туралы тарауды қарастыру немесе И.Бахтыбаев ұсынғандай, қазіргі VII-тарауын «Соттар және сот төрелігі. Прокуратура» деп өзгерту арқылы оның конституциялық-құқықтық мәртебесімен, мақсаттарымен бірқатар функцияларын, тәуелсіздігінің кепілдіктерін нақтылау қажеттілігі дәйектеледі[1].

Осы тұста, «Прокуратура туралы» заңға қатысты өзгерістер мен прогрессивті толықтыруларды енгізуге бағытталған заңнамалық іс-шаралардың концептуалдық сипатының болғанын атап өткен жөн:

□- Концептуалдық деңгейдегі жетістіктердің бірі - Заңда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалауға арналған тараудың пайда болуында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалаудың нәтижелілігі бүкіл прокурорлық жүйенің қызметін бағалайтын критерийі болуы тиіс. Сондықтан, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін, қадағалаудың шекарасын, ауқымы мен пәнін құқық қорғау аясына әкеліп, осы бағыттағы потенциалын, әуелі құқығының қорғалуы анағұрлым өзекті де қажетті азаматтар мен топтардың (мүгедектердің, зейнеткерлердің, әрекетке қабілетсіздердің, жасөспірімдердің, қарттардың) қызметінде болуы, солардың пайдалары үшін сотқа талаптық арыз беруі өте қажет [2].

Конституциялық Кеңес пен сот органдарына қарағанда, прокуратура өзінің бастамасымен Конституцияға, республика заңдары мен Президент актілеріне қайшы келетін заңдар мен құқықтық актілерге наразылық білдіріп, заңды бұзушылықты жедел әрі тиімді жоя алады.

□Прокуратура органдарын дамытудың концепциясы сот тәуелсіздігін нығайтумен үндес екендігі анық. Алайда, сот билігі алдындағы мақсаттарын бүкіл құқық қорғау жүйесін, соның ішінде прокуратурамен әсіресе тығыз байланыссыз әрі олардың қолдауынсыз толыққанды жүзеге асыра алмайды.

Прокуратура мен соттың өзара әрекеті-орта кәсіби мақсат заңдылық пен құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыру жолында бірігіп қызметтесу болуы тиіс [3].

Прокуратураның қылмыстық қудалау функциясын неғұрлым күшейту арқылы, яғни қылмыстық істердің тергеуінің сапасы мен олар бойынша сотта мемлекеттік айыпты қолдауына көп көңіл қоюды ұсынатын пікірлердің залалы заңдылық пен тұлғаның құқықтарын қорғау қызметін шет қалдырып, прокурордың басты миссиясына нұқсан келтіреті сөзсіз. Прокурор айыпты қолдауы арқылы процестің жарыспалылығын қамтамасыз етеді-деген көзқарастан бас тартатын кез келді. Керісінше, прокурор іс жүргізудің сайыскерлігін қадағалауы тиіс.

Демек, прокурор сот ісіне мемлекет мүддесін шынайы білдіру үшін бейтарап халде қатысуы тиіс. Сонда ғана, ол сот өндірісінің заңдылығына объективті қадағалауы мүмкін. Мұның өзі келесідей оңтайлы тиімділіктерге әкеледі:

1. Азаматтардың өз құқықтары мен мүдделерін өздерінің қорғауына жол ашылып, құқықтық саналары мен мәдениеттерінің өсу қарқынын жылдамдатады.
2. Сот процесінің сайыскерлігін күшейтеді әрі демократияландырады.
3. Сот пен прокуратура органдарының араларындағы бәсекелестік қырларын егеп, екеуінің де түпкілікті мақсаттары ұлы мәртебелі құқыққа қызмет етуіндегі ортақ көздемеелерін нығайтады. Яғни, бәсекелестік орнына, сот әділдігіне қол жеткізу басымдық ететін болады.
4. Прокуратураны айыптау функциясынан босату, оның айыптан мүлдем шеттеп, басқа бағыт алып кетуін білдірмейді. Сотта айып дәлелін тауып, бекілген жағдайда прокурор өз қорытындысын айыптау үкімін ұсынуға бағыттары сөзсіз. Мақсат прокуратураны процессуалдық мүдделіліктен арылтуда ғана.
5. Прокуратура органдарының ішкі құрылысындағы тежемілік жүйесі де нығаяды. Яғни, тергеудің заңдылығын қадағалау құрылымдары мен сотта мемлекет мүддесін қолдайтын прокурорлардың өзара тәуелсіздігі мен жауапкершіліктері де күшейеді.

□Прокуратура қызметін концептуалдық дамытуға бағытталған заңнамалық іс-шаралардың бірі - прокурорлық қадағалау актілерінің мәртебелерін жоғарылату, яғни орындату үшін нақтылау, осылайша прокурордың қаулылары мен ұйғарымдарын соттың заңды күшіне енген қаулыларымен бірқатар қою орын алды.

«Прокуратура туралы» - Заң 26-1 бабымен толықтырылды. Прокуратураның алдына қойылған мақсаттармен қатар жедел-ізвестіру қызметінің заңдылығын қадағалаудың пәніне мыналардың да енгені жөн: құзыретіне осы қызмет кіретін министрліктер мен ведомстволардың «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңды бұлжытпай сақтауы, жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу барысында азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің сақталуы, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу, жолын кесу, ашу сияқты мақсаттарына қол жеткізу, соттан, тергеуден бой тасалап жүрген қылмыстылар мен хабар ошарсыз кеткен азаматтарды іздеу, мемлекеттің, экономиканың, экологияның, қорғаныстың қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттер туралы мәліметтерді табу, т.с.с [4].

«Прокуратура туралы» Заңда, прокурордың жедел-ізвестіру шараларына бастамалық жасайтын өкілеттіктеріне тоқталсақ:

□- жүргізілетін тексеріс мәселелері жөнінде банктерден жеке және заңды тұлғалардың операциялары мен шоттары бойынша коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпия болып саналатын мәліметтердің жариялануға болмайтын талаптарын сақтай отырып, мәліметтерді алуға;

□- жасырын қылмыстарды анықтау мақсатында құзыретті органдардан жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асырып, олардың нәтижелері туралы хабар беріп отыруды талап етуге құқылығы заңды бұзушылыққа қарсы тұрудың жедел әрі тиімді шаралары екендігін айқындайды.

Сонымен, жедел-іздістіру қызметінің заңдылығына прокурорлық қадағалау заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауда, қылмыстылықпен күресті күшейтуде ерекше мәнге ие әрі өте маңызды болып саналатыны сөзсіз.

Осы тұста, прокуратураға норма шығарушылық функциясының берілуін де атап өткен жөн. «Прокуратура туралы» заңның 11- бабының (республика Бас Прокурорының өкілеттігі) 4-1); 4-2) тармақшаларымен толықтырылуы прогрессивтік жетістік. Атап айтқанда:

4-1) тармақшасына сәйкес Бас Прокурор өз құзыреті шегінде:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен жедел-іздістіру қызметі туралы Заңдарының анықтау мен тергеу органдарының, сондай-ақ жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдарды орындау үшін міндетті нормаларын қолдану мәселелері бойынша; құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін міндетті құқықтық статистика мен арнаулы есепке алу мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілер;

«Прокуратура туралы» Заңға Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылдайды.

4-2) Жедел-іздістіру қызметін, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын органдар шығаратын нормативтік құқықтық актілер бойынша келісу туралы шешім қабылдайды;

Сонымен қатар, құқық шығарушылық үрдісіне прокуратура өз өкілдерін тұрақты ведомствоаралық комиссияларына қатыстыру арқылы, заң жобаларын жасау, немесе ондайларға сараптау жүргізу мен ұсыныстар келтіру арқылы парламенттік комитеттердің жұмыс топтары мен комиссияларына белсенді араласуында әбден байқатты.

Прокуратура қызметін ұйымдастырудың маңызды элементтерінің бірі- оның қызметінің тиімділігі мен рационалдығын өсіретін жоспарлау болып табылады. Алайда, жоспарлау жүйесінде, оларды қалыптастыру кезеңінде жіберілетін басты кемшілігіне келсек, жоспар жасағанда прокурорлық жүйедегі деңгейлердің мүдделік балансы әр кез сақтала бермейді. Жоғары тұрған прокуратуралар төменгілерінен түрлі тапсырмаларды беру құқығын пайдаланып, соңғыларының жоспардан тыс шараларының ауқымын көбейтіп жіберетіні белгілі. Осы тұста, тиімділік жөнінде айтуға болмайды, өйткені:

Біріншіден, жоспардан тыс тапсырманың атқару мерзімі әр кез тығыз болғандықтан, оның ауқымын қамту, осылайша атқарылуын қамтамасыз ету формалдық сипатымен сапасыз болары анық.

Екіншіден, жоспардан тыс тапсырманың тақырыбы ауданның (қаланың) қажеттіліктерімен сай келмеуіне байланысты жасалып, қадағалау мақсаттарын іске асыруға тиісті бағыттарын шет қалдырады.

Үшіншіден, жоспардан тыс тапсырмаларды бәрібір атқару міндеттілігі өз жоспарындағы шараларды кейінге қалдырып, әрі қарай қабаттасуына байланысты олардың да атқарылу сапасына кері әсер етеді.

Прокуратураның ұйымдастырылуындағы келесі бір жетістік оның институтының функцияларын дамыту мен жетілдіруде.

Ілгері тек прокуратура қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мәселелерімен ғана шұғылданатын ҚР Бас Прокуратурасының жанындағы С.Есқараев атындағы Институттың сапалы деңгейіне көтерілгені анық.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңының 12- бабының 5-пунктінің 8)-тармақшасына лайық, ҚР-ның Бас Прокуратурасы халықаралық ынтымақтастық саласында прокуратура органдарының атынан өкілдік етеді. Осыған сай, прокуратура өз құзыреті шегінде құқықтық көмек көрсету, қылмыстылықпен күресу мәселелері бойынша басқа мемлекеттердің өзі тектес органдарымен, ұйымдарымен тікелей қатынас жасай алады деген сөз [5].

Прокуратураның функциялары мен қызметінің негізгі бағыттарын жетілдіру жолында Қазақстан Республикасында 2007 жылы өткен конституциялық жаңарту

(реформалау) елеулі үлес қосты. 21 мамыр 2007 жылы Ата Заңның 16-бабының 2-бөлігіне енгізілген өзгеріске сай: заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауға ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

Сонымен, прокурорлық, яғни заңдылықты конституциялық жоғары қадағалауды прокуратураның басты әрі негізгі функциясы ретінде тағайындалып, қылмыстық қудалау функциясын шектеу арқылы, соңғысының аясын айқындай түсу үдерісі беки түсті.

Әлемдің стандарттарға жақындау мақсатында әрі адамның келелі құқығы-бостандық құқығына байланысты онысын шектеу немесе одан айыру құзыретін мемлекеттік билік органы- сотқа ғана тапсыру орынды болды.

Қылмыстарды алдын ала тергеу қызметінің заңдылығына жоғары қадағалаумен қатар прокуратураның қылмыстық қудалау функциясының шегі мен тәртібі нақтылана түсті. Келешекте сотта мемлекет мүддесін білдіру функциясы айыптау функциясынан ажыратылып, сотта мемлекет мүддесін шынайы білдіру мақсатында сот әділдігін жүзеге асыруға демеуші функция ретінде жаңарған әрі сапалы қызмет бағытына айналса құба-құп болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бахтыбаев И.Ж. Правовая система: Евразийский путь развития // Око. – 2007. - №42.
2. Тусупбеков Р.Т. Деятельность системы органов прокуратуры в Республике Казахстан // Развитие механизмов защиты прав человека в Казахстане / Под общ. ред. Е.Ж. Бабакумарова, Л.А. Байшиной. - Астана: ЛЕМ, 2004. - 244 с.
3. Канафин Д.К. Гарантии прав личности в уголовном судопроизводстве: Монография. - Алматы, 2005. - 168 с.
4. ҚР «Прокуратура туралы» Заңы. «Заң» деректер базасы. 2020 ж.
5. Об утверждении Положения об Институте им. С.Ескараева. Приказ Генерального Прокурора РК № 115/6 от 18 мая 2004 г. // «Заң» деректер базасы. 2020.

ПОНЯТИЕ И СУЩНОСТЬ ПРЕЗУМПЦИИ НЕВИНОВНОСТИ

Муминов Ш.

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати

Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским правовым и социальным государством, высшими ценностями которого является человек, его жизнь, права и свободы.

Говоря о соблюдении прав и свобод человека, в том числе участников уголовного процесса, имеют в виду, в основном, права лиц, обвиняющихся или подозреваемых в совершении уголовно-наказуемых деяний. Это, как правило, вопросы презумпции невиновности, незаконного задержания, ареста, нарушения права привлекаемого лица на защиту, нарушения требований процессуального закона об отыскании, процессуальном оформлении и закреплении вещественных доказательств, языке судопроизводства и т.д. В данной статье рассматривается вопрос презумпции невиновности - как основного принципа уголовного судопроизводства.

Принципы - это общие руководящие исходные положения определяющие наиболее существенные стороны определенного вида государственной деятельности. Такие положения являются основополагающими для всех предписаний законодательства, по вопросам организации правосудия, роли и места его органов. Принципы это руководящие

идеи, которые определяют построение уголовного процесса. Они должны отвечать ряду признаков:

а) принципами могут быть не любые, произвольно выбранные взгляды на формы и методы судопроизводства, а лишь те, которые соответствуют социально-экономическим условиям развития общества:

б) задачи уголовного процесса могут быть реализованы в условиях организации расследования и рассмотрения уголовных дел на демократических принципах;

в) принципами процесса являются руководящие идеи, нашедшие закрепление в нормах права.

Согласно презумпции невиновности обвиняемый считается невиновным, пока его вина не будет доказана с полной и абсолютной достоверностью, и суд не признает его виновным своим, вступившим в законную силу приговором.

В международных правовых актах презумпция невиновности получила свое выражение в принятой Генеральной Ассамблеей Организации Объединенных наций 10 декабря 1948 года, Всеобщей декларацией прав человека: «Каждый обвиняемый в совершении преступления имеет право считаться невиновным до тех пор, пока его виновность не будет установлена законным порядком путем гласного судебного разбирательства, по которому ему обеспечиваются все возможности для защиты» (ст. 11 Всеобщей декларации прав человека) [1]. Более краткая формулировка презумпции невиновности дана в принятом Генеральной ассамблеей ООН 16 декабря 1966 года и ратифицированном Советским Союзом Международном пакте о гражданских и политических правах: «Каждый обвиняемый в уголовном преступлении имеет право считаться невиновным, пока его виновность не будет доказана согласно закону».

Ст. 77 Конституция Республики Казахстан гласит: «Лицо считается невиновным в совершении преступления, пока его виновность не будет признана вступившим в законную силу приговором суда. Любые сомнения в виновности обвиняемого толкуются в его пользу» [2].

«Лицо считается невиновным в совершении преступления, пока его виновность не будет признана вступившим в законную силу приговором суда. Любые сомнения в виновности обвиняемого толкуются в его пользу» Ст. 77 «Конституция Республики Казахстан.

Любое правовое государство на первое место должно ставить законность и правопорядок. Для нашей страны, стремящейся построить такое государство, это особенно актуально, и для этого, как говорил Первый Президент нашей страны, необходимо «..использовать все рычаги власти для того, чтобы устранить традиционное для нас положение, когда любая власть всегда значила больше, чем любой Закон» [3] формирование грамотной, соответствующей происходящим процессам, цивилизованной уголовной политики является приоритетной задачей, в решении которой должна активно участвовать наука.

Эта проблема относится к числу, первостепенных в науке уголовного процесса и имеет важное значение. От того, признается ли презумпция невиновности принципом уголовного процесса, каковой должна быть ее формулировка, какие из нее следуют теоретические и практические выводы - от решения всех вопросов в огромной мере зависит качественная характеристика всей многогранной деятельности государственных органов по расследованию преступлений, изобличению виновных в их совершении, вынесению законного, обоснованного и справедливого приговора.

Принцип презумпции невиновности получил развитие в работах Н. Н. Полянского, который утверждал, что презумпция невиновности имеет в праве значение непререкаемого начала. Правильно трактовала проблему презумпции невиновности В. И. Каминская. По ее мнению, презумпция невиновности «...стимулирует раскрытие истины, поскольку в ней-то и выражено как необходимое требование, что виновность обвиняемого

должна быть доказана, и доколе это не достигнуто, никто не может быть признан виновным» .

Но у презумпции невиновности было и не мало противников, так например, против выступал, в частности, В. С. Тадевосян. В одной из своих статей он пришел к выводу, что «презумпция невиновности не нужна уголовному процессу». К. А. Мокичев также считал, что «в законах и в практике борьбы с преступностью не было и нет никаких презумпций, т. е. предположений о виновности или невиновности». О формулировке же презумпции невиновности он писал, что нелепость ее совершенно очевидна [4].

Мы не будем подвергать здесь критическому анализу точку зрения К. А. Мокичева, так как это было уже сделано П. И. Кудрявцевым. Хотелось бы только привести высказывание того же К. А. Мокичева, сделанное им за несколько лет до этого. Он писал тогда: «Презумпция невиновности в уголовном процессе является выражением глубокого демократизма этого процесса, охраной конституционных прав граждан и средством борьбы с неосновательным привлечением и осуждением граждан. Иное понимание презумпции невиновности в наших условиях является свидетельством проявления догматизма в науке уголовно-процессуального права и свидетельством полного отрыва от практики, от политического содержания работы органов прокуратуры и судебных органов»[4]. Лучше об ошибочности позиции недругов презумпции невиновности сказать трудно. К сожалению, К. А. Мокичев не поведал читателям о причинах столь странной метаморфозы своих взглядов.

М.С.Строгович предложил следующую трактовку данного принципа : «Обязанность доказывания виновности обвиняемого лежит на обвинителе. Обвинительный приговор может быть вынесен лишь при условии, если виновность обвиняемого в совершении преступления доказана и не может быть основана на предположениях»[5]. Конечно, здесь выражены основные следствия презумпции невиновности, но это еще не есть ее четкая формулировка.

Нужно еще раз отметить, что презумпция невиновности вовсе не является выражением субъективного мнения или иного субъекта уголовно-процессуальной деятельности, она является выраженным в законе объективным правовым положением.

Презумпция невиновности вовсе не запрещает лицу, производящему дознание, следователю, прокурору изобличать обвиняемого, доказывать его виновность. Но она запрещает объявлять обвиняемого виновным, поступать с ним как с преступником до тех пор, пока его вина не будет доказана в предусмотренном законом порядке и установлена вступившим в законную силу приговором суда. Органы расследования уголовного дела, а также прокуратуры, осуществляющие надзор за расследованием и поддерживающие в суде государственное обвинение в полной мере вправе и обязаны решительно и эффективно осуществлять свои полномочия для изобличения обвиняемого, для показания его виновности. Но их выводы и утверждения о виновности обвиняемого - это только их личное мнение, правильность которого они должны доказать и которое станет действительным официальным признанием обвиняемого (подсудимого) виновным в совершении преступления лишь тогда, когда с этим согласится суд и это свое согласие выразит в приговоре по вступлении его в законную силу.

Признание презумпции невиновности обвиняемого институтом, присущим природе уголовного процесса подтверждается и тем фактом, что идея, необходимые составные элементы презумпции невиновности, а также формулировка определения этой презумпции получила текстуальное закрепление в действующем уголовно-процессуальном законодательстве и в основном законе Республики Казахстан.

Таким образом, на наш взгляд, суть и содержание принципа презумпции невиновности заключается в том огромном гуманистическом и демократическом значении, которое содержит положение о том, что:

- виновность обвиняемого в совершении преступления подлежит доказыванию;

- бремя (обязанность) доказывания лежит на обвинителе, его недопустимо перелagать на обвиняемого;
- всякие сомнения в виновности обвиняемого толкуются в его пользу;
- недосказанная виновность равна доказанной невиновности;
- признать человека виновным в совершении преступления можно только по приговору суда, вступившему в законную силу;
- обвинительный приговор не может быть основан на предположениях.

Этим положением будет руководствоваться любое цивилизованное государство, заинтересованное в том, чтобы осуждению подвергались те и только те, кто действительно виновен в совершении преступления, и ни один человек не понес бы уголовное наказание без вины.

Список использованной литературы:

1. «Сборник документов по международному праву» - База данных «Закон» 2020 г.
2. Конституция Республики Казахстан. - Алматы: Казахстан, База данных «Закон» 2020 г.
3. Назарбаев Н.А. «Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства». - Алматы, 2006.
4. Мокичев К. А. Против ревизионистских извращений марксистско-ленинского учения о государстве и праве: Лекция. - М., 1959.
5. Строгович М.С. «Право обвиняемого на защиту и презумпция невиновности». – М., 1984.

«ЖАНҚОЖА БАТЫР» ТАРИХИ ДАСТАНЫНДАҒЫ ҚОҚАНДЫҚТАРДАН СОЗАҚ ҚАМАЛЫН АЗАТ ЕТУ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ
Сүгірбай М, Тайман С.Т**

XIX ғасырда өз өлкесінің азаттығы жолында жан аянбай күрескен Жанқожа Нұрмұхаммедұлын, ұлттық тарихтан там-тұмдап болсада хабары бар кез-келген қазақ азаматының білері анық. Жанқожа бес қаруын сайлап, аяғын аттың үзенгісіне салған уақытта, Сырдың бойына Қоқан, Хиуа хандықтары қанды құрығын салып тұрған күрделі кез еді. Ізін ала бұл өлкеге, 1730 жылғы Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың әйел патша Аннаға жазған хатын желеу етіп, «қанатымыздың астына алып, қамқор болайық» деп жанашырлық танытқан кейіпшен зеңбірігін сүйреткен Патшалық Ресейдің жандайшаптары да келе бастаған болатын. Осылайша, Жанқожа Хиуа, Қоқан басқыншыларына, орыс отаршылдарына қарсы Сыр бойындағы ұлт-азаттық көтерілісті бастап шығуына тура келді. Орталық Ғылыми Кітапхананың сирек қолжазбалар қорында сақталған «Жанқожа батыр» тарихи дастанының негізгі 6 нұсқасын, ғалым Серікбай Қосанның аударуында «Бабалар сөзі» тарихи жырларының 62 - ші томына жинақтап енгізген болатын. Тарихи дерек ретінде санасуға жарайтын 6 нұсқада да Жанқожа батырдың ұлт-азаттық көтеріліс жолындағы ерен еңбектерін, жеткен жеңістерін баяндайды. Алты нұсқада да халық «қаһарманының» өмір сүрген кезеңін, қарапайым халыққа Қоқан, Хиуа хандықтарының берген азарын, салған ауыртпалығын барынша нанымды мәләмет ретінде жеткізеді. Жырда көбіне Орыс отарлаушыларының әрекеттеріне қарағанда, Хиуалық басқыншылардың қиғылығынан көбірек дерек келтіреді. Мұның себебі, Патшалық ресейдің ықпалы қазақ даласын түгел қамтып, өз өктемдігін орнатудан болса керек деп топшыладық. «Кімнің арбасына отырсаң, соның өлеңін айтасың» дегендей, кезінде қазақ даласының тарихын жырмен жеткізген жыраулар, осы тұста тілдері күрмеліп, тарихи шындықтан аттап кетпесе де, алашақтап жүруіне тура келген сыңайлы. Дегенмен,

Жанқожа туралы «айтылған тарих» сипатындағы деректердің барлығы дерлік архивтік құжаттармен сәйкес келетіндігін орыс ғалымы, этнограф Аничков та мойындаған болатын. Тарихи дастандар Жанқожаның жеке бас ерекшеліктерін ашып көрсете біледі.

«Жанқожа батыр» тарихи дастанында тағы бір баяндалатын оқиға - бұл Кенесарының Жанқожа батырмен тізе қоса отырып, Созақ қамалын Қоқандықтардан азат етуі. «Көшпелі қазақтар оңтүстікте ортаазиялық үш хандықпен-Бұхар, Хиуа және Қоқан хандықтарымен шектесті. Бұлардың ішіндегі анағұрлым азулысы 20-30 жылдарда Хиуа мен Қоқан хандықтары болды. Осы кезде Ұлы Жүздің бір бөлігін Қоқан жаулап алды да және ол Орта Жүз жерінің едәуір бөлігін алуға ұмтылды. Негізінен, Қоқан хандығы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Тәуелсіз Түркістанның бүкіл шығыс бөлігін алып жатты. Ол солтүстігінде құнарсыз дала арқылы бөлініп тұрған Сібірдің шеткі округтерімен, батысында Хиуа және Бұқармен, оңтүстігінде Қаратегін, Дарваз және Кулябпен, Шығысында Қашқариямен шектесті. Қоқан хандығының құрамына Сырдария өзенінің оң жақ жағалауы мен Алатауға дейінгі жерлерді алып жатқан Намаган аймақтары және Ташкент пен Ходжент қалалары арасындағы Ұра төбе аймағы кірді. Сондай-ақ Бақаш көлі мен Сырдарияның жоғарғы ағысы арасындағы территориялар да хандықтың аумағына енді.[1. 125-128 бет.]

XIX ғасырдың бас кезінде Қоқан хандығы Қазақстанның оңтүстік аймағын түгелдей бағындырды. Ол Шымкент, Сайрам, Түркістанды алғасын, жерді кеңейте келе Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт қамалдарын тұрғызып, елден алым-салық жинау жүйесін жолға қойды. Елді датқалар арқылы уысында ұстап келген Қоқан хандығы Хиуа танаушыларынан кем түспеді. Талап-шартқа бағынбағандарды жазалап, бас көтерген шаруаларды әскер жіберу арқылы аяусыз жаншып отырды. Тама Құрман бидің баласын өлтіріп, Сарман биді дарға асқасын, бұл маңдағы халық біраз дүрлігіп қалды. Ағалары Есенгелді мен Саржан Қоқандықтардың қолынан қаза тапқасын Кенесары, қалай да кек алып Қасым әулетінің абыройын қайта асқақтатуды ойлаған болатын. Осы мақсатпен және орын алған жағдайларды ескере отырып Жанқожа батырға хат жазып, Созақты қайтарып алу жолында қол біріктіру керектігін жеткізді. Осы деректі И.В. Аничковта жеткізеді: «...Кенесары үш жүздің ең атақты деген батырлары мен билерін, бай мен бағыландарын шақырып, Үш Алаштың баласының басын қосып, әкесіне ұлан-асыр ас берді. Сол астың соңында оны Үш Жүздің баласы ақ киізге салып, біп ауыздан хан көтерді. Созаққа жасаған осы жорықтың алдында Жанқожа батыр Түркістан шәріне барып, 1162 жылы қайтыс болған, ісі түркінің әулиесі Әзіреті Сұлтан Қожа Ахмет Яссауиге зиярат қылды. Оның келгенін естіп, Түркістан маңайында отырған қазақ ауылдарының бас көтерер азаматтарының бірі қалмай батырға сәлем беріп жүздеседі. Оның алдында Қоқандықтардың сазайын тарттырайық деп Кенесары Жанқожа батырға арнайы хат жазып, Кіші Жүз қазақтарынан көмек сұраған еді».[2.21 бет.]

Жанқожа бұл ұсынысты қабыл алды. Кенесарының ұсынысын қабыл алғанын дастандағы деректерден де көруге болады:

...Уәде берді Ер Жәкең,
Аттанбаққа Созаққа.
Кіші Жүздегі батырға,
Хабарлады жан-жаққа.
Қолына түскен батырмен,
Сол Созаққа бармаққа.
Кенеге күшін көрсетіп,
Өзбектен кегін алмаққа.
Азары өткен өзбектің,

Көрсеткен бұрын қазаққа.[3. 79 бет.] Орнықбай Сұлтановта Кенесарының жіберген хабарын құп көргендігі туралы дерек келтіреді:

... «Аттанам»- деп Жанқожа,
Алмасын бұды беліне.

Атасы бір қазақтың,
Қоқанда кеткен кегіне.
«Қорған салды әкеліп,
Мынау тұрған Ақмешіт-
Кіші Жүздің жеріне».
Үйсін менен Дулаттың,
Ор қазып тұр төріне.
Айналасын олжалап,
Өзі келіп ұрынды,
Тек жүре алмай жөніне.
«Бітір менен зекет» деп
Мал алып тұр күніге.
Соның үшін кектімін,
Созақтың суайт бегіне.[3. 326-327 бет.]

Орнықбай Сұлтановтың «Жанқожа батыр» дастанындағы бұл деректен Жанқожа батырдың Қоқандық бектердің бұқара халыққа жасап отырған қысымшылығынан бұрыннан хабардар екенін және үлкен қынжылыста отырғанын байқауға болады.

Осылайша, Жанқожа айтулы алты жүз сарбазымен Созаққа аттанды. «Жорыққа қатысқан екі мыңдай сарбаздың құрамында мына батырлар болған: Тілеу-Қабак Шынтемір, Сарыбопа, Жақайым Пірімжар, Жылқаман, Толыбай, Майдан Бажак, Көпжасар, Жолақ, Жалмырза, Бекбауыл, Қаржаубай, Боранбай, Қарасақал Дабыл, Қадір, Шағырай, Сәдір, Шөмекей Тоғанас, тоқымтыққан Қыстаубай, Қаракесек Ақтан, Айдарбек Сатыбалды, Избас, Құрманай Тәңірберген, Әжі Мейрамәлі, Төртқара Таттыбай, Мырзалы, Аққасын, Беласар». [3. 104 бет.]

Бұл батырлардың Созақ шайқасына барғанын дастандағы деректерден көреміз. Жанқожаға Кенесары «кезегің келді, ендігі Созаққа жорықты өзің баста» дегенде Жанқожа Төремұрат жырауға «сарбаздары жігерлендір» деп бұйрық береді. Сонда, Төремұрат жырау батырлар жиналған кезде былай өлеңдете сөйлейді:

...Атаның арын арлайтын,
Мінекей, ерлер, күн жетті.
Атаға ұсап ұл туса,
Жүрген жері жендет-ті.
Хан болып халқын сұраған,
Шын ашуы келгенде,
Жауға қардай бораған.
Салтанатың кем емес,
Нәріктің ұлы Шорадан.
Айғыр дауыс Таттыбай,
Дұшпанды еттей тураған.
Онан туған Мырзалы,
Қайратың асқан тумадан.
Қыл белбеулі қырық ердің,
Біреуі мынау- Киікбай
Бекбауыл, Бажак сол ерден,
Асылдан түскен қиықтай.
Анық батыр ат қояр,
Дұшпанды көрсе ұйлықпай.
Арқаңа сүйеу- Жанқожа,
Қара мойыл сырықтай.
Аққа сыйын Беласар,
Беліңе садақ жарасар.
Екі талай жер болса,

Ердің көңілін ер ашар.
Ұмтылыңдар қалаға,
Сендерден қалса, хан ашар.
Дарбазасы ашылса,
Кейінгі әскер, қол басар.
Ежелден абырой, үлгі алған,
Қамалды бұзып жол салған.
Қандыкөз туған жақсылар,
Екпініңнен жау қашар.
Шал төртқара Таттыбай,
Қожа, Төре бұзбады.
Ақрында хан Кене,
Жанқожаны қозғады.
Батырды жұртқа мат қылмай,
Абырой алып берсеңдер,
Сендерден ешкім озбады.
Ажалы жеткен адамдар,
Үйде жатса да өледі,
Көзінің жасы құрғамай.
Көпжасар, Бажақ, Айдарқұл,
Сатыбалды Жұмабай,
Аталарын ардақты,
Құттық пенен Құрманай.
Құланбике, Қоңырдың,
Кереметі белгілі-
Жарқырап мысал туған ай.
Шағырай, Сәдір, Ер Дабыл,
Тоқым тыққан Қыстаубай,
Іс көрсетер күн бүгін,
Құр атаққа мәз болмай.[3.39-40 бет.]

Жанқожа Созаққа барар жолда Қоқанға қарасты Ақмешіт, Жөлек, Жаңақорған, Қосқорған, Күмісқорған сияқты бекіністерді қоршауға алып, азат етті. Созаққа жеткен соң Кенесары:

«Соғыс бастау дәрежесін маған берген болсандар, менімше былай болсын. Біз үш жүздің баласымыз ғой. Әрбір жүз реттесіп кезек соғыс жүргізсін. Мерзім әр жүзге үш күннен берілсін. Егер кезегінде Созақты бұзып алса, онда атақты өзі алсын. Ал, осы мерзімді кезектерінде үш жүзде ала алмаса, онда осы тоғыз күннен кейін, үш жүз бас қосып, бірігіп соғыссын. Әуелі әр жүз өз бағын сынап көрсін, меніңше сол дұрыс болар деп ойлаймын – дейді.

Бұл сөзін көпшілік мақұлдайды. Бұл кіші жүздің адам саны аздығын көріп, Жанқожа батырды қомсынып, бес жүз әскермен қолынан не келер екен деп шеттеткендегі қулығы еді, Кенесарының». [4. 24 бет.]

Бірақ, ертеңіне Ұлы Жүз бен Орта Жүз Созаққа бірігіп шабуыл жасап кетті. Мұның себебі, Кенесары қосынанда сарбаздардың басым көпшілігі осы екі жүзден болса керек деп топшылады. Ұлы Жүз бен Орта Жүздің бір кезекте бірге шабуыл жасағанын:

Ұлы Жүз бенен Орта Жүз,
Бір адамдай көрінді,
Тұйғын құстай түйіліп.
Кенесары ат қойды,
«Абылайлап» айқайлап,

Өткен пірге сыйынып [3.339 бет.]- деген жолдардан да көруге болады. Кенесарының тұрақты әскерінде көбіне Ұлы Жүз бен Орта Жүздің батырлары болды.

Жанқожа үш күн бойы шабуылдың сыртынан қарап жатуды жөн көрмеді. Оның үстіне Созақ бекінісінің басшысы Қоқанға хабар беріп үлгерген болса, ол жақтан да көмекке әскер келу керек деген оймен қамал сыртын сарбаздарымен бірге қорғауға шықты. Түркістан маңы, Қаратау бектеріне дейін торуыл жасаған Жанқожа батыр, өзі топшылғандай Қоқан ханы Насырулланың Созаққа жіберген екі мың қолымен бетпе-бет жолықты. Қолды бастап келе жатқан Таған батыр, Жанқожамен жекпе-жекке шығып, жеңіліс табады. Осындай үлкен қауіптің бетін қайтарған Жанқожа, батырларын бастап қайтадан Созаққа бет алады. Бұл кезде Созақ қамалы Кенесары қосынына алдырмай біраз әбігерге салып жатқан еді. Бұл туралы дастандағы деректерде былай делінеді:

Қамалды бұза аламады үш күн қамап,
Бұл сапар сәтсіз болды еткен талап.
Бұқарбай, батыр Жәуке, Ер Ағыбай,
Жүретін әрқайсысын жүзге балап.
Наурызбай өз інісі, арғын Төле,
Қашаннан аты шыққан қандыбалақ.
Қаншама «Абылайлап» ұмтылса да.
Келтірген пайдасы жоқ жаңғыз қадақ.
Сол үшін Кенесары тастады да,
Майданнан қайта шықты кейін қарап.
«Кезекті кіші жүзге бергенім»- деп,
Екі жүз демін алды тарап- тарап.[3. 331-332 бет.]

«Сөйтіп, Қоқанның Созақ бекінісіндегі әскерлері қосымша жіберілген күшті пайдалана алмай әлсірейді. Дегенмен, Ұлы, Орта Жүздің қолдары Созаққа өздерінің кезегімен шабуыл жасаса да қамалды ала алмайды. Ендігі кезек Жанқожа бастаған Кіші Жүздің сарбаздарына келеді. Өзінің шабуылын Жанқожа былай жоспарлайды: Созақ бекінісіне шабуылға шыққанда- Сатыбалды мерген бастаған садақшылар қамалдың ішінен оқ атушыларды атып түсіріп, бекініске шабуыл жасаушы сарбаздарға жол ашулары тиіс. Садақшылар шабуылға шыққанда, сауыттарын шешіп тастасын. Сауыт киген сарбаздар Жанқожаның басшылығымен қамалға шабуылға шығып, қақпаны бұзып ашқан кезде атты әскерлер де келіп шайқасқа лап қойып қатынасуы керек. Осы оқиғаны Лұқман Кежеев былай жырлайды:

...Он жігіттің ішінде,
Жанқожа батыр пішінді.
Екпіндеген бойымен,
Қалаға жеткен секілді.
Қатуланып ұмтылды,
Аш қасқырдай бұлқынды.
Артындағы көп әскер,
Көріп тұрды бұрқылды.
Бұрап үзіп тастады,
Дарбазадағы құлпынды.[5.245 бет.]

Қамалдың қақпасы ашылғасын Созақ ішіндегі сарбаздар көп қарсыласпай берілуге мәжбүр болды. Оның үстіне қамал ұзақ уақыт қоршауға алынғасын азық-түлік, оқ – дәрілер де таусылып тойтарыс беруге шамасы келмей қалды.

Қорыта айтқанда, Созақ қамалы қоқандықтардан осылайша азат етілді. «Созақтың, бірнеше қамал мен бекіністің алынуы халық бұқарасының алдында Кенесарының беделін көтерді. Бұл жеңістің нәтежесінде Қоқан ханы Кенесарымен мәңгілік одақ құруды ұсынды. Бірақ, Кенесары бұдан бас тартып, қазақтарға тиісті жерлерді қайтарып беруді талап етті»[6.463 бет.] Бұл - тарихи деректерде Кенесарының Жанқожамен тізе қоса отырып ұлт-азаттық жолында жасаған жалғыз ғана жорығы еді. Мұның алдында да, мұнан кейін де Жанқожа мен Кенесары біріге отырып бас көтерді деген дерек кездескен

емес. Жанқожаның Созақ қамалын алуда көмекке барғандығы жөніндегі деректің өзі осы тарихи жыр - дастандардағы деректерден белгілі болған еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәмбет Қойгелдиев. «Қазақ елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ - XXI ғ басы). Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014.- 432 бет.
2. И.В Аничков. «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлы». «Терме» бірлестігі. 30 бет. Алматы-1991 жыл.
3. «Бабалар сөзі» тарихи жырлар. 62 том. «Фолиант баспасы. Астана-2010ж. 376 бет.
4. М. Қаназ, С. Қалауов. «Ел қорғаны ер Жәкем». «Денсаулық» . 384 бет. Алматы-2008.
5. Әбдіұлы Тілепберген. «Жанқожа батыр және оның ұрпақтары». «Аңса и К». Қызылорда- 2006 жыл. 3000 дана.
6. М. Қаназ. «Жанқожа Нұрмұхаммедұлы». Зерттеу мен мақалалар. «Полиграфкомбинат» баспасы- 2014.-572 б.
7. Е. Бекмаханов. «XIX ғасырдың 20-40 жылдарында». (оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1994 жыл-416 бет.

М.ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН МӘСЕЛЕСІ

**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ
Молдахметова А.Ө, Тайман С.Т.**

М. Шоқай Түркістан ұлттық қозғалысының мақсат-міндеттері және оған ниеттес күштерді анықтаумен бірге, тәуелсіздік үшін күресте қолайлы жағдайдың қалыптасуына, оған мемлекетаралық қатынастардың ықпал ететіндігіне үлкен мән береді. Түркістан мәселесінің халықаралық сипат алуы өзінен-өзі түсінікті және ол жағдай біз қалағаннан емес, Еуропа мен Америка Құрама Штаттарының Ресеймен қарым-қатынасы нәтижесінде пайда болады дейді ол. Алайда Мұстафа батыс елдерінің ұлт-азаттық қозғалысына қолдау көрсету әлеуетіне аса сақтықпен қарайды; Еуропаның отарлық пиғылдан бас тарта қоймағанын, Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрес Индияға ықпал етіп кетпей ме деген қорқыныштың да барлығын, дегенмен Англия мен Францияда оған қолдау көрсететіндердің де жоқ еместігін ескертеді. Оның пікірінше, Түркістан мәселесіне халықаралық сипат беруге әрекеттенушілік 1919 жылдың ақпанында Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің Еуропа елдеріне Түркістан халқына В. Вильсонның доктринасы негізінде өзін-өзі басқару құқығын іске асыруына көмектесу жөніндегі меморандумынан басталды. Бірақ кейін 1931 жылы ол «Еуропа түркістандықтардың әдемі көздеріне немесе қаналғандардың тапталған құқықтарына бола большевиктермен қызыл кеңірдек болмайды және олармен соғысуға бармайды» деген тұжырымға келеді.

Сонымен қатар ол Еуропа мен Азиядағы халықаралық оқиғалардың даму барысын, ірі державалар мүдделерінің қақтығыстары себептерін қадағалап отырады. Бұл туралы тарихшы К.Л.Есмағанбетов өз еңбегінде: 1931 жылы Шығыс Түркістанның Құмыл аймағында Ұйғыр, Қазақ, Қырғыздардың жергілікті Қытай үкіметіне қарсы көтерілісінің бастауымен бірге Мұстафа Шоқай мен «Яш Түркістан» ұйымына тағы бір міндет жүктелді, ол — Шығыс Түркістан ұлттық майданын жүргізу міндеті еді. 1933 жылдың көктеміне қарай көтеріліске шыққан ұйғырлар, қазақтар, қырғыздар, дүнгендер мен моңғолдар Шығыс Түркістанның тоқсан пайыз аумағына бақылау орнатады. Сол жылы 10 шілдеде олар азат етілген аудандарда Шығыс Түркістан Республикасын жариялайды. Кейінірек Қашғар қаласына орын тепкен Шығыс Түркістан Ислам Республикасының уақытша үкіметі құрылып, оны Мұхаммед Имин мен Сәбит Дамолла басқарады. Мұстафа үкімет құрамы мүшелерінің көпшілігімен, үкімет қабылдаған құжаттармен танысады. ТҰБ 1933 жылы 12 қарашада Шығыс Түркістан Республикасымен қатынас орнатады. Мұстафа Шоқайдың бұл мәселе туралы конференциялар ұйымдастырып әлем назарын аударуға тырысқанын және 1933 жылы серіктерімен, ақылдаса келе Междеддин Делилді Шығыс Түркістанға жібереді[1].

Шығыс Түркістанда 30-жылдардың басында жергілікті мұсылман халықтардың қытайлық бодандықтан азат болу жолындағы көтерілісі басталып, ол Қытай империясының онсыз да нашарлай бастаған халықаралық жағдайын шиеленістіре түседі. Кеңес Одағының тікелей араласуымен болып жатқан Шығыс Түркістандағы бұл оқиғалар туралы М.Шоқай «Шығыс Түркістан көтерілісшілері бұдан бұрынғы көтерілісшілер сияқты атамекенін қытайлардан біржолата азат етуді көздеп отыр. Бұл мақсаттарына олар ішінара болса да қол жеткізгендей сыңайы бар» деп жазып, 1933 жылы Шығыс Түркістан Ислам Республикасының құрылуы туралы хабарды журнал бетінде мәлімдеді.

Мұстафа Шоқай «Шығыс Түркістанды азат ету комитетінің Үндеуі туралы» атты мақаласында Шығыс Түркістанға келген қытайлардың құнарлы жерледі иеленіп жатқанын, қытай билігінің жергілікті халықтың жағдайын ойламайтындығын, жолдардың салынбай жатқандығы, халықты қараңғылықта ұстауы, бостандықтың орнына – қанау, әділеттіліктің орнына – заңсыздықтың орын алып жатқандығы жазылған. Қытай шенеуіктері тек өз қалталарын толтырумен, тал түсте елді тонаумен айналысып жатқандығы ашық айтылған. Қытай билігінің 66 жылы ішінде халық күн-түн демей жексұрын обырларды байыту үшін жұмыс істеген. Қытай билігінің бұдан кейінде де бұл саясатын жалғастыра беретіндігі айтылды. Әділетсіз және ауыр салықтардың күнен-күнге өсуі халықты кедейлікке ұшыратқан. Осыған шыдамаған халық төзімі таусылғандықтан қолдарына айыр, кетпенін алып қытай билігіне қарсы көтерілген. Ал билік көтерілістің шығу себебін анықтап, оның шешімдерін табудың орнына ату, жазалауды күшейткен, түрмелердің барлығы біздің бауырлармен толып кеткендігі хазылған. үкіметтің жіберген әскері Халыққа қарсы тарихта болмаған ерекше қаталдық көрсеткен. Ату, тонау, адамдарды жазықсыз өлтіру, әйелдерді және жас қыздарды зорлау секілді тб қаталдықтарын суреттеуде мүмкін емес.-деп жазады [2].

Мұстафа Шоқай Шығыс Түркістандағы оқиғаларға сараптама жасап, оған қатысты сан-алуан саяси пікірлерге өз көзқарасын білдіре отырып, Шығыс Түркістан Республикасына Англияның ұстанымы қандай болды деген сұраққа былай деп жауап береді: «ағылшындар да Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына көмек қолын соза қоятындай сыңай танытып отырған жоқ. Ағылшындар Шығыс Түркістан қозғалысының исламдық сипаты бар деп сескенеді...» «Панисламизм» десе ағылшындардың да басының «сақинасы» ұстайды. Сол себепті ағылшындар Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына аса сақтықпен қарайды» деп, Англияның ШТР Үкіметіне қолдау көрсетуінің негізсіздігін айтады. Ал, бұл пікір шынында Кеңес өкіметінің өзімен бәсекелес ағылшындардан қауіптеніп, «солай болуы мүмкін-ау» деген ойынан шығу да ғажап емес. Мұстафа Шоқай осыны дәлелдейтіндей мынадай тағы бір мысал келтіреді: «Чинни Түркістан ауазы» ағылшындар Шығыс Түркістан ұлттық қозғалысына іш тартып болысып отыр деп жазады. Ал, шын мәнінде олай болып отырған жоқ. Біз осы газеттен ағылшындардың Үрімжідегі Қытай әкіміне қару-жарақ беріп көмектесіп отырған үкіметке қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысын ағылшындардың қолдауы мүмкін бола қояр ма екен? Өкінішке қарай, ағылшындар Шығыс Түркістан ұлт-азаттық күресіне көмек көрсетуі былай тұрсын, оған сырттай жанашырлық та көрсетпейді» – дейді[3].

1934 жылы 18 шілдедегі «Лондоннан алған әсерлер» атты мақаласында Шығыс Түркістандағы оқиғалар туралы баяндама оқу және ол туралы ағылшындардың ой пікірін білу үшін екі апталық сапарға барғандағы алған әсері туралы жазады. Бұл сапарында Мұстафа тек Шығыс Түркістан туралы ғана емес, КСРО және тағы басқа мәселелер жөнінде ағылшын қайраткерлері және журналистермен кездескенін жазады. Шетелдіктердің Шығыс туралы, оның ішінде Азиаттық Шығыс және Шығыс Түркістан туралы консулдық тыңшылардың, сол маңда жүріп өткен журналистердің немесе кездейсоқ туристердің ауылынан асып шықпаған, газет оқымайтын, шала сауатты жергілікті халықтан естігендері бойынша ғана білетіндіктері таңқалдырды. Дегенмен, Мұстафа Шоқай мұның себебін жақсы біледі, бір аудан мен екінші аудан аралығының алшақтығы, ара байланыстың нашарлығы және т.с. Сонда да болса ағылшын қоғамының

Шығыс Түркістандағы большевиктердің көмегімен кемалшылардың жүзеге асырып жатқан «пантүркішілдік» пен «пансламшылдық» туралы сұрақтарына Шығыс Түркістанда оның жоқтығын, түрік ықпалының ол жерлерде жүрмейтіндігін айтып береді [4].

Шыңжанның билеушілеріне Кеңестік ықпалдың қаншалықты болғандығын Мұстафа Шоқай 1933 жылы «Яш Түркістанның» 46-нөмірінде былай деп жазды: «Түрғындарының көпшілігі тарапынан, яғни түріктер тарапынан ешқандай құрметке ие бола алмаған және ішкі Қытайдан тым шалғай, оқшау тұрған Шығыс Түркістанның билеушілері Кеңес өкіметінің жартылай ашық, жартылай астыртын көмегінің арқасында ғана өмір сүріп тұра алды. Шығыс Түркістандағы осы үкімет тұсында бұл өлкенің есігін емін-еркін ашып, қазыналарын қалауынша тонауға, экономикасын өз ықпалына біржола енгізуге мүмкіндік тапқан Мәскеу мұндай үкіметтің бұдан соң да өмір сүре беруіне шын мүдделі болатын. Большевиктер Шығыс Түркістанда тек экономикалық пайданы ғана емес, сонымен қатар саяси мақсаттарды көздейді.» [5].

Ол «Шығыс Түркістанда» атты мақаласында Кеңес өкіметінің Шығыс Түркістан оқиғаларына қатысты саясаты туралы: «Шығыс Түркістан түріктерінің қытай билігіне қарсы ұлт-азаттық күресі басталған күннен бастап большевиктердің мазасы кетті. Өйткені Шығыс Түркістанда қытай отаршыл үстемдігін аударып тастап, тәуелсіз түрік мемлекетінің шаңырақ көтеруі қызыл орыс империализмінің Азиядағы мүдделеріне бүкілдей қайшы келетін. Сол себепті кеңестік Ресей әу бастан-ақ Шығыс Түркістандағы ұлттық қозғалысқа қарсы бағыт ұстады. Бұл қозғалысты жаныштау үшін большевиктер жергілікті Қытай үкіметіне алуан түрлі көмегін аямады. Сонымен қатар большевиктер дүние жүзі жұртшылығын адастыру мақсатында, яғни әлем халықтарының назарын өздерінен басқа жаққа аударып жіберу ниетімен Жапония және Англия елдерінің Шығыс Түркістанға араласуы туралы ертегіні ойдан шығарды» - деп жазды [6].

Кеңес өкіметінің Шыңжандағы мұсылман халықтардың ұлт-азаттық көтерілісіне ешқандай да іш тарта алмайтын себептерін Мұстафа Шоқай былай деп көрсетеді: «олар мұндай көтерілістер тек өздеріне зиян келтіретінін мемлекеттер де болып жатса ғана ондай мемлекеттердегі ұлттық көтерілістерді ұйымдастыруға және жәрдем етуге қатысып отырады. Шығыс Түркістандағы жағдай басқаша. Бұл жердегі ұлттық күрестің жеңісі Кеңес өкіметі мүдделеріне, оның жаңа отаршылдық саясатына қауіп тудыратын болды. Жапонияның Манжурия арқылы Моңғолстанға жақындасуы, бір жағынан, Англияның Тибетке саяси-экономикалық билік жүргізуі, екінші жағынан, большевиктерді Шығыс Түркістан мәселесінде барынша абай болуға мәжбүр ететін факторлар. Оқиғалар мен жалпы саяси жағдай Шығыс Түркістандағы Қытайға қарсы ұлт-азаттық күрестер тек большевиктердің еркімен ғана болып жатыр деген пікірді теріске шығарады» Мұстафа Шоқай бұл пікірі арқылы Шығыс Түркістан Республикасының өмір сүруіне кеңестік саясаттың мүдделі емес екендігін көрсеткісі келді. Кеңес одағы Шығыс Түркістан Үкіметін Шэн Шиқай үкіметіне бағынып, тізе бүгуіне мәжбүр етті. Шығыс Түркістан Республикасы Мұстафа Шоқай айтқандай, оның жаулары—«Орталық Қытай Үкіметі, дұнған күштері және Кеңес өкіметі тәрізді дұшпандардың» қарсылығы нәтижесінде жеңіліске ұшырады. «Шығыс Түркістанның тәуелсіздігін Кеңес одағы ешқашан көргісі келген жоқ және көргісі де келмейді» [7].

Мұстафа Шоқай Шыңжандағы мұсылман халықтардың азаттық күресін жаныштауға күш салған Кеңес Одағының саясатын батыл айыптап, ол туралы: «Шығыс Түркістанда Қытай отаршыл үстемдігін аударып тастап, тәуелсіз түрік мемлекетінің шаңырақ көтеруі қызыл орыс империализмінің Азиядағы мүдделеріне бүткілдей қайшы келетін. Сол себепті Кеңестік Ресей әу бастан-ақ Шығыс Түркістандағы ұлттық қозғалысқа қарсы бағыт ұстады» деген болатын.

30-жылдардағы Шыңжандағы Кеңестік саясатқа байланысты, ондағы жергілікті билеушілердің кеңестік ықпалға түсуінің себептерінің түркі әлемінің көрнекті қоғам қайраткері М.Шоқай 1935 жылы былай деп жазды: «...Үрімші губернаторы Шин Шиқай Кеңес өкіметімен тығыз достық қарым-қатынас орнатып, большевиктерден түрлі кәсіптегі

мамандар мен қызметкерлерді шақырып, «Шығыс Түркістанның экономикалық дамуы» үшін олардан несие ала бастағанын мойындап отыр. Демек, Шың Шұрын (Изинь Шу-Жэнь) тәрізді бүгінгі Үрімші Үкіметі де Мәскеудің уысына түскені көрініп отыр. Олай дейтін себебіміз Мәскеу қызметкерлері, Мәскеу мамандары, Мәскеу қаржысы тек Мәскеудің мүддесі үшін ғана қызмет ететін болады. Оның үстіне Шығыс Түркістандағы Қытай Үкіметі Мәскеуге ешқандай бір шарт қоя алатын халде емес. Оған шамасы жетпейді. Шығыс Түркістандағы «Мәскеу мүддесі» дегеніміз, бұл өлке сөз жүзінде Қытайдікі, іс жүзінде Мәскеудікі дегеннен басқа ештеңе емес» [8].

Шығыс Түркістан халқының ұлт-азаттық күресіне Мұстафа Шоқай барлық түркі тектес халықтар мен әлемнің кез-келген халықтарының да қолдауын қалайды. Ол «Шығыс Түркістан халқы да әлемнің басқа еркін, азат халықтары сияқты өз тағдырын өзі айқындауын қалайды.

Мұстафа Шоқай сол заманның қитұрқы саясатына сәйкес, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестерге отаршыл мемлекеттердің қолданатын сан қилы арандатушылық әрекеттерін, ұлттық қозғалыс күштерінің арасына іріткі салу, ұлт көсемдері туралы түрлі жалалы қауесет тарату сияқты әрекеттердің болып тұратынын ескерте келе былай дейді: «Ұлттық күрестің мүддесі осы күреске белсене қатысқан әрбір жеке адамның мүддесіне немқұрайлы қаралмауын талап етеді... Ұлттық қозғалыстың жаулары оның басшылары мен қосшылары хақында алуан түрлі өсек-аян таратады. Қазіргі жағдайда ұлттық қозғалыстарды басқарып, жетекшілік ететін жеке тұлғаларды қорғап қана қоймай олардың беделін арттыруға да күш салуымыз керек. Жауларымыздың оларға қастандық жасауына жол бермеуіміз тиіс. Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының басшылары мен өкілдеріне сыртқы әлемнің назарын аудару, оларға халықаралық жұртшылықтың симпатиясын тудыру қазіргі кездегі біздің ең маңызды міндетіміз болып табылады. Ұлттық мүдделеріміз осы міндеттің толық орындалуын талап етеді»[9].

Мұстафа Шоқай Қытайға барлық жағынан жан-жақты көмектесіп отырған Кеңес Одағы туралы, өзіне ата жау санаған Кеңестік өкіметке деген жек көрінішті көзқарасын былайша көрсетеді: «Қытайдың тағы бір төртінші жан ашыры – Кеңестік Ресейге келсек, ол Моғолстан мен Шығыс Түркістанды Қытайдан бөліп алып өзіне тәуелді етуді көздейді. Кеңестік Ресей коммунизм идеяларын таратып, Қытай ұлттық төңкерісінің партиясы Гоминданды іштен ірітуге тырысты. Ол-ол ма, Кеңестік Ресей мұнымен де тынған жоқ. Қытайдың 20 млн тұрғыны бар аумағында Кеңес өкіметін құрып, бұл елді ұшы-қиыры көрінбейтін азамат соғысына сүйреп түсірді. Орыс большевиктері Қытай коммунизмінің орталығы – Кантон қаласын екінші Мәскеу деп атайды. Олар Қытай коммунистерімен бірге жүргізе отырып, Америка мен Еуропа капиталдарын Қытайдан, жалпы Азиядан ығыстыруда. Қытайға болысып жатқан достарының жай-күйі, міне, осындай».

Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарық көрген «Қытайлар мен Кеңес өкіметінің Шығыс Түркістандағы достығы», «Шығыс Түркістан мәселесі төңірегінде», «Шығыс Түркістан, сыртқы дүние және біздің міндеттеріміз», «Шығыс Түркістанда» деген мақалалары халықаралық қауымдастықта түркі халықтарының ұлттық бостандық үшін күресі төңірегінде оң пікір қалыптастыруға көмектесті деп айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Есмағамбетов К. Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. – 504 б.
2. Шоқай М **Шығармаларының толық жинағы** Он екі томдық. IX том. – Алматы: Дайк Пресс, - 2014. – 568 (442) б.
3. Шоқай М **Шығармаларының толық жинағы** Он екі томдық. YII том. – Алматы: Дайк Пресс, - 2013. – 572 (346) б. С.Т.Тайман
4. Шоқай М **Шығармаларының толық жинағы** Он екі томдық. VI том. – Алматы: Дайк Пресс, - 2013. – 524
5. Шоқай.М. Таңдамалы 1 –том. –Алматы: Қайнар, 1998,-512

6. Шоқай.М. Таңдамалы 2 –том. –Алматы: Қайнар, 1999,-520б.
7. Шоқай М Он екі томдық. I том. – Алматы: Дайк Пресс, - 2013. – 524

МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕСТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ОРТАСЫ

Молдашова М., Берикболова У.Д.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Қоғаммен байланыс қазіргі күні барлық әлеуметтік құрылымдар арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттестікті дамытудың негізгі механизмі болып отыр. Ерекше коммуникативтік-басқарушылық қызмет ретінде публік рилейшнз корпоративтік мүддемен қатар, қоғамдық мүдделерді қамтамасыз етуге бағыттала отырып, келісім мен сенімнің орнығуы, қоғамдық игіліктерді іске асыруға ықпал ету сияқты маңызды әлеуметтік миссияны атқарады.

Мемлекеттік басқару органдары мен коммерциялық ұйымдар арасындағы тиімді коммуникациясыз экономикалық және қоғамдық прогресс жүзеге асырылмайды. Билік пен бизнес арасындағы диалог - GR-коммуникация PR-коммуникацияның бір түрі ретінде тұрақты дамудың тиісті құрамдас бөлігі мен қоғамдық, мемлекеттік және корпоративтік мақсаттарды үйлестірудің маңызды механизмі болып табылады.

Қазақстандағы мемлекеттік құрылымдар мен бизнес-қауымдастықтың өзара әрекеттестігі мынадай құралдар көмегімен іске асырылады:

- қаржылық бағдарламаларды өңдеу мен жүзеге асырудағы несиелік-қаржылық өзара әрекеттестік (салықтық жеңілдіктер, несиелер, субсидиялар, салықтық преференциялар, кепілдемелер және т.б.);
- өзара әрекеттестіктің байқаулық әдістері (мемлекеттік қажеттіліктер үшін тауарлар мен қызметтер жеткізу немесе мемлекеттік сатып алулар);
- мемлекеттің кей функцияларын бизнес-құрылымға берудегі аутсорсинг, оның нәтижесінде салалық емес және артық функцияларды орындаудан мемлекет босатылады;
- мемлекеттік-жеке серіктестік (МЖС) әлеуметтік маңызды инфрақұрылымдық жобалар үшін бюджеттен тыс қаржы көздерін тарту мақсатында мемлекеттік және жеке секторлардың ынтымақтастығының ерекше түрі;
- аумақтың өндірістік және инфрақұрылымдық әлеуетін дамыту, өндірістік секторға инвестиция тарту мақсатында құрылатын және аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың арнайы режимі әрекет ететін ерекше экономикалық аймақтар;
- оқшауланған аймақ түріндегі технопарктер, онда ғылыми, өндірістік, қызмет көрсетуші және көліктік-логистикалық кәсіпорындар біріктіріледі, технопарктердің қызмет ету нәтижесінде мемлекет оны табысты дамыту үшін құқықтық және экономикалық шарттарды құрады, ал бизнес қаржылық пен технологиялық ресурстармен қамтамасыз етеді [1].

Кез-келген кәсіпкер билік өкілдерімен өзара әрекеттесе отырып (рұқсат алу, меншікті басқару бойынша келісім-шарт рәсімдеу, салық органдарына тіркелу, тексеру органдарымен өзара әрекеттесу және т.б.) көптеген түрлі мемлекеттік органдардың ықпалына түседі (кесте 1).

Кесте – 1. Бизнесінің ағымдағы жағдайы тәуелді билік органдары

Билік органының атауы	Функциялары
Мемлекеттік кірістер комитеті	ҚР алық және алымдар туралы заңнамасының сақталуын бақылау және қадағалау, заңды тұлғаларды құру, қайта құру мен жоюды тіркеу; жеке кәсіпкерлік субъектілерінің орындауға міндетті талаптарын белгілеу және бекіту; салықтық және кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыру және т.б.
Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті	Еңбек заңнамасы мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау
Табиғи монополияларды реттеу комитеті	Монополияға қарсы заңнаманың және мемлекеттік сатып алулар саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау
Мамандандырылған сот органдары	Экономикалық қызмет саласындағы таластарды шешу
ҚР Прокуратурасы	Заңдардың орындалуы, тексерулерді жүргізу, соттардың істерді қарауына бақылау жүргізу

Билік пен бизнестің өзара қатынастарның даму деңгейі мемлекетте орнатылған ресми және бейресми ойын ережелерімен сәйкес келеді. Басқаша айтқанда, экономикалық қызметті тиімді заңнамалық реттеудің дамуы, билік пен экономикалық қауымдастықтың өзара әрекеттесу рәсімінің дамуы, әрекет етуші дәстүрлер, құқықтық нормалардың іс жүзінде пайдаланылу ерекшеліктері, мұның барлығы да аталған өзара қатынастардың қазіргі жағдайын анықтайды.

Қазақстандағы билік пен бизнестің тиімді өзара әрекеттестігі компания қызметінің табыстылығының маңызды факторларының бірі болып табылады. Бизнесінің дамуының күрделілігі тек мемлекеттің экономикадағы шектен тыс орнымен, қазіргі мемлекеттік басқарудағы және экономикадағы кейбір қиыншылықтармен ғана емес, сонымен бірге компаниялардың билік органдарымен тиімсіз жұмыс атқаруымен де байланысты болып отыр.

Осылайша, компанияның күшті мемлекет қатысуы бар сыртқы ортада даму табыстылығы көбіне түрлі деңгейдегі билік органдарымен жұмыстың қаншалықты кәсіби түрде ұйымдастырылуымен анықталады [2].

Соңғы онжылдықтарда әлемдік экономикада технологиялық өзгерістермен қатар, кәсіпорынды басқарудағы ұйымдық құрылымдарға қатысты да біршама өзгерістер орын

алды. Мемлекеттік құрылымдар халық санының өсуі мен экономиканың дамуына қажетті инфрақұрылымдармен қамтамасыз ету және дамыту үшін тұрақты қаржыландыру қажеттілігін айқын сезініп отыр. Әлемдегі елдер урбандалу үдерісінің қарқыны, ескіріп жатқан инфрақұрылымды қалыпқа келтіру, халықтың жаңа топтарына инженерлік коммуникациялық желілерді кеңейту қажеттілігі сынды мәселелермен кездесіп отырғаны айқын сезілуде. Сонымен бірге, инфрақұрылымдық қызметтерді ұсыну көбінесе ағымдық тапшылық есебінен жүзеге асырылады, ол өз кезегінде мемлекеттік ресурстардың қосымша кетуін тудыратын субсидиялар есебінен жабылады.

Шектелген қаржылық мүмкіндіктермен қатар жоғарыда аталған мәселелерді шешу көптеген мемлекеттерде капиталды жеке сектордан шоғырландыруды талап етеді, ол көбінесе инфрақұрылымға инвестициялау түрінде жүзеге асырылады. Көптеген мемлекеттік қызметтерді мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы серіктестік (мемлекеттік-жеке серіктестік, әрі қарай МЖС) негізінде тиімді ұйымдастыру қызметтер тек мемлекет немесе жеке сектор ұсынатын дәстүрлі тізбеде нақты балама рөлін атқара алуға қабілетті болды. МЖС жеке сектордың бұрын пайдаланылмаған ресурстарын жергілікті, өңірлік немесе халықаралық деңгейлерде шоғырландыруға мүмкіндік береді. Жеке сектордың МЖС қатысудағы мақсаты өз мүмкіндіктері мен бизнесті басқару тәжірибесінен пайда табу болып табылады. Жеке сектор өз қызметтері үшін көрсетілген қызметке алымдар есебінен өтемақылар талап етеді, нәтижесінде инвестицияланған капитал үшін тиісті қайтарымды алады.

Қазіргі күні МЖС нақты анықтамасы берілмеген және де ол өзіне мемлекет пен бизнестің өзара тиімді шарттар негізінде қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешу үшін орта және ұзақ мерзімде өзара әрекеттестік формаларының жиынтығын қосады [3].

МЖС анықтамаларын талдау нәтижесінде келесідей қорытынды жасалды:

- әрбір позиция зерттеліп отырған түсініктің нақты бір жағына баса назар аударады;
- анықтамалардың басым бөлігі МЖС басты бағыты мемлекеттік басқарудың мақсаттарына қол жеткізу деп сипаттайды;
- әдетте экономикалық әдебиеттерде МЖС термині мемлекеттік меншіктің стратегиялық маңызы бар объектілерінің жекешелендірілу баламасымен теңестіріледі;
- МЖС жекешелендіруге мүлдем қатысы жоқ деген де көзқарастар бар. Серіктестік жекешелендірілмейді де, ұлттандырылмайды да, тек шаруашылықтың мемлекеттік пен жеке секторлары арасында халыққа қоғамдық қызметтерді ұсынудың үшінші жолы ретінде құрылып, әрекет етеді;
- МЖС дәстүрлі түрде мемлекетпен қаржыландырылатын салаларға жеке инвестициялар тарту құралы ретінде қарастырылады.

МЖС тетігі оған қатысушы әрбір тараптың күшті тұстарын синергетикалық әсерді қамтамасыз ете отырып, біріктіруге мүмкіндік береді.

МЖС қатысушы әрбір тараптың күшті тұстары мынадай:

1. мемлекеттік сектор үшін: құқықтық өкілеттіліктер, сатып алудың протекционистік саясаты, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мақсаттардың теңгерімі, еңбек және капитал ресурстары;

2. жеке сектор үшін: басқарудың тиімділігі, жаңа технологиялар, тиімді өндірістік қуаттылықтар, қолма-қол ақша қозғалысын басқару тәжірибесі, персоналдың біліктілігін арттыру, ресурстарды кешенді пайдалану.

Мемлекет меншік, жеке бизнеске салықтық жеңілдіктер мен құқықтық кепілдемелер, кей жағдайларда қаржылық құралдар түрінде өз үлесін қосады. Мұнда мемлекет қоғамдық мүдделерді сақтау мақсатымен бақылау мен реттеу функциясын өзіне қалдырады.

Жеке бизнес өз үлесі ретінде бизнес үшін үйлесімді институционалды ортаны, тәжірибе, тиімді басқару, алдыңғы технология мен техниканы енгізеді.

МЖС қатысушылары арасында пайда әдетте, әрбір тарап өз мойнына алатын тәуекелге үйлесімді қабылдайды. Мемлекет пен бизнес серіктестігінің қалыптасуы қатысушылардың күшті тұстарын біріктіре отырып, бір уақытта екі жақты артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, МЖС мемлекет үшін негізгі артықшылықтары төмендегідей мүмкіндіктерді береді:

- экономиканы ынталандыру саясатын өңдеу;

Бұл жағдайда МЖС жобаларының жүзеге асырылу ұзақтығына баса назар аудару қажет, себебі келісімдік қатынастардың ұзақтығына қарай мемлекет экономиканың басыңқы секторларын дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, ішкі резервтерді шоғырландыру мен шетелдік инвестицияларды тартуға қатысты өңірлер мен елдің даму стратегиясын қалыптастыра алады.

- жиынтық тәуекел мен жауапкершілікті серіктестер арасында бөлуді жүзеге асыру [4].

Бір жағынан, мемлекеттік және жеке секторлар арасында тәуекелді бөлу: мемлекетке, әдетте, толығымен заңнамалық тәуекел және жобаны жүзеге асырудың тиімді жоспарын өңдеуге байланысты тәуекел, жартылай инфляциялық тәуекел мен форс-мажорлық жағдайлармен байланысты тәуекелдер жүктеледі; тәуекелдің басқа көптеген түрлері жеке секторға жүктеледі.

Екінші жағынан, аса ірі көпфункционалды жобаларды жүзеге асыру үшін бір емес, бірнеше жеке серіктес тартылады, сондықтан да олар бүкіл жұмыс кешеніне ұжымдық жауапкершілікті алуы мүмкін немесе нақты бір жұмыс түріне, атап айтқанда, жобалау, эксплуатациялау, тұрғызылған объектілерді басқару, жеке жауапкершілікті алуы мүмкін.

- мемлекеттік меншікті басқарудың заманауи әдістерін енгізу мен тиімді пайдалану, өйткені жеке бизнес менеджменті активтерді басқару мәселелерінде қажетті дағдылар мен тәжірибеге, атап айтқанда артық резервтерді шоғырландыру, мемлекеттік қорларды пайдалану коэффициентін арттыру және т.б. ие болып табылады;

- мемлекеттің капиталға салынатын инвестицияларын яғни бюджеттің шығыс бөлігін қысқарту;

- инфрақұрылымдық объектілерді тұрғызу кезеңін қысқарту;

Сол сияқты МЖС жобаларына қатысу еңбеккерлерге біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді: тәжірибеде жеке сектор заңнама саласында белгілі бір формальды дағдылар мен білімдерге ие мемлекеттік сектордың еңбеккерлерін жалдайды, ал еңбеккерлер өз кезегінде жеке капиталды басқарудың тәжірибесін алу мүмкіндігіне ие болады, сонымен бірге бұл мемлекетке бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік құрылымдардағы жұмыс орындарының санын қысқартуға мүмкіндік береді [5].

Жеке сектор үшін МЖС жобаларын жүзеге асыруға қатысу мынадай артықшылықтар бере алады:

- бизнестің ұзақ мерзімді тұрақты дамуының әлеуетті бағыты болып табылады;

- мемлекеттің қолдауымен инновациялық әлеует пен алдыңғы технологияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Компанияда осындай жобаларды жүзеге асыруда тек басқа компаниялардың жаңалықтарын қабылдап, енгізіп қана қоймай, сонымен бірге өздігінше жетілдірілген өзгерістер мен жаңа құндылықтарды өңдеуге мүмкіндік болады. Бұл қызметтің белгіленген түріндегі бәсекелестік артықшылық болып табылады. Аталған артықшылық кейбір материалдық активтерге, мысалы, әрдайым мемлекет меншігінде болатын жердің, жер қойнауларының белгіленген категорияларына қолжетімділікпен қатар, кейбір формальды рәсімдерді қарапайымдандыруды білдіреді (тіркеу, лицензиялау және т.б.);

- ұзақ мерзімді перспективада кепілдендірілген ақшалай ағындарды алу мүмкіндігі, ол инвестициялардың жоғары және тұрақтылығымен айқындалады.

МЖС бүгінде ел экономикасын жаңа белеске көтеруге, оны әртараптандыруға және кәсіпкерлерді ірі инвестициялық жобаларға тарта отырып, мемлекетпен бірлесе бизнесті жаңа өрістерге шығаруға септесетін үлкен жобалардың бірі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, МЖС елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қолда бар ресурстарды максималды тиімді пайдалануға бағытталған экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, саяси, ұйымдық, басқарушылық және басқа да өзара байланыстардың, өзара қатынастардың кешенді жүйесі деп қарастыруға болады.

Әдебиет

1. Биджиев А.С., Шамарова Г.М. Взаимодействие органов власти и бизнеса как фактор управления социально-экономическим развитием региона // Вопросы управления. - 2012. - №1.

2. Зобнин А.В. GR-менеджмент на новом этапе развития // Лабиринт. Журнал социально-гуманитарных исследований. - 2012. - №2.

3. Тендеры и связи с правительством // Международный деловой журнал KAZAKHSTAN. - 2012. - №2.

4. GR-связи с государством: теория, практика и механизмы взаимодействия бизнеса и гражданского общества с государством / Под ред. Сморгуновой Л.В., Тимофеевой Л.Н. - М.: РОССПЭН, 2012.

5. История развития ГЧП//АО «Фонд устойчивого развития «Казына».- Казахстан, Астана, 2008.—[Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.kazyna.kz>

ҚАЗАҚСТАНДА ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ДАМУЫ

Мухит А., Абдимомынова А.Ш.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Әлемде соңғы онжылдықта әйелдер кәсіпкерлігіне арналған зерттеулер жедел қарқынмен дами бастады. Біздің елімізде де мемлекетіміздің ұстанып отырған саясаты қоғамның барлық таптарының шығармашылық және экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған. Бұл стратегияны жүзеге асыруда әрине, әйелдер үлкен рөл атқарады, және олар күннен күнге еліміздегі қоғамдық, саяси, экономикалық өмірдің белсенді мүшелеріне айналып келе жатыр.

Қазақстанда гендерлік теңгерімнің рөлі ең жоғары деңгейде бағаланған, нақты міндеттер мен көрсеткіштер Қазақстан дамуының 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспарында белгіленген. Аталған құжат бағыттарының бірі – кәсіпкерлік қызметке қажетті ресурстардың барлық түрлеріне ерлер мен әйелдердің бірдей қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл шаралар гендерлік аспектіде мемлекеттік қызметтердің қол жетімділігінің талдауы мен ШОБ субъектілерін мемлекеттік қолдау, әйелдер кәсіпкерлігіндегі әкімшілік кедергілерді қысқартуды қамтиды.

Екінші жыл қатарынан зерттеу жүргізіп келе жатқан Index of Women Entrepreneurs мәліметтері бойынша, әйел-кәсіпкерлер экономикасы дамыған елдерде табыстырақ болады екен. Индустриалды нарығы дамыған елдерде бизнесі бар әйелдердің капиталға, қаржылық сервистерге, академиялық білім беру бағдарламаларына қолы оңай жетеді. Ал экономикасы даму кезеңіндегі елдердегі әйелдердің мүмкіндігі шектеулі.

Зерттеудің өзектілігі әйелдердің экономиканы басқару үдерісіне қарқынды тартылуымен айқындалады. Ең алдымен, бұл демографиялық факторлармен анықталған яғни көптеген онжылдықтар бойы жұмыспен қамтылған халықтың үлес салмағында әйелдер санының өсуімен, осылайша қазіргі күні ол көрсеткіш 49 % құрап отыр [1].

Жалпы алғанда, рейтинг – әйелдер жаңадан бастаушы әлде тәжірибесі барына қарамастан әлемнің барлық түкпірінде табысты болып жатыр. Және оларға өз бизнесін алға жылжытуға кедергі болуы мүмкін гендерлік стереотиптер айтарлықтай тосқауыл емес.

Зерттеулердің нәтижесі кәсіпкерлік беретін мүмкіндіктер міндетті түрде экономиканың даму қарқынымен байланысты емес екенін көрсетіп отыр. Нарықтық экономикасы дамушы елдердегі әйел-кәсіпкерлердің үлесі дамыған елдерге қарағанда артық болып шықты. Дамушы экономикалар тіпті қажетті капитал мен қаржы қызметтері жоқ болса да, өмір сүру үшін бизнесті жиірек ынталандыратыны анықталған.


Қазақстанда да әйелдердің бизнеске ықыласы зор және олардың даму мүмкіндіктері бар. Жыл сайын Әлемдік Экономикалық Форумда құрастырылатын Гендерлік теңдік туралы жаһандық есепте, Қазақстан – әйелдердің экономикадағы, саясаттағы және басқа да саладағы мүмкіндіктері жоғары бағаланатын елдер қатарына кіреді, және түрлі жылдарда еліміз бұл рейтингте 50 елдің қатарынан қалмаған [2].

Ұлттық комиссия әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарымен біріге отырып, Қазақстанның БҰҰ-әйелдер атқару кеңесінің және Әйелдердің жағдайы туралы БҰҰ Комитетінің мүшесі болуына қол жеткізді. Еліміз Түркия, Финляндия, Австриямен қатар «Қауіпсіздік және тұрақтылық жөніндегі OSCE әрекеттер жоспары» жобасының тетелес авторы. Мұның барлығы Қазақстанның гендерлік саясатының халықаралық мойындалуы мен табыстылығының айғағы.

2019 жылдың қаңтарында жүргізілген зерттеулердің мәліметтеріне қарағанда, 1,2 млн кәсіпкер тіркелген, бұл былтырғы жылдың осы кезеңіне қарағанда 0,8 процентке (9,8 мың адамға) артық. Олардың ішіндегі 560,9 мың жеке кәсіпкер әйелдердің басқаруында,

бұл – жыл бұрынғы көрсеткіштен 1,1 процентке (6,3 мың адамға) көп. Жалпы, жеке кәсіпкер болып тіркелген әйелдердің үлесі 47 процентті құрап отыр (бір жыл бұрын 46,9 процент еді) [3].

Қазақстандағы жеке кәсіпкер әйелдер мынадай салаларда шоғырланған (сурет 1).



Сурет 1. Кәсіпкер әйелдердің салалық құрылымы

Бизнестің бастапқы кезеңіндегі әйел мен ер адамдардың арасындағы біршама айырмашылық көп жағдайда әйел адамдар кәсіпкерлікті қалыптастыруда көбірек қиындықтарға тап болатынын көрсетеді.

Олар:

- ішкі жауапкершіліктің жоғары дәрежесі;
 - білім деңгейінің төмендігі;
 - әйел адамдық ролдік модельдердің болмауы;
- капитал мен активтердің болмауы;
өзі-өзіне деген және бизнесте табысқа жету қабілетінде сенімділіктің болмауы.

Қазақстан әйелдердің құқығын қорғауға және олардың мүдделерімен санасуды міндеттейтін барлығы 60-тан астам халықаралық пактті ратификациялаған.

Қазақстан әйелдері экономикада 26-орын, бизнесте 30, білім саласында 36, денсаулық сақтауда 46, саясатта 93 орын алады. Саясаттағы осы төмен көрсеткіш басқа индекстерді төмен тартып кетіп тұр. Және ол жыл сайын тек құлдырау үстінде, мысалы, 2016 жылы-ақ қазақстандық әйелдер 65-орында болатын. Ал әйелдердің шешім қабылдау кезеңінде болуы өте маңызды [4].

OECD атап өткендей, Қазақстанның гендерлік мәселелерді түсінуге және мемлекеттік органдар арасында гендерлік теңдік туралы түсіндіру қажеттігін сезінуге талпынысы бар. БҰҰ-ның әйелдерге қатысты шеттетуді жоюды Комитеті отбасыдағы міндеттерді тең бөлу және бір саладағы гендерлік теңдік – жанама түрде ескі патриархалдық нормаларды керісінше күшейтіп, гендерлік теңдікке кері әсерін тигізуі мүмкін. Отбасыдағы, демографиялық және гендерлік саясаттағы, гендерлік бюджеттеудегі біліктілікті арттыру Мемлекеттік басқару Академиясында өткізу көзделген. Бұл Қазақстанның отбасы және гендерлік саясатының 2030 жылға дейінгі концепциясы бойынша мүмкін болды.

Әйелдерді шеттетудің барлық формасын жоюға, гендерлік тепе-теңдікке ұмтылыс – бүкәлемдік үрдіс. Дүниежүзілік Банктің мәліметі бойынша, әйелдерді шеттетуді жою – бір жұмысшының еңбек өнімділігін 25 проценттен 40 процентке дейін арттыруы мүмкін.

Қазақстан үкіметі 2002 жылдан бері әйел-кәсіпкерлерді ынталандыру мақсатында шаралар өткізіп келеді. Осы уақыт аралығында ондаған мың әйелдер оқытылып, жеңілдетілген несие алып, өз бизнесін ашты. Халықаралық аудиторлық компания Ernst & Young зерттеуі бойынша, 2030 жылға қарай әйелдер әлем бойынша шығынның 75 пайызын қадағалайтын болады.

Қазақстанда әйелдер үшін тең құқылық жағдай жасалып жатыр. Мысалы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры екінші деңгейлі банктерге шартты түрде қаржы сақтау бағдарламасын бастады. Бұл қаржы кейін әйелдер кәсіпкерлігіне шағын несиені беруге жұмсалады. Бұл әдіс Қазақстан әйелдерінің V форумында Президент айтқан тапсырма бойынша жасалған болатын.

Бұдан бөлек, аталмыш қор Азия Даму Банкінің несиесі есебінен шағын-орта бизнесті дамыту бағдарламасын жүзеге асырып жатыр. Бұл несиенің шарттарының бірі - несиенің кемінде 24 проценті әйел-кәсіпкерлерге берілуі тиіс.

Жалпы алғанда, екінші деңгейлі банктер арқылы «Даму» қорының барлық бағдарламалары бойынша әйел-кәсіпкерлердің 5 мыңнан астам жобасы қолдау тапқан.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында мыңнан астам әйел кәсіпкер сыйақы ставкасының субсидиясын алып отыр.

Мемлекет сонымен бірге кәсіпкерлік әлеуетті күшейту жұмыстары аясында оқыту және кеңес беру жұмыстарын жүргізіп отыр. Мысалы, жұмыс істеп жүрген әйел-кәсіпкерлер экономиканың өзі бейім саласы үшін «Назарбаев Университетінде» дайындықтан өтіп, біліктілігін шыңдай алады. Мұнда әлемнің жетекші университеттерінен лекторлар шақырылып жүргені белгілі.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында кәсіпкер әйелдерге жедел кеңес беру үшін кәсіпкерлікті қолдаудың көпдеңгейлі инфраструктурасы жасақталған. Облыстарда – кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары болса, моноқалалар мен аудан орталықтары деңгейінде – кәсіпкерлікті қолау орталықтары бар, ал елді-мекендер мен ауылдарда кәсіпкерлікті қолдаудың мобилді орталықтары жұмыс істеп тұр.

Осылайша, елімізде жалпы алғанда кәсіпкерлікті, жалқы алғанда әйелдер кәсіпкерлігін тиімді пайдалануға барлық жағдай жасалған. Тәжірибе көрсеткендей, әйелдер несиені, жабдықтарға, технологиялар мен біліктілікке қол жеткізгеннен кейін, оларды бақылау мүмкіндіктері де болса, олар өндірісін кеңейтіп, сату көлемін ұлғайтып, өз кәсіпорнының тұрақты дамуына қажет табыс таба алады. Ендеше, әйелдердің әлеуетін тиімді пайдалану, оларды экономикаға үлес қосуға ынталандыру түптеп келгенде Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елі қатарына кіруін жеделдете алады.

«100 нақты қадам» реформалар бағдарламасы мен гендерлік теңдіктің жаңа стратегиясының жасақталуы – гендерлік теңдікті қамтамасыз етудегі ұсыныстарын тиімді мониторинг жасаудың тамаша мүмкіндігі. Бұдан әрі қарай мемлекеттік басқарудың реформасы кезінде гендерлік проблематиканы уақтылы көтеруге оңтайлы сәт туады. Сөйтіп, еліміз бұл сала бойынша жұмысты нақты қадамдар мен өлшеуге келетін нақты нәтижелерге қол жеткізер еді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Дүниежүзілік Экономикалық Форумның гендерлік алшақтық индексі бойынша 144 елдің ішінде 52-ші орын алды. Ал «әйелдердің экономикаға қатысуы мен олардың мүмкіндіктері» көрсеткіші бойынша республикамыз 30-орын; денсаулық индексі бойынша 36-шы орын, білім деңгейі бойынша 48-ші орын алды [5].

Қазіргі қоғамда жаңа психологиялық келбеті бар әйелдер маңызды рөл ойнайды. Соңғы жылдары табысты әйелдердің үлкен бір легі пайда болды. Ерлерге тәуелсіз, өз бизнесі бар, жоғары лауазымы бар әйелдер. Бұл енді дәтүрлі түрдегі мінез-құлқы бар әйел емес, бұл тіпті басқа, жаңа психологиялық структура. Қазіргі әйелдер өз жолын өзі тандап, рухани және адами құндылықтарды өзі үшін өзі анықтайды.

Гендерлік саясаттың мақсаты – шынайы гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізу. Ол дегеніміз, азаматтардың барлығы тандау құқығы мен өзінің және өзінің қабілетін даму жолын тандауға ерікті деген сөз. Оған шектеу болатын стереотиптер мен дәстүрлі гендерлік ахуал. Гендерлік саясат жүргізу – демократия жолындағы маңызды қадамдардың бірі.

Әдебиет

Прокофьева Л., Фести П., Мурачёва О. Женщины на рынке труда // Социологический журнал. – 2006. - № 3. – С. 22-25.

Караханова Т.М. Профессиональная карьера мужчин и женщин //Социологические исследования. – 2005. - № 11. – С. 74-81.

«ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ ӘЛЕУЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР САЛАЛАРҒА БАҒЫТТАУ КЕРЕК»Қыркүйек 14, 2018// kazgazeta.kz

Еркеназым Амангелдіқызы – 26.05.2018. Әйел кәсіпкерлер экономикасы дамыған елдерде табыстырақ болады/ baribar.kz

О ситуации на рынке труда в IV квартале 2019 года1. Экспресс информация. № 36-8/67 11 февраля 2020 г.

МҰСТАФА ШОҚАЙ-ҰЛЫ ТҰЛҒА

**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ
Тасқынбайқызы Қ., Тайман С.Т.**

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Даму тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген»[1]-дейді. Сондай ұлы тұлғалардың бірі Алаш қозғалысының алыбы, Түркістан халықтарының азаттық күресінің жетекшісі, Түркістан мемлекетінің басшысы – Мұстафа Шоқай.

М.Шоқай Түркістан халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігі идеясын ту етіп ұстанған аса көрнекті саяси қайраткер, XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының ең көрнекті өкілдерінің бірі. Кеңес одағындағы ұлттық проблеманы әлем сахнасына шығарып, отарлық озбырлық пен өктемдікке қарсы азаттық қозғалысының идеологиясын қалыптастыруға, стратегиясы мен тактикасын анықтауға өлшеусіз үлес қосқан Мұстафа Шоқайдың есімі тарихымызда ерекше аталады.

Мұстафа Шоқай көреген көшбасшы, сұңғыла саясаткер ретінде сол кезде большевиктердің алға тартқан ұсыныстарына жауап қатпастан, өзінің бірбеткейлігі мен алдағы мақсатына беріктігін көрсете білген. М.Шоқай қалыптасқан саяси жағдайдың зардабынан шет мемлекетте қоныс тепкен алғашқы қазақ эмигранты, түрік халықтарының мүддесі үшін күреске ақыл-ой, күш-қайратын қалтқысыз жұмсаған қайраткер, қанша қиыншылық, таршылық көрсе де, алған бетінен қайтпаған, атақ, мансап, жайлы мекен, жақсы тұрмыс үшін ар-ұжданын, сенімін саудаға салмаған, Орта Азиядағы жеке ұлт, ұлыс болып саналатын қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақтарды «түркістандықтар» деп атап, осы ұғымды тарихта дәйекті түрде қалыптастырған дара қайраткер. Оның шет елдерде жүріп, большевиктердің саясатын әшкерелеген, отандастарын азаматтық кемелдікке, күреске шақырған мақалалары мен зерттеулері қай уақытта болсын өз құндылығын жойған емес. Белгілі жапон ғалымы Уяма Томохико: «XX ғасырдың бас шенінде Ресейдің өз ішінде және оның төңірегінде көптеген мұсылман ұлы реформаторлары мен революционерлер шоғыры пайда болды. Тіпті осы жұлдыздардың ішінде Мұстафа Шоқай бірегей орын алады» - деген болатын.

Мұстафа түркі халықтарының тәуелсіздік идеясына жайдан-жай келген жоқ. Оның тәуелсіз санасын қалыптастырған үлкен фактор патшалық Ресейдің отарлық саясаты болды. Мұны ең алғаш өзі дүниеге келген, өсіп-өнген саяси-әлеуметтік ортада сезінді. Мұстафаның жұбайы Мария Шоқай "Менің Мұстафам" атты еңбегінде бала Мұстафаның саяси түсінігіне алғаш әсер еткен жайлар елдегі орыс қоныс аударушылары

мен патшаның жергілікті шенеуніктерінің халықты басынған озбырлық әрекеттері болғаны туралы жазды. Жастық шағының студенттік кезеңі империяның саяси орталықтарының бірі Санкт-Петербургте өткен Мұстафаның саяси-қоғамдық көзқарасының қалыптасуына университетте оқып жүрген кезінде түрлі ағымдармен таныс болуы, түркі жастарының азаттық шерулеріне қатысуы, Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясы жанындағы кеңесші бюро жұмысына араласуы да әсер етті [2,926]

Мұстафа өзінің бүкіл ғұмырын туған халқының ғана емес, тұтас Түркістан аумағындағы түбі бір түркі жұртының бірлігі мен тәуелсіздігі, өз алдына дербес мемлекет болуы жолындағы күреске арнады, соңғы демі біткенше: «Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру бәрімізге бір мақсат, бір мухаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек!» – деп өтті. Мұстафа Шоқай көксеген Түркістан автономиясы, тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдінің пікірінше, «...жай бір қалалық, тұйық саяси құбылыс емес еді. Бірақ кеңестік тарихнама оның тарихи маңызын төмендетіп көрсету үшін сондай мағына беруге тырысты».

Ұлттық тұтастыққа, қазақ елін тәуелсіз, іргелі ел етуге деген ұмтылыс өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларына ортақ мақсат болды. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде, әрқайсысы әртүрлі жолды таңдады. Мысалы, 1917 жылы алаш қайраткерлері, интеллигенциясы арасында қазақ облыстарының Түркістанмен бірігу мүмкіндігіне байланысты қарама-қарсы екі пікір болды. М.Шоқай идеясын қолдаушылар «орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері болып бірігуіміз керек» десе, «автономия құру – өз алдына мемлекет болу, мемлекет болып, іс атқару оңай емес, біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы болса, Түркістан халықтарының қараңғылығы һәм шебер адамның жоқтығы бізден он есе артық» деп білген Әлихан Бөкейханов «Орта Азия болып бірігуге болмайды» деп есептеді. Алайда күллі қазақ мемлекетінің тағдыры барлық қазақ ұлтының қолдауына тәуелді екендігін Алашорда басшылары да, Мұстафа Шоқай да түсінді. Алашорда өкіметі құрылған бетте Түркістан өлкесі құрамындағы қазақ жұртымен бірігу жолдарын қарастыруға кірісті. Өкінішке қарай, түркі жұртының тұтастыққа, азаттыққа бағытталған талпынысы тұншықтырылып, Алашорда үкіметі де, Түркістан автономиясы да күшпен талқандалды. Сөйтіп, Мұстафаның өмірінің соңына дейін ұласқан эмиграциялық қызметі басталды.

Мұстафа Шоқай Түркістанның тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес. Сонымен қатар Мұстафа қазақ эмиграциялық журналистикасының негізін қалаушы десек артық болмайды. Мұстафа Шоқай шетелге саяси эмиграцияға кеткен күндерінен бастап өмірінің соңғы сәттеріне дейін Қазақстан мен Түркістанның қоғамдық-саяси өмірін терең зерттеп, осы мәселелер жөнінде мол ғылыми-саяси, публистикалық еңбектер қалдырды. «1917 жыл туралы естеліктер», «Кеңестер қоластындағы Түркістан» кітаптары және басқа да ғылыми-зерттеу, көсемсөздік шығармалары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Мұстафа Шоқай артында қалдырған бай мұрасының ішінде, оның «Яш Түркістан» журналында жарияланған еңбектерінің алатын орны ерекше. Мұстафа Шоқай журналда жариялаған еңбектерінде ең алдымен кеңестік Ресей, бұрынғы патшалық Ресейдің тікелей мұрагері екенін дәлелдеді. Оның отаршылдық, шовинистік, тоталитарлық сипатын әшкереледі. Өзінің «Шовинизм» атты мақаласында: «Патшалық Ресей бізді тұншықтырып, атамекенімізді қанға бояуда. Міне, сол үшін де біз орыс билігінің барлық түріне кектене қараймыз» [3,166], деп ашына жазып, Мәскеу диктатурасын қолдамайтынын ашық айтады. Мұстафа Шоқай деректерге негізделген терең де, мазмұнды еңбектерінде Кеңес өкіметінің 20-30 жылдардағы білім беру саласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатын батыл түрде сынға алады. «Кеңестер билеген Түркістан» деп аталатын еңбегінде қазақ мектептерінің мүшкіл хәлімен қатар, білім беру ісіндегі теңсіздікті де көре білген. М.Шоқай «Ұлттық зиялы жөнінде» деген мақаласында: «Адаспау үшін, адаса қалса дұрыс жолды табу үшін де білім керек» дей келе Европада

білім алып жүрген жас Түркістандықтар туралы «Батыста білім алған жастарымыз ұлттық рухпен сусындап қана қоймай, бұл рухиты халқымыздың игілігіне жарату жолдарында білген» - деп баға береді [4,1806]. Білім беруді насихаттай отырып, М.Шоқай ана тіліміздің болашағына алаңдаушылық білдіреді. Сол кезде жариялаған мақалаларында Ресей отаршылдығының басты сипаттарының бірі жергілікті халықты орыстандыру екендігіне әрдайым тоқталып отырады. М.Шоқай «Түркістандағы жергіліктендіру қандай мазмұндарды қамтыды?» деген мақаласында ол жергіліктендіру науқанының оқу-ағарту саласындағы көріністеріне арнайы тоқталып, оның отарлық үстемдікті бүркемелеудің бір амалы екендігін ашына жазады.

М.Шоқай еңбектерінен 20-30 жылдардағы Қазақстан мен Түркістанның оқу-ағарту, тіл, мәдени өмірі туралы шындыққа толы дәйектерді таба аламыз. Өзінің "Ақ-қызыл" деген мақаласында: рухани өмірде орныға бастаған түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің шынайы мәні былайша түсіндіреді: "Көне Ресейдің орыстандыру саясатынан іс жүзінде ешқандай ерекшелігі жоқ қулық-сұмдықтарын Лениннің "социализм", "интернационализм" кезеңдерінде сәйкестендіру үшін большевиктер бір жаңа формула ойлап шығарды. Олар енді «түрі-ұлттық, мазмұны пролетарлық болсын» - деді. Асылында халықтың рухани дүниесі біртұтас нәрсе. Оны «мазмұнға» және «формаға» бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің мазмұнымен айқындалады деп Кеңес үкіметінің мәдени саладағы отаршылдық саясатын сынға алды. [5.1346] әлдеде талдау керек, білім туралы, ғылым туралы.

М.Шоқай өзінің шығармаларында ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық рухты жеке-жеке емес, бір-бірінен ажырамас ұжымдар ретінде түсіндіреді: «Ұлт азаттығы-ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді[3,856]. Мұнан М.Шоқайдың тарих, әдебиет пен өнердің қоғам өмірінде қаншалықты орын алатындығының бағалағандығының куәсі боламыз.

Тарих дегеніміз – ол азаттық, бостандық, тәуелсіздік үшін күрестің тарихы. Ұлттық сана-ұлт руханиятының негізі. Ұлттық рух халықтың өзін-өзі танумен айқындалатын, өскелең арман- мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршендік күш-қуаты деп танимыз. Ал ұлттық намыс, ар-ожданнан бастау алатын, отансүйгіштікпен ұштасып жатқан рухани – құндылық сезім. Ұлттық намыстың негізгі көрінісі адамның туған еліне сүйіспеншілігінен, төл мәдениетіне деген құрметінен байқалады. Ұлттық намыс, ұлттың өзіндік мәнін, өткен тарих тағлымын ұмытпай: ар-ожданын тапталпауы үшін керек.

Ұлт қайраткерінің ұлт тарихы, ұлттық рух, ұлттық сана туралы идеялары бүгінгі таңда ерекше мәнге ие болуда. Тәуелсіздігімізді алғаннан бастап ұлттық тарихи сананы, ұлттық рухты қалыптастыру біздің мемлекеттік саясатымыздың басты бағыты болып отыр. Сондықтан Мұстафа Шоқайдың білім, ғылым туралы еңбектеріне терең талдау жасаудың, өткен тарихымыздың шындығын тануға, рухани мұраларымызды саралауға, өзіміздің кім екенімізді тануға, дүниетанымымызды байытуға тигізер пайдасы өте мол. Қайраткердің кеңес шындығына құрылған еңбектерін оқи отырып, қорытар ой да, алар тағылым да зор. Бұл әсіресе бүгін тәуелсіз еліміздің шаңырағын көтеріп келешегін кемелдендіре түсетін жастарымыз үшін маңыздырақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев.Н.Ә. Жасай бер Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі//Егемен Қазақстан.-1998.-16 желтоқсан
2. Шоқай Мәрия. Шоқай Мұстафа. Естеліктері.–Ыстамбул. 1997
3. Шоқай.М. Таңдамалы 1 –том. –Алматы: Қайнар, 1998,-512б.
4. Шоқай.М. Таңдамалы 2 –том. –Алматы: Қайнар, 1999,-520б.
5. Әлімжанов.Ә. Мұстафа Шоқай...Ол кім? //Қазақ әдебиеті// 1991.31 тамыз

The importance of the project "On the status of a teacher"

Interesting facts about teachers in history

Мыңжасар А., Бекіш Е.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

A teacher in Kazakhstan is more than a teacher. This is an experienced mentor, support, senior friend and person, whose share falls a huge responsibility. The realities of the modern world are rapidly changing, but the internal content of the concept of "Teacher" never changes. Therefore, I want to explain the importance of the project - "On the status of the teacher."

The word "teacher" is familiar to everyone without exception. A synonym is the word "teacher", which has a slightly broader meaning. Interesting fact: this term appeared in ancient Greece, and was used in relation to slaves who could not perform work requiring physical strength, for example, cripples or old people. They took on the function of escorting the children of the nobility to and after classes. "Pedagogy" in ancient Greek meant "child science."

It is also interesting what the ancient Greeks called a mathematics teacher. Now this could well be the nickname of a mathematician, and then he was called simply a "calculator". In Latin, this means "bookkeeper", and comes from the Latin "calculus" - "a small stone." Such pebbles were used to count tens, hundreds and thousands.

Interesting names for this profession can be found not in such a long time. For example, after the revolution in the Soviet Union, school teachers were called the funny word "scrub", which stands for "school worker."

Current problems in the work of a teacher

A teacher for whom transferring knowledge to children is a vocation - a rarity. Faced with reality, many of yesterday's university graduates who received teacher diplomas are faced with the fact that they strongly idealized the future profession or did not represent it correctly.

Already 33% of them are leaving school within three years of starting work, and by the end of the fifth year this figure reaches 46%. A few years ago, the trend was not so depressing, but every year the number of requirements for teachers increases, while the circle of responsibilities grows.

The most common reason a person leaves teaching is because of low salaries. A reason such as retirement is only 14% of the total.

Teacher salaries do not include time spent on class planning. But the preparation of one lesson can take up to three hours! According to the National Association of Education, teachers spend an average of 53 hours a week, performing tasks related to learning. All this - lesson planning, writing reports, additional classes, as well as checking homework. While the usual rate of office workers is 40 hours a week.

Solution to the problem

In 1966, UNESCO adopted a document in accordance with which statutory professors were identified. Every year, October 5 is Teacher's Day, when all former and current students can thank the best and most beloved representatives of this profession. But in Kazakhstan, a really important project is "On the status of a teacher."

This Law determines the status of the teacher and establishes the rights, social guarantees and restrictions, duties and responsibilities of the teacher. Especially important for the entire pedagogical community is the reduction in the weekly teaching load of school teachers from 18 hours to 16 hours, which implies an increase in the time for his creative activity.

To improve the quality of teachers in schools, an additional fee of 10 MCI is provided for people with a master's degree. A teacher who is hired for the first time in the organization

of secondary education is assigned a mentor teacher for the period of one academic year. For the implementation of mentoring, the teacher is paid an additional payment in the amount of one basic salary. Assignment as a mentor is carried out on the basis of the order of the head no later than five working days from the day the teacher is hired for secondary education.

Future plans to improve the teaching profession

Material mechanisms are envisaged. As part of the instruction of the President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Zhomart Tokaev, given at the August conference, the teachers' salaries will double in the next four years. This means that starting next year, teachers' salaries will increase by 25%.

The law provides for a number of non-material incentives, such as the priority procedure for the provision of places in kindergartens, a new type of state award "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы", which provides for a one-time payment in the amount of 1000 MCI, or 2 651 000 tenge.

In general, it is important to note that almost 500 thousand education workers will be affected by the innovations to improve the status of bills. An increase in vacation days from 42 to 56 days will affect more than 100 thousand employees. It is assumed that the adoption of the above standards will really improve the status and prestige of the teacher, stimulate him to further professional growth and generally improve the quality of educational services

Conclusion

In my opinion, this project is the most useful of all that were invented for this. The development of the future generation is the most important factor for the development of the whole country. To do this, we must improve the quality of teaching for our children. I believe that thanks to this law, the public opinion about teachers will change and more gifted children will want to become glorious teachers. "A teacher must have maximum authority and minimum power." Thomas Sas

List of references

On the draft Law of the Republic of Kazakhstan "On the status of a teacher"
<http://adilet.zan.kz/rus>

Bunimovich, E. Portrait of a teacher / E. Bunimovich // Health of a schoolboy. - 2009.

The main events in the education system in 2019 <https://informburo.kz/>

Galeeva, N. Assessment of the quality of professional activities of a teacher: recommendations for developing a system of indicators / N. Galeeva // School management. - 2009.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Набат Д.С., Тоқтағанова Г.Б.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Ең алғашқы болып Қызылорда дегенде ауылдың иісі аңқыған, жүздерінен жылы жел ескен қазақтарды елестетеміз. Алайда, сол нәрсе елестегенімен қазақ ауылдарындағы киіз үйде ойнап жатқан көп баланы көрмейсің. Қазіргі кезде зәулім сарайда тұратын қазақтың аз баласын көрген азап екен. Сәл дәлелдермен сөйлеп көретін болсақ, Қызылорда облысында халық санының өсуі басқа қалалардан төменірек. Ал, халық дегеніміз кім деген сұраққа ойланып көрейікші...

Халық – «табиғат-халық-шаруашылық» жүйесінде негізгі элемент болып табылады. Оның себебі тек қана адамның еңбек ету қабілеті арқасында материалдық игіліктер өндіре алуға болады [1].

Біріншіден, халық – қоғамның басты өндіргіш күші. Еңбек ресурстарының саны, құрылымы, профессионалдық дайындығы мен еңбек дағдысының деңгейі, т.б.

шаруашылықтың дамуына, жер шарының әр түрлі аудандарында орналасуына үлкен әсер етеді.

Екіншіден, халық өзінің өндірген материалдық, материалдық емес, рухани игіліктерді тұтынушы. Өзінің саны және белгілі бір өндіріс өнімдеріне мұқтаждық ерекшеліктерімен шаруашылық салаларының географиясына әсер етеді. Мысалы, адам көп тұтынатын тауарлар халықтың көп шоғырланған жеріне орналасады. Қаржы және кредит пен сауда айналымдары, жүк тасымалдау көліктердің бағыттары, көбінесе халықтың орналасуына байланысты болады.

Үшіншіден, адамзат қоғамы әрқашан алмасып отырады. Жер шарының түкпірінде халықтың ұдайы өсіп өнуі (дүние жүзінде 357 мың адам туып, 158 мың адам өліп отырады). Ол, әр елдің тарихтық, әлеуметтік-экономикалық, этникалық, тұрмыстық салт-дәстүрі, т.б. жағдайларына байланысты. Халықтың табиғи өсіміндегі айырмашылықтар көші-қонға, халықтың территориялық таралуына әсерін тигізеді, яғни халықтың ұдайы өсіп-өнуі шаруашылықпен тығыз байланыста болады.

Төртіншіден, халық (әсіресе өндіріс процесіне тікелей қатысатын) өндірістік қатынастарды жасаушы және иеленуші. Өндірістік қатынастар адамзаттың даму процесіне жан-жақты әсер етеді, сондықтан ол әрбір тарихи кезеңдердегі өндірістің даму және орналасу заңдылықтарының себепшісі болады.


Бесіншіден, халық табиғатпен, яғни географиялық ортамен тығыз байланысты. Адам табиғаттың заңдылықтарын зерттей және біле отырып, осы өзара байланыста шешуші күшке айналады. Демек Халықтың саны өскен жағдайда қоғамның жағдайы да дұрыстала бастайды және де бұл ешқандайда болжам емес нақты дүние [2].

Мемлекетіміз табиғи ресурсқа бай екендігі айтпаса да белгілі. Ұлан ғайыр атырапта кездеспейтін элемент жоқ шығар сірә. Кез-келген мемлекеттің даму деңгейін анықтауда сол мемлекеттің табиғи байлықтары, жер асты ресурстары, ауылшаруашылығына жарамды жер алқабының көлемі сияқты негізгі экономикалық көрсеткіштерімен қатар халқының саны мен өндірістік қабілеті, білім деңгейі мен денсаулығы да есепке алынады. Германия, Жапония, Корея сияқты дамыған мемлекеттерге қарағанымызда адам ресурстарының табиғат ресурстарынан маңыздырақ екені аңғарылады [3]. Қазақстан Республикасының соңғы жылдардағы тұрақты экономикалық даму қарқыны көңілді көншіткенімен, халықтың саны мен денсаулығы, туу мөлшері, табиғи өсуі және өлім мөлшері, әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерінің қамсыздандырылу деңгейі сияқты көрсеткіштері әліде өте нашар деңгейде. Жалпы Қазақстан Республикасы – көп ұлтты мемлекет. Әрбір халықтың өмір салты, әдет-ғұрпы мен дәстүрі, еңбек дағдысы жөнінен өз ерекшелігі бар. Адамдар қатынасының маңызды құралы – оның тілі. Елімізде мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Егеменді еліміз Қазақстан – біртұтас мемлекет. Оның аумағы 2 млн. 724 мың км². Мемлекет Еуразия материгінің орталық бөлігінде және әлемнің екі бөлігінде: аз бөлігі Еуропа, ал көп бөлігі Азияда орналасқан. Қазіргі таңда Қазақстан құрамында 14 облыс, Республикалық бағыныстағы 3 қала (Астана мен Алматы, Шымкент қалалары), 159 аудан, 84 қала, 193 қала үлгісіндегі кент бар. Селолық жерлердегі селолар мен ауылдар саны 8 мыңға жуық [4].

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болуына орай демография ғылымына жүктелетін жауапкершілік күрт өсті. Біріншіден оның алдына дербес даму жолына түскен елдің шын мәніндегі демографиялық ахуалын анықтау қажеттігі көлденең тартылды.


Еліміздегі демографиялық жағдайға халықтың ұдайы өсіп - өнуі, ұрпақтың алмасуы, халықтың өсу қарқыны және сипаты, өсім және өлімнің деңгейі, жыныстық, жастық, жанұя құрылымы, т.б. тәрізді демографиялық процестер ықпал етеді. Олар территорияның басқада қоғамдық процестерінің дамуымен тығыз байланысты. Территорияның әлеуметтік – экономикалық дамуында демографиялық процестер басты роль атқарады. Сондықтан, белгілі бір территорияның халқын экономикалық – географиялық тұрғыда зерттегенде демографиялық көрсеткіштерді қолдануға тура келеді. Яғни, халық санын, халықтың өсуін, жастық – жыныстық құрылымын, географиялық орналасуын, тығыздығын, қала мен

ауыл халқының ара қатынасын, аймақтық ерекшеліктерін білудің маңызы зор. Егемендіктің алғашқы жылдары кезінде үдеріс алған демографиялық дағдарыстың ең ауыр салдары – Қазақстан халқы 1989-1999 жылдар аралығында 1,5 млн-нан астам адамға, яғни 8,2%-ға азайды. Халық саны азаюы 2002 жылға дейін созылып, 2003 жылдан бастап аз да болса өсе бастады. 2005 жылдың басында 15 млн-нан асты. Бұл жағдайдың негізгі себебі тек 1991-1999 жылдарда сыртқа кеткен көші-қон нәтижесінде республика халқы 1 млн 54 мыңнан астам адамға кеміді [5]. Яғни, халық саны 1999 жылғы дерек бойынша – 14 млн 953 мың 126 адам. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының халқының саны 17 млн. асты. Яғни, халық саны жөнінен ТМД бойынша Ресей, Украина, Өзбекстаннан кейінгі төртінші орынды, ал дүние жүзінде елуінші орынды иеленеді. Халықтың санының бұлай аз өсуіне туудың төмендеуі (1 суретке сәйкес), өлім-жетімнің көбеюі, қоныс аудару процесінің артуы әсер етуде. Негізінен, Қызылорда облысында халық саны кеңес дәуірінде жоғары дәрежеде өсті. Елімізде түрлі алып құрылыстар салу, пайдалы қазбаларды игеру, теміржолдар, металлургия кәсіпорындарын,



- Зайцева Ю.В. Явление омонимии в современном английском языке // Современные научные исследования и инновации. 2015. № 3. Ч. 4 [Электронный ресурс]. URL: <http://web.snauka.ru/issues/2015/03/50795> (дата обращения: 23.09.2018).
- Малаховский Л.В. Омонимы: Терминология, классификация, определения и принципы выделения /В кн.: Лингвистические исследования. Ч.2.-М. 1972.
- Мюллер В.К., Большой русско-английский словарь: 230 тысяч слов и словосочетаний. Новая редакция, 2014.
- Смирницкий А.И. Некоторые замечания по английской омонимии. // ИЯ. 1948. — №5.
- Тышлер И.С. Словарь омонимов современного английского языка. Саратов: И-во Саратовского ун-та, 1963.- с.8
10. Bridges R.S. On English Homophones // Society for Pure English. Oxford, 1922.
11. Maxime Kœssler, Jules Derocquigny. Les faux amis ou Les pièges du vocabulaire anglais (Paris, 1928).
12. Williams E.R. The Conflict of Homonyms in English. New Haven, 1944.
13. www.ldoceonline.com

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ МӘҢГІ ТІРЕГІ

Орынтай Н., Гейдарова Г.А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Еліміз тәуелсіздік алғалы ширек ғасырдан астам уақыт болыпты. Өзге мемлекеттер қызыға қарайтын береке, бірлік, тыныштықтың болуы - өзара достық қатынастың жемісі. Тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы ретінде саналатын – халқымыздың тілі.

Тіл - қандай да болмасын ұлттың баға жетпес қазынасы, ұлттық санамен байланысты мақтан тұтар ардақтысы. «Тілден тілдің кеңдігі болғанмен, кемдігі жоқ» деген ізгілікті тұжырым бекер емес. Өз халқының қадір-қасиетін ұға білген әрбір адам ана тілін аяқ асты етпейді, өзге тілді де өзекке теппейді. Тіл болашағының жарқын болуы саналы да қуатты жастардың қолында. Әр халықтың тағдырына жауапты қазіргі жас буын еліміздің болашағының иесі екендігін естен шығармағанымыз жөн. Себебі, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек.

Кез келген ұлттың, халықтың ең басты байлығы – сол халықтың ана тілі. Біздің ана тіліміз тек бір халықтың тілі ғана емес, мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Қазақ тілі – өзіндік әдеби, ғылыми және саяси жазу нормасы қалыптасқан бай тіл.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілі-халықтың ұлттық тұтастығы мен бірлігін, келісімі мен бейбітшілігін сақтап, оны нығайтуға қызмет етіп келе жатқан тілі.

Республикамызда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Тәуелсіз Қазақстанда тіл мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Өйткені тіл - біздің ана тіліміз - Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымызбен қатар біздің елдігіміздің басты белгілерінің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының 1997 жылы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңы қабылданғаннан бері қарай мемлекеттік тіл болып - Қазақ тілі болып белгіленді. Мемлекеттік тіл шын мәнінде ұлттық саясаттың өзегі, дiңгегі дейтiн болсақ, қазақ тіліне басымдық беріп, оны техника, экономика, саясат тіліне айналдырған жөн. Тілді дамытуда бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі ақпараттардың маңызы зор және тілді дамытуға, оның

қажеттілігін арттырып, мәртебесін биіктетуге әрбір Қазақстан азаматы атсалысуға міндетті.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне Қазақстанда тұратын, ауасымен демалып, суын ішіп, топырағын басқан кез келген азамат өз үлесін қосуы – азаматтық және адамдық борышы саналады.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі қазақ халқына Жолдауында «Еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ, мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», - деді.

Осы сөздері арқылы Президент ұлтжанды, ұлтын сүйетін азаматтарды, сонымен қатар, қазақ халқымен ғасырлар бойы қоян-қолтық туыстық қатынаста өмір сүріп келе жатқан басқа да ұлт өкілдерін мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруде бірлесіп жұмыс атқаруға шақырды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілін дамыту, оның қолдану аясын кеңейту, дамуы мен жетілуіне жан-жақты қамқор жасау күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі. Осындай мемлекеттік маңызды мәселені жүзеге асыру үшін арнайы қабылдаған бағдарлама мен іс-шараларды тұрақты түрде жүргізу, күнделікті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бәрімізге ортақ міндет.

Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдері өз отбасымен мемлекеттік тілді білуге үнемі үндеп отыруы қажет. Сонда ғана тіл үйренуге деген қажеттілік туып, оның мәртебесі биік, қолдану аясы кеңейе түседі. Сонымен қатар, тілдің маңызын толықты, қолдану аясын кеңейту мақсатында елімізде жыл сайын маусым, қыркүйек айында дәстүрлі тілдер мерекесі, арнайы іс шаралар байқаулар т.б. өтеді.

Қазақстан Республикасының тіл туралы саясатын жүзеге асыру мақсатында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылуда. Біз қандай жағдайда да, қай кезде де өзге тілдердің дамуына еш нұқсан келтірмей, оларға деген мемлекеттік қолдау - қамқорлық аясын тіпті де тарылтпай, қалай дегенде де Қазақстан Республикасы мемлекетінің негізін құраушы, ел-жер иесі қазақ халқының ұлттық тілі - қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің мүддесін мейлінше кең көздеуге маңыз береріміз белгілі. Бұл - әр қазақстандықтың қастерлі парызы.

Біздің тіліміз бен мәдениетіміздің дамуы еліміздің өркендеп өсуімен тығыз байланысты. Олай болса, мемлекеттік тілді білу, оған құрметпен қарап оны күнделікті өмірде қолдану тұрмыс-салтымыздың, мінез-құлқымыздың бөлінбес бөлігі болуы қажет. Барлық күш-жігерімізді, достығымызды нығайтуға жұмсау керекпіз. Ұлтаралық бірлік – отандастарымыздың басты байлығы екендігін ұмытпауымыз керек. Тіл мен қарым-қатынас біріккенде ғана сыйластық, достық, адамгершілік пайда болады. Мемлекеттік тілді меңгеру елдің бірлігін білдіреді. Сонда ғана «тіл мәртебесі - ел мерейі» деп мақтанышпен айта аламыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегенмен тіл мәртебесінің өркендеп, дамуы алдымен қазақ халқына байланысты.

Сөзімді қорытындылай келе, қазіргі таңда адамдар жетістікке жету үшін кемінде үш тіл білуі керек санаймын. Ең бірінші кезекте адам толықтай өзінің ана сүтімен берілген ана тілін жеткілікті білуге міндетті. Екіншіден, өзінің тұрып жатырған елінің мемлекеттік тілін білуге, үшіншіден, егерде тұлға адамзат дамуынан артта қалғысы келмесе халықаралық қарым-қатынас тілін білуге міндетті.

Әдебиет

1. Дүйсебай Д. Тіл туралы талғам. Астана, 2007ж.
2. Осман А.Ә. Тіл тәуелсіздігі - ел болашағы. Алматы, 2011ж.
3. Айтбаев Ө., Уәлиев Н. Ана тілім ардағым. Алматы, 1990ж.
4. Уәли Н., Қыдырбаев Ө. Қазақ тілі. Алматы, 2006ж.
5. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. Алматы, 2007ж.

ҚАЗАҚСТАНДА ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ДАМУ БАРЫСЫ

Оспанова Ж.С., Умирзакова М.А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазіргі уақытта сандық экономика белсенді дамып келеді және инновациялардың, бәсекеге қабілеттіліктің және экономикалық өсудің маңызды қозғаушы күші болып табылады. Бұл оның мемлекеттік және коммерциялық қызметтерді қолжетімді етуге, тауарлар мен өнімдерді жылжытуға арналған шығындардың төмендеуін қамтамасыз етуге, төлемдерді жүргізу уақытын қысқартуға және табыстың жаңа көздерін ашуға мүмкіндігімен сипатталады.

Экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сондай-ақ Қазақстан цифрландырудың қазіргі деңгейі тұрғысынан The Boston Consulting Group халықаралық консалтингтік компанияның e-intensity рейтингінде де қуып жетуші ел болып отыр. Қуып жету мәртебесін еңсеру үшін Бағдарламада әлемдегі мемлекеттердің күн тәртібінде тұрған цифрландырудың барлық бағыттары бойынша революциялық, серпілісті іс-шаралардың болуы талап етіледі.

Бұл бағыттар экономиканың дәстүрлі салаларының цифрлық трансформациялануын, адами капиталдың дамуын, мемлекеттік органдар қызметінің цифрландырылуын, цифрлық инфрақұрылымның дамуын, сондай-ақ цифрлық технологиялар аясында кәсіпкерлік экожүйені дамыту саласында серпілісті қамтиды, нәтижесінде экономиканың нақты секторында өндіріс модельдерін өзгерту және қосылған құнды құру.

Сонымен бірге Қазақстан «нөлден» бастамайды. 90-шы жылдары үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама, «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасы бастау алды, 2005 жылы «электрондық үкіметтің» қалыптасуы басталды. Сондай-ақ Қазақстанда инновациялық экожүйенің бірқатар элементтері құрылды, Алатау «ИТП» АЭА, «Назарбаев университеті» АҚБ жұмыс істеуде, Astana hub халықаралық технопарк іске қосылуда. Еліміздегі ересектердің $\frac{3}{4}$ цифрлық сауаттылықтың базалық деңгейіне ие, $\frac{3}{4}$ астамында интернетке қолжетімділік бар. Бұл Бағдарламаны іске асыруда біздің басты назарымызда болатындай айтарлықтай база.

2013 жылы бекітілген "Ақпаратты Қазақстан-2020" мемлекеттік бағдарламасы ақпараттық қоғамға көшу үшін жағдай жасаудағы қадамдардың бірі болды [1].

Цифрлық экономиканың артықшылықтары көп. Ол төлемдердің құнын төмендетеді және табыстың жаңа көздерін ашады. Онлайн қызмет құны дәстүрлі экономикадан төмен (ең алдымен жылжыту шығындарының аз болуы есебінен), ал мемлекеттік және коммерциялық қызметтер қолжетімді. Бұдан басқа, цифрлық әлемдегі тауарлар мен қызметтер жаһандық нарыққа тез шығып, әлемнің кез келген нүктесінде адамдарға қолжетімді әрі ыңғайлы бола алады.

Бүгінгі күні ақпараттық-технологиялық инфрақұрылым экономикалық дамудың маңызды элементі болып қалыптасуда. Заманауи қолжетімді телекоммуникациялық инфрақұрылымсыз Қазақстанның әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңістікте орнығуы мүмкін емес.

2017 жылғы 12 желтоқсанда Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы – бұл цифрлық технологияларды қолдану есебінен елдің әрбір азаматының тұрмыс деңгейін арттыруды көздейтін маңызды кешенді бағдарлама. Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағыты:

«Экономика салаларын цифрландыру» - еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.

«Цифрлық мемлекетке көшу» - қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты.

«Цифрлық Жібек жолын іске асыру» - ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.

«Адами капиталды дамыту» - жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты.

«Инновациялық экожүйені құру» - бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты. Мемлекет инновацияларды өндіріске шығаруға, бейімдеуге және енгізуге қабілетті экожүйе катализаторы ретінде әрекет етеді [2].

Цифрландыру ұлттық экономиканың қозғаушы күші және тұрақты жұмыс орындарын құрушы бола алады. Цифрландыру жұмыс орындарын құрудың жаңа толқынын бастауға мүмкіндік беретін Қазақстан экономикасына жаңа технологиялардың бейімделуі мен оларды әзірлеудің қозғаушы күшіне айналады. 2019 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру аясында 8 мың жұмыс орны құрылды.

Бағдарламадан түскен жалпы экономикалық тиімділік 2018 және 2019 жылдары 600 млрд теңгеден асты. Мемлекеттік қызметтерді ұсыну, білім беру, денсаулық сақтау, қаржы, көлік және тау-кен металлургиясы салаларында цифрлық технологияларды енгізуде айтарлықтай елеулі жетістіктерге қол жеткізілді. Цифрлық технологиялардың одан әрі интеграциялануы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге аса қабілетті 30 елдің қатарына енуі үшін және қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту үшін өте маңызды.

Әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру тұрғысынан электронды еңбек биржасы сәтті жұмыс істеп тұр. Соның нәтижесінде жұмысқа орналастыру процесі екі есеге қысқарды, ал жалпы процедураның өзі айқындала түсті.

2019 жылы электрондық еңбек биржасы арқылы 488 мыңнан астам жұмыс іздеуші жұмысқа орналастырылды, олардың ішінде 350 мың адам тұрақты жұмыс орындарына орналасты [3].

2018 жылдың қорытындысы бойынша цифрлық мемлекетке көшу» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар — бизнес, білім беру, денсаулық сақтау, еңбек және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру. Жалпы, электрондық еңбек биржасы арқылы 533 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты. 100%-ға қағазсыз медициналық құжаттарға көшу орындалды. Ал 64%-ы мектепке дейінгі ұйымдарда, балабақшаларға өтініш қабылдау электронды түрде жүзеге асырылуда. Есептік кезеңде 752-ден 506 мемлекеттік қызмет автоматтандырылды (67,3%), бұл қызмет көрсету мерзімін 12-ден 7 күнге дейін, яғни 40%-ға қысқартуға мүмкіндік берді. 2020-шы жылы бұл көрсеткішті 90%-ға жеткізу жоспарда бар.

2018 жылы ұлттық ақпараттық технологиялардағы ақпараттық жүйеге қолжетімділік индексі 99%-ды құрады. eGov.kz порталында қолданушылар 18,5 млрд теңгеге транзакцияларды жүзеге асырды. 2018-ші жылдың 1-ші сәуірінде «АСТАНА-1» деп аталатын ақпараттық жүйе өз жұмысын бастады. «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесінің арқасында кеден декларацияларын шығару бірнеше күннен 1 минутқа дейін қысқарды. Осы арқылы 680 мың электронды кеден декларациясы рәсімделген. «Smart Aqkol» жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында жүзеге асырылды [4].

Мемлекеттік органдардың қызметтерін цифрландыру бойынша өршіл мақсаттар қойылды. Осы мақсаттарды іске асыру үшін бейімделген заңнама, бизнесті, білім мен ғылымды қолдау шаралары, бизнесті жүргізу рәсімдерін жеңілдету, мемлекетпен өзара әрекеттесу кезінде транзакциялық шығындарды қысқарту түрінде қолдау инфрақұрылымы жасалынатын болады. Сонымен қатар, мемлекет еңбек өнімділігіне уақытты барынша

босату мен экономикалық белсенді мінез-құлықты ынталандыру үшін өз азаматтарының қызмет алуудағы қажеттіліктерін болжап қояды.

Алдағы онжылдықта әлеуетті экономикалық құны 19 трлн доллар болатын цифрландырудың елге ЖІӨ өсімін, жұмыс орындарын және инновацияларды жасауға мүмкіндік беретін күші бар. Біз қазірдің өзінде цифрландыруды өздерінің экономикалық стратегияларының негізгі драйвері ретінде ұстанған елдерде оның терең әсерін көріп жатырмыз [5].

Қазіргі уақытта қазақстандық экономиканы цифрландырудың артып келе жатқан өзектілігі әлемдік аренада еліміздің одан әрі экономикалық өсуі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Нарықта осы ірі цифрлық алпауыттардың үстем жағдайының жылдам нығаюы бірқатар факторлармен түсіндіріледі. Бірінші фактор желілік әсермен байланысты (яғни платформаны пайдаланушылар көп болса,

оның барлығы үшін құндылығы артады). Екінші фактор платформалардың деректерді алу, бақылау және талдау қабілетіне қатысты. Пайдаланушылар санының артуы деректер көлемінің ұлғаюын білдіреді, бұл өз кезегінде әлеуетті бәсекелестерді басып озуға және алғашқы өтушінің артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді. Үшінші фактор платформа ауқымын арттырып, әртүрлі кешенді қызметтерді ұсына бастағанда, басқа қызмет желілеріне көшуіне байланысты пайдаланушылардың санының өсуі [6].

Менің ойымша, келесі бір факторы- ағымдағы жылы елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке халықты коронавирустық инфекциядан қорғау шараларын күшейтуді міндеттеді. ҚР Президентінің тапсырмасын орындау аясында тиісті жұмыс атқарылуда.

Оқу процесін ұйымдастыру үшін педагогтер мен студенттерге электрондық платформаларға кіруге жағдай жасалады. Оқыту құралы ретінде видео-сабақтар, дербес онлайн-жұмыс, онлайн-курстар пайдаланылады. Бізде «Bilimland», «Google Classroom», «MOODLE», «Univer», «Platonus», «Canvas», «Daryn.online» сынды жақсы жүйелер бар. Сондай-ақ, "Coursera" өз курстарын тегін ұсынды және «ZOOM» оқыту барысында сервисті тегін пайдалануға жағдай жасады [7]. Мұның өзі кез-келген салада цифрландыруды дамыту қажеттілігін дәлелдеді.

Қазақстанда цифрландыру шеңберінде іске асырылған барлық іс-шаралар мен жобалар мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыруды, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді, білім және денсаулық сапасын, сондай-ақ инвестициялық ахуалды жақсартуды, еңбек өнімділігі мен ІЖӨ құрылымында кіші және орта бизнестердің үлесін артыруды мүмкін етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 464 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы//<http://shu.zhambyl.kz/kk/informacionnyj-kazakhstan-2020>
- 2 "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. // <http://adilet.zan.kz>
- 3 2019 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында 8 мың жұмыс орны құрылды//<https://primeminister.kz/k>
- 4 «Цифрлық Қазақстан»: 2018 жылдың қорытындысы// <https://7kun.kz/cifrlly>
- 5 <https://7kun.kz/sandy-tehnologiyalar>
- 6 А. Карипова, А. Сейфолла. Цифрлық экономика жаһандандудың жаңа даму бағыты ретінде: шетелдік тәжірибе//Экономика и статистика №4.Нур-Султан 2019.- 42 б.
- 7 Пандемия кезінде оқушыларға, студенттерге педагогтар мен ата-аналарға арналған ақпарат. <http://www.gov.kz/memleket>

ЫМ-ИШАРА ТІЛІ: ӘМБЕБАП ТІЛДІҢ ДӘЛЕЛІ

Отарова Г.С., Есембекова Ш.Т.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университеті

Менің жұмысымның тақырыбы «Ым- ишара тілі: әмбебап тілдің дәлелі». Мен бұл тақырыпқа бала кезімнен қызығамын. Себебі, бала кезімде менің ағам тілінен кішкене мүкіс болып қалған еді, сол ағамның тілін түсіну үшін осы ым- ишара тілін зерттеуге ойым кетті. Зерттеу барысында ым тілі тек саңырау немесе мылқау адамдар қолданабайтын сонымен қатар өзіндік ерекшеліктері бар тіл екеніне көзім жетті. Осылайша мен ым тілін ағылшын тілі мен байланыстыра отырып зерттедім.

Саңыраулар қолданатын тілдік белгілер, ым ишара – барлық тілдің белгілі бір әмбебап қағидатқа бағынатынының бұлтартпас дәлелі. Тілдік белгілер оның қолданысының биологиялық ерекшеліктерін зерттеудің маңызды екенін көрсетеді. Құрама Штаттардағы саңыраулар қоғамының негізгі тілі америкалық ым тілі. (ASL). ASL- Францияда қолданылатын ым тілінің дамыған нұсқасы, оны 1817 жылы Құрама Штаттарда ұлы ағартушы Томас Хопкинс Галлаудет дамытты. ASL немесе басқа да ым тілінде ойды білдіру үшін дыбысты қолданбайды. Оның орнына ым тілі жүреді, яғни қол, басқа дене мүшелері немесе бет қозғалысы арқылы сөздер мен грамматикалық құрылымдарды білдіреді. Ым тілі дамыған тіл және ымдаушылар ауызша тілде қарым-қатынас жасауда толып жатқан жаңа сөйлемдер қолданады. Ым тілінің өзіндік белгілері мен менталды сөздері ишара жүйесі мен ауызша тілдің эквиваленттері арқылы жүзеге асырылады. Ым ишара тілін қолданушылар тіл мен ауыздың орнына қолымен оқыс қимыл арқылы ымдап білдіруді пайдаланады. Finger Fumblers динамикасы арқылы тілдік қатынас жүзеге асады. Осындай басқа тілдік ойындар ауызша және жазбаша тілдің «дыбыстау» жүйесін құрайды. Саңырау балалар ым тілін үйрену барысында сау балалардың ауызша тілді қабылдау кезеңінен өткеніндей, ым тілін тез үйренеді. Сау балалар ауыз арқылы буындап үйренсе, саңырау балалар қолдарымен дыбыстарды буындап үйренеді. Неврологиялық зерттеулер бойынша, көру мүмкіндігі болмаса да, ым тілі ми қабатында ауызша тіл сияқты қалыптасады.

Зерттеу жұмысындағы мақсатым- ым-ишара тілін жете түсініп, оның жолдары, түсіндіру кезеңдері және қолдану тәсілдерін анықтап, өз зерттеу жұмысымды жүргізу.

Негізгі бөлім

Қазақ кейде **ым**, **ишара** арқылы "сөйлесіп" болған жай, іс-қимылды осы арқылы түсіне береді. Жұдырық түю, саусақ безеу - сесті, танауына қос саусақ тығу - түк бітірмегені, **көз** қысу - ішкі сезімді, бас шайқау - істің орындалмағанын білдіреді. **Халық** арасында ым мен ишараның түрлері өте көп. Бұл негізінен сөзді шығындамай-ақ, болған істі баяндаудың немесе жеткізу, түсіндірудің бір жолы. Мұндай тәсіл көптеген халықтарда бар. Ым-ишара қатынасы алғашқы кезде қорқыныш сүрейді, қуаныш мерейленуді, тоқтатып тиым салуды немесе ұйғарып қолдауды меңзеген жалпылама түрде санаулы ғана ойды білдірсе, кейінгі даму кезеңдерде барған сайын жетілдірілетүскен.

Тілдері анық адамдар секілді мылқау немесе саңырау адамдардың да өз тілдері болады. Олар да өз тілдерінде белгілі бір тақырыпта әңгіме қозғап өз ойларын бөлісе алады. Сонымен қатар ым- ишара тілін тек саңырау адамдар ғана қолданбайды, белгілі бір тақырыпта әңгіме айтып отырғандар әр түрлі ым – ишара түрлерін қолданады.

Сурдопедагогтарды бұрыннан ым-ишара тілі қызықтырған. Бірақ ұзақ уақыт бойы бұл қарым-қатынас жүйесі примитивті болып саналған. Мысалы, француз сурдопедагогтарының бірі Пелисьер (М. Pelissier) 1856 жылы ым-ишара тілі грамматикалық заңдылықтардан айырылған» деп жазған болатын.

Дәстүрлі лингвистика мынадай түсініктер мен ұғымдарға: «сөз таптары», «сөйлем мүшесі», «зат есім», «етістік» және т.б. сүйенеді. Бірақ, егер ым-ишара тілінде «сөз таптары» және «сөйлем мүшелері» жоқ болса, онда ым-ишара тілі грамматикалық заңдылықтардан айырылады деген қорытындыға келеміз. Көріп отырғандай, лингвистика әлі ым-ишара тілін талдай алмады. Тек жаңа бағыттың – құрылыстық лингвистиканың дамуымен саңыраулардың ым-ишара тілін ғылыми түрде үйренуді қою мен шешу мүмкін болды.

Көптеген мамандардың, мысалы, неміс психологі В.Вундт, орыс зерттеушілері Р.М.Боскис, Н.Г.Морозова және т.б. ұзақ бақылаулары мен кейбір бағалы ізденістеріне қарамастан, оларға ым-ишара тілінің лингвистикалық анықтамасын құру қиындыққа соқты. Бұл, әдетте, сипаттық лингвистиканың дәстүрлі әдістерінің әлсіз болғанымен түсіндіріледі, ым-ишара тілі мұндай әдістер көмегімен талдауға келмеді.

Өткен ғасырдың өзінде де саңыраулардың ым-ишаралық қарым-

қатынастары жөнінде керемет сөздер айтылған. Орыс ым-ишара тілін оқытудағы бірінші пионерлердің бірі атақты сурдопедагог *В.И.Флери* болды.

«Ым-ишара» термині – бұлабстракция болып есептеледі. Ым-ишара тілі «мүлде» жоқ. 70-80 жылдары шетелдерде жүргізілген зерттеулердің дәлелдеуі бойынша, саңыраулар бір-бірімен қарым-қатынас қатүскен кезде 2 әртүрлі тілдік жүйелерді қолданады: көшірме және ұлттық ым-ишара тілдерінің құралдары.

Көшірме ым-ишара тілі – бұл сөйлеушінің ауызша сөйлеу тілімен ым-ишара қоса жүретін қарым-қатынас жүйесі. Саңырау әңгімелесушілердің сөздері көбіне дауыссыз шығарылады. Көшірме ым-ишара тіліндегі ым-ишаралар сөздердің эквиваленті ретінде қолданылады, ал олардың орналасу тәртібі қарапайым сөйлемдердегі сөздердің орындарына сәйкес келеді.

Бір уақытта сөйлемдерді айтып шығару мен көшірме ым-ишара тілін орындау мүмкін болу үшін, әр сөздің ым-ишара эквиваленті болуы керек. Қалайша көшірме ым-ишара тілі сөздердің мағынасын жеткізуді қамтамасыз етеді?

Көшірме ым-ишара тілінің лексикасында ым-ишараның 2 негізгі кластарын анықтап бөледі. Оның біріншісі – ым-ишара тілімен тығыз байланысты ым-ишаралар (МЕКТЕП, КІТАП); бұл ым-ишаралар орыс ым-ишара тілінде және көшірме ым-ишара тілінде де қолданылады. Екінші класс – тек көшірме ым-ишара тіліне тиісті ым-ишаралар; орыс ым-ишара тілінде мұндай ым-ишаралар жоқ. Екінші кластың лексикалық бірлігінің құрамы 3 бөлімнен тұрады.: 1) өзіндік ым-ишаралар; 2) дактильді әліппенің (дактильді сөздер) көмегімен айтылатын орыс тілінің сөздері; 3) айтылатын ым-ишаралар: ым-ишара және бірнеше дактилеммадан құралатын лексемалар. Бірінші класс ым-ишарасының мысалдары: Үй, Әйел, Мектеп т.б. Екінші кластың 1 бөлімінің мысалдары: Дискриминация, Интеграл.

Мәселенің жаңа замандық трактовкасын алғаш 60-жылдары америкалық оқымысты Стоку ұсынған болатын. Зерттеулер көрсеткендей, орыс ым-ишара тілі – көпдеңгейлі лингвистикалық жүйе және ым-ишара – негізі мәнді (семантикалық) бірлік – күрделі құрылымы бар.

Ым тілінің синтаксисі: Барлық тілдердің синтаксис заңдылықтары бар. Басқа тілдерді айтпағанда, ағылшын тілі ым тілінің белгілерін жоққа шығармайды. Ым тілі немесе ишара тілінде тіркестік құрылым бар. Америкалық ым тілі SVO тілдер ұатарына жатады. ASL бойынша бастапқы екі сөйлем грамматикалық сөйлемдерге жатады.

CAT CHASE DOG

The cat chased the dog

DOG CHASE CAT

The dog chased the cat

ASL тілінде ағылшын тіліндегідей емес, сын есімдер негізгі зат есімнен кейін қолданылады.

PS ережелері сөйлемдердің грамматикалық функциясын анықтайды, мысалы: бастауыш пен баяндауыш. ASL тілін меңгерген әнші екі сөйлемнің грамматикалық жағынан дұрыс екенін біледі. Ағылшын және басқа да тілдердегі сияқты ASL тілінде негізгі сөз Move формасы арқылы өзгертіледі. Мысалы, тура толықтауыш немесе басқа да үстеу сияқты сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері сөйлемнің басында қолданыла береді. Бұл топиализация деп аталады.

BOOK, JOHN READ YESTERDAY

YESTERDAY, JOHN READ BOOK

Бұл Move формасы бойынша интерактивті қолданысқа түседі. Сол арқылы қос интерактивті байланыс түзеді.

YESTERDAY, BOOK, JOHN READ

ASL тілінде топиализация ерекше сөйлемге жатады. Онда қасты көтеру мен басты тік ұстау арқылы негізгі сөздерге екпін қойылады. Бұл ағылшын тіліндегі интонацияның ерекшеліктеріне ұқсас. Адамның дене мүшелерінен басқа маркерлер қолданысы ым тілінің ауызша тілдерге мүлде ұқсамайтын бір ерекшелігі. Ауызша сөйлеуде адамның бет қозғалысы да бірге болуы мүмкін. Бұлар ауызекі тілдің грамматикалық формасының бөлігі болып саналмайды.

ASL тілінде Wh сұрақтары MOVE сызбасы арқылы жасалады. Керісінше ағылшын тілі қолданбалы тіл. ASL тілінде wh тіркестер D- Structure түрінде қолданыс тапқан. Бұл жапон және суахили тіліндегі сияқты.

ASL тіліндегі Who did Bill see yesterday? Сөйлемінің эквиваленті: and Bill saw who yesterday? Бұл сөйлемдердің екеуі де грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлемдер. Wh сұраулы сөйлемдердің өзгерісі ауызекі ағылшын тіліндегі сияқты әртүрлі шектеулерге негізделген. Мысалы, ASL тілінде бағыныңқы құрылымдарсыз сұраулы сөйлемдер құрастыру мүмкін емес. Ұқсас шектеулер топиализацияда болады. Мысалы, wh тіркестердегі қосымшалар сөйлем құрамынан оқшаулана алмайды.

ASL тілінде wh сұраулы сөйлемдер міндетті бет қозғалысымен бірге жүреді: басты тік ұстау және қабақты түю. Бұл дене мүшелерінің қолданысына жатпайтын маркерлер сөйлеу интонациясы кезінде де ұқсас келеді. Ым тілінде күрделі құрылымдық тілдік құралдар қалыптасқан, атап айтсақ, шақтар, модальдылық пен болымсыздық. Мысалы, ASL тілінде ағылшын тіліндегі сияқты NO, NOT, NONE, NEVER сияқты көптеген ереже бойынша жасалады. Not белгісі ASL сөйлемдерінде басында келеді. ASL тілінде болымсыз сөйлемдердің ережелері спикердің басын шайқау арқылы жасалады. Егер белгі

беруші сөйлемді қысқартқысы келсе, NOT, NEVER сөзін білдірмей ақ , басын шайқау арқылы сөйлемді қысқартады.

ASL немесе басқа да ым тілдерінде ауызекі тілдегі сияқты әмбебап және тілдік ерекшелік белгілер пайдаланылады. Ым тілінің ережелері құрылымға тәуелді және сөйлемдерді өзгерту түрлі жолдармен шектеледі. Басқа да ерекшеліктері дене мүшелерінен басқа объектілерді қолдану ым тіліне тән. Ым тілі әмбебап грамматиканың қағидаттары мен көрсеткіштеріне байланысты орындалады. Осы арқылы адам қабілеті тек ауызекі тілді түсініп қана қоймай, тілді меңгеруге және қолдануға бейім екенін көрсетеді.

Ым тілінің морфологиясы: Ымдау тілінің морфологиясы өте бай. Оларда түбір және аффикс морфемалар , негізгі және туынды морфемалар, лексикалық мазмұн және грамматикалық морфемалар, сөзжасам және флективті морфемалар мен морфологиялық күрделі белгілерді байланыстыратын морфологиялық ережелер бар. Аффикстеу барлық тілдердегі сияқты жолмен жүреді, яғни аффикс қызметіндегі ым нақты ымдық белгінің алдында немесе одан кейін тұрады.

Кері мағынаны білдіру үшін (un-,dis-,немесе non- префикстері сияқты) түбір белгіні көрсеткен соң,артынан қолды айналдырып жібереді.Мысалы, «қалау» сөзін алақандарды ашып жоғары қарату арқылы білдірсе,«қаламау» сөзін сөзін білдіру үшін алақандарды айналдырып,төмен қарату қажет.Бұл іс әрекет өзгертулерге ұшырап,қандай да бір түбір белгіні білдіруі мүмкін.

Ымдау тілінде көптеген морфологиялық үдеріс бірізді есем.Себебі, бірнеше ым,қозғалыс бір уақытта орындалуы мүмкін және сөйлеу тілінде орындалуы мүмкін емес.

Түбір белгілердің флективті өзгеруі америкалық ымдау тілінде және басқа да барлық ымдау тілдерінде кездеседі.Ол қолдардың қимылы және басқа да ымдау белгілерінің дененің айналысында өзгеруіне немесе бірігуіне алып келеді.Мысалы,«спикердің» іс әрекеті өзін« тыңдаушыға» қарай бағытталса, етістік мен сені көріп тұрмын деп өзгереді,ал егер керісінше, қимылды тыңдаушыдан бастап,өзіне қарай бағыттаса, сен мені көріп тұрсың деген мағына береді.

Ым тілінің фонетикасы.Алдыңғы бөлімдерде айтып өткендей, басқа да тілдер сияқты ым тілдері синтаксистік және морфологиялық ережелер қамтылған грамматикалық жүйемен басқарылады.Ым тілдері басқа жағынан сөйлеу тіліне ұқсас;осы тарауда талқыланған фонетикалық қасиеттерге сәйкес ымдау белгілері де кішкентай бірліктерге бөлінеді.Сөйлеу тілінде дыбыстар артикуляция орны мен тәртібіне байланысты ажыратылады,ал артикуляция орны қолдар.Америкалық ым тілінде белгілер үш негізгі қасиетіне байланысты бөлінеді:

- 1.Қолдың пішіні
- 2.Қолдың ымдау алаңында қимылдасуы
- 3.Қолдың ымдау алаңында орналасуы

«Ымдау алаңы» дегеніміз- белден маңдайға дейінгі кеңістік.Америкалық ым тілінде «ана» сөзін білдіру үшін барлық саусақты ашып (жайып),бас бармақты иекке тигізу керек.Бұл жердегі үш қасиет: 5-қол пішіні,тигізу қозғалысы,иектің орналасуы.

Америкалық ым тілінде 30-дан астам қол конфигурациясы бар.Бірақ,сөйлеу тілдерінде артикуляция орындарындағы айырмашылықтар сияқты (мысалы,француз тілінде интерденталды үзілмелі дауыссыздар жоқ,ал ағылшын тілінде увулярлы діріл жоқ) ым тілдерінің де барлығында қол конфигурациялары бірдей емес.Мысалы америкалық ым тіліндегі Т қол конфигурациясы еуропалық ым тілінде кездеспейді.Соған ұқсас,қытай ым

тілінде ортаңғы саусақтан басқа барлық саусақ ашылатын қол коғфигурациясы бар,Американың ым тілінде ондай жоқ.

Қолдыңқимылдауы тіке немесе қиғаш болуы мүмкін.Қосымша қозғалыстарға саусақтарды ию және теңселту кіреді.Таңбалар бір бағыты (тек бір бағытта қозғалу) және екі бағытты (бір бағытта қозғалу және кері қайту) болады.Таңбалардың бағыты «спикердің»денесіне қатысты анықталады.

Сөйлеу тілдеріндегі сияқты, осы көрсеткіштерді өзгеруіне алып келуі мүмкін.Сөйлеу тілінде дыбыстаудың ұзақтығы немесе екпіні сөздерді қалай өзгертсе,қолдардың орналасуы,конфигурациясы және қозғалуы сөздерді дәл солай өзгертеді.Мысалы, «әке» сөзі мен «тамаша» сөздерін таңбалауда тек артикуляция орнында ғана айырмашылық бар.Екі сөзде саусақ конфигураиясы арқылы таңбалаанады, бірақ «әке» сөзін айтуда бас бармақ маңдайға тигізілсе, «тамаша» сөзінде бас бармақ иекке тигізіледі.

Таңбалар екі қолдық және бір қолдық болып бөлінеді.Бір қолдық таңбалар «спикердің» негізгі қолы арқылы жасалады,оңқай немесе солақай.Ым тілінде екі қол ешқашан бір уақытты әртүрлі қызмет атқармайды.Олар әрқашан бірге жұмыс істейді,бұл да дыбыс шығаратын сөйлеу мүшелерінің бірге жұмыс атқаратыны сияқты.Және сөйлеу тілдеріндегі сөздің мағынасын өзгертпейтін қасиеттері секілді (мысалы, ағылшын тілінде дауыссыз дыбыстың созуы), екі қолдың қайсысын қолдансақ та,ол сөздің мағынасын өзгертпейді.

Сөйлеу тілдері мен ым тілдеріндегі дыбыстар мен таңбалардың жасалу ұқсастықтары таңғаларлық емес,себебі олардың когнитивті жүйелері ұқсас.

Сөйлеу дыбыстарын зерттейтін ғылым **фонетика** деп аталады.Фонетика бүкіл әлемдегі тілдерді сипаттау және ажырату үшін қажетті қасиеттерді жинақтауға бағытталған.

Біз сөйлегенде шығатын дыбыстар дискретті лингвистикалық **сегменттердің** физикалық көрінісі болып есептеледі.Тіл білімі үздіксіз сөйлеуді сөздер мен дыбыстарға бөлуге мүмкіндік береді.

Ағылшын және басқа да тілдерді жазу мен дыбыстаудың арасындағы сәйкессіздік фонетикалық әліпбилердің дамуына әкелді,ол әліпбилерді бір әріп бір дыбысты бейнелейді.Қолданыстағы негізгі **фонетикалық** транскрипциясын ажырату үшін транскрипцияны тік жақшаға алып жазамыз,мысалы phonetic.

Ағылшын тіліндегі дыбыстардың барлығы өкпедегі ауаның сөйлеу мүшелерінен шығуы арқылы жасалады.Ауа **дауыс сінірлері** арқылы (дауыс шымылдығының арасымен) өтіп,жұтқыншаққа көтеріліп,ауыз қуысынан (немесе мұрын қуысы)өтіп,ауыздан немесе мұрыннан шығады.

Сөйлеу дыбыстарды фонетикалық қасиеттеріне байналысты топтарға жіктеледі.Барлық дыбыстар **дауыссыз** немесе **дауысты** болып және барлық дауысыздар **обструентер** немесе **сонар** дауыссыздар болып бөлінеді.Дауыссыздар дыбыстарды шығару барысында ауа ағыны кедергіге ұшырайды және сол кедергіге ұшыраған жер **артикуляция орны** болып саналады.Олар:**еріндік, лабиоденталды,альвеолярлы,палаталды,тіларты,увулярлы және глоталды.**

Сондай ақ дауыссыздар **артикуляция** тәртібіне сәйкес жіктеледі.Олар **үзілмелі,фрикативті, дауысыздар,аффрикаттар, жұмсақ және жартылай дауысты,дауыссыздар** болып бөлінеді.Қатаң дауыссыздарды шығару барысында дауыс шымылдығы бірігіп, дірілдейді,ал ұяң дауыссыздарды шығару барысында бірікпейді және дірілдемейді.Одан бөлік дауыссыздар әртүрлі қасиеттерге сәйкес үлкен топтар құрайды,олар:**еріндік,тілалды дауыссыздар,антерторлар және сибилянттар.**

Дауысты дыбыстар буынның негізін құрайды. Олар тілдің және еріннің орналасуына сәйкес жіктеледі: тілдің төмен, орта және жоғары орналасуы; тілдің алды, ортасы және арты; еріннің дөңгеленуі және дөңгеленбеуі. Ағылшын тілінде дауыстылар қысаң және ашық болып көрінеді. Одан бөлек дауыстылар екпінді және екпінсіз болады. Дауыссыздар сияқты дауысты дыбыстар да мұрынжолды немесе ауызжолды бола алады, дегенмен барлық тілдергі дауыстылардың басым бөлігі ауызжолды дауыстылар.

Дауыстың ұзақтығы, тон және екпін- дыбыстардың **просодиялық** және **супрасегменталды** қасиеттері. Көп тілде буынның **екпіні** лингвистикалық жағынан өте маңызды. Мысалы, екі бірдей сөздің бір төмен, екіншісі жоғары екпінмен айтылса, олардың мағыналары қарама қарсы болуы мүмкін.

Ағылшын тілінде және басқа да тілдерде сөздерді ажырату үшін екпін қолданылады, мысалы content және content. Кейбір тілдерде сөздегі дыбыстың созылып немесе қысқа айтылуы сөздердің мағынасын қарама қарсы етеді. Мысалы, жапон тілінде *biru* және *biiru* және *saki* және *sakii* сөздерінің мағыналары әртүрлі.

Диакритиктер (қосымша таңбалар) фонетикалық таңбалармен бірігу арқылы екпін, дыбыстың созылуы сияқты қасиеттерді транскрипцияда көрсетеді. Мәңгі сөздің транскрипциясында дауыстың мұрынжолды екенін білдіру үшін тильда таңбасы қолданылады.

Ым тілдерінің де сөйлеу тілдеріндегі сияқты «фонетикалық» қасиеттері болады. Америкалық ым тілінде олар: қол конфигурация, қолдың қозғалуы және орналасуы. Ым тілінде де осы көрсеткіштердің біреуі өзгерсе, жаңа сөз пайда болады.

Ым тілдерін меңгеру

Саңырау ата-анадан туылған саңырау балалар болады. Құлағы еститін балалар табиғи жолмен ауызша тілді қалай үйренсе, дәл солай саңырау балалар да ым ишара тіліне табиғи жолмен келеді. Жазбаша және ауызша тілдердің әмбебап грамматикасын ескере отырып, ауызша тілді қатар меңгеру кезеңіндегі саңырау балалар голофрастика кезеңінде жалғыз белгілерді жалғыз сөзге дейін жеткізеді, ақыр соңында белгілерді біріктіре бастайды.

Сондай аө функционалдық белгілері түсіп қалатын телеграфтық кезең де бар. Функционалдық белгілерді пайдалану саңырау балаларға ауызша тілдің функционалдық сөздерін жүйелеуге көмектесе бастайды.

Алғашында әртүрлі тілдегі сұрақтардың құрылуы көптеген құрамдас бөліктердің күрделі құбылысы екенін көрдік. Олардың кейбіреуі ертерек, ал басқалары дамудың соңғы сатыларында меңгеріледі. Ым тілін меңгеру барысындағы Wh сұрақтарында wh сөзі түпнұсқа қалуы мүмкін. Төменде көрсетілген сөйлемдердің екеуі де грамматикалық;

WHO BILL SEE YESTERDAY

BILL SAW WHO YESTERDAY

Ым тілін меңгеруде көмекші сөздерді айту кезінде қозғалыс блмайды, бірақ сұрақ бастың еңкеюімен және қастың қыртысымен қойылады. Бұл ым тілдерін меңгеру глоссарлары whg арқылы көрсетіледі. Қолмен басқарылатын тілдерін меңгеру грамматикасының бір бөлігі. Бұл қарқынды ырғаққа ұқсайды, біз оны ағылшын тілінде немесе басқа да ауызша тілдерде сұрақ қою үшін пайдаланамыз.

Wh сұрақтарын меңгерілуі ым тілін меңгеру барысында wh тіркесімен байланысты ережелер балаларды қол қоюға жеңіл үйретеді. Балалар кейде тіркесін қозғалтады, кейде wh ересек қол қоюшылар сияқты орнында тастап кетеді. Бірақ олар қолмен

басқарылмайтын маркерлерді жиі тастап кетеді,тастап кету ересектер тілі үшін грамматикалыққа жатпайды.

Кейде ым мен ауызша тіл меңгерудің арасындағы параллель таңғалдырады.Мысалы,кейбір ым тілін меңгерудегі грамматикалық морфемалар семантикалық тұрғыдан айқын.Сол себепті олардың берер мағынасы ұқсас;мысалы, есімдігіне арналған белгіде спикер оның кеудесін нұсқап тұрып көрсетеді.есімдігіне арналған белгі адрес иесінің кеудесін нұсқайды.Жоғарыда аталып өткендей,екі жастың айналасындағы балалар ауызша тілден көбінесе және өзіндік есімдіктерін меңгеріп алады.Бір қызығы,осы жастағы ыммен сөйлейтін балалар бірдей қате жібереді.Олар дегн мағынаны білдірер кезінде өздерін ккрсетеді және дегн мағынаны білдірер кезде келесі адамды нұсқайды.

Ым тілін меңгеріп жатқан балалар бұл нақты белгілердің айқындығына немесе белгілі екеніне ұрамастан сөйлейді,себебі ыммен сөйлейтін балалар (ыммен сөйлейтін ересектер сияқты)аталаған есімдіктерге жәй ғана ыммен нұсқамай,тілдік белгі ретінде қарайды.

Ым тілін білмейтін,еститін ата анадан туылған саңырау балалар туғаннан бастап тілді меңгеру барысында айтарлықтай қиыншылықтарға тап болады.Олар сөйлеу тілін үйрену барысында көп қиыншылыққа кездеседі,себебі көбінесе қарапайым тіл естудің кері байланысына тәуелді.Саңырау бала сөйтіп үйрену үшін естімейтін адамдарға арналған мектептерде оқуы керек немесе арнайы бағдарлама көмегімен дайындықтан өтуі керек.Олар ауызша оқытудың қарқынды түрімен оқыса да,еститін балалардың білім деңгейіне жете алмайды.Өкінішке қарай,бұл бірнеше жылға созылып кетуі мүмкін.Балалар қарапайым ым тілін білмей тұрып, ым тілінің келесі деңгейіне ілесе алмайды.Адамдардың тілді меңгеру түйсігінің мықты болғаны соншалық,ойлары мен ниетін білдіру үшін саңырау балалар қол көмегімен қимылдарын көрсете бастайды.Осындай алты баланы зерттеу олардың тек жеке белгілері ғана емес,біріктілігін жұптар мен белгілі бір синтаксистік тәртіп пен жүйелік шектеумен қалыптасқан сөйлемдерін дамытқанын көрсетті.Бұлар тілдің толық дамуы емес.Ым тілін меңгерудің белгілі бір жүйесі бар және лингвистикалық жағынан да күрделі.

Қорытынды.

Қорытындылай келсек,мен осы ғылыми жобаны зерттеу жұмыстары арқылы өзіме өте көп мәлемет алдым.Және тек ым ишара тілін ғана зерттеп қоймай оны ағылшын тілімен байланыстыра отырып зерттедім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Басова А.Г., Геранкина А.Г. Исторические данные об отношении сурдопедагогов к дактильной и жестовой форме речи в обучении глухих // Вопросы сурдопедагогика. — М., 1970.
2. Дактилология и мимика: В 5 ч.— Л., 1975—1979.
3. Гейльман И.Ф. Изучаем жестуно: В 2 ч. — Л., 1980. — Ч. 1;Ч. П. — Л., 1982.
4. Гейльман И.Ф. Дактилология. — Л., 1981.
5. Геранкина А.Г. Практикум по дактильной речи. — М., 1972.
6. Димскис Л.С. Изучаем жестовый язык. Пособие для студентов дефектологических факультетов. — Минск: НМЦентр,1998.
7. Зайцева ГЛ. Дактилология. Жестовая речь. — М.: Просвещение, 1991.
8. Зайцева ГЛ. Использование жестовой речи на уроках литературы в вечерних школах глухих и слабослышащих. — Л., 1981.

САЯСИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ САРАПТАМАЛАРҒА КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ОҚУ БАҒЫТЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

Өтепова Т.А., Кенжегулова Н.С.

Тұран университеті

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері, елімізде көптеген өзгерістер мен түрлі саяси-әлеуметтік, қоғамдық маңызы бар жайттар орын алды. Әр жағдайдың өзіндік белгілі бір орны мен мән-маңызы бар. Тәуелсіздік ұлы жолда, қиын-қыстау заманда ата-бабаларымыздың қан төгісі мен қайтпас күшінің арқасында келгені барлығымызға аян. Сонау Желтоқсан көтерілісінен бастап, тәуелсіздік деп ұрандатып, халқым мен жерім деген азаматтар сөзсіз мәңгі есімізде қалары хақ. Елімізді басқа мемлекеттер мойындап, жер картасынан көріп, тани бастады. Ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, агроөнеркәсіп, телевизия мен радио салалары жетік дамып, бірнеше жылда Қазақстан өзінің орнын ойып аларлық дәрежеге жетті. Оның ішінде өзіміздің саламыз – журналистика саласы да жетістіктерге жетті. Республикамыздың қалалары мен ауыл-аймақтарында телевизия арналары жұмыс істеп, халыққа хабар тарата бастады. Көліктерде қосылған радио арналары да аз емес еді. Бұқаралық ақпарат құралдары жан-жақты ізденіс пен өзектілігін жоймайтын жолдарға түсе бастады [1].

Одан бері қарай біздің уақытқа шегерілсек, біршама өзгерістер орын алған еді. Мәселен, қазір бұрынғы кездегідей көп шұбыртып, оқырманның алдына бірнеше беттен құралған мақаланы ұсыну, былайша айтқанда «қателік» болып табылады. Өйткені, өздеріңіз біліп, аңғарып отырғандай, интернет әлемі бар қазір. Оның ішінде әлеуметтік желілер: телеграм, БАҚ-тың өзіндік жеке сайттары мен ресми парақшалары, твиттер, фейсбук, инстаграм, кейбір кезде тіпті whatsapp. Әрине қазір газет оқу қарқыны сайттан қарағанда бәсеңдеу. Өте бәсеңдеу. Оның өзіндік айтарлықтай себептері бар, білесіздер. Әрдайым қолда жүретін смартфон, оның ішінде болып жатқан жаңалықты әп сәтте оқи сала, пікір білдіріп кету ғажап қой?! Мәселен, өз басым жаңалықты бірінші болып телеграмнан оқимын. Телеграм әлеуметтік желісінде елімізде «жазады-ау» деген баспасөз құралдарының ресми парақшасына жазылып, өзіме керекті дүниені аламын және соған дән ризамын. Қазіргі таңда адамдарға жаңалықты беру қиындау. Мәселен, қоғамымыздың кейбір бөлігі жаңалықтың тақырыбын ғана оқып, өздеріне басқаша түйін шығарып жатады. Кейбірі соңына дейін оқымайды да жаңалықты және содан келіп «фейк» деген дүние шығады. Басқа біреуге жібереді, оқытады, сендіреді, қайта жіберткізеді. Былайша айтқанда жаңалықтың түп-негізі жоғалады. Сонымен қатар, жаңалықтың қандай бағытта болғанын да ескеру керек. Мәселен, қарапайым жаңалық, яғни пәлен жерде мынадай кісі үйін тартып алған адамдармен соттасуда десе, ол оқырманға қызық болмауы мүмкін (егер өзінің немесе жақындарының басынан дәл сондай жағдай өтпеген болса). Ал, егер де ол жаңалық өзекті, дәл қазіргі болып жатқан оқиға сарыны, оның ішінде саяси бағытта болса – онда өте қызықты болады. Себебі, қазіргі оқырмандардың көбісі тақырыпшаға жүгіретіні бәріне белгілі және актуалды болып тұрған мәселенің барлығын дерлік біледі. Бұл тұрғыда баспасөз өкілдеріне де қиынға соғады жұмыс істеу. Мәселен, жаз деген дүние бар, жазуға болмайды деп қатаң түрде ескертіп айтатын дүниелер де бар. Баспасөзге басымдық бермей, қоғам сенімі күшейметіні тағы бар. Қазақстанда алдымен экономика

мәселесі болуы керек, одан кейін ғана барып саясат деген ұғым өзінің мәнін жоғалтып алды. Қайта керісінше «сендер саясатқа жоламаңдар, саясатпен ойнамаңдар» деген тұжырым айналып келгенде саясатты да, экономиканы да, онымен бірге әлеуметтік ахуалды да, гуманитарлық саланы да тығырыққа әкеп тіреді [2]. Бұлай орын алудың да өзіндік себептері бар. Саяси алаңдағы ойын ережелері дұрысталмай, айқын әрі әділ болмайынша, басқа бағыттарда өрлемек түгілі, қолда бар дүниені солайша сақтап қалудың өзі қиын шаруа. Рухани жаңғыру кезеңінде саяси жаңғыру мәселесі дәл қазіргі уақытта өз жұмысын жақсы бастауда. Дәл сол мақсатпен дүниеге келген Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде де біраз тақырыптар қызу талқыланады. Әрине, жоғарыда отырған шенділеріміздің нақты іске тоқталып, мәселені шешіп қатырып жатпаса да, кейбір бағдарламалар өзінің ісін жүзеге асыруда. Халықтың сенімін жоғалтпас үшін, сол берілген уәде мен істің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету керек. Былайша айтқанда, халық елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдерді біліп, одан қандай қорытынды шығып жатқанын біліп отыруы керек. Әзірше ұлттық кеңестің аяқ алысы жаман емес деуге болады. Оның ішінде атап айтқанда, саясатты демократияландыру жолында жүйе құраушы заңдарды қайта қарау бойынша жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Сайлау, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті өзін-өзі басқару, шерулер мен саяси ауқымды мәселелер кең талқыға түсті. Дегенмен, халық қалағандай толық түспесе де, белгілі бір жетістіктер бар. Әрине, осы заңнамалар әбден жетілдіріліп, дамығаннан кейін ертесіне қоғам бірден гүлденіп шыға салмайды. Алғашқы қадамдар ойдағыдай жасалынса, артынан екінші қадам, үшінші қадам, төртінші деп кете береді. Ең бастысы – жасау және өркімге жүктелген міндетті мұқият орындау [3].

Бұл ретте мәселенің түйіні қоғамның өзіне, оны жасақтаушы азаматтарға келіп тірелетіні де бар. Өйткені заң – қағаз бетіндегі жазбалар жиынтығы. Ал ол заңның дұрыс не бұрыс екеніне көз жеткізу – іс-әрекеттің жемісі болмақ. Сонымен қатар заңның толыққанды реттеуші сипатында іске асуын қамтамасыз етуші бірден-бір күш – халық. Сол азаматтарымыздың бүгінгі арман-ниеттері, өмірлік және саяси ұстанымдары қандай деген сұраққа назар аударсақ. Жалпы, қоғамды тұрғындардан, ұлтты тобырдан ерекшелейтін ортақ құндылық не? Саяси сауат пен жауапкершілік, өзара белсенділік пен азаматтық қоғам өркениеті қалай орнамақ? Кез-келген қиындықты еңсеру оны мойындаудан басталатыны белгілі. Өкінішке орай, біздің қоғамның басты дерті – саяси сауатсыздығы. Ауыл мен қала, қазақтілді мен орыстілді әлем, бай мен кедей деген секілді. Бұған сырт әлемнің ақпараттық, идеологиялық, мәдени ықпалын тағы қоса кетіңіз.

Қазақстандағы баспасөзде айтылатын саяси тақырыптарға, саяси сараптамаларға келсек, кей тұстарда проблеманы ашық айтып жатса, кей тұстарда бұғып қалатын жерлер аз емес. Оның ішінде барша халыққа жақын әрі өзекті мәселе, жер мәселесі болуы мүмкін немесе сайлау мәселесі болуы мүмкін. Өте көп негізі тақырыптар. Соңғы жарты жылда өзекті болған мәселелердің бірі – ол митинг. Қазақстандағы түрлі митинг шаралары, әртүрлі пікірлер, жан-жаққа жүгірген халықтың ойлары мен идея-ұсыныстары. Осы ретте баспасөз жариялаған жаңалықтар мен ауқымды мақалалар да көбейді. Бәрі білетін Тенгриныйос пен Азаттық радиосын оқымайтын адам жоқ шығар. Мәселен, Азаттық жаңалық тарататын баспасөз құралы көп жерде шындықты бүкпей, ашық сұхбатқа дайын екендерін көрсеткен болатын. Жалпы одан бөлек те көптеген порталдар бар. Мәселен, телеграмда ой қорытып оқитын Atameken Business, Zakon.kz, HeXабар, YEDILOV

ONLINE секілді арналар бар. Әркім өзіне керектісін алады демекші, әр арнаның оқырманға берер пайдасы бар. Мәселен, соңғы жылдары жақсы дамып, жетілген арналардың бірі ол – «Atameken Business». Мұнда көптеген кәсіпкерлер ойларымен бөлісіп, мазмұнды сұхбат беріп, Қазақстанның жетілуіне едәуір үлес қосып жүрген азаматтардың істерін халыққа паш етеді. Әрине тек бұл ғана емес, күнделікті жаңалықтар мен өзекті мәселелер, ел пайдасына шешілуі тиіс мәмілелер, ашық сұхбаттар мен халықтың пікірлері өз алдына. Сонымен бірге, аталмыш арнаның инфографика бағытында ерекше дамығандары көрініп тұр. Әр мақала шығарған сайын оқырманға түсінікті болатындай етіп жасалған инфографикалардың ерекшелігін айтпай кету мүмкін емес. Және телеграмда керемет бір функция түрі бар. Ол – «сауалнама» функциясы. Яғни сұрақ қойып, ол жерде халықтың пікірін біліп, өзекті мәселеге байланысты пікір алмасып отыруға болады. Тікелей эфир, комментарийлер қалдыру, халықтың ойымен санасу – қазіргі таңда керек дүние.

«НеХабар» – елімізде болып жатқан өзекті мәселелерді қалыспай жазатын арналардың бірі. Жастардың тұрмыстық жағдайда айтатын сөздерімен байланыстырып құрылған атауының өзі оқырманды өзіне тартады. Бұл кейбір арналардағыдай тым ресми емес, еркін түрде жазатын арна болып табылады. Яғни ішінде қарапайым халық қолданатын жаргондар болуы мүмкін және сонысымен қызықты. Арна негізінен орыс тілінде жазылады және қазақ тілде жазылған өзекті деген мақалалар мен сарапшылардың сілтемелерімен бөлісіп отырады.

Өзіме ұнайтын арналардың бірі ол – «YEDILOV ONLINE» арнасы. Ербол Еділов жүргізетін бұл арна басқа маңызды деген порталдар мен баспасөз құралдарынан да ерте жаңалықты біліп отыратындығында. Мемлекет тарапынан кім қай лауазымға тағайындалып жатқандығы туралы барлық толық ақпаратты осы арнадан біліп отырамын. Сонымен бірге, елімізде қандай лауазымды адамдар жемқорлықпен айналысып жатқандығын да осы арнадан біле аласыз. Себебі, басқа жаңалық тарататын бұқаралық ақпарат құралдары «кейбір» мемлекет қызметкерлерін ғана айтады, ал мына аталмыш арнада барлығы дерлік ашық айтылады.

Қорыта келгенде, осындай кейбір тығырықтан шығатындай біршама жолды ұсынуға болады. Дегенмен, ең осал тұсымыз – ақпарат пен идеология саласы болып тұрғандықтан, бұл аталған салаларды алғашқы кезекке қойып, жөнге келтіріп жетілдіру қажет. Нақтысы сол – цензура мен саяси мәселелер билікке тәуелділік жағдайында көпшілік үшін интернет желісі балама ақпарат пен сараптама көзіне айналған. Әсіресе, жоғарыда айтып өткен әлеуметтік желілердің ішінде, фейсбук пен твиттер сынды желілердің саяси-қоғамдық мәні артты. Бастапқыда ол желілердің үнін өшіруге тырысқанмен, жоғарыда отырған лауазымды тұлғалар заманауи үрдістермен санасудың маңызы бар екенін түсіне бастады. Дегенмен, интернет еркін ақпарат алмасуға мүмкіндік бергенімен, ұзақ мерзімде ортақ ұлттық тұғырдың қалыптасуына кепілдік бермейтінін де ескеруіміз қажет. Осы тұрғыда ақиқат пен жалғанның, демократия мен анархияның ара-жігін анықтау сәл-пәл қиынға соғып жатқаны да рас [4]. Сонымен бірге, түрлі анонимдер мен боттар айдап салу, өшпенділікті қоздыру құралына айналдыра бастады. Міне, дәл осындай кезде алдымен дәстүрлі баспасөз ойға келеді. Қазіргі қазақ баспасөзіндегі ақпараттық дағдарыстан, оған деген сенімсіздік баспасөздің нашар болғанынан немесе бәсекелестік қабілетінен айырылғандығынан емес, оның біріктіруші де жасампаз құдіретін

пайдалана алмаудан туды. Бұлай деуімізге себеп, әлеуметтік желілері бізден әлдеқайда қарқынды түрде дамыған Америка, Жапония немесе Ұлыбритания секілді елдерде бұқаралық ақпарат құралдары басты ұстанымды мемлекет пен саясатқа беріп қойған жоқ. Тәуелсіздігін, ұлттық мүддесін ойлаған кез-келген мемлекет бірінші кезекте ақпараттық кеңістігі мен қоғамын қорғайды [5].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан» энциклопедиясы., «Қазақ ұлттық энциклопедиясы» баспасы., Алматы, 2002. 621 б.
- 2.«Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа» – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2006. – 412 б.
3. “БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы”. Сәуле Саматқызы, 03.12.2010 ж., (kazgazetakz)
4. Кенжебаев Б., «Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер», А., 2016 ж.
5. Есім Ф., «Елдік сана философиясы», Егемен Қазақстан, 28 маусым, 2006 ж.

Өндірбай Н., Смагулова Ж.Б.

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

MERCHANDISING AS A STRATEGY TO MAXIMIZE PROFIT OF A RESTAURANT

Merchandising is the activity of promoting the sale of goods at retail. Merchandising activities may include display techniques, free samples, on-the-spot demonstration, pricing, shelf talkers, special offers, and other point-of-sale methods. According to American Marketing Association, merchandising encompasses "planning involved in marketing the right merchandise or service at the right place, at the right time, in the right quantities, and at the right price." [1]

When we refer to the term **Visual Merchandising**, the first thing that comes to mind is to relate the fashion industry. It is true that multinational in the textile sector have been commissioned to bring the highest this technique because of its importance. However, it must be clear that **any place where a product and / or service sold visual merchandising be applied** [2].

Visual food merchandising is one of the hottest trends in the restaurant, foodservice and hospitality industry today, which is the fine art of presenting products in a way that gets customers to buy, as well as bringing products to life with eye-catching displays of freshness, color, quality and abundance.

A great food merchandising program paired with cross-merchandising strategies will help to increase restaurant or foodservice operations' sales significantly, as well as boost customer satisfaction and return business.

The benefits of eye-catching food merchandising displays and cross- merchandising techniques are immediate. Sales will increase between 15 percent to 300 percent if restaurant owner has done a proper job with merchandising program. Staff's morale will also be raised from the improved surroundings and satisfied customers.

Running a foodservice operation takes much more than just displaying the usual information like the "daily special". As an operator, owner must consider what will lure customers into operation in the first place. Here are some basic merchandising rules and tips to follow:

1. Make it look appetizing

Owner should build his food displays so that customers can see them from all angles of facility. It is possible to use the freshest ingredients and colorful food items to catch their attention. Display food items using uniquely shaped plates and dishes with different textures. Use terra cotta and other environmentally conscious colors, and incorporate natural wood and bamboo to create a more modern, clean and sleek image.

For example, the addition of a simple, thick, wooden board placed inside a standard glass display unit for sandwiches emphasizes to customers that the sandwiches have just been freshly made. Without the board, the sandwiches look stark and naked, and allows customers to wonder how long they have been sitting there, since a glass and steel display unit tends to evoke a sense of coldness and emptiness. The cutting board helps to add warmth and life to the display unit.

2. Place products on a slant and use color

Food is always displayed better when placed on a slant and not lying flat. Tilted European-style wooden racks are a great merchandising tool to display breads, pies, pastries, and other products, creating an inviting display to tempt your customers to buy.

Color is one of the most important factors when dealing with food displays. Many food products tend to come from the brown and beige palettes, so is necessary to brighten up operation with greens, reds, oranges and yellows, to also create a fresh and healthy look. Consider looking at what items you might already have on hand in your kitchen, pantry and stockrooms that might add mouthwatering color and substance to your display.

3. Use cross-merchandising techniques to use higher sales

For cafeterias and market-style operations, cross-merchandising is an excellent opportunity to upsell by placing the right foods together. Soups, sandwiches and potato chips should be placed in the same area, while coffee and tea should be served right next to desserts. Side orders and salads could be split. For example, small containers of salad could be packaged and placed on ice next to the grill, as well as stationed next to the sandwiches. Also try different varieties of cream cheese next to bagels, or fresh fruit and whipped cream next to cake and ice cream. Coffee and tea is a great partner to bakery items. Sales of beautifully packaged coffee will soar when placed next to bakery items.

4. Use the cash-wrap area

The cash-wrap area is prime real estate for merchandising. Proper merchandising of additional retail products at the cash-wrap area will help increase average checks. Use cash-wrap area for last minute sales of coffee, soda, desserts, candies and chocolate bars, and create an irresistible display of goods that customers cannot refuse[3].

Visual merchandising is a crucial retail strategy that maximises the aesthetics of a product with the intent to increase and maximise sales. A visual merchandiser plays a critical role in the look, feel and culture of a brand. If visual merchandising is done well, it can create awareness whilst simultaneously increasing brand loyalty[4].

[Branding is very important in the foodservice industry](#) because having strong branding can bring in new customers and foster customer loyalty, which is good for business. There are many ways to build restaurant's brand, and one of the best ways is through branded merchandise.

Branded merchandise is a collection of products that feature business's logo, which owner can sell to increase customer loyalty. Loyal customers are very important for businesses because they provide a steady stream of income that business owners can always rely on.

There are [many different types of branded merchandise](#) that establishment can offer, although not all of them will be the right fit for every business. Here are some of the most popular types of branded merchandise to give an idea of what kind of merch owner can offer at his establishment.

- **Clothing:** T-shirts, sweatshirts, shorts, sweatpants, flip-flops, hats
- **Glasses:** Beer, shot, whiskey, or martini glasses
- **Accessories:** Tote bags, umbrellas, wristbands

- **Food:** BBQ dry rubs, salsa, syrups, sauces, jams
- **Miscellaneous:** Pens, bumper stickers, stickers, coasters

Advantages and disadvantages of Offering Branded Merchandise

While offering branded merchandise can be an excellent way to build brand loyalty, it may not be a viable option for every foodservice operation. Here are some of the advantages and disadvantages that restaurant can receive if owner creates branded merchandise:

Table 1 - Advantages and disadvantages of Branded Merchandise

Benefits	Downsides
Branded merchandise capitalizes on the loyalty of your customers. If your customers buy merchandise with your logo on it, they'll be reminded of your restaurant every time they see it, which will persuade them to visit.	Offering merchandise at your restaurant or bar will only be profitable if there is demand for your products and if you can order them for the right price. Additionally, some types of merchandise are cheaper to produce than others, so you can choose options that meet your needs and that fit your budget.
It is an excellent way to get free advertisement. This is especially true with branded clothing, because other people will see your logo when customers are walking around town. The clothing can be a conversation starter and a great way for your restaurant to get around via word of mouth.	There might not be customer demand for your branded products. Before investing in your own line of merchandise, survey your loyal customers and gauge their interest in buying branded items.
One of the most obvious benefits of offering branded merchandise is the financial gains. If you have a large following of loyal customers, branded merchandise can be a major source of income for your business.	It can be hard to find a good way to display your merchandise, especially if you have a small dining area or lobby. To solve this issue, use revolving racks to show off postcards and branded glasses and hang branded clothing on the wall for guests to see and consider while they eat.
Note - based on source 5	

There are some tips for ensuring that line of restaurant merchandise does well:

Giveaways: Owner can make his merchandise valuable by creating an exclusive contest. This also helps create buzz and interest, and it's a great option when first introducing your new product line. Giveaways are also very shareable on social media, [which helps grow online presence and brand.](#)

Discounts for Guests: If the owner doesn't want to give away merch for free, there are other discounts he can offer. For example, he can offer a 10% discount with the purchase of a t-shirt. Offering discounts make customers feel like they're getting a deal, while owner still making a profit.

Buy One Get One Free: This is an excellent option for bars and nightclubs that offer branded glasses. For example, owner can offer personalized mugs or beer glasses for a premium, and include one free drink in the price. Offering a free drink along with the purchase makes it more appealing to customers.

Limited Time Offers: Offering merchandise for a limited amount of time increases the urgency and gives customers less time to think it over, instead relying on impulse buys. Additionally, because the merchandise won't be around forever, customers on the fence will be more likely to take the plunge and make a purchase.

Offering branded merchandise can be a very valuable venture, and it can be an excellent way to grow brand. But, owner should does careful research beforehand to ensure that there is enough customer demand and interest in merchandise before making an investment. Additionally, once owner created his products, owner can [help boost sales](#) by implementing giveaways, discounts, and other marketing tactics [5].

References:

1. What is merchandising? Definition and meaning. 7 Apr. 2020 <<http://www.businessdictionary.com/definition/merchandising.html>>
2. Carol Huici “Visual Merchandising applied to restaurants”. 16.11.2018 <<https://www.diegocoquillat.com/en/visual-merchandising-aplicado-a-restaurantes/>>
3. Chiasson, Diane "Foodservice and Restaurant Merchandising 101." Foodservice and Restaurant Merchandising 101. 19 Jul. 2012 *EzineArticles.com*. 7 Apr. 2020 <<http://ezinearticles.com/?Foodservice-and-Restaurant-Merchandising-101&id=7187285>>
4. Kangan Institute. For students. “The importance of visual merchandising” 7 Apr. 2020 <<https://www.kangan.edu.au/students/blog/importance-visual-of-visual-merchandising>>
5. Richard Traylor “Pros and Cons of Selling Restaurant Merchandise” 7 Apr. 2020 <<https://www.webrestaurantstore.com/blog/1686/the-pros-and-cons-of-branded-restaurant-merchandise.html>>

«Интеллектуалды ұлт - 2020» ұлттық бағдарламасының тарихи маңыздылығы

Рахымтай М.Ш., Базартай Ж.Н.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлға, қазақ халқының кемеңгер ойшылы Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім»,- деген болатын. Дамыған елу елдің қатарына кіру мақсатын ұстанған жас мемлекет үшін қазіргі таңда сапалы білімнен асқан мықты қару жоқ. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласына көптеген стратегиялық маңызы бар міндеттер жүктеді. Ең басты маңыздысы - білім берудің барлық саласында сапалы білім беру. Өйткені дамыған елдердің қатарына енудегі басты мақсат сапалы бірігей білім беру жүйесін құру болып табылады. Ұрпақ бойына құзыреттілікті қалыптастыру арқылы Мәңгілік елдің интеллектуалды тұлғасын қалыптастырудағы негізгі мақсат, қазіргі заманның озық ойлы жоғары технологияларын жетік меңгерген, білімді, әрі қабілетті, көзқарасы дұрыс, діні мен ділі және рухы жоғары, дағдыларды жылдам меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру.

Ең бірінші интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін төл тарихымызды жақсы білуіміз керек. Сонда ғана интеллектуалды ұлт тарихи санамен қалыптасады. «Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасы еліміздің ертеңі болатын жастардың әлеуетті күшке айналуына мүмкіндіктер беруде. Бәсекеге қабілетті интеллектуалды элита қалыптастыру күн тәртібінде тұр. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел қатарына қосуда адам капиталын дамыту – басты мақсат. Сондықтан интеллектуалды ұлт құрудағы негізгі қозғаушы күш – жастар. Ал бүгінгі жастар деп отырғанымыз да тәуелсіздік жылдардан бері қарайғы толқынмен қарасаң, бүгінгі аға буындар, оларға ілескен жиырманы белуарлап отызға ойысқан қазақ жастары. Отыздың өзі аз жас емес, қазақтың «отызында орда бұзбасаң, қырығында қамал алмассаң» дегені біраз нәрсені аңдатады. Бүгінде интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізгі іргетасы ақпарат зама-

нындағы өзіне қажетті дүниеге тез қол жеткізе алатын, коммуникативті, тапқыр жастар екені белгілі. Шетелде әсіресе, дамыған елдерде білім-ғылым мен руханияттан ақшаны аямайды. Ең көп қаржы бөлінетін сала да – осылар. Сондықтан дамып, өскіміз келсе, ақыл-ой, интеллектіге көп көңіл бөлуіміз керек. «Жастардың және еліміздің басты капиталы – сапалы білімі», – деп бұрынғы Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев жастардың болашағының біліммен ғана көркейетінін меңзегендей. Яғни жастардың интеллекті жоғары болса, мемлекеттің «иммунитеті» де жоғары. Жастардың интеллекті дегенде көңіл көншітетіні, жалпы, бар. Бұл – жақсы. Келесісі, қандай дәрежеде? Бұл сұрақ ойландырады. Интеллект дегеннің өзі үлкен мағынаға ие: ғылымды меңгерген, ой-өрісі кең, өзіндік көзқарасы бар, жан-жақты кемеліне келген тұлғаны интеллектуалды тұлға дейді. Адамның бәрі интеллектуалды дәрежеге жете бермейді. Тіпті, оны жастардан талап етуде көбіне «әлі жас» деген тәмсілге сүйеніп жатамыз. Интеллектуалдылыққа қол созудан дәл бұл заманда қорқудың қажеті шамалы. Себебі, дәл қазіргі мезет жастар арасында жаңаша дамыған өмірге: білім алуға, қаражат көзін дұрыс табуға, тұлға ретінде сенімділікке және тәуекелділікке бастайтын «Көшбасшылық» бәсекеге қабілеттілік керек болып тұр. Оған қызмет ететін тағы да – интеллектуалдылық. **Интеллектуалдық күш-қуат – қабілеттілікте!** Интеллектуалды тұлға бүгінгі қоғамымыздың басты байлығы. Оны тәрбиелеу заман талабы ғана емес, басты міндеті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы идеясымен бөліскім келеді. Оның негізгі мақсаты-қазақстандықтарды жаңа формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекелестік қабілетті адам капиталына бай елге айналдыру",- деген болатын. 2010 жылы 1 ақпанда Қазақстанда «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты туралы мемлекет басшысы 2008 жылы 30-қаңтарда "Болашақ" бағдарламасының стипендиаттарына арналған форумда мәлім еткен еді. «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасының мақсаты тұрпаты қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар айналдыру, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту және ол жобаның мемлекетті стратегиялық тұрғыдан даму бағыты үш құрамдас бөліктен тұрады:

1. Білім беру жүйесін инновациялық даму жолына түсіру. Қазіргі таңда жастар тек білім алып қана қоймай, олардың өздігімен ізденуіне бағыттау қажет. Бүгінгі білім алуға басты құндылықтар шығармашылық ой, алған білімді қорыта білу, тыңнан шешім қабылдау, технологиялар мен инновациялар болып табылады. Ол үшін жаңа әдістер, оқытудың ұтымды түрлері, ізденімпаз мамандар керек.

2. Қуатты ақпараттық революция, яғни ақпараттық технологиялар паркін қалыптастыру. Қазіргі таңда жастар тек білім алып қана қоймай, олардың өздігімен ізденуіне бағыттау қажет. Бүгінгі білім алуға басты құндылықтар шығармашылық ой, алған білімді қорыта білу, тыңнан шешім қабылдау, технологиялар мен инновациялар болып табылады. Ол үшін жаңа әдістер, оқытудың ұтымды түрлері, ізденімпаз мамандар керек.

3. Жастар рухани тәлім-тәрбие беру. Бұл жерде жаһандану үдерістерін назарға ала отырып, оған қарсы тұрудың бірден бір жолы ретінде жас буынның рухани тәрбиесіне, ұлттық-мәдени құндылықтарымызды нығайтуға көңіл бөлу керек.

«Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасының тарихи маңызы зор. Зиялы қоғамды құруға зор үлесін қосқан А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сияқты Алаш арыстарының тарихи болмыстарын қазіргі ұрпаққа мұрат ете отырып, зиялы қоғамның ұлттық бейнесі көзделген болатын. Қазіргі таңда зиялы қауымды тәрбиелеуге бағытталған бағдарламалар ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тарихи құндылықтарды негізге алады. «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасының бәсекеге қабілетті, ойлау қабілеті терең, өз ойын еркін әрі сауатты жеткізетін интеллектуалды патриот азаматты тәрбиелеу процессіне қосатын үлесі зор деп есептеймін.

«Интеллектуалды ұлт» және «бәсекеге қабілетті ұлт» ұғымдары Қазақстандағы ұлттық модернизацияның басты категорияларына жатады. Ұлттық модернизация –

өркениетті әлемдік қауымдастықтың озық талаптарына жауап беретін дамудың сапалық тұрғыдағы жаңа деңгейі.

Ұлттық модернизацияны уақыт талабына сай дамудың үлгісі ретінде қарастыруға болады. Бұл өте нәзік процесс. Өйткені, ол кез келген ұлттың алдына мынандай таңдау қояды - өзіндік ұлттық реңкті жоғалту арқылы немесе өзіндік ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, заман талабына сай даму жолына түсу.

Ұлттық модернизация, яғни бәсекеге қабілетті ұлт пен интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың негіздері Қазақстан егемендігін жариялаған кезеңнен бастау алады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы № 1394 Жарлығымен қазақстандық жастардың шет елдердің жетекші жоғары оқу орындарында жоғары білім алып, алған білімі мен тәжірибесін еліміздің игілігіне пайдалану үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындағаны белгілі. Бұл стипендия бойынша студенттер әлемнің 32 еліндегі 630 жетекші жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік алды.

Осы кезеңге дейін “Болашақ” стипендиясы арқылы 20 мыңнан астам жас мамандар даярланды. Бүгінгі күні “Болашақ” стипендиясы арқылы білім алған жастар экономиканың, мемлекеттік басқарудың және басқа да салалардың жауапты бөліктерінде еңбек етіп жүр.

Ұлттық модернизацияның нақты жүзеге асырылуы мен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттері Президенттің 2004 жылғы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Қазақстан халқына жолдауында, 2005 жылғы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында» атты Қазақстан халқына жолдауында және 2006 жылғы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауында қойылды. Президенттің нұсқауы бойынша, білім саласының дамуына қойылатын талаптар: білім беру жүйесінің инновациялық дамуы, ақпараттық революция, жастарды рухани тұрғыдан тәрбиелеу екенін атап өтуге болады. Осы талаптардың түйіні – Мәңгілік елдің интеллектуалды тұлғасын тәрбиелеу болып саналады. Ел Президентінің бастамасымен білім беру сапасы артып, білім беру ұйымдарының материалдық базасы нығайтылды. Дарынды балаларға арналған мамандырылған мектептер желісі құрылды. Қазіргі кезде республикада үш тілде бірдей білім беретін мектептер қызмет етуде. Еліміздегі білім беру жүйесін 2020 жылға дейін дамыту жөніндегі стратегиялық жоспарда жаңа сападағы білім берудің өзіндік жолдарын ұсынды: 2020 жылы Қазақстан білімді ел ретінде қалыптасуы тиіс. Білім саласын дамыту үрдісі болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік – саяси өркендеуінің негізінде болуы керек. Сонымен қатар, 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырудың ұйымдастырушылық негізі болып табылады. 2011 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Өмір бойы білім алу» қағидаты әрбір қазақстандықтың жеке ұстанымы болуы керек екендігі атап өтілген. Қазіргі кезде жаңа «Назарбаев университетінің» негізінде нарық кезеңінің талаптарына сай келетін жоғары оқу орынының инновациялық моделі қалыптасуда. Ол енді Президенттің ойынша барлық қазақстандық жоғары оқу орындары үшін үлгі болуы тиіс. Сонымен қатар Президенттің тапсырмасы бойынша бүкіл Қазақстан бойынша қазіргі кезде ашылып, қызмет ететін 20 интеллектуалдық мектептер де келешекте үздік жоғары оқу орындарында оқитын дарынды балаларды даярлаудың негізгі базасына айналады. Осының өзі Елбасының қазақстандықтардың интеллектуалдық әлеуетін арттырудағы, интеллектуалдық әлеуетті қалыптастырудағы зор әрі келелі істерінің бірі. Қазіргі кезде Президент бастамасымен жүзеге асырылатын дана саясаттың арқасында еліміздің ұлттық жоғары мектебінде білім берудің әлемдік деңгейіне қол жеткізу жөніндегі іс – шаралар қабылданды. Атап айтсақ, қазіргі кездің өзінде – ақ

Қазақстан Еуропалық білім беру кеңістігіне еніп, Болон Декларациясының қатысушысы болды, Нұр-Сұлтан қаласында «Назарбаев Университеті» сынды әлемдік деңгейдегі беделі бар оқу орны құрылды. Елімізде күн сайын сапалы жоғары білім алғысы келетін жастар саны арта түсуде, шет елде 20 мыңнан астам қазақстандықтар оқиды. Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының 3000 – нан астам стипендиаттары әлемнің 27 елдерінде білім алуда. Елбасы Қазақстан халықтарына жолдаған Жолдауларында еңбек нарығының серпінділігі мен дамыту перспективаларына сәйкес келетін білім беру мен кәсіби даярлаудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың жүзеге асырыла бастағандығын жария етті. Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақ Ұлттық университеті мен Еуразия Ұлттық университетіне 20 шетелдік кеңесші – оқытушыларды тарту үшін 2 млрд. доллар бөлінген. Қазақстан Республикасы Президенті ХХІ ғасыр деңгейіне сәйкес келетін білім беруді, кәсіби даярлықты дамытуға бағытталған стратегиялық тұжырымдамасының негізінде Қазақстан Азия елдері ішінде білім дамуы индексі бойынша 1 - орынға қол жеткізді. Білім мен ғылым және оның интеллектуалдық әлеуеті қоғамның жемісті дамуының кепілі, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін, ұлттың келешегін айқындайды. Білім – экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды, білім болашаққа салынған сенімді инвестиция көзі. Кез-келген елдің қарқынды дамуы тек табиғи байлық көздерімен ғана емес, азаматтардың сауаттылығына да тікелей байланысты. Осыған орай, Елбасымыздың аталған саланы дамытуға барынша атсалысуы бүгінгі күні өз жемісін берді: еліміз интеллектуалды әлеуеті дамыған, білімді әрі көзқарасы кең, дана әлеуеті бар мемлекетке айналды. Елбасымыз «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласын жариялады. Онда Нұрсұлтан Әбішұлы біздің жүзеге асырылмаған резервтерімізбен мүмкіндіктеріміз неде және әлеуметтік саясат орнықты, жасампаз болуы үшін тағы не істеу керек деген сұрақтар көтеріп, оған 20 бағытта стратегиялық мәнде жауап болатын жолдарды көрсетіп берді. Оның негізіне еңбек адамының беделін көтеруге бағытталған Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясы алынған. Мақалада, Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуының өзекті арқауында жаңа өндірістер, білім беру мен ғылымның жаңа жүйелері, орта тапты дамыту, әлеуметтік кепілдемелерді кеңейту – қазақстандықтардың санасында үлкен өзгерістер қалыптастырылуы тиіс деген идея жатыр. «Бүкіл қоғамымыздың әлеуметтік жаңғыртылуының іргетасы мектептен басталуы тиіс», - деп белгілеп берген стратегиялық бағытын Қазақстан халқы ерекше ризашылдық сезімімен қабылдады. Мақалада: «Бүгінде қоғамда жалпы білім беретін мектептердегі тәрбие үдерістерін аса ерте кезеңнен бастау керектігін, атап айтқанда, мемлекет шетсіз-шексіз донор емес, азаматтардың әл – ауқатының өсуі үшін жағдай туғызатын серіктес деген ұғымды қалыптастыру маңызды» деп көрсетілген.

Қорытындылай келе, ХХІ ғасырда жеке тұлғаның, болашақ маманның, ұлттың интеллектуалды дамуы - заман талабы. Интеллектуалды әлеуеттің қалыптасуы жеке адамның ой-өрісін дамытады, қоршаған ортаға, саяси оқиғаларға деген көз-қарасын қалыптастырады, жүйелейді. Болашақ мамандардың зияткерлік әлеуетін дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Ал «Интеллектуалды ұлт-2020» секілді бағдарламалар жаңа инновациялық технологиялар зияткерлену процесін үдете түседі деген ойдамын.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Егемен Қазақстан, 2010 жыл
3. <http://www.akorda.kz>

ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ

Рүстем А.М., Абдимомынова А.Ш.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазіргі кезеңде табиғи ресурстарды қорғау қызметін басқарудың экономикалық тетігі ретінде қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ретінде және оған зиянды өзге де әсер ету, табиғат қорғау шараларын қаржыландыру және салық және өзге де жеңілдіктерді қолдану жолымен шаруашылық жүргізуші субъектілерді экономикалық ынталандыру үшін түсетін ақша қаражатын шоғырландырудың шарттары мен тәртібін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын қамтитын экономикалық-құқықтық институт түсіндіріледі [1].

Табиғат пайдаланудың экономикалық тетігінің маңызды құрамдас бөлігі табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер жүйесі болып табылады. Экономикалық тетіктің негізгі элементтері:

- табиғатты пайдаланудың шекті лимиттері мен нормативтері;
- табиғат ресурстары мен қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемнің ұзақ мерзімді экономикалық нормативтері;
- бақылау сандары мен табиғат қорғау объектілері мен құрылыстарын іске қосуға мемлекеттік тапсырыстарды қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жоспарлы көрсеткіштер;
- тұтыну салалары өнімдерінің бағасы және т.б. болуы тиіс.

Сондықтан да, экономикалық механизмнің рөлі табиғи объектілерді қалпына келтіру, ұтымды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету (экономикалық шаралар көмегімен) болып табылады.

Қоршаған ортаның табиғатты қорғау қызметін мемлекеттік басқарудың экономикалық тетігі ретінде қоғамдық маңызды нәтижелерге қол жеткізу мақсатында табиғат пайдаланушылар үшін жағдайлар мен ынталандыруларды қалыптастыру арқылы іске асырылатын белгіленген өкілеттіктер мен әкімшілік-басқару функциялары шеңберінде мемлекеттік атқарушы билік органдарының нарықтық құралдарды қолдануының институционалдық белгілі бір тәртібін айтуға болады [2].

Экономикалық механизмнің негізгі элементтері ретінде төмендегілерді жатқызуға болады:

- табиғатты пайдалануды мемлекеттік басқару құралдары;
- атқарушы биліктің мемлекеттік органдарының өкілеттіктері; мемлекеттік органдардың әкімшілік-басқару функциялары.

Табиғатты ұтымды пайдалануды мемлекеттік басқарудың экономикалық механизмінің қызметін бағалауда нәтижелілік өлшемдер мен көрсеткіштер қолданылады.

Табиғат қорғау қызметін мемлекеттік басқарудың экономикалық механизмі басты төрт міндетті шешуге бағытталған:

- табиғатты пайдалануды институционалдық реттеу;

- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен толықтыруды қамтамасыз ету;
- табиғатты қорғау және табиғатты пайдалану нәтижелері үшін жауапкершілікке тарту және шығындарды өтеу;
- бюджеттік тиімділікті қамтамасыз ету.

Бұл міндеттердің әрқайсысы бір-бірімен өзара байланысты нақты механизмдер жиынтығының қалыптасуы мен қызмет етуі арқылы жүзеге асырылады.

Осыған орай табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқарудың тоғыз негізгі экономикалық механизмдері анықталды:

- табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды ынталандыру механизмі;
- табиғат пайдаланушылардың экономикалық жауапкершілігінің механизмі;
- қоршаған ортаны қорғауға жеке инвестицияларды тарту механизмі;
- кәсіпкерлік қызметті қолдау механизмі;
- бағдарламалау механизмі;
- бәсекелестікті қорғау механизмі;
- пайдалануға беру механизмі;
- бюджеттік тиімділікті қамтамасыз ету механизмі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету механизмі.

Экономикалық механизмдер «мемлекеттік биліктің атқарушы органдары -табиғат пайдалану субъектісі - табиғат пайдалану объектісі (табиғи ресурстар және қоршаған орта)» жүйесіндегі қатынастарды қамтиды [3].

Біздің пікірімізше, экономикалық механизмдер құрылымының негізінде табиғат қорғау қызметін мемлекеттік басқарудың экономикалық тетіктері мен құралдарының өзара байланысы қалыптасады. Құралдар табиғат пайдаланудың тиісті саласындағы заңнама шеңберімен анықталады және қолдану сипатына қарай тікелей және жанама болып бөлінеді.

Өзара байланыс негізінде табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың негізгі тетіктерінің мазмұны: мақсаттары, мазмұны, құралдары, институционалдық қамтамасыз ету нысанында зерттеледі. Тәжірибе көрсеткендей, бір құрал бір мезгілде әртүрлі механизмдерде қолданылуы мүмкін, сондықтан жеке құралды бағалау оң және теріс салдарлардың барлық спектрін ескеретін жүйелі тәсілге сүйенуі тиіс.

Табиғи ресурстар мемлекет меншігіне жатады және олардың Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызы зор. Табиғи ресурстарды басқару Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың жалпы тетігінің ажырамас бөлігі және маңызды құраушы болып табылады [4]. Жалпы мемлекеттік басқару реформасы шеңберінде табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу қажет.

Табиғи ресурстар экономиканың өсуін, ауқымды сыртқы экономикалық және сыртқы саяси уағдаластықтарды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының

маңызды стратегиялық басымдығы болып табылады. Олар қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігіне пайдаланылуы тиіс.

Табиғи ресурстарды басқару, оларды есепке алу, қорғау, жалпы мүдделерде пайдалану мемлекеттік басқаруды дамытудың жалпы бағыттарына сәйкес, сол сияқты озық халықаралық практикаларды, әлемдік және өңірлік талаптарды ескере отырып, тиімді жүзеге асырылуы тиіс.

Минералдық ресурстар, өз кезегінде, аса маңызды табиғи ресурстар түрі, әлемдік өнеркәсіп өндірісінің, ғаламдық тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің жасампаз негізі болып табылады. Кез-келген мемлекеттің, әсіресе, Қазақстанның тұрақты дамуының шарттары бірнеше макроэкономикалық міндеттерді алға тартады, олардың арасында бірінші кезектегісі ұлттық резервтің негізі, ұлттық экономиканың барлық салаларының жеделдете дамуы үшін маңызды база - минералдық шикізат кешенінің жоғары әлеуетін қолдау және дамыту болып табылады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Орталық Азия аймағында ірі шикі мұнай жеткізушілерінің бірі болып табылады. Мұнай қорының расталған деректері бойынша Қазақстан әлем елдерінің арасында 9-орынды иеленеді. Қазақстан көмірсутек шикізатының айтарлықтай қорына - әлемдік қордың 3,3 %-ына ие. Өндірілетін мұнайдың болжалды ресурстары 17 млрд. тонна мөлшерінде бағаланады.

Бүгінде Қазақстан Республикасының аумағында 172 мұнай және 42 конденсатты кен орны тіркелген, олардың басым бөлігі (шамамен 70 %-ы) Қазақстанның батыс облыстарында шоғырланған. Қазақстандағы мұнайдың негізгі қоры ірі 11 кен орнында шоғырланған, олардың арасында - Теңіз бен Қашаған (елдің барлық қорларының жартысы), Қарашығанақ, Өзен, Жаңажол, Қаламқас және т.б. Қашағанның геологиялық қорында 6,4 млрд. тонна мұнай бар деп бағалануда. Қашағанда 1 трлн. шаршы метрден асатын табиғи газдың ірі қоры бар. Тағы бір ірі кен орны Теңізде геологиялық қордың болжалды көлемі 3,1 млрд. тонна мұнайды құрайды. Кен орнының өндірілетін қоры 750 миллионнан бастап 1 млрд. 125 млн. тонна мұнайға дейін бағаланады [5].

Қазақстанда мұнай және газ конденсатын өндіру есебі 1911 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Осы кезеңнен бастап 2019 жылға дейін 1,5 млрд. тонна мұнай мен газ конденсаты өндірілген.

Қазақстанның мұнай өңдеу өнеркәсібі үш мұнай өңдеу зауытын (бұдан әрі - МӨЗ) қамтиды: Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауыты (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауыты («Петро Қазақстан Ойл Продактс»). Бұл кәсіпорындар қызметінің республиканың экономикасы мен тұтынушылардың мұнай өнімдеріне деген қажеттіліктерін өтеудегі маңызы зор.

Барлық жердегі сияқты, мұнай-газ саласында да оның дамуына әсер ететін оң және теріс факторлары бар. Оң факторларға мұнайдың айтарлықтай қорлары мен өндіру көлемінің өсу мүмкіндіктерін, теңізде және тұзасты геологиялық барлау жұмыстарын (бұдан әрі - ГБЖ) жүргізу мүмкіндіктерін, МӨЗ-ді өз мұнайымызбен қамтамасыз етуді (Павлодарға реверс) және ішкі нарықты сапалы отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуді, мұнай химиясын дамыту мүмкіндігін жатқызуға болады.

Сонымен бірге, бірқатар кейбір теріс факторлар да бар. Атап айтсақ:

- экспорттық бағаға елдің мұнай мен газдың негізгі тұтынушыларынан қашықтығы қатты әсер етеді;
- әлемдік мұнай нарығындағы жоғары бәсекелестік, анағұрлым ықпалды экспорттаушылардың болуы;
- Қазақстан Республикасында өндірілген мұнайдың жоғары өзіндік құны мен ерекшелігі;
- қорлардың Қазақстан Республикасы бойынша әркелкі бөлінуі;
- үлкен көліктік ауыртпалық.

Теріс факторларға қиындықпен шығарылатын қорлары бар кендер санының көп болуын, минералдық шикізат базасының орны толмайтынын, қазақстандық компаниялар игеретін кен орындарында мұнай және газды өндіру қорлары мен өңделетін көлемі үлесінің мардымсыз болуын, ішкі өндеуді қамтамасыз етумен салыстырғанда, мұнай экспортының басымдығын, инвестициялардың төмен тартымдылығын, негізгі жобаларды іске асыруда артта қалуын жатқызуға болады.

Қазақстан аумағы бойынша тоғызыншы орын ала отырып, өз тіршілігін қамтамасыз ету және экономикасын дамыту үшін елеулі табиғи ресурстар базасына ие. Қорғасын, мырыш, мыс, мұнай, хром, темір, марганец, қалайы, алтын, фосфориттер, бор және калий тұздарының қоры бойынша Қазақстан әлем елдерінің озық ондығына кіреді. Сонымен бірге, нарық жағдайында минералды шикізат қорларының бір бөлігі бәсекеге қабілетсіз болып табылады. Мысалы, алтын бойынша кен қорларының 86 %-ы, қорғасын мен мырыш бойынша 68 %-ы, мыс бойынша 58 %-ы бәсекеге қабілетті. Марганец және хромит өнеркәсібінің шикізат базасы анағұрлым бәсекеге қабілетті болып табылады. Бүгінгі таңда экспортталатын тау-кен металлургиялық саласының концентрат, металл түріндегі шикізат экспорты шамамен 90 %-ды құрайды. Ал машина жасау, құрылыс индустриясы және басқа да экономика салаларына арналған металл бұйымдары, керісінше, импортталады [6].

Табиғатты пайдалану үдерісін тиімді басқарудың маңызды шарты минералдық шикізат базасының озық қарқынмен өндірілуі болып табылады. Қазіргі уақытта пайдалы қазбалардың стратегиялық түрлерінің басым бөлігі бойынша өндіріс көлемдері өсімнен айтарлықтай асады. Пайдалы қазбалардың негізгі түрлері бойынша бұдан бұрын барланған кен орындарының қоры іс жүзінде таусылған. Қазақстандағы қара, түсті металлургияның минералдық шикізат базасы үшін кен орындарын игерудің тау-геологиялық жағдайының нашарлауы, кендегі негізгі пайдалы компоненттердің азаюы, олардың минералдық құрамының күрделенуі, қиын байытылатын кендер үлесінің артуы тән. Қазіргі кезеңде Қазақстандағы пайдалы қазбаларды толық және кешенді түрде өндіру міндеті аса өткір күйінде қалып отыр. Қазақстанның тау-кен металлургиялық кәсіпорындарының басым бөлігінде бейінді металдарға ілеспелі құнды компоненттер (платина, алтын, палладий, рений, осмий, таллий, ниобий және т.б.) шикізаттан толық көлемде ажыратылмай, қалдық ретінде кетеді. Кен орындарының қорлары бекітілген кезде ілеспелі пайдалы компоненттер бағаланбаған және теңгерімге қойылмаған. Жер қойнауын пайдаланушыларға сирек кездесетін металдарды ажырату жөнінде қатаң талаптар қойылмаған және осы күнге дейін де қойылмай тұр. Кәсіпорындарда минералдық шикізаттың ілеспе түрлерін алудың төмен коэффициенті сақталып отыр.

Табиғи ресурстарды басқарудың өзекті мәселелері мыналар болып табылады:

- 1) мемлекеттік қаржыландырудың жетіспеуінен жер қойнауын озыңқы зерттеудің төмен деңгейі;
- 2) геологиялық базаның 80 %-ы ескі геологиялық-геофизикалық әдістер көмегімен барланып, есепке алынды;
- 3) минералдық шикізат кендерінде компоненттердің толық кешенді есепке алынбауы;
- 4) монотехнологияларды пайдалану. Кешенді концентраттарды алу мен қайта өңдеу технологияларына көшу қажет;
- 5) минералдық шикізатты өндіру мен орнын толтырудың әртүрлі қарқыны;
- 6) қызметкерлердің аз санынан және материалдық-техникалық жабдықталудың төмендігінен жер қойнауын оңтайлы және кешенді түрде пайдалануға жүргізілетін бақылаудың төмен деңгейі;

7) минералды шикізатты тұтыну мен орнын толтыруға жүргізілетін тиімді мониторинг жүйесі жоқ;

8) тиімді ақпараттық-талдамалық жүйе жоқ, мұның өзі негізсіз болжау мен жоспарлауға, реттеу мен жоспарлау процесінің әлсіреуіне әкеп соғады;

9) геологиялық ақпаратты жинау мен сақтау процестерін автоматтандырудың төмен деңгейі, сондай-ақ оған еркін шығудың болмауы;

10) шикізат секторынан түскен табыстарды үлестірудің ретке келтірілген тетігінің болмауы;

11) табиғи ресурстарды басқару саласында білімі мен тәжірибесі бар тиісті кадрлардың болмауы.

Халықаралық энергетикалық бюллетеннің (IEO2010) экономикалық болжамына сәйкес 2012 жыл мен 2035 жыл аралығында нарықта энергияны жалпы әлемдік тұтыну 36%-ға артады. Энергияға деген үлкен сұраныс Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кірмейтін елдерде болады деп болжануда. Аталған болжам бойынша мұнайды тұтыну 2012 жылғы тәулігіне 89 774 мың баррельден 2035 жылы күніне 110 600 баррельге дейін артады [7].

Алайда, әлемдік көмірсутек қорының біртіндеп сарқылатынын да ескеру қажет. Экономикасы дамыған ірі мемлекеттердің (АҚШ, Қытай, Англия) мұнай-газ салаласын дамыту стратегиясы өз көмірсутек қорын сақтауға және оны ел аумағынан тысқары жерлерде өндіруге бағытталған. Көмірсутектің белгілі бір көлемі аталған елдердің энергетикалық қауіпсіздігін қолдау үшін импортпен өтеледі. Ресурстардың болмауынан Франция, Италия сияқты дамыған мемлекеттер де барынша тартымды әлемдік жобаларға инвестициялап, көмірсутектер өндіру ісіне қатысуға тырысуда. Жалпы әлемдік мұнай қорларының сарқылып, кейбір елдерде сұраныс артқан сайын, оның нарықтағы бағасы тек өсе беретін болады. Осы мән-жайды ескере отырып, салыстырмалы түрде шағын геологиялық қорлары бар мұнай-газ өндіретін елдер (Бразилия - жылына 110,0 млн. тонна, дәлелденген қорлар - 2,2 млрд. тонна) роялтиді біртіндеп арттыру арқылы көмірсутектерді өндіруден қомақты табыс алуға тырысуда. Аталған халықаралық тәжірибе мемлекеттің шикізат саласында белсенді шетелдік қатысу елдің макроқорсеткіштерінің серпіні үшін ерекше тежеуші фактор болып табылмайтынын көрсетеді. Сонымен бірге, ұлттық мүдделерді қорғау саясаты белгілі бір деңгейде қазіргі мұнай-газ саласының басым үрдісі болып табылады. Бұл ұлттық компаниялардың әлем нарығында белсенді ілгерілеуінен және мемлекеттердің ішкі экономикасының дамуынан да көрінеді.

Табиғи ресурстарды тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдаланудағы басты мақсаттар мемлекет үшін төмендегідей болуы тиіс:

- табиғи ресурстарды одан әрі зерттеу, жаңа кен орындарын іздеу және оларды есепке алу;

- әлемдік жоғары сұранысты мемлекет мүддесіне пайдалану үшін табиғи ресурстарды өндіру мен әлемдік нарықтарға жеткізу қарқынын арттыру;

- ішкі нарықты жаңа экологиялық стандарттарға сәйкес отандық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету;

- шетелдік инвестицияларды шикізатты өндіру мен қайта өңдеудің заманауи технологияларын қолдану, сондай-ақ ең жаңа өндірістерді құру шарттарында ғана тарту үшін жағдайлар жасау;

- баламалы энергия көздерінің өндірісін дамыту;

- өндіруші кәсіпорындардың экологиялық зиянсыз өндірістерді ғана енгізуі;

- көмірсутек шикізатының стратегиялық «резервін» құру;

- шикізат секторынан түсетін табыстарды оңтайлы басқару.

Әдебиеттер тізімі:

1. Голуб, А. А. Экономические методы управления природопользованием / А. А. Голуб, Е. Б. Струкова. М. : Наука, 1993.

2. Государственное регулирование природопользования в России: механизмы и результаты : коллектив. моногр. / А. Г. Шеломенцев, С. В. Дорошенко, В. Н. Беляев, Е. А. Илинбаева [и др.]. Екатеринбург : Ин-т экономики УрО РАН, 2011. 279 с.

3. Совершенствование экономических механизмов государственного управления рациональным природопользованием : сб. науч. тр. Екатеринбург : Ин-т экономики УрО РАН, 2009. 112 с.

4. Шеломенцев, А. Г. Направления совершенствования экономических механизмов повышения результативности природоохранной деятельности. Екатеринбург : Ин-т экономики УрО РАН, 2010. 54 с.

5. «Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президенті Жарлығының жобасы туралы ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 25 қыркүйектегі № 1003 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/>

6. Қазақстанның кен орындары. Статистикалық жинақ. <http://stat.gov.kz/>

7. Международный энергетический бюллетень. www.kazenergy.com.

АБАЙ ЖӘНЕ ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ АДАМГЕРШІЛІК ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАР

А. САҒАТОВА, ОМАРОВ Д.К.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады».

Абай

Адамгершілік - бұл рухани тәрбие. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата - ана үлгісі», - деп Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз — өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру барысында, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Адамның адамгершілігі - оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Бұл қасиетадамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Адамгершілігі мол адам-басқаларға қашан да үлгі-өнеге. Рухани-адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы баланың қоғамда өзорнынтабуына, қабілет-

дарыныныңашылатүсуіне, ақыл-парасатындамытуына, яғнисәнді де мәндіөмірсүруінеқызмететеді.

Қазақ қоғамында «ар», «ұят», «адамгершілік», «азаматтық» мәселелері тереңінен қолданылған. Адамның тұлғалық қасиеттеріне кіретін бұл ұғымдармен ел ертеден таныс. Оны біз Абай, Әл-Фараби шығармаларынан да көре аламыз.

Фараби мұрасының ішінде этнопедагогика үлкен орын алады. Ол этниканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қараса этнопедагогиканы халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін кейінгі ұрпаққа жеткізетін ілім деп санады. Бұған оқу, білім алу, тәрбие беруді жатқызды. Ұлы ғалымның осындай этникалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы деп түсінді. Бірақ жамандықты жақсылық жеңгенде ғана адам баласы игі мұратына жетеді деп қорытынды жасайды.

Сонымен, Фараби туындыларының оның ішінде еңбек пен еңбек тәрбиесі, адамгершілік, игілік туралы тағылымдарының маңызы әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Қайта оны тағылымдарының мазмұны қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта түлеп, заман талабына сай жаңа көрініс алуда. Ол жаңа теориялық мазмұн алары хақ.

Әл Фарабидің ілімі Шығыс халықтарының, оның ішінде қазақ халқының педагогикалық ой-пікірінің дамуында революциялық төңкеріс болып есептелді. Демек, ол Шығыс халықтарының салт-санасының, әдет-ғұрпының ағартушылық тәлім-тәрбиелік, ой-пікірінің, ғұламалық тағылымының дамуында жаңа кезең ашып, халықтық педагогиканың негізін қалауы дейміз.

Әл Фараби трактаттарында қолданылған бұл ой-пікірлерді бірнеше ғасыр салып, Абай шығармаларынан да байқаймыз.

Абай ел жұрттың болашағын ойлап, халықты ауыр тұрмыстан, азаптан құтылудың жолын меңзеп, оқу – білімге шақырған. Адамның сол кездегі жаман қасиеттерінің бәрін санап, атап көрсетіп, содан арылуға, жақсылықты өн бойына жинауға, яғни тәрбиеге көп көңіл бөлген. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашу сияқты, рулық тартыс, бітпейтін дау - жанжал елдің сиқын бұзғанын, еш мақсатсыз бос жүрген халықты көріп, қатты қынжылған. Ел ішіне іріткі салатын, өтірікпен мал жиып, байыған би – болыстарды өлеңмен шенеген.

Абайдың адамгершілік идеалы, мұраты, принципі – қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым. Адам болу – кісіліктің кісісі, шын мәнінде азамат болу, қара бастың қамы, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін - өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адам болу. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді.

Абайша айтқанда еңбек сүйгіштік — адамгершілік қасиет, сол себепті адам болғысы келген жанның бәрі де адал еңбек істеулері керек. Тек еңбек қана адамды адам етеді, материалдық молшылық жасайды, рухани қайрат береді.

"Адалдыққа, адамгершілікке тырысушылық, — деп жазады Абай, — биік дәрежедегі сананы туғызады, сана адамның адамшылығын, ақыл-ойын және ғалымға деген қызығушылығын туғызады.

Қорытындылай келе, Абай шығармаларындағы да, Әл Фараби шығармаларындағы да «адамгершілік» мәселелері – бүгінгі күнгі жас ұрпаққа рухани азық. Ұлттық болмысымызды сақтауда осы ой-пікірлерді ескері, кемел келешекке аттануымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Избранные трактаты. - Алматы: Ғылым, 1994. - 446с.
2. Абай. Шығармаларының 2 томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 335б.
3. Елемесова А.С. Абай мұрасындағы рухани-имандылық тәрбие идеялары; Автореферат-пед. ғыл. кандидаттық диссертация/ –Қарағанды: Е.А. Бөкетов

атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы 2000. – 25 б,

4. Г.И.Төретаева Абай өлендеріндегі дидактикалық тұжырымдар //Қазақстан мектебі. - 2004. - №12. - С. Б.23-25
5. Дәуренбек С. Тәжібаева С. «Оқушылардың ұлттық келбетін қалыптастыруда рухани-адамгершілікке тәрбиелеу «Қазіргі білім беру жүйесіндегі педагогика, психология, этнопсихологияның өзекті мәселелері» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары 16 қаңтар 2015 жыл Алматы.- 210-213 бб.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СИНОНИМДЕРДІҢ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Сағатова А.Е., Алмауытова Ә.Б.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Әр ұлттың айналадағы дүниені танып-білуі, әлемді тану тәсілі, рухани санасы, бүкіл болмыс-бітімі сол ұлттың тілімен тығыз байланысты екені мәлім. Осымен байланысты ұлттық дүниетанымның тілдің терең құрылымдарынан, оның бай сөздік қорынан, лексикасынан көрініс табуы заңды. Олай болса, тілді тек коммуникативтік қызметі шегінде зерттемей, оны таным тұрғысынан да зерделеу, тілдің кумулятивтік қызметіне ерекше мән беру бүгінгі қазақ тілі біліміндегі негізгі, жаңа бағыттардың бірі болып табылады. Тіл немесе ұлттық рух негізінде адамзат қауымы қалыптасып, белгілі бір этникалық топ құрайды. Осы этникалық топқа тән мінез-құлық, этностық таным мен көзқарас, наным-сенім, салт-дәстүр ұлттық рухпен суарылып, соның бейнесі ретінде көрінеді. Демек, біздің дүние танымымыз рухани мәдениетті құрайды. «Халықтың рухы дегеніміз – оның ақыл-ой әлеміндегі жетістігі» (Ш.Ш.Уәлиханов). Ал «Рухани мәдениет негізінде халқымыздың этно-педагогикалық дағдыларына, өзіндік дүниетанымдары мен құқықтық, қоғамдық нормаларына, өмір тәжірибелеріне қатысты талай құнды ғылыми дерек бар. Ол – жалпы этносты танудың, әсіресе оның интеллектуалды ерекшеліктерін танудың құралы», - дейді этнолингвист-ғалым С.Е.Жанпейісова [1,24].

Осымен байланысты, фразеологизмдер дүние үзіктерінің тілдік бейнесі ғана емес, ұлттың рухани мәдениетін білдіретін тілдік константалар болып табылады. Өйткені мұнда өмір сынынан өткен халықтық пәлсапаға кездесеміз, оларда ұлттық даналық, психология мен тұрмыстық тәжірибе жатыр» [2, 12] - деген зерттеуші пікірі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің танымдық қызметін зерделеуге мүмкіндік береді.

Осыдан тұрақты тіркестердің тілімізде бейнеленуін, ұлттың ментальды танымына қатысты, «әр халықтың өзіне тән ойлау әлемі тілінде көрініс табатындығын» [3, 16] тағы да көруге болады.

ФТ-тер – өте күрделі лингвистикалық түзілімдер. Олардың күрделілігі құрылымдық типтерінің және синтаксистік модельдерінің көптігімен ғана емес, сонымен қатар тақырыптық та, семантикалық та көпқырлылығымен, алуан түрлі эмоционалды-экспрессивтік ой реңктерін көрсетудегі қабілетімен түсіндіріледі. Көптеген тілдердегі фразеологиялық бірліктерге осы ерекшеліктер тән болып келеді, бірақ бәрінде бірдей емес [3].

Сонымен қатар қазақ тіліндегі ФТ-тер тек таза сандық жағынан ғана емес, сапалық жағынан да сипатталады. Ол тақырыптық көпқырлылығымен, семантикалық және құрылымдық алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Оларда халқымыздың өткен тарихи кезеңдері – оның әлеуметтік-экономикалық, материалдық және рухани мәдениетінің дамуы, ұлттық салт-дәстүрлері, қоғамдық тіршілігінің, тұрмысының, әдет-ғұрыптары мен

діни көзқарастарының және сыртқы дүниені қабылдауының және т.б. өзіндік ерекшеліктері тұтас көрініс тапқан.

Фразеологизмдер табиғатын зерттеген академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» [4] атты көлемді еңбегін қазақ тіл білімі ғана емес түркітануға қосылған алтын қазына деп қарауға болады.

ФТ-тердің кейбір жекелеген топтарына біршама ғылыми талдаулар жасалған. Қазақ тіліндегі ФТ-терді топтастыру мәселесі С.Сәтенованың, А.Жылқыбаеваның, Р.Шойбековтің, Ш.Қарсыбекованың, Ш.Сейітованың зерттеу жұмыстарында қарастырылған.

«Тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды, сонымен қатар мән-мағынасы жағынан үйлес келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолданыла береді. Мұндай құбылыс тіл білімінде *фразеологиялық синонимдер* деп аталады. Қазақ тілі лексикалық синонимдерге қандай бай болса, фразеологиялық синонимдерге де соншалықты бай»[5, 194].

Фразеологиялық синонимдер ұғымы жағынан бірінен-бірі сатылап өсіп, күшейіп отырады. Мысалы, *көз (кірпік) ілмеді, көз шырымын алмады, түн баласына кірпік қақпады, түн ұйқысын төрт бөлді, көрер таңды көзімен аттырды* дегенде әрбір Фразеологиялық синонимдернің алдыңғысынан соңғыларының қарқыны басым болып келеді.

Фразеологиялық синонимдер сындық және үстеулік мағынада да кездеседі. Мәселен, біреудің асқан сұлулығын бейнелеп айтқымыз келсе: *ай десе аузы бар, күн десе, көзі бар, туган айдай, үріп ауызға салғандай, ай қабақ,, алтын кірпік, қызыл ерін, еліктік лағындай, қыздың баласындай, ай мен күндей* дейміз. Біреудің байлығын сөз қылғанда: *төрт түлігі сай; төрт құбыласы түгел; бес енесі бестен; не ішем, не жейім демейді, ішкені алдында, ішпегені артында; үріп ішіп, шайқап төгіп отыр* дегендерді айтамыз. Ал біреудің бейқамдығын, жайбарақаттығын бейнелесек: *қаннен қаперсіз, үш ұйықтаса, түсіне енбеген* дегендер қолданылады. Қатты ауырып жатқан адамды көргенде: *ал үстінде, өлім халінде, өлім аузында, өлі мен тірінің арасында, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде* дегендер жұмсалады. Осылардың бәрі біздің ана тіліміздің шексіз байлығын танытады. Бұл тілдің соншалықты орамдылығы мен икемділігін көрсетеді.

Фразалардың бір ерекшелігі – синонимдер қатарларының молдығы. Сондықтан І. К. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» жеке фразалық тіркестердің мағыналары синонимдес бірнеше фразалар арқылы да түсіндіріледі. Соған қарағанда, фразалардың мән-дес болып келуі, бір жағынан, лексикадағы жалпы заңдылық болса, екінші жағынан, бір сөзбен айтылатын мазмұнды фразалар арқылы айту әлдеқайда ұтымды, әсерлі болатынымен байланысты. Төмендегі мысалдардан фразалардың тіліміздегі жеке сөздердің синонимі болатынын көруге болады.

Аз, мардымсыз– *ауыз жарымайтын; ауыз толтырып айтуға болмайтын; іліп алары жоқ; иненің жасуындай; ат төбеліндей.*

Азаптау, қинау, шаршату – *итаяқтан сары су ішкізу, азапқа салу; сілесін қатыру, діңкесін құрту, әуре-сарсаң ету; ішкенін ірің, жегенін желім ету, жегенін желкесінен шығару.*

Алыста, әріде – *ит арқасы қиянда, ит өлген жерде, жердің түбінде.*

Алыстату, қашырту – *іргесін аулақ салу, маңына жолатпау; ат-тонын ала қашу.*

Араздасу, өкпелеу, араздастыру– *қырғи қабақ болу, ала көз болу; алты бақан ала ауыз болу; ат құйрығын кесу; араға от салу, біреуді біреуге айдап салу.*

Ашулану, әкірендеу, ызғарлану – *талағы тарс жарылу, терісіне сыймау, қанын ішіне тарту, шырт ете қалу; екі көзі қанталау, атарға оғы болмау; қаһарын төгу; ала көзімен ату; қабағын тарс жабу; қаны қайнау, қаны қараю; зығырданы қайнау; ашу кернеу.*

Аяу, жабырқау – *жаны ашу, сай-сүйегі сырқырау, қабырғасы қайысу; іші-бауыры елжіреу; көңілі босау.*

Әурелеу, қинау– *әуре-сарсаң ету, сергелдеңге салу; тыным таптырмау.*

Батыл, өжет, ер, батыр – жау жүрек, жүрегінің түгі бар; жүрек жұтқан, ер жүрек.

Бекер, босқа, зая – еңбегі еш болу, еңбегі далаға кету, еңбегі зая кету; жолы болмады.

Бұлтақтату, сүйрелеу – бұлаң құйрыққа салу, сиыр құйымшақтату.

Дандайсыған – кеудесіне нан піскен; көз еті өскен; аузымен орақ орган; мұрнын көкке көтерген.

Егде, тоқтасқан – ата сақалы аузына біткен; ішерін ішіп, жерін жеген; жасы кәрі қойдың жасындай (кәрі қойдың жасындай жасы бар).

Есейген – бұғанасы бекіген; оң-солын таныған; бой жеткен; ес біліп, етегін жапқан.

Жазалау, ұрып-соғу – сазайын беру, сазайын тартқызу; әкесін көзіне көрсету; басына әңгір таяқ ойнату; ойран салу.

Жала, өтірік, кінәлау – жала жабу; өтірікті судай сіміру; өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай; тырнақ астынан кір іздеу, түймедейді түйедей ету.

Жалқаулану – мойны жар бермеу, жалқаулығы ұстау, кежегесі кейін тарту.

Жақтырмау, ұнатпау – оқты көзімен ату; теріс қарау; ала көзі- мен қарау; иттің етінен де жек көру;

Жақтаушы, қошеметші – сойылын соғушы, шашбауын көтеруші, жыртысын жыртушы; жоғын жоқтаушы; атса мылтығы, шапса қылышы; қол шоқпары болу; қол жаулығы болу.

Жас, есеймеген – ана сүті аузынан кеппеген, он екіде бір гүлі ашылмаған, бұғанасы қатпаған; оң-солын танымайтын; мәйегі аузынан шығып тұрған.

Жасу – ұнжырғасы түсу; сағы сыну, тауы шағылу, иығы түсу, еңсесі түсіп кету.

Желігу, желөкпелену, лепіру – арқасы қозу, делебесі қозу, арқасы ұстау, екі иығын жұлып жеу; тыныштық таппау.

Жолатпау, жақындатпау – маңайына жолатпау, маңынан жүргізбеу, бет бақтырмау.

Жорамалдау, болжау – бал ашу, сыртынан тон пішу.

Жылау, еңіреу – көз жасы көл болу, көз жасын сығып-сығып алу, көз жасын ағызу, еңірегінде етегі толу; зар илеу.

Жылату, қинау – қан қақсату, зар қақсату, зар илету, күн көрсетпеу, көзіне көк шыбын үймелету, қорлық көрсету.

Жуас, момын – қой аузынан шөп алмайтын, қойдан қоңыр, бетегеден биік, жусаннан аласа.

Жүгіру, алып ұшу – зыр жүгіру, дедек қағу, қол-аяғы жерге тимеу, тыным таппау, алды-артына қарамау, екі өкпесін қолына ала жүгіру, алас ұру.

Көмектесу, қарасу, болысу – ат салысу, қолғабыс ету, қол ұшын беру, жәрдем ету, көмек көрсету, көз қырын салу.

Көнбейтін, қырсық – тіл алмайтын, айтқанға көнбейтін, сөзіңді далаға тастайтын, сөзің құлағына кіріп шықпайтын, тоң мінез, сыңар езу.

Көрікті, әдемі – үріп ауызға салғандай, жүзіктің көзінен өткен- дей, ай десе, аузы, күн десе, көзі бар, көз сүрінгендей, көз тартар- лықтай, көздің нұрын алғандай.

Күйзелту, мазалау, ұрып-соғу – мазасын ал, мазасын кетіру, әлек салу, ойран салу, бүлік салу, қырғидай тию; әуре-сарсаң ету; апишысын қуыру; тырнағын батыру, тізесін батыру, екі аяғын бір етікке тығу; қаққанда қанын, соққанда сөлін алу; аяғын аспаннан келтіру; аузы-басын қан қылу; жегенін желкесінен шығару, басына әңгір таяқ ойнату.

Күлу – езу тарту, жымың қату; ыржың-ыржың ету;

Кіжіну, өшігу – тісін қайрау, көз аларту, кек алу.

Қайғыру, қасірет шегу, ызалану – қабағы ашылмау, қабағы қарс жабылу, ішінен тыну, ішкені ірің, жегені желім болу, ыза кернеу.

Қаймығу, беттемеу – тауы шағылу, беті қайту, сағы сыну, басы тасқа тию; жүні жығылу, аузы күйу, шекесіне тию.

Қашу, жасырыну, көрінбеу – ат-тонын ала қашу; бойын аулаққа салу; шаңы көрінбеу; аяқ-қолы жерге тимеу; зым-зия жоқ болу; азар да безер болу.

Қорқу, үрейлену – үрейі ұшу, зәресі ұшу (қалмау), жүрегі су ете қалу, (шыбын) жаны көзіне көріну; жүрегі тас төбесіне шығу; көзі алақандай болу; төбе шашы тік тұру; аза бойы қаза тұру, жүрегі алып ұшу, зәресі зәр түбіне кету, есі шығу, зәре-құты қалмау, апишысы қуырылу, көзі шарасынан шығу. т

Қуану, шаттану – мәз-мейрам болу, қуанышы қойнына сыймау, екі құлағы екі езуіне жету; (екі құлағы екі езуінде); қазанағы қарқ, сағанағы сарқ болу; төбесі көкке жету.

Құлау – аяғы аспаннан келу; тоңқалаң асу; сылқ түсу.

Құрметтеу, мадақтау – төбесіне көтеру, қоярға жер таппау, жер-көкке сыйдырмау.

Мұңаю, мазасыздану – салы суға кету, мазасы кету, еңсесі түсу, ұнжырғасы түсу, қабағы қарс жабылу, мойнына су құйылу, мойнына су кету, зықы шығу.

«Фразеологиялық синонимдер көркем образ жасау үшін қолданылады. Сондықтан бұлар тілдегі кез келген стильде талғаусыз қолданыла бермейді. Бұлардың өзіне лайықты орын тепкен мекені — көркем әдебиет. Көркем шығармада белгілі оқиға жай ғана баяндалмайды. Жазушы болған оқиғаны өзінің ой елегінен өткізіп, оған түрлі-түсті астар беріп, бояу жағып әшекейлейді. Сондай бейнелі сөз қазынасы — тілдегі фразеологизмдер екендігі сөзсіз.

Тілдегі лексикалық синонимдер мен фразеологиялық синонимдер екеуі екі түрлі аталғанымен, түптеп келгенде, бір мақсатқа қызмет етеді. Ол мақсат — ойлаған ойды баяндау болып табылады. Сондықтан бұл екеуі үнемі бірлікте өзара тығыз қарым-қатынаста, тұтас бір бүтін нәрсенің екі жағы деп қаралуға тиіс» [5, 195].

Қорыта айтқанда, қазақ халқы даналығын, дүниетанымын «тоқсан ауыз сөзді тобықтай» етіп тілінде түйіндеген. Демек, этностың болмысы, рухани- материалдық мәдениеті тілдің лексика-фразеология жүйесінде де таңбалаңады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанпейісова С.Е. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы. Филолог. ғыл. канд. ... автореф. 10.02.02. Алматы, 1996.
2. Снасапова Г.Ж. Ф.Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Филол.ғыл.канд. ... автореф: 10.02.02. А., 2003, 29 б.
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. -А., 1998. -304 б.
4. Кеңесбаев І.«Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі». -А., 1977.
5. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы». – Алматы, 1997.

АБАЙ МЕН ТҰРМАҒАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Сағатова А., Тұяқбаев Ғ.

Қорқыт Ата Атындағы ҚМУ

Қазақстанның әр аймағында тарихына, өнері мен мәдени дәстүріне, тіптен, табиғи, кәсіби ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан ақындық, әншілік, жыршылық мектеп бар. Жетісу аймағындағы Сүйімбай бастаған суырып салма ақындар тобы, Арқадағы Ақан, Біржан, Балуан Шолақтар дәстүрін жалғастырушы сал серілер мектебі осының айғағы. Осындай өзіндік бітім-болмысымен, әдеби ерекшеліктерімен дараланатын Сыр бойы ақындары қалыптастырған сүлейлер мектебі – қазақ поэзиясының кең арналы бастауларының бірі. Қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиетін тел емген Сыр өңірінің ақындары

Қарасақал Ерімбет, Ешнияз бен Жиёмбет, Балқы Базар мен Дүр Оңғар, Тұрмағамбет, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп пен Шораяқтың Омарлары осы ақындық орта өкілдері, Сыр бойына тән әдеби мектептің уығын шаншып, керегесін кеңейткендер, шаңырағын көтергендер. Осы ақындық ортада Тұрмағамбеттің орны ерекше.

Сыр дүлдүлі Базар жырау:

Шырағым, Тұрмағамбет, білім алдың,
Еліңе енді қызмет етер кезің.
Суытпай адамшылық әділ сөзді,
Қош, бауырым, өзін көтер жыр күмбезін,-

деп, Сыр сүлейлері арасында Тұрмағамбет есімін ерекше ықыласпен атайды. Өмірден озар шағында артында қалар ізбасар інісіне жыр эстафетасын аманат етеді, сенім артады. Балқы Базарды алаңдататыны отбасылық күйкі тірлік емес, заман қысымына душар болған елінің амандығы, халқының ауызбірлігі, асыл сөздің өлмеуі, жыр күмбезінің нақышты бояуын кір шалмауы. Көңілге медеу тұтары - Тұрмағамбеттей Сыр жырының қадірін арттырар ақын інінің артында қалуы.

Тұрмағамбет аға аманатына адал болды. Өз өмірін жыр күмбезінің одан әрі биіктей, нақыштала түсуіне арнады. Сыр бойындағы ақындық ортада қалыптасқан дәстүрлі өлең өнерін классикалық деңгейге көтерді.

Қазақ поэзиясы туралы сөз болғанда мейлі ол белгілі аймақтық әдеби мектеп төңірегінде болсын, мейлі бір ақын шығармашылығы турасында болсын Абайға соқпай кете алмасың анық. Абай дәстүрі ешқандай шекараға, аймаққа бағынбайды. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі қазақ поэзиясына дейінгі аралықты Абайсыз елестету мүмкін де емес. Өйткені «Абай мұрасы – сан буын ұрпағымызға таптырмас таусылмас қазына...

...Қазақтың аты шулы ақындарының бәрі де өздерінің шығармашылық жолдарында Абай творчествосының тереңіне үңілмей, оның кәусәр бұлағынан сусындамай кете алмады. Ақындық жолдағы творчестволық ізденістерінде Абайды өздеріне ұстаз тұтып, берік нысана етіп ұстанды» [1, 19].

Сыр бойы ақындары ХХ ғасырдың бас кезінде-ақ Абай туындыларымен танысты. Ауыз әдебиетінен сусындап, өз туындыларын толғау, терме, өсиет түрінде дамытқан олар, Абай өлеңдеріндегі жаңалыққа тосырқай қарамай, оны сол уақыттың өзінде-ақ поэзия әлемінде жаңашыл ақын деп түсінді. Ақын өлеңдеріндегі ағартушылық-демократиялық сарынды, сыншыл реализмді, философиялық ой түйіндеулерді, ақындық ойды көркем тілмен бейнелі жеткізудегі шеберлігін дәл аңғара білген Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіп сынды ақындар Абай мұраларын Сыр өңіріне таратушылар болды. Оның көшбасында Тұрмағамбет тұрды.

Сыр бойы әдебиетін зерттеуші Мардан Байділдаев 1959 жылы жарық көрген «Ақындар творчествосы» атты еңбегінде: «Сыр елі ақындарының ішінде Абай шығармасына таңсық боп тұңғыш танысқан да, оның сөздерін қастерлеп айтып, елге таратқан да Тұрмағамбет. Ол Абай кітабын алғаш рет 1910 жылы оқиды. Содан бастап ол кітап қолынан түспейді», - дейді. [2, 26].

Ғалымның бұл пікірін Тұрмағамбет шығармашылығындағы тың бетбұрыс бекіте түседі. 1910 жылы «Абай кітабын оқығаннан кейінгі ой» деген өлең жазады. Бұл Тұрмағамбеттің Абаймен іштей сырласуы, мұң бөлісуі іспетті. Өлеңдегі бүкіл ой, айтушы

мен тыңдаушыға деген көзқарас, ақындық, оған қойылар талап, жауапкершілік, қадір мен құрмет – бәрі-бәрі Абай ойымен үндес, сарындас. Тұрмағамбеттің:

Артында атақты ердің қалса сөзі,

«Өлді», -деп өкінбеймін оның өзі,- [3, 35]

деуі ұлы ақынның:

Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,-[4, 35]

деген өлең жолдарын еріксіз еске түсіреді. Ойдың бастау бұлағы бір арнадан құйылып тұрғандай сезінесіз. Бұдан әрі:

Алғанмен көрінбейді қолға бірақ,

Асылдың қараңғыда ақ пен бозы,- [3, 35]

деп, заман қараңғылығынан Абай сөзінің парқын ұғар адамның аздығына тағы да Абайша қынжылады.

Абайды мазалаған ой өз сөзін ұғар пенденің аздығы, айтушы мен тыңдаушы проблемасы еді. «Қуаты оттай бұрқырап», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Өзгеге көңілім тоярысың», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» т.б. өлеңдерінде Абай сөзді ұғу мен сөз тани білу мәселесін сан мәрте айтқан болатын:

Тыңдаушымды ұғымсыз

Қылып тәңірім берген-ді.

Осы жасқа келгенше,

Өршеленіп өлгенше,

Таба алмадық бір адам

Біздің сөзге ергенді

Бұл – Абай қасіреті. Өз замандастарының арасынан бірді-екілі болмаса сөз ұғар жақсыны таппай, сөз парқын білмес: «келім кербезбен», «сыпыра елермемен», «күлкішіл кердеңмен», «әбілет басқан елермемен», «өзінен басқа ойы жоқтармен» алысып, өз заманынан түңілген ақын жанының күңіренісі. Осы тыңдаушы мен айтушы арасындағы проблема Тұрмағамбет поэзиясының да басты тақырыптарының бірі:

Сөйлеуге сөз таптым да,

Тыңдауға құлақ таппадым.

немесе

Осы үгітті тыңдамай,

Тарап кетті түс-тұсқа

Көкірегі көшпелер

десе, бірде

Сөз өлшеуін білмеген

Шағалаша шулайды.

немесе

Ессізге есіл сөзің еш болады,

Кереңге көзбен еткен ым секілді,-

дейді.

Өлең жолдарындағы бүкіл ой, тыңдаушыға деген көзқарас Абаймен үндесіп жатады. Тұрмағамбетті де алаңдататыны «көкірегі көппелер» мен «шағалаша шулағандар», «құлағы жоқтар», өз сөзінің тыңдаушыға жетпеуі, зерделі сөзді ұғар пенденің аздығы. Осы төңіректегі ойын Тұрмағамбет: «Көзі жоқ, құлағы саудың ақылы толады, құлағы жоқ, көзі саудың ақылы азады», -деп философиялық түйінмен қорытады.

Тұрмағамбет Ізтілеуов 1900 жылы жазылған «Ұстаз ұсынысы» деген өлеңін қарақалпақ, қазақ балаларына арнап жазды:

Шәкірттер бір-біріңмен ұрыспаңдар,

Мінездің мінін алып дұрыстандар.

Жолына жамандықтың жақын бармай,

Күтініп күн ілгері жылыстандар.

Күшіктей күжірейіп бір-біріңмен,

Ұстасып от басында жұлыспаңдар!

Себепсіз сотанақтық қылғандарды,

Тезге сап қызыл тілмен «қылышпаңдар».

Ақыл, өсиет, ғибрат үлгісінде жазылған өлең дәстүрлі қазақ поэзиясынан алысқа ұзай қоймаған. Ғибрат, тәлім сөз адамның мінезіне, ісіне, қылығына, бағытталып, этикаға, моральға байланысты ой өрбітеді. Оқу, өнер, білім, адамның қоғамдағы орны, әлеуметтік беті ашыла қоймайды. Ал осыдан он жыл кейін жазылған өлеңінде бұл мәселе мүлде жаңаша:

Ақыл – тон аңдағанға тозбайтұғын,

Ғылым – кен күнде өніп қоздайтұғын.

Иелік екеуіне еткендердің,

Жаны жоқ жер жүзінде озбайтұғын.

Өлеңдегі Абай әсері көзге бірден көрінеді. Тұрмағамбет «олай болма, былай бол» деген уағыздан гөрі ақыл мен ғылымның адам өміріндегі алар орнын айқындайды. Сол арқылы қазақ жастарына өнерлі бол, білім ал деген ой айтады.

Қазақ поэзиясында табиғатты суреттеуді классикалық лирика дәрежесіне көтерген Абай екендігінде дау жоқ. Оның табиғат лирикалары тек түр жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да өзгеше, тың. Осы тың үлгіден қазақ әдебиетінде Абайдан үйренбеген ақын кемде-кем. Сыр өңірінде Абайдың табиғатты жырлаудағы жаңашылдығын алғаш қабылдап, үлгі тұтқан – Тұрмағамбет. Әрине, бұған дейін Сыр сүлейлері шығармашылығында табиғат суреті болған жоқ деуден аулақпыз. Болды, дегенмен түр, мазмұн, тіпті, жанры тұрғысынан да жазба әдебиеті деңгейіне көтеріле алған жоқ. Мәселен, Балқы Базардың «Бай бір жұттық», «Тіршіліктің түрлері» атты өлеңдерінде табиғат суретінің бояуы қанық. Бірақ «...Базар жыраулық толғаудың шығармашылық-жанрлық табиғатынан толық ажырамағандықтан, табиғат тақырыбындағы суретті, бейнелі лирикалық жолдары кейде пәлсапалық-тәлімдік, ойшылдыққа құрылған толғаулардың

ішінде кездеседі. Табиғат суреттерін толғаулардың ішінде келтіруден, адамдық өмірдегі өткінші кезеңдерді таныту үшін қолданылатынын аңғарамыз» [5, 107]. Сондай-ақ, Кете Жүсіп Ешниязұлы, Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп т. б. ақындардың толғау, термелерінде де табиғатты суреттейтін өлең жолдары кездеседі. Олар да Базар жырау үлгісінде, яғни, өлең жолдарын теңеу, көркем тұспалдау ретінде пайдаланған. Ал Тұрмағамбетте табиғатты суреттеудегі көркем мазмұн, бейнелі сөз, түр жаңашылдығы көзге бірден көрінеді. Ақын өлеңдерінде қазақ жерінің табиғаты жалаң суреттелмейді. Онда ел өмірі, халық тұрмысы табиғатпен байланыстырыла суреттеледі. 1910 жылы жазылған «Жыл келді» немесе «Көктем» өлеңіне көз жіберелік:

Күлімдеп, қасын керіп келді жылым,

Сұлудай ақық ерін, алтын тұлым.

Көркейіп, көңілінен кетті кірбің,

Көргенде кім де болса мұның түрін [3, 72].

Табиғатты суреттеудегі образды сөз, тың эпитеттер сәттілігімен қоса, мәнді. Ақық ерін, алтын тұлым қыз – көктем кімді де болса тамсандырмай қоймайды. Табиғат құбылысын адамның ішкі көңіл күйімен, сезімімен астастыра суреттеп қана қоймайды, оған жан бітіреді, сезім береді. Көңіліңе тағы да Абай өлеңі оралады:

Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,

Біреуіне-біреуі қосылыспай.

Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,

Жер толықсып, түрленер тоты құстай [4, 94].

Жер – қалыңдық пен ақық ерін сұлу бірін-бірі толықтырып тұрғандай. Сағына жарын күткен қалыңдықтың шаттануы қаншалықты әсерлі болса, қыз – көктемнің адам көңілін тебірентуі соншалықты сәтті.

Абай шығармаларына зерделей қараған адам оның «көз» сөзін тура да, ауыспалы да мағынасында мың құбылта пайдаланғанына көз жеткізеді. Ақынның сөз қолданысындағы осы жаңашылдыққа Тұрмағамбеттің де еліктегенін байқаймыз. «Ой көзін осы кезде кірбің басып», «Ғылымға ойдың көзін қадандар да», «Отырып ой көзімен серлегенге» немесе «Ақылдың көкірегінде көзі барлар» сияқты өлең жолдарында Тұрмағамбет те Абайша көзді тек адам ағзасы деп қарамай, философиялық ұғым дәрежесіне көтереді.

Абай өлеңдері мен Тұрмағамбет өлеңдерін салыстыра оқи отырып, Сыр сүлейіне Абай реализмі мен философиясының, ой түйіндеуінің әсері басымырақ болғанын аңғаруға болады. Өзін Абай шәкіртімін деп есептеген Тұрмағамбеттің «Жыл келді», «Бар мен жоқ, ал мен бер», «Жер жүзін жеті қабат зұлмат басты» өлеңдері мен мысалдары, кейбір сатиралық өлеңдері Абай үлгісінде жазылды. Тұрмағамбет өзінің «Топ жарған төрт тұлпарға» атты өлеңінде:

Арабы, парсы аралас,

Екен деп бірақ бұл кезде

Қайнатпандар сорымды

Абайдың да сөзінің

Аят-хадис ішінде

Оқып едім көрінді,-

дейді. «Абай үстірт қараған кісіге діншіл ақын сияқты әсер қалдырады. Бірақ үніле зерттей қараса Абай исламияттың кейбір түбірлі ұғымдарын сыншыл ақыл сынына салып, оны өзіндік таным тұрғысынан адамгершілік дініне айналдырады. Өзінің гуманистік ойларын көбінесе діни ұғымдармен жанастыра отырып таратады. Абайда айтылған гуманистік танымдар мен пікірлерде теологиялық ұғымдар мен шығыстық термин сөздердің мол болуы, әрине, оны қоршаған әлеуметтік орта мен тыңдаушылар құрамына да байланысты. Исламияттық ұғым, діни сөздер молырақ қолданған шығармаларының өзінде де Абай адамшылық асыл мұратты ойларына тыңдаушы назарын үнемі бұрып отырады» [6, 29]. Бұл белгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының пікірі. Осы тұрғыдан ой жібере қарасақ, Тұрмағамбеттің Абайды зерттей, зерделей оқығандығы байқалады. Оның өлеңдерінде кездесетін шығыстық, исламияттық терминдердің астарындағы ақын ойын тани білген. Өзі де Абай дәстүрінде бұндай терминдерге философиялық ой бере пайдаланған. «Аят-хадис» сөзінің қолданылуы да осында жатса керек.

Сонымен Сыр сүлейлері қазақ поэзиясындағы Абай жаңашылдығын танып, білді, оны ақын ретінде жоғары бағалады, ұстаз тұтты. Сыр сүлейі Тұрмағамбет Абайды ұстаз тұтып қана қоймайды, кейде онымен сөз жарыстырады, ой бәйгесіне түседі. Бұдан шығар қорытынды, назирагөйлік – сөз жарыстыру, ақындық шабыт-шалым сынарудың өзі сол ақынды жете зерттеу мен зерделеудің нәтижесінде дүниеге келетіндігі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Көшенова Т. Абайдың өлең жүйесін дамыту дәстүрлерінің ХХ ғасырдың басында жалғасуы. Автореф. канд. дис.
2. Байділдаев М. Ақындар творчествосы, Алматы, 1959, 69 б.
3. Ізтілеуов Т. Таңдамалы шығармалар жинағы, Құрастырып баспаға дайындаған Байділдаев М. Алматы: Жазушы, 1972, 263 б.
4. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым, Алматы: Жалын, 1995, 384 б.
5. Тебегенов Т. Базар жырларының сырлары. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1994, №4.
6. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс., Алматы, 1994.

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫ

Светланова Ш.М., Жұмалиева Г.С.

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»

Қазіргі заман талабында пациенттің сапалы өмірін қамтамасыз ету өзекті мәселенің бірі болып табылады. Бұл, өз алдына, халықты сапалы медициналық көмек көрсетумен қанағаттандыруды бірінші орынға шығарады. Коммуникативтік дағдылар, яғни адамдармен қарым-қатынас орната білу, олармен тіл табысу, оларды өзіне бейімдеу медициналық қызметкерлерге аса қажет. Бұл шеберлік өмірлік және кәсіптік табыстың негізінде жатыр.

Дәрігерлердің коммуникативті дағдыларды қолдануы олардың кәсіби қызметіне оң ықпалын тигізеді. Бұл науқас жағдайын толық және нақты дәрігерлік бағалауда білінеді. Сапалы медициналық көмек көрсету аясында науқастың қанағаттанушылығы өседі. Олар толық мәнінде бар проблемаларды ұғынады, тексерілудің керектігін, емдік және диагностикалық шаралардың мән-мағанасын түсінеді. Дамыған коммуникативті дағдылары бар дәрігерлердің жетекшілігіндегі пациенттер көп жағдайда терапияға берілген болып келеді және өзінің мінез-құлығын өзгерту жөніндегі кеңестерге сүйенеді, сонымен қатар, өздерінің ауруын алып жүруге саналы және белсенді түрде қатысады. Оларда ауруы себепші болатын үрейге және депрессияға әуестіктері азаяды. Сонымен қатар, коммуникативті дағдыларды қолдану дәрігерлердің де өмірін жақсартады, кәсіби стрессті сезінушілігін төмендетеді, кәсіби «күйіп кетуді» азайтады және кәсіби өзін-өзі сыйлаушылықты жоғарлатады [1, 6–8 б.].

Медициналық профессионалды біліктілік туралы айтатын болсақ бұл ең алдымен базистік медициналық дағдыдыны көрсетеді. Ол моральдық, этикалық және де ғылыми білімді медицина қызметкерінің жіті пайдалануы болып табылады. Коммуникативтік дағдылар – дәрігердің жұмыс барысына байланысты басқа субъектілермен (адамдармен, науқаспен, оның жақындары және туысқандарымен, әріптестерімен, т.б) тиісті дәрежеде қарым-қатынас жасай отырып, медициналық жәрдем шараларының тиімділігі мен нәтижесін арттыру. Оған адамдармен тез әрі оңай тіл табысу, әңгімені қолдау, қосылу, конфликттерден шыға білу осыларды жатқызамыз. Қарапайым тілмен айтқанда қарым-қатынас орнату қағидасы дегенді білдіреді. Коммуникативті дағды дәрігер үшін пациенттермен жақсы қарым-қатынас орнату үшін пайдаланылады. Қазіргі таңда коммуникативті дағды үздіксіз медициналық білім берудің негізгі кілті екенін көрсетіліп отыр. Біз болашақ дәрігер тақырыпқа байланысты ақпараттарды өзіміздің оқып жатқан медициналық университетіміздің оқу процесінде өтілетін психология, биоэтика пәндерін оқу барысында дәрігерлердің коммуникативті дағдыларын меңгеріп, болашақта оны тәжірибемізде пайдалануды үйренудеміз.

Осыған байланысты биоэтика пәні бойынша коммуникативті дағдының негізін құрайтын 4 принципін көрсетемін:

- 1) Зиян келтірме
- 2) Жақсылық жаса
- 3) Тұлғаны құрметтеу
- 4) Әділдік принципі

Болашақта пациенттермен қарым-қатынаста биоэтика пәнінен алған біліміміздің ішінен 4 принципті қолданамыз. Биоэтиканың бірінші принципіне келетін болсақ бұл зиян келтірме принципі -дәрігер тарапынан болатын байқаусызда жасалған қателіктер немесе

шұғыл көмек керек болған кезде көмек бермеу, пациентке моральдық зиян келтіру, тіпті пациентке дөрекі сөйлеу немесе оған диагнозын дұрыс түсіндірмей айтуының өзі де осындай қатерге әкеледі. Сондықтан басты кезекте дәрігердің психолог бола алуы да тиіс. М.М. Пришвиннің мына бір сөзі секілді «Дәрігердің барлық жақсылығы бұл пациентке деген көңіл бөлуінен. Ал жазушылар осындай күшпен табиғатты жандандырса, дәрігерлер пациенттерді аяғынан тұрғызады» демекші барлығы көңіл бөлуімен дұрыс қарым-қатынастан басталады.

Екінші кезекте жақсылық жаса принципі. Бұл пациенттердің өмірін сақтап қалу үшін және ауруын жеңілдету үшін атқарылатын жұмыстар. Қандай болмасын пациенттің денсаулығын сақтау үшін бар жан тәнін салу. Сонымен қатар, «Қос эффект» делемасы моральдық қақтығыстың ерекше түрі іс-әрекеттің орындалуы жақсы және жаман салдар тудырған кезде туындайды. Жақсы нәтижеге сүйене отырып, біздің міндетіміз іс-әрекетті орындау болып саналады. Үшінші кезекте бұл тұлғаны құрметтеу принципі. Бұл принцип пациенттің еркіндігі болып табылады. Емдеу мекемесін немесе емдеуші дәрігерді таңдау, емдеуден бас тарту немесе келісу яғни пациенттің автономиялық әрекеттерін құрметтеу. Пациент автономиялық әрекеттерді жасай алады егерде: пациент білікті, ақпараттанған және де барлық іс-әрекеттерді өз еркімен жасаса. Осы әрекеттердің барлығы пациентпен дәрігердің арасындағы диалогтан байқалады. Төртінші кезекте дәрігер-пациенттің қарым-қатынасы деңгейіндегі әділеттілік қағидаты пациентке оның жынысына, жасына, нәсілдік және ұлттық шығу тегіне, әлеуметтік және материалдық жағдайына, саяси сенімі мен дініне, денсаулық сақтау жүйесінің деңгейіндегі дәрігердің жеке қалауына қарамастан, барлық деңгейлердің бірдей қол жетімділігіне және барлық адамдарға бірдей қол жетімділікті қамтамасыз етуді қамтиды. Халық топтарына биомедициналық қызметтер мен жеңілдіктер, фармакологиялық агенттердің қол жетімділігі, халықтың осал топтарын қорғау. Әділеттілік принципін іске асырудағы типтік сұрақтар: алдымен қай науқасты емдеу керек? Транспланттау органдарын, қымбат жабдықтар мен дәрі-дәрмектерді, кейде «қарапайым» медициналық көмек алудың басымдығын қалай анықтауға болады? Медициналық көмектің «минимумы» дегеніміз не, әр адам алуға құқылы? деген сұрақтар дәрігерде туындайды. Осыны яғни әділетті түрде шешуін айтамыз.

Міне, осындай жай қағидалар арқылы болашақ дәрігерлеге білім беріледі. Осындай қағидаларды түсіну үшін түрлі жағдаяттық есептерді шешу немесе рольдік ойындарды сомдау арқылы болашақ дәрігерлер коммуникативті дағдысын дамыта түседі. Осы принциптерден бөлек биоэтика медициналық қызметкерлердің қарым-қатынас этикасын қарастырады. Қарым-қатынас этикасына келетін болсақ дәрігер мен пациенттің немесе дәрігердің әріптестерімен қарым-қатынасын қамтиды. Осыларға жататындар: пациентке өзін-өзі таныстыра білуі, мұқият тындау, ашық және жабық сұрақтар қоя білу, көз арқылы контактіге түсу т.б.

Болашақ дәрігерге коммуникативті білім беру үшін ол пациентке деген эмпатия және оған деген мейрімділік көрсету. Ең алдымен ол өзін өзі пациентке таныстыра білу, өзіне деген сенімділікпен өзінің біліктілігін көрсете білу. Одан кейінгі кезекте пациентпен дәрігер арасында вербальді емес қарым-қатынастың пайда болуы. Яғни көз арқылы немесе жест пен мимика арқылы тілдесу. Пациентке дұрыс сұрақ қоя білу, анамнезді дұрыс жинау үшін және диагнозды алдын ала табу үшін септігін тигізеді. Ол үшін пациентті өзіне сендіре білу керек және де пациентті сөзге тарта білудің өзі де коммуникативті дағдыны керек етеді. Одан бөлек коммуникативті дағды тек қана пациентпен тілдесу ғана емес, оның туыскандармен де қарым-қатынасқа түсу және конфликтті оқиғаларға тап болған кезде компрамиске келудің өзі дәрігердің біліктілігін көрсетеді. Пациенттің жағдайына ене білу оған психологиялық тұрғыдан қолдау, емдеуден бөлек моральдық тұрғыдан емдеу деп те қарастырады.

Барлық жоғарыда айтылған нәрселердің түйініне келетін болсақ, біздің медициналық университетімізде оқып жақтан биоэтика пәнінен алған білімдеріміз практика маңызы зор. Жоғарыда айтылып жатқан коммуникативті дағды сонымен қоса моральдық

этикалық проблемалардың және де олардың шешілу жолдары туралы осындай моральдық этикалық негізге сүйенген пәндерден білім алудамыз. Тек қана ғылыми сабақтарды оқуға ғана емес, шығармашылық адами қасиеттерге үйрететін пәндерді оқу болашақ дәрігердің карьерасында маңызды роль атқарады. Ал коммуникативті дағды ол мықты боламын деген әрбір болашақ дәрігердің игеруі тиіс дағдының бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Асимов., С.А.Нұрмағамбетова., Ю.В.Игнатъев «Коммуникативті дағдылар». Алматы «ЭВЕРО» 2010 ж.
2. <https://www.psychologos.ru/articles/view/kommunikativnye-navyki> (1бет)
3. А.Асимова ., А.С.Сагадиев. Биоэтика 2017ж.
4. <https://pdfs.semanticscholar.org/cb5c/580560ca7dd467913f3cb4df1d42d26edfff.pdf> (4бет)

СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ САРЫ ЖОЛЫН ҚАСИЕТТЕГЕН АҒАШ ШЕБЕРЛЕРІ

СЕЙДІЛДА Ә., ҚАСЕНОВА Қ.Б.

Қорқыт Ата Атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университеті

Қызылордалықтар - Сырдариядай ұлы өзен бойын мекен еткен бабаларымыздың, тіршілігімізге жан да, нәр де берген шапағатты Сыр-Ананың арада емген ұрпағымыз. Бүкіл Орталық Азияның маңдайындағы інжу - маржандай алып су айдыны - Арал аймақын өсірген ұрпақпыз. Оңтүстік-шығысымыздағы барша тарихтың тілсіз куәсі Қаратауымыз кеменгерліктің белгісіндей, арқа сүйер айбар-айбатымыздай. Ал, күллі жер-жаһан мойындап, қадір тұтқан қос әулие, қос заңғар Қожа Ахмет Йассауи мен Қорқыт бабалардың аруақтары түстігіміз бен теріскейімізде елімізді қанатының астына алып, желеп-жебеп тұрғандай. Арқалы таланттардың қайнар көзі іспетті осынау құтты да құдіретті топырақ арғы-бергі дәуірлерде ғылым, өнер, әдебиет пен мәдениетте небір тамаша тарландарын дүниеге келтіріп отыр.

Қазақ халқының мәдениеті мен тарихында біздің киелі Сыр өңірінің алар орны айрықша зор, оның әр уыс топырағы, әр бұтасы, әр тасы халықтың тіршілігі, салт-дәстүрі, өнері туралы шежіре - сырға тұнып тұр.

Өкінішке орай бүгінгі біздер өткен замандардың шебер ұсталарын көргеніміз жоқ. Көпшілігінің есімдері жылнамаға жазылмағандықтан ұмытылған. Еңбектері ескерусіз қала берген. Көрік басып темір соғатын ұсталар, ағаштан ою өрнектейтін шеберлер қазақтың әр ауылында болған. Тұрмыс мәдениетін гүлдендіріп, өнер тарихын жұрттың жадына жазып кеткен де солар.

Ал қазір олардың әрі қарапайым, әрі сиқырлы, әлі берік жәдігерлерін бүгінде мұражайлардан көруге болады. Темірден, көбіне ағаштан мінсіз, шегесіз жасалған ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардың шедеврлерін көрерге көз керек.

Бәрімізге белгілі, халық өнері ешкімге еншіленбейді деген жазылмаған заң сияқты бір қағида бар. Солай десек те, өнерді жасайтын әуелі жеке тұлғалар ғой, сонан кейін ғана

халық - мемлекет меншігіне айналады. Ұлтымыздың бет бейнесін, болмысын жоғалтып, салт-дәстүрін шұбарлап аздырып алмау үшін тынбай күресуге тура келіп тұр. Міне, осы ыңғайда халқымыздың ұлттық бейнесін аман сақтап қалатын амалдың бірі - қазақтың ұлттық қолданбалы көркем өнерінің дәстүрін барынша кең ауқымда жалғастыру. Кешегі және бүгінгі ағаш шеберлерінің библиографиясын толықтыру, олардың жинақтаған тәжірибесін, алтын қолдарынан шыққан туындыларын зерделеу, ғылыми жобаның негізгі көкейкесті проблемасына айналып тұр.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Сыр сүлейлерінің сары жолын қасиеттеген ағаш шеберлерінің қолданбалы іздерін саралау, қазіргі ағаш шеберлерінің өмірі мен тәжірибесін зерттеу, олардың артында қалдырған асыл мұраларын елдің кәдесіне жарату.

Ағаш - табиғатта өте жиі кездесетін өсімдіктердің бірі болғандықтан, адам өміріне тигізетін пайдасы көп, алар орны бөлек. Сондықтан болар, шеберлер мен ұсталар күнделікті тұрмыс қажетін өтеуге қолданылатын дүние-мүліктер жасап халықтың мәдени қорын байыта түскен. Ағаштан түйін түйген шеберлердің қолынан ыдыс-аяқ, ағаш төсек, жүк-аяқ, киіз үйдің сүйегі, арба, шарбақ және т.б. заттар шыққан. Көшпенділер, тіпті, кәдімгі ағаштың өзін «әулие» көрген [1,71].

Қазақ халқының кемеңгер ғалымы Шоқан Уалиханов «Тәңір» атты еңбегінде біздердің ата-бабаларымыздың әдеттен тыс табиғат құбылыстарын қасиетті санайтындығын айта келе: «Айдалада дара өскен ағаш ... тәу етіп, басында түнеуге жарап жатыр. Жанынан өткен әрбір жолаушы оларға ырым етіп, әлем байлап, жанына ыдыс-аяқ тастап кетеді ... басына құрбандық шалады», - деп жазса [2,85], түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы саналатын «Қорқыт ата кітабында» [3,13]:

« Атын ағаш десем шамданба, ағаш!

О, Мекке мен Мәдиненің есігі болған - ағаш!

Құдаймен тілдескенде Мұсаның асасы болған - ағаш!

Ерлердің ері Әлидің дүлділіне ер болған - ағаш!

Зұлыпқарға сап болған - ағаш!

Хасан мен Хұсайынға бесік болған - ағаш!

Басыңа қарасам төбең көрінбес - ағаш!

Мені саған асар болса, құлап тұс, Ағаш! - деп келетін, тікелей ағашқа бағышталған айшықты сөз бар.

Бұл толғамнан біз ағаштың адамзат тұрмыс-тіршілігіндегі қолданылыс орнымен қатар, оның ата-баба таным-түсінігінен алар жүйесін де өте айқын байқай аламыз.

Сыр өңірінің бай қазынасын ата-бабаларымыз кеңінен білді. Өз істеріне жаратты. Тек пайдаланып қоймай, жасаған бұйымдарына әр түрлі көркемді әшекейлер мен оюлар, адамдар мен жануарлардың бейнелерін әсем безендіріп өрнектей білді. Сол ғасырдан

бастап қазақ халқының тамаша көркем қолөнер дәстүрлері қалыптасты. Осының айғағы, Алтайда «Пазырық» қорымынан табылған ағаш бұйымдарында қойдың, бұланнның, бұғының және қасқырдың бейнелері ойылып бедерленгені байқалады. Бұйымдардың беті алтынның жұқа қабаттарымен қапталып, әсем оюлармен әшекейленген екен. Табылған дүниелердің көбі реалистік өмірді бейнелесе, ал кейбіреулері өте қарапайым халық қиялынан туған бейне мен рәміздік түрде берілген.

Өкінішке орай, қазақ халқының бай қолөнерінің көбі бізге жетпеді, ұмытыла бастады. Мақтаулы, құнды бұйымдар жасаған қолөнер шеберлерінің өзі саусақпен санарлық, тәжірибелері көбінекей пайдаланып отырылмай, оқушы жастарға жете бермейді.

XX ғасырдың басында ағаш қолөнері жаңа арнада дами бастады. Әлкей Хақанұлы қазақтың ұлттық қолданбалы өнер туындыларын түгендеумен бірге, оларды жасаушыларды да өнер тарихының төріне шығарған. Соның нәтижесінде халық қолөнерін байытқан бірқатар Сыр елінің дарынды шеберлер есімін білетін болдық. Мәселен, Сырдариялық шебер Жолтайдың ұсталық, зергерлік құралдары мен қалыптары баласы Палжігіт Берсүгіровке ауысқан. XIX ғасырда өмір сүрген шебер Ысқақтың қолөнері Шиелі жеріне мәлім. Оның шәкірті Жүсіп ұста Танабаевтың (1904-1969) жеке шеберханасы болды. Қарамырзаның шәкірті Қобан ұста Аманжолов (1897 жылғы) Қызылорданың іргесінде зергерлік өнермен өмір кешті.

Кенес төңкерісінен кейінгі кезде қолөнерімен айналысып, кәсіби деңгейге жеткендердің бірегейі - КСРО Суретшілер одағының мүшесі, Ташкенттегі халық қолөнері қоғамының мүшесі болған.

30 - жылдары құғын - сүргінге ұшыраған ағаш шебері Әжімбет Қарайғыровтың көптеген дүниелері кезінде қолды болып кеткен, сандық, кебеже, керует, асадалы облыстық өлкетану музейінде сақтаулы.

1977 жылы Қызылорда облыстық телерадио комитетінің аға инженерлік қызыметін атқарып жүргенінде Борис Молдабекұлы Қалназаров Қазақстан Республикасымен көршілес Қарақалпақ АССР-дағы Қазақстан Республикасының мәдени декадасы күндерін Қызылорда облысы өнерпаздары атқаратын дайындығына орай, қазақтың көркем қолөнері – ағашты көркемдеп өңдеу қолданбалы өнері түріне жататын 70- ке жуық жәдігер қойып, Қызылорда облысы тарихында ең алғашқы жеке көрмесін ашады. Көрме туралы облыстық газеттерде «Ағаштан түйін түйген» деп, ал «Путь Ленина» - «Из дерева рождается сказка», атты мақалалар жарық көреді.

Сол жылы, Қызылорда облыстық партия Комитетінің хатшысы Аманов Сұлтанбек Б.Қалназаровке, Қызылорда қалалық пионерлер Сарайы жанынан «Ағашты көркемдеп өңдеу» үйірмесін, облыс бойынша алғашқы өнер мектебін ашуға басшылық жасап, көмектеседі (Қазан айы, 1977 жылы). Осы сәттен бастап Қалназаров Б.М. бір-бірімен тығыз байланысты екі бағыттағы педагогикалық шығармашылық еңбегін күні бүгінге дейін жалғастыра жүргізіп келеді.

80 - жылдардан кейін халық шығармашылығының бұл саласында үлкен бетбұрыс жасалып, қолөнер шеберлерінің бірнеше мәрте семинар - кеңестері өткізілді. Халық шеберлері жасаған заттармен танысты. Олардың қатарында ағаш шеберлері Б.Қалназаров, С.Әкімов, А.Богомоллов, Ж.Үмбетов, М.Мусаев әкелі - балалы Дүйматовтар, киіз үй жасаушылар Д. Дүйсенбаев, Ә. Бекқожаев, музыкалық аспаптарын жасаушылар Ш.Маханбетов, Қ.Наубаев, Қ.Смағұлов, т.б. бар .

90 - жылдары шағын кәсіпкерлік мәселесі қолға алынып, 1995 жылы қолөнершілердің облыстық 1 конференциясы болды. Бұл орайдағы міндеттер жергілікті жерлерде облыстық, қалалық, аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинаттарына жүктелді. Республика орталығында ұлттық қолданбалы өнердің қыр-сырын зерттеу үйлестірілді, ал жергілікті комбинаттар мен цехтар жеке және ұжымдық тапсырыстарды орындау жүзеге асты. Кооперативтік сауда жүйесінде де халықтық өнер жәдігерлері сатылатын болды. Жалпы ұлттық қолданбалы өнерді дамыту өндірістік ырғаққа толассыз көшті. Республиканың кейбір қадау-қадау мектептерінде, пионер үйлерінде қолданбалы өнер үйірмелері ұйымдастырылып, жеткеншектерге ұлттық үлгілерді үйретумен айналысты. Солардың арасынан кейін халық шеберлері шықты.

Сондай үйірмелер уақытында Қызылорда облысының мектептерінде де болды. Оқушыларды халықтың қолданбалы өнерінің тағылымына баулуда бұрынғы Терезек ауданына қарасты болған № 135 орта мектеп үйірмесі республикаға белгілі болды. Үйірмені туасы шебер Жәнібек Асанұлы Маханбетов басқарды.

Қазақтың қолданбалы өнері ірі өкілдерінің бірі - Арал қаласында тұратын Құдайберген Құлмамбетов. Бұл өнер Құдайбергенге әкесі Тағжан ұстадан дарыған. Құлмамбет баласы Тағжан заманында аржағы Шалқар, бержағы Қазалы аудандарының халқына атағы шыққан айтулы ұстаз болған. «Жігітке жеті өнерде аз» дегендей, Тағжан ұста ат баптап, тазы жүгіртіп, аң аулаумен де айналысқан. Жергілікті жыраулардың мақамына салып әуелете шырқайтын өнері де болған.

Еңбек жолын Арал аудандық балықшылар тұтыну одағында 1974 жылы көркемдеуші суретші болып бастайды.

Аудан, облыс жұртшылығына өнерлі еңбегімен танылған Қ.Т. Құлмамбетов 1993 жылы арнайы ұстахана ашады. 1970 жылдан бастап әртүрлі тақырып аясында өткізілген көрме-жәрменкелерге қатысып келеді. Содан бері қатысқан жәрменке-көрмелерінің саны 35 - ке жетті. Бұл дерек қолданбалы өнер иесінің еңбекқорлығын және оның бұйымдарының өтімділігін айғақтайды.

Хас шебер халықтың сұраныс үдесінен шығумен бірге ісін ілгері жалғастыратын шәкірттерін де шеберлікке баулып келеді.

Қазақстан жастарының форумы аясында өткен қолданбалы өнер шеберлері мен суретшілердің жәрменкесінде Жаңақоғандық ағаш шебері Пахыраддин Садықовтың қолынан шыққан жәдігерлеріне халықтың ерекше тәнті болғаны бәрімізгі мәлім. Пахраддин аға өмірдегі қайың, жаңғақ, қарағай ағаштарынан халықтың сұраныстарына орай ағаштан үй жихаздарын жасайтын болды. Өнері кәсіпкерлікке айналды. Шебердің өнегелі өнері кемелдене келе ағаштан небір мүсін, оюлап-өрнектеп жихаз жасайтын

айтулы шебер «қобыз - діліміз, домбыра - тіліміз, шаңырақ - дініміз» деп осы үшеуін де қастерлеп мүсіндеген.

Асқан төзімділікті, ептілікті талап ететін өнерде 30 жылдан бері шыңдалып, қолтаңбасы қалыптасқан шебердің атқарғаны көп. Оның бұл ісі елеусіз қалмағанына да қуаныштымыз. Себебі, ол бұған дейін «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фестивалінде, «Қолөнер – мол өнер» байқауларында жүлделі орындарды қанжығаға байлаған. Жалпы, Пахраддин Садықов секілді шеберлердің қайталанбас дүниелеріне қарап, мұндай өнімдердің тұтынушысын табарына шүбә келтірмейсіз.

Осылай, Сыр бойы өңірінде талантымен танылған, өнеріне көпшілікті тәнті еткен ағаш шеберлері аз емес. Рас, өзімізде біреулер білетін, біреулер білмейтін қолөнерші шеберлеріміздің қолтумаларын көргенде алыс-жақын ел адамдарының бәрі бас шақап, таңдай қағумен қайтып жатады.

Мақаламыздың соңың қазақ халқының ұлы ағартушы, қаламгер Міржақып Дулатұлының: «Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер – адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. ...Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. ...Дүниенің ісі осылай болған соң, адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді», - деген көзқарасын ұстанып, ауылда туып, ауылда тұрып жатқан қолөнер шеберлеріне толыққанды жағдай жасаудың, елге қызмет жасауға жұмылған жаңа руханияттың деңгейін көтеруге атсалысу кезегі келіп тұрғаны баршамызға аян. [4,56].

Егер жергілікті жерлерде қолөнер шеберлеріне жөні түзу көзқарас қалыптасса, оларға жан-жақты әлеуметтік жағдай жасалса, бұлар біле-білгенге, мемлекетті де, ұлт өнерін де байытатын тұлғалар ғой. Және халқымыздың мәдениет тарихын жасайтын да солар. Ұлт озық өнерімен ғана - кемел мәдениетімен ғана дамиды, көгеріп көктейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. - Алматы: Дайк-пресс, 1996 -71б.
2. Шоқан және өнер.-Алматы: Өнер,1985.- 85б.
3. Қорқыт ата кітабы.-Алматы, 1986.-13б.
4. Дулатов М. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1991- 56 б.

ДУХОВНЫЙ ГРАД АЛЬ-ФАРАБИ КАК ИДЕАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО УСТРОЙСТВА

Серикбай А.С., Турман А.Т., Жадигер Т.А., Кулбашева Г.К.

Кызылординский госуниверситет имени Коркыт Ата

В разные времена и исторические эпохи ученые, философы создавали оригинальные модели государственного обустройства. Каждый выделял свои определенные типы государства, старался показать какое государство лучше для общества, а какое совсем неприемлемо. Среди них особое место занимает и аль-Фараби.

В мировой истории общественно-политической мысли аль-Фараби Абу Наср (870–950) великий ученый, философ внес свой большой вклад в развитие различных отраслей наук. Аль-Фараби уделил немалое место разработке основных положений и принципов идеального общества, совершенного государства. Учение аль-Фараби положило начало

воззрению на государство и общество с позиции восточного перипатетизма или аристотелизма. Многие идеи аль-Фараби могут стать теми основными началами, на которых должны строиться современные общество и государство.

В статье рассматриваются различные подходы в исследовании общества, основанные главным образом на нравственно-этических принципах. Начиная с Платона как создателя концепции идеального государства и заложившего основы этой философской традиции, его ученика – Аристотеля, а также их последователей, представителей восточного перипатетизма, среди которых аль-Фараби занимает особое место, проблема общественного обустройства имела первостепенное значение. Являясь одним из ярчайших представителей арабоязычного аристотелизма, аль-Фараби, оставил богатое наследие, посвященное философско-политическим вопросам, разработал собственную оригинальную концепцию идеального государства.

Известные философы, ученые в своих трудах затрагивали данную проблему – кто-то частично, кто-то посвящал целые трактаты: Платон и Аристотель, Августин и Фома Аквинский, Ибн Сина и Ибн Рушд, Т.Гоббс и Дж.Локк, П.Чаадаев и А.Герцен – все они задумывались о том, каким должно быть идеальное государство. Естественно то, что каждый из них имел свое видение этой «идеальности». Например, в своих произведениях «Государство» и «Законы» Платон впервые сформулировал целостное учение об общественном устройстве, центральное место в котором занимает представление об идеальном государстве.

В диалоге "Государство" идеальный государственный строй Платон рассматривал по аналогии с космосом и человеческой душой. Подобно тому, как в душе человека есть три начала, так и в государстве должны быть три сословия. Разумному началу души в идеальном государстве соответствуют правители-философы, яростному началу — воины, вожделеющему — земледельцы и ремесленники (низшее сословие). Сословное деление общества Платон объявил условием прочности государства. Несомненно, в этом усматривается философский и социально-политический аристократизм Платона. Разрабатывая классификацию существующих форм государственного устройства, Платон определяет главную причину порчи государств. С его точки зрения она заключена в “господстве корыстных интересов”, обуславливающих поступки и поведение людей. В соответствии с этим основным недостатком Платон подразделяет все существующие государства на четыре разновидности: тирания, олигархия, демократия и тирания в порядке увеличения “корыстных интересов” в их строе.

Для Платона идеальное государство, выражающее идею справедливости, прежде всего, призвано оправдать общественное неравенство, деление людей на высших и низших от рождения. Во главе его идеального государства, утверждал Платон, необходимо поставить философов, причастных к вечному благу и способных воплотить небесный мир идей в земной жизни.

Ученик Платона Аристотель в трактате «Политика» критикует идеальное государство Платона. В отличие от своего учителя, Аристотель определяет государство, как устройство управления обществом, организованное ради общего блага. Философ считал государство естественным образованием, а человека он называет существом политическим.

В своей классификации, Аристотель делит формы государственного устройства по двум основаниям: по имущественному признаку, и по цели правления. Правильными формами государственного устройства Аристотель считает те, при которых целью политики является общее благо (монархия, аристократия, полиция), а неправильными те, где преследуются лишь собственные интересы и цели власть имущих (тирания, олигархия, демократия).

В средневековую эпоху проблема обустройства государства или в терминологии того времени «Справедливого Града», «Совершенного Града», «Духовного Града», «Добродетельного Града» сохраняет свою актуальность. Слово «град», «город»,

понималось в то время в значении общество или государство. Являясь преемниками античной традиции, представители восточного перипатетизма – Аль-Фараби, Ибн-Сина, Ибн-Рушд и другие значительно расширили круг вопросов, связав их с нравственной проблематикой, которая представлена размышлениями о добродетельном индивиде, совершенном правителе, о безнравственных и заблудших государствах и проживающих в них жителях.

В произведениях названных философов Духовный Град – это нравственно-политический идеал общества. Духовный град – это идеал человеческого объединения, который представлял собой необъемлемую часть космоса, а в его основание были заложены принципы вселенской гармонии.

Важное место у мыслителей занимал вопрос об установлении связи между личным и общественным совершенством. Духовный град представлялся ими как общество всеобщего счастья, но всеобщего не в смысле одинакового для всех, а индивидуального, содержание которого зависело бы от степени развития человека, его уровня знаний. Поэтому целью организации общества было создание такой системы, при которой каждый человек занял бы соответствующее его разуму и определяемым им нравственных качеств место в социальной иерархии.

В известном социально-политическом трактате «О взглядах жителей добродетельного града» аль Фараби развивает учение о «Духовном граде»: «Истинный Град, пишет он, - не есть всякое место, именуемое «городом», или любое скопление людей, но он должен удовлетворять условиям, среди которых – принятие его населением законов политики, наличие божественного устроителя, существование у жителей похвальных и славных нравов и обычаев; место его должно быть удобным с природной точки зрения, чтобы стекался в него провиант и все то, без чего не могут его жители» [1, с.61-62.]

В своих трактатах аль-Фараби выделяет две основные разновидности городов-государств: «невежественные» и «добродетельные».

Основные разграничения этих двух видов государств аль-Фараби провел по таким критериям, как:

-Взгляды жителей городов. В «добродетельном» городе наблюдается порядок и высокие моральные качества самих жителей. А жителей «невежественного» города аль-Фараби сравнивает с животными, «желающих нанести вред и уничтожить, не извлекая для себя из этого никакой видимой пользы».

-Правители. Глава «добродетельного» города, будучи просвещенным правителем, должен обладать добродетелями — интеллектуальными и нравственными. Интеллектуальные добродетели — разумность, сообразительность, острота ума. Наряду с этим и важную роль играют и нравственно-этические добродетели - правдивость, умеренность, щедрость, справедливость. Правитель же «невежественного» города не является мудрым, стремится к собственным наслаждениям, добивается почестей путем насилия и обеспечивает наследственную передачу власти, также его главной целью является — приобретение богатства нечестным путем.

-Понимание счастья. Жители «добродетельных» городов понимают счастье в достижении наивысшего блага и достойного образа жизни путем обретения знаний. А в «невежественном» городе считается, что «самый счастливый человек есть тот, который одержал победу над всем тем, что ему враждебно».

-Цели жизни. В «добродетельном» городе это достижение гармонии и равновесия в обществе, а в «невежественном» городе — телесное здоровье, богатство, наслаждения, свобода предаваться своим страстям, почести и величие.

В свою очередь «невежественные» города подразделяются на несколько видов. Эти города имеют общие черты. Жители этих городов совершают различные проступки. И по этим проступкам подразделяются «невежественные» города на: **города**

необходимости, обмана, города честолюбивые, властолюбивые и сластолюбивые, города низости и несчастья.

В городе **необходимости** жители стремятся ограничиться лишь материальными вещами, теми, которые нужны «телу для его существования, — едой, питьем, одеждой, жилищем, половыми сношениями и помощью друг другу в достижении этого».

Жители **города обмана** помогают друг другу для зажиточности и богатства, но не для достижения истинного счастья.

В городе **низости и несчастья** к такому наслаждению, которое действовало бы на чувства и воображение, стремятся возбудить веселье и утешаться забавами во всех их видах и проявлениях.

Жители **честолюбивого города** живут, помогают друг другу с целью самовосхваления, почитания чужими, славы и величия. Они стараются показать себя перед другими во всем «великолепии и блеске».

Город властолюбивый — это такой город, жители которого стремятся к покорению других городов, непоколебимости своих, для них основой радости и счастья становится — победа над другими.

Согласно приведенной классификации для всех, альтернативных Духовному Граду, городов характерно отсутствие в них духовно-нравственного знания об истинном счастье, а главное то, что достижение его возможно исключительно в Духовном Граде, который не существует в материальном мире.

Заслуживает внимания у аль-Фараби сравнение Духовного Града с живым организмом человека. Духовный Град «подобен совершенному, здоровому телу, все органы которого помогают друг другу с тем, чтобы сохранить жизнь живого существа и сделать ее наиболее полной» [1, с.305]. Самым важным для аль-Фараби органом тела и, соответственно Града, представлялось сердце, которое, по его мнению, есть символ главы Града, а человеческую печень философ сравнивал с котлами, в которых повар готовит еду для жителей государства [4, с.83-84].

В истории философии организмические теории, как правило, появлялись в связи со значительными достижениями в области естественнонаучного знания. А развитие арабоязычной философии средневековья во многом определялось именно знаниями в области медицины, анатомии, астрономии и математики, и почти все арабоязычные философы занимались врачебной практикой и прославились как прекрасные лекари. Поэтому для аль-Фараби аналогия с человеческим телом являлась естественной.

Аль-Фараби желал видеть совершенное, справедливое общество, в котором воцарились бы свобода, всеобщее равенство, взаимное уважение, сотрудничество, то, к чему должен стремиться каждый человек. Нельзя не согласиться с утверждением, что взгляды, идеи Аль-Фараби приобретают большую актуальность в условиях создания правового государства и гражданского общества, утверждения принципов согласия и консенсуса в обществе [6, с.243-244].

В заключение хотелось бы отметить, что многие идеи Аль-Фараби могут стать теми основными началами, на которых должны строиться современное общество и государство.

В Конституции Республики Казахстан есть положения, которые во многом отражают идеи как Аль-Фараби, так и его предшественников. Это, например, ст.1, которая провозглашает, что Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы, а признание, соблюдение и защита – обязанность государства; это и ст.14, ст.15, ст.16, ст.17, ст.18, ст.20, признающих равенство всех людей как перед законом и судом, так и перед государством в целом [5]. Но одного закрепления не достаточно. Необходимо проводить все эти положения в жизнь, нормы должны соблюдаться без каких-либо исключений. Государство начинается с общества, а общество – с проживающего в нем, человека. Обеспечивая достойную, счастливую жизнь каждого,

мотивируя человека на самосовершенствование, государство сможет обеспечить и совершенствование общества, а значит и самого себя. Поддержка добродетельности, благих помыслов и деяний, взаимоуважения, пресечение злоупотребления властью, ее самовольного захвата – вот те основные начала, на которых должно строиться идеальное государство, о котором писал Аль-Фараби.

Список литературы

1. Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города / Аль-Фараби «Философские трактаты», «Наука», Алма-Ата, 1972 г.- 430с.
2. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1973. – 436 с.
3. Аристотель. Сочинения: В 4-х т. Т. 4 — М.: **Мысль**, 1983. —830 с.
4. Игнатенко А.А. В поисках счастья: общественно-политические воззрения арабисламских философов средневековья.- М.:Мысль, 1989. – 254 с.
5. Конституция Республики Казахстан:[принята на всенародном голосовании 30 авг. 1995 г. (с изм. и доп. от 23.08.2019)]// <http://ksrk.gov.kz/index.php/article/konstituciya-respubliki-kazakhstan> (дата обращения 14.04.2020)
6. Нагиев Г.Г. Политическая философия Аль-Фараби и вызовы современного мира // Сб. науч. тр., посвященный 90-летию МГАВМиБ им. К.И. Скрябина. М., 2009. С. 243–247. <http://econf.rae.ru/article/4507> (дата обращения 14.04.2020)
6. Платон. Избранные сочинения. - М.: Логос, 1994. – 526 с.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ОРНЫ

Серікбай Н., Оразбақов А.Ж.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әл-Фарабиді ІХ ғасырдың басындағы ислам дәуіріндегі қазақ әдебиеті тарихында өз орны бар ұлы ағартушы деп танымыз.

Әбу Насыр Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб, қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы маңайындағы ортағасырлық қаласында дүниеге келді. Ғұлама ойшылдың толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлағ Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған және оны біз түркі тайпасынан шыққан деп білеміз.

Ол өзінің рухани жолында, негізінде ағартушылық бағытты ұстап, сол бүкіл мұсылман (түркі) халықтарының ауыр тұрмысын, өмірін шынайы шыншылдықпен терең көрсеткен.

Барша мұсылмандарды оқуға, өнер-білім алуға шақыра отырып, діншілдікті қатты сынға алған.

Әбу Насыр Әл-Фараби, мұсылман поэзиясында әлеуметтік-қоғамдық (философиялық) сарындарды мейілінше күшейте өткірлей түсті. Сонымен бірге ол мұсылман лирикасының ішкі мүмкіншіліктерін молайтып, оны (философиялық) жаңа сатыға көтере білді.

Мұсылман (түркі) көркем және ғылыми мұрасының қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің мұрасы сан-салалы, сан алуан. Ол 160-қа жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырды. Әбу Насыр Әл-Фараби

философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономияны зерттеді. «Ғылымдардың классификациясы туралы сөз», «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғалымдардың шығуы», «Бақытқа жету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады.

Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі – «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат» («Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы»).

«Әбу Насыр Әл-Фараби қала басшыларын «қайырымды және надан» - деп екіге бөледі. Ол кезде қала-мемлекет болған. Оның тұрғындары қай кезде бақытты болады? Әбу Насыр Әл-Фарабидің пікірінше, бұл шаһардың әкімдеріне байланысты. Егер әкім білімді, әділ, ойы таза болса, барлық қала тұрғыны бақытты болады. Ал қаланың әкімі надан болса, өтірік айтса, шаһардың адамдары бақытсыз болады» - деп айтады.

Ал «Ғылымдардың классификациясы туралы сөз» трактатында өзінің білім теориясының негізгі ұстанымдарын атады. Әбу Насыр Әл-Фараби бұл жүйені жоғары білімнің негізі ретінде ұсынды. Оның пікірінше, ғылымдардың шыңында тіл білімі - жазу, оқу және поэтика, одан кейін логика, математика, физика, метафизика және саясат. Әл-Фараби музыканың ерекше теориясын жасады, оның өзі де өнерпаз, ақын, әнші болатын.

Оның «Сөз-ғылымдардың» классификациясы туралы еңбегі мен «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат» деген еңбектері оның ғылыми стильде батыл барлау жасап, іздену үстінде асқан рухани табысқа жеткенін көрсетеді. Әбу Насыр Әл-Фарабидің осы еңбектері сол кездегі мұсылман дәуірінің аса зор табысы деп тануымыз қажет. Әбу Насыр Әл-Фарабидің бұл туындылары мұсылман (түркі) ғылыми мұрасының қалыптаса түсуіне де мүмкіндік жасағаны да рас.

Фарабидің шайырлығы әдеби мұрасы туралы көп жаңалықтар келтіреді. Бұлар және оқымыстылар Фарабидің араб, парсы, түркі т.б. тілдерде әртүрлі жанрда жазғандығын растайды үзінділер келтіреді. Осымен, Әбу Насыр ибн Мұхаммед ибн Тарханның өлең өнеріннің қағидалары туралы жазған бір өлеңінен үзінді келтіре кетейік.

[Қашықтасын](#) туған жер – қалың елім,

Не бір жүйрік болдырып жараяу деген.

Шаршадым мен.

Қанатым талды менің,

Шаңқыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,

Қасіреттің жасына көз жуынар.

О, жаратқан, көп неткен ақымағың,

Құмсықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз біртұтам тіршілікте,

Әкімдік кекуллісі жүгіреді.

Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,

Жаным менің түршігіп, түнереді.

Кайтейін мен көкжиек кеңдімді.

Келер күнге үмітпен жол ашамын.

Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді,

Сонымен дететеді болашағым.

Бір шөлмекте көк сия толыптурса,

Екіншіде - шарап бар жайымәлім.

Даналықты сиямен толықтырсам,
Шарабымен шерімнен айығамын.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің орта ғасырлық еңбектеріне сүйенген қазақ ғалымдары 60-жылдар ішінде қазақ әдебиетінің тарихын қайта қарап оның даму кезеңдерін жаңадан жүйелеп шықты. Қазақ әдебиетінің орта ғасыр кезеңіне жататын әдеби мұраларды анықтап қазақ әдебиетіндегі орта ғасырдағы ислам (мұсылман) дәуірі деген кезеңді нақтылап көрсетіп берді. Бұл әдебиетіміздің тарихы үшін үлкен жаңалық болып табылады. Бұл ізденістердің бәрі біздің еліміздегі Фарабитану ғылымын нығайтып, оны әрі қарай дамыта түсті. Ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ, мұраларының қазақ даласына қайта оралуы және оның мемлекет басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық, саяси, философиялық, діни көзқарастары қазіргі жаһандану аясындағы қоғамымыз үшін өте маңызды болып табылады.

Қорытындылай айтар болсақ, Әбу Насыр Әл-Фарабидің жетістіктері, әлемдік ғылымның дамуына қосқан үлесі – өте көп. Оның Қазақстанның қоғамдық ой-пікірінің дамуына қолайлы әсер еткендігі бізге мәлім. Әбу Насыр Әл-Фараби ислам дәуірі поэзиясында өзіндік дара көркемдік қасиетімен көрсеткен шебер таланттардың алдыңғы шебінен орын алады. Әбу Насыр Әл-Фараби халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған қаламгер. Әбу Насыр Әл-Фараби Қазақстанның мақтанышы болып табылады

Әдебиет

Кобжов А. Әл-Фараби, Алматы, 1971ж.

Медетбаев Т.С. Әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұрасы. Алматы, 1998ж.

Әбу Насыр әл-Фараби 10-томдық шығармалар жинағы. Астана, 2007ж.

Қазақ тілі мен әдебиеті. Журналы, №1. 2005ж.

Алтаев Ж. Философия және мәдениеттану. Алматы, 1998 ж.

АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ М.МЫРЗАХМЕТҰЛЫ ЗЕРТТЕУІНДЕ

Серікқызы Н., Бекмағанбетова Г.Ш.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

М.Әуезовтен кейін қаншама уақыттар өрнегі көз алдымызға тізбектеліп, мерзім желі өз бағытымен соқты. Сол кезеңнің сұрапыл сағаттары солақай саясат шеңберімен ғана соғып, ащы ақиқаттарды, батыл қадамдарды жасауға мүмкіндік бермеді. Академик-жазушы сол кесірлі кезеңнің қат-қабат қиындықтарын басынан өткеріп, идеологиялық тар шеңберден шыға алмады. Оған дауылды жылдардың тұманды күндері де ерік беріп, оңтайлы, ұрымтал сәт тудырмады. Сондықтан академик-жазушыға дейін бір кезең болды, кемеңгер ғалым дүниеден озғаннан соң абайтану саласы біразға толастады. Кейіннен академик Қ.Жұмалиев кадрлар даярлай бастаған-ды. Солардың ішінде талапты, ғылымға бейім шәкірттердің бірі – ғалым Мекемтес Мырзахметұлы болды. Ұстазының берген бағытымен басталған абайтану әлеміндегі соқпағы бүгінде даңғыл жолға айналғаны ақиқат. Ғалымның абайтану тарихына, Абай әлемінің сан қилы жұмбаққа толы күрделі мәселелеріне қатысты ғылыми еңбектерінің мәні зор. 30-жылдардың соңына дейін Абайдың әдеби мұрасы жайлы болып келген пікір айтысындағы басты талас Абай дүниетанымы маңына үйірілді. Мұның дұрыс бағытта шешілуіне сол дәуірдегі біздің әдебиетімізде кеңінен орын тепкен тұрпайы социологиялық, формалистік, компартивистік сияқты түрліше жат көзқарастардың зардабы аз тиген жоқ. Сондай-ақ зерттеуге даярлығы бар дарынды ғылыми мамандар жетіспеді, яғни барының өзі саналы түрде қуғындалып, өмірден аластатылып жатты. Айтылмыш себептерге байланысты соғысқа дейінгі дәуірде

Абайдың дүниеге көзқарасы арнайы ғылыми зерттеудің нысанасына алынбай, ат үсті сөз етіліп келді. Ойшыл ақынның дүниетанымын танып-білу, ақын нәр алған рухани бұлақ көздерін зерттеу ісі, ақынның 100-жылдық мерейтойы қарсаңында кең өріс ала бастады.

М.Әуезов Абай шығармаларының нәр алған қайнар көздерінің үш арнасы жайындағы өзекті мәселені отызыншы жылдардың ортасында көтергені белгілі. Академик-жазушының бұл еңбегі жайында пікір айтқан М.Мырзахметұлының: “Абайдың әдеби мұрасының рухани нәр алған үш бұлағы жайлы тұңғыш рет тың пікірді М.Әуезов Абайдың ғылыми өмірбаянына арналған еңбегінің алғашқы нұсқасында айтса, кейіннен 1934 жылы көп даярлықпен келіп жазған “Абай ақындығының айналасы” деген ғылыми-теориялық мақаласында бұл ой-толғамдарын нақтылы әрі кең тұрғыдан тұжырымдаған еді” [1,5],– деген тұжырымының мәні зор.

Ал профессор Н.Сауранбаев «Абай көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен құбылыстардың тарихи екі негізі бар» деп көрсетсе (бірі – қазақ халқының мәдени-рухани халін терең талдап зерттеуден туған; екіншісі – Батыс пен Шығыстық дүние ғылымымен танысудан туған), Ә.Қоңыратбаев, Ә.Жиреншин, Т.Елеуовтер өз пікірлерін ортаға салғанымен, бұл дүниелерді арнаулы зерттеу жұмысы деп қарастыруға келмейді. Себебі үшеуі де өздерінен бұрын айтылған пікірлер мазмұнымен шектелген. Мәселен, Т.Елеуов Абай дүниетанымының нәр алған саласын: а) XIX ғасырдың 2-ші жартысындағы қазақ қоғамының материалдық болмысы мен б) озық ойлы орыс мәдениетінен іздеу керек деген. Осы арқылы өзге зерттеушілер пікірін қайталаған. Бұндай олқылықтар Ә.Жиреншин мен Қ.Бейсенбиевтің монографияларында тағы да қайталаанады. Бұл зерттеулер Абай дүниетанымының қалыптасуында үлкен мәні бар халқымыздың рухани қазынасын ескермейді. М.Мырзахметұлы көзқарасынша: “Өйткені қандай дарынды өнер иесі болса да халық даналығынан нәр алмай, оны табиғи жолмен сіңірмей, үйренбей өнер тұғырына шыға алмайды, яғни бұл саладан аттап өтуге болмайды”[2,45]. Сондықтан сол кезеңдегі социалогизмнің ықпалындағы бір ғана бағытты ұстаған зерттеушілер, Абайдың дүниеге көзқарасының қалыптасуында белгілі деңгейде ықпалы болған Шығыстың рухани қазына көздерін мүлдемге атаусыз қалдырды.

Аталмыш ой бедері көрнекті ғалым Р.Бердібайдың мағыналы пікірлерімен анықтала түседі. “Жылдар бойында үзіліссіз зерттелініп келген Абай мұрасының әлі күнге дейін “басы ашылмаған” немесе атүсті біржақты баяндалған тұстары аз емес. Солардың қатарында ақынның шығыс поэзиясынан алған тағылымының орны мен мәні, діни көзқарасы секілді күрделі мәселелер бар. Рас, соңғы жылдарда ақын мұрасының шығыс көркемдік мәдениет дәстүрімен сан қырлы байланысы сөз бола бастады, кейбір еңбектерде арнаулы тараулар да орын алып келеді. Мұның бәрі, әрине, игі ұмтылыстар, бірақ оларды алдағы кезде жүйелі концептуальды түрде тексеруге болмайды. Біз бұл күнге дейін шығыс поэзиясы дегенді тұтасымен ғана жалпылама алып келеміз”[3,83]. Абайдың шығыспен байланысы жүйелі зерттеуді қажет ететін келелі мәселелердің бірі.

М.Мырзахметұлында зерттеуші әрі ғалым ретінде осы ерекше дүниелердің біразы тоғысқан” [4,83]– деп жоғары баға берген болатын. М.Мырзахметұлы өз халқының патриоты, шындық пен әділет жолында табаны таймаған, турашыл, иманды, ғылымға берілген адал азамат. Абай армандаған “толық адам – инсани кемел адам” үлгісін берік ұстанған тұлға. Өз халқын, өз ұлтын ыстық ықыласпен, нұрлы көңілмен иманигүл (үш сүю) деңгейінде сүйе алмаған адамнан нағыз ұлтын ұлықтайтын, халқының мақтанышына айналар ғалым да, көсем де шықпақ емес. Ғалым не жазса да өз ұлтының рухани құндылықтарын байытуға бағыштап, еліне оның мүддесіне не керек екенін, ненің зиянды, кесепатты екенін біліп барып жазды. М.Мырзахметұлы абайтануға әуезовтану арқылы барып зор табысқа жетті. Профессор Абайды танудың, танытудың ендігі жолы М.Әуезовтің ақын жайлы еңбектерін танудан, соларды зерлеп, зерттеп білуден, қысқасы, әуезовтанудан басталуы тиіс екендігін тілге тиек етеді. Әдебиет зерттеушісі М.Әуезов тануындағы абайтанудың көкейтесті мәселелерін айқындап берді.

Олар: Бірінші, М.Әуезовті танытуындағы абайтану тәрізді ғылым саласының қалай басталып, қалай дамуын, оның қалай дараланып қалыптасып шығуын тиянақтау арқылы абайтанудың кемел тарихын жасап берді. Екінші, М.Әуезов салған соны сүрлеуді даңғыл жолға айналдыру үшін Абай мұрасының Шығысқа қатысын анықтап, дәлелдеп беруге барша күш-жігерін, ақылпарасатын жұмсады.

“Абай шығармаларының нәр алған бір қайнары – Абай мұрасының шығысқа қатысын өзінің зерттеу еңбектерінде М.Әуезов негізінен үш салаға топтастыра, олар жайлы танымның өзекті желілеріне жеке-жеке тоқтай отырып, нақтылы түрде анықтама беруге әрекет еткені байқалып тұр. Бұларды бас-басына атап өтер болсақ былайша болып шықпақ: а) Абай және Шығыс классиктері, ә) Абайдың исламиятқа қатысы, б) Шығыс хакімдерінің, ойшыл даналарының ортасында ғасырлар бойы мол сөз болған мораль философиясы жайлы мәселелерге қатысы”[1, 25],– деп Абай мен Шығыс арасындағы сабақтастықты зерделеген М.Әуезовтің тамаша тұжырымын тілге тиек етеді. Ойшылдың Шығысқа қатысы дегеніміз, мыңжылдықтарды көктей өтіп жатқан қат-қабат ислам негіздері қаланған Құран Кәрім мен Хадис Шәріптің, мұсылман ғұламаларының том-том тәпсірлері мен философиялық трактаттарының, сондай-ақ, Шығыстың жеті жұлдызы бастаған ақындарының жауһарларынан Абай нені үйренді, нені игерді, оны өз шығармаларында қалай пайдаланды дегенге саятын аса күрделі тақырып. Ақын нені үйренді, нені игерді деген мәселеге белгілі 220 мұхтартанушы ғалым Т.Жұртбайдың: “Абайдың шығыс классикасынан дәріс алуы үш бағытта өтті. Біріншісі – таза шығыстың классикалық поэзиясынан үйренуі.... Шығыс ғұламаларынан сусындаған екінші қайнары – дүниетаным, жаратылыстаным, араб, иран, түркі, ислам тарихы, ахлах (этика), мантих (логика), фихих (право), хадистер түсінігі, діни таным, діни философия, діни поэзия ағымдары, инсандық (адамгершілік) негіздері, діни және батырлық дастандар, пайғамбарлық тарихы туралы ғұламалық еңбектер.... Шығыс әдебиеттерінің үшінші көзі діни философия болды. Бұл ретте Абай өзінің “Он алтыншы”, “Он жетінші”, “Он сегізінші”, “Жиырма сегізінші”, “Отыз екінші”, “Қырық үшінші”, “Қырық төртінші” сөздерінде және өлеңдерінде өз пікірлерін білдірді”[5,17],– деп айтқан тұжырымы жақсы жауап бола алады. Шығыс жұлдыздарынан алған тәлімі, білімі ойшылдың дүниетанымының кеңеюіне үлкен ықпалын тигізген құбылыс болды. Сонымен қатар Абай шығыс ғұламаларымен ой жарыстырып, пікір тудырып отырады. Оған ойшылдың философиялық мазмұндағы өлеңдері мен осы бағыттағы қара сөздері дәлел.

Профессордың абайтану мен әуезовтану жөніндегі жазғандарымен жүйелі танысқан адам Абай шығармаларында кездесетін әрбір атаулар мен термин сөздерге анықтама беру үшін қаншама ізденгенін көре алады. Ол үшін арысы Аристотель мен Әл-Фарабиден бастап, күллі Шығыс ғұламаларының оған қатысты еңбектерін ерінбей ақтарып, оны қазақтың арғы-бергі ақындары мен ойшылдарының шығармаларымен салыстыра зерттегеніне әркімнің таңданары хақ. Әдебиет зерттеушілеріне сыры беймәлім жәуанмәртлік пен имангүл, хауас сәлимге қатысты зерттеулерінде келтірілген дәлелдерінің көптігі мен нақтылығына қарап нағыз ғалымның қалай еңбектенетіне көзін қаныға түседі. Осы орайда: “М.Мырзахметовтың... табысы сол: ол – Мұханның ендігі өмір жолында іске асырар ұлы ойларының кіші жоспарын тауып, осы “жол-жоспар” негізінде “Абай мұрасының Шығысқа қатысы” деген үлкен бір еңбек жазған. Бұл – автордың анық табысы, елеулі табысы”[4,85-б.],– деп ғалым және оның еңбегі жайында айтылған пікірді келтіре кетуді жөн санаймыз. Сонымен қатар М.Мырзахметұлының М.Әуезов пікірлерін негізге ала отырып, ақын шығысы жайлы өте тың топшылаулар жасағанын тілге тиек етеді. Профессор Абайдың Шығысқа қатысын мынадай тақырыптар бойынша қарастырған:

- а) Абайдың адамгершілік мұраттары;
- ә) Абай мұрасының рухани көздері (Абайдың ақындық кітапханасы жайында).

Аталмыш тақырыптарды жан-жақты зерделей келе ғалым мынадай қорытындыға келеді: “Абай осылайша өзінің адамгершілік ойлары жайлы ойларында бір жағынан

Шығыс ойшылдарымен көбірек табысып жатса, қоғамдық-әлеуметтік тақырыптарға жазған шығармаларында оқу-білімді, еңбекті үндеген сөздерінде, көбіне көп Белинский бастаған революцияшыл – демократтардың идеяларымен, Салтыков-Щедрин сияқты шыншыл суреткерлердің дәстүрімен өзектес келеді”[1,189-190]. Бұл ойдан түйеріміз, Шығыстың исламдық ақыл-ойының “мұсылмандық адамгершілік – жәуанмәрттік иманигүл, хауас ілімдерімен қаруланып барып Батысқа бет бұрып, оны сыншыл ой елегінен өткізе қабыладаған болатын. Бұл абайтану ғылымы жеткен үлкен жетістік ретінде қазақ әдебиеттануында нық орнықты.

Зерттеуші өзінің ұзақ жылдық табанды ізденістері арқылы Абайдың исламдық Шығысқа қатысын ашқанда ол жауаптылығын бүгінгі күнге қызмет еттіруді басты мақсат еткен. “Толық адам” – ғылым таппай мақтанбайтын, оны шын махаббатпен көксеп, меңгеруге талпынған адам. Ғалым бүгінгі қазақ халқының алдына Абайша, теологиялық ғылымды (Алланың ғылымы), қоғамдық ғылымды (өзінтану), табиғи ғылымды (дүниелік ғылым) меңгеру қажеттігін көлденең тартады. Өйткені біздегі бүгінгі тәрбие мен білім беру жүйесінің еуропалық үлгіге қазақ еліктеуінің апаты зардаптарға ұрындырып отырғаны өмірдің шындығы. Әсіресе, “Алланың ғылымынан” хабарсыз қалудың зардабы бәрінен ауыр. Алла Тағаланың ғылымының ең басты мазмұнының бірі “жәуанмәрттік” (әділет, рақым, ақыл) пен оған қарама-қарсы бағытта тұрған адам баласының бойындағы үш жағымысз зиянды (надандық, еріншектік, залымдық) сипаттарын танып-білу еді. Абайтанудың өзекті мәселелерін зерттеумен жүйелі түрде айналысқан профессор ендігі кезекте дана ақынның академиялық жинағын шығару қажеттілігін басты орынға қояды. Бұған дейін әр кезеңде шыққан толық жинақтарға көңілі толмайтынын дәлелді зерттеулермен айтып та жүр. Абай Шығыс мәдениетінің қайраткері, нақтырақ айтсақ, мұсылмандық Шығыстың аса көрнекті ойшыларының бірі. Мұхтар Әуезовтің тұжырымдауынша, Абай гуманизмінің бастауында шығыстық классикалық дәстүр жатыр[6,164].

Шығыстық кітапханасын аңғармай, хақім Абайдың “Шығыстық белгісін” табу қиынға түсері хақ. М.Мырзахметұлы осы турасында: “Ал, шындыққа келетін болсақ, Абайдың ғылым жайындағы танымының басым жағы мұсылмандық шығыстың рухани қазына көздерімен терең тамырласқан”[7, 44-45],– дейді. Ғалым Абай шығармаларында орын алған шығыстық белгілер жайындағы күрделі мәселені ғылыми тұрғыдан толығырақ аша түседі. М.Әуезов өз зерттеулерінде Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайын анықтай түсудің жолдарын және берілу тәсілдерін қарастырған. М.Мырзахметұлы ақынның қай кезде не алғанын яғни шығыс жұлдыздарының әсерін, ақын шығармаларында тікелей аты аталатын деректер көзін пайдалану барысында жүйелі зерттеу жұмысын жүргізеді. “Тарихи шындықты батыл айту, сол туралы жазу бүгінгі өміріміздің ең басты талабы”[8,9],– дегендей М.Мырзахметұлы Абайдың Шығыс әлемімен байланысының ақиқатын тарихи, ғылыми негізде таратып береді.

М.Мырзахметұлы М.Әуезов байламдары негізінде Шығыс әлемінің қатпарқатпарларына бір-бірден дендей етіп, жұмбақ жанның құпиясын табуға тырысады, әрі бұл ғылыми ізденісіне үлкен жеңіске, таптырмас қазынаға айналды. Өйткені, өзі көрсеткеніндей: “М.Әуезов Абай шығармаларындағы ақын дүниетанымына сүйене отырып, абайтану саласында ұзақ жылдар бойы іздену, ой қорыту арқылы Абайдың исламиятқа қатысын анықтауға, ол жайлы танымдарының негізін білуге ұмтылып келді. Өйткені абайтану саласында бұл тақырып өз шешімін таппады, арнайы нақтылы зерттеулер бой көтермеді. М.Әуезовтің өзі де сол кезең жағдайына байланысты Абайдың исламиятқа қатысын арнайы зерттеулер арқылы ашпайды, осы саладағы ұзақ жылғы зерттеуден туған ойларын қорыту, келешек зерттеулерге адастырмас бағыт берер тезистік ой-пікірлер жемісін ұсынумен шектеледі”[1,42].

Ғалым Абай мен Шығыс арасындағы сабақтастықты және осы келелі мәселелерді ғылыми айналымға түсірген М.Әуезов еңбектерін зерделеу арқылы абайтану, мұхтартану салаларының биік деңгейге көтерілуіне үлкен үлес қосты. “Абайтану мен мұхтартануды

XXI ғасыр көгіне алып шығу үшін ендігі ізденушілер бұл салада профессор Мекемтас ашқан жаңалықтарды зерделеуі, араб, парсы тіліндегі түпнұсқаларды еркін оқып, ұлы Абайдың Исламдық Шығысқа қатысын, түркілік тек-тамырын жеріне жеткізе зерттеу арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының көкжиегін одан әрі кеңейтуге ат салысуы керек”[9,133].

Қорыта айтқанда, М.Мырзахметұлы Абайдың Шығыс дүниесіне қатысты ғылыми зерттеулерінде бүгінгі күнге дейін бізге жұмбақ болған, күңгірттеу болып келген келелі мәселелердің ғылыми шешімін тапты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзахметов М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.
2. Мырзахмет М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.
3. Бердібай Р. Сенімі кәміл кемеңгер // Абай. – 1995. – № 1-2. – Б.80-87. 222
4. Мұхамәдиев Д. Абайтанушы. – Алматы: Evo Press, 2013. – 234 б.
5. Жұртбай Т. Кемеңгердің кітапханасы // Парасат. – 1995. – № 8. – Б. 17.
6. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1959. – 556 б.
7. Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы... – Астана: Білге, 2002. – 432 б.
8. Молдаханов Ә. Төл әдебиетімізде ақтандақтар бар ма? // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1992. – № 10. – Б. 10-15.
9. Мұхамәдиев Д. Сан қырлы ғалым. – Алматы: Дәстүр, 2014. – 288 б.

СПИСАНИЕ КРЕДИТНЫХ ДОЛГОВ НАСЕЛЕНИЯ

Сисен С.С., Ким Н.Р.

Кызылордский государственный университет имени Коркыт Ата

«Эта акция имеет разовый характер: дальше мы увлекаться такими мерами не сможем, не имеем права. Но то, что мы объявили, мы должны выполнить в срок и качественно»... Токаев Касым-Жомарт, президент Республики Казахстан

Как мы все знаем, 26 июня 2019 г. президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевич отдал поручение Правительству и Национальному банку РК списать долги по беззалоговым потребительским кредитам определенной группе лиц населения. Остальным казахстанцам – простить пеню и штрафы по кредиторской задолженности.

Цель акции - помочь населению Казахстана, оказавшимся в сложной жизненной ситуации, дать им возможность улучшить финансовое положение своей семьи.

Списание долгов по беззалоговым потребительским кредитам коснулись шести категорий граждан, как считает Правительство «социально-уязвимых»:

- многодетные семьи;
- семьи, получающие пособие по потере кормильца;
- семьи, имеющие детей-инвалидов, инвалидов с детства старше 18 лет;
- получатели адресной социальной помощи;
- дети-сироты;
- дети, оставшиеся без попечения родителей, не достигшие 29 лет, потерявшие родителей до совершеннолетия.

Условиями списания также является что сумма общей задолженности по кредиту не должна превышать 3 млн тенге на 1 июня 2019 года. Государство может погасить максимум 300 тысяч тенге на одного заемщика (в эту сумму входит основной долг и

начисленное вознаграждение). Для более 55% заемщиков, то есть для 250 тысяч человек, это означает полную оплату общего размера задолженности.

Также независимо от социального статуса населения всем гражданам Казахстана спишут начисленные пени и штрафы по имеющимся беззалоговым потребительским займам в банках и микрофинансовых организациях [1].

30 июля 2019 года банки и микрофинансовые организации завершили работы по списанию штрафов и пеней по беззалоговым потребительским займам 1 млн 192 тысячи 834 заемщикам на общую сумму свыше 33 млрд 620 млн тенге.

На июль 2019 года были определены списатели получателей помощи в виде списания кредитов в пределах 300 тыс тенге, в количестве 507 тыс человек. Это где то 630 тыс кредитов на сумму 106 млрд.тенге.

Таким образом, пройдя небольшой промежуток времени, рассмотрим каковы итоги реализации Указа Президента РК.

Осенью 2019 года было решено продлить акцию, так как не возможно было быстро ее завершить. Многие попадающие под эти категории граждане не успели собрать необходимый перечень документов.

Чиновники разделили поручение главы государства на два направления: погашение основной задолженности по беззалоговым потребкредитам (первое) и списание штрафов и пеней по ним (второе). В рамках первой части программы на 1 февраля 2020 года была погашена задолженность 554 тыс. граждан на сумму 115 млрд тенге.

СПИСАНИЕ ЗАДОЛЖЕННОСТИ ПО БЕЗЗАЛОГОВЫМ ЗАЙМАМ



СПИСАНИЕ ШТРАФОВ И ПЕНЕЙ ПО БЕЗЗАЛОГОВЫМ ЗАЙМАМ



Рисунок 1. Списание долгов населения в структуре регионов [2]

Как видно из рисунка 1, 18% от общей суммы прощенных кредитов пришлось на жителей Алматы, 22% – на проживающих в Туркестанской области и городе Шымкенте, 5% – на жителей столицы.

В рамках второго направления на отчетную дату было погашено штрафов и пеней 1,2 млн граждан на сумму 33,6 млрд тенге. По условиям программы 70% от этой суммы

было списано за счет кредиторов. За счет средств Нацбанка было возмещено 30% расходов, или 10,1 млрд тенге, сообщили в АРРФР.

Как видно из рисунка 1, основная доля прощений здесь также пришлась на бывшую столицу (21% от общей суммы). Кроме алматинцев, больше всех повезло жителям Нур-Султана (10%), Восточно-Казахстанской (8%) и Алматинской (7%) областей.

Если говорить о количестве заемщиков, то регионы – «лидеры» по данному показателю расположились в том же порядке, что и по объемам списания в рамках каждого из направлений (Рисунок 1).

Далее рассмотрим плюсы и минусы проведения данной акции.

Плюсы. Социальный эффект. Это беспрецедентная помощь определенной категории граждан. По итогам реализации указа Президента сотни тысяч семей смогут снизить задолженность или полностью погасить свои займы, тем самым улучшить благосостояние. Очевидно, что после получения помощи граждане направят сэкономленные средства на другие сферы жизни, расширив свое участие в экономике. Таким образом, это важный шаг для улучшения качества жизни граждан и дальнейшего экономического роста.

Также банки и микрофинансовые организации получили возможность проявить свою социальную ответственность и оказать помощь нашим гражданам по снижению долговой нагрузки. Данная мера позволит банкам повысить качество ссудного портфеля и в дальнейшем осуществлять кредитование более ответственно [3].

Главный плюс это оздоровление финансовой системы страны и избежание социального взрыва среди населения.

Отрицательные моменты. Встречались ситуации, когда у заемщика списывалась часть долга, хотя он этого не желал.

В данном случае, надо было проработать определенный механизм. Не все, например относящиеся к данной категории лиц являются в реальности социально уязвимыми и наоборот отсутствие актуальных данных о нуждающихся людях, то есть тех которые не попали в список.




Рисунок 2. Объем выданных потребительских ссуд населению, трлн.тн

Как видно из рисунка 2, как до Указа Президента РК о списании части кредитных долгов, так и после этого объем выданных потребительских кредитов возрастает.

Согласно отчету Нацбанка, за год рост выдачи потребзаймов составил 24,4%. На 1 января 2020 года долг населения перед БВУ по таким ссудам превышал 4,3 трлн тенге.

Для предотвращения сложившейся ситуации с потребительскими кредитами в будущем Нацбанку по поручению президента необходимо принять жесткие меры регуляторного характера, а также усилить ответственность финансовых организаций за принятия на себя чрезмерных рисков. Другими словами, банки будут намного осторожнее давать новые кредиты всем, за кого долги погасило государство.

Банкам необходимо совершенствовать систему оценки заемщиков при выдаче кредитов. Желательно было бы подключать к скоринговым системам государственные базы данных и систему кредитных бюро. Но самое главное – это финансовая грамотность

населения. Люди должны брать кредиты осознанно и понимать, что все привлеченные займы они смогут вернуть без ущерба для своей семьи [2].

Кроме того, есть третье направление Указа Президента, согласно которому Национальному Банку РК необходимо принять комплекс мер регуляторного характера по усилению ответственности финансовых организаций, предусматривающих:

1. запрет начисления неустойки, комиссий и иных платежей, связанных с выдачей и обслуживанием кредита, по всем беззалоговым потребительским займам физических лиц с просроченной задолженностью свыше 90 дней;
2. запрет на предоставление займов гражданам с доходом ниже прожиточного минимума;
3. дополнительные меры регулирования при выдаче беззалоговых потребительских займов.

Отрицательным и главным моментом данной акции: даже если акция по списанию кредитов разовая, вполне вероятно, что она способствует формированию иждивенческих настроений. Найдутся люди, которые будут брать кредиты с мыслью, что «государство, которое уже один раз простило, простит еще раз».

Это хорошо, если оказали помощь точно «нуждающимся». Однако есть и те, которые нуждается, но кредиты не берут, или те, кто недавно погасил свои кредиты без штрафов и просрочек. Кредиты сами собой не закрываются, тратятся деньги государства, то есть налогоплательщиков, а ведь эти деньги, к примеру, можно было потратить на увеличение пенсий и пособий, улучшения системы здравоохранения или образования.

Рассмотрим мировую практику списание кредитных долгов (таблица 1).

Таблица 1

Списание кредитных долгов в зарубежных странах

Количество заемщиков	Общая сумма списания	Примечание
Казахстан, 2019 год		
500 тыс	105 млрд.тенге	Общая сумма задолженности не должна превышать 3 млн.тн на 01.06.2019 г. Списывали не более 300 тыс.тн. Списание долгов распространяется на социально-уязвимые и многодетные семьи
Грузия, 2018 год		
609,5 тыс	574,5 млрд.тн	Списывали гражданам, которые более года не могут выплатить задолженность банкам. Сумма основного долга, без учета процентов и штрафов, не должна превышать 287,2 тыс.тенге
ОАЭ, 2012 год		
6,8 тыс	206,8 млрд.тн	Банковские кредиты не превышающие 103,4 млн.тн. Программа распространялась, в том числе и на тех граждан, которые уже отбывали тюремный срок за неуплату своих долгов, и на тех, кто ожидал судебного решения
ОАЭ, 2019 год		
3,3 тыс	37,5 млрд.тн	Получателям помощи запрещается брать кредит в банках ОАЭ до погашения предыдущего займа
Россия, 2017 год		
42 млн.	247,6 млрд.тн	Списали задолженность по налогам за недвижимость, земельные участки, а также долги по пеням на 01.01.2015 г. И признали безнадежные долги ИП по некоторым видам налогам на 01.01.2015 г
Южная Корея, 2019 год		
1,2 млн.	-	Физические лица, которые не смогли расплатиться с

		кредитом или ипотекой за 10 лет. Сумма задолженности не должна превышать 3,3 млн.тенге [4]
--	--	--

Таким образом, любой кредит – это прежде всего возвратные средства, поэтому следует четко оценивать свои возможности по обслуживанию займов.

Список литературы

- 1 <https://informburo.kz/cards/komu-i-kogda-spishut-dolgi-po-kreditam-vsyo-что-nuzhno-znat.html>
- 2 <https://kursiv.kz/news/finansy/2020-02/komu-v-kazakhstanе-chasche-proschayut -dolgi>
- 3 <https://inbusiness.kz/ru/news/pamyatka-po-spisaniyu-kreditov-naseleniyu>
- 4 Официальный сайт Национального банка РК

ЖАСТАРДЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

Бердібек Қ.М., Амзеева Г.Ә.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытында болып жатқан түбегейлі жаңаруларға байланысты білім мен тәрбие жүйесінде мол өзгерістер туындап отыр. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ұсынылып, «Мәдени мұра» бағдарламасы талқыланып жатқан тұста, тәрбиеге жаңа көзқарастармен қарау қажеттігі туындады [1].

Сондықтан да ХХІ ғасырдың жаһандану мен ұлттық тенденциялардың бірлігі мен күресі, үйлесімімен теңестірген елдің, ұлттың, жеке адамның адамгершілік қасиет сапаларын, ар-намысын жаңа қырынан саралауды талап етіп отыр.

Өйткені жаңа ғасырдың басында адамның қоршаған ортамен өзара қатынасы шиелене түсті. Бұл бір жағынан, барша саланың ғаламдануы, ал екінші жағынан рухани азғындаудың бас көтеріп, үдеу үрдісімен түсіндіріледі. Бүгінгі таңда республикамызда күннен күнге нашақорлық, маскүнемдік, жұмыссыздық пен тастанды балалар санының көбеюі, Қазақстан сәбилерінің жер жүзіне таралып, қолды болуына, жалпы тәрбие процесін күрделенгенін байқатты.

Қазіргі жаһандану заманында әр тұлға ісінің нәтижелі болуы, әлемдік бәсекеге төтеп беруі қай кісінің болса да өзінің қабілеті мен тапқырлығына, білім-біліктілігіне байланысты екендігі – ақиқат аксиомаға айналды. Осы ғаламдық үдеріске сай адам ресурс адам факторы, “адам капиталы” деген сияқты жаңа әлеуметтік-педагогикалық ұғымдардың пайда болуы да заңды құбылыс. «Адам капиталы» өркениетке өрлеудің, жаһандану бәсекеге қабілетті болудың шешуші факторына айналғаны мәлім. Қазіргі қарыштап қарқынды даму кезеңде адамның жай қабілеттілігі мен ебдейлігі әлемдік бәсекелестік жарыста, озып шығу үшін жеткіліксіз болып отырғаны белгілі. Мұндай «Аламан бәйгеде» басқадан қалып қалмас үшін кәдімгі қазақы үйреншікті пысықтық пен ептілікті творчестволық және бәсекелестік қабілеттілікпен толықтырумыз тиіс. Сондықтан қабілеттіліктің мән-мағынасына, қабілетіңе қарай кәсіп таңдай білуге, шығармашылық қабілеттіліктің сыр-сипатына, кәсіпкерлік бәсекелестікке, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр[2].

Бүгінгі күнде еліміздің үштен бір бөлігін құрайтын жастар - келешек қоғамның жарқын болашағын қалыптастыратын стратегиялық мақсаттарды жүзеге асырушысы екені мәлім. Сондықтан жастардың білімді, дәстүрмен қатар өз заманының озық діни құндылықтарын меңгерген, бәсекеге қабілетті болғаны абзал. Осы тұста жастардың дұрыс

әлеуметтенуімен қоса ұлттық құндылықтарды иеленуі мен тәрбиеленуі маңызды болып табылады.

Жастар халықтың қоғамдық белсенді бөлігі және тәуелсіз еліміздің болашақ дамуы үшін стратегиялық ресурсы болып табылады. Жастардың мемлекет мүддесі мен мемлекеттің болашақта дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндіктері бар зияттылық және рухани саналы тұлғаның қалыптасуы қажеттілігі аясында айқындалады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаттарының бірі - ол жастардың әлеуметтік дербестігі, дәстүрлі діни құндылықтарды тұлғалық қалыптасуын жүзеге асырумен қоса, құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау және нығайту болып табылады. Жастар саясатын жүйелі жүргізу қажеттілігі өзінің әлеуметтендіру процесінде жас адамның кезігіп отыратын өмір қиыншылықтарымен айқындалады. Жастар өзінің біліктілігі және кәсіби даярлығы деңгейінің төмендігіне байланысты халықтың аз қорғалған бөлігі болып табылады.

Демек, қоғамдық, әлеуметтік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын, яғни адамгершілік құндылықтарының жоғары болуын қамтамасыз етіп, азамат тәрбиелеудің жаңа бағыттарын ойластырудың қажеттігі туындады.

Осы ретте, жастардың бойында адамгершілікке бағытталған жүйе қалыптастыруды, тәрбие жұмысын ұтымды жоспарлай білуді және жаңа технологиялық негіздерді оңтайлы ұйымдастыруды жүзеге асыру, тәрбие процесін жаңа ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттелуін де талап етеді.

Жастардың рухани құндылықтарының қалыптастыру мәселесі барлық кезеңдерде де өзектілігін жоймай, педагогика ғылымының зерттеу нысаны болудан тайған емес. Оның өнеге үлгілерін өскелең ұрпақ тәрбиесінде пайдалану қажеттілігі мен теориялық педагогикалық негіздері Аристотель, Сократ, Платоннан басталып, бұл мәселені алыс жақын шетел педагогтары Б.С.Гершунский, И.П. Подласый, Н.Е. Щуркова т.б. жалғастырып, психологтар В. Франкл, Л.И.Божович, С.Л. Рубинштейн, Ж.Ы. Намазбаева, Қ.Б. Жарықбаев т.б. ғылыми теориялық тұрғыдан тереңдетті [3].

Қазақ даласының ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Б.Баласұғын, М.Қашқари, ғұлама ағартушылар Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, ХХ-ғасырдың бірінші жартысындағы педагог ағартушылар тобы М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров ұлттық адамгершілік құндылықтарының негізін салған философтармен мәдениеттанушылар Ә.Нысанбаев, Л.Кішібеков, Ғ.Есім, Т.Ғабитов т.б. ары қарай жалғастырды [3].

Рухани құндылықтың қайнар көзі, алтын арнасы ұлттық байлықта, яғни, ұлттың рухани, мәдени байлығын ұлттық байлықпен ұштастыру, оның озық үлгілерімен байланыстыру-жас ұрпақты жан- жақты дамыту жеке тұлға қалыптастырудың бірден-бір жолы болып табылады.

Рухани құндылықтар – ұлттың тірегі, ұлттың моральдық жетекшісі. Егер жетекшісі адасса, артындағы топ та соның артынан кетпек. Сонда көкейде бір сұрақ туады: “Бүгінгі таңда жастарымыздың рухани құндылықтары не? Оның жай-күйі қандай?” Жауап әрине көңіл қуантарлық емес. Қазіргі қазақ жастардың көпшілігі жаһандану заманына сай боламыз деп, өздерінің адами келбеттерін, ұлттық санасын ақсатып алған. Кітап оқуды мүлдем естен шығарған. Абай атамыз «Артық білім кітапта», - деген. Өз интелектісін өрлетпек боп жүргендер жоқтың қасы. Тіпті олардың тындайтын шет елдік әуендері біздің менталитетімізге тым жат, кейбіреулері тіптен мәңсіз. Туған жерге деген сүйіспеншілік жоқ деуге болады. Сонымен қоса әр түрлі жұлдыздарға еліктеулері де оларды өздерінің идеалдары санауы. Бұрынғының идеалдары Абай, Шоқан, Мұхтар, Бауыржан тағы басқа зиялы тұлға болса, қазіргі жастарда бізге жат шетелдік әнші мен актерлер ғана. Соларға ұқсағысы келіп өздерінің шынайы қазақы болмысын жоғалтуда. Бұл да рухани азуды көрсетеді. Ал рухани байлығын, адами және мәдени құндылықтарын, ұлттық санасын, дәстүрін жоғалтқан ұлттың болашағы әрқашан бұлыңғыр болмақ. Егер болашағымыздың

жарқын болуын қаласақ, осы мәселелерді шешуіміз керек. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу міндет [4].

Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Әрбір қоғам алдына қойған мақсаты - сол келешек қоғам иелерін жан- жақты жетілген, ақыл-парасаты мол мәдени ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу. Ендеше жаңа дәуірде жаңашыл адамды қалыптастыру қажеттілігі туып отыр. Осыған сәйкес жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру –қазіргі қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл заңды да, өйткені біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының рөлі барған сайын артып, моральдік фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді. Сондай-ақ қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе тұлғаны рухани дамыту. Рухани даму дегеніміз - өзінің өміріндегі орынын жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіру. Қазақ даласының ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Б.Баласұғын, М.Қашқари, ғұлама ағартушылар Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, XX ғасырдың бірінші жартысындағы педагог- ағартушыларын және олардың шығармашылық, еңбек жолдарын үлгі ретінде қарасақ, жаңылмаймыз.

Руханилық ең жоғарғы құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті. Руханилық ізгі ақылдың шешімі, ізгі жүрек әмірі, ізгі сезімі махаббат пен жанашырлық сананы және санадан тыс әрекеттерден көрінуі. Руханилық- жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізі адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Ұлттық құндылықтарымызды бүгінгі заман сұранысымен сабақтастыра байланыстырып, оқу-тәрбие үдерісіне өндіруіміз қажет. Ал бұл ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпақтың бойына сіңіруге, сондай-ақ, ғылыми тұрғыда негізделген білім берудегі қоғамдық пәндердің алатын орны ерекше. Әсіресе, дінтану, тарих, мәдениеттану, қоғамтану пәндері ұлттық мұраларымыздың негізгі насихаттаушысы, жаршысы десек қателеспейтініміз анық.

Жастар қанша өзгеше қасиеттерге ие болмасын, ол таптан, әлеуметтік топтан тысқары өмір сүре алмайды. Сондықтан да жастар мәселесі күллі қоғамға қозғау салатын кең көлемдегі әлеуметтік мәселелерден да ауқымды және күрделі мәселелер қатарына жатады. Ал тұлғаның әлеуметтенуі деп оның қоғамға енуі арқылы сыртқы орта мен жекелік сапаларының әсерлерінің негізінде өзінің жекелік және әлеуметтік мәнін көрсетуін айтады. Атап өткен құндылықтар бойынша жастардың әлеуметтенуі – бұл жас адамның қоғамның мәдени құндылықтарын белсенді қабылдауы, әлеуметтік өмірге қатысты білімдер мен тәжірибелерді толықтыру процесі.

Бүгінгі таңда жастардың өміріне қатысты ең өзекті мәселе - ол олардың бос уақыттарын дұрыс пайдалана білмеу мәселесі болып отыр. Бос уақыттың қаншалықты қызықты өтуі үйренуге, шығармашылық мазмұндағы ізденіске, дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталса, ол денені жетілдіруге ғана емес, сонымен бірге рухани баюға да мұрындық болады. Жастардың бос уақытының сипаты оның оқуы мен өндірістік қызметіндегі мүдделеріне байланысты болуы керек. Егер жас адам енжар, ешқандай ақыл-ой және іс-әрекет жасамай, демалыс күннің негізгі уақытын теледидар алдында өткізіп, уақытты босқа өткізуге арналса, оның еңбектегі белсендігі де азаяды. Жастардың бос уақытын дұрыс пайдалана білу өндірістік қызмет істерімен байланысты жүргізілсе, тұлғаны сипаттайтын адамгершілік, рухани және физикалық сапалардың да сапасы арта түседі. Жастарға оқу, махаббат, бос уақыт т.б. мейлінше қызықты. Сондықтан жастардың уақыт тынысын нәзік сезінуге қабілеттілігіне таң қалуға болмайды.

Радио мен телеарналарда біраз ұлттық болмысымызға сай бағдарламалардың жүргізілуін үлкен игіліктің бастауы деп санауға болады. Мәселен, «Мың бір мақал жүз бір жұмбақ», «Күлтөбе», «Дода», «Тіл» т.б. бағдарламалардың тәлім-тәрбиелік құндылығы өте зор.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең тұлғаны толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды [5].

Сонымен қорытындай келе, осындай халқымыздың бойына біте қайнасқан ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген насихаттары асыл мұраларымыз арқасында дарынды, тәрбиелі жастардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізе отырып, патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей жұмылдырады. Әр нәрсенің өз құндылығын білгенмен, біз өз құндылықтарымызға назар аударма бермейміз. Жас ұрпақтың дүние танымындағы өзгерістердің мәнін ой елегінен өткізіп, зерделеу болса, өмірлік мақсат-мүддеден де маңызды. Қоғам дамуының жаңа арнаға түсуі, яғни азаматтығымызды алып, көк туымыз көтерілуі ұлттың дамуына, өркендеуіне бөгеу жоқ деп түсіндіріледі. Жастардың рухани құндылықтарын қалыптастыру мәселесіне жан-жақты көңіл бөлінбесе, жастар ата тегін, руын, жеті атасын білмеуден қалуы мүмкін. Сондықтанда «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Жастар тәрбиесінен ешкім де бейтарап қалуға тиісті емес. Себебі ол келер қоғамның бет бейнесін айқындайтын күрделі, аса маңызды іс. Дәстүрлі, әр бір ұлттың ерекшеліктерін ескеріп, құндылықтарымыздың озығын негіздей отырып, қоғамға оң көзқарасты тәлім ұсыну әр бір азаматтардың міндеті екенін ұмытпауымыз керек. Сол үшін бабалардан келе жатқан рухани мәдениетімізді әрі қарай жалғастыруымыз керек. Қоғамымыздың ертеңгі болашағы – бүгінгі жастардың тәрбиесімен тығыз байланыста.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. –Астана, 2016
2. Аманжолова А.А. Жеке тұлғаны адамгершілік рухани бағытта тәрбиелеу. (Өзіндік таным,2005 №2).
3. Игісінова Н.Б. Жастарға адамгершілік-рухани тәрбие берудің негізі.(Өзіндік таным.2004, №5,2-4бет.)
4. Құрманбаева М. Тұлғаны рухани- адамгершілікке тәрбиелеу (Бастауыш мектеп 2005,№1,25-26 бет)
5. Сыдықова М. Жас ұрпақты рухани құндылықтар негізінде әлеуметтендіруге ұлттық мәдениеттің ролі.(Ұлағат 2000жыл,№2.)

СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ КАЗАХСТАНА

Шакибаев М.К.
АРГУ им. К. Жубанова

Масштабные преобразования, осуществляемые в рамках программ модернизации или реформ образования, как правило, не ограничиваются одним направлением, а затрагивают фактически все аспекты образовательной деятельности: целевые установки и содержание образования, его организационные и управленческие структуры, методы и технологии обучения, источники и механизмы финансирования, условия и формы международного образовательного сотрудничества. [1]

Если обращаться к деятельности ЮНЕСКО, то можно сказать, что сектор социальных и гуманитарных наук в кластерном бюро оказывает поддержку Государствам-Членам в укреплении основанного на фактических данных государственной политики, повышении институционального и человеческого потенциала на всех уровнях для создания, управления и применения знаний для инклюзивного и устойчивого развития, основанного

на правах человека и всеобщих свобод с уделением особого внимания наиболее уязвимым группам населения.

Социальные и гуманитарные науки являются третьей основной программой ЮНЕСКО. В глобальном масштабе гуманистической миссия содействует взаимопониманию между людьми и работа охватывает следующие тематические вопросы: культура мира, развитие молодежи; права человека; гендерное равенство, философия; социальные трансформации, биозтика и этика в науке и технике; и социальное и человеческое влияние в изменении климата.

На 40-ой сессии Генеральной конференции ЮНЕСКО в ноябре 2019 года была принята Глобальная конвенция о признании квалификаций в области высшего образования, где было озвучено что сегодня 5 миллионов студентов обучаются за рубежом, а 2,5 миллиона - за пределами своей страны. По оценкам экспертов, эти цифры будут расти в ближайшие годы. Такая значительная мобильность студентов высших учебных заведений требует создания глобальной нормативной базы для признания квалификаций высшего образования, то есть принятия Глобальной конвенции о признании квалификаций области высшего образования.

Данная конвенция является первым международным соглашением Организации Объединенных Наций о высшем образовании с глобальным охватом. Она позволит уменьшить препятствия, с которыми сталкиваются студенты, преподаватели, исследователи и лица, ищущие работу за пределами своих стран. В соответствии с Повесткой дня «Образование 2030» и современными глобальными тенденциями в области высшего образования, конвенция направлена на содействие академической мобильности, повышение качества высших учебных заведений и расширение международного сотрудничества в сфере высшего образования. [2]

Интернационализация и глобализация приводят к размыванию национальных рамок образовательной политики, в которые помещены университеты. Если большинство современных высших учебных заведений полностью интегрированы в свои национальные системы образования, а научная среда становится все более интернационализированной, характеризующейся глобализированным и либерализованным рынком рабочей силы с ее мобильностью, то в такой среде характер ведения образовательной политики в национальных рамках становится все более и более неприемлемым.

research question: “In what ways and to what extent does the civil society contribute to inclusive education reforms in Kazakhstan, as perceived by NGO representatives? Framework of Analyzing Inclusive Education Development In order to understand and to assess the impact of NGOs in inclusive education development, a conceptual framework provided by Booth and Ainscow (2002) was chosen. This framework known as The Index for Inclusion was developed by Booth and Ainscow as a research-based tool created specifically to analyze the development and the implementation of an inclusive model of education. The conceptual framework has been often used in the research regarding inclusive education development (Nes, 2009; Duke, 2009; Carrington & Duke, 2014). The Index consists of three dimensions which are creating inclusive cultures, producing inclusive policies and evolving inclusive practices. Each of these dimensions has further sections and guiding questions that cater for a variety of responses across different educational contexts. The first dimension of ‘inclusive cultures’ refers to the values and the principles that guide decisions about policies and practices. The second, inclusive policies include those policies and laws that welcome the diversity of learners and minimize exclusionary pressures. Lastly, inclusive practices reveal what methodological materials and resources exist and how the learning process is orchestrated. Although mostly used in schools, the authors suggest it could be applied more broadly across other educational contexts as an analytical framework indicating systemic strengths and challenges across each of the three dimensions. In order to form a holistic understanding of the role of civil society organization in developing inclusive education and to answer the research question, this framework was applied throughout the study. Importance of the Research The politics of education has long been a neglected and an underestimated field in educational research (Jakobi et al., 2010). Unveiling the contribution of grassroots movements to transforming education in Kazakhstan is significant in challenging current political assumptions concerning educational reforms in policy and practice. It opens up a transparent discussion on the politics of inclusive education. The present study aims to give credit to the leadership potential of social groups and individuals in empowering civil society in Kazakhstan. The study is important for civil society activists and organizations to learn about potential ways and tools to promote their agendas on policy and political levels. This research also sheds lights on how the state and CSOs can build cooperative relationships to have a more powerful impact on educational reforms. Finally, the study contributes to enriching academic knowledge concerning civil activism in educational policy-making in Central Asia and in a post-soviet context which to date is under-researched. Conducting a large-scale study incorporating quantitative methodologies basing on the set of themes developed in this research would be a logical next step from here, allowing to generate more representative results. More themes might emerge from studying the experiences of other regional and, possibly, rural civil society associations and groups. However, what cannot be easily refuted now is that the movement towards inclusive education does have a wide bottom-up support, and this is the key finding of the present research.

References :

- 1) Adayeva, N. & Satkaliyeva, T. (2016). The innovative management in the field of inclusive education and its impact on the public health in the Republic of Kazakhstan. *International Journal of Economics and Financial Issues*;
- 2) Atanesyan, K., Batra, G., York, N. & Heider, C. (2015). Kazakhstan - Country program evaluation;
- 3) NGOs, political protest, and civil society. New York: Cambridge University Press;
- 4) Educational reform and internationalization: the case of school reform in Kazakhstan. Cambridge, United Kingdom: Cambridge University Press;
- 5) Learning about inclusion from developing countries: Using the index for inclusion. *International Perspectives on Inclusive Education*, 3, 189 – 203.

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Тамабай Н.Э., Базартай Ж.Н.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Бізге жеткен тағылымды тарлан, талай дәуірді басынан өткерген тарих беттерінен 1465-ші жылы Жәнібек пен Керей бабамыз «Қазақ» атты дархан елімізді тарих сахнасына шығарып, тұғырына тұрақтатқаны белгілі. Бұл кезеңде бабаларымыз жеке бастың қамы, атақ пен абыройдың дәні үшін емес мәңгілік елдің мәні үшін өз бетінше хандық құрып соны басқара білді. Алғашқы жылдары қоныс аударған ұлы көш Шу өңіріне тұрақтап моғолстан елімен көрші болып, біраз уақытқа еңселерін тіктеп алған соң өздерінің ата-бабасынан қалған тарихи тұрақтарын біртіндеп өз төңіректеріне алып, іргесін кеңейте бастады. Бұған дәлел: 1470 жылдың күз айларынан бастап өздерінің ата қонысы Түркістан қаласынан бастап, Созақ, Сығанақ, Сауран қалаларын өз қарамақтарына алып елінің жайлы тұрмысына дәнекер болуы(10-сынып, Қазақстан тарихы пәні оқулығы). Бұл келтірілген дәлел Жәнібек пен Керей атамызбен халқының ерен еңбегі болса, дәл осы тұста халықтың қамын ойлап, қамығып, жүзге келмей өлмеген, малы екі қайтара төлдеген, елді жау алмайтын, малға жұт келмейтін, шөбі шүйгін, суы мол шаруаға жайлы, адамы қайғы дегеннің, қастандық дегеннің не екенін білмейтін, ертеңім не болады деп ойламайтын, елге ырыс, онда жұрттың бәрі тең бәрі де шат-шадыман тірлік кешетін, ел аласы жоқ, ағайын арасы тату, бірліктің ырыстың, бақ дәулетті, тыныш, бейбіт тұрмыстың белгісі ретінде қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын—жер үстіндегі адамзат көруі мүмкін «Жер үйекті» мұрат еткен бүгінге аты аңыз елі үшін еміренген – Асан қайғы бабамыз еді., Бұл сапардың оңай болмасы бірден білінеді, себебі: Ұзақ, азапты сапарға жылдар бойы әзірлену керек. Мал төлден тыйылуға, ер төсегінен безінуге тиіс. Соншалық төзім, шыдамды бастан өткерген соң ғана «Жер үйекке» сапар шегуге болады. Жол ауыр: шөлстан бар, аптап ыстық бар, соның бәріне сабырмен, шыдамдылықпен төзген, жолда кездесетін барлық қиыншылықтарды көтере алатын, бақыт дегеннің, бақытқа жету жолындағы күрес дегеннің не екенін білетін ел ғана «Жер үйекке» қоныстанбақ. Осыншама ауыртпалықтарды білсе де Асан қайғы төзімді жануар ретінде «Желмаяға» мініп «жер үйекті» іздеуге аттанады бұл сапарға Асан қайғы өзінің бақыты үшін, өзінің жан рахаты үшін емес мұқым елдің мұраты үшін, мұқым елдің қамы үшін, өз халқының бақыты үшін, халқыны мәңгілік мекен болатын, жан рахатын сыйлайтын осынау қасиетті жерді іздеуге аттанады. Бұл сапардың негізінде! «МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ» жатқандығы айдан анық. Бүгінгі ұрпақ «Жер үйекке» қоныс аудармаса да жазиралы дарқан «Қазақстан» атты тау баурайы асыл қазынаға, кенге бай, байтақ жерде ғұмыр кешуде! Одан кейінгі жылдарда әрбір, хандар, сұлтандар, билер өз халықын мәңгілік ел ету жолында әр қайсы әр түрлі бағытта өздерінің саяси бағыттарын жүргізді, олардың ішінде жүзеге асқандары да, негіссіз қалғандары да болды, бабаларымыз елін жерін қорғап, мәңгілік ел ету мақсатында сан түрлі амалдар жасады, сан түрлі кезеңдерден өтті. Халықта назардан тыс қалмай басшыларының ойын қуаттап, істерін жүзеге асыруға себепкер болып отырды. Олардан атап айтар болсақ: «Қасым ханның қасқа жолы». Бұл заңды Қасым хан өзі билік жүргізген жылдары қазақ қоғамындағы құқықтық нормаларды реттеу мақсатында алғашқы қазақ заңы «Қасқа Жолды» жарыққа шығарған. Бұл заң халық арасында бұғырыннан қалыптасқан әдеп-ғұрып ережелері негізінде жасалған. Заңның негізгі бағыты сол кездегі мұсылман елдер арасында жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң бола білді. Билердің кеңесінде көппен ақылдасып, «Жарғы» ережелеріне («ақсақалдар ережесі», «ата-баба жолы», «жөн жосықтар») мәнді өзгерістер енгізілді. Қасым ханның бұрынғы заң қағидаларына өзгеріс енгізіп, өзінің жасап шыққан заң ережелері:

Мүлік заңы (мал-мүлік, жер-су, қоныс дауларын шешу ережелері);
Қылмыс заңы (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық, т.б. қолданылатын шаралар,)
Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, едің құны т.б.)
Елшілік жоралары (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы
сыпайылық, сөйлеу мәнері)

Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер,
жылу, асар, т.б.)

Қасым ханның реформалары ғасырлар бойы тұтастай қалыптасқан көшпелілер өмір салтына нұқсан келтірместен белгілі бір жаңалықтар енгізді, әрі олар көлемді болған. Заң жалпылама емес, заңдылық пен тәртіпті, қазақ мемлекеттілігі мен елбасының беделін нығайтуға бағытталған қоғамдық саяси қатынастардағы демократиялық және азаматтық қағидаларды нығайту мақсатында жасалған.

«Есім ханның ескі жолы». Бұл заң өзінің мазмұнына қарай құн дауы, жер дауы, жесір дауы, мал дауы секілді күрделі бөлімдерден құралған. «Есім ханның ескі жолы» дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы. Құн төлеу, қалың мал, ұры қарыдан тию, әскери жүйені күшейту, қоныс, жайылымды бөліп беру.

Тәуке ханның «Жеті жарғысы (жеті анықтау жүйесі)». Мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ететін заң жүйесі. Халықты ауызбірлікте ұстау,

1. Сайлауға қару асынып келу міндеттелген.
2. Төрт түлік малмен құн төленген
3. Ауыр қылмыс жасаған адам өлім жазасына кесілген.
4. Қылмыстық істерді билер соты қараған

Осы айтылған реформалардың негізін бүгінгі қазақ елінің көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәңгілік ел идеясы»мен саралап ғасырлар үндестігі мен арадағы айырмашылықтарды қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық, орта жағдайына байланысты түрлі салаларымен айқыштап, жобаның негізгі бөлігін сараласақ

Осы кезге дейін Елбасымыздың әр жыл сайын халқына жолдау ретінде жүргізіп отырған реформасы бүгінгі күннің, бүгінгі қазақ қоғамының

шынайы әрі біртұтас сабақтастығы болуда. Елбасымыз өзінің кезекті жолдауы «мәңгілік ел идеясында» бірінші болып жүзеге асыратын істердің қатарында баспана мәселесін баса назарда айтып өтті. Бұл бағытты мен Асан қайғы атамыздың «жер ұйықты» іздеуімен баланыстырар едім, ол дәуірде халыққа жайлы орын болса бүгінгі таңда бізде ол бар деп ойлаймын, себебі: біз жазиралы, жері шұрайлы, шөбі шүйгін, топырағы құнарлы, суы мөлдір, табиғаты тамаша қасиетті дархан дала да тұрамыз бірақ, қазірге сәтте көңілге кірбің түсіретіні сол шұрайлы жерден басыңызғаа бір баспана болмауы бұл нағыз бүгінгі күннің әлеуметтік мәселесі, адам еңбек пен бәрін табады киім, ас ал баспанасыз дүниесінің тұрағы, отбасының ырысы, ісінің өнімі болмайды, халқымызда «Өз үйің өлең төсегің» деген қанатты сөз бар, бұл деген әрбір тұлғаға бәрінен де қымбат өз баспанасы, ал баспанасыз жат қабағын бағу адам ғұмырына өзінің кең көлемде кері әсерін тигізіп, өмірін өксітеді. Қазырғы нарықтық заманда баспаныз қалу–тірліктен қалу. Баспана жоқтықтың соңы неге апарып соғып жатқанын біз күнделікті өмірден жиі кездестіреміз, бабаларымыздың дәуірінде түгі жоқ, сіңірі шыққан деген жанның өзінде «күрке» немесе «Қос» сынды панасы болған ал қазырғы жасампаз заманда олай күн кешу заман талабына да, адам денсаулығына да кері әсерін беретін жайт. Осы себепті мен елбасымыздың баспана мәселесінде айтқан бағытын, нағыз бүгінгі қазақ халқының қайнар көзімі мен өнімді ісінің бастамашысы болатынына толық сенімдімін және қолдаймын.

2. Келесі кезекте «Жол» бағытындағы идеялар, әрине өткен дәуірімізді алар болсақ, түйеге жүгін артып, атқа өзі отырып дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысатын ата бабаларымызға жолдың аса аңызы бола қоймадды, сол себепті де хандардың заңдарында жолдың сапасна емес одан түсер пайдаға байланысты бағыттар болған, ал бүгінгі таңда «жол» – біздің күре тамырымыз, әрбір басқан қадамымыз осы жолмен

тікелей байланысты, жол біздің тіршілік көзіміз, экономикалық құндылығымыз, Елбасымыз өз сөзінде: Жол– шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі, тіршіліктің күре тамыры, экономиканың басты құралы, алысты жақын ететін ел елеулісі десе, мен өз тарапмынан жол алысты қана емес, Елдің ертеңгі жарқан болашағын жарқын етер, жақын етер басты құралы дер едім! «Жолды басқару мемлекетті басқарудың тиімді жақтарының бірі» бұл идеяны Есім ханның жер басқару саясатымен салғастыра аламыз! Онан әргі идеялар заман талабына сай жасампаздыққа негіздел жасалған, шағын кәсіпкерлікті дамыту, электр қуаты, көгілдір отын сынды бүгінгі күннің басты мәселелеріне арналған. Елбасымыздың тағы бір халыққа болашақ ұрпаққа игі бастама болған идеясы колледж санатындағы білім мекемелерінде техникалық мамандықтардың тегін болуы бұл дегніміз, болашақта техникалар өз елімізде өз мамандарымздан шығарылып, ауыл шаруашылығымыз өнер кәсібіміз үлкен салаға көтерілуіне бірден бір негізгі сара жол! Шәкірт ақы мен зейнет ақы бұл–елдің ереңі боламыз деген елеулі ұрпақтар мен еліне қалтықсыз қызмет етіп бейнетінің зейнетін көрер қарияларға көңілдеріне медеу жүздеріне қуаныш сыйлайтын үлкен іс! Бұл - Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел - түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» - екендігін жазған [1, 20-21 бб.]. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел — мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуға келтірілген. «Күл тегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» - деген жолдар бар. Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған. Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Н.Гумилев «От Руси к России» атты еңбегінде: «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. 5 маусымдағы М.Тажиннің ұлттық тарихты зерделеу бағдарламасының жариялануы, сонан кейін, «бір адам туады» дегені Ұлт Көшбасшысының дүниеге келуі, сонымен қатар, «адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді» дегені Елбасының Қазақстан 2030 стратегиясын мерзімінен бұрын аяқтап, дамыған 30 елдің қатарына кіру бағытын алға қоюы деуге болады. Көне түркілердің «Мә .гілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі - көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі - Әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі - Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу

ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр. Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім - Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар - әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі - экономикалық және саяси мәселелер - негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді. «Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы, араб-парсы әдебиетінің көшірмесі емес. Дастанда X-XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды - әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» («Түркі қағанаты туралы сөз») жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды. XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдың тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі. Шығыстағы ежелден дұшпанымыз қытайлар жоңғарларды қазақ жеріне айдап салып, сол арқылы қазақ жерін де, жоңғарларды да өзіне қарату еді. Осы соғыста не қазақ, не жоңғар, болмаса екеуі де құруы керек екендігі алпауыт елдердің жаттанды саясаты еді. Бірақ қазақ елі аман қалды. Қазақтың бақытына орай Абылай хандай дара тұлға тарих сахнасына келді. Нәтижесінде бұл соғыста қазақ емес, жоңғар 1758 жылы тарих сахнасынан мүлдем жойылып кетті. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады. Мәңгілік Ел - жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-

мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Қазақ деген ұғымды еншілегенімізде өте ұзақ болмаса да, арғы бабамыз сақ пен ғұннан, үйсін мен қаңлыдан тарата айтсақ бәрі де мәңгілік жұрттың негізін қалады. Мәңгілік ұрпақтың шекарасын айқындады, «әлмисақтан» деп сөз бастайтын атам қазақтың қай тұсын алып қарасақ та мәңгілік болудың мақсаты айқындалады, тайға басқан таңбадай із тастайды. Кир патшаның басын алып, “мәңгі елдің тыныштығын алғың келсе, мәңгі қанға тойып торсықта жат” – деп халқының ертеңі үшін атқа қонған Тұмар ханым тірлігі де осы елдің, баба жұртының бас қамы еді. Желмаямен желе жортып, мәңгілік «жерұйық» іздеген Асан қайғының да қайғы атанғаны еліне тұрақ, ұрпағына мәңгілік мұрат болар жері құнарлы, ауасы жұпарлы, шөбі шүйгін жұртты көксемеп пе еді? Қой қоздатып, түйе боздатып, желілеп бие байлап, жер бетінің жайлысын таңдап ұрпақ өсіруді арман еткен Асан жыраудың сан жорығы мәңгілік ұрпақтың қамы емес пе? Қайда барса өзіне қазылған, өзінің атына жазылған көрден құтылмаққа Қорқыт баба да қобызын күңіреніп тартып мәңгілік ғұмырды аңсамады ма? Мәңгілік үнді, мәңгілік әуенді аңсамады ма? Сырдың бойын сырлы қобыз үніне ұластыра сыр шерту де мәңгілік арманы еді ғой

Қазақ халқы ХХ ғасырдың соңында мәңгілік арманына жетті. Мойны бұғаудан босады. Дүниеге жар салдық. Біз тәуелсіз ел болдық деп мінберден сөйлеп, биік-биік тұғырдан көріндік. Елдігіміздің көтерген елбасы елдің мәңгілік тұғырнамасын қайта қозғады. Ширек ғасыр елдігімізді танытқан соң бабаның арманын қайта жаңғыртты. Бұл да сындарлы сағаттың жемісі еді. Қазақтың мәңгілік жеңісі еді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақтың бүгінгі әр сағатының маңызды құндылықтармен толықтырды. Мәңгілік ел болмаққа тұғырнамасын жасады. Міне, мәңгілік елдің қағаны, ұлттың арманы.

Мәңгілік ел деген идеяны көтермес бұрын мәңгілік болмақтың қамын қылды. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлес» - деген елбасының ойы да сол мәңгілік ел болмақ үшін мәңгілік тіл болмақ керегін аңдағаннан кейінгі сөз. Мәңгілік ел болмақтың аксиомасы.

Ұрпағы өзге тілде шүлдірлей бастағанын сезген бүгінгінің ақыны заманның мұңын,

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте! – деп жеткізіп, өз тілін өзекке теппе, елдігіне сын деп ескертті. Елдікті ойлар жұрт ескерер деп үлгі етті.

Қорыта айтқанда ел ертеңі көреген басшы мен кеменгер халқының негізінде болмақ басшысына бағына алған халық пен халықының мүдесінен шыға алған басшысы бар ел мәңгілік болмақ! Елбасымыздың «Мәңгілік ел идеясы» өзінен бұрын өткен бабалар реформасы мен мақсаты бір болғанымен мағынасы мен жүйесі жағынан зор айырмашылық жасайды. Бабаларымыз халқын ауызбіршілікпен алға бастырып, әдет-ғұрпымен руханиятын шыңдап, заңдарымен ел бүтіндігін жер амандығын қорғап отырса, Елбасымыз сындарлы саясатымен өз халқын дамыған елдердің қатарына қосып, басқа елдермен терезесін тең етіп, бақытты да ша-шадыман тірлікке жеткізу, бұл дегеніміз бабалар арманымен мақсаты мен маңызы бір, мәні мен жүйесі бөлек іс!

Елбасы бастаған істі ел де қолдамақ, біз секілді ұрпағы жалғамақ. Ол ұлы міндет. Сол үшін біз ұрпақ мәңгілік ел болмақ үшін мәңгілік тілдің өрісін кеңейтпегіміз парыз. Қазақ тілі болашақта тек қазақ әдебиетінің тілі ғана емес, техниканың, ғылымның һәм саясаттың тілі болса, елбасы жүктеген міндетті ел болып атқарғанымыз болмақ.

Елдің ертеңі үшін мәңгілік ел болашағы үшін, мәңгілік елдің тілдің қанат жаймағы үшін білім нәрімен әлеуеттеніп, мәңгілік мұрат ұстанбақ керек.

Кешегі Мағжан сенген жастарға бүгін Елбасы да сенді. Сенім артты. Сол үшін мәңгілік елге қызмет ету біздің борыш. Тіл мәңгілік, ұлт мәңгілік болғанда ғана ел мәңгілік болмақ. Мәңгілік тәуелсіздік болмақ.

Елдің ертеңі нұрлы болсын! Қазақ елі мәңгі болсын!

Мен – қазақпын, мың өліп мың тірілген,

Жергегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген,

Мен – қазақпын, АЖАЛСЫЗ анамын мен,

Құрсағыма сыйдырам даланы мен.

Пәк сәбимін бесікте үілдеген

Дәуірлермен құрдасын, данамын мен.

Әдебиет

1. Ерлан Сыдықов. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, Алматы, «Pride Print», баспасы, 09.2013. 108 бет.

2. Күлтегін Тонкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли..) Алматы, «Өлке» баспасы, 2001.144 бет.

3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. 232 бет.

4. Гумилев Л.Н. От Руси к России. М: ООО «Издательство АСТ», 2002. 392 с.

5. Зиябек Қабылдинов. Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді, 10.02.2014ж.

6. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. Астана: Сарыарқа, 2012. 568 б. 7.

Сыздықов С.М., Селиверстов С.В., Сыздықова Ж.С., Джаферсой Н.,

Кара А., Қабылдинов З.Е. Н.Назарбаевтың еуразиялық идеясы және түркі кеңістігі.

Ұжымдық монография. Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. 404 бет. (орыс тілінде)

8. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2005. 368 бет.

СЫР Өңіріндегі Педагогикалық Мектептердің Дамуына Үлес Қосқан Қызылорда Қаласының Құрметті Азаматтары

Л.Төлеш, А.Байғабул, Р.Т.Игенбаева

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Тәуелсіз еліміздің болашағын қалыптастыру үшін ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан құндылықтарды, ата- анаға құрмет, үлкенге ілтипат, кішіге ізет көрсететін парасатты, салауатты дені сау ұрпақ тәрбиелеу қажет.

Соңғы жылдары қоғам жастардың рухани-адамгершілік дағдарыстың үдей түсуімен байланысты ең бір қиын кезеңді өткеріп жатқанын айтпауға болмайды. Бүгінгі Қазақстан жастарының белгілі бір бөлігінің ұлттық сана-сезімі мен ділінің, азаматтығы мен патриотизм деңгейінің құлдырауы осындай тұжырым жасауымызға негіз болып отыр. Әсіресе бұл өзінің туған тілін ғана емес, өз халқының тарихын, салт-дәстүрлерін білмейтін қазақ жастарына қатысты. Рухани құндылықтардың орнына материалдық құндылықтар келіп, басымдық танытуда. Іс жүзінде осының барлығы жастардың маңызды азаматтық міндеттерді еш жауапкершіліксіз, немқұрайлы атқарып, әлеуметтік жетесіздік пен рухсыздыққа бой алдыруынан айқын аңғарылады.

Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, таза елжанды азаматтар қажет. Қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін

сарып ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының салт-дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу. Елбасының «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - дегені жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде баға жетпес ұсыныс.

Сыр өңірі – тарих қойнауында-қатпарлы ізі қалған талай оқиғаның құрбанына айналған жандарға пана болған, сан ұлт пен ұлысты жатсынбай бауырына басқан алты Алаштың анасы. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламасында көрсетілгендей «Туған жер» бағдарламасы жаппай халық арасында үлкен күшке ие болды, ол жастардың бойына рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру үдерісінде үлкен маңызға ие.

Осыған орай біз туған жеріміз – Қызылорда қаласының «Құрметті азамат» атағын алған тұлғаларды зерттеуді басты мақсат етіп қойдық. Жоғарыда көрсетілген құрметті азаматтардың ішінде Сыр өңірінің білім саласына, педагогикалық мектептердің дамып, жетілуіне үлес қосқан ұстаздарды, белгілі білім саласының майталмандарының өмірдерінің, кәсіби қызметін анықтауды қолға алдық. Бұл тақырып бұрын-соңды зерттеулерге арқау болмаған тың тақырып.

Қазақстан Республикасының бүгінгідей тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, әлемнің 30 дамыған елдер қатарынан орын алуға ұмтылысына дейін, оның өркендеуіне, қарыштап дамуына үлес қосқан тұлғалар мындап саналады. Тарихта шежіре боп қалған Ұлы Отан соғысы кезеңінде ерлік жасап, қаһармандық танытқан жаужүрек батырлар, кейін бейбіт кезеңде ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен еңбек майталмандары, сондай-ақ кәсіби және азаматтық парызын орындау барысында жеке ерлік жасағандар, еліміздегі заңдылық пен құқық саласына елеулі үлес қосқандар өз елінің, Туған жерінің, Отанының құрметіне бөленуге әбден лайықты.

Құрметке лайық жандардың ішінде тәуелсіз Қазақстанның тұғырлығы мен тұтастығын қалыптастыруға елеулі үлес қосқан мемлекеттік және саяси қайраткерлер, еліміздің түрлі шаруашылық салаларындағы инновациялық озық технологияларды меңгеріп, жүзеге асырған, әрбір өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына барынша зор үлес қосқан, ғылымды, техниканы, әдебиетті, өнер мен қызметтің басқа түрлерін дамытуда елеулі үлес қосқандар да бар.

Біз өз назарымызды өскелең ұрпақ бойында азаматтықты, мәдениеттілік пен патриотизмді тәрбиелеуде, сондай-ақ, білім беру сапасын жетілдіру мен арттыруда айрықша үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтарына аудардық. Өйткені еліміздің білім, ғылым, педагогика саласында аянбай, кәсіби жоғары деңгейде қызмет жасап, жас ұрпақтың сапалы білім, парасатты тәрбие алуына ықпал еткен, «Құрметті азамат» атағына ие болған ұстаздар қауымының еңбектері аса көп зерделенбеген.

«Құрметті азамат» атағы уикипедия халықаралық электрондық анықтамалықта көрсетілгендей Кеңестік дәуірде «Кеңестік Конституция талаптарын бұлжытпай орындап, адамгершілік үлгісін танытқан, коммунистік құрылысқа үздік еңбек сіңірген барлық азаматтарға берілетін атақ» болып белгіленген Республикалық дәрежедегі «Құрметті азамат» атағы Жоғарғы Кеңес Президиумының қаулысымен, ал қалалық, ауылдық дәрежедегі атақтар жергілікті Кеңестердің шешімімен берілген «Құрметті азамат» атағын беру Кеңес үкіметі адамдары арасында коммунистік тәрбиені нығайтып, оларды жаңа еңбек табыстарына жетуге жігерлендіруді мақсат етті [1].

«Құрметті азамат» атағын иеленгендер арасында қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, өнер саңлақтары, атақты спортшылар, әскерилер, кәсіби іс-әрекетінде нәтижелерге жеткен тұлғалар көптеп саналады. Олардың ішінде Ұлы Отан соғысының батырлары, ардагерлері, тылда еңбек еткен майталмандар бар.

«Құрметті азамат» атағы белгілі бір өңірлер бойынша анықталады. Қазақстан Республикасындағы облыстардың «Құрметті азаматы» атағы, облыс орталықтары саналатын қалалардың (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Жамбыл, Орал,

Ақтөбе т.б.) «Құрметті азаматы» атағы да бар. Негізі аталмыш атақ халықтың, елдің игілігіне жұмыс жасап, олардың құрметіне иеленген таңдаулы азаматтарға берілген. Біздің зерттеу жұмысымызға негіз болатын тақырып – өзінің туған жері, өскен өлкесіне үлес қосқан азаматтарды зерттеп, зерделеу.

Біз «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының білім алушылар ретінде әсіресе туған жеріміз, туған өлкеміз - Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептің дамуына үлес қосқан Қызылорданың құрметті азаматтарын зерттеуді мақсат етіп қойдық.

Бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелей отырып, еліміздегі педагогика ғылымының терең тамыр жаюына үлес қосып, көріктеп дамуына себепкер болған үлгілі азаматтар көптеп саналады. Егер де аспаздың еңбегінің нәтижесі бір-екі сағатта көрініс беретін болса, ұстаздың еңбегінің жемісі тез арада көрінбегенімен, оның оқушыға берген білімі мен тәрбиесі өмір бойына жанында болып, сенімді серігіне айналады. Ал тұлға өмірінде жетістіктерге жетіп жатса ұстаздың еңбегінің ақталғаны. Енді Сыр өңіріндегі педагогикалық мектебінің дамуына үлес қосып, «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағын алғандарды атап өтелік.

1. Ахмадеева Нағима – белгілі ұстаз, Қызылорда қаласы №112 мектеп директоры қызметін атқарған.

2. Матаев Мұстафа – ғалым, ұстаз.

3. Подольский Марк – ұстаз, Қызылорда қаласы 198 мектеп директоры қызметін атқарған.

4. Тәжімбетов Жеңісхан – ұстаз, Зейнолла Шүкіров атындағы №20 орта - мектеп директоры, № 69 орта – мектеп директоры қызметін атқарған.

5. Айдосов Абылай - ғалым, ұстаз.

Енді ұстаздарымыздың өмірдегіне қысқаша тоқталып өтелік.

Ахмадеева Нағима Абдолқызы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында 1918 жылдың 5 наурызында дүниеге келген. Ерен еңбегі үшін 1957 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі атағын алған. 1936 жылы мұғалімдер институтын тәмамдаған соң 1936-1943 жылдар аралығында Семей облысы мектептерінде мұғалім, 1943-1945 жылдары Петропавл қаласындағы партия комитетінде бөлім меңгерушісі, 1945-1950 жылдары Қызылорда қалалық атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, 1950-1952 жылдары қалалық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған. 1952-1978 жылдар аралығында 26 жыл бойы Қызылорда қаласындағы №112 Ә.Молдағұлова атындағы орта мектептің директоры қызметін абыроймен атқарған. 2016 жылы бұл мектепке оның есімі берілді. Нағима Ахмадеева ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі үшін жоғары награда - Ленин ордені және бірнеше медальдармен марапатталған. Ал 1978 жылы 28 наурызда Қызылорда қаласының «Құрметті азаматы» атағы иегері атанған.

Профессор Мұстафа Матайұлы өз өмірі жайлы: «Өмірімнің барлығы негізінен тәрбие ісімен айналысу болыпты» деп жазған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қазіргі биігіне көтерілуіне өзіндік үлесін қосқан, ел көшін алға сүйреген Сыр бойының тұңғыш философия ғылымдарының кандидаты, Әлеуметтік Ғылымдар Академиясының, Халықаралық педагогикалық білім беру Академиясының академигі, «Қазақстан Білім беру ісінің құрметті қызметкері», профессор.

Подольский Марк Захарович – ұстаз, КСРО және Қаз ССР білім беру ісінің үздігі. Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері. 1932 жылы Украинада дүниеге келген. 1956 жылы Қызылорда педагогикалық институтын бітіген соң еңбек жолын қаладағы Макаренко атындағы балалар үйінде тәрбиеші болудан бастады. 1978-2002 жылдары №198 орта мектеп директоры кезінде оқушыларды еңбекке тәрбиелеп, нарыққа биімдеуде, оқу тәрбие жұмысының жоғарғы көрсеткішке жетуіне қажырлы еңбек сіңірді. 2007 жылы 25 желтоқсанда оған «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

Абылай Айдосов Хангерейұлы 1936 жылы Челябин облысы, Полтава ауданы, Георгиевка елді мекенінде туған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры.

1959 жылы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. Көп жылдар бойы комсомол, партия органдарында жауапты басшы қызметтер атқарды. Тереңөзек аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Оңтүстік Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымының кандидаты, "XXI ғасыр және Арал" әлеуметтік экологиясы Халықаралық орталығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы. 80-нен астам ғылыми еңбектері жарық көрді. Республикаға ерекше еңбек сіңген зейнеткер. Бірнеше ордендермен, медальдармен, Қазақ КСР-ы Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған. 2000 жылдың 2 қазанында "Қызылорда қаласының құрметті азаматы" атағы берілді.

Біз зерттеу жұмысымыз бойынша эксперименттік жұмыстар да жүргізген болатынбыз. Тақырыбымызға орай экспериментіміздің негізгі міндеттерін айқындап алып, оларды төмендегіше сипаттадық:

- білім алушылардың Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан Қызылорда қаласының құрметті азаматтары туралы білім деңгейін анықтау; айқындау;

- білім алушылардың туған жерге, оның қалыптастып, даму үдерісіне, ұрпақ тәрбиесіне деген көзқарасын білу;

- «Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан Қызылорда қаласының құрметті азаматтары» атты тәрбиелік іс-шаралар әзірлеу;

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың анықтаушы кезеңінде біз жастардың Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан Қызылорда қаласының құрметті азаматтары туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында пікіртеріміз жасадық. Педагогикалық экспериментке Қызылорда қаласындағы жоғары оқу орнының 40 студенті қамтылды.

Анықтаушы кезеңде студенттерге қойылған пікіртеріміздің кейбір үлгісі мынадай.

1. Туған өлкеміздің дара тұлғалары жайлы не білесіз?
2. Туған өлкеміздің дара тұлғаларын қалай жіктер едіңіз?
3. Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан құрметті азаматтар туралы не айта аласыз?
4. Ұлттық құндылықтарды кәсібіңізбен, мамандығыңызбен байланыстырасыз ба
5. Туған жердің, еліміздің дамуына үлес қосқан тұлғалар өмірінің тәрбиелік маңызы жайлы не айтасыз?
6. Қазіргі жаһандану дәуірінде қазақтың ұлттық құндылықтарға орлау қаншалықты қажет?
7. Сіз өзге облысқа, қалаға барсаңыз Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан құрметті азаматтар туралы жайлы баяндай алар ма едіңіз?
8. Ел мақтаған тұлғаларды мақтан тұтасыз ба?

Зерттеу жұмысымыздың анықтаушы кезеңінде біз білім алушылардың Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан Қызылорда қаласының құрметті азаматтары туралы аз білетіндіктерін, дегенмен оларды білсек екен деген қызығушылықтарының бар екендігін айқындадық. Бұл кезеңде анықталған кейбір фактілерге тоқталып өтелік. «Ұлттық құндылықтарды кәсібіңізбен мамандығыңызбен байланыстырасыз ба?» деген сұраққа 43,4 пайыз «иә», 40 пайыз «жоқ дегеннен иә деген дұрыс болар» 16,6 пайыз «иә дегеннен жоқ деген дұрыс болар» - деп жауап берді.

Кейбір жауаптарды мысалға келтіретін болсақ.



«Өз халқыңның құндылықтарын күнделікті өмірде пайдаланасыз ба?» - деген сауалға білім алушылар құндылықтар ұғымын жақсы түсінетіндіктерін көрсетті. Мысалы «Иә, өз халқымыздың ұлттық ойындарын, салт-дәстүрлерінде өткізуін қолдаймын. Бұл біз үшін қызық». «Иә, пайдаланамын, маған пайдасын тигізеді, жас ұрпаққа тәрбиелік пайдасы мол салт-дәстүрлерімізге сүйене отырып, өмір сүрсек, өмірде тәрбиелі алдыңғы қатарда боламыз». «Әрине, пайдалануға тырысамын, себебі қазақ халқының тарихын, батырлары мен ойшыдарын құрметтеймін». «Иә, ұлттық дәстүрлер халық зердесінде тарихи

құндылықтарды жаңартады. Ұлттық психиканы жетілдіре отырып ұлттық дәстүрлер өз халқына өз ұлтына құрметпен қарауға тәрбиелейді».

Сонымен білім алушылардың Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан Қызылорда қаласының құрметті азаматтары туралы білімдерін жетілдіру қажеттігін айқындадық. Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіре өмір сүруі қазақтың қанына сіңген қадірлі қасиет. Қоғамда берік қалыптасқан осындай көрегенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған.

Сондықтан әлеуметтік желі қазіргі таңда жоғары сұранысқа ие болғандықтан, эксперименттік алаң ретінде Facebook әлеуметтік желісін таңдап, жұмыстар жасауды қолға алдық. Жеке парақшамызға ізденіс нәтижесінде табылған және талдау жүргізілген «Қызылорда қаласының құрметті азаматтары» жайлы ақпараттар салып, олардың қазіргі таңдағы өзекті мәселерге деген ойы жайлы немесе жалпы өз дүниетанымы мен көзқарастары туралы әңгіме, сұхбаттар енгізіп, аудиториямен кері байланысқа түстік. Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты ғаламтор күшін тиімді пайдаланып, жас ұрпаққа Сыр өңіріндегі білім мен ғылымның, педагогикалық мектептердің дамуы мен жетілу үдерісіне аға буынның қаншалықты еңбек сіңіргендігі жайлы толық ақпараттандырып, олардың еңбегін бағалап, ғибрат алуға шақыру.

Сурет1 - Қызылорда қаласының құрметті азаматтарын насихаттауға арналған Фейсбук парақшасы



Сонымен, бүгінгі таңда педагогтардың алдында екі ауқымды міндет тұр. Оның біріншісі – уақыт ағымынан қалмай, алға ұмтылған, өзгермелі қоғамда заманауи талаптарға лайықты жауап беретін кәсіби шебер маман болу, ал екіншісі кейінгіге қайта оралып, ата-бабамыз мирас етіп қалдырған ұлттық құндылықтарымызды жастар бойына сіңіру. Осы екі міндетті шешкенде ғана біз ұлтымыздың білім мен мәдениетін әлемдік деңгейге жеткізетін жас ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Зерттеу материалдарында Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан құрметті азаматтар туралы зерттеу мәселесінің бүгінгі күйін, жағдайы мен үдерісін, перспективаларын анықтайтын бірқатар объективті мәліметтерді алып, төмендегідей қорытындылар мен нұсқаулар жасауға мүмкіндік алдық:

1. Білім алушылардың ұлттық санасын қалыптастыруға ықпал ететін Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан құрметті азаматтарына сипаттама берілді.

2. Сыр өңіріндегі педагогикалық мектептердің дамуына үлес қосқан құрметті азаматтардың өмірі мен кәсіби жетістіктерінің жастар тәрбиесіне тигізер ықпалы анықталды.

Көтеріліп отырған мәселенің күрделігіне орай, зерттеу жұмысы толығымен шешім тапты дей алмаймыз. Біз зерттеу жұмысымызда тәуелсіздік жылдарынан бері қазіргі таңға дейін Сыр өңірінде қызмет жасап, ұрпақ тәрбиесіне, жастардың сапалы білім алуына еңбегі сіңген «Қызылорда қаласының құрметті азаматтарын қамтыдық. Кеңес дәуіріндегі ғұлама, дарында ұстаздарға, білім саласының майталман өкілдері және олардың еңбектеріне әлі де зерттеу терең жүргізу керек.

Қай заманда да, қай қоғамда да дара тұлғаның жөні бөлек. Солай болған, солай бола да береді. Елім деген, жерім деген ерлердің тарихтың тар тұстарында қандай іргелі істер атқара алатынына қоғамымыздағы жетістіктерге қарап көзіміз жетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 2017 жыл 12 сәуір
2. <http://old.baq.kz/>
3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
4. <http://kazbilim.kz/%D0%B1/>
5. Матаев, М. Қиянатқа қарсылық [Текст] / М. Матаев // Ана тілі . - 2011. - 8 - 13 шілде. - С. 6 -
6. <https://web.facebook.com> // Разговор с человеком-легендой: Какую школу в Казахстане можно считать хорошей?
7. Ә. Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық кітапханасы, Ақпараттық бөлім мұрағаты. – Қызылорда, 2019 ж.

ДИАЛЕКТИЛІК ЛЕКСИКА – ЭТНОС БОЛМЫСЫН ТАНЫТУ ҚҰРАЛЫ

Турикбенбаева Н.Т., Алмауытова Ә. Б.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Қазақ тілі лексикасының бір саласы – диалектілік лексика болып табылады. Осымен байланысты ол жалпыхалықтық тіл тарихымен сабақтас дамып отырады. Бұл туралы қазақ тіл біліміндегі диалектология саласының көрнекті зерттеуші маманы академик Ш.Сарыбаев «Қазақ тілі диалектологиялық сөздігінің» алғы сөзінде былай деп жазған: «... қазіргі кезде әр халық ертедегі ру, тайпалардың бірігуінен қалыптасқаны дау тудырмаса керек. Дегенмен, кейін пайда болған халық тілі – ежелгі ру, тайпаға тән

тілдерден сақталып қалған қазіргі халық тілінің көрінісі болуы заңды; екіншіден, қалыптасқан халық мұхит ортасындағы аралға көшіп кетпейді, сол ата мекенінде дәл өздері сияқты ру, тайпадан қалыптасқан басқа да халықтардың қоршауында көрші есебінде түрлі қарым-қатынаста өмір сүріп қала береді» [1,4].

«Диалектілік лексика қазақтың жалпыұлттық лексикасының бір саласы болып табылады. Бірақ оның таралған, қолданылатын аумағы шектеулі, жалпыхалықтық сөздердей кең тарамған. Қазақ диалектілері мен сөйленістерінің басқа түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістерінен басты бір ерекшелігі ең алдымен лексикалық диалектизмдерден, олардың молдығынан көрінеді. Диалектілік сөздерді әлеумет, табиғат, адам өмірінің барлық жағына байланысты кездестіруге болады. Диалектілік сөздер жайында арнайы диалектологиялық сөздіктер жасалған» [2,154].

Тілде ұлттық болмыстың, менталитеттің көрініс табуы нәтижесінде өзек сөздер, лингвокультуремалар туындайды. Әр тілдің өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігін, дүниетанымдық ерекшеліктерін білдіретін концептілер қалыптасады. Н.Уәлиев халықтың тарихы тілінде өз таңбасын қалдырып отыратынын айта келіп: «Халық өзінің өткен дәуіріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Түп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендігі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады» [3].

Ал лингвомәдениеттануда мәдениеттің мейлі ол жалпы ұлттық болсын я белгілі бір аймаққа тән мәдениет болсын, дәстүрлі түрде қалыптасқан тілдік бірліктер, атап айтқанда, сөздер, фразеологиялық тіркестер, мәтіндер т.б. объективті элементі ретінде көрінетіні белгілі.

Лингвомәдениеттанымдық бағыт бойынша, белгілі бір этномәдениетке жататын тілдік тұлғаның менталитетін білдіретін лингвокультуремалардың лингвомәдени ерекшеліктері болады. Лингвомәдениеттану тұрғысынан сөз еткенде, лингвокультуремалар белгілі бір мәдениет өкілінің рухани болмысын танытатын менталды бірлік ретінде танылады. Бір тілді тұтынатын, яғни бір тілде сөйлейтін адамдардың сөздік қоры бір-бірінен өзгеше болады, ол белгілі бір сөзді қолдану ерекшеліктеріне, ол сөзге қандай масындағы осы сөздіғыналарды сыйғызуына да байланысты болады.

Диалектілік лексикаға белгілі бір жердегі (аймақ, облыс я аудан) жергілікті тұрғындардың сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер жатады. Диалектілік сөздер бүкілұлттық лексиканың құрамына кіреді, өйткені олардың басым көпшілігінің жалпыхалықтық тілде баршаға түсінікті баламалары бар. Бұлардың әдетте әдеби тілде баламасы болады, сондықтан әдеби тіл нормасынан тыс тұратын элементтер: таңлай (жергілікті) – таңдай (әдеби), әпше (жергілікті) – әпке (әдеби), челек (жергілікті) – шелек (әдеби); үлкен, зор (әдеби) – нән (жергілікті), шекер (әдеби) – секер (жергілікті) т.б.

Қазақ тілтанымында диалектизмдер табиғаты әр кезеңдерде талай зерттеулердің нысаны болып келді. 1930-жылдары Ж.Досқараев, С.Аманжоловтар бастаған бұл ізденістер кейінгі жылдары жүйеленген арналы салаға айналды. Ш.Сарыбаев, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Ж.Болатов, Ә.Нұрмағамбетов, Ғ.Қалиев, Н.Жүнісов, Т.Айдаров, Ш.Бектұров, Ә.Бөрібаев, Қ.Айтазиндардың зерттеу-еңбектерінің нәтижесінде қазақ тіліндегі басты-басты диалектілік ерекшеліктер жан-жақты сипатталады. Атап айтар болсақ, С.Аманжолов қазақ тілінің диалектілерін топтастырғанда батыс, солтүстік-шығыс, оңтүстік диалектісі бар деп үш топқа бөліп қарайды. Ж.Досқараев пен Н.Т. Сауранбаев оңтүстік-шығыс, солтүстік-батыс деп екіге, Ш.Сарыбаев қазақ тілінде батыс, оңтүстік, шығыс және орталық-солтүстік деп аталатын төрт түрлі диалектіге бөліп қарайды.

Диалектілік ерекшеліктерді аймаққа бөлуде «бірқатар тіл мамандары қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін (С.аманжолов, Н.Т.Сауранбаев, Ш.Сарыбаев, Ғ.Қалиев) диалект сипатында деп қараса, тілшілердің екінші тобы (І.Кеңесбаев, Ж.Досқараев, Ғ.Мұсабаев) оларды говор сипатында есептейді» [4,10].

Қазақ әдеби тілінің диалектілерге қатысы туралы алғаш сөз қозғап, өзіндік батыл пікір айтуымен ерекшеленетін профессор С.Аманжолов «Вопросы истории и диалектологии казахского языка» деп аталатын еңбегінде: «Халық тілі дегеніміз – диалектілерден (жергілікті ру-тайпа одақтарының тілдерінен) құралған, бірақ әдеби тіл сатысына жетпеген тіл. Ал ру-тайпа одақтарының тілдері жеке рулардың тілінен құралғаны ашық, айқын нәрсе» - дейді [5,13].

Осындай түбегейлі зерттеулердің нәтижесінде жиналған жергілікті ерекшеліктердің фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне қарағанда, лексикалық ерекшеліктері мол екендігі анық белгілі болып отыр. Лексикалық ерекшеліктердің көлем жағынан аумақты келуі халықтың этностық құрамымен, географиялық жағдайымен, кәсіби, тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрып, салтымен тікелей байланысты. Тілде кездесіп отыратын диалектілік ерекшеліктер кездейсоқ құбылыс емес. Халықтың бәріне бірдей түсінікті әдеби тілде қолданылмайтын, тек белгілі бір аймақта ғана пайдаланылатын ерекше сөздер тобын «диалект» дейді.

Соңғы жылдарға дейін қазақ қоғамында, әсіресе жалпыхалықтық тілдің әдеби формасын, оның нормаларын насихаттау, жоғары қою үрдісі күшейді де, диалектизмдер, қарапайым сөйлеу элементтері жұртшылыққа көбіне «құбыжық» ретінде көрсетілді. Шындығында, әдеби тілдің нормасын насихаттау, оның дәстүрлі нормаларын қатаң ұстану принципін әрқашан да берік ұстануымыз қажет. Бірақ бейәдеби элементтері мүлде мансұқ етпей, тарихи құндылықтардың бірі ертінде оқып, танып білуіміз аса қажет. Оқулықтарда, жекелеген зерттеулерде диалектілік құбылыстарды не үшін зерттейтініміз, танып білетіндігіміз жөнінде азды-көпті айтылған. Олардың негізі, сайып келгенде, әдеби тілді байытудың көзі, тілдің тарихын білу, көркем әдебиетте эстетикалық мақсатта жұмсалатыны т.б. дегендерге саяды. Мәселе тек осыларға тірелсе, онда жалпыхалықтық тілдің бейәдеби формаларын рухани құндылық деп жете тани алмаймыз. Оларды рухани құндылық деп тану үшін жоғарыда айтылғандар жеткіліксіз. Өйткені жалпыхалықтық тілдің бейәдеби элементтері ұлт, халық, тайпалық тәрізді тілдік ұжымның өмір эстетикалық мұрат-мақсатын білдіретін куммулятивтік қызмет атқарады.

Қазақтың әдеби тілінің сөздік құрамын толықтыра түсу – әлі де жүріп жатқан процесс. Сондықтан да ауызекі сөйлеу бірліктерінен, әсіресе диалектизмдерден мүлде бас тарту әлі ерте. Ғалымдардың пікірінше, жергілікті тіл ерекшеліктерін тек стильдік мақсатпен көркем шығармаларда ғана қолданып қана қоймай, жаңа ұғымдарды атаудың бір көзі ретінде қарау керек.

Әдеби тілді диалектілер арқылы байыту мәселесі қазақ тіл білімінде ғалымдар назарынан қалыс қалған емес. Кемеңгер жазушы М.Әуезов шығармаларындағы ондаған диалектілерді ғалым Р.Сыздық әдеби тілдің сөздік құрамын толықтыруға әлеуеті жететін сөздер ретінде бағалайды. Себебі олар М.Әуезов пен одан кейінгі жазушылардың шығармаларынан орын алып, контекст арқылы мағыналары түсінікті болып, Абай тілінің сөздігінде [6] тіркелген.

Диалектілік лексика мен оның қызметін зерттеуші ғалымдар аталмыш жергілікті тіл ерекшеліктеріне қатысты: «Диалектизмдерді тек стильдік мақсатпен көбінесе көркем әдебиетте ғана қолданып қоймай, жаңа ұғымдарды атаудың бір көзі ретінде қажеттілік туған сәтте, әдеби тілде баламасы болмаса, әдеби тілді байытуға әлеуетті болса, батыл қолдану керек» - деген тұжырым жасайды. Материалдық және рухани мәдениетке байланысты атаулардың едәуір бөлігі аумақтық (территориялық) диалектілерге қатысты болып келеді. Ақиқат өмірдің, қоршаған ортаның түрлі заттар мен құбылыстардың, әсіресе өсімдіктер мен жануарлар әлемінің толып жатқан атаулары диалектілік лексика жүйесінде бейнеленген. Олардың қайсыбірінің әдеби тілде баламасы жоқ деуге болады. Мысалы, диалектілік лексика жүйесіндегі үлек, көрпеш, суын, ортеке, әндемі, айлақ универбалтерін алсақ үлек – «нардың баласы», көрпеш – «кенже туған қозы», суын – «таза арғымақтан туған жылқы», ортеке – «бөкеннің еркегі», әндемі – «үй сылайтын темір қалақша», айлақ – «кеме тоқтайтын жер қойнауы» делініп, сипаттама немесе перефраз

түрінде беріледі. Бұларды когнитивтік деңгейдегі тілдік ұжымның өмір тәжірибесі, ой-санасы, дүниетанымымен байланысты қарау диалектикалық лексика жүйесінің семантикалық құрылымын тереңірек тануға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар ақиқатты ойлаумен байланысты күрделі құбылыстарды бірте-бірте тануға септігін тигізеді.

«Диалектілік сөздердің көркем әдебиетте атқаратын стильдік қызметі кейіпкерлер тілінде қолданылып, шығарманың тілдік бояуын (колоритін) күшейтумен байланысты. Кейбір жазушылар сипаттап отырған кейіпкері айтатын сөздерде диалектизмдерді әдейі қолданады. Бұл – жазушының кейіпкерін неғұрлым нанымды, жан-жақты сипаттауына мүмкіндік береді. М.Әуезов, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Ә.Сәрсенбаев, Ғ.Орманов, Қ.Әбдіқадыров, Ә.Нұрпейісов т.б. ақын-жазушылар диалектілік сөздерді бейнелеу тәсілдерінің бір түрі ретінде шебер пайдаланған» [2, 153].

Яғни, көркем шығарма бойынан материалдық та, рухани да мәдениеттің ұлттық көрінісін байқауға болады. Көркем шығарма тілі осы мақсатта зерттеледі де, сондықтан белгілі жазушы Ә.Нұрпейісов [7] шығармаларының тілі көптеген ғалымдардың еңбектеріне арқау болды. Мақалада жазушының «Қан мен тер» романындағы жергілікті тілдік ерекшеліктерді мағыналық жағынан сипаттау, саралау арқылы этностың болмысын таныту бағытында зерделеу мақсаты қойылды.

Осымен байланысты, жазушы шығармасындағы этностың материалдық мәдениетін көрсететін бірнеше диалектизмдерді ұсынып отырмыз. Мысалы:

ШАНАШ 1.(Ақт.,Бірг.; Қ.Орда, Сыр.;Алм.:Кег.,Шел.,Қост:Аман.,Жанг.;Маң.,Маңғ.) *теріден жасалған ыдыс,қап.*
2.(Алм.:Кег.,Шел.,Жам.) *торсық, мес, сусын құятын ыдыс. Мысалы: Онсыз да сіркесі су көтермей тұрғанда, мына жексұрынның бөрік асты буланып тұратын ақ шанаиш басы жынына тимесі бар ма.*

СЫРҒАУЫЛ 2. (Алм.;Кег.,Шел.) *сүйреткі құрал. Мысалы: Бұрынғы заман болғанда портта тұрған кемелердің ұзын-ұзын сырғауылдары қаладағы биік үйлердің бәрінен бой асырып, анадайдан аңдыздап-аңдыздапқоя берер еді. (28 бет)*

ҚАҚПЫШ 1.(Қарақ.;Орал,Жән) *кепкен(балық,ет).Мысалы: Кендір жіпке көзінен тізген қақпыш балықты алғаннан кейінгінің аржағында не болатыны белгілі: көре қал, ол енді беті бүлк етпестен салып ұрып, бензин беретін дөкейдің дәл өзіне жетіп барады.*

ТОР 1.(Түрікм.:Қиян.,Бекд.,Қулы.,Красн.) *балық аулайтын ау, жапқыш, жамылғыш.Мысалы: Бүгін жайған торды ертеңіне елең-алаңда барып тарайды.*

АРҚАЛЫҚ 3.(Гур.:Тең.,Маңғ.;Қ.орда,Арал;Рес.,Волг.) *аудың үстіңгі арқаны. Мысалы: Шынында да, араға бір-екі күн түссе, мына кілегей мұздың көбесі қатайып, судағы аулардың арқалығы жас мұзға жабысып қатып қалары анық.*

БҰРАУ 2.(Қ.орда,Қарм.) *түйеге артылған жүк ауып бара жатқанда,оны теңестіріп,аумайтындай ету үшін жүктің арқанын бұрап қоятын қысқа, оқтаудай ағаш не балға сабындай мықты жыңғыл, сексеуіл, тобылғы,т.б Мысалы: Ақсақал, бұрау екеш бұраудың да сұрауы бар. (42 бет)*

СҮЙМЕН (Көкш.,Қ.ту;Қост.,Торғ.) *жер қазатын не мұз бұзатын құрал. Мысалы:Дарияның ортасына дейін бардың да, қолыңдағы темір сүйменнің жебесін ілгері қараттың да, бар пәрменіңмен жіберіп қалып едің, уысыңнан сып берген сүймен көк мұзға кірші етті.*

АБАЖА 1.(Түрікм.:Көнеүр.,Таш.,Тедж.)*үлкен кебеже.*

АБАЖА 2.(Гур.,Маңғ.)*үлкен. Мысалы: Абажадай үлкен үй кенет қаңырап бос қалғандай.*

ҚАЛАУЫШ (Ақт.:Шалқ.,Қараб.) *тұскиіз. Мысалы:Бір жолы теңіз жағасынан қырға көшіп бара жатқан ауылға жау тигенде ұлы әжесі-ол кезде жаңа түскен жас келіншек қалауыш қоршаған түйе үстінде бала емізіп отыр екен дейді.*

КӨЗГЕЛДЕК 1.(Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ., Түрікм: Красн., Таш., Ашх.; МХР) кішкене тостаған. **Мысалы:** Құдай о бастан-ақ көзгелдектегі судай, құрылықтың қақ ортасында бас-аяғы тұйық теңіз еді.

ШИ (Рес., Омбы) құрт жаю үшін және мал сойғанда ет астына салу үшін шыбықтан тоқылған төрт бұрышты тоқыма. **Мысалы:** Бұл албастының ши қалпағы жел шақырғандай етегі делиіп, кісіге ұқсап жүретіні киім кигенде екен.

БАҚЫР 1.(Қост., Жанғ.; Қ. орда, Сыр.; Жамб.: Қорд., Луг., Шу; Сем., Абай) шелек. **Мысалы:** Осы кезде бақыр ұстаған біреу жүгіріп барып лапылдап жатқан пештің көмейіне шаж еткізіп су шашып жіберді.

САҒАҚ 2.(Ақт., Бірғ.; Гур., Маңғ.) ноқта. **Мысалы:** Жәдігердің қолынан сағақ бау шығып кетті.

Міне, бұлар тек қана верталдық элементтер ғана емес, қазақ тіліндегі материалдық әрі рухани мәдениеттің жалпыхалықтық лексикадағы көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. I (А-Е). – Алматы, 1996.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – А., 1997.
3. Уәлиев Н. Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы // ҚР ҰҒА Хабарлары, 2000. №2.
4. Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры. – А., 1972.
5. Аманжолов С. Вопросы истории и диалектологии казахского языка». – А., 1959.
6. Абай тілінің сөздігі. – Алматы, 1968.
7. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. – А., 1976.

БАҚ-ДАҒЫ ПРОМОУШЕННИҢ РӨЛІ

Тұрмағамбетова А. Ә., Н.С.Кенжеғұлова
«Тұран» университеті

Промоушен дегеніміз не? Алдымен осы сөзге анықтама беріп өтейік. Промоушен – тауарды сатуға ықпал ету, ынталандыру (ағылшын тілінен аударғанда sales promotion – сатуды жылжыту). Орыстың энциклопедиялық сөздігінде «тауарды және қызмет түрін түпкілікті тұтынушыға жылжыту, жеткізу; сатып алушыны сатып алуға ынталандыру жөніндегі компания қызметі» делінген.

Яғни, бүгінгі күні басқа кез-келген салалар секілді медиа саласында да промоушеннің атқарар рөлі жоғары. Мысалы, телеарна ұсынып отырған ішкі өнімдер, яғни бағдарламалар мен кинолар өз көрерменін табу үшін, аудиторияны көгілдір экран алдында ұстап тұру үшін жарнамалау қажет. Көрерменге қандай да бір телевизиялық бағдарламаны көру немесе радио хабарды тыңдау үшін оның қай арнадан, қай толқыннан беретіні маңызды емес. Сондықтан телерадио компаниялардың менеджерлері аудитория тартудың жолдарын өздері ойлап табу керек. Ол үшін аудиторияны аталмыш арнадағы қандай да бір бағдарлама көруге тұрарлық, маңызды екеніне көз жеткізу керек. Оны қалай жүзеге асыруға болады?

Промоушен стратегиялық маркетингтің бір тармағы. Екеуінің арасындағы айырмашылық қандай? «Промоушен» сөзі бағдарламаны, ішкі өнімді алға жылжыту, жарнамалау кезінде қолданылады. Ал маркетинг нарықтың дамуын зерттей келе, тұтыну немесе тауарға, өнімге сұранысты арттырады, тез өтуін қадағалайды. Яғни, сұранысты зерттеп қана

қоймай, оны жарнамалау, өнімнің тұтынушыға жетуін қамтамасыз ететін техникалық, ұйымдастырушылық, коммерциялық және басқа түрлерін қолданады.

Маркетинг пен промоушен біріксе үлкен күшке айналады. Мысалы: телерадио эфирлерінен берілетін бейне роликтер мен промо акциялар, тележурналдар мен газеттерге басылған жарнамалық мәтіндегі мақалалар, көше бойындағы ақпараттық тақталар, басқа да сыртқы жарнама түрлері, ғаламтордағы веб-парақшалар, тыңдармандар мен оқырмандарға арналған тұтыну тауарлары, көліктегі жапсырмалар, қоғамдық пікір (PR) және паблицити (танымалдылық) қалыптастыру мақсатындағы қоғамдық жұмыстар тауардың немесе өнімнің танымалдығын арттырады.

Промоушен мен маркетинг мәселелерін зерттеу не үшін керек?

1. Бұған дейін танымал болып келген арналардың үнемі көш бастап тұруы екіталай. Өйткені бүгінгі бәсекелестік жағдайында арналардың немесе қандай да бір бағдарламаның ұзақ уақыт бойы жоғары рейтингті ұстап тұруы қиынның қиыны. Телеарнаның нарықтағы беделі мен имиджі көрерменнің көңілін ұзақ уақыт бойы өзіне аударып тұруы екіталай. Кез-келген өнімді көпшіліктің сұранысына орай ұтымды тәсілмен беру, өтімді жарнамалар арқылы ғана аудиторияны ұстап тұруға болады.

2. Бағдарламалардың бағасын арттыру қажет. Станциялар немесе желілер бағдарламаға қанша ақы төлеймін десе, оның құны сонша болмақ. Бағаға шектеу жоқ. Эфирден өтпеген телехикаяның бір эпизоды үшін телеарна мың доллар жұмсауы мүмкін. Ал көрерменге жол тарқан ең танымал телехикаяның жалпы көрсетілімі миллион доллар табыс әкелуі әбден мүмкін. Мұның бәрі бір сағат немесе жарты сағаттық эфир уақытын жабу үшін жасалады. Сондықтан, дәл осы – промоушен, бағдарламаға кеткен шығынды ақтап, рейтинг пен жарнама берушілерді ұстап тұратын құрал болып табылады.

3. Көптеген телевизия менеджерлері бағдарламалық өнімдерді тиімді насихаттау, промоушен мен маркетингтің маңыздылығын арттыру үшін креативты ойлар іздейді, білімді болуға талпынады. Бүгінгі күні медиа-компаниялардың басшылары жалпы табысты барынша жоғарлату үшін сыртқы және ішкі промоушеннің қажеттілігін мойындады.

4. Медиакомпаниялардың саны жылдан жылға артып келеді. Бәсекелестер көп. Көрермендер мен тыңдармандардың назарын өздеріне аудару үшін түрлі әдістер ойлап табылуда. Жарнама берушілерге талас жоғары. Тиімді промоушен телеарналар, желілер, операторлар үшін сол жарнама берушілерді өзіңе қаратудың тиімді жолы.

5. Ұқсас телеарналардан өзгешеленудің бір жолы – ғаламторды, әлеуметтік желілерді дамыту. Интерактивтілік, яғни дербес компьютерлер, телефон, смартфон және электронды БАҚ-ын дамуы адамдардың ақпарат алу тәсілдерін өзгертті. Сондықтан, маркетинг және промо акциялар жаңа әдістерді енгізуде басты рөл атқарады және өнімді өткізу мен қоғамдық қатынастарды қалыптастырудың бірден бір жолы.

Промоушен мен маркетинг түрлерінің айырмашылығын оның қандай аудиторияға, жарнама берушілерге және қандай желілік станцияларға арналғаны арқылы ажыратамыз.

1. Көрермендерге, тыңдаушыларға және пайдаланушыларға бағытталған промоушен. Көрермендерге арналған промоушен телекомпаниялардың, кабельдік және желілердегі

рейтингті көтеру немесе сақтау қалу мақсатында қолға алынады. Әдетте, шығындар маркетинг немесе промоушен бөліміне жүктеледі.

2. Жарнамалық промоушен тұтынушыларға, жарнама берушілерге, демеушілерге бағытталған. Жарнамалық промоушен сату көлемін арттыру мақсатында жүзеге асады. Кейбір ірі компанияларда сату промоушені жөнінде арнайы бөлім бар.

3. Желілік промоушен желіден станциялар мен кабельдік операторларға бағытталады. Желілік промоушен желілерге байланысты телекомпаниялардың адал және ұзақ мерзімді ынтымақтастығын сақтау үшін жүзеге асырылады.

Промоушеннің 2 түрі бар. Біріншісі, эфирлік промоушен. Телеарнаның немесе жеке эфир уақытын пайдалана отырып ішкі өнімдерді жарнамалау эфирлік промоушен (on-air promotion) деп аталады. Екіншісі, сыртқы промоушен. Жарнамалық хабарландыруларды немесе жарнамалық бейнероликтерді жариялау үшін басқа БАҚ-дың эфирлік уақытын немесе жарнама алаңын пайдалану сыртқы промоушен деп аталады (external promotion). Бұл өз ресурстарын қолданбай хабар тарату компаниясының жұмысына назар аударуға қызмет етеді. Сыртқы промоушенге мыналар кіреді:

- Радиодағы жарнама
- Газет, журнал бетіндегі жарнама (TV Guide)
- Көшелерге, билбордтарға ілінетін сыртқы жарнама
- Көліктердегі жарнама
- Бейнелі кәдесыйлар
- Ғаламтор
- Pablicity және PR

Өз мақсаттарына жету, аудиторияны ұстап тұру, демеушілер мен жарнама берушілердің назарын аудару үшін кез-келген компаниялар барлық мүмкін деген промоушеннің түрлерін пайдаланады. Мысалы, бейнелі кәдесыйларды (merchandising) тарататын жарнама түрі қандай да бір белгілі аудиторияны жаулап алу мақсатында, сондай-ақ жарнама берушілерді тарту немесе желілік арналардың жұмысын қолдау үшін пайдаланылады. Танымал журналдарға бағдарламаның жарнамалық постерлерін жариялау желілік арналардың назарын аударса, екінші жағынан осы бағдарламалардың жарнамалық сатылым көлемін арттырады.

Паблицити және PR. Бұл терминдер бірін бірі алмастыратын синонимдер ретінде жиі пайдаланылады, бірақ бұл екі түрлі ұғым.

1)паблицити (pablicity)- газет басылымдарында, журнал бетінде немесе басқа телекомпания эфирінде арна жайлы тегін еске салып отыру. Бұл ақылы жарнамаға қарағанда өзің туралы жариялаудың ең тиімді тәсілі. Өйткені паблицити қандай да бір көзқарасты не біреудің мүддесін қорғамайды. Арналар айналасына жағымды паблицити қалыптастыру үшін шерулер мен концерттерге, қайырымдылық акцияларына қатысады.

2) PR (Public relations) – бұл баспасөз баяндарын тарату арқылы БАҚ өкілдерімен формалды жұмыс жасау; жарнама берушілердің назарын аудару үшін журналдарға жарнама беру; қоғамдық пікір қалыптастыруға әсер ете алатын адамдармен байланыс орнату, олар жергілікті билік өкілдері, қоғамдық ұйымдардың көшбасшылары болуы мүмкін; қалалық шараларға қатысу арқылы компания қоғаммен араласып жатқандығын көрсету. Паблик рилейшнздің мақсаты станцияның, қызметтің немесе желінің көрнекті және жағымды образын жасау. Сондықтан PR мен промоушен өзара байланысты.

Сыртқы жарнама эфирлік промоушенмен үйлесімдік тауып, көрерменді бір қарағаннан баурап алуы тиіс. Яғни, сыртқы және ішкі промоушеннің толқыны бірізді және дәйекті болуы керек. Бір-бірімен қабысып, астасып жатуы керек.

Эфирлік промоушен дегеніміз не? Дәл осы, эфирлік промоушен көптеген радиостанциялар мен телеарналардың көрермен мен тыңдарман аудиториясын кеңейту және олардың арнаға деген адалдығын қамтамасыз етуге жақсы мүмкіндік береді.

Эфирлік промоушенге мыналар кіреді: алдын-ала жазылған телевизиялық және радио роликтер (promo); радио-отбивка(filler), бірізді басты беті (ID- идентификационные заставки), логотип (logos), алда болатын шоу туралы эфирлік афишалар (on-air billboards), өз арна эфирінен берілетін әртүрлі «перебивкалар», «отбивкалар», «заставкалар» (teases, bumpers, tags).

Мазмұны мен мақсатына қарай эфирлік промоушенді екі түрге бөлуге болады. 1) Тиісті арнада белгілі бір уақытта белгілі бір бағдарламаны қарау үшін көрерменді шақыраған *жедел промоушен* (topic promotion). Промоушеннің бұл түрі басқаша *бағыттаушы, икемдеуші* (tune-in promotion) деп аталады. Компаниялар негізінен дәл осы эфирлік промоньң түрін жиі пайдаланады. Белгілі күні белгілі бір уақытта эфирде болатын бағдарламаның немесе телехикаяның ролигі тек осы бағдарламаның промоушені болып табылады. Бұл промо аталмыш көрсетілімнің шығу қарсаңында тек бірнеше күн қатарынан көрсетілуі мүмкін. Мұндай промоньң мақсаты көрермендер немесе тыңдармандарға нақты күні белгілі уақытта өз теледидарын немесе радио қабылдағышын қосу керектігін жеткізеді. Бұл промоньң ерекшелігі - қандай да бір бағдарламаны көру үшін аудитория жинауға арналған байланыстың икемді түрі, шығарылым аяқталғаннан кейін ол бірден өзектілігін жояды.

2) Имидждік промоушен (image promotion), тағы бір атауы брэнддинг (branding). Нақты бағдарлама немесе ақпараттық оқиғаға қатысы жоқ, станция немесе желілердің сапасын арттыруға бағытталған жарнама мен промоушен «имидждік промоушен» деп аталады. Мұндай промоушен маңызды артықшылықтарды айта отырып, адамдардың санасына сіңіруге және «брэнд» қалыптастыруға жұмыс жасайды. Промо яки жарнамалық роликтер бір уақытта компанияның имиджін де, көңіл жадырататын хикаясының жаңа көрсетілімін басталғаны немесе жаңалықтардың жаңа жүргізушілерімен таныстыруы мүмкін.

Коммерциялық және коммерциялық емес телевизиялық станциялар өздері жасаған промо роликтерді эфирлік уақыттарында жиі пайдаланады. Промо-роликтердің стандартты

хронометражи 15-тен 30 секунд аралығында, 10, 20, 60 секундтық роликтер қалған эфир уақытын толтыру үшін қолданылады.

Промоушен сатылымы. Телевизиялық хабар тарату немесе кабельдік желілердің, станциялар немесе жүйелердің коммерциялық уақытын сататын сату бөлімінің қызметкерлеріне көмектесетін кез-келген әрекет сату промоушені (sales promotion) деп аталады. Әдетте, станциялар мен желілер өз тұтынушылары арасында ықтимал деген жарнама берушілерге арналған ақпаратты кітапшаларды таратады. Жергілікті станция дайындаған кітапшада үздік рейтинг көрсеткіштеріне талдау жасалады немесе аудиторияны үздік қамту көрсеткіші көрсетіледі. Олар сондай-ақ табысты болған жарнама компанияларының жағымды пікірлерін және теле жұлдыздар мен жаңалық жүргізушілерінің фото суреттерін жариялауына болады. Ал радиода сату промоушенінің маңызды бөлігі қандай да бір тауарды немесе қызмет түрін жарнамалайтын радиотыңдармандар арасындағы байқаулар өтімді болады. Мұндай акциялар станция не жүйе мен жарнама берушілер арасында ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатады.

Жарнама ақпараттандыруды білдірсе, промоушен сендіру дегенді білдіреді. Бірақ телевизиялық маркетингте бұл екі түсінікті ажыратып қарауға болмас. Керісінше, медиа-компанияның қызметкерлері бұл екі мақсатты қатар алып жүреді. Ақпараттандырады және сендіреді.

Аудитория екіге бөлінеді.

1)Көрмейтін, тыңдамайтын, оқымайтындар

2)Көретін, тыңдайтын, оқитындар.

Бірінші топтағы аудиторияның назарын арнаға аудару үшін арнайы «ашкөзділік» стратегиясы (назар аударту стратегиясы) керек. Басты екі арнаға, бағдарламаның шығатын күні мен уақытына түсу тиіс. Ол үшін сыртқы промоушенді пайдаланған жөн.

Екінші топтағы адамдар арнаның көрермендері, оларды көңілден шығатындай өнімдермен үнемі ұстап отыру қажет. Ол үшін арна «ұстап қалу» стратегиясын қолданады. Бұл жерде эфирлік промоушен көмекке келеді. «Жіксіз телевидение» әдісімен эфирде түрлі байқаулар мен ұтыс ойындар ұйымдастыру қажет.

Маркетинг және промоушен стратегиясын қалыптастырудың 5 негізгі көрінісі: 1) арна бағдарламаларының танымалдылығын арттыру; 2) тұрақты көрермендерді көбейту нәтижесінде теле көрсетілім немесе радио тыңдалымның рейтингтік көрсеткішін жоғарлату; 3) теле белгінің барлық аймағын қамтуға жұмыс істеу; 4) арнайы қызметтерді өз аудиторияңыздың қалауы мен қызығушылығына орай ұйымдастырыңыз; 5) өз нарығыңызда басқа ақпарат құралдарына қатысты ұстанымыңызды бәсекелестік тұрғыдан көрсетіңіз.

Медиа промоушеннің және маркетингтің басты міндеті – теле және радиостанцияның қандай аудиторияны тартуға тырысу керектігін анықтау. Коммерциялық хабар

таратушылар көбінесе олардың жарнама берушілерінің талаптарына тәуелді және ең жақсы сатылатын аудиториямен жұмыс істеуді қалайды.

Ал хабар тарату компаниялары аудиторияның үш тобымен жұмыс істеуі тиіс және осыған орай промоушеннің түрлерін қолданады: а) арнаның тұрақты аудиториясы; ә) арнаны андасанда көретін кездейсоқ аудитория; б) арнаны көруге қызығушылығы жоқ ықтимал аудитория.

Аудиторияны анықтаудың екі тәсілі бар: сапалы және сандық. Бір хабарламаның барлығына қол жеткізе алмағандықтан, коммерциялық телеарналар жарнама берушіге (мақсатты аудиторияға) қызықты болатын кең аудиторияға жетуге тырысады. Коммерциялық телекомпаниялар, әдетте, көрермендер саны мен жасы және жынысы сияқты демографиялық көрсеткіштер бойынша өлшенетін жаппай аудиторияға сілтеме жасайды.

Пайда табуды көздейтін барлық компаниялар үшін маркетингтің басты мақсаттары - қызмет көрсету, тұрақтылық, пайдалылық. Қызмет көрсетпесе ешбір компания аудиторияны өзіне қарата алмайды. Аудиторияны және жарнама берушіні осы қызметтер қызықтырады. Мықты маркетинг және сервис менеджменті тұрақтылықты қалыптастырады, бұл нарықтағы тұрақты бәсекелестік жағдайды, белгілі бір аудиторияны тарту және компанияның үнемі өсуін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хант Л. Телевизиялық брендинг пен эфирлік промоушеннің негіздері. М., Престиж, 2004.
2. Капфер Ж.-Н. Бренд: қалыптастыру, дамыту, бренд құндылықтарын қолдау. Ағыл. аударма - М. Вершина. 2006.
3. Тарасова О.В. Медиабрендті насихаттаудағы жарнамалық байланыстар. Магистрлік диссертация. С-Петербург. 2017. www.dissercat.com
4. Энциклопедиялық сөздік <https://dic.academic.ru/dic.nsf/es/86292/>
5. <https://habr.com/ru/post/10505/>

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М. А. Турганбаев, М.А. Бисекенова
Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ

Агроөнеркәсіп кешенінде жетекші рөлді ауыл шаруашылығы атқарады. Өртүрлі климаттық жағдай Қазақстан Республикасына қалыпты жылу белдеуінің барлық дақылдарын өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы дәстүрлі негізде екі салаға бөлінеді:

- мал шаруашылығы – ірі қара мал өсіру (ет-сүт өнімдерін өндіру), қой, жылқы, түйе, шошқа және ешкі өсіру секілді бағыттар бойынша дамуда;
- өсімдік шаруашылығы – Қазақстанның ауыл шаруашылығының негізі.

Қазақстан Республикасы аймақтарындағы ауыл шаруашылығы жағдайы мен ерекшеліктері.

Оңтүстік Қазақстанның ауыл шаруашылығы. Республикадағы табиғи-климаттық жағдайлардың алуан түрлілігін атап өткен жөн. Қазақстанның оңтүстігінде ауыл шаруашылығы тау бөктерінде жоғары температура жағдайында жұмыс істейді. Жасанды суаруды жақсы ұйымдастырудың арқасында мақта, күріш, қант қызылшасы мен темекіні

жинаудың жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізуге болады. Айта кету керек, бұл бақша және жүзім шаруашылығын дамыту үшін ең қолайлы жер.

Қазақстанның батыс бөлігіндегі ауыл шаруашылығының ерекшеліктері.

Батыс Қазақстандағы ауылшаруашылығы көбінесе жайылымдар мен шабындықтардың үлкен аудандарына байланысты мал шаруашылығымен сипатталады. Ең көп үлес қой, жылқы мен түйелерге тиесілі. Егер егін туралы айтатын болсақ, онда егістік жерлердің 70%-дан астамы бидайға арналған. Қалған жерлерде арпа, тары және қара бидай өсіріледі.

Қазақстанның солтүстік бөлігіндегі ауыл шаруашылығы. Солтүстік Қазақстандағы ауыл шаруашылығы қолайлы климаттық жағдайлардың әсерінен тез дамып келеді. Мұнда ет және сүт бағытындағы ірі қара мал шаруашылығы, сонымен қатар құстардың асыл тұқымды шаруашылығы дамыған. Негізгі сала - қой шаруашылығы. Ауыл шаруашылығы алқаптарын мақта және дәнді дақылдар алып жатыр. Сондай-ақ көкөністер, жемістер мен бақша дақылдарын өсіру үшін өте қолайлы жағдайлар бар.

Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығының ерекшеліктері. Шығыс Қазақстанның ауыл шаруашылығы негізінен суарылмайтын ауыл шаруашылығы болып табылады. Ең үлкен жер аумақтарын күнбағыс дақылдары алады. Өзен аңғарларында бидай, сұлы, бұршақ, көкөніс дақылдарының едәуір алқаптары бар. Сондай-ақ, ет және сүт өндірісінің қарқынды дамып келе жатқанын атап өткен жөн. Суармалы жүзім шаруашылығы кейбір облыстарда дамыған. Шошқа мен жылқыны өсіруге көп көңіл бөлінеді. Шығыс Қазақстан дамыған ара шаруашылығы, аң терісі және омарташылықпен ерекшеленеді.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені әрқашан ұлттық экономиканың негізгі құрамдас бөлігі болып саналды. Бұл жағдайда негізінен республиканың бірқатар артықшылықтары бар:

- үлкен аумақтың болуы. Жан басына шаққандағы егістік жер көлемі бойынша Қазақстан әлемде екінші орында;

- астық пен ұнды ірі экспорттаушылардың бірі болуы;

- көршілес елдердің (Қытай, Орталық Азия, ЕАЭО және ТМД) азық-түлік тауарларына сұранысының артуы.

2019 жылда елдің ЖІӨ-де ауыл, орман және балық шаруашылығының үлесі 4,5% құрады. 1990 жылдың соңында бұл көрсеткіш неғұрлым жоғары деңгейде болғанын атап өткен жөн - 8-9% [1]. Өткен жылдың қорытындылары бойынша жалпы өнім 0,9% -ға өсті [2].

Мемлекет тарапынан агроөнеркәсіптік сектордың мәселелерін уақтылы шешу мақсатында оны жетілдіру бойынша шаралар кешені қабылдануда. Статистика осы саладағы оң динамиканы көрсетеді, оның ішінде: жалпы өнімнің өсуі, ауыл шаруашылығының жаңа нысандарының құрылуы және басқалары. Алайда, қолданыстағы шаралар жеткіліксіз, өйткені бірқатар елеулі кедергілер саланың дамуын одан әрі сапалы қамтамасыз етуге кедергі келтіреді:

1. Біріншіден, саладағы төмен еңбек өнімділігі мәселесі өзекті болып қала береді. Статистикаға сәйкес, 2017 жылы республика экономикасында ең төмен еңбек өнімділігі (білім беру секторын қоспағанда) дәл ауыл шаруашылығында байқалды - бір жұмыспен қамтушыға жылына 5 мың АҚШ доллары. Жыл сайын агроөнеркәсіптік кешенге субсидиялардың едәуір мөлшері бөлінетінін, мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылып жатқандығын және жұмыспен қамтылған халықтың едәуір бөлігі жұмыс жасайтындығын ескеру қажет. Дамыған елдерде ұқсас көрсеткіш 90-100 мың АҚШ долларына жететінін атап өткен жөн.

Бұл төмен көрсеткіштің негізгі себептеріне техникалық жабдықтардың жеткіліксіздігі, тиімді ауыл шаруашылық технологияларын енгізу, шағын және орта бизнес үшін қол жетімділігі мәселелері жатады. Мәселен, ауыл шаруашылығындағы машиналар мен жабдықтардың тозу деңгейі 2017 жылы 45,7% құрады. Ауыл шаруашылығы тракторларының саны бойынша Қазақстан басқа елдерден едәуір артта. Мысалы, Қазақстанда 1 га ауылшаруашылық жеріне 1 трактордан, ал АҚШ-та - 27, Үндістанда - 16, Бразилияда – 11-ден келеді. Сонымен қатар елдегі тракторлар мен комбайндардың

көпшілігінің қызмет ету мерзімі 17 жылдан асады. Ескірген жабдықты пайдалану жөндеу шығындары мен жанар-жағармай материалдарының құнын орта есеппен 20% арттырады және сайып келгенде егіннің төмендеуіне әкеледі [3].

2. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігіне де, елдегі азық-түлік қауіпсіздігіне де әсер ететін тағы бір маңызды мәселе - агрономия мен бизнес қауымдастығының әлсіз өзара әрекеті. Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің тек 8% өндіріске енгізіліп жатқандығы туралы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған деректер дәлел болып табылады [4]. Зерттеулер мен өңдеулердің негізгі бөлігін мемлекет қаржыландырады, бұл оның нақты мүдделері мен даму процестеріндегі қажеттіліктерін көрсете алатын бизнестің белсенді қатысуынсыз жүзеге асырылады. Коммерцияландыру және технологиялар трансферті мәселелері де бар. Ғылыми зерттеулер жыл сайын 6000-нан астам фермаларды қамтиды, бұл тіркелген АӨК субъектілерінің тек 3% құрайды [5].

Сонымен қатар отандық ауыл шаруашылығы тиімді технологияларды енгізуге зәру. Мәселен, өсімдік шаруашылығы саласында ұзақ уақыт сақталатын әр түрлі көкөністердің ұзақ мерзімді сорттарын пайдалану қажет, нәтижесінде ішкі азық-түлік нарығын импорттық тауарларды импорттау қажеттілігінсіз жыл бойы өз өнімдерімен қамтамасыз етеді, бұл тұтынушылық бағаның өсуіне әкеледі. Сондықтан, бұл парадоксалды жағдайды шешу үшін екі тараптың - ғылыми қоғамдастық пен бизнестің, оның ішінде кішігірім бизнестің, әрекеттесуінің оңтайлы форматын табу қажет. Бұл аспект шешілмейінше, ешқандай үлкен әсер күтудің қажеті жоқ.

Сондай-ақ кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін де атап өткен жөн. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері бойынша АӨК субъектілерінің шамамен 80% -ы мамандарға зәру. Айта кету керек, жыл сайын ауыл шаруашылық мамандықтары бойынша білім алуға жеткілікті мөлшерде білім гранттары бөлінеді. Алайда ауылшаруашылық жоғары оқу орындарын бітірушілердің жартысы ғана ауылдық жерлерде жұмыс істейді. Олардың кейбіреулері тек формальды түрде жұмыс істейді, бірақ іс жүзінде басқа салалармен айналысады.

3. Субсидияларды бөлуге ерекше назар аудару керек. Мәселен, қазіргі уақытта сарапшылар қауымдастығы мен фермерлер «Сыбаға» бағдарламасы аясында қаржылай қолдау тетігі туралы мәселені қызу талқылауда. Бағдарлама талаптарына сәйкес, сатып алынған ірі қара малды тек шет елдерден әкелу керек. Осындай қатаң талаптың болуы бұл бағдарламаны шағын және орта бизнес үшін қол жетімді емес және қолайсыз етеді. Бұл шетелден асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу көбінесе тек ірі кәсіпорындар үшін көтеріледі, өйткені мұндай ірі қара малдың құны өте жоғары, сонымен қатар оны жеткізу, кедендік рәсімдеу және карантиндік аймаққа бір жарым айға орналастыру шығындары қажет. Сонымен қатар, эпизоотиялық аурулары бар ірі қара малдың өлімі мен әкеліну қаупі бар.

Сонымен қатар республикада меншікті асыл тұқымды фермалар бар. Алайда, бағдарлама талаптарына сәйкес отандық фермалар малды сатып алуға жеткізуші ретінде қатыса алмайды, бұл оларды шетелдік асыл тұқымды фермалармен салыстырғанда кемітеді. 2018 жылғы мәліметтер бойынша республикада 1044 асыл тұқымды ферма бар, олардағы ет секторындағы сиыр саны 282,4 мың бас. Бір уақытта, 2007-2017 жылдар аралығында, бұл шаруашылықтар «ҚазАгро» Холдингі» АҚ еншілес ұйымдары арқылы қаржыландырылды, 46,2 млрд. теңгеге 103 репродуктор құрылды, импортталған асыл тұқымды малдың жалпы саны 70,9 мың бас болды [6].

Жергілікті шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы бірқатар бәсекелестік артықшылықтарға ие екенін ескерген жөн. Біріншіден, бұл көлік шығындарының төмендігі және кедендік және карантиндік рәсімдеудің қажеті жоқ. Екіншіден, эпизоотиялық ауруларды анықтау қаупі аз. Үшіншіден, жергілікті репродукторлардың малы қазірдің өзінде климаттық жағдайға бейімделген, бұл өлім қаупін азайтады. Бүгінде жергілікті асыл тұқымды шаруашылықтар мен репродукторлар өнімділігі жоғары асыл

тұқымды ірі қара малды сатылымға шығарылатын ет бағасына сатып алуға мәжбүр болуда, бұл пайдалылық принципіне қайшы келеді.

4. Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілік деңгейіне тікелей әсер ететін ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау және өткізу проблемалары маңызды болып табылады. Сауда-логистикалық жүйенің дамымауы, өнімді сатуға дейін дайындау (жуу, орау, кептіру, калибрлеу және тасымалдау және т.б.) қондырғыларының болмауы жыл бойына сапалы шикізаттың біркелкі жеткізілуін қамтамасыз етпейді.

Кейбір аймақтарда жемістер, көкөністер мен азық-түлік өнімдерін сақтайтын қойма инфрақұрылымы жеткіліксіз дамыған. Жалпы алғанда елде 21 көліктік-логистикалық орталық жұмыс істейді, бірақ проблемаларды жою үшін қолда бар қуаттар жеткіліксіз, өйткені астық пен майлы дақылдардың орташа жылдық түсімі өскен сайын сақтау сыйымдылығы жетіспейді.

Сондай-ақ бөлшек сауда көлемінің артуына қарамастан, Қазақстанның шалғай аудандарына азық-түлік жеткізілімдері облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының нашарлауымен, аймақтар арасындағы жүк тасымалы үшін теміржол желісінің жеткіліксіз дамуымен қиындайды.

Талдау көрсеткендей, нарықтық экономика жағдайында агроөнеркәсіптік кешен мен табиғи орта арасында экологиялық және экономикалық проблемалар туындайды. Бұл, ең алдымен, аграрлық интеграция негізінде механикаландыру, электрлендіру, химияландыру, шоғырлану және мамандандыру деңгейінің жоғарылауынан тұратын ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығының жедел қарқын алуымен байланысты. Дәл осы жерде экологиялық тепе-теңдік осы процестердің нәтижесіз және жанама әсерлерінің салдарынан бұзылады.

Ауыл шаруашылық өндірісін кешенді экологиялық мәселелерді ескермей дамыту мынадай теріс салдарларға әкеледі:

- судың физикалық қасиеттерінің нашарлауына байланысты жер құнарлылығының төмендеуі;
- өсімдіктердің химиялық қорғау құралдарымен топырақтың, судың және ауаның тікелей ластануы;
- егістік алқаптарының ұлғаюы және табиғи фитоценоздар үлесінің күрт төмендеуі салдарынан жер мен су эрозиясының жоғарылауы;
- механикалық өңдеудің, әсіресе ауыр ауылшаруашылық техникаларын шамадан тыс пайдаланудың жыл сайынғы өсуі нәтижесінде құрылымдалмаған егістік топырақтың бұзылуы;
- су көздерін реттеу арқылы жер үсті ағындарын қайта бөлуге байланысты аумақтың су режимінің бұзылуы;
- минералды тыңайтқыштарды қолдану нәтижесінде жер үсті және жер асты суларының минералдануының жоғарылауы.

Жерді ұтымды пайдалану проблемасы көптеген шараларды қамтиды, олардың негізгі мақсаты әр жер учаскесіне жоғары қайтарымдылық, жеке ауыл шаруашылығын, егіншіліктің тиісті рационалды жүйесін ескере отырып өнімділігін арттыру. Соңғы уақытта республикада ауыл шаруашылығы саласында тұздану, шөлейттену және суландыру эрозиясының дамуының жағымсыз құбылыстары байқалады. Жерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету үшін келесі шаралар қажет:

- 1) жер қорының құрылымын санаттар бойынша жетілдіру, жердің құрамын экономика салаларын дамыту мен қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес мақсатты пайдалану санатына сәйкестендіру;
- 2) мемлекеттік жер кадастрын құру және жүргізу, тиімді ведомствоаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ете отырып, оны автоматтандырылған технологияларға ауыстыру;
- 3) жерге орналастыруды жетілдіру, жерге орналастырудың экономикалық тетіктері, жер заңнамасының сақталуын бақылау.

Жерді қорғау саласындағы экологиялық және экономикалық реттеу шаралары:

- шаруашылық және басқа қызметтің жер ресурстарына әсерін экологиялық және экономикалық бағалау;
- жер ресурстарын қорғауға бағытталған инновациялық және өзге де қызметті қолдау; - қоршаған ортаға келтірілген зиянды белгіленген тәртіппен өтеу;
- қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемдер белгілеу;
- экологиялық болжамдар негізінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік болжамдарын жасау;
- қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін жер ресурстарын қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- табиғи нысандар мен табиғи антропогендік объектілерді экономикалық бағалауды жүргізу.

Қазақстан Республикасында жерді ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары осы экологиялық және экономикалық проблемаларды шешуге бағытталуы керек. Бұл өз кезегінде жер ресурстарын жоғары өнімділікпен пайдалануға, топырақ құнарлылығын сақтауға және олардың тозуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Көптеген жылдар бойы мемлекет агроөнеркәсіп кешенінің дамуына үлкен көңіл бөлуде. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің маңызды міндеттерінің бірі ұлттық экономиканың негізгі драйверінің бірі болып табылатын агроөнеркәсіп кешеніндегі бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып табылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері осы сфераға қатысты бағдарламалық құжаттар қатары қабылданды.

Бүгінгі күні Қазақстанда Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның негізгі мақсаттары:

- жалпы ауылшаруашылық өнім көлемін 2 есеге ұлғайту;
- өнделген өнімді экспорттауды 2,5 есеге - 2,7 млрд АҚШ долларына дейін арттыру;
- қарыз қаражаты көлемін 2021 жылға қарай 2017 жылғы деңгеймен салыстырғанда 9 есе арттыру;
- өнеркәсіптегі негізгі капиталға инвестициялар ағынын 3 есе арттыру [7].

Ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясат, мемлекеттік реттеу және реформа келесі негізгі идеяларды жүзеге асыруға бағытталған:

- ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік белсенділігін арттыру, сонымен қатар олардың әл-ауқаты деңгейін арттыру;
- ауылшаруашылық аймақтарының тұрғындарын электр, газ, ауыз сумен және басқа да өмірлік маңызды ресурстармен қамтамасыз ету;
- ауылдарда автомобиль жолдарын салу және күрделі жөндеу;
- телекоммуникация жүйелерін жаңғырту;
- ауылдық жерлерде денсаулық сақтау шараларын күшейту (ауруханалар салу немесе күрделі жөндеу, тиісті мамандарды тарту);
- мектептердегі және басқа да білім беру ұйымдарындағы білім беру реформасы;
- ауыл тұрғындарының мәдени және спорттық бағдарламаларға қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- полиция пункттерінің, сондай-ақ ТЖМ бөлімдерінің санын көбейту арқылы ауылдарда қауіпсіздікті арттыру;
- ауылдық жерлерде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ауылшаруашылық аймақтардан халықтың кетуін азайту мақсатында ішкі көші-қон саласындағы саясат тетіктерін әзірлеу.

Осылайша мемлекет тарапынан белсенді қолдауға, ауыл шаруашылық өндірісінің өсіп келе жатқан ауқымына, азық-түліктің негізгі түрлеріне деген қажеттіліктің қанағаттандырылуына және дүниежүзілік сауда-саттыққа қатысуына қарамастан, Қазақстанның ауыл шаруашылығында әлі де маңызды проблемалар орын алып отыр. Сондықтан Қазақстандағы ауыл шаруашылығын одан әрі сапалы дамыту үшін мыналар қажет:

1) инновациялық белсенділікті арттыру негізінде отандық өндіріс көлемін ұлғайту, атап айтқанда физикалық тұрғыдан ескірген машиналар мен жабдықтарды алмастыру және ресурстарды үнемдеудің заманауи технологияларын енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өнімділігінің деңгейін арттыру;

2) ауыл шаруашылық өнімділігін арттыру үшін тиімді және ең бастысы қолданылатын шешімдерді алу үшін ғылыми қоғамдастық пен бизнестің өзара әрекеттесуінің арнайы жоспарын немесе картасын жасау;

3) жас перспективалы мамандарды аграрлық секторға жұмысқа тарту мақсатында ауылдық жерлерде тұрғын үй жағдайларын жақсарту (инфрақұрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жеңілдіктер және т.б.) бағытындағы жұмысты жалғастыру;

4) барлық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, саланы субсидиялау бойынша қолданыстағы шараларды егжей-тегжейлі қарастыру және бағалау;

5) ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу ұйымдары арасындағы интеграциялық процестерді күшейту;

6) ауылшаруашылық өнімдерінің маркетингтік инфрақұрылымын жетілдіру, атап айтқанда азық-түліктің көтерме сауда базарларының санын көбейту, азық-түлік базарлары үшін инфрақұрылым нысандарын салуға жеңілдетілген несиелер беру;

7) республиканың барлық ауылдық елді мекендерінде және ауылшаруашылық шикізат көздері көп шоғырланған шалғай аудандарда қосымша қойма инфрақұрылымы объектілерін салудың кеңейтілген желісін құру.

Әрине, бұл сала жеткілікті көп векторлы және ауқымды болғанын ескере отырып, барлық мәселелерді бір уақытта шешу мүмкін емес, бірақ бәрібір барлық мүдделі тараптар бірігуі керек және олардың ортақ игілігі үшін тиімді шаралар қабылдауға тырысу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты // Өндірістік әдіс бойынша ЖІӨ
2. <https://stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты // ҚР ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы шығарылымы
3. <https://kazakh-zerno.net/137077-kazakhstan-apk-ne-chjornaya-dyra/>
4. https://baigenews.kz/news/tolko_8_rezultatov_nauchnotekhnicheskoi_deyatelnosti_vnedryautsya_v_proizvodstvo_msh_rk/ ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі // Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің тек 8% өндіріске енгізілген
5. https://online.zakon.kz/document/?doc_id=38209741#pos=3;-162 «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» ҰАК директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды
6. <http://www.matritca.kz/news/61602-programma-sybagalobbiruet-interesy-zarubezhnyh-plemennyh-hozyaystv.html> Программа «Сыбага» лоббирует интересы зарубежных племенных хозяйств
7. <https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-agropromyshlennogo-kompleksa-rk-na-2017-2021-gody> ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ТӨЗІМДІЛІГІ МЕН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тұрғанбек Д.М., Гейдарова Г.А.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бала тәрбиесі, халықтық салт-дәстүрлерді сақтау мен дамыту, мемлекеттік тіл, рухани-адамгершілік құндылықтар, отбасының тәрбиелік ролін көтеру, қоғамдық моральдық-адамгершілік негіздерін нығайту, оқушылар мен жастарға этномәдени білім мен тәрбие беру, этносаралық келісім төзімділігі және мәдениетін, толеранттылықты қалыптастыру мәселелеріне үнемі айрықша назар аударып келеді.

Этносаралық мәселелер жөніндегі қоғамдық институт құру туралы идеяны да алғаш рет 1992 жылы Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев айтқан болатын. Қазақстан халқы 1995 жылы Бірінші форумында осы идея жүзеге асып, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы жаңа консультативтік-ақылдасу органы құрылды. Елбасы бастамасымен құрылған әлемде баламасы жоқ бұл қоғамдық институт алғашқы күннен бастап еліміздегі бейбітшілік, этносаралық келісімді нығайту мен қолдау жөніндегі Президенттің көптеген бастамалары мен стратегиялық бағытының тиімді, әрі сенімді жүргізушісі болып келеді. Елбасы “Қазақстанның ел бірлігі доктринасы” туралы өзінің ұсынысын айта келіп, білім беру және тәрбие саласын мемлекеттегі ел бірлігін қамтамасыз етудің негізгі бағыты деп белгілеп, үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне арналған этномәдени білім беру бағдарламасын әзірлеу, жас қазақстандықтарды қазақстан халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне бейімдеу, жастардың азаматтық ұстанымдарын, этносаралық келісім төзімділігі мен мәдениетін қалыптастыру және т.б. мақсат міндеттер қойып, бірқатар іс-шаралар қабылдауды тапсырды.

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып» деп басталатын басты құжатта Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің берік негізі салынды. «Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» құру - Елдік мұраттың басты бағыттары болып бекітілді. Конституцияда этностық азшылық құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық өлшемдерге жауап беретін қоғамдық келісім мен этносаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің құқықтық негізі қаланды. Осының негізінде, Қазақстанның мемлекеттік ұлттық саясаты қоғамдық келісім конституциялық қағидасына негізделі отырып, жалпы адамзаттық тұжырымдарға сәйкес халықтың біртұтастығын қалыптастыруға бағытталды. Мемлекет басшысының Назарбаев Университетінде өткізген интерактивті дәрісінде халқымыздың игілігі болып табылатын қазақстандық табыстың үш кілтін еске салады.

Бірінші, 140 этностың басын құрайтын барлық қазақстандықтардың бірлігі – бұл ғаламат құндылық. Біздің міндетіміз – оны қорғау, сақтау және байыту. Ол үшін этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясаттың артықшылығы туралы өзінің мазмұны бойынша бірегей идеологиялық құжат – Ұлттық бірлік доктринасы қабылданып, жүзеге асырылып жатыр.

Екінші, біздің барлығымызға және әрқайсымызға тән тағаттылық. Этностық және діни айырмашылықты байыппен түсіну және құрметпен қабылдау қоғамдық адамгершілік императивінің бөлінбес бөлшегі болып табылады. “Осының арқасында біздің әр алуандығымыз біздерді бөлмейді, қайта біріктіреді”. Бұл – қоғам мен мемлекеттің стратегиялық қоры.

Үшінші, бұл тарихи тағдырымыздың ортақтығы. Ол оның қандай дінге жататындығына қарамастан, әркім үшін құндылықтар мен болашақтың жалпы жүйесін қалыптастыратын Ұлттық бірлік доктринасының “Бір ел – бір тағдыр” атты алғашқы ұстанымы.

Біздің үлгіміздің полиэтникалық қазақстандық қоғам қалыптастырудың процестері, өңірдің этникалық құрамының ерекшелігі, стратегиялық қор сияқты іргелі және методологиялық негіздері бар.

Тәуелсіздік тарихында Қазақстан халқы достық мен келісімнің, тұрақтылықтың, этносаралық және конфессияаралық татулықтың шынайы үлгісін көрсетті. Бұл – болашақтың байыпты белесін айқындайтын негізгі фактор. Кезінде Елбасының Қазақстан халықтарының Форумында Ассамблея құру туралы идеяны көтерген еді. Қазақстан халқы Ассамблеясының басты міндеті мемлекет пен азаматтық қоғамның серіктестігі ретінде этностар мүддесінің топтасуын қамтамасыз ету, этносаралық іс-қимылды тиімді жүргізу және бірыңғай саяси, құқықтық және мәдени орта қалыптастыру болды. Ал қазір конституциялық мәртебеге ие болған Қазақстан халқы Ассамблеясы біздің еліміздегі ұлтаралық келісімнің арқаулық институтына айналып отыр.

Бүгінде байтақ елімізді мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстар патриотизм ұғымын жаңаша түсіне бастады. Олар бұл ұғымды тек ата тегімен ғана байланыстырып қоймай, Қазақстанның мемлекеттілігі, басқа ұлттың мәдениеті мен дәстүріне деген толерантты көзқарас сияқты қасиеттер арқылы қарастыруда.

Толеранттылық - халықаралық қолданыстағы термин. Латын тілінен аударғанда «tolerantia» - шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту, қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген мағынаны білдіреді.

Осы сөздерді қазақша айтар болсақ, қазақтың бойындағы асыл қасиетінің бірі - төзімділік, сабырлық, шыдамдылық. Біз басқа ұлттарды, этнокультуризмді жатсынбайтын ашық этнос ретінде қалыптастық. Бізде жалпықазақстандық және ұлттық толеранттылық бар. Қазақстандағы толеранттылық - ата-бабамыздан, дәстүрімізден келе жатқан құбылыс. Қазақ дүниетанымында толеранттылыққа байланысты ұлттық ұғымдар мен түсініктер жүйесі көне дәуірлерден бар. Олар заманның ағысына қарай мағыналық мазмұндары ішінара өзгерістерге түскенімен, негіздері сақталды. Біздің қоғамда толеранттылық ескіден сақталып жеткен мұраларымыз - имандылық пен ізгілікке негізделген сипатта санамызға қайыра сіңісуде.

Еліміздегі 140 этностың басын біріктіріп, ұлтаралық татулықтың салтанат құруы – біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі. Біле білсек, толеранттылық – үлкен құндылық. Мұны тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі жылдағы маңызды жетістігіміз десек артық айтқандық болмас еді. Қазақстандағы полиэтникалық қоғамда негізінен екі мәдениеттің үстемдік құрып отырғаны белгілі. Біріншісі, сөз жоқ қазақ мәдениеті. Бұдан кейінгі орында орыс мәдениеті тұр. Дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақты тіршілікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда. Керек десеңіз, Қазақстан – Орталық Азияда ұлтаралық татулықты сақтап, алауыздыққа жол бермеген жалғыз ел.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев толеранттылы қазақстандық парасатты үлгісі – Қазақстан халқы ассамблеясы қызметінің және қоғамдағы құндылықтардың күре тамыры болуына үнемі ерекше маңыз беруде. Оның сан қырлы астарында әлемдегі бағыт-бағдар, пікір-идеялар мен құндылықтарға деген көзқарастың өзгермелі сипаты жатыр. Сондықтан Елбасы осы факторларға орай халықтық даналықты ескере отырып, ел басқарудың өрелі өрістерін қоғамның даму тенденцияларымен ұштастыра жаңа қазақстандық қоғамды қалыптастыра өркендетуде. Толеранттылықтың мазмұнды мән-мағынасын еліміздегі татулық пен келісімі жарасқан халқымыздың бірлігі арқылы әлемге әлдеқашан айқындап бердік. Осы санатта Мемлекет басшысының бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» - Ұлттық жоспарының «Біртектілік пен бірлік» бөліміндегі алты қадам қазақстандық толеранттылы қоғамды қалыптастыруда сөзсіз шешуші қадамдар болатыны ақиқат. Толеранттылы қоғам - мемлекет тірегі қағидасы біздің өміріміздің бас арқауы болмақ.

Елбасымыздың «Нұр Отан» партиясының XVI съезіндегі «Біз өзіміздің тұрақтылық және келісім моделін дамытуда айтарлықтай табыстарға жеттік. Қазақстан Конституциясы нәсілдік, этностық, діни және әлеуметтік қатыстылығына қарамастан, барлық азаматтың құқықтық теңдігіне кепілдік береді» сөйлеген сөзі мемлекеттің саяси тұрақтылығы ұлттаралық қатынастардың басты принципіне айналуға тиіс этникалық толеранттылыққа негізделетінін баса айтуы тегіннен тегін емес.

Елімізде ұлтаралық татулықтың салтанат құруы - біз мемлекеттің негізін құрайтын қазақ халқының саяси мәдениетінің биік деңгейге көтерілгенінің белгісі. Біле білсек, толеранттылық - үлкен құндылық. Мұны тәуелсіздікке қол жеткізген 25 жылдағы маңызды жетістігіміз десек артық айтқандық болмас еді.

Сонымен бірге, Қазақстандағы аз ұлттардың өкілдерінің мұқтаждығын өтеуге, ұлтаралық қарым-қатынас аясында үйлесім орнатуға барынша жағдай жасалған. Барша ұлттардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қорғауға байланысты жүзеге асырылатын шаралар халықаралық стандарттарға сай және осы орайда өзге мемлекеттерге үлгі бола алатынын айта еткен жөн. Сонымен бірге Қазақстанда жүзеге асырылып отырған ішкі саясаттың тағы бір ұтымды тұсы қазақстандықтарды түрлі діни конфессияларға деген толеранттылыққа тәрбиелеумен сабақтас. Алдағы уақытта толеранттылық біздің халқымыздың күнделікті өмірінің дағдысына, дәстүріне айналуы керек. Сондай-ақ, біздер толерантты қоғам арқылы ұлттық болмысымызды жойып алмауға баса мән берген жөн. Қайта керісінше толерантты қоғамды пайдаланып тілдік, ұлттық басымдылыққа жетудің жолдарын қарастырғанымыз абзал.

Қоғамдағы түрлі әлеуметтік және этностық топтар арасындағы және мемлекетаралық қатынастардағы келісімге қол жеткізу мәселесі - бағзы тарихтан мемлекет өміріндегі басты сұрақтардың бірі. Сондықтан да қоғамдық келісімнің қалыптасу, даму және нығаюының заңдылықтары әлі талай зерттеулер мен пікірталастардың тақырыбына айналары сөзсіз.

Өмірдің өзінен көріп отырғанымыздай, қоғамдық келісім маңызды саяси-идеологиялық құндылыққа айналды. Ол қоғамның жемісті экономикалық, саяси дамуының алғышарты бола отырып, ұлттық мүддемізбен терең тамырлас және оның бет-бейнесін айқындайды. Осы мәнде қарасақ, қоғамдық келісім қағидасы - мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының «қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты» сақтауды қамтамасыз ету бойынша рөлі белгіленген Қазақстан Республикасы Конституциясының сарқылмас әлеуетін аша түседі. Өз кезегінде Конституция - азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге толыққанды қатысуына және олардың саяси шешімдер қабылдауға ықпал етуіне мүмкіндік беретін қоғам дамуындағы қуатты ұйыстырушы күш.

Елбасымыз өзінің институттық реформасының төртінші бағытында «Мәңгілік Елдің» мынадай сипаттамасын берді: «...Азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұтатын зайырлы ел - тағаттылық елі». Сондықтан, көпұлтты, көпконфессиялы Қазақстан тұрақтылық пен келісім моделін дамытуда айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Әйткенмен, үнемі алға ұмтылатын мемлекеттің мерейлі межесі болатынын ескерсек, қазақстандық біртектілікті одан әрі нығайту қажет. Президенттік бағдарламада барлық азаматтар құқықтың бірдей көлемін пайдалануы, жауапкершіліктің бір жүгін арқалауы және тең мүмкіндікке қолжетімділікті иеленуі керектігі айтылды. Бұл азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болмақ. Іргелі де ілгері істерге кепілдік беретін Қазақстан Конституциясының артықшылығы да осында.

Ұлтаралық қарым-қатынастың жағдайына талдау жасау, оның даму деңгейін, өту барысы мен ерекшеліктерін, қарым-қатынастарға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды болжай білу үлкен мәнге ие. Ұлтаралық қатынасқа жүргізілген зерттеу халықтар арасындағы байланыстық конструктивті потенциалын анықтауға мүмкіндік беріп, ұлтаралық ынтымақтастық пен толеранттылықты нығайтуға жол ашады.

Жалпы айтқанда, Тәуелсіз мемлекетіміз өзінің ұлттық саясатын әрі қарай жалғастыра беруге, этносаралық қарым-қатынастар жүйесін жетілдіре беруге тиіс. Бұл - мемлекеттік органдармен қатар қоғамдық бірлестіктерге қатысты қажеттілік. Дегенмен, біз этносаралық қатынастарды тиімді реттеудің қазақстандық моделінің негізі қаланды және ол Қазақстан Республикасының орнықты дамуы үшін жағымды әсер беріп жатыр деп сенімді түрде айта аламыз.

Әдебиет

1. Н.Назарбаев: Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» бағдарламасы
2. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005.
3. Сартбаева А.Б. «Жас ұрпақтың толеранттылық пен ұлтаралық мәдениетін тәрбиелеу жолдары». /sabaq.kz/7485/
4. Абенов Е.М. «Қазақстандық толеранттылық үлгісі»/e-history.kz/kz/
5. Тоғжанов Е. Этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі //Солтүстік Қазақстан, 2012
6. Ғаламтор материалдары: <https://infourok.ru/etnosarali-toleranttili-azastanditratili-pen-kelisim-kepili-943085.html>

«ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

А.Тынбаева, Тұяқбаев Ғ.

Қорқыт Ата Атындағы ҚМУ

Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы сөз жоқ қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі үлес. Романның ең басты құндылығы мемлекет, қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов бейнесінің сомдалуында, тіптен, оны тарих сахнасына қайта әкелуде де жазушы еңбегі ересен. Аталған еңбек оқырман тарапынан болсын, әдебиетші, сыншылар тарапынан болсын өз бағасын алды. Әйтсе де, көбіне жазушының суреткерлігінен гөрі, оның Тұрар бейнесін сомдаудағы қайраткерлігіне назар аударылғандай болып сезіледі. Жылдар бойы қаншама мұрағаттарды ақтару, ондағы қажетті дерек көздерін сол кездегі («Қызыл жебе» Кеңестік қызыл идеология тұсында жазылған шығарма) қоғамдық-саяси ұстаным тұрғысынан іріктеу үлкен еңбекті, қажырлылықты қажет етеді. Бірақ бұл жазушы суреткерлігіне берілген баға болмасы анық.

Біздің осы мақалада сөз етеріміз Шерханның суреткерлік шеберлігі, оның ішінде образ сомдаудағы, адам психологиясын ашудағы шеберлігі турасында болмақ.

Көркем шығармадағы оқиға үшін ең басты қажеттілік оқиғаның ойға қонымыдылығы, күман тудырмауы, яғни логикалық дәлелдеу болса, образ үшін ең басты қажеттілік психологиялық дәлелдеу. «Психологиялық талдау - әдебиеттің ең жанды жері» [1.273]. Психологизмсіз, психологиялық талдаусыз көркем бейненің өз дәрежесінде ашылуы мүмкін емес. М.Әуезовтің: «Орыс жазушыларынан анық сүйетінім: Толстой, Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» » [2.129] деген, Т.Ахтанның: «Жастау кезімде «Қылмыс пен жазаны» оқып шығып, біраз күн қиналғаным бар. Ұйықтап кетсем Раскольников сияқты кісі өлтіріп, қалай жалтарып құтылудың амалын таппай қиналам... Достоевскийдің күші адамды өлтіру

процесін суреттеуде емес, Раскольниковті қинаған әр күйзелісін сұмдық терең және өткір етіп бере білуінде болса керек», - деген пікірлері психологиялық талдаудың көркем проза үшін аса қажеттілігін айқындап берсе керек» [3.174].

Қазақ прозасында психологизмнің М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов шығармаларынан бастау алатыны белгілі. Оның да даму, қалыптасу кезеңі бар. Ш.Мұртаза сол аға буын өкілдерінің дәстүрін жалғастырушы, дамытушы. Көркемөнерде, оның ішінде сөз өнерінде әрбір суреткердің өзіндік қолтаңбасы, стилі болатыны белгілі. Образ сомдау, психологиялық талдау мәселесінде де әрбір суреткердің өзіндік ерекшелігі, даралығы болады. Біз бұны Шерхан шығармашылығынан анық көре аламыз. Әсіресе, «Қызыл жебедегі» бала Тұрар өзіндік көркемдігімен, шынайылығымен дараланады.

«Психологиялық талдаудың негізгі екі формасы бар: біріншісі, кейіпкердің мінез-құлқын оның ішкі ойы, түсі, елесі арқылы суреттеу, яғни іштей психологиялық талдау жасау. Екіншісі, сырттай психологиялық талдау жасау, яғни кейіпкердің мінез-құлқын оның сөйлеу ерекшелігі мен мимикасы және тағы басқа да психикалық сыртқы көрініс арқылы суреттеу» [4.4]. Әрине, бұл кейіпкер психологиясын ашу жолдарының шартты бөлінісі. Адамның ішкі жан-дүниесі қаншалықты жұмбақ болса, оны ашудың жолдары да соншалықты сан алуан. Соның ішінде ішкі ойдың ролі ерекше. Ешкімге айтпас, тіптен кейде өзінен де жасыратын сырын адам баласы ішкі ой арқылы ой-қиялының сүзгісінен өткізеді. Күйзеледі, қуанады, шүкіршілік етеді, өкінеді. Бұл бүкіл адамзат баласына тән қасиет. Ал адам жанының осындай көңіл-күйін көркем шығармада суреттеу, ол арқылы ішкі жан дүниені ашу да суреткер шеберлігі. « - Рысқұл қарақшының баласы шоқынып кетіпті, шіркеуден көрдік, - деп жер дүниеге жария етер еді» [5.9]. Бұл Тұрардың ішкі ойы. Ішкі ой – ішкі жан-дүниенің көрінісі. Автор бала Тұрарды осылайша бекерден бекерге ойландырып отырған жоқ. Намысқой, бала болса да алды-артын ойлайтын, біреудің айтқанына көне қоймайтын Тұрардың осылайша ойлануы заңды. Оқырманға алғаш ішкі жігерінің мықтылығымен осылайша танылған Тұрар бейнесі көз алдымызда сомдала түседі.

Мына бір детальға назар аударып көрелік:

«- О, болыс-еке! Жай ма?! - деп Рысқұл ат үстіндегі Саймасайға қол берді. Сонан соң Тұрарды тиермелеп:

- Болысқа сәлем бер, - деді. Үйдей үлкен Қалдықызыл айғырдың үстіндегі болысқа баланың созылған қолы жетпеді., болыс еңкейе қоймады. Созылған қолы ауа қармап, елеусіз қалғанына ыза болған бала, болыстың мысқылды жүзіне, қиығына әжім үйіріліп, күлімсіреген көзіне тікшіе қарап қалып еді, соны сезген болыс:

- «Апыр-ай, бөрінің бөлтірігі әкесіндей жүрек жұтқан болар-ау», - деп тіксініп қалды. Еріксіз еңкейіп, қолын ұсына беріп еді, бала көзінен шоқ шашырағандай тағы бір қарады да бұрылып кетті» [5.27]. Біздің ойымызша, бұл жерде кейіпкер психологиясын ашудағы ең басты тәсіл Тұрардың «бұрылып кетуі» емес. Саймасайдың Тұрар туралы ойы, ішкі ойы. Суреткер бір-біріне қарама-қарсы фондағы екі кейіпкерді қатар қоя отырып, екеуінің де ішкі жан-дүниесіне талдау жасайды. Сол арқылы бала Тұрардың бойындағы намысқойлықты, жігерлілікті көз алдымызға әкеледі. Рухы шымыр бала Тұрар ел қаймығатын Саймасай болысқа илікпейді. Қайта оған қайратты жанарымен шоқ шаша қарайды. Ал сырты күмпиген Саймасай болыстың ішкі дүниесі әлсіз. Міне, автордың негізгі мақсаты да осы. Ерекше назар аударар бір мәселе – суреткердің талғампаздығы.

Саймасайдың жылт еткен ішкі ойынан екі кейіпкердің ішкі дүниесінен бірдей хабар береді.

Кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашуда сыртқы психологиялық талдаудың да орны ерекше. Бұл кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен жүріс-тұрысы тағы да басқа психологиялық ерекшеліктерін суреттеу. Бұл да суреткер шеберлігіне байланысты. Шерхан Тұрар образын сомдауда психологиялық талдаудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланды.

М.Әуезов психологизм туралы: «Рас-ақ, көп шығармаларды оқып отырғанда сол геройдың еңбек етіп жүргенін, жиналыстарда сөйлегенін, кейде тіпті, бас тұрмысын, үй іші тірлігін көреміз. Ал жан әлеміне келсек, дәл сол геройларымыз оқушы үшін жабық күйде қалады. Жабық қана дейміз-ау, тіпті үстірт, олақ бейнеленіп жатады. Тегінде адам құр ғана әрекет етпейді, ол белгілі байлау жасап, соның нәтижесінде мінез көрсетеді. Сол байлаудың жасалуын ішкі бір қажетті сырдан туатын байлау екені бізден жасырын қалады. Ал оқушыға ең керекті, ең қызық жай сол бүркемеде қалған жасырынның өзі емес пе. Біз болсақ оқушыға геройдың интеллектісін ашып берудің орнына күнделікті сыртқы күйін ғана көрсетеміз. Орны толмас олқылық осы», - дейді [6.498]. Осы тұрғыдан көз жіберер болсақ, Шерхан Мұртазаның кейіпкер сомдауындағы шеберлікке көз жеткізеріміз ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Елеукунов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1977.-312 б.
- 2.Әуезов М. Т.Жұртбайдың «Ұлы қаламгердің қиын кезеңі» деген мақаласынан. «Жұлдыз», № 10, 1991.
- 3.Ахтанов Т. «Бүгіннен гөрі ертеңнен дәмеліміз». Сұхбат. Қазақ әдебиеті,-1988,-23 шілде.
- 4.Страхов И.В. Психологический анализ в литературном творчестве. Саратов,1973.-ч.1.
- 5.Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Роман. – Алматы: Жазушы, 1978.-240 б.
- 6.Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық, 12-том,-Алматы: Жазушы, 1969.

К. АХМЕТОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАББАТ ТАҚЫРЫБЫ

Тынымбай А.Н., Оралова Г.С.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Адам әдебиетке сұлудың бұрымындай өрілген екі мақсатпен келеді: бірі – өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту; екіншісі – өзге ешкімге ұқсамай, тек өзінше айту. Осы екі мақсат орындалған жағдайда ғана шын мәніндегі әдеби туындының көркемдігі жоғары болады.

Ақын жаннан қатты шыққан асқақ үн,
Дүр сілкінтер дүниенің аспанын.
Сүйсе дағы тас бала боп сүйетін
Ақындарды қолдау керек, достарым, -

Деген екен Тұманбай Молдағалиев ақын. Қазақтың қара сөзіне нәр беріп, халқымыздың руханиятына үлес қосып, өзіндік сапалы, текті, қайталанбас мұраларымен үлес қоса білген ақын-Күләш Ахметова. Өз шығармашылығында махаббатты, сүйіспеншілікті шебер жырлап, тамаша тақырып еткен ақын. Махаббат тақырыбындағы туындылары сүйген жанға, асыл жарға, аяулы перзенттеріне, туып өскен туған жер, алтын бесікке, ардақты ерге сүйіспеншілік сезімі ақын өлеңдерінің арқауына айналып, әдемі

сезім өрнектерімен өріліп жатады. Біз бұл мақаламызда Күләш Ахметованың суреткерлік қырын Отанына, туған жеріне, еліне, ұлтына деген жанашырлық сезімдерін махаббатпен өрнектеген шеберлігін талдауға ұмтылды.

Ақын жүрегі елінің әрқашан тәуелсіздіктің аспанында көк туының желбіреп, халқының ауызбіршілікте болып, еркін өмір сүруін қалайды:

Бірімізді біріміз құқай көріп –
Дұшпанға жем болармыз ұпай беріп.
Өзімізді өзіміз сыйламасақ,

Сыйлай ма ағылшын мен қытай келіп?! [1., 38]-дейді. Ақын халқымыздың асыл дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, діліміз бен тілімізді сақтап, оларды үнемі дамытып отыруды да кейінгі ұрпаққа аманат етете жырлайды.

Көркем әдебиеттің негізгі саласы лириканың ерекшелігін З.Ахметов: «Лирикада да ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Оған тартымды қуат-күш дарытатын терең оймен суарылған, нәрленген жалынды сезім», -деп лирикаға жан бітіретін ол –«отты сезім» деп түсіндіреді [2.,216].

К.Ахметованың ақындық өнерінде өзіндік өзгешеліктер мол. Ол - өмірін өнерге арнаған нәзік жан. Күләш ақынның лирикасының тақырыбы сан алуан: Ақын лирикасының тартымыдылығы сезім иірімдерінің өмір шындығына негізделуінде жатыр. Өлең мұраты, ондағы өмір оқиғасы мен лирикалық қаһарман әлемі осы бағыт аясында кең өріс алады

Жан жүректі толғап, сезімді тебіреткен әсерлі жайлар ғана өлең өріміне айналады. Жеке адамның дамуы, өсуі, ол өмір сүрген орта, қоғам ақын жүрегінің елегінен өтеді. Өлеңдегі өмірбаян осылай жазылады. Қандай ақынның болмасын поэзиясында өзі өмір кешкен кезеңнің сыр-сипаты мен болмысы көрініс табады. Ақын Күләш Ахметованың лирикасында өмірдің шынай көрінісі, оның шындығы және өмір кейіпкеріне кең орын беріледі. Күләш Ахметова туындыларында қоғам, адам, жер, әлем, орта, жеке адам тағдыры мәселелері көтеріледі.

Күләш ақынның қандай тақырыпты жазған шығармасын алып қарасаңыз да барынша шынайылықты, қарапайым көркем мінезді, сырлы, көркем жырлауды өзіне меже етіп қойғанын байқайсыз. Сезімтал ақын назарынан ешбір құбылыс таса қалмайды. Жанын тербеген сезім сырларын, өлең тіліне көшіре алатын ақын өзі өмір сүріп отырған ортаның, қоғамның шындығын өз өлеңдерінде барынша шынайы өрнектейді.

Қайран елім!
Қонақжай қайырымды.
Құндағынан жүрегі бай, ұғымды.
Толқындары қатерлі дарияға
Қалтылдатып салдың-ау қайығыңды [3., 159]

Атақты сыншы В.Г.Белинский: «Ақын бәрінен бұрын адам, сонан соң өз дәуірінің перзенті» деген екен. Осы пікірге сүйенсек, Күләш өлеңдерінде өз дәуірінің көзге көрінетін, кейде көрінбейтін неше алуан құбылыстары өлең иірімдерінде сыр шертіп жатады.

Жадында ма?
Жауың кім? Бүлік – қас кім?
Кіммен діндес, кімменен дос, ғұрыптассың.
Жүрегіңе даланың даусы жетсе,
Мәңгі бақи ойларсың, ұмытпассың [3., 164]

Ақын осы өлеңінде елінің ертеңіне деген алаңдаушылық, қамкөңіл сезімі байқалады. Ал өзінің «Оюлар» деп аталатын өлеңінде лирикалық кейіпкер ұлтының жасампаз ел болатынын отаншыл, асқақ көңіл-күймен тербейді.

Ақын “Оюлар” атты өлеңінде:
Қазақтың оюлары-ай, оюлары!

Даладай бояулары қою бәрі!
Күмбезге, тасқа, шиге көшкен нақыш
Жарайды көрмелерге қоюға әлі! [3., 150]. Бұл өлеңде қазақ халқының ұлттық сияпаты, дәстүрі, өнері қуанышпен жырланады.

Ақынның өз туған жерінің әсем табиғатын, гүлін, шөлін, тау, тасын ыстық ықыласпен, перзенттік мөлдір сезіммен тербейді. Ақынның «Сарыөзек – сағыныш» «Үшарал», «Сексеуіл өскен сол өлке», «Талас» деп аталатын өлеңдері мен поэмаларынан Отанға деген сағыныш, ыстық ықылас, сүйіспеншілік сезімін тануға болады. Ақын лирикасы оқырмандарын Табиғилығымен, тектілігімен баурайды. К.Ахметова лирикасында тіл тақырыбына арналаған туындылары ақынның сұлу сөздің зергері, тіл жанашыры бейнесін танытады.

Күләш «Халық» деп аталатын өлеңінде ел-жұртының өзінің ақындық шабытына дем беретін, рухтандырып, күш беретін қуатын аңғартады. Халқына деген ілтипат ерекше махаббатпен жырланады.

Ортасында болуға жалықпап ем,
Жалғыз қалсам жан орта, шабыт та кем.
Қандай қызмет жасадым, хан көтеріп,
Маған сонша дем берген халыққа мен.
Мейіріңе қалай мен тоя аламын,
Сол емес пе аяулым, сая бағым.
Халқым аман босын деп көз ілемін,

Халқым аман болсын деп оянамын [4., 116], - деп жанашыр қыз, тілекші ана, ұлтын, ұрпағын ойлаған әже бейнесінде желі тартып жатады. Ақ, адал жүрегімен халқына деген махаббатын ақ жүрегімен ақтарыла жыр етеді.

«Ұлық болсаң, кішік бол» деп Күләш ақын осы аталған өлеңінде оқырман есіне халқыңа жақын бол, халқыңа қызмет қыл деген адамгершілік, ізгілік нсихат сарынын таныта жыр төгеді.

Күләш ақын «Диалогтар» деген деген өлеңінде Жер:

- Жер – Ана!

Адамға бар не тілегіңіз?

- Қан төгіп соғыспаңдар, өтінемін! [1., 135]- деп жанашырлық лебізін сездірсе, уәзірі мен өкім алдындағы патшаның әңгімесін шынайы түрде:

- О, падишам!

Саялы бәйтерегім,

Таба алмадым дертімнің қайтар емін.

Алдияр!

Алдыңда тұр байтақ елің,

Халқыңа ақырғы рет не айтар едің?

- Бояуын,

Бар қызығын бала күннің

Үлбіреп дірілдеген лала гүлдің,

Ұлдың да,

Жылап қалған сұлудың да

Шын қадірін жаңа білдім

Осы өлең жолдары ақын адал принциппен халқыңды сүю, адал қызмет қыл идеясын ұсынады.

Кеш түсінген сияқты мұны елім де,

Қалай жүрдік өктемдік түнегінде?

Бір үн жетіп санама ғасырлардан

Ұлы Тұран оянды жүрегімде!

Өз ұлтыңа ұясың да, Иесің де – Сен.

Түсінесің қасиет киесін сен.

Дархан болсын,
Өр болсын,
Надан болсын

Бөлмей жармай, түгелдей сүйесің Сен [3., 193], - деді ақын.

Ақынның енді бір өлеңі «Кездесу» өлеңіне өз халқына еткен қызмет-адал қызмет екендігін, ақын өз өлеңдері арқылы нәзік сезім сырларын шерте отырып жеткізеді. Біреу өз сүйіспеншілігін ерен еңбегімен, екінші біреу өнерімен дәлелдесе, ақын өлеңмен айтып жеткізеді. Күләштің халқына деген махаббаты алабөтен. Халықтар достығын, ынтымақ, ырысын ойлаған ақын

«Қазақтың тұтастығы қасиетті іс» деп аталатын өлеңінде:

Қазақты жамандама, қазақ бала!
Халық қой қазақ деген аз-ақ қана!

Мәңгілік
Ай астында,
Жер үстінде

Қазақтың жанашыры қазақ қана [3., 224], -деп жырлайды.

Қамалдай беріктікті құт санайды,
Қасынан опасыздар шықса – қайғы.
Қазақтың бар болмысы бөлек, дара,

Тағдыры ешкімге де ұқсамайды [3., 224], - Жас ұрпаққа адалдықты ту еткен, елін, жерін сүйетін отаншыл-патриот етіп тәрбие көрсе деген арманын болашаққа насихат, ғибрат етеді.

Ақын шығармашылығының негізгі, түп қазығы лирикадан танылады.

Күләш Ахметова-лирикалық шығармалары арқылы поэзияның күрделі де көркем түрін жасаған ақын. Ақын өмірдегі қоғамдық ан алуан құбылыстарды лирикалық туындының қысқа қайырымды мазмұнына шеберлікпен сыйғызып, сырлы сөзбен бояулы сурет салу ақын таланты мен шеберлігінің үйлесімділігі.

Ақынның өзінің даралық стилі образ жасауынан көрінеді. Ақын туындыларында лирикалық кейіпкер өзінің байсалды қалпын сақтап, көркем образдар жасай алады.

Уақыттың өлшеулі шеңберінде,
Талай кітап оқылып болды өмірде.
Талайы әлі оқылар. Сонда-дағы
Адам жаны оқылып болмағаны.
Көп өртенді даланың көк орманы,
Мекеніне көп марал оралмады.
Ұясына көп құстар қона алмады,
Тек адамның өртенген жоқ арманы [1., 84].

Ақын бұл өлеңде ақын заман шындығын әр қырынан суреттей отырып, адамның ақ арманының адастырмас күш екенін баса танытқысы келеді.

Қадыр Мырза-Әлі ақын шығармашылығына: “Күләш Ахметова – көп ақынның бірі емес. Өз алдына бөлектеу тұрған сегіз қырлы, бір сырлы тұңғиық ақын” деп бағалаған[5., 3].

Күләш ақының «Ақ гүлім менің» деп аталатын алғашқы жинағынан бастап, соңы кітабына дейінгі аралықта жыр әлемінің шексіз кеңістігі мен түпсіз тұңғиығында тұнықтығымен, ойшылдығымен, сыршылдығымен, табиғилығымен еркін бойлап, туған елі мен жерін үлкен перзенттік махаббатпен жырлап келе жатқан үлкен жүректі тұлға екендігін көреміз.

Күләш нәзік жанды сыршыл ақын болумен қатар азаматтық тұғыры биік, заманының құбыла соққан күре тамырының бүлкілін дәл басып, дер кезінде үн қосатын қайраткерлігімен де ерекше. Халқының қамы, ұлт болашағы үшін тіл өнерінің азапты да ләззатты жолында жүрек отын алаулата жағып, өзіндік үнін қосып, оқырманын нәзік,

сырлы ырғағымен баурап, жүректеріне махаббат нұрын сезіндірген ақын өлеңдерінің қуаты өміршең, әсерлі.

Қиялым шарлап ғаламды,
Көтеріп кие күш аппақ.
Жер бетіндегі адамды
Жеке-жеке құшақтап,
Құттықтап шықтым жүрекпен
Пәк тілек айтып мына мен.
Жақсылыққа толы тілекпен
Жарқырай түсті Күн, Әлем

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген Абай ақынның өсиеті Күләш ақын шығармашылығының өн бойында тұнып тұр. Өз елін, жерін, тауын, тасын, адамын ұлы махаббатпен, ақын жүрекпен сүйе біліп, жырлау-шығармашылығының алтын өзегі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Ахметова. Бұлақтағы жұлдыздар. – Алматы: Жазушы, 1982-кітап
2. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 1998-383 б.-кітап
3. К.Ахметова «Күн шыққанда күліп оян». Алғы сөз: Жебеу жырлар. – Алматы: Ана тілі, 1996-210 б.-кітап
4. К.Ахметова. Арғымақтар даласы. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1987-239 б.-кітап
5. Қазақ әдебиеті. Аспанды көрдім ар жағы-ғарыш, асты-нұр. 18.12.2006-газет.

ШІРІКРАБАТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖІКТЕЛУІ

Есімахан Ф., Тәжекеев Ә.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университеті

Сыр өңіріндегі сақ дәуірінен сақталған ежелгі қалалардың бірі – Шірік-рабат қалашығы. Шірік-рабат қалашығы оңтүстік-батысында Парсы елі, терістігінде Ресей мен оңтүстік-шығысында Қытайды жалғастырған Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқан. Шаһар сол заманда өмір кешкен халықтардың Хорезм, Парсы елдерімен шекаралық бекінісі рөлін атқарған. Өйткені, бұл елдердің байланысы кезінде арнасы тасыған Жаңадария арқылы жүріп отырған. Сайын даланы мекендеген қазақ халқының тарихынан сыр шертетін мәдени құндылықтардың бірі – ежелгі қалалар. Құм астындағы көне жәдігерлерде дәуірлер тынысы, таным мен тіршілік бар. Шөгіп қалған шаһарлар – есте жоқ ескі заманның естелігі. Ал сол тарихи мұраны ғылым таразысына салу, тәлімін алу – бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі іс. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» деген тәмсіл бар халықта. Қай заманда болмасын өзен бойы өркениет пен тіршіліктің тұрағы болған. Сауда жолы мен қала мәдениеті де су сағасында қалыптасқан. Сыр өңіріндегі төбе сайын кезігетін тарихи қалалардың көптігін дария бойында орналасқандығымен байланыстырса болғандай.

Өткен ғасырдың орта шенінде Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (әрі қарай ХАЭЭ) біздің өлкемізде зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Далалық зерттеулер барысында Шірік-рабат, Бәбіш-мола, Баланды, Ұйғарақ, Түгіскен секілді ежелгі өркениет ескерткіштеріне жасаған қазба жұмыстары нәтижесінде құнды деректерге қол жеткізеді.

Шірік-Рабат қаласында ең алғаш 1946 жылы зерттеу жұмыстарын С.П.Толстов басқарған ХАЭЭ-сы жүргізді. С.П.Толстов Шірік-рабат қаласын ХІІ ғасырдағы "Инша" құжаттар жинағында көрсетілген Хорезм-Женд жолының бойында, Жендтен 20 фарсах

(120 км) жерде орын тепкен Сағ-дере мекенімен байланыстырады. Ол қазіргі Қызылорда-Тақтакөпір жолы арқылы жүріп өткенін, Жаңақала қалашығынан батысқа қарай 120 км жерде, Жаңадарияның көне арнасының жағасында орналасқандығын айтады. Сонымен қоса, Сағ-дере – түркі-иран сөздерінің тіркесі, мағынасы «оң аңғар, оң жақ алап», Жаңадария арнасы Шірік-рабатқа жетпей екіге бөлінеді, оның оң жағындағысының аңғарында қала жұрты орналасқан деп көрсетеді. С.П.Толстов осындай дәлелдерді келтіре отырып, Шірік-рабат қаласы ертеортағасырлық Сағ-дере қаласы деп тұжырымдайды.

ХАЭЭ-нан кейін ескерткіште археологиялық зерттеулер 2004 жылы Елбасының қолдауымен жүзеге асырылған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайта қолға алынды. ҚР БҒМ Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, белгілі археолог Ж.Құрманқұлов жетекшілік жасайтын Шірік-рабат археологиялық экспедициясы Қорқыт Ата атындағы ҚМУ мамандарымен бірлесе қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

Шірік-рабат археологиялық экспедициясы 15 жылдан бері Шірік-рабат қала жұрты мен оның айналасындағы ескерткіштерге барлау және қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Шірік-рабат қаласы көненің көрінісін анықтайтын Сыр бойындағы бірден-бір ескерткіш болғандықтан, онда археологиялық және ғылыми зерттеулер жүргізу маңызды ақпараттар алуда зор роль атқарады. Бұл зерттеулер 2013 жылы облыс әкімі Қ.Көшербаевтың төрағалығымен құрылған «Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңесі» шешімімен жалғасын тапты. Шірік-рабаттан бөлек облыс аумағындағы Бәбіш-мола кешені, ортағасырлық Сығанақ, оғыздардың астанасы Жанкент, Сортөбе, және Қыш-қала қалашықтарында зерттеу жұмыстарына қолдау жасалуда.

Осындай қолдау алдағы уақытта да жалғасын таппақ. Сонымен қатар осы қалаларда археологиялық зерттеу жұмыстарына қатысып, бақылау жасау облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі құзырына берілген.

Шірік-рабат мәдениетін – Арал теңізі шығысында қоныстанған сақ тайпалары (б.з.б. IV-II ғғ.) қалдырған. ХАЭЭ-ның барысында 1940-1950 жылдары С.П.Толстов, Л.М.Левина, Б.И.Вайнберг зерттеді.

Шірік-рабат мәдениетінің ескерткіштері Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Қызылқұм алқабында Сырдың ескі аңғарларының бірі – Жаңадария алқабында шоғырланған. Шірік-рабат, Бәбіш-мола, Баланды, Қабылқала, Сеңгірқала т.б. қалалары, 200-ге жуық күшейтілмеген қоныстары, бұдан басқа зираттары мен ірі жерлеу кешендері, суармалы егіншілікті де жақсы меңгерген тұрғындары Жаңадария мен оның уақытша ағыстарының бойларында оазистік жүйемен қоныстанған. Ирригацияға неғұрлым ыңғайлы алқап жеке оазисті құрайды. Мұнда қала немесе кішігірім қоныс, кейде бекініс орналасқан. Мысалы, Баланды оазисінің ауданы 150-200 га болса, Бәбіш-мола қаласының оазисінікі 10 мың га.

Шірік-рабат – Жаңадарияның жағасындағы биіктігі 15 м төбе үстінің аумағы 600x850 метр жерін алып жатыр. Жалпақтығы 40 м, тереңдігі 4 м ормен қоршалған. Мұндағы үлкен бекіністің ауданы 40 га, екі қатар бекініс жүйесімен күшейтілген. Қаланың орта тұсында ауданы 12 га кіші бекініс бар. Бұлардан басқа бір үлкен кесене, 6 үлкен топырақ обалар және басқа да жерлеу құрылыстары анықталды. Шірік-рабат мәдениетінің б.з.б. II ғасырға қарай даму желісі тоқтаған. Ғалымдардың пікірі бойынша, бұған ең алдымен Сырдария сағасының гидрографиялық жүйесінің кілт өзгеруі, яғни өзен арнасының ауысуы тікелей себеп болған. Ғалымдар Шірік-рабат мәдениеті халқын тарихтағы «дай» (дах) тайпалары деп санайды. Б.з.б. II ғасырдан бастап Сырдың суы Аралға Жаңадарияның солтүстік пен шығысқа қарай жатқан Қуандария арналарымен аққаны белгілі. Осы кезде Жаңадария алқаптары түгелдей босап қалған [1].

Бәбіш мола – б.з.б. IV-II ғғ. мерзімделетін археологиялық ескерткіштер кешені. Сырдарияның көне арнасында (Жаңадария) орналасқан. 1950-60 жж. ХАЭЭ-сы

(жетекшісі С.П.Толстов) зерттеген. Ескерткіштер тобына қала-бекіністер, жерлеу құрылыстары, бірнеше қоныстар және суландыру жүйелерінің қалдықтары жатады. Бәбіш-мола ескерткіштер кешеніндегі бекініс-қала қалашығы пахсалы қолдан үйілген төбеде орналасқан, күйдірілмеген кірпіштен қаланған қамалмен (қалыңдығы 5,3 м-ге жуық) қоршалған. Қаланың төртбұрышты қорғанының (100x100 м) өн бойында мұнаралары, ішінде төртбұрышты (44x44 м) сарай ғимараты болған. Батыс жағындағы күрделі құрамды пасхалы алаңдары (биіктігі 3,5 м, аумағы 30x30 м) төртбұрышты жерлеу ғимараты (21x21 м, биіктігі 7 м) 4 бөліктен тұрады. Өзара қиылысқан екі дәлізбен бөлінген. Қабырғалары күйдірілмеген үлкен (40x40x10 м) кірпіштерден қаланған. Дәліз бен қабірхананың төбесі трапеция пішінді кірпіштерді қисайта қалау тәсілімен күмбезделіп жабылған. Мүрделер қабірхананың еденіне және оссуарийларға (арнаулы қыш табыттарға) жерленген. Бәбіш-мола кешенінің құрамындағы басқа да кішігірім ежелгі қоныстар тобы суландыру каналының бойына орналасқан.[2]

Баланды күмбезі – б.з.д. IV-II ғасырлардан сақталған сәулет өнерінің ескерткіші. Қазіргі Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Баланды мекенінде. Алғаш болып зерттеген ХАЭЭ-сы. Ғимарат құрылысы дөңгелек, диаметрі 16 м, сақталған қабырғаларының биіктігі 4,5 м, іргелігі пахсадан, жоғарғы жағы шикі кірпіштен қаланған. Кіретін есігі портал тәріздес, оңтүстік жағында. Сыртқы қабырғалары үш бұрышты күрекше іспеттес. Ғимараттың ішінде диаметрі 5,5 м цилиндрге ұқсас, төбесі күмбездене жабылған ортаңғы бөлме бар. Құрылыс ғибадат етуге арналған болуы керек, өйткені ешқандай қабір табылған жоқ. Ал, жан-жағындағы шеңбер бөліктері сияқты бөлмелерде қабірлер бар. Кіреберіс есіктен басқа бөлмелердің қабырғаларында радиалды аркалы қуыстары бар. Есікке қарсы беттегі радиалды қабырға бітеу, бөлмелер еңселі, төбесі жабық, трапеция түріндегі кірпіштерді көлденең және қиғаш қалаған. Кірпіштердің кірісіне керамика сынықтарын қаққан. XX ғасырдың 50-жылдары қазба жұмыстарын жүргізген профессор С.П.Толстов қабырғаның жоғарғы жақтарында сақталып қалған кірпіштердің көлбеу қаланғанына қарап ғимараттың күмбезі болғанын анықтаған. Сонымен қатар үлкен бөлменің тура ортасындағы шұңқыр күмбезді тұрғызған кезде орнатылған тіреу ағаштың ізі екені көрініп тұр. Бұл ғимарат сол замандағы әлемдік сәулет өнеріндегі бірден-бір күмбезді құрылыс[3, 4].

Інкәрқала – ежелгі елді мекен орны. Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 225 км жерде. 1958 ж. ХАЭЭ-сы (жетекшісі С.П.Толстов) зерттеген. Қаланың сыртқы көрінісі тік төртбұрышты, айналдыра биіктігі 1,5-1,7 м келетін дуалмен қоршалған. Қақпасы Дарбазасы оңтүстік жағындағы дуалдың ортасына салынған. Қазба барысында табылған көзелердің сынықтарына қарағанда, қала тұрғындары б.з.б. I ғасырда өмір сүрген. Олар суғармалы егін шаруашылығымен және мал өсірумен айналысқан.[5]

Шірікратат мәдениеті ескерткіштерінің зерттелуі Сыр өңірінің тарихында үлкен орын алады. Оған жоғарыда көрсетілген деректер негізі бола алады. Осы мәдениетті қалдырған сақ тайпаларының мәдениеті, жерлеу орындарына қатысты деректерді зерттеу ықпалы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 12 том. Алматы, 1978 жыл
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ж.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, II том;
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8
5. Толстов С.П., Воробьева М.Г., Раппопорт Ю.А., Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиций в 1957 г.

**Эволюция государственно-частного партнерства в инновационной сфере
Республики Казахстан**

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

Государственно-частное партнерство (ГЧП) — форма сотрудничества между государственным партнером и частным партнером. ГЧП является взаимовыгодным сотрудничеством государства и частного сектора в отраслях, традиционно относящихся к сфере ответственности государства на условиях сбалансированного распределения рисков, выгод и затрат, прав и обязанностей, определяемых в соответствующих договорах.

Основная цель государственно-частного партнерства -развитие инфраструктуры в интересах общества путем объединения ресурсов и опыта государства и бизнеса, реализация общественно значимых проектов с наименьшими затратами и рисками при условии предоставления экономическим субъектам высококачественных услуг. Отношение государственного партнера и частного партнера регулируется с законами «О государственно-частном партнёрстве» от 31 октября 2015 года, «О концессиях» от 7 июля 2006 года и соответствующими подзаконными актами.

Система партнерских отношений между государственным и частным сектором является одним из основных элементов экономической теории. Необходимость и обоснованность ее формирования и действия обуславливается такими положениями либеральной концепции развития, как:

- соответствие между формированием институтов частной собственности и процессом управления экономического развития;
- более высокий уровень эффективности экономики, которая функционирует на началах частной собственности в сравнении с хозяйством, основанным на государственной собственности и прямом государственном управлении [1, с. 5-17].

На рисунке 1 представлено количество и сумма заключенных договоров и объектов на 01.03.2019г.

Государственно-частное партнерство 01.03.2019	Заключено договоров/ объектов	Введено в эксплуатацию объектов	На стадии строительства объектов
Количество	558/564	295	269
Сумма (млрд. тенге)	1435	253,6	1181

Рисунок 1 - количество и сумма заключенных договоров и объектов.

Важной отличительной характеристикой государственно-частного партнерства (далее – ГЧП) является то, что оно формируется для достижения как социально важных, так и экономически удобных целей. На рисунке 2 показаны особенности ГЧП.




Рисунок 2 – особенности государственно-частного партнерства.

Лидирующими областями является Восточно-Казахстанская область, Актыбинская область, г. Алматы. Это такие отрасли как энергетика, автомобильный транспорт, водоснабжение, ЖКХ, газоснабжение, теплоснабжение, образование, наука, здравоохранение.

В настоящее время в Казахстане на стадии реализации находится 6 концессионных проектов в энергетической и транспортной отраслях:

Строительство и эксплуатация межрегиональной линии электропередачи «Северный Казахстан - Актыбинская область»;

Строительство и эксплуатация газотурбинной электростанции в г. Кандыгааш Актыбинской области;

Электрификация железнодорожного участка «Мака́т-Кандыгааш»;

Строительство и эксплуатация железнодорожной линии «Станция Шар - Усть-Каменогорск»;

Строительство и эксплуатация пассажирского терминала международного аэропорта г. Актау.

Общий объем предполагаемых инвестиций в строительство данных объектов концессии составляет порядка 74 млрд. тенге.

На рисунке 3 показана регионально – отраслевая карта проектов ГЧП на 01.03.2019г:



Рисунок 3 - регионально – ттраслевая карта проектов ГЧП на 01.03.2019г.

Наиболее важна роль ГЧП как механизма стимулирования и реализации инновационного потенциала. Государственно-частное партнерство в научно-технологической и инновационной сферах - это юридически оформленные равноправные договорные отношения на фиксированный или неопределенный период времени между государством и бизнесом с целью реализации общественно значимых проектов и программ в широком спектре отраслей промышленности и научных исследований.

Государственно-частное партнерство в инновационной области можно определить как совокупность организационно-правовых отношений, действий государства и частного бизнеса, направленных на построение инновационной экономики в стране [2, с. 10-15].

Для реализации масштабных модернизационных проектов в разных секторах экономики требуются значительные инвестиционные ресурсы, мощным источником которых может стать частный бизнес. В то же время в условиях послекризисного развития растет интерес бизнеса к государственной поддержке, что позволит повысить надежность инвестиционных проектов. Все это актуализирует необходимость применения механизмов ГЧП как дополнительного источника инноваций.

ГЧП создает преимущества для государства в достижении публичных целей благодаря: возможности сокращения бюджетных расходов на развитие новой инфраструктуры; ускорению строительства необходимых объектов по сравнению с периодом строительства исключительно за счет государственных средств; получению доступа к внедрению новых технологий, разработанных или приобретенных частными компаниями; привлечению различных финансовых ресурсов через посредничество бизнес-структур.

В современных условиях общепризнано, что введение государственно-частного партнерства является важным для общества, так как снижает затраты на администрирование и снижает риски функционирования такого объекта. Эта отдача часто весомее, чем просто прямое государственное финансирование. Прямое участие государства в финансировании инновационных процессов увеличивает нагрузку на бюджет, поэтому эффективность механизма финансирования должна базироваться на использовании диверсифицированного инструментария государственной поддержки, с учетом мирового опыта и национальных особенностей деятельности отечественных предприятий.

Для аккумулирования дополнительных средств целесообразно внедрить распределительные механизмы, которые обеспечивали бы перераспределение финансовых ресурсов из сверхприбыльных секторов (торговля недвижимостью и предметами роскоши, развлекательные услуги) в фонды поддержки инноваций. При этом средства из таких источников следует мобилизовать на региональном уровне, где их перераспределение в пользу инновационного сектора в условиях разработки и внесения изменений в действующее законодательство может быть более эффективным [3, с. 7-20].

Разработка и финансирование инноваций может происходить за счет инвестиций частных промышленных фирм, но при условии государственной поддержки. Это объясняется тем, что не все научные разработки осуществляются только в интересах отдельных частных предприятий, в частности это касается разработок в отраслях с высокой долей государственных предприятий в производстве продукции и оказании услуг [4, с. 2-10].

Стимулируя научные разработки, государство поддерживает конкурентоспособность предприятий и условиях кризиса, спада или депрессии производств. Участие его в этом процессе происходит через освоение новой техники и применение новых технологий, государство поддерживает тем самым предпринимателя

по перераспределению рисков и расходов, которые связаны с техническим и организационным обслуживанием.

При поддержке технологических инноваций необходимо следовать тому, что отбор таких проектов является преимуществом частного бизнеса, за исключением тех случаев, когда он получает прямые государственные заказы. Несмотря на роль государственной поддержки на разных этапах становления высокотехнологичных отраслей и компаний, в рыночной среде решающее место принадлежит предпринимателям.

Роль государства заключается в том, чтобы сбалансировать интересы бизнеса с общенациональными приоритетами, краткосрочными тактическими приоритетами и стратегическими долгосрочными перспективами, поддерживать инновации в рыночном секторе, формировать благоприятный инновационный климат, поддерживать малый и средний инновационный бизнес, развивать научно-техническую и инновационную инфраструктуры.

Выделяют следующие инструменты и условия инвестирования проектов ГЧП в инновационной сфере: - обеспечение средствами; реализации проекта достаточными финансовыми - наличие необходимой инновационной инфраструктуры для реализации проекта, в том числе создание специализированной компании, соствляющей проект ГЧП; - наличие технико-экономического обоснования и бизнес-плана, с учетом признанных международных методик и условий финансирования; - наличие долгосрочных государственных финансовых гарантий; - окончательная готовность проекта согласно проектной и финансовой концепции; - наличие всех правовых условий для осуществления проекта, в том числе контрактов, лицензии [5, с. 2].

Партнерство государства и частного капитала должно способствовать улучшению условий для инноваций, который требует соответствующей политики в таких сферах, как макроэкономическое регулирование, корпоративное управление, антимонопольное законодательство, рынок труда, финансово-кредитная система.

В финансовой сфере важными методами привлечения частного сектора к решению общественно значимых задач являются: разработка и принятие сбалансированных мер налогового стимулирования инновационной деятельности.

Использование механизмов ГЧП позволит обеспечить: осуществление общественно значимых проектов в наиболее короткие сроки, малопривлекательных для традиционных форм частного финансирования; повышение эффективности проектов за счет участия в них частного бизнеса, как правило, более эффективного на рынке, чем государственные институты; снижение нагрузки на бюджет за счет привлечения частных средств и переложения части затрат на пользователей (коммерциализации предоставления услуг); привлечение лучших управленческих кадров, техники и технологий, повышение качества обслуживания конечных пользователей.

Список литературы

1. Варнавский В. Г., Клименко А. В., Королев В. А. Государственно- частное партнерство. Теория и практика / В.Г. Варнавский, А.В. Клименко, В.А. Королев. – М.: Издательский дом ГУ ВШЭ, 2010. –С.5-17.
2. Государственно-частное партнерство в научно-инновационной сфере / Под ред. А.К. Казанцева, Д.А. Рубвальтера. – М.: Инфра-М, 2010. –С.10-15.
3. Государственно-частное партнерство в условиях инновационного развития экономики / Под ред. А.Г. Зельднера, И.И. Смотрицкой. М.: ИЭ РАН, 2012. –С.7-20.
4. Хрусталёв Е.Ю., Ларин С.Н. Новые тенденции в организации партнерских отношений государства и бизнеса в инновационной сфере //Финансовая аналитика: проблемы и решения. - 2011. - № 34. - С.2-10.
5. Шатерникова. Государственно-частное партнерство в Казахстане // Казахстанская еженедельная газета «Панорама» - № 32, 17.08. 2012.-2с.

GR-МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Шамшиева А., Берикболова У.Д.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Қазіргі күні Government Relations, қандай да бір дәрежеде мемлекеттік реттеу ықпалына түсетін кез-келген бизнестің құрамдас бөлігі бола отырып, сұранысқа ие қызмет түріне айналып отыр. Заманауи қоғамның міндетті бір бөлігі болатын коммерциялық емес ұйымдардың дамуы мемлекет пен аталған ұйымдардың өзара әрекеттестігінің жетілуімен тікелей байланысты.

GR-қызметке қатысты негізгі түсініктердің жеткілікті деңгейде өңделмеуі сынды мәселе бар. Сонымен қатар GR түсініктік алаңын айқындау да өзекті күйінде қалып отыр.

Арнайы әдебиеттерде кездесетін бірқатар анықтамаларды келтіретін болсақ: «GR түрлі қоғамдық топтар (бизнес-құрылымдар, кәсіби одақтар, ерікті ұйымдар және т.с.с.) мен мемлекеттік билік арасындағы қатынастарды құруға байланысты қызмет және де ол өзіне үкіметтің қызметі жайлы ақпаратты жинау мен өңдеу, ұсынылатын топтардың ұстанымы жайлы ақпаратты дайындау мен тарату, саяси және әкімгершілік шешімдердің қабылдану үдерісіне ықпал ету (лоббизм) сынды әрекеттерді қосады» [1, 362–363 б].

«GR – бұл индивидтердің немесе әлеуметтік институттардың жергілікті, өңірлік, ұлттық немесе халықаралық деңгейдегі мемлекеттік шешімдерге ықпал етуі үшін коммуникативтік технологияларды пайдалануы» [2, 4 б].

«GR – мемлекеттік билік органдарымен тиімді коммуникацияны орнату, оны саналы түрде ұйымдастыру» [3].


«Мемлекетпен байланыс – бұл мемлекеттік емес (азаматтық қоғам, бизнес ассоциацияларының) мемлекетпен өз мүдделерін үйлестіру мен тиімді шешімдер қабылдау мақсатында билікке әсер етуінің өзара әрекеттестігін арнайы ұйымдастыру» [1].

Лоббистік қызметтің кәсіби сөздігінде (құрастырушы П. А. Толстых) мынадай анықтама келітірілген: «Government Relations (GR, сөзбе сөз: мемлекеттік билік органдарымен өзара әрекеттестік) – ірі коммерциялық құрылымдардың арнайы уәкілетті қызметкерлерінің (GR-мамандардың) компания саяси ортадағы қызметін үйлестіру жұмыстары» [2].

Осылайша, GR қызметті әлеуметтік субъектінің мемлекеттік және жергілікті органдармен өз қызметіне қолайлы орта құру мақсатында тікелей және жанама әрекеттер жүйесін қолдауға бағытталған басқарушылық коммуникативтік қызметі (әлеуметтік коммуникативтік технологиялар жиынтығы) және PR түрі деген қорытынды жасауға болады. GR субъектілері ретінде билік органдарымен мақсатты бағытталған қатынастар орнататын әлеуметтік субъектілер жатады (сурет 1). GR бастаушылары базистік субъектілер болып табылады. Қазіргі күні кеңінен таралған тәсілдемеге сай қоғамда үш сектор бөліп көрсетіледі:


- мемлекеттік басқару;
- бизнес;
- қоғамдық ұйымдар.

GR объектісі – бұл GR-маман өзара қатынасты құратын мемлекеттік билік органдары, атап айтқанда, заң шығарушы билік, атқарушы билік және басқа мемлекеттік билік органдары (сурет)1.



Сурет 1 - GR субъектілері

GR-қызметтің негізгі түсініктеріне талдау жасағаннан кейін, GR теориясы мен тәжірибесі үшін оны лоббистік қызметтен ажыратып көрсету өте маңызды атап өткен жөн.



Сурет 2 - GR объектілері

Лоббизм бұл түрлі топтардың мүдделерін жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік билік пен басқару органдарының заңнамалық және әкімшілік қызметіне ұйымдастырылған түрде ықпал ету шараларының теориясы мен тәжірибесі болып табылады. Осылайша, лоббизм мемлекеттік органдардың қандай да бір шешімін лоббист компанияның пайдасына шешуіне бағытталған. Түрлі жеңілдіктердің берілуі, биліктің бәсекелес жіберіп отырған заң бұзушылықтарына баса назар аударуы, тиімді тапсырысты алуы, заң немесе басқа да нормативтік актілердің қабылдануы – мұның барлығы да лоббистік қызметтің нәтижесі болуы мүмкін.

Әлемдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, лоббистік қызметтің мәні мынадай әдістер арқылы мемлекеттік билік органдарының өкілдерімен іске асырылатын коммуникативтік қызмет болып табылады, атап айтқанда:

- ресми және бейресми сипаттағы тікелей кездесулер, телефон арқылы жүргізілетін келіссөздер, дәстүрлі почтамен қатар, электрондық байланыс құралдарын пайдалану арқылы хабарламалар;
- талдаушылық қызмет және де осы талдаушылық қызмет нәтижелерін (сараптама) мемлекеттік билік органдарының өкілдеріне ұсыну;
- лоббистік қызмет Тапсырушысының мүдделерін қоғамдық шараларда ұсыну (парламенттік тыңдалымдар, түрлі дөңгелек үстелдердің, комитеттердің, комиссиялар мен фракциялардың және т.с.с жұмысы). Осы аталған қызметтерді лоббизм деп санауға болады. Лоббист және GR-менеджердің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын бейнелейтін салыстырмалы кестені қарастырайық.

Кесте – 1. Лоббист және GR-менеджердің жұмысының салыстырмалы сипаттамасы

Критерий	Лоббист	GR-менеджер
Мәртебе	Сыртқы сарапшы, шенеунік не депутаттың сенімді өкілі	Ішкі, «үй ішілік» лоббист, өз саласында білікті маман
Биліктің қай органдарымен өзара әрекеттеседі	Мемлекеттік биліктің барлық органдарымен, оның ішінде сот билігі, бас прокуратура, орталық банк, есеп комитеті	Сала мен компанияға әсер етуші заң шығарушы және атқарушы билік органдары, сот билігі
Мемлекеттік билік органдарымен байланыс сипаты	Байланыстың бір реттік, дискреттік сипаты	Ұзақмерзімді ынтымақтастыққа бағытталған байланыс
Мақсатқа жету құралы	Жеке байланыстарын тарту	GR-қызмет стратегиясын жүргізу
Компаниядағы басқарушылық функциясы	Нақты міндет шеңберімен шектелген	Шектеу шеңбері жоқ
Төлем	Қолақы немесе келісімнен %	Жалақы және жылдық бонус
Клиенттер саны	Көптеген	Біреу ғана - жұмыс беруші
Жұмыс орны	Серіктес ретінде өзіне жұмыс істейді	Жалдамалы еңбеккер ретінде жұмыс істейді
Тапсырысты іске асыру технологиялары	Мәжілістен тысқары сауда, қысым көрсетудің көлеңкелі технологиялары	Дәлелді сарапшылық ұстаным

GR-менеджер өз қызметінде лоббизм құралдарын негізге алады. Дегенмен де GR саласының маманына, лоббистке қарағанда, заңның, қаулылардың және т.с.с. қабылдану ерекшеліктерін білу міндетті емес. Оның басты міндеті билікпен позитивті қатынастар құру болып табылады. Ол сол сияқты кәсіби біліктілігі мен жеке сипаттамалары қандай да бір мәселені шешуге қабілетті мамандарды (кәсіби лоббистерді) іріктеп, ұйымдастыра алуы тиіс. Осылайша, егер лоббизм билік органдарында компанияның мүдделерін жылжыту технологиясы болса, GR жалпы менеджменттің құрамдас бөлігі болады және оның мақсаты ғаламды болады.

Әдебиеттерге шолу жасау негізінде, GR анықтамасын PR бір түрі деп атауға негіз жасауға болады. Жалпы алғанда, PR және GR тарихы мен заманауи тәжірибесі PR мен GR американдық штаттардың тәуелсіздігіне күрес тарихымен байланысты ағылшындық-американдық дәстүрмен тығыз байланысты. АҚШ-тың 18-ші президенті У. Грант, Азаматтық соғыс батыры министрлер және сенаторлармен бірге кеш сайын бір қонақ үйдің дәлізіне (lobby ағылшын тілінде) түсіп, сайлаушылардың мемлекеттік саясатқа қатысты өтініштері мен тілектерін тыңдайдтын болған. Егер сайлаушылардың тілектері орынды болса, оны ескеретін болған, алайда бұл тәжірибеде сыбайлас жемқорлық нышандары болды. Тек XIX ғасырдың соңында АҚШ-та сайлаушылар мен билік өкілдері арасында қандай да бір төлемсіз делдалдық тәжірибесі қолданыла бастады [4].

Табысты GR қызметтің негіздері ретінде зерттеушілер келесілерді атайды:

- мәселені білуге негізделген дәлелдеме;
- жеке байланыстар;
- компания, мемлекет не болмаса уәкілетті тұлғалар мүдделерінің тиімді арақатынасы

Осылайша, біз GR қызмет жайлы билік органдарымен өзара қатынасты басқару қызметі және де оның негізін құраушылар ретінде төмендегілерді атай аламыз:

- лоббизм;
- PR;
- мемлекеттік-жеке серіктестік;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік;
- билік органдарының өкілдерімен ресми емес коммуникациялар.

Қазіргі күні мемлекеттік билік органдарымен өзара әрекеттесу маманы қазақстандық еңбек нарығындағы сұранысқа ие кәсіптің бір түрлі болып табылады. GR – бұл шаруашылық қызметі субъектілерінің мемлекеттік билік пен басқару органдарымен өзара әрекеттесу қызметі. Билік заңдар мен басқа да нормативтік актілерді қабылдай отырып, компанияларға бір жақты ықпал етеді, алайда GR компаниялар мен билік арасындағы қатынастар екі жақты болғанда және олар тек нормативтік құжаттарды орындаумен шектелмеген жағдайда пайда болады.

Кез келген компания үшін билік органдарының әрекеті олардың мүдделері мен мақсаттарымен үйлесуі маңызды болып табылады. Билік органдары мен жалпы шенеуніктер үшін, компанияның әрекеті олардың мүдделері мен мақсаттарымен үйлесуі маңызды. GR компаниялар мен мемлекет арасындағы қатынастарды үйлестіру және келістіруге бағытталған.

Әдебиет

6. GR-связи с государством: теория, практика и механизмы взаимодействия бизнеса и гражданского общества с государством / Под ред. Сморгуновой Л.В., Тимофеевой Л.Н. - М.: РОССПЭН, 2012.

7. GR: Теория и практика: учебник / Под ред. И.Е. Минтусова, О.Г. Филатовой. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2013.

8. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». -31 января 2017 г. [Электронный ресурс] Режим доступа: www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31yanvary-2017-g

9. World Bank Institute/PPIAF, Public-Private Partnerships Reference Guide, Washington DC, 2012

10. История развития ГЧП//АО «Фонд устойчивого развития «Казына».- Казахстан, Астана, 2008.—[Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.kazyna.kz>

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР СУБМӘДЕНИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

М. Шәукенбек, А. Орынбай, Р. Т. Игенбаева

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Халқымыздың ұлттық санасында таптаурын ретінде қалыптасқан оның ұлттық тәрбиесі. Әрбір баланың тәрбиесіне оның ата-анасы, отбасы мүшелері, ағайын-туыс, көрші-қоланның барлығы атсалысып, ортақ қамқорлық танытқан. «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өнегелі өсиетті қалдыра отырып, қазақ халқы әр баланың бойында ізгіліктілік, имандылық, кішіпейілдік, қарапайымдылық, парасаттылық, сабырлылық сынды игі қасиеттерді қалыптастырған. Бұл қасиеттеріміздің барлығы ұлттық идеямыздың түпқазығы - ұлттық құндылықтарымыздың сарқылмас қазынасы.

«Ұлттық идеямыздың маңыздылығын Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауының негізі етіп алып, былай деп жазды: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы». . . Мәңгілік Ел идеясы Ұлы Жібек жолында, ізгілік, кеңпейілділік пен мейірбандық, береке-бірлік сынды жалпыадамдық қасиеттерге ие көшпенді өркениеттің даму жолында жүзеге асты» [1].

Бүгінгі таңда рухани жаңғыру бағдарламасы ұлтымыздың руханиятына, құндылықтарына негізделіп, мемлекетіміздің саяси бағдарының басым бағыттарын анықтайтын, сонымен қатар бүгінгі қоғамдағы жастардың ролі мен жауапкершілігін нақтылайтын бағдар екендігі айқын. Бұл әсіресе уақыт ағымына сай ғасырлап жинақтаған ұлттық болмысымыздан алшақтаған, табиғатымызға жат шетелдерден жеткен мәдениет, әдет, әдеп санамызды жаулап алған жағдайда аса маңызды. Соның әсерінен жас буын өкілдері лезде бойларына сіңіріп, бүгінде шетелдік ағымдарды пір тұтатын, өзінің тілін, ділін, салт-дәстүрін бағаламайтын, оны тіпті менсінбейтін жастар көбейді. Бұл жаһанданудың әсері.

Жастар арасындағы субмәдениет, оның Қазақстан жастарына ықпалы жайлы А. Иманғалиева, А. Омиржанова былайша жазады: «АҚШ зерттеушілерінің пайымдауынша, «субмәдениет» ұғымы адамдардың әсіресе жастардың белгілі бір салаға еліктеушілігінің (фанатизм), табынушылығының немесе күйзеліске түскенде ермек қылған хоббиінің салдарынан пайда болған. Мұндай бейресми топтан тұратын субмәдениеттердің өкілдері өздерін «ерекше адамдармыз» деп қоғамнан оқшаулағанды қалайды. Олардың өмірдегі ұстанымдары, киім үлгілері, түсініктері, араласатын ортасы қарапайым қала тұрғындарынан әлдеқайда өзгеше болады», - дей отырып, авторлар субмәдениеттің өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан бастау алып, жастардың киіну үлгісіне әсер еткен стиль ұғымының туындауымен байланыстырады [2, 71 б.]. Аталмыш мақалаға сүйенсек, жастардың арасында субмәдениет Батыстан келген джаз, рок-н-ролл сынды музыкалық жанрларға деген қызығушылықтан бастау алып, 60-80 жылдары «классикалық үлгідегі музыкаға еліктеу, фанат болу, «интернационалдық» түсінігіне деген қызығушылықтың артуынан басталды. Бұл кезең Батыстың рухани құндылықтарға әсер ету кезеңі болды. Есірткі, алкогольді ішімдік, марихуаннаға деген қызығушылық белең алды. Ал 1970-1986 жылдары кеңестік қоғам нағыз еліктеу кезеңіне бет бұрды» [3]. Педагогика ғылымындағы осы қарама-қайшылық біздің тақырыбымызды «Қазақстан жастар субмәдениетінің тәрбиелік тағылымы» деп таңдауға негіз болды.

Википедияда берілген анықтамаға сүйенсек: «Жаһандану немесе Глобализация (ағылш. Global — «әлемдік», «дүниежүзілік», жалпы») - жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист Теодор Левитт. Жаһанданудың жаңа сатысының түрлі аспектілерін 20 ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді. Олар ғылымға «интеллектуалдық индустриялар экономикасы», «ақпараттық қоғам», «техникалық революция», «ақпараттық жарылыс», «ғаламдық ауыл» деген ұғымдарды енгізді» [4].

Жаһандану үдерісі жастар арасындағы рухани-адамгершілік дағдарыстың туындауына, оның ұлғаюына түрткі болды. Рухани дағдарысқа байланысты бүгінгі қоғам аса күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқандығын атап өткен жөн. Оны біз жастардың өз халқының тарихын, тілін, салт-дәстүрін білмеуінен, тіпті, өкінішке орай бұл мәселе оларды толғандырмайтындығынан, қызықтырмайтындығынан аңғарамыз. Қазіргі кезде жастар арасында теріс діни көзқарастардың өрбуі, кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстың өсуі, тастанды балалардың артуы, маскүнемдік, нашақорлық, өз әрекетін дұрыс ұйымдастыра алмай өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының өршуі, жезөкшелік, қатігездік, мейрімсіздік, агрессия, т. б. белең алуы артты. Сондықтан жастардың бойында ұлттық сана-сезім мен діл, азаматтылық пен патриотизм сезімдерінің қалыптаспағандығы қоғам алдында өзекті мәселе ретінде қозғалып отыр.

Жаһандану үдерісі шет елдерден алапат толқын секілді аласұрып жеткен ақпараттар легінен ала келді. Сол жаһанданудың қазақстандық қоғамға модификацияланбай шикі түрде әсер еткеніне, біз жастар куә болып жатырмыз. Енді соларға талдау жасап көрелік.

У здоровых людей высока степень самоуправления и «свободы воли». Они считают себя самоопределяющимися, активными, ответственными и самодисциплинированными хозяевами своей судьбы. Они достаточно сильны, чтобы не обращать внимания на мнения и влияние других, поэтому они не стремятся к почестям, высокому статусу, престижу и популярности. Они считают такое внешнее удовлетворение менее значительным, чем саморазвитие и внутренний рост. Конечно, достижение такого состояния внутренней независимости определяется тем, получал ли человек в прошлом любовь и защиту от других.

7. Свежесть восприятия. Самоактуализирующиеся люди обладают способностью оценивать по достоинству даже самые обычные события в жизни, при этом ощущая новизну, благоговение, удовольствие и даже экстаз. Например, сотая радуга так же прекрасна и величава, как и первая; прогулка по лесу никогда не бывает скучной; вид играющего ребенка поднимает настроение. В отличие от тех, кто принимает счастье как

должное, самоактуализирующиеся люди ценят благосклонную судьбу, здоровье, друзей и политическую свободу. Они редко жалуются на скучную, неинтересную жизнь.

8. Вершинные, или мистические переживания. Изучая процесс самоактуализации, Маслоу пришел к неожиданному открытию: у многих его испытуемых было то, что он назвал вершинными переживаниями. Это моменты сильного волнения или высокого напряжения, а также моменты расслабления, умиротворения, блаженства и спокойствия. Они представляют собой экстатические состояния, какие переживаются в кульминационные моменты любви и интимности, в порывах творчества, озарения, открытия и слияния с природой. Такие люди могут «включиться» без искусственных стимуляторов. Их включает уже то, что они живы.

9. Общественный интерес. Даже когда самоактуализирующиеся люди обеспокоены, опечалены, а то и разгневаны недостатками рода человеческого, их, тем не менее, роднит с ним глубокое чувство близости. Следовательно, у них есть искреннее желание помочь своим «смертным» собратьям улучшить себя. Это стремление выражается чувством сострадания, симпатии и любви ко всему человечеству. Часто это особый вид братской любви, подобной отношению старшего брата или сестры к младшим братьям и сестрам.

10. Глубокие межличностные отношения. Самоактуализирующиеся люди стремятся к более глубоким и тесным личным взаимоотношениям, чем «обычные» люди. Чаще всего те, с кем они связаны, более здоровы и близки к самоактуализации, чем средний человек. То есть самоактуализирующиеся люди склонны устанавливать близкие отношения с теми, кто обладает сходным характером, талантом и способностями («два сапога пара»), хотя благодаря своему социальному интересу они обладают особым чувством эмпатии к менее здоровым людям. Обычно круг их близких друзей невелик, так как дружеские отношения в стиле самоактуализации требуют большого количества времени и усилий. Самоактуализирующиеся люди также испытывают особую нежность к детям и легко общаются с ними.

11. Демократичный характер. Самоактуализирующиеся личности, по Маслоу, самые «демократичные» люди. У них нет предубеждений, и поэтому они уважают других людей, независимо от того, к какому классу, расе, религии, полу те принадлежат, каков их возраст, профессия и прочие показатели статуса. Более того, они с готовностью учатся у других, не проявляя стремления к превосходству или авторитарных склонностей. Самоактуализирующийся музыкант, например, полон почтения к искусному механику, потому что тот обладает знаниями и навыками, которых нет у музыканта.

12. Разграничение средств и целей. В повседневной жизни самоактуализирующиеся личности более определенны, последовательны и тверды, чем обычные люди, в отношении того, что правильно и что ошибочно, хорошо или плохо. Они придерживаются определенных нравственных и этических норм, хотя очень немногие из них религиозны в ортодоксальном смысле этого слова. Маслоу также отметил у обследованных самоактуализирующихся личностей обостренное чувство разграничения целей и средств их достижения.

13. Философское чувство юмора. Другой примечательной характеристикой самоактуализирующихся людей является их явное предпочтение философского, доброжелательного юмора. Если обычный человек может получать удовольствие от шуток, высмеивающих чью-то неполноценность, унижающих кого-то или непристойных, то здорового человека больше привлекает юмор, высмеивающий глупость человечества в целом. Люди часто кажутся довольно сдержанными и серьезными.

14. Креативность. Маслоу обнаружил, что все без исключения самоактуализирующиеся люди обладают способностью к творчеству. Однако творческий потенциал его испытуемых проявлял себя не так как у выдающихся талантов в поэзии, искусстве, музыке или науке. Маслоу говорил, скорее о такой же естественной и спонтанной креативности, которая присуща неиспорченным детям. Это креативность,

которая присутствует в повседневной жизни как естественный способ выражения наблюдательной, воспринимающей новое и живительно простой личности.

15. Сопротивление окультуриванию. И наконец, самоактуализирующиеся люди находятся в гармонии со своей культурой, сохраняя в то же время определенную внутреннюю независимость от нее. Они обладают автономностью и уверенностью в себе, и поэтому их мышление и поведение не поддается социальному и культурному влиянию.

Такое сопротивление окультуриванию не означает, что самоактуализирующиеся люди нетрадиционны или антисоциальны во всех сферах человеческого поведения. Например, в том, что касается одежды, речи, пищи и манеры поведения, если это не вызывает у них явных возражений, они не отличаются от других. Подобным образом, они не тратят энергии на борьбу с существующими обычаями и правилами. Однако они могут быть чрезвычайно независимыми и нетрадиционными, если затрагиваются какие-то основные их ценности. Поэтому те, кто не дает себе труда понять и оценить их, иногда считают самоактуализирующихся людей непокорными и эксцентричными. Самоактуализирующиеся люди также не требуют от своего окружения немедленного улучшения. Зная о несовершенствах общества, они принимают тот факт, что социальные перемены могут быть медленными и постепенными, но их легче достичь, работая внутри этой системы.

Сказанное выше может привести к заключению, что самоактуализирующиеся люди - избранная группа, приближающаяся к совершенству в искусстве жить и стоящая на недостижимой для остального человечества высоте. Маслоу недвусмысленно опровергал подобные выводы. Будучи несовершенными по своей человеческой природе, самоактуализирующиеся люди также подвержены глупым, неконструктивным и бесполезным привычкам, как и мы, смертные. Они могут быть упрямы, раздражительны, скучны, вздорны, эгоистичны или подавлены, и ни при каких обстоятельствах они не защищены от необоснованного тщеславия, чрезмерной гордости и пристрастия к своим друзьям, семье и детям. Вспышки темперамента не так уж необычны для них. Маслоу также обнаружил, что его испытуемые способны проявлять определенную «хирургическую холодность» в межличностных конфликтах. Например, одна женщина, осознав, что больше не любит мужа, развелась с ним с решимостью, граничащей с безжалостностью. Другие оправлялись после смерти близких им людей настолько легко, что казались бессердечными.

Самоактуализирующиеся люди не свободны от чувства вины, тревоги, печали и сомнений в себе. Из-за чрезмерной сосредоточенности они зачастую не переносят пустых сплетен и легкого разговора. Фактически они могут говорить или вести себя так, что это подавляет, шокирует или оскорбляет других. И наконец, их доброта к другим может сделать их уязвимыми к бесполезному для них общению (скажем, им грозит опасность погрязнуть в общении с надоедливymi или несчастными людьми). Несмотря на все эти несовершенства, самоактуализирующиеся люди являются великолепными образцами психического здоровья.

Следуя направлению, рассматриваемому стиль жизни через призму личностных диспозиций мы определяем данное понятие как индивидуально избранную, устойчивую, целостную, иерархически организованную систему средств построения личностью взаимодействия со своим социальным окружением с целью реализации собственного смысла жизни. Интегральными характеристиками стиля жизни выступают ценностные ориентации и направленность интересов личности, которые и выполняют смыслообразующую функцию.

Процесс самоактуализации, выступая механизмом формирования согласованной системы ценностных ориентаций, развития компетентности личности во времени и социальном взаимодействии, способствует становлению интегрированного и конструктивного стиля жизни.

Заключение

Самоактуализация – это стремление личности реализовать свой потенциал в той сфере, в которой она видит свое призвание. Побуждение, стремление, намерения, интересы, цели и задачи, которые человек ставит перед собой, связаны с понятием мотивации потребностей.

О значительном интересе ученых к проблеме мотивации свидетельствует тот огромный массив работ и различных, часто противоположных концепций, которые известны на сегодняшний день.

Наиболее весомый вклад в познание человека как уникального, целостного объекта исследования внесла гуманистическая психология (Дж. Дьюи, А. Маслоу, Г. Олпорт, К. Роджерс, С. Френе), которая изучает здоровые, гармоничные личности, достигшие вершины личностного развития, вершины «самоактуализации».

Основными характерными особенностями самоактуализирующейся личности являются: полное принятие реальности; принятие других и себя; профессиональная увлеченность; постоянная новизна, свежесть оценок; саморазвитие, проявление способностей, самоактуализирующее творчество в работе, любви, жизни; готовность к решению новых проблем, к осознанию своего опыта и подлинному пониманию своих возможностей.

Условия самоактуализации – это сознательное определение и выработка личностью своих ориентиров и своей основной жизненной цели; знание основных путей и методов достижения своей стратегической цели и наконец, осмысление своего назначения.

Список использованной литературы

1. Барлас, Т. В. Психологический практикум для «чайников». Введение в профессиональную психологию / Т. Барлас. - М.: Независимая фирма «Класс», 2001. - 176 с.
2. Бодров, В.А. Психология профессиональной деятельности / В.А. Бодров - М. - 2001. – 135с.
3. Вахромов, Е.Е. Понятия «самоактуализация» и «самореализация» в психологии // Потенциал личности: комплексный подход: Материалы Всероссийской Internet-конференции / Отв. ред. Е.А. Уваров. – Тамбов: Изд-во ТГУ им. Г.Р. Державина, 2002 – С. 133.
4. Вахромов, Е.Е. Психологические концепции развития человека: теория самоактуализации. – М.: Международная педагогическая академия, 2001. – 160 с.
5. Вахромов, Е.Е. Самоактуализация и жизненный путь человека // Современные проблемы смысла жизни и акме: Материалы VI-VII симпозиумов ПИРАО / Под ред. А.А. Бодалева, В.Э. Чудновского, Н.Л. Карповой, Г.А. Вайзер. – Самара: Издательство «НТЦ», 2002. – С.147.
6. Деркач, А.А., Кузьмина, Н.В. Акмеология: пути достижения вершин профессионализма / А.А. Деркач, Н.В. Кузьмина - М., 2001. – 134с.
7. Калина, Н.Ф. Вопросник самоактуализации личности // Н.Ф. Калина – М.: Журнал практического психолога, 2003, №1. - С.65-75.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ СИПАТЫ

Шерімбетова А.Б., Сарышова К.С.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Қазіргі кезде әлемдік және отандық тіл білімінде антропоэзектік парадигма негізінде халық санасында мыңдаған жылдар бойы сақталып келген таным-түсініктерге деген көзқарас өзгеріп, ендігі кезекте тіл фактілері арқылы бүкіл халықтың дүние танымы, ділі, мәдени құндылықтары, басқаша айтқанда жалпы болмысы жөнінде, бір тілде сөйлеушілердің санасына сіңіп, ойына, іс-әрекетіне, өмір сүру салтына әсер ететін дүниенің тілдік бейнесі туралы сөз қозғалуда. Осының негізінде концептілер жатыр.

Концепт – әлем бейнесін сипаттайтын тілдік және мәдени білімді, көріністі, бағалауды шоғырландыратын менталдық бірлік. Концепт теориясының ғылыми негізі ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында пайда бола бастады. Орыс ғалымдары С.А.Аскольдов-Алексеевтің 1928 жылғы «Русская речь» еңбегінде концепт және сөз туралы айтылған. Жалпы концепт теориясының негізін алғаш рет ғылыми айналымға енгізген академик Д.С.Лихачев болды. Ол «концептосфера» – ұлттық концептілердің жиынтығы, ұлт мәдениетінің көрінісі деген тұшымды пікір айтқан.

Тіл білімін зерттеуші Е.С.Кубрякова, А.Н.Мороховский, Н.К.Рябцева, В.А.Маслова, А.Вежицкая-сынды ғалымдар өз еңбектерінде концептіні жан-жақты қарастырған.

Адам ойлау процесі кезінде дүниені танып білуді концептілер күйінде сақтайды. Концептілер дүние жайлы ақпараттар жинақтау, білім қалыптастыру кезінде туындайды.

Ғалым А.Ислам: «Концепт – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың атадан балаға берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөнінде сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым», – дейді [1,15 б.].

Қазақтың қай жазушысын, қай шығармасын алып қарасаңыз да концепт туралы мағлұмат пен дәйектемелер келтіруге болады. Осы орайда концепт туралы ойымызды ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, дарынды жазушы Оралхан Бөкей шығармаларының тілдік ерекшеліктерін негізге ала отырып талдаймыз.

Оралхан Бөкей прозасында дүние ұғымының кең мағыналылығы, әлемге философиялық тұрғыдан қарау өлшемдері көрініс тауып, танымдық ізденістерінде ұлттың дамуы мен мәдени өркендеу, орта мен табиғат байланыстылығы таразыланып көрсетіледі.

Жазушы прозасы, жалпы алғанда, өмір құбылыстарына байсалды ой-парасат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас бірлігін тереңірек түсінуге көмектеседі. Көркем шығармаға ат қоюда әр жазушының өзінше стильдік семантикалық ерекшеліктері байқалады. О.Бөкей шығармаларының атауы эмоциялық-экспрессивтік мәнге ие сөз тіркестері мен сөйлемдерден тұрады. Мәселен, «Өз отыңды өшірме», «Қар қызы», «Өліара» т.б. Ол көркем образ жасауда негіз болатын тірек сөздерді қолдана отырып, концептуалдық және образдылық маңыздылығын айқындайды.

Жазушының шығармаға қойған атауының өзі, шығарманың когнитивтік табиғатын ашуға зор үлес қосқан. Бұндайда авторлық көзқараста психолингвистикалық тұрғыдан саралаудың да үлес-салмағы маңызды. Тұтас мәтіннің өн бойынан тек ұлттық ерекшеліктерге ғана тән тәрбие мен болмыс, білім қоса өріліп отыратынына көзіміз жетеді. Әрбір тіл иесінің өзіндік парасат-пайымын, таным-түсінігін, сана-сезімін, жалпы айтқанда, бүкіл мәдени болмыс-бітімін оның туындысының тілі танытады. Белгілі бір суреткер тілі оның өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымының, яғни «тіл – сана – дүние» үштігінің негізінде қаланады, солардың барлығы тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Өзара мәндес тілдік бірліктердің семантикалық және ассоциациялық өріс негізінде

шоғырлануы ақынның жеке концептуалдық әлемін құрайды. Ондағы әрбір концептілік жүйеде жеке тұлғаның белгілі бір ұғым туралы нақты бейнесін танытатын жеке танымы да көрініп, жеке тұлғалық концептісі айқындалады. Ол ақынның жеке қолтаңбасына тән тірек мағыналар болып табылады.

Көркем туынды авторының жеке танымы метафоралық, ассоциативтік формада көрініс табады. Осыған орай ақын шығармашылығына концептуалды талдау ассоциативті түрде жүргізіледі.

Жазушының метафизикалық (*жалғыздық*), ұлттық-мәдени (*атамекен, жылқы, ана*), эмоционалды (*қайғы, мұң*) концептілерді өз өмір тәжірибесі арқылы көркем бейне түрінде өндеп, тереңінен игергені байқалады. Бұл жалпыұлттық концептілер тобы жазушы танымындағы тірек мағыналардың көрінісін сипаттайды. «Концепт художественного текста формируется на синтагматической основе, имеет внутритекстовую синтагматическую природу. Вследствие этого сам процесс концептуализации, осуществляемый на материале художественного текста, обладает спецификой» [2, 58 б.], – деген Л.Г.Бабенконың пікіріне жүгінер болсақ, ақын танымындағы бұл концептілердің ішкі құрылымы да күрделі болып келеді. Демек, ақын санасында қалыптасқан ақиқат дүние туралы танымдық бірліктердің кеңеюі оның концептуалдық әлемін құрайды. Бұл орайда ғалым Ж.Саткенова: «Көркем шығармадағы концепт – көркем туындының негізгі өзегін құрайтын тірек мағыналар. Аталған тірек мағыналар тілдік тұлғаның өзіндік көзқарасын, пікірін қалыптастырады. Сонымен қатар, жазушы шығармасында тірек сөз мәтіннің көркемдік-тілдік құрылымын қалыптастыратын тәсілдердің бірі ретінде қызмет атқарады», – деген пікір айтады [3, 32 б.]. Поэтикалық мәтіндегі әрбір сөздің ішкі мағыналық құрылымы оның сыртқы болмысымен байланысты десек, тілдегі концептілер жүйесі ақынның да, тілді қолданушы барлық адамның да сөздік қорындағы потенциалды (әлеуетті) мүмкіншілігін ашады. Осы орайда О.Бөкей прозасындағы ана концептісіне тоқталатын болсақ.

«Ана» концептісі

«Әйел – Ана» концептісі барша халыққа ортақ болғанымен, әр халықтың менталитетіне, дүниетанымына орай оның концепт сферасы айқындалып отырады. Әйел анаға байланыста әр халықтың салт-дәстүрі бар. Ол дініне, сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшеліктеріне сәйкес ғасырлар бойы жинақталады. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік, таным ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық тәжірибесін қалыптастырады.

«Жәннат аналардың аяғының астында» деген қанатты сөзді әрбір түркі тектес халықтар айтып жүр. Сондықтан ана сүтін ақтау, әжесі мен апасын, әпкесі мен қарындасын құрметтеп, аялап сыйлап өтуді парыз санайды.

Жазушы Оралхан Бөкей «Ән салады шағылдар» топтамасындағы әңгімелерінде «Ана» концептісін аша түскен. Мәселен, «Апамның астауы», «Күлпәштің ұршығы», «Құлашаның шоты еді» сияқты әңгімелерінен оқырман қазақ әйелінің табиғи болмысы, тазалығы, салт-дәстүрге деген ұстанымы туралы мағлұмат алады. Әңгімеде «астау», «ұршық», «шот» сөздері тірек мағынаға ие болғанымен әңгіме идеясы анаға келіп тіреледі. Ананың майда іс-әрекетінің өзіндегі киелілік, адалдық тірек сөздер арқылы анықталып, «ана» концептісіне символикалық мән беріп тұр. Бұл жердегі Апа, Күлпәштар қазақ әйелдері – ана. Шығарма атауының өзі оның когнитивтік табиғатын ашып тұр.

Ана – «мейірімді, қамқоршы, отбасының ұйытқысы» когнитивтік моделі. «Апам» сөзі қайталана отырып, «ана» концептісін ашады. Мысалы: *Он бес жасыма дейін Апамның етегіне жабысып, соңынан қалмай бұлкектен құлындай еріп ер жеттім. Сол кісімен жүрсем, мал сойған үйдің құлағы, тәттісі мен дәмдісі менің аузыма тиетін. Мен ол кезде Апамның өмір тарихын, тіпті кім екенін білмей, алаңсыз шуақты күндерге марқайып маңар едім. Бүгінде көз алдымда арық ашаң кемпір, тарамысты мықты саусақтар, ерні мен иегін күйік шалып тыртықтанған әдемі ажар, кимешегінен дудырап шығыңқырап жүретін ақ шалмаған қара бұйра шаш қана... менің көз алдымда.*

Қандауырын қайрап, басының қаны тасыған еркек-ұрғашының кеудесіне мініп, арам қанын ағызып тұрған немесе тері илеп, көн тігіп отырған, жүн түтіп, арқан ескен, жіп иіріп, алаша тоқып, оюлап сырмақ тігіп отырған Апам; ... ертеректе қазақ әйелі не істеу керек болса, түгел қолынан келетін Апам; қазақ әйелінің гана емес, ер-азамат атқарар істі қара нардай қасқая көтерер Апам. Қаламгердің «Апамның астауы» деп аталатын туындысынан алынған бұл үзіндіде кейіпкердің анасының – қазақ әйелінің – сыртқы келбеті ғана суреттеліп тұрған жоқ, баланың анаға деген ыстық ықыласы мен шексіз махаббаты қарапайым сөз қолданысы арқылы-ақ өрілген.

*«Ана» концептісі қоғамдық және әлеуметтік қатынастардың даму дәрежесіне қарамастан өзінің түп негізінде философиялық танымдық концепт болып қала береді. Оның танымдық мағынасын дұрыс түсінбесек, шындық болмыс дүниетанымдық концепт болмас еді. О.Бөкейдің кез-келген шығармасында осы байқалады. Шығарманың негізгі ойы мен танымы, оқиғалар желісі ана арқылы жүріп жатқандай сезіледі. Тағы да шығарма мәтініне көз салайық: *Өзгені қойып, мықтымысып жүрген мына менің өзім сол Апамнан тірі кезінде неге гана бәр-бәрін: киіз басып, үй тігуді, арқан есуді, тері илеп, өңдеп киім тігуді, алаша тоқып, өрнектеп сырмақ тігуді, саба, сүйретпе, торсық істеуді тәптіштеп жазып алмадым. Енді, міне... қолымызды мезгілінен кеш сермеп отырғанымыз. Енді, міне, бұзауы өлген сиырдай тұлыпқа мөңіреп, жыртық астаудан Апамның алақанын, Апамның қауыздаған талқан-тарысын іздеп тамсанып отырғанымыз. Қазір Апам жоқ! Қара жер қойнына алған. Былтыр мен кигізген атлас көйлекті ала кеткен жоқ, арулаған адамдар киіп жүр. Сексен жыл жолдас болған жыртық астау да қаңсып қалды, әне... қаңсып итаяқ болып қалды, әне... Апам ала кеткен жоқ.**

Біз танымдық лингвистикадағы ойды туғызатын тіл деген пікірді басшылыққа ала отырып О.Бөкейдің прозалық шығармаларындағы «әйел-ана» бейнесін табиғатпен, тәңірмен, жер анамен, қазақтың «бесігінді түзе» – деген қағидасымен тамыры астасып жатқанын және ұрпақ тәрбиесі басты назарда болғанын көріп, таныдық.

О.Бөкей – ұлттық прозада тың жол салып, өзіндік әдеби-эстетикалық көркем дәстүр қалыптастырған қаламгер, қазақ әдебиеті тарихындағы проза саласын ұлттық концепт тұрғысынан өркендеткен жазушы. Қаламгер прозасында болмыс пен заман, образдар әлемін суреттеуде ұлттық болмыс пен әдеби әдіс-тәсілдер шығармашылық шеберлікпен қолданылған. Оралхан Бөкей де қолына қалам ұстаған сәттен бастап-ақ, өз замандастарының мұңы мен қуанышын, ойын, түсінігін шынайы суреттеуге тырысқан қаламгер. Бұл жөнінде автордың өзі де былай деген екен: «Әйтеуір, не жазсам да өз заманымды, сол заманда табан ет, маңдай терін жұмсап жүрген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырысамын», – деген болатын [4, 45 б.].

«Қайғы» концептісі

Барлық адам соның ішінде қазақ дүниетанымында «Қайғы» концептісіне, оны жете түсініп, тануда ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін ескерген жөн. Қазақтың ұлттық тағдырында өмір мен өлім, қайғы концептілері арасында белгілі бір байланыс бар екені сөзсіз. Адам өлімнің де, тағдырдың да алдында дәрменсіз. Өлімді қайғының құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды. Ажал – «өлім» концептісі болса, қайғы өлімнің көріністерінен туады. «Өмір мен қайғы» концептілері О.Бөкей шығармаларында уайым, қайғы, қасірет, мұң-шер сөздері арқылы беріледі.

Адамның болмысын құрайтын үш негіз: жан, тән, рух туралы О.Бөкей танымынан көреміз. Жан – қонақ дене, тән жаннан ажырағанда өледі, рух қалады. Тілдік прагматикада жан адаммен бара-бар. Адамға тән сезімдік күйлер жанға да тән. Адам күйінеді, жылайды, қайғырады, жабырқайды.

Жазушы шығармалары бойынша «қайғы» концептісін шартты түрде мынадай когнитивтік модельдер арқылы көрсетуге болады.

1. «Қайғы» – өмір дерті.

- Жыла сор маңдай ел, жыла азып-тозуға жазылған жамағат!

Мәтіндегі қайғы сөзінің семантикалық жүгі «жыла» деген сөзге жүктелген. Бұндағы ашу жан ашуы, яғни «жылау» қайғыны меңзейді.

2. «Қайғы» – өмір уы.

- Жыла, жыла, ей жетім, жыла, жыла, ей жесір! Адам баласы басына түскен қайғыға шарасыз көнеді

3. «Қайғы» – өмір мен өлім.

- Жыла, жыла, ей қақпас! Ұлың шейіт болды, сен тірі қалдың. Сенің тірі қалғаныңнан не себеп. Тілеуіңді құдай бермепті

4. «Қайғы – мәңгілік ажырау» когнитивтік моделі. Жазушы «Апамның астауы» әңгімесінде: *«Иә, адам өмірі де сол жарық астау секілді қаңсып қалады екен-ау»* – деген өмірлік концепция ұғымындағы авторлық көзқарасты танытады. *«Апам менің ... Өлдің, ауырмай-сырқамай, бір тісің шетінемей, «алла, белім» демей сексен тоғыз жасыңда өз иманыңды өзің айтып өлдің»*

Қайғы – «өмір дерті» когнитивтік моделін кейде «дерт» метафорасы құрайды. Айпара ананың дертін, «асыл азамат – ортаншы ұлым – ортан қолым» – деуі метафоралық бірлікті құрап тұр. Демек, Айпара ананың дерті – қайғының өзегі болып тұр. Мұндағы торығу, құлазу, күйіну, жабығу сияқты ананың жай күйімен анықталған. Концепт бойынша ішкі дүниенің жабығуы, құлазуы, күдер үзу концептісін құрайды. *«Қайран, Қайдос, сен енді маған жоқсың!»* тіркестері «қайғы», «қажу», «түңілу», «мәңгілікке ажырасу» концептісін танытатын бірліктер.

Қайғы – «өмір уы» когнитивтік моделі. «Қайғы» адамның түрлі психикалық жайларын сипаттаушы ретінде қолданылады: мұңды, қайғыны, уайымды, ауырлықты, жан азабын, толғанысын, зарығу, торығу, жан азабына түсу т.б. болып табылады. «Қайғы» концептісінің когнитивтік – семантикалық құрылымының бір қабатын оның қайғыға, өлімге байланысты тілдік бірліктер құрайды.

Адамның ішкі жан дүниесінің әрекеті қайғының беретін когнитивті-семантикалық қабаттары алуан түрлі болып келеді. Бір нәрсеге ренжу «көңіліне алу», «қамығу» кейде қасірет сөзімен ауыстырылады. «Қайғы» семантикасы арқылы берілетін психологиялық күй тек адамға ғана емес, бүкіл жаратылыс атаулыға тән сезіну түрінде сипатталады. Баладан айырылған ата-ананың «қайғы-қасіреті», «қанаты сынған қаршыға», «тұяғы сынған тұлпар», «ботасы өлген бозмая» сияқты сөздермен суреттеледі. Еңсесі кету, мердігу, оқ тию, қайғы тудыратын себептер, яғни кісі өліміне байланысты айтылады. Жан ашуы, жан дертінен де қайғыны ұғамыз. «Қайғы» концептісі Оралхан Бөкей шығармаларында кеңінен көрініс тапқан.

«Жалғыздық» концептісі

Жалғыздық жалпы адам түсінігінде үрей, қорқыныштағы жалғыздық, жалғызсыраумен қатар жүретіні белгілі. Ал қазақ халқының менталды ұғымындағы жалғыздық Аллаға ғана тән деп түсінеміз. Жаратылыстың заңдылығымен, әлеуметтік, қоғамдық түсінікпен өлшенеді.

«Көптік» өсіп-өну ұғымы, яғни ұрпақ жаю – өмір мәні жалғыздыққа қарама-қарсы ұғым. Жалғыздықтан адам қорқады, одан жапа шегеді. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» – дейді атам қазақ, яғни адамның когнитивтік санасында концептілік орын алады.

«Жалғыз» және «көп» қазақ халқының концептуалдық танымында дүниенің «жақсы мен жаман» бөліктері ретінде бағалаушы өлшем. Қаламгер О.Бөкей шығармаларында «жалғыздық» ұғымы мол. «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесінде: *«Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Әке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін»*

«Жалғыздық» ұғымы – жалғыз адам, жалғыз ұл, «жалғыздық пен жекелік» өзара іргелес те алшақ ұғымдарды беретін когнитивтік бірліктер ретінде танылады. «Жалғыз» және «Жеке» сөздері лексика-семантикалық бірлік бір деңгейдегі мағыналас бірлік концепт ретінде кейде бір-бірімен сәйкесе бермейді. Оралхан Бөкей әңгімесінде Тортай

арқылы «Жалғыздық» концептісі бір, тақ, жалғыз сөздерінің ұғымдық аясында айқындалады, философиялық концепция бойынша жалғыздық жеке адамдар үшін «жаман» деп бағаланған. Жекелік, даралық, саяқ, оқшаулық туралы таным аңғарылады. Автор «жаны жалғызсырау», «жан тынышын іздеу» танымында концепт жасаған.

Жалғыздық – «жалғыздық – тыныштық» когнитивтік моделі. Жазушы прозасындағы жалғыздық концептісіндегі фреймдер жалғыз, жалғызсырау, жапа-жалғыз, жалғызілікті, жалғыз ұл, жалғыздық – тыныштық концептісі арқылы беріледі. Оралхан шығармаларындағы жалғыздық өз-өзімен жеке қалу, қасында ешкімнің жоқтығы, сенетін, түсінетін жанның жоқ болуы адам жанының күрделілігінен байқалады. Ойымыз дәлелді болу үшін тағы да мысал келтірейік.

«Жандос жалғыздық зарын енді гана шеккендей. Жылы үй шым-шым сорпа. Шыдай алмайды-ау. Жер бауырлап өксіп-өксіп ұзақ жылады. Адамды уақыт емес, уақиға қартайтатынын білді». Бұл жерде шарасыздық, әрекетсіз қалу «тірі өлік» деген қазақ ұғымымен тілдік бірлікте сипатталған. Жазушының «Қасқыр ұлыған түн» әңгімесінде қасқырға таланып өлген Арай есімді қыздың өлімін естіген Нұрланның басындағы қайғымұнды автор: *«аңыраған жоқтау онсыз да бор боп езіле бастаған жүрегімді шабақтап-шабақтап тілгіледі-ай... Сай-сүйегім сырқырап, тізерлей жығылып, қыздың анасын бас салдым».* Шығармада жазушы негізгі тірек сөзді «бор болып езілу» фразеологиялық тіркесі арқылы адамның эмоциялық көңіл-күйін беріп отыр. *«Қателеспепін. Аналық айқайы мен күйінішін жасыра алмай ішегі үзіле егіліп жылап тұр екен».*

Тіл мен ойлаудың бірлігі жөнінде дәстүрлі көзқарас бойынша ақиқаттағы объектілер сезім мүшелері арқылы санада түсінік, ұғым түрінде бейнеленеді. Ал когнитивтік лингвистика теориясы бойынша концептіде түсінік, ұғымның мазмұнына кірмейтін де бөліктер болады. Концепт теориясы бойынша “түсінік”, “ұғым” мазмұнының логикалық сүзгіден өтпей қалғандары да аса мәнді болып есептеледі. Өйткені бұлар метафора, образ, символ жасауға, тілдік таңбаның семантикалық өрісін кеңейтуге қажетті “дүниеліктер” болып табылады. Ондай “дүниеліктердің” қатарына қайғыдан үрейлену мағынасын беретін *қол-аяғы қалтырау, арқасы мұздап қоя беру, арқасын аяз қарығандай болу, тісі-тісіне тимеу, тұла бойы түршігу (шымырлау, тітіркену)* сияқты фразеологизмдердің ішкі формасында кездесетін “аяз” сөзін жатқызуға болады. Жоғарыдағы мысалда келтірілген «бор болып езілу» мен «ішегі үзілу» фразеологизмі қайғыру, қайғыдан қан жұту мағынасында тілдік таңбаның семантикалық өрісін кеңейтіп тұр. Әрине, қайғы мен мұң екеуі екі түрлі ұғым. Қайғы мен мұң адам болмысының кейбір кезеңдерінде астасып жатады да, кейде алыстай түседі. Мысалы адам есейе келе балалық, бозбалалық дәуренін кимай ерекше көңіл күйде болады. Бұл – қайғы емес, мұң. Ақындардың өлеңдерінде кездесетін ғашықтық сезім, сағынып мұңға бату *қайран дәурен... қол жетпес арман, жарқ етпес көңіл* сияқты тіркестер арқылы беріледі. Бұл да қайғыру емес “мұң” концептісінің ішінде қаралатын *жабығу, құлазу, аңсау* сияқты жан күйлері [5, 92 б.]. Адамның жанын мұң тазартады. Мұңның аяғы – даналық. Адам мұңсыз болмайды деген қорытынды шығарады.

Қорыта келгенде, Оралхан Бөкей прозасындағы концептілердің тілдік табиғатын халқымыздың тарихымен, таным-түсінігімен байланыста қарастыру ұлттық болмыс пен халықтың тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына қатысты ерекшеліктерді сипаттап, тіл мен ұлттың, тіл мен сананың тығыз бірлікте екендігін дәлелдейді. Оралхан Бөкейдің жазушылық шеберлігін концептілік тұрғыдан талдау барысында оның стилінің ешкімге ұқсамайтын даралығымен ерекшеленіп, сөз құдіреті арқылы жазушы көрікті, әсем, сұлу сөз бейнелерін жасап, әрбір сөздің мәнін таныта білгендігін аңғардық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті. Ф.ғ.д. диссертациялық автореферат. – Алматы, 2004 – 38 б.

2. Бабенко Л.Г., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. – Москва: «Наука», 2008 – 496 с.
3. Саткенова Ж. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі. (Б. Соқпақбаев шығармалары бойынша). Ф.ғ.к. диссер. – Алматы, 2006. – 32 б.
4. Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1994. – 496б.
5. Сарышова К.С. Эмоцияны бейнелейтін қазақ фразеологизмдері. – Алматы: «Асыл кітап» баспасы, 2011. – 192 б.

СЫР ӨңІРІ-ӨРКЕНИЕТТЕР ОРДАСЫ

Шойман А.Т., Аңсатова М.Н.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

«Қазақтың кең байтақ жерінде аңызға айналмаған тұс тіпті аз, бәрі де
кастерлі өлке, қасиетті мекен.»

Н.Ә.Назарбаев

Топырағын түртіп қалса, тасын төңкеріп қарасаң қарт тарихтан хабар бертін қазақтың қазыналы жерінде талай дүние тұныи жатыр. Бұл атыраптың әртөбесінде айтылмаған сыр, жазылмаған шежіре жатыр. Біздің Сыр өңірінде халықтың рухани жаңғыруына мол мүмкіндік беретін аса маңызды мәдени нысандар: ежелгі қалалар мен ескерткіштер, киелі мекендер мен кесенелерүлгі етерлік рухани құндылықтар аземес. Ал осыны алты құрлыққа айшықтау, дәуірдің жауһарындай дәріптеу біздің мойынға артылған асыл парыздың бірі болса керек. Оның үстіне ұлттық рухтың көсегесі көгерсін десек, осынау жәдігерлерімізді бүгінгі ұрпақ санасына сіңіріп, болшақ қабасы бүтін аманаттау да жауапты іс. Ежелгі ісақтардың киелі байтағы Шірік-Рабат, Сортөбе, Асанас, Орта ғасырдағы оғыз қыпшақтардың басты қалалары - Жанкент, Жент, Баршынкент, Өзкент, Ақорда мен Қазақхандығын алғашқы астанасы Сығанақберідегі Алаш жұртының бас қаласы етіп таңдаған Қызылорда шаһарының Сыр бойына Өркениетпен біте қайнасқан мәдениеттер ордасы болғандығына айқын айғақ. Жібек жолы бойымен жүріп өтетін транс ұлттық сауда керуенжолдары да Сырдың бойында тоғысатын. Әрі қарай сауда керуендері Ақмешіт маңынан Торғай, Орал, Ембі өзендері арқылы теріскей-батысқа жол тартса, келесі тармағы Тобыл мен Ертісті бойлай теріскейге, Шубойы мен Балқаш көлін Басып шығыс бағытта қарай өтетін. Ең басты себеб-тарихтың көне парактарында танбаланған Ақмешіт қазақылықтың қаймағы бұзылмаған құт мекен еді.

Әрбір өлкенің өзіндік тарихи-мәдени ерекшелігі, сара жолы болады.

Тарихи деректер бойынша Сыр бойы өте ерте кезден бастап сақтар-массагеттер мекендеген. Шірік-Рабат қала-қорымы, Ұйғырақ, Түгіскен қорымы Сыр бойындағы ежелгі дәуірден сыр шертетін ескерткіштер.

Ертедегі грек тарихшысы Геродот массагеттер туралы былай деп жазады: “Батысында – Кавказға барып тірелетін Каспий теңізі мен шығысында – шексіз жазық даламен ұласып жатқан осы кең-байтақ өлкенің көп бөлігін массагеттер мекендейді екен. Сырт киімімен тұрмыс салттарына қарағанда олар скифтерге ұқсас. Өздері атүстіңде де, жаяу да шайқаса береді.”

Арал теңізі маңында оның оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігінде және Сырдарияның оң жағалауында парадарайа сақтары өмір сүрген. Ежелгі грек жылнамашылары сақ тайпаларының осы бөлігін массагеттер немесе яксарттар деп атаған. Парадарайа сақтары

құрамына дайлер немесе дейхиилер кірді, олар Сырдарияның Орталық жағалауында өмір сүрген еді.

Сақ тайпаларының дамыған мәдениеті болды.Негізгі тұрғын жайы үшін киіз үйді пайдаланды.Үйдің негізгі құрал-саймандары сынбайтын заттардан, ағаштардан,теріден жасалынады.Ал балшықтан жасалған ыдыс-аяқтардың қабырғалары өте қалың,табандары ойық болған. Сонымен қатар табылған көне жәдігерлер сақ заманының материалдық мәдениеті,өнері,мифологиясы туралы мол мәлеметтер алуға мүмкіндіктербереді.”Алтын адам” сақ елінде өз заманына сай өркениеттің болғандығын дәлелдейді.

Қазіргі таңда халықтың ұлттық санасы оянып,тарихи тұлғалардың танылуына,архитектуралық,археологиялық ескерткіштер мен тарихи-мәдени мұраның бай дүниесіне ұмтылысы күн санап өсіп келе жатыр.Сыр өңірі көне дәуірлерден мәдениет ошағының ордасындай болғаны ақиқат.Бұл тенеудің тегін айтылмасы белгілі.Көршілес елдер үшін түріктер ең қауіпті жауға айналады.Олар көп кешікпей батысқа жорық жасап,Арал теңізіне дейін жетеді.Содан кейін Сырдария солтүстікке бұрылатын жерде оны кесіп өтіп, Әмударияның солтүстік жағымен Арал теңізін кесіп өтіп,Бұхараға бұрылады. Сөйтіп түріктер бүкіл орталық Қазақстанды,Жетісу мен Хорезімді бағындырады.

Түріктер тек саяси ғана емес,экономикалық үстемдікке де ие болады. Бастыс пен Шығысты жалғастырып жатқан “ҰлыЖібек жолы” түріктердің қолына тиеді.Зерттеушілердің деректеріне қарағанда “Жібек жолы” арқылы будда діні,адСириямен Арабтан исламдіні тараған.

Түрік қағанаты кезінде Ұлы Жібек жолы барынша жандана түсті. Бұл жолдың тармақталған бір бұтағы Шу, Талас және Сырдария алқаптарындағы, Арал маңындағы қалаларды басып өтетін.

Бұл аймақтарда көшпелі түрік тайпаларымен отырықшы халықтар этникалық жағынанда туыстар немесе біркелкі этникалық саяси қауымға халықтардың бір-біріне осылай жақындасуына олардың салт-дәстүрінің үйлесімділігіне Ұлы Жібек Жолы көп әсерін тигізді.Өркениет пен жетістіктердің алғашқы қадамы болды.Бұл жолды түрік қағанаты үнемі қадағалап отырды.Ұлы Жібек Жолының маңызды бір тармағының бойында орналасқан Сығанақ қаласы Шығыс пен Батыстың көптеген ірі қалалармен сауда,экономикалық,саяси және мәдени байланыстарда маңызды рөл атқарады.

Ұлы Жібек Жолы-Қытай жерінен басталып,Қиыр Шығыс пен Еуропа елдеріне беттеген керуен жолы.Бұл жолдың басым бөлігі Орта Азия мен Қазақстан жерінің үстемінен өтті.Жібек Жолы б.з.д III ғасырда сауда магистралі ретінде пайда болып,XVI ғасырға дейін қызмет етті.Жібек Жолының бойында орналасқан көне қалалар бірталай соғыс,өрт,аштық,апат-ойрандардың куәсі болған.Ұлы Жібек Жолы арқылы тек сауда жүйесі дамып қана қоймай,Шығыс пен Батыс өркениеті тоғысып,мәдениет және дипломатиялық қарым-қатынас орнады. VI-VII ғасырларда Қытайдан бастау алған керуен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан даласын кесіп өтетін.Отырар,Тараз,Сайрам(Испиджаб),Түркістан,Суяб,Баласағұн т.с.с көне қалалар тек сауда ғана емес,мәдениет және ғылым орталықтары болды.

Ертеде Тараз қаласындағы сауда базарын көргендер «Тараз базары»-«әлем айнасы»дейтін.Себебі,бұл жақта кез-келген дүниені айырбастауға ,сату мен сатып алуға болатын.Мыстан жасалған тұрмыстық бұйымдар мен қару- жарақтар,киім-кешек пен ер-тұрмандар саудаға түсетін.Отырар алқабына жүз елуден астам кішкентай қалалар кіретін.Бұл елді мекен қорған сарайларға бай болатын.Саудамен қатар,бұл аймақта білім мен ғылым саласы дамыды.Түркістан ертеден «екінші Мекке» деп аталып кеткен.Бүгінгі таңда көне қала Түркістан халқымыздың рухани орталығы ғана емес,сондай-ақ,бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады деген сөздер әрбір қазақтың жүрегіндегі мақтаныш сезімін оятады деп ойлаймын.Суяб және Баласағұн қалаларында жыл сайын кең көлемде сауда жәрмеңкелері өткізілетін.Әр түрлі елден жиналған саудагерлер бас қосып,сауда қарым-қатынасын орнатады.Қарлұқ қағанатын солтүстік-батыс жағында,Сырдарияның

орта және төменгі бойында ,оған жалғасып жатқан Батыс Қазақстан далаларында IX-X ғасырларда Оғыз тайпаларының ежелгі феодалдық мемлекеті қалыптасты.Оғыздардың ата-бабаларының әуелгі қоныстанған жерлері Ыстықкөлдің маңы.Оғыздар IX ғасырда Сырдария бойына келіп орналасады,бірақ ондағы кангар-печенег бірлестігімен ұзақ уақыт соғысуға тура келді.Махмұд Қашғари Оғыз елінің 22 кейбір деректерде 24 тайпаға бөлінгенін және әр тайпаның өз белгі таңбасы мен туы болғанын айтады.

IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың бас кезінде оғыз тайпалары Сырдарияның орта ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан кең жерлерді мекендейді.Оғыздардың қоныс өрістері Ырғыз,Орал,Ембі,Ойыл өзендердің бойларында,Сырдарияның Қаратау баулайлары мен Исфиджаб шегіне дейін жеткен.Олар Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойында,Арал өңірі мен шығыс Каспий аймағында шоғырланып қоныс тепті.

X ғасырда Оғыз мемлекетінің астанасы- Янгикент немесе Жаңа Гузия деп аталатын қала болды.Ол Қимақ даласы арқылы Сарысу,Есіл және Нұра бойларына баратын сауда жолының үстінде орналасқан.Оғыздардың көпшілігінің басты кәсібі мал шаруашылығы болды.Оғыз тайпаларының бір бөлігі Сырдарияның төменгі бойын қыстап,жайлауға Каспий маңындағы далаға көшкен.Оғыздар негізінен жылқы,қой,ешкі,сиыр,өгіз,түйе өсірген.Әсіресе,қой өсіру шаруашылығы маңызды рөл атқарған.Сондай-ақ оғыз бай-феодалдары жер қайыстырған қалың жылқы үйірлерін ұстаған.Көшпелі оғыздар түйе,оның ішінде айыр өркешті ірі түйелер де өсірген.Оғыздар аңшылықпен де айналысты.Оғыз кедейлері Арал теңізінен,Сырдариядан,тағы басқа да өзендерден балық аулап кәсіп қылған. Қалалардағы үйлер көбіне тастан,ағаштан,қамыстан тұрғызылды.Оғыздардың Сырдарияның төменгі ағысында Жанкент,Жент,Жуара,ал Сырдарияның орта ағысында Қарнақ,Сүткент,Фараб,Сығанақ және Сауран т.б. қалалары болған.Оларда қолөнер кәсібі,соның ішінде мал өнімдері мен шикізатты өңдеу дамыды.Оғыздарда құмырашылық өндірісі өркендеді.Олар мекендейтін аумақтарда темір,күміс,алтын,мыс және асыл тастар өндірілді.Жанкент жайлы ең бірінші жазба естеліктер IX-X ғасырлардың үлесіне тиеді,ал ХҮ ғасырда қала туралы деректер жоғалады. Тек арада үш жыл өткен соң,ХҮІІІ ғасырда ғана Жанкенттің аты қайта жаңғырады.Алайда,бұл,қираған Жанкент қаласы жайлы жазбалар,Жанкент қаласы жөнінде орыс саяхатшысы П.И.Лерх өзінің 1867 жасаған археологиялық экспедициясынан соң құнды мәліметтер қалдырған.Қираған қаланың орнын қазу үстінде араб әріптері табылған.Аңыз бойынша Жаркентті билеп тұрған қатігез Шанжар хан Қарабура әулиенің қарғысына ұшырап,1153 жылы қарауындағы халқымен бірге опат болады.Сол дәуірдегі Жанкент шаһарының билеушісі Шанжан хан Бегім сұлуға құлай ғашық болып үйленеді.Бірде қызғаншақ хан ұрынқұлақтан өзінің жарының азғындық жасағанын естіп,оны қатты жазалайды.Алайда бұл хан нөкерлерінің от салуы болатын.Бегім сұлудың әкесі Қара бура әулие бір сұмдықтың болғанын сезіп,Жанкент шаһарына барғанда,барлық жайтқа қанық болады.Бірақ қызының адал,пәк екендігіне еш күмәні болмаған ол Шанжан ханға ашуланып, ”ертең алаңға халқыңды жина,егер менің қызымның кінәсі болмаса кесілген кесілген қол мен бұрымы орнына келеді.”депті.Жанкент шаһарының халқы алаңға жиналып,керемет сиқырдың куәсі болады.Яғни,Қара бура әулиенің айтқаны келеді.Қатты ашуланған әулие Шанжар ханға қарғыс айтып,орданды жылан қаптасын деген екен. Бірде аспаннан бір мес түсіп жарылып,ішінен ордалы жылан шығып Жанкент шаһарының бүкіл халқын өлтірген-мыс.Ал бұл кезде Бегім сұлу құс болып ұшып кеткен деседі.Ал,сақатлған жазба деректерге сүйенсек, 1219жылы күзде Жанкент қаласына моңғолдар шабуыл жасайды.Халықты қырып,қаланы түгелдей өртеп жібереді.Отқа оранған қаланың үстімен қаһарлы Жошы хан шауып өтеді.Қала ХІҮғасырда бұрынғы қалпына келеді.Енді,жаңа Жанкент араб-мұсылман мәдениетінің орталығы саналады.Осылайша”Мың өліп,мың тірілген”Жанкент тағы бір ғасыр өткен соң мәңгілікке жойылады.Яғни,ХҮ ғасырдан бері қаланың көне тарихтың куәсіндей орны ғана жатыр.Аумағы төрт шаршы шақырым жерді алатын қасиетті де қасіретті қаланың сыры мен мұны қойнында.Ол жайлы тарих пен шежіре ғана сыр шертеді.Қаланың күншығыс

капталын қоршап жатқан қалыңдығы екі метрден асатын ескі қорған сол заманның ескерткішіндей ата-бабаларымыздың өткен өмірін көз алдымызға елестетеді. Жанкент қаласының орны Қазалы ауданының қазіргі “Өркендеу” ауылының оңтүстік-шығысында өткен тарихтың куәсіндей болып жерге шөгіп жатыр. Ал, киелі топырақтың астында біз білмейтін қаншама сыр бар? Ғасырлар қойнауынан жеткен тарихи-мәдени ескерткіштер шын мәнінде кімге болса да ғажайып әсер қалдырады. Бүтін бір халықтар мен мемлекеттердің гүлденуі һәм құлдырау кезеңдерін бастан өткерген, тарихтың бізге беймәлім жұмбақ сырлары тұнған бұл мұралар ата-бабаларымыздың өткен өмірінің тілсіз куәгерлері болып қала береді. Ұлы даланың жеті қырының кез келгені - Қазақ елінің өміріндегі ерекше мұра. Атқа міну мәдениеті, ежелгі металл өндіру мен өңдеу технологиясы, өз жазуы мен мифологиясы бар озық мәдениетті Қазақ елінің рухани байлығының айшықты белгісі - «аң стилі өнері», бүкіл әлемді тамсандырған Дала өркениетінің жәдігері - “Алтын адам” жауынгері, түркі әлемнің бесігі саналатын Алтайдан бастау алатын түркі тарихы, әлемнің экономиканың өркендеуіне септігін тигізген - Ұлы Жібек жолы жүйесі, Қазақ елінің ұлттық брендіне лайықты алма мен қызғалдақтар, еліміздің аумағында орын алған тарихи жайт қана емес, сонымен қатар әрбір қазақ үшін де аса қымбат құндылықтар. Жаһандану кезеңінде, ұлт тарихының мәдениеті мен құндылықтарын білу, насихаттау әрі сақтау елді бекемдеудің тікелей кепілі. Айтылып өткен мәдени құндылықтарымыздың қоғам санасының тарих жаңаруы үшін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұсынып отырған жобалар толықтай жауап беретіні анық. Оның ішінде, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін “Архив-2025” жетіжылдық бағдарламасын іске асыру еліміздің тарихын түгендеуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыр өңірі тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)

Алматы: “Атамұра” 1998 ж 285 бет

2. Қазақтың тарихы. Алматы: “Дәуір”, 1994 ж 446 бет

3. Жолдасбайұлы С “Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ елінің тарихы. Алматы 2010 ж 336 бет

4. Байпаков К. Қазақстанның ежелгі қалалары

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ КЕСТЕ ТІГУ ӨНЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ

ШЫҢҒАБАЙ А., ҚАСЕНОВА Қ.Б.

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Кесте тігу өнері - халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өмір. Шеберлердің қолынан шыққан қолөнер туындыларын халықтың өмірінен, тұрмысынан бөліп алып қарау мүмкін емес. Өйткені, бұл заттар ел тұрмысына сән беріп, адамдарға рухани ләззат әкелген.

Өткен мыңжылдықтарда адамға кесте тігу өнері мәлім болмай тұрғанның өзінде, түрлі рәсімдік бояулар мен адам терісіне салынған суреттер, сондай - ақ матаға және иленген теріге, адамдардың киімдеріне қара күштер және тіл- көз тиюден сақтайтын белгілерді салу әдеті пайда болған. Кейіннен бұл магиялық рөлді кестелі өрнектер бастаған, таяу кездері олардың орның өрнектердің эстетикалық және көркемдік рөлі толықтай басып алды. Қазіргі кезде, кесте тігу өнері мәдениеттің материалдық және рухани байланысы негізінде орналасқан.

Біз кесте өнерін кескіндеме өнерімен шебер ұштастырып жүрген қазақстан суретшілер Одағының мүшесі Зейнелхан Мұхамеджанұлы: «кесте өнерінің түп төркіні – тігіс, тоқыма, өрме өнерімен тамырлас», - дейді [1,6].

Орысша-қазақша сөздікте «кесте» - вышитый узор, вышивка; кесте тігу-вышивать деп көрсетілген [2]. Мата, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әртүрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады [3].

Қазақтың кесте сөзі арнайы инелер мен ілгектердің көмегімен көркем кесте тігуді білдіреді. Кестеші - кесте тігудің шебері. Кестелеу - әр түрлі жіптердің көмегімен матаға алуан түрлі кестелер салу. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, бұл сөздің семантикасы (кесте, кеште, кашыта ертедегі иран тілінен алынған – «суретке салынған» дегенді білдіреді) сонау ескі заманнан келе жатқанын көрсетеді [4,22].

Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтары, қалындық пен күйеудің, батырлар мен сауыққойлардың бас киімі, белбеуі, киімнің жең-жағалары мен балақтары, аяқ киімі, әр түрлі жамылғыштар мен кежімдер және басқа да осы сияқты жол-жорық, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жие безендірілетін.

Кесте бұйымды әшекейлеп қана қоймай, сонымен бірге мағыналық мәнін де берген. Мысалы, кесте тігу барысында апа-әжелеріміз өзінің ішкі әлеміне айналып, бала-шағаларының, ер азаматтарының киімдерін және тұрмыстық заттарды кестемен өрнектеген. Өйткені, әйел үшін кесте тігу өнері өзінің шеберлігін, еңбекқорлығын, шығармашылық ерекшелігін көрсету жолы деп табылған. Сонымен қатар, қыз балаларды бұл өнерге 8-12 жастан бастап үйрететін болған. Кесте тігілген жібек орамалды қыз жігітке сыйласа, ол махабаттың белгісі деп танылған. Үйлену тойындағы беташарда, жас келінді күйеу жігіттің туыстарына таныстырғанда, күйеу жігіт, жиналғандардың барлығы қалындықтың инені қалай ұстайтынын көрсін деп, болашақ жарына инені тапсырған. Сондай-ақ, жас қыздар өзінің жасауын да кестемен өрнектеген, әрбір бұйымға өздерінің үміттерін, армандары мен тілектерін салып кестелеген: киімдерін, тақияны, орамалдарды, тұсқа ілетін тұскиізді, шымылдықты, бет орамалды және т.б.

Этнограф ғалым Ш.Ж. Тоқтабаева: «Көркем орындалған ер адамның шапаны қасиетті саналып, онымен жас сәбиді алғаш бесікке бөлегенде орайтын болған. Бұл кішкене сәби ұласу магиясы арқылы, құрметті әрі бай адам болып өссін деген сенім-нанымнан шыққан», -дейді [5,32].

Кесте тігудің өзі ең әуеліде магиялық рәсім, тіл-көзден сақтауға байланысты шыққан. Көне кездерде табиғи апаттар мен аурулар зұлым күштердің әрекеті деп саналған, адамдар өздерінің киімдері мен тұратын орындарына әр түрлі өрнектер салып, сақтануға тырысқан. Сол себепті, кестені алдымен бастапқы мәнінде, сақтану құралы деп, ал кейіннен ғана көркем безендіру ретінде қарастырған. Мысалы, адамның арқасы ең осал жері деп саналған және ол жақсы қорғалуы тиіс деп есептелген. Сол себепті, көбінесе киімнің арқасын кестелейтін болған. Кесте басқа киіммен де жабыла берген, кестенің көрінуі аса маңызды емес, ең бастысы – кестелегені керекті жерде тұрып, көз бен тілден сақтаса болғаны. Киімдегі кесте, әсіресе адамның өмірі мен деңсаулығына маңызды органдарды жауып тұрған. Кестенің бояу түстеріде, негізгі және қосымша өрнек элементтерін қосу арқылы қол жеткізген.

Шеберлер әрбір жаңа кестенің эскизіне шығармашылықпен келген. Олар ешқашан дайын дүниеден көшірме жасамаған және ешқашан басқа шеберлердің эскизін пайдаланбаған. Шебердің көркем-шығармашылық қасиеті Құдайдан беріледі «кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды» деп санаған.

Кестеде айқын геометриялық және өсімдік мотивті өрнектер: жапырақтар, гүл түйнегі, гүлдер, сондай-ақ ирек сызықтар, кейде адамның және анның контурлы бейнелері, тұтастай сюжеттер кездеседі, мысалы аң аулау сәті кестеленген иленген теріден тігілген шапан Эрмитажда тұр. Жануарлар тектес өрнектерге жататын мүйіз бейнелі өрнектер: қошқар мүйіз, қос мүйіз, сыңар мүйіз, сынық мүйіз, молшылық пен тоқшылық болсын деген белгіні білдіреді. Төтемдік нанымдарында қошқарды құт деп

есептейді, батырлық, күш символы, ал бұғы бақыт пен табысқа жеткізеді, жолаушыға жол көрсетеді деп санайды.

Құсмұрын, құстұмсық, құс қанаты жаңалықтың, хабардың жаршысы, ұшқан құстай ерікті, бақытты бол деген мағынаны белдіреді. «Түйетабан», «ботакөз», «өркеш», «ботамойын», «түйемойын» өрнектері алыс сапарды білдірген. Сол сияқты «жылан», «жыланбас» - «көз тимесін» деп балалардың тақиясына кестелеп тігіп қойған.

Дәстүрлі кесте тігу өнерінде күнделікті тұрмыста кездесетін белгілі бір заттардың бейнелері де беріледі. Мысалы. тұмар, балта, балдақ, тұмарша, сырға, қармақ, тарақ, орамал балдақ, кереге т.б.

«Тұмар», «тұмарша» киелі өрнектердің бірі. Бұл өрнектерді жын, шайтан және көз тиюден сақтану үшін деп сенген.

«Кереге» – киіз үйдің керегесі тәрізді өрнек. «Керегең сөгілмесін, керегең кең, берік болсын» деген тіркестерді оюмен жеткізу үлкен тапқырлықтың, даналықтың белгісі.

Өсімдік, жер, су, бейнелі өрнектерге «гүл», «айгүл», «су», «ағаш», «шытырман», «жапырақ», «өмір ағашы», «жеміс» т.б. өрнектер мысал бола алады.

Туған жерін жанындай сүйіп, қастерлеген қазақ халқы кейінгі ұрпақтарының да жер, су, өсімдік атаулыны аялайтын абзал азамат болып жетілуін армандап, олардан да соны талап етіп отырған.

Сүйікті ұлдары мен қыздарын бәйтерекке, шынарға, ақ қайынға, хош иәсті гүлге, алмаға, қарақатқа теңеген. Ардақты азаматын асқар тауым, шалқар көлім, қара орманым деп қастерлеген.

Қазіргі заманғы өнер бойынша сарапшы, архитектор А.Р.Сабитованың айтуынша, «қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі өрнекті тек өлеңмен және сөзбен ғана салыстыруға болады. Ол күнделікті тұрмыстың көркем-эстетикалық құралы болуымен қатар алуан өнер түрлері арқылы адамның өмірге деген қатынасын бейнелеу міндетін атқаруда». Мысалы, алысқа күйгеуге шыққан қыз өзінің туған жерін сағынғанда, ата-анасына өзі қолымен тіккен кестесін сәлемдеме етіп жіберген, тігілген кесте бойынша әкесі мен анасы өз балаларының қалай тұрып жатқанын, тұрмыс –тіршілігін түсінген.

Ерте заманда бұйымды кестелеуде әрбір түс немесе өрнекті пайдалану өзінің рәміздік мағынасын, белгілі ұғымы мен түсінігін бейнелеген. Атап айтсақ, қызыл түс – оттың, күннің рәміздік белгісі. От та, күн де қазақтар үшін киелі. Әсіресе, от қазақтардың ырымында, әдет-ғұрпында сиқырлы күшке ие: отқа түкірмеген, одан аттамаған, оны су құйып сөндірімеген, шоқ баспаған. Адам киімі, үй іші отпен тазартылады. Жеке отау құрған жас жігіт әкесінің үйінен от алып, өз ошағын тұтатқан. Осыдан «отау», «отағасы» деген сөздер пайда болған дейді ғалымдар. Жас нәресте мен жаңа түскен келінді пәле-жала, қауіп-қатерден аулақ болсын деп отпен аластатқан. «От-ана, май-ана – жарылқа» деп отқа май құйып Ұмай анаға жалбарынған.

Қара – жердің түсі, берекенің белгісі. Адамның өзімсініп атайтын табиғи төл түс. Ол – философиялық ұғым: тұрақтылықты, статиканы білдіреді. Осыдан «қара жер», «қара шаңырақ», «қара бала», «қара сөз» деген терең мағыналы ұғымдар қалыптасқан болу керек. Қара сонымен бірге күнделікті сөз арасында пайдаланатын табиғи ұғым болғанға ұқсайды. Сырым Батыр жасырақ шағында Бөкен биден бата тілей барыпты. Сонда данагөй қарт ақын: «Ел қамына бала тусаң, балам, арқан қара нардай жауыр болсын, мінезің қара жердей ауыр болсын, өкпең жоқ – бәрі тұтас бауыр болсын», - деген екен.

Қазақ халқы көк түске ерекше мән-мағына береді. Ол – Көк Тәңірі, Құдай. Қазіргі кездің өзінде «көкке қара» деп аспанды айтады. Бұрын біреудің ата-тегін білмекші болғанда «оның көгі кім?», «көгінде еш нәрсе болған ба?», деп сұрайтын.

Екінші жағынан көк түс қазақ үшін жасыл түстің синонимі. Жерде «көк» – жайлау. Себебі қазақта бұрын «жасыл жайлау» дегеннің орнына «көк майса жайлау»

деп түсінікті әрлендірсе, содан кейін малды «көкке шығар», «көкке өрбіт» немесе «көктеп жатыр» дейді. Әжелеріміз де осы күнге дейін жасыл түсті бұйымдарды «көк» деп айтады.

Жалпы айтқанда «көк» сөзінің мағынасын «көктем» түсінігі арқылы тіршілік бедері, «өмір реңі», «жасару» деп түсіндіруге болады.

Қазақта ақ та қасиетті түс. Ол қуанышты хабардың, бақыттың, тазалықтың белгісі. Ол да кейде зат есім мағынасына ие болған. «Ақ» деп сүттен жасалған тағамды айтады. Күйеу бала қайын жұртына алғаш келгенде ақ (қымыз, айран) ішкен; келінге де ақ жаулық тағып, бетін ашпас бұрын ақпен көмкерген.

Ақ сонымен бірге шындықтың, ақиқаттың, әрі тазалықтың адалдықтың, шыншылдықтың белгісі. Қолданыс барысында ақ күмістің синониміне айналған. Күміспен көмкерілген сандықты «ақ сандық» деп атайды. Сондықтан да болар халқымыздың нанымында күміс тазалықтың белгісі.

Құрбандыққа шалған биенің «ақ түсті» болуының мәні, ол арқылы жастарды некелестіруде бабаларының аруағынан «рұқсат» алған.

Ақ киізге орап хан көтерген, не ақ киізге орап жерлеген. Ағынан жарылып, ақ отауға ақ тілектер айтылған.

«Ақ түйенің қарны жарылғанда» деген сөз тіркес қуанышты хабарға байланысты айтылады. Құрбандыққа ақ нар, не ақ жылқы сойған. Ал, құрбандыққа қой шалынса «ақ сарбас» не «бозқасқа» аталады. Себебі шалынатын қой ақ түсті, сары күн нұрының нышаны болуы керек.

Сары түс, негізінен, ақыл – парасаттың белгісі деп есептеледі. Сонымен бірге ол бір жағынан қайғы – мұңмен байланыстырылса: «Сары уайымға салыну», екінші жағынан ол жұбаныш пен үміт кепілі: «Уайым түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа».

Жасыл түс – жастық пен көктемнің белгісі аталған. Себебі жасыл өсімдік үлгілес ою-өрнекте жиі пайдаланған. Кейіннен жасыл түс өмірімізге мұсылмандықтың сипаты ретінде енді. Сөйтіп, ерте заманда өрнектің түсі мен бейнесінің ритуалдық мән-мағынасы болған. Ашық қызыл-жасыл түстер қуанышты көңіл-күй, игілік білдірсе, керісінше солғын-сары түстер қайғылы жағдайды, соғыс уақытын және ауыртпалық туралы баяндайды. Қазақ өрнектерінде жеке бояудың басымдылығы бейненің эстетикалық күшін, ақиқаттығын, шыншылдығын, шеберлігін баса көрсетеді. Түстердің келісті үндестігі адамға идеялық және эмоциялық әсер етудің негізін құрастырады.

Осылайша, жоғарыдағы мәліметтерді зерделей келе, дәстүрлі кесте тігу өнері ғасырлар бойы жалғасып өзінің материалдық және рухани байланысы арқылы халықтың өнегелік және этикалық ережелер мен нормалардың арқасында кәсіп иелерін құрмет тұта білген, кәсіпкерлерді адал еңбек адамы, тіршіліктің тірегі, материалдық байлықты тудырушы, рухани игіліктерге жол ашушы ретінде, олардың адал еңбегін құрметтеуге, «өнерлі өлмейді», «талаптыға нұр жауар», «ерінбей еңбек еткен мұратына жетеді» деп, ой түйініп жастарға үлгі етіп ұсынуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұхамеджанұлы З. Қазақтың кесте өнері. – Алматы: Алматы кітап баспасы. ЖШС, 2008.-66.

2. Уикипедия – қазақша ашық энциклопедиясы. kk.wikipedia.org.

3. Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздік. sozdik.kz/kk/dictionary/kkru/rtcnt/

4. Кесте. Қолөнершілерге арналған оқу құралы/ А.Бекқұлова, З.Мұхамеджан-Алматы, 2012.-22 б.

5. Тоқтабаева Ш.Ж. Шедевры великой степи.-Алматы: Дайк-Пресс, 2005.- С. 32.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ ҚҰРЫЛЫМЫ

Юлдашова Н.Ж., Жаманбаева А.С.

М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университеті

Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналық сөздерінің қалыптасуы мен мән-мағынасын зерттейтін белгілі бір саласы. Иә, сөзжасам тілдік салада өте маңызды да жауапты міндетті жүзеге асырады, яғни, сөзжасамның көмегімен сөздік қорда жаңа туынды сөз пайда болады.

Алайда, сөзжасам – лингвистика ғылымында кеш танылып, енді ғана қолға алынып, дамып келе жатқан сала болып табылады. Нақтырақ айтсақ, сөзжасам жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап қана жеке сала ретінде тереңірек зерттеле бастады. Ал бұған дейінгі кезеңдерде сөзжасам тілдің өзге құрылымдарында, түрлі салаларымен қатар қарастырылып келді. Сөзжасам зерттелуі жағынан кенже дамып келе жатқан сала десек те, оның түп тамыры байырғы түркілер дәуірінен бастау алады. Сол кезеңдерден бастау алып, зерттеліп, түрлі өзгерістерге ұшырап, толығып, сұрыпталып, күрделеніп, қазіргі таңдағы өзіндік жүйесінің қалыптасу деңгейіне дейін жетті.

Ал, қазіргі таңда сөзжасам өз алдына зерттеу объектісі бар тіл білімінің жеке бір саласы болып қалыптасты. Сөзжасамның негізгі зерттеу көздері ретінде сөз жасаушы тілдік элементтер, сөзді жасаушы тәсілдер, сөзжасамдық түрлі типтер мен сөзжасам үлгілері, туынды сөздер және олардың түрлері сынды тілдік маңыздылыққа ие күрделі құрылымдар қарастырылады.

Сөз жасаудың тәсілдері мен модельдері күн сайын не белгілі бір жақын уақыт аралығында өзіндік жанарулармен, толықтырулармен құбылып отыратын құбылыстар емес. Бұл сөзіміз сөзжасам дәл осы деңгейде, яғни, дамудан артта қалады деген сөз емес, сөзжасам жүйесінде де белгілі бір өзгерістер мен жаңартулар болады, алайда ол процесс өте сирек әрі боя жүзеге асырылып отырады. Бұндай өзгерістерге басты себеп, тілдегі білгілі бір моделдеудің жаңа өзгеріске ұшырауы немесе мүлдем қолданыстан алынып тасталуы, даму деңгейі мен қолданылыс аясы кеңейтілуі болып табылады.

Жаңа сөздің қалыптасуына барлық түбір сөздер қатысады.

Сөзжасам өте жинақы да, түсінікті жасалу тәсілдері мен құрылымы арқылы ерекшеленеді. Тілдің сөзжасам жүйесінде қызмет атқаратын төмендегі төрт тәсіл нақтылы әсер етеді. олар өзіндік ұқсастықтарымен қатар мағыналық ерекшеліктерге де ие болып табылады. Олар:

Семантика-фонетика;

Семантикалық сөзжасамдық;

Семантика-синтетикалық сөзжасамдық;

Семантика-аналитикалық;

Ең алдымен, Семантикалық-фонетикалық тәсіл. Кейбір дыбыстардың сйкесуі мен үйлесімділігі нәтижесінде пайда болатын туынды, жаңа сөздердің қалыптасу мүмкіндігі.

Семантикалық сөзжасамдық – сөздің негізгі қалыптасып қойған тұлғасы еш өзгеріске ұшырамай-ақ, жаңа мағыналық туынды сөздің құрылуы.

Семантикалық-синтетикалық сөзжасамдық тәсіл сөз бұдырушы жұрнақтардың көмегімен жасалады. Негізгі сөзге аталған жұрнақтар жалғануының қорытындысында жаңа мағыналы туынды сөз пайда болады. Бұндағы ең түпкі мағыналы бөлшек түбір сөз болып табылады. Атап өтерлік, тағы бір тұсы бұл тәсіл қолданыста бірнеше атаулармен өзрегтіліп те қолданыла береді. Бірақ ең таралымды атаулары семантикалық не морфологиялық тәсіл сынды атаулары болып табылады.

Семантикалық-аналитикалық тәсілде жұрнақ емес, екі негіздің, яғни, негіздердің бірігуі нәтижесінде туынды сөз қалыптасады.

Негізінде, қарапайым бірнеше ғана буындардан құралған сөздерге қарағанда аналитикалық тәсіл арқылы екі немесе одан да көп сөздердің біріге отырып күрделі де терең мағынаға ие сөзді қалыптасуы маңыздырақ дәрежеде екендігі анық. Себебі, төрт тәсілді де салыстыра қарап отырар болсақ біріне белгілі бір кішігірім бөлшек, жұрнақ не жалғау жалғануы тиіс болса, енді бірі тіпті өзгерісті талап етпейді. Алайда, бұл сөзіміз төрт тәсілдің тек бірі ғана аса жоғары дәрежеде дегеніміз емес, бұл тек ерекшелік болып табылады. Құрылымы мен қолданылысы бойынша, әрине, әр қайсысы да өзіндік тәсілдері мен нәтижесі арқылы маңыздылық пен ерекшеліктерге ие болып табылады.

Қазақ тілінде қалыптасқан жаңа сөз қай тәсілмен жасалса да, қорытындысында, ол- сөзжасам нәтижесінде туындаған болып есептелінеді.

Жоғарыда сөзжасамның жүйелілігін атап өткен болатынбыз, сөзжасамның жүйелілігі оның кешенді бірліктерінің болуымен тығыз байланысты. Сөзжасамның кешенді бірліктеріне сөзжасамдық тұлға, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық үлгі, сөзжасамдық қалып, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық байланыс жатады.

Сөзжасам процесі кезінде түбірдің өте маңызды болып табылатын себебі түбір сөз жаңа сөздің қалыптасуына, яғни, түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасының негізі болып құралады.

Қазақ тілінде жаңа сөз атаулының барлығы дерлік сөзжасам заңдылықтары арқылы дүниеге келеді. Осы сөзіміздің өзі де сөзжасамның тілсаласында қандай маңыздылыққа ие екендігін көретіп, ділелдеп береді. Расында, сөздік қордың байырғы құнды жүйелілігі мен бірізділік, ерекшеліктерін сақтай отырып, кең көлемдегі, дамушы деңгейге жетуі жолында сөзжасамның көтерер жауапкершілігі мол. Мейлі, сөзжасам өткен кезеңдердің маңыздылығы ертерек анықталмаса да, қазіргі таңда ас күрделіл сала болса дәл соншалықты маңыздылық пен дәрежеге ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы «Аруна Ltd.», 2010 ж.
2. Қасым Б.Қ. Қазақ тілінің сөзжасамы: практикалық және зертханалық жұмыстар, Алматы, 2007 ж.
3. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж.
4. Оразахынова Н.А., Исаева Ж.Т., Сүлеева Г.С.. Қазақ тілі. Сөзжасам. Морфология. Алматы, 2004 ж.
5. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Алматы, 1990 ж.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хамит А.Б., Абилхаирова Ж.А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

«Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруі тиіс», - деп білім беру жүйесіне жаңа міндеттер қойған болатын[1]. Осы міндеттердің шешімі ретінде 2016 жылы барлық 1-сыныптар, оқытудың жаңартылған білім беру жүйесіне көшті. Оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, әлемдік білім кеңістігіне ену, өмірлік білімін жалғастыру – білім беру үдерісінің негізі болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

Бастауыш сынып үшін жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні - баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Яғни, оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Бастауыш сыныптарда зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыратын және өмір сүретін әлем туралы жаңа «Жаратылыстану» пәні енгізілді. Бұл пәннің артықшылығы: бала тапсырманы өздігінен ізденіп орындауына және дұрыс тұжырым жасауына бағыттайды, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қытай философы Конфуций айтқан «Маған айтып берсең-ұмытып қаламын, көрсетсең-есте сақтаймын, өзіме жасатсаң-үйренемін» дегендей «Жаратылыстану» пәні оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуға жағдай жасайды.

Бастауыш сыныптарына арналған оқу жүктемесі:

Сынып	Апталық жүктеме	Жылдық сағат саны
1	1	33
2	1	34
3	2	68
4	2	68

1-кесте. Бастауыш сыныптарына арналған оқу жүктемесі

Бастауыш сыныптарына арналған пән мазмұны:

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі
		1.2 Табиғатты тану әдістері
2	Тірі табиғат	2.1 Өсімдіктер
		2.2 Жануарлар
		2.3 Адам
3	Заттар және олардың қасиеттері	3.1 Заттардың типтері
		3.2 Ауа
		3.3 Су
		3.4 Табиғат ресурстары
4	Жер және ғарыш	4.1 Жер
		4.2 Ғарыш
		4.3 Кеңістік және уақыт
5	Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс
		5.2 Жарық
		5.3 Дыбыс
		5.4 Жылу
		5.5. Электрлік
		5.6 Магниттілік

2-кесте. Бастауыш сыныптарына арналған пән мазмұны

Жаратылыстану ғылымдар бөліміне қоршаған әлемді қарастыратын және таныстыратын ғылымдар саласы жатқызылады. Бұл бөлімді ғарыш, оның құрылымы мен эволюциясы туралы (астрономия), жер туралы (география) процестердегі химия, физика, биология, адамды биологиялық түр ретінде және оның эволюциясымен шығу тегі туралы ғылымдар біріктіреді. Жаратылыстану ғылымдарының интеграциясы оқытудың бірінші кезеңінде табиғат құбылыстары туралы дұрыс және тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Табиғат туралы ғылымды одан әрі саралап зерттеу үшін негізгі база қаланады. Пәнді зерттеу кезінде құбылыстардың өзара байланысы, эволюция және заңдылық идеялары туралы оқушылардың өзіндік түсінігі қалыптаса бастайды. Бұл өз кезегінде жаратылыстану ғылымдарының өзара сабақтастығын байытуға, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға ықпал етеді деп есептеймін. Жаратылыстану ғылымы пәндері оқушыларда ғылыми көзқарастың қалыптасуына зор ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін жаратылыстану пәні маңызды білім беру мәселелерін шешу, қарым-қатынас шеңберін мейілінше кеңейту, өмірлік құндылықтарды талдау және кәсіптік өзін-өзі анықтау бағдарларын таңдау тәсілі болып табылады. Бастауыш мектепте оқыту үдерісі негізінен оқушыларда қарапайым ұғымдарды игертумен аяқталады. Онда қоршаған әлем туралы жалпы оқу материалының белгілі бір деңгейі көрсетіліп, зерттелетін объектілер мен құбылыстардың маңызды белгілері біріктірілген.

Бастауыш мектеп жасындағы балалар әлемді биологиялық, физикалық, химиялық құбылыстарға бөлмей, біртұтас жүйе ретінде қабылдайды. Жаратылыстану курсына бастауыш сынып оқушылары тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары, денелер мен заттар, қасиеттер және олардың адамзатқа пайдасы туралы бастапқы білім алады. Қазіргі өмір биология, химия, физика, география, экология салалары бойынша мәліметтерсіз мүмкін емес. Ғылыми білім адамға табиғатты түрлендіруге, табиғи күштерді басқаруға, жаңа машиналар мен технологияларды құруға мүмкіндік береді. Сондай ақ, Ыбырай Жақаевтың «Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Әрбір ағашты, әрбір бұлақты, жалғыз дәнді де ыждаһаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі» және

Шыңғыс Айтматовтың «Адам рухани дүниесін сыртқы табиғат құбылысын тану арқылы қалыптастырады да, өзін жалпы жаратылыстың бір пұшпағы ретінде сезіне білді» деген нақыл сөздерін назарға ала отырып, оқушыларға адамның табиғатпен тығыз байланысын, оған ұқыпты, мұқият қарау қажеттігін түсіндіруіміз тиіс.

Оқушылардың білімін қалыптастыру барысында жаратылыстану курсы бейорганикалық (атомнан ғаламшарға дейін, жергілікті жерден географиялық қабыққа дейін) және органикалық (организмнен экожүйеге дейін) жүйелермен таныстырады. Бұл, оқушыларға біріншіден өмір мен адамның пайда болу ортасы ретінде биосфера – жер бетінде болып жатқан барлық құбылыстар мен процестерді қарастыруға; екіншіден, табиғатты тану, түрлендіру және пайдалану процесінде адамның рөлін сипаттауға мүмкіндіктер береді[2,3].

Бұл, бастауыш мектептегі жаратылыстану курсының мақсаты мен міндеттері, әлемнің тұтастай бейнесін қалыптастыру және ондағы адамзаттың алатын орнын айқындау негізінде, ең алдымен, оқушылардың жаратылыстану ғылымдары түсініктері мен ұғымдарды меңгеруін қамтамасыз етуі тиіс.

Оқу процесінің мазмұны оқу мақсатын жүзеге асыру құралы болып табылады және балаларды неге үйретемін, қандай білім мен іс-әрекет тәсілдерін тандаймын деген сұраққа нақты жауап береді. Оқу пәніндегі білім құрылымы мен оны баяндау тәсілі жаратылыстану әдістемесіне тән жалпы және арнайы педагогикалық принциптермен анықталады.

Бастауыш сыныптарда жаратылыстану пәнін оқытуды жүзеге асыру педагогтың жоғары біліктілігін талап етеді. Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесінің маңызды міндеттерінің бірі – интеграцияланған ғылымдардың табиғат пен оқу пәнінің арасындағы өзара байланысты орнату, соның негізінде оқу материалдарын оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып іріктеу.

Жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі – бұл мектеп пәнінің ерекшеліктерімен негізделген бастауыш сынып оқушыларын оқыту және дамыту үдерісінің жүйесі туралы ғылым.

Әдістеме маңызды міндеттерді шешуге арналған:

- Бастауыш мектептегі жаратылыстану ғылымдарының білім беру мақсатын дұрыс анықтауға;
- Материалды іріктеу қағидаларын және оқу пәнінің мазмұнын анықтауға;
- Оны оқытудың тиімді әдістерін, нысандары мен құралдарын әзірлеуге;
- Жаратылыстану курсының оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының дамуына оңтайлы жағдай туғызу мүмкіндіктерін анықтауға;

Жаратылыстану пәні әдістемесінің негізі педагогика ғылымы екені анық. Педагогика әдістемесі дидактика мен тәрбие теориясынан алынған білімдермен байытылады. Дидактика оқытудың теориялық негіздерін құрайды. Ол барлық мектеп пәндеріне ортақ оқыту принциптерін, әдістерін, құралдарын және формаларын қалыптастырады. Жалпы оқыту және тәрбие теориясынан тыс әдістеме теориясын құруға болмайды. Қазіргі педагогикалық тұжырымдамалар әдістемелік ғылымның дамуына үлкен әсер етеді.

Берілген мәліметтерді қабылдау шарттары:

- Көрнекі құралдарды пайдалану. Табиғи объектілердің артықшылықтары көрініс табуы тиіс. Олардың шағын, үлкен көлемді немесе тұрғылықты жерден табылмаған жағдайда, модель, макет немесе техникалық құралдарды (фото, бейнематериал) пайдалану қажет.
- Зерттелетін заттар мен құбылыстардың сөздік сипаттамасы дәл, бейнелі болуы тиіс. Мұғалім сөзі бақылау объектісінің жалпы және елеулі сипаттарына бағытталуы тиіс. Бұл баланың санасында әдіс пен сөз арасында байланыс орнатуды қамтамасыз етеді.

- Баланың барлық сезім органдары практикалық жұмыстарды жүргізуге бағытталады. Практикалық жұмыстарға арналған нұсқаулықтар нақты, анық, балалардың назарын зерттелуші объектілердің басты қасиеттеріне аударуы тиіс.

Дұрыс түсініктердің пайда болу шарттары:

- Жад бойынша сурет салу. Бұл әдіс "өткен тәжірибені жандандыру" және кеңістіктік бейнені қалыптастыру үшін маңызды. Бұл ретте зерттелген объектіні егжей-тегжейлі жаңғырту емес, осы ұғыммен белгіленген барлық объектілердің елеулі белгілері көрінетін схемалық сурет талап етіледі. Мысалы, гүл өсімдігінің бөліктерін зерттеу кезінде тек шөпті өсімдіктің ғана емес, ағаштың, бұтаның да суреті жасалуы мүмкін.

- Кестелерді, схемаларды толтыру. Бұл әдіс әдетте практикалық жұмыс жүргізілгеннен кейін қолданылады. Бұл ретте, балалар қарапайым тәжірибе арқылы зерттеген табиғи объектілердің қасиеттері есте сақталады.

- Сезімдерді жаңғыртуды талап ететін сұрақтар мен тапсырмаларды қарастыру. Мысалы, оқушылар қандай тәжірибе көмегімен судың мөлдір екенін, ол жақсы еріткіш екенін анықтау керек.

Бастауыш жаратылыстану курсы оқытудың әдістемелік негіздерін әзірлеу барысында бастауыш сынып оқушыларының психикасының даму заңдылықтарын зерттейтін психологияға жүгінетініміз белгілі. Бастауыш мектепте жаратылыстану курсы материалдар мазмұнын іріктеу кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріледі. Психологияның міндеті жаратылыстану сабақтарында әртүрлі қызмет түрлерін жоспарлау және мұғалім үшін балалардың таным және қабылдау процестерінің деңгейін анықтау. Бұл оқу процесінің жүйелілігін, толық қамтылуын қамтамасыз етеді.

Жаратылыстану ғылымы өскелең ұрпаққа әлемді танудың эмпирикалық тәжірибесін, жаратылыстану пәнінің негізгі тұжырымдамаларына сәйкес әлемнің тұтастығы мен алуан түрлілігін көрсететін, табиғатты зерделеудегі сабақтастық қағидаттарын түсінуді көздейді. Қазіргі кезеңде жаңа білім беру мектебін құрудың негізі қоғамның мәдени және рухани жаңғыруы болуы тиіс. Осыған байланысты бастауыш білім беру мазмұнында жаратылыстану ғылымының тұжырымдамалары ғана емес, бастауыш сынып оқушысының қоршаған орта жағдайына бейімделуіне ықпал ететін табиғат құрылымына баламалы көзқарастар да көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // adilet.zan.kz/kaz/docs/
2. <https://helpiks.org/9-25948.html>
3. https://superinf.ru/view_article.php?id=270
4. Мұғалімдерге арналған үлестірме материал (Екінші баспа) ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері», 2015 ж.
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 2016. – 56.

САУАТ АШУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРМЕН ЖЕКЕ ЖӘНЕ ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жұмаділла Н.Р., Абилхаирова Ж.А.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан, ұстазға жүктелетін міндет ауыр.» деген болатын [1]. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің білгірі болу ғана емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісінің жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана біліктілігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде саналады.

Қазақстандағы білім берудегі қазіргі жағдай мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын енгізумен сипатталады, соның салдарынан білім беру жүйесінің барлық буындары жаңартылуы нәтижесінде айқындалады, олардың ішіндегі ең маңыздысы – бастауыш мектеп. Баланы оқытудың маңызды кезеңі – сауат ашуды оқыту кезеңі.

Мектептегі оқыту процесінің сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті оқу мен жазуды үйрету. Осы сауат ашудан жас ұрпаққа білім негіздерін меңгерту мен адамгершілік тәрбие берудің іргетасы қаланады. Білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын талаптардың аса күрделісі – жеті жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Себебі, сауат ашу кезінде оқушылардың оқуға, ой еңбегіне бейімділігі, ынтасы қалыптасады. Бастауыш мектеп оқушылары алдағы білімі табысты болуы үшін қажетті дағдыларды игереді. Сауат ашу – бұл ең алдымен балалардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын меңгеруі, сонымен қатар, бұл олардың өзіндік ойлауын дамытудың қалыптасу құралы болып табылады. Бұл кезеңнің өзіндік ерекшелігі, ол баланың бір өмір сатысынан екіншісіне ауысуын білдіреді. Бұл сынып ұжымын құру бойынша тәрбие жұмысының күрделілігін, бірінші сынып оқушыларының мектепте өзін-өзі ұстау нормалары мен ережелерін түсінуімен анықтайды.

«Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу» - дейді философ Әбу Насыр әл-Фараби [2]. Сондықтан сауат ашуды оқыту кезіндегі жұмыс барысына әсер ететін маңызды фактор – балалардың мектепке дейінгі дайындығының әртүрлі деңгейде болуына байланысты. Балалар бір-бірінен сөйлеу деңгейі бойынша ерекшеленеді, олардың кейбіреулерінің сөйлеуінде кемшіліктер болады. Сонымен қатар, соңғы жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, мектепте оқуды бастаған бірінші сынып оқушыларының көпшілігі оқи алады, оқу деңгейі төмен балалардың үлесі айтарлықтай көп емес.

Еліміз білім беру сапасына аса жоғары мән беріп отырғаны белгілі. Сол жолда білім сапасын көтеру мақсатында сауат ашу сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану мұғалім үшін де, оқушы үшін де өз пайдасын тигізеді анық. Бүгінгі таңда сауат ашу сабағы барысында қолданатын тиімді тәсілдерінің бірегей ерекше түрлері – жеке және топтық жұмыстар болып отыр.

Сауат ашу кезіндегі жеке жұмыс – арнайы бөлінген уақыт аралығында мұғалімнің көмегінсіз орындалатын, оқушының белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыра білу және дамытудың бастапқы қадамы. Жеке жұмыс түрлері: оқушылардың сыныптастарымен байланыстан тыс және мұғалімнің жанама басқаруында бірыңғай немесе әртүрлі тапсырмаларды орындау көрінісі.

Қазіргі таңда оқытудың бұл түрі жетілдірілген түрде дүние жүзінің біршама дамыған мемлекеттерінің мектептерінде қолданылуда. Сауат ашу пәніндегі жеке жұмыс істеудің мақсаты – оқушының өзіне артылған жауапкершілікті сезіне білуі, ақыл-ой

қабілеттерін жетілдіруі, баланың шығармашылық жеке дарындылығын дамытумен қатар, оқушының өз бетінше ізденуіне жағдай жасау. Сонымен қатар, оқушының өзіне деген сенімділігі артады, қабілет, біліктілігін анықтай алады. Кеңес психологы Р.С.Немовтың айтуы бойынша, «бала мектепке келгенде ойын-сауық қарым-қатынасы мен қатар, оқу іс-әрекеті ұсынылады. Бұл қызметті әрі қарай алып кету балалар үшін маңызды рөл атқарады. Бала ойын және сабақ арқылы басқа заттарды бір-бірінен ажыратады» [3]. Яғни, ойын баласы мектеп заңына бағынып, ондағы тапсырмаларды орындауға дағдылануы, оның ересек өмірге жасаған алғашқы қадамы болмақ.

Әрбір оқушымен жеке-дара жұмыс – сауат ашу жұмысына қойылатын талаптардың бірі. Мектепке балалар түрлі дайындықпен келеді. Мұғалім балалардың өзіндік ерекшеліктерін мұқият есепке ала отырып, әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізеді. Бірінші сынып оқушыларының сауат ашу пәнінің оқу қызметін ұйымдастырудың жеке түрін жүзеге асырудың ең тиімді жолдарының бірі-сараланған жеке тапсырмалар болып табылады. Оқушыларды күрделі тапсырмалардан босататын және уақыт аз болған жағдайда, өзіндік жұмыс көлемін айтарлықтай арттыратын тапсырмалар. Мұғалімнің оқушылардың тапсырмаларды орындау барысын бақылауы, оқушылардың туындаған қиындықтарды шешуге уақытында көмек көрсетуі маңызды болып табылады. Мұғалім балалармен үш түсті көрсеткіш: қызыл – «мен білмеймін, көмек сұраймын»; сары – «күмәнданамын, сенімді емеспін»; жасыл – «білемін, біле аламын» көрсеткіші арқылы әрбір сабақта жеке жұмыс кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады. Сауат ашудың негізгі белгісі – сөз болғандықтан, сөзбен жүргізілетін жұмыс түрлері сөзді ауызша айту, оқу және жазбаша жұмыстар жүргізіледі. Жаңа сабақта өтілген әріп бойынша сөздер құрастырып жеке айтумен қатар, олар жайында бірнеше сөйлем құрауды сабақ барысында қолданады.

Үлгерімі төмен оқушылар үшін өз бетінше орындай алатын жеке тапсырмалар ғана емес, мұғалімнің көмегі арқылы да орындайтын жеке тапсырмалар беріледі. Мұғалім оқушылардың дұрыс жұмыс істеуін қадағалайды, сұрақтар қоятын кеңестер береді, ал көптеген оқушылар тапсырманы орындамайтынын байқаған жағдайда, мұғалім жеке жұмысты үзе алады және барлық сыныпқа қосымша түсінік бере алады. Тіпті кейбір оқушылар тақырыпты талдай отырып, қателесуден, тапсырманы нұсқаусыз немесе мұғалімнің көмегінсіз шешуден қорқады. Сауат ашу кезіндегі жеке жұмысты сабақтың барлық кезеңдерінде жүргізген дұрыс. Себебі жаңа материалды өз бетінше орындау үй жағдайында тиімді болады. Қима қағаздардан басқа сараланған үй тапсырмалары, тақырыптық түйін сөздер, түрлі деңгейдегі тапсырмалар кеңінен қолданылады. Бұл ретте бала неғұрлым белсенді ойлайды және әрекет етеді, бұл білімді, шеберлікті және дағдыны анағұрлым берік және мағыналы қалыптастыруға әкеледі. Әр оқушы жеке оқу формасында өз оқу мүмкіндіктерінің деңгейіне сәйкес жұмыс істейді. Мұғалім әрбір тапсырманы таңдайды, балаға оқуға барынша оңтайлы мүмкіндік беретін нұсқаулықтар береді. Жұмысты жеке түрде ұйымдастыра отырып, мұғалім әр оқушының нақты білімі мен іскерліктері туралы ақпарат алады. Оқытудың жеке түрі өте қажет, бірақ оны сабақ барысында асыра пайдалану оқушылардың үрейленуін арттыруға, сондай-ақ олардың ажыратылуына, оқушылардың өзіншіл көріністерін дамытуға әкеледі.

Сауат ашу сабақтарындағы топтық жұмыс – өзара іс-әрекет жасалып, соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы. Бірінші сынып оқушыларының сауат ашу пәнінің оқу тапсырмасын бірлесіп орындау үшін бірнеше жұмыс топтарын (5-6 адамнан артық емес) құру арқылы ұйымдастырады. Бұл ешқайсысын сырт қалдырмай, барлық оқушыларға жұмысқа қатысып, ынтымақтастық, басқа адаммен қарым-қатынас жасау дағдыларын қолдануға мүмкіндік береді. Топтық жұмыс жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, анағұрлым күрделі тапсырмаларды шешуді көздейді. Осы әрекеттер топтық жұмыста жүргізіледі. Оқушыларды топқа бөлудің екі жолы бар: Бірінші, бірыңғай топтық жұмыс. Мұғалім оқушылардың қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін ескермей, кездейсоқ таңдау әдісімен топқа бөледі. Екіншісі,

сараланған топтық жұмыс. Оқушыларды шағын топтарға бөлуді бүкіл топтың, сондай-ақ жекелеген білім алушылардың ерекшеліктерін (мысалы, оқу үлгерімі, аталған пәнді оқуға деген қабілеті, көшбасшылық қасиеттері, қарым-қатынас жасау қабілетінің деңгейі) ескере отырып, алдын ала жоспарлау арқылы бөледі. Оқушыларды топқа бөлгеннен кейін топтың жекелеген мүшелері бір-бірін құрметтей отырып бірлесе, яғни жұмыстың алғышарттарының бірі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы күтілетін нәтижеге жетуге негізделген. Сауат ашу кезінде оқушылардан құралған, барлық топ мүшелері білетін және түсінетін жалпы ережелерді мұғалім түсіндіріп алуы қажет. Топ ережесі: бірін-бірі тыңдау, өзгенің пікірін сыйлау, сөзін бөлмеу, уақытқа бағыну, шапшаңдық, бәсекелестік, бірлесуіне негізделген. Ол топтың әрбір мүшесінің одан не күтілетіндігін, жұмыс қалай бөлінетіндігін және қолдау көрсетілетіндігін, сондай-ақ нәтижелерге қалай қол жеткізілетіндігін білулері үшін қажет. Сабақ барысында әр түрлі әдістер арқылы оқушыларға басқалармен бірігіп жұмыс істеу, ойлану, шешім қабылдау, мәселені шешу, ақпаратты басқару дағдылары қалыптасады. Түрлі әдістерді топтық жоспарлау құралы ретінде пайдалануға да болады. Әр оқушының пікірі, көзқарасы тыңдалады. Оқушылардың ой-пайымдары негізінде жаңа идеялары пайда бола бастайды. Тапсырмадан кейін оқушылардан жауап алу міндетті түрде жүргізілуі керек. Бір сұрақ бойынша бірнеше жауаптар беріледі. Топ болып қабылдаған жауаптар үшін оның дұрыс не дұрыс еместігін оқушылардың өздері ажыратуы керек. Топтық жұмыс сауат ашудағы оқушылар арасында бір-бірімен өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және бірігіп проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Оқушыларды алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға, өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда тиімді болады. Фактілер бұл үдерістің кезең-кезеңмен жүретіндігін растайды. Айталық, сауат ашудың бастапқы кезеңіндегі топтық жұмыс әлеуметтік өзара әрекет етудің дағдыларын дамытуы қажет, содан кейін оқушылардың арасында қарым-қатынас біршама орнаған соң, мұғалімдер олардың тиімді қарым-қатынас жасау және өз беттерінше мәселелерді шешу дағдыларын дамыта алады. Топтық жұмыстың маңызды мәселелерінің бірі талқылау, талдау жұмысы. Бұл бірнеше сатылардан тұрады:

a) Әр топ мүшелері өзінің болжамын, идеясын ортаға салуы. Топ мүшесі сөйлеп жатқанда қалғандары шыдамдылықпен тыңдау қажет. Басқаның идеясына құрметпен қарау керек.

b) Әр топта айтылған болжам, идеялардың талқылануы. Бұл жерде бірін-бірі тыңдау, болжам, идеяларды қорғау оған келтірілетін дәлел мен дәйектер болу керек.

c) Топтық шешімнің талқылануы. Топтық шешім сыни бағалау үрдісінде пайда болады. Тиімді шешім таңдалады.

d) Топ жұмысының қорытындысы талқыланады.

Сабақ соңында әр топты бағалау жүргізіледі. Бағалау мұғалім тарапынан оқушылардың білімдерін әрі қарай жетілдіруге ынтасын арттырады. Ал, оқушылардың бір-бірін бағалауы топ мүшелері арасында сенімділіктің орнығуына көмектеседі.

Топтық жұмыс сабақты ұйымдастыруда жаңашылдық алып келеді.

Егер мұғалім сауат ашу кезінде жеке және топтық жұмысты белсенді пайдаланса, оқытуды ұйымдастырудың бұл түрі неғұрлым тиімді болады. Бұл жағдайда оқушы бірте-бірте дербес болуды, бастамашылық пен шығармашылық танытуды, өз еңбегінің нәтижесі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуды үйренеді.

Осылайша, ұсынылған жұмыста қарастырылатын мәселенің өзектілігі, сауат ашу пәнінде оқушылардың бірлескен және жеке жұмыс іс-әрекеті мәселесі біршама жоғары нәтижелер көрсетуде. Сонымен қатар, педагогтер мен психологтардың заман талабына сай зерттеулері бойынша, басқалармен қарым-қатынас жасау-бірінші сынып

оқушыларының ойлау қабілетін дамыту, оқыту және тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратыны дәлелденген.

Жоғарыда айтып өткендей, оқыту кезіндегі бұл тәсілдер оқушы үшін білімі мен біліктілігін арттыруға зор мүмкіндік болмақ. Оқушылардың білімді меңгеруі және олардың дамуы мен тәрбиесіне бағытталған шәкірт пен ұстаз арасындағы бірлесіп жүргізілетін іс-әрекеттің субъекті-субъектілік қарым-қатынас құралы ретінде анықталады. Бұл тәсілдерді тиімді пайдалануға дағдылану мұғалімнің жетістігіне алып келеді. Сауат ашу кезеңіндегі жеке және топтық жұмыс істеудің маңыздылығы сол-бала өзінің жетістігі мен ойлау қабілетінің деңгейін ажыратады. Алдағы еңбек іс-әрекетінің қалай және қай бағытта болуына ықпал жасалады. Әдіс-тәсілдердің кең таралуы заман талабына сай даму сатысының маңызды бөлігі болмақ.

Белгілі маман психологтардың мәлімдеуінше, оқушының белсенділігі оның тапсырмаға деген көзқарасынан туындайды. Егер тапсырма оқушыны қызықтыра білсе, оқушы белсенділігінің де жоғары болуы мүмкін. Осы жерде тағы да айта кететін жағдай оқушының белсенділігіне әсер ететін нәрсе сабақтағы еркіндік атмосферасы. Сондықтан баланың қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау үшін түрлі әдістерді қолдану арқылы оқытып, жан-жақты дамыту керек.

Сауат ашу – аса күрделі де жауапты міндет болғандықтан, оны ойдағыдай жүзеге асыруда атқарылатын жұмыстар сан түрлі. Оның жоғары нәтижеде болуы үшін бірінші сынып оқушыларына жүргізілетін әдістердің тиімділігін анықтап алған жөн. Сауат ашу кезіндегі жеке және топтық жұмыс әдістерін жүргізу барысында сауат ашу пәнін меңгеру айтарлықтай нәтиже берері анық. Себебі оқушылардың берілген білімді ғана меңгеріп ғана қоймай, бір-біріне және өзіне деген сенімділігі және басқалардың ойымен санасуы бірінші сыныптан бастап рухани тұрғыда дамып отырады.

«Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз болса, анықтап нық үйрету абзал», - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, оқушылардың сапалы білім алуы бірінші сынып табалдырығынан бастау алмақ. Оның ішінде сауат ашу пәні маңызды рөлге ие екені белгілі. Сауат ашудағы әріптерді танытумен оларды қалай қолдануына бастама болатын-мұғалімнің білімі. Мұғалім бастауыш сыныбында баланы қай бағытқа бұрса, бала сол бағытты ұстанады. Сол себептен, қазіргі заман талабына сай әр баланың қабілетін ояту және оны болашаққа дұрыс бағдарлау үшін жан-жақты білім мен біліктілікті, әр түрлі әдістерді пайдалану -көптеген жетістікке жеткізері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл Фарибидің даналық негіздері. Ақтау – 2019 ж
3. Немов Р.С. Психология. Книга 2., 1997 г
4. Педагогика оқулығы. Астана, 2010 ж, 422-б.
5. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, «Рауан», 2016ж, 224-б.
6. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. (НЗМ) Астана, 2013 ж.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

СЕКЦИЯ 4

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ — УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК

Асылханова А.Б., Әбдіраманова А.Т. РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ФАКТОРЛАРЫ.....	5
Абдулла У., Смагулова Ж.Б. ОПЫТ РАЗВИТИЯ И ОСОБЕННОСТИ КЛАСТЕРНОЙ ПОЛИТИКИ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН.....	7
Абиев Р., Умирзакова М.А. МҮГЕДЕКТЕРДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	11
Абимолдаев А.С., Нурекешова Г.Р. АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ОҚЫТУДА ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	15
Адилбаев Н.Н., Жумалиева Г.С. ИССЛЕДОВАНИЕ СПОСОБНОСТИ ПЕРВОКУРСНИКОВ ЗАПАДНО- КАЗАХСТАНСКОГО МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ МАРАТА ОСПАНОВА К ГЛУБОКОЙ КОНЦЕНТРАЦИИ ВНИМАНИЯ.....	19
Айбат Н.Ж., Мұхтаров К.Т. РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ – ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН ЖОЛ.....	22
Айтбаева Ж.А., Ертуқешова Г.М. СТУДЕНТ ПЕН ОҚЫТУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС, ОЛАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН КЕДЕРГІЛЕР МЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ.....	25
Айтбай А.Б., Нурпейсова Н.Р. ҰЛЫ ДАЛА ХАНЫМДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ	28
Алданазарова А.Қ., Алмауытұба Ә. Б. КӨРКЕМ МӘТІН МАЗМҰНЫНДАҒЫ СЫН ЕСІМ КОМПОНЕНТТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТІ («АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН- ЭПОПЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ).....	31
Алмабекова А.Б., Караманова М.С. СЫР ӨНІРІНІҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРЫ.....	35
Алмас Д., Ким В.В. ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ОБЛАСТИ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	40
Алмас Д.А., Сардарова Э.А. THE INFLUENCE OF ENGLISH LANGUAGE IN DIFFERENT SPHERES OF HUMAN ACTIVITY.....	44
Аманкелді Н. Ғ., Досполова Г.У ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ПЕДАГОГ ИМИДЖІ.....	52
Серіккүл А.С., Анламасова Ы.Ж. Ы. АЛТЫНСАРИН ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ.....	57
Ибрагим А.Ғ., Анламасова Ы.Ж. АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ АДАМ БОЛМЫСЫНЫҢ МӘНІ.....	60
Итемген Ә.Т. Анламасова Ы.Ж. ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АБЫРОЙ, НАМЫС, ҰЖДАН МӘСЕЛЕСІ.....	64

Өтегенова Л., Апенев Б.М. СЫР СҮЛЕЙЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШЛІК ТУРАЛЫ ОЙЛАР.....	66
Асылбекова Д.Р., Оразбақов А.Ж. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	79
Ахметжанова М.Д., Хамитова К.К. ОБЗОР И ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТИ.....	81
Әлибай Б., Тәжекеев Ә. ҚАРАТАУ ЖОТАЛАРЫНДАҒЫ САУЫСҚАНДЫҚ ПЕТРОГЛИФТЕРІ.....	83
Valmagambetova G., Tanybergenova S.S. THE IMPACTS ON INTERACTING THE BLENDED LEARNING ENVIRONMENT.....	87
Батырхан З.С., Нурпейсова Н.Р. ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМДЕРІНІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ.....	89
Бауыржан С.Б., Абдимомынова А.Ш. Өңірлік Әлеуметтік Инфрақұрылым: Қалыптасуы және Дамуы.....	92
Бахарадин Н.Ғ., Сарышова К.С. ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАР.....	96
Бейсова Н. Т., М.С. Караманова СЫР Өңірінің Қасиетті Діни және Ғибадат Орындарының Тарихы.....	99
Бекболатұлы Н., Баймахан С.Н. ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	102
Бекқажиева Қ.Н., Маликов Қ.Т. МАРШАЛ ӘБДІХАЛЫҚОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТЕҢЕУ ҚОЛДАНЫСЫ.....	105
Сұлтан Ә.А., Бекхожаева А.К МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ БАҒЫТТАРЫ.....	110
Шортыш Б., Бермаханов О. СОКРАТҚА ДЕЙІНГІ ГРЕК ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	113
Болатбек Д., Жапбаров Н. TRILINGUALISM IS THE KEY TO PROFOUND KNOWLEDGE.....	117
Болатқызы К., Акаева М.А. ОБРАЩЕНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ С.ЕСЕНИНА.....	119
Бұлдырық Ұ., Жәрімбет Ғ.А. АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ.....	121
Ганиева Ш., Сембиева.Г.М ЭФФЕКТИВНОСТЬ И ПОЛЬЗА ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ОНЛАЙН.....	125
Горбатенко Д.С., Сундетова А.Н. ДИАГНОСТИКА УРОВНЯ МОРАЛЬНО-ЭТИЧЕСКОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЛИЧНОСТИ У СТУДЕНТОВ 1 КУРСА МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. М.ОСПАНОВА.....	128
Шәукенбек М.А., Досполова Г.У. ИМАНДЫЛЫҚ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕМІЗДІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ.....	134

Теберік А.Ж., Досполова Г.У. АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	139
Дьякова А.В., Ким Н.Р. ПРЕФЕРЕНЦИИ ДЛЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ИЛИ НАЛОГОВЫЕ КАНИКУЛЫ НА ПЕРИОД ЧП	143
Есенгелдиева С.М., Қараманова М.С. ЖАСТАРҒА ҰЛТТЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....	146
Әбілсейіт А.Ә., Нурпейсова Н.Р. АБАЙ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ.....	149
Әлібеков Т.Б., Тоқтағанова Г.Б. СЫР ӨңІРІНДЕ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА МҮМКІНДІКТЕРІ.....	152
Әлімжан З.Д., Қамзаева К.С. Ә. КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «БІР ШӨКІМ БҰЛТ» ПОВЕСТІНІҢ ТІЛДІК АСПЕКТІЛЕРІ.....	157
Жакыпбеков С.Ж., Дузбаев Н.Т. МОДЕЛИ И МЕТОДЫ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ИНСТРУМЕНТОВ БИЗНЕС-АНАЛИЗА НА ПРИМЕРЕ ОЦЕНКИ КРЕДИТНОГО РЕЙТИНГА КРЕДИТОЗАЕМЩИКА.....	160
Нұрғали Қ., Жанбатыр А.С. ҚАЗАҚ ӘЛПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШПРУДІҢ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	165
Жантөре Н.Ж., Мұхтаров К.Т. МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ.....	167
Жаңабасева Р.А. ӘЛ-ФАРАБИ – ӨРКЕНИЕТ ФИЛОСОФЫ.....	169
Жаңабай З., Сарышова К.С. ӨЛЕҢМЕН ӨРЛІГЕН ҰҚСАС ИРІМДЕР.....	173
Жанбарбай Ә. Ғ., Жамансариева Л.Д. КІШІ ЖАСТАҒЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЫН ӘРЕКЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ -ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	176
Жапарова Т.Е. ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ САЛАСЫНДА ШЕТ ТІЛДЕРІНІҢ ОҚЫТУ РӨЛІ.....	180
Жаппарова А., Ш.М.Елемесова МӘТІНДІ ТАЛДАУДЫҢ КОНЦЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІ (І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы бойынша).....	186
Жарылқасын Н., Шукенова Қ. ENGLISH PAREMEOLOGY AS A COMPONENT OF A NATION'S CULTURE....	191
Жасағанбергенова А., Сарсенова Д. АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА.....	195
Жетпіспәлі Г.І., Умирзакова М.А. ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ БЕДЕЛІН КӨТЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ.....	198
Жолдасбек Б.Б., Абдимомынова А.Ш. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ КАДРЛЫҚ ҚҰРАМЫНА ТАЛДАУ.....	202
Жүнісбай А.Е., Мамаева Г.Б. ЖЫЛҚЫ ТҮСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	207
Жүсіпназар М., Тәжекеев Ә. ОҢТҮСТІК ТҮГІСКЕН ЖӘНЕ ҰЙҒАРАҚ ҚОРЫМДАРЫ: ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖІКТЕЛУІ.....	210

Жұмабекова Ж.Қ., Аңсатова М.Н. АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЗАҚСТАН.....	213
Қойшыбаев М.Н., Зейнегабдинова Н.Б. АЛТЫ ЖАСАР БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ.....	217
Тажибай А.М., Ибраев Г.М. МИФОЛОГИЯ КАК ОСНОВА МИРОВОЗЗРЕНИЯ.....	221
Iglikov T.D., Atymtayeva L.B. OVERVIEW OF STATISTICAL LEARNING METHODS IN THE FIELD OF PREDICTIVE MEDICINE.....	226
Пустобаева В.С., Исабекова А.А. НЕКОТОРЫЕ ИДЕИ ФАРАБИ И НАРУШЕНИЕ СЛУХА КАК ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА.....	231
Исаева А.Н., Мұхтаров К.Т. МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ - НҮРЛЫ ЖОЛЫ.....	237
Исаева А., Мадихбаева С.К. ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	239
Қазиева Р.Т., Жусупова Ж.А. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІК ПОТЕНЦИАЛЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	248
Камал Н., Оразбақов А.Ж. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ АБУ-НАСЫР АЛЬ ФАРАБИ.....	251
Кәрібай К.Д., Омаров Д.К. ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАСТАРҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕГІ ОЙ-ТҮЖЫРЫМДАРЫ.....	253
Картмагамбетова Р.Г., Исмагулов Ұ.Ш. ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ЖЕР САЯСАТЫ (1870-1910): ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	256
Кемелбек Г., Гейдарова Г.А. ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ.....	260
Ким А., Билтекенова Г.Б. THE FORMATION OF THE CULTURAL CODE OF THE NATION, THE IMPORTANCE OF TOYS IN THE FORMATION OF PERSONALITY.....	263
Ким Э.Ю., Исаева Ж.А. ПРОБЛЕМЫ УСТАНОВЛЕНИЯ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА МЕДИЦИНСКИЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ.....	265
Koldeyev S., Kenshinbay T.I. INDIVIDUAL DIFFERENCES IN SECOND LANGUAGE ACQUISITION.....	270
Калилаева Ж., Нурекешова Г.Р. ШЕТЕЛ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА КӨРІНІС БЕРУІ.....	273
Қаппарқызы Н., Берикболова У.Д. ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ЖОБАЛАРДЫ PR-ҚОЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	277
Қарабала А.М., Тайман С.Т. МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.....	281
Қарабек Г., Садыбекова С.І. PRO AND CON OF DISTANCE LEARNING EDUCATION IN TERMS OF EMERGENCY SITUATION.....	284

Қаражан Г.А., Караманова М.С. СЫР ӨңІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ.....	288
Қарасай Р., Құдабаева С., Игенбаева Р.Т. ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕСІ.....	293
Құлымбетов М., Оралова Г.С. ҒАЗИЗА ӘБІЛДА ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ.....	300
Дәрібай М., Баялиева Г.Ж. ТІЛДІК ТҰЛҒА ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘДЕНИ-ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТІ.....	303
Әділ Ш.М., Саркенова А.Б., Абызова Л.Б., Жұмалиева Г.С. 1 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖАҢА ОРТА МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО-НА БЕЙІМДЕЛУ ПРОЦЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	306
Өтебай Қ.Н., Насимова Г.Ө. ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ НАРАЗЫЛЫҚ: НАРАЗЫЛЫҚТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТИПОЛОГИЯСЫ.....	311
Жақыпбай Е.С. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚҰРУ ЖОЛЫНДА ПРОКУРОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ОПТИМИЗАЦИЯЛАУДЫҢ (ТИМДІЛЕУДІҢ) НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	317
Муминов Ш. ПОНЯТИЕ И СУЩНОСТЬ ПРЕЗУМПЦИИ НЕВИНОВНОСТИ.....	320
Сүгірбай М, Тайман С.Т «ЖАНҚОЖА БАТЫР» ТАРИХИ ДАСТАНЫНДАҒЫ ҚОҚАНДЫҚТАРДАН СОЗАҚ ҚАМАЛЫН АЗАТ ЕТУ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР.....	323
Молдахметова А.Ө, Тайман С.Т М. ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН МӘСЕЛЕСІ.....	328
Молдашова М., Берикболова У.Д. МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕСТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ОРТАСЫ.....	332
Мухит А., Абдимомынова А.Ш. ҚАЗАҚСТАНДА ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ДАМУЫ.....	337
Тасқынбайқызы Қ., С.Т.Тайман МҰСТАФА ШОҚАЙ-ҰЛЫ ТҰЛҒА.....	340
Мыңжасар А., Бекіш Е. THE IMPORTANCE OF THE PROJECT "ON THE STATUS OF A TEACHER".....	343
Набат Д.С., Тоқтағанова Г.Б. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ.....	344
Нүркен А.Н., Койшыбаева К.Б. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ӨМІРІНДЕГІ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ РӨЛІ.....	348
Нысаналиева П.А., Умирзакова М.А. АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТУРАЛЫ ӨЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	349
Өмірбек Э.А., Есембекова Ш.Т. INTELLECTUAL GAMES IN TEACHING ENGLISH.....	355
Орақбаева Ә.Е., Сардарова Э.А. ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА АНГЛИЙСКИХ ОМОНИМОВ НА РУССКИЙ ЯЗЫК.....	358
Орынтай Н., Гейдарова Г.А. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ МӘҢГІ ТІРЕГІ.....	364

Оспанова Ж.С., Умирзакова М.А. ҚАЗАҚСТАНДА ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ДАМУ БАРЫСЫ.....	366
Отарова Г.С., Есембекова Ш.Т. ЫМ-ИШАРА ТІЛІ: ӘМБЕБАП ТІЛДІҢ ДӘЛЕЛІ.....	369
Өтепова Т.А., Кенжегулова Н.С. САЯСИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ САРАПТАМАЛАРҒА КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ОҚУ БАҒЫТЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ.....	376
Өндірбай Н., Смагулова Ж.Б. MERCHANDISING AS A STRATEGY TO MAXIMIZE PROFIT OF A RESTAURANT.....	379
Рахымтай М.Ш., Базартай Ж.Н. «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ - 2020» ҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	382
Рүстем А.М., Абдимомынова А.Ш. ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ.....	386
Сағатова А., Омаров Д.К. АБАЙ ЖӘНЕ ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ АДАМГЕРШІЛІК ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАР.....	391
Сағатова А.Е., Алмауытова Ә.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СИНОНИМДЕРДІҢ РУХАНИ- ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ.....	393
Сағатова А., Тұяқбаев Ғ. АБАЙ МЕН ТҰРМАҒАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК.....	396
Светланова Ш.М., Жұмалиева Г.С. МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫ.....	402
Сейділда Ә., Қасенова Қ.Б. СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ САРЫ ЖОЛЫН ҚАСИЕТТЕГЕН АҒАШ ШЕБЕРЛЕРІ.....	404
Серікбай А.С., Турман А.Т., Жадигер Т.А., Кулбашева Г.К. ДУХОВНЫЙ ГРАД АЛЬ-ФАРАБИ КАК ИДЕАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО УСТРОЙСТВА.....	408
Серікбай Н., Оразбақов А.Ж. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ОРНЫ.....	412
Серікқызы Н., Бекмағанбетова Г.Ш. АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ М.МЫРЗАХМЕТҰЛЫ ЗЕРТТЕУІНДЕ.....	414
Сисен С.С., Ким Н.Р. СПИСАНИЕ КРЕДИТНЫХ ДОЛГОВ НАСЕЛЕНИЯ.....	418
Бердібек Қ.М., Амзеева Г.Ә. ЖАСТАРДЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ.....	422
Шакибаев М.К. СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ КАЗАХСТАНА.....	425
Дастан А.Ә., Тайман С.Т. МАЙДАННАН КЕЛГЕН ХАТТАР ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ.....	429
Кудайбергенов Д., Есенова П.С. РОЛЬ ВЫРАЗИТЕЛЬНЫХ СРЕДСТВ ЯЗЫКА ПРИ ОПИСАНИИ ПРИРОДЫ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ.....	433

Емберген М.К., Досмаганбетов Б.Т. СЕМАНТИЧЕСКОЕ ОБЫГРЫВАНИЕ СЛОВ ГОЛОВА И БАС В РУССКИХ И КАЗАХСКИХ ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ.....	436
Пржанов Ж., Казбекова Л.А. РАЗВИТИЕ РЫНКА СТОМАТОЛОГИЧЕСКИХ УСЛУГ В КАЗАХСТАНЕ.....	439
Саябек Н.Қ., Тайбекова Л.С. К ВОПРОСУ ВЕРБАЛИЗАЦИИ КОНЦЕПТА «СЧАСТЬЕ» В РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ (НА МАТЕРИАЛЕ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК).....	446
Тәжі А., Амзеева Г. Ә. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ.....	448
Тлеулес Л., Есенова П.С. ВЕРБАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТА ТОЛЕРАНТНОСТЬ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ.....	452
Шомантай Е., Шильманова А.М. ОСОБЕННОСТИ МЕТОДИЧЕСКИХ ПОДХОДОВ К ОЦЕНКЕ КОНКУРЕНТНЫХ ПРЕИМУЩЕСТВ ОРГАНИЗАЦИИ.....	456
Бекбагамбетов Б.А., Кайбжанов М.Ж. РАЗВИТИЕ И ПОДДЕРЖКА МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ.....	462
Қанжарбаева А.С., Абдразақова А.Қ. ҚАЗІРГІ СҰХБАТ ЖАНРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ.....	467
Суханбергенова А., Сембиева Г.М. INCLUSIVE EDUCATION IN KAZAKHSTAN.....	470
Тамабай Н.Ә., Базартай Ж.Н. ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ.....	474
Төлеш Л., Байғабул А., Игенбаева Р.Т. СЫР ӨНІРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАРЫ.....	479
Турикбенбаева Н.Т., Алмауытова Ә. Б. ДИАЛЕКТІЛІК ЛЕКСИКА – ЭТНОС БОЛМЫСЫН ТАНЫТУ ҚҰРАЛЫ.....	485
Тұрмағамбетова А. Ә., Н.С.Кенжеғұлова БАҚ-дағы ПРОМОУШЕННІҢ РӨЛІ.....	488
Турганбаев М.А., Бисекенова М.А. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	493
Тұрғанбек Д.М., Гейдарова Г.А. ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ТӨЗІМДІЛІГІ МЕН ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	499
Тынбаева А., Тұяқбаев Ғ. «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	502
Тынымбай А.Н., Оралова Г.С. К. АХМЕТОВА ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАББАТ ТАҚЫРЫБЫ.....	504
Есімахан Ф., Тәжекеев Ә. ШІРІКРАБАТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЖІКТЕЛУІ.....	508
Хегай К., Ким В.В. ЭВОЛЮЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОГО ПАРТНЕРСТВА В ИННОВАЦИОННОЙ СФЕРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	511

Шамшиева А., Берикболова У.Д. GR-МЕНЕДЖМЕНТТИҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ.....	515
Шәукенбек М., Орынбай А., Игенбаева Р.Т. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР СУБМӘДЕНИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМЫ.....	519
Шералхан П.Н., Койшыбаева К.Б. МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ - ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	524
Давыдова А.О., Шеримова А.С. ФЕНОМЕН ЛИЧНОСТНОГО РОСТА В ПСИХОЛОГИИ.....	526
Баимбетова С.М., Шеримова А.С. САМОАКТУАЛИЗАЦИЯ КАК МЕХАНИЗМ ФОРМИРОВАНИЯ СТИЛЯ ЖИЗНИ ЛИЧНОСТИ.....	530
Шерімбетова А.Б., Сарышова К.С. ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ СИПАТЫ.....	538
Шойман А.Т., Аңсатова М.Н. СЫР ӨҢІРІ-ӨРКЕНИЕТТЕР ОРДАСЫ	543
Шынғабай А., Қасенова Қ.Б. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ КЕСТЕ ТІГУ ӨНЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ.....	546
Юлдашова Н.Ж., Жаманбаева А.С. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	550
Хамит А.Б., Абилхаирова Ж.А. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	552
Жұмаділла Н.Р., Абилхаирова Ж.А. САУАТ АШУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРМЕН ЖЕКЕ ЖӘНЕ ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	556